


12009

16343K

ЛЕНИН





11

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

ЛЕНИН

ШЫҒАРМАЛАР

8

РК(б)П ІХ СЪЕЗІНІҢ
және ССРО СОВЕТТЕРІНІҢ
ІІ СЪЕЗІНІҢ
ҚАУЛЫСЫ БОЙЫНША
БАСЫЛЫП ОТЫР

ИНСТИТУТ МАРКСА — ЭНГЕЛЬСА — ЛЕНИНА
при ЦК ВКП(б)

В. И. ЛЕНИН

СОЧИНЕНИЯ

Издание четвертое

ОГИЗ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ ИЗДАТЕЛЬСТВО
ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

1947

МАРКС—ЭНГЕЛЬС—ЛЕНИН ИНСТИТУТЫНЫҢ
КАЗАК ФИЛИАЛЫ

В. И. ЛЕНИН

ШЫҒАРМАЛАР

Қазақша бірінші басылуы

КАЗАҚТЫҢ
БІРІККЕН МЕМЛЕКЕТ БАСПАСЫ

1949

Қазақша аудармасын
ҚК(б)П Орталық Комитетінің
редакциялық комиссиясы қараған
ҚК(б)П Орталық Комитеті унатқан

В. И. ЛЕНИН

8
ТОМ

Январь — июль 1905

АЛҒЫСӨЗ

Сегізінші томға В. И. Лениннің 1905 жылғы январьдан июльге дейін, бірінші орыс революциясы басталған дәуірде жазылған шығармалары кіреді. Томның дені большевиктік құпия газет «Вперед» пен «Пролетарийде» жарыяланған мақалалар.

«Самодержавие және пролетариат», «Порт-Артурдың құлауы», «Европа капиталы мен самодержавие», «Тасталқан» деген шығармаларда самодержавиенің соғыс күйреуі мен саяси дағдарысына анализ беріліп, Россияда революцияның болмай қоймайтындығы болжап айтылған.

«Екі тактика», «Біз революцияны ұйымдастыруға тиістіміз бе?», «Жаңа міндеттер және жаңа күштер», «Революциялық уақытша үкімет туралы», «Пролетариат пен шаруалардың революциялық демократиялық диктатурасы», «Революциялық армия мен революциялық үкімет» деген шығармалар большевиктік партияның революциялық тактикасын ыспаттап, дамытуға, меньшевиктердің оппортунистік тактикасын әшкерелеп, сынауға арналған.

«Кетісетін мезгіл жетті», «РСДЖП ішіндегі жікке бөлінудің қысқаша очеркі», «III съезд қарарларының жалпы жоспары», «РСДЖП III съезі қарарларының жобасы», «Бірінші адым», «Бонапартистердің әрекеттері», «Екінші адым», «РСДЖП Советінің председателі Плеханов жолдасқа ашық хат» деген шығармаларда меньшевиктердің жікшілдік әрекетіне қарсы Лениннің жүргізген күресі, РСДЖП-ның III съезін — тұңғыш большевиктік съезді — әзірлеу жолында жүргізген күресі айқын көрінеді.

Томның едәуір бөлегі — РСДЖП III съезінің документтері, Лениннің съезде жасаған баяндамалары мен сөйлеген сөздері, оның қарулы көтеріліс туралы, революциялық уақытша үкімет туралы, шаруалар қозғалысын қолдау туралы, Кавказдағы оқыйғалар туралы жазған қарарлары, т. б.

Сонымен қатар бұл томға буржуазиялық либерализмге қарсы бағытталған мына еңбектер де кіреді: «Либералдардың аграрлық программасы», «Саяси софизмдер», «Буржуазиялық сатқындықтың алғашқы адымдары», «Қолдарына кіршік жұқтырғысы келмейтін революционерлер», «Пролетариат күресі және буржуазияның малайлығы».

Бұл томда В. И. Лениннің Шығармаларына бірінші рет енгізіліп отырған онтөрт шығарма басылып отыр. Бұл шығармалар Россиядағы революциялық оқыйғаларға анализ беруге және РСДЖП III съезінің мәселелеріне арналған.

«Россиядағы революция» деген мақалада Ленин тұңғыш рет 9 январь оқыйғаларын революцияның басталуы деп бағалап, көтеріліс жасаушы пролетариатты құттықтайды. «Алғашқы адымдар», «Қанды жексембінің қарсаңы», «Өлгендер мен жараланғандардың саны», «Баррикадалардағы ұрыстар», «Петербург 9 январьдан кейін» деген шығармалар Петербургтегі революциялық күрестің алғашқы күндеріне және россиялық пролетариаттың саяси санасының өскендігіне арналған.

«Бірінші май» деген үндеухатта Ленин пролетариат пен шаруалардың революциядағы міндеттерін түсіндіріп, бүкілхалықтық қарулы көтерілісті әзірлеуге шақырады.

«Комитеттер конференциясы» деген мақалада партияның III съезінің дереу шақырылуын қуаттаған жергілікті комитеттердің конференциялары туралы мағлұмат беріледі. «Жаңа искралық лагерьден» деген мақалада партияны меньшевиктердің үнемі алдап келгендігі әшкереленіледі.

«Қарулы көтеріліс туралы қарар», «Жұмысшылар мен интеллигенттердің социал-демократиялық ұйымдардағы арасалмағы туралы қарарды талқылау тәртібі жөнінде сөйленген сөз», «Съезд протоколдарын басып шығару туралы қарар», «Кавказдағы оқыйғалар жөніндегі қа-

рардың жобасы» деген документтер РСДЖП ІІІ съезінің материалдарына қосылады.

«Орыстың жаңа заемы» деген мақалада Ленин соғыс жеңілістері мен ел ішіндегі өсіп келе жатқан наразылыққа байланысты шет елде патша үкіметі кредитінің құлдығылап төмендегенін көрсетеді.

САМОДЕРЖАВИЕ ЖӘНЕ ПРОЛЕТАРИАТ!

1906 жылы 4 январьда
(1904 ж. 22 декабрьде) „Вперед“
газетінің 1-номерінде басылған

„Вперед“ газетінің
тексті бойынша басылған
отыр

Россия конституциялық қозғалыстың жаңа толқынын басынан кешіріп отыр. Осы күнгі ұрпақ кәзіргі саяси серігу сыяқты әлі ешнәрсе көрген емес. Жарыя газеттер бюрократияны қатты әшкерелеп, мемлекет басқару ісіне халық өкілдерінің қатыстырылуын талап етіп отыр, либералдық реформалар шығару қажет екендігін қатты мәлімдеп отыр. Земствошылардың, дәрігерлердің, юристердің, инженерлердің, село қожайындарының, қалалық гласныйлардың, тағы басқалардың әртүрлі жыйналыстары азды-көпті болсын конституцияны ашық жақтайтын қарарлар шығаруда. Барлық жерлерде, орыс тоғашарларының көзқарасынан қарағанда, өте батыл саяси әшкерелеулер және бостандық туралы өте күшті сөздер естілуде. Жұмысшылар мен радикалдық жастардың тегеуіріні арқылы либералдық жыйналыстар халықтық ашық жыйналыстар мен көше демонстрацияларына айналады. Пролетариаттың қалың бұқарасының арасында, қала мен деревня кедейлерінің арасында үнсіз наразылық көрер көзге күшейіп келеді. Пролетариат либералдық қозғалыстың ең сәулетті және салтанатты көріністеріне басқаларға қарағанда аз қатысып отырғанмен де, пролетариат көрнекті адамдардың дәрежелі кеңестерінен бойын біраз аулағырақ салатындай болғанмен де, жұмысшылардың қозғалысқа өте мүдделі екені қай жағынан болса да көрініп тұр. Жұмысшылардың кең халық жыйналыстары мен ашық көше демонстрацияларын жасауға ұмтыла түсіп отырғандығы қай жағынан болса да көрініп тұр. Пролетариат айналадағы жағдайға зер сала көз жіберіп, өзінің күштерін жыйнап, бостандық үшін үзілді-

кесілді күрес жүргізетін кез келді ме немесе келмеді ме деген мәселені шеше отырып, өзін тоқтатып ұстамдылық етіп отырған сыяқты.

Либералдық қозғалыстың толқыны кәзірде біраз төмендеп келе жатқан сыяқты. Орда маңындағы ең ықпалды топтарда реакционерлер жеңіп шығыпты деген лақаптар мен шетелдік газеттердің хабарлары расталып келеді. Николай II нің, осы жуыр арада жарыяланған указы либералдарға берілген тікелей соққы болып табылады². Патша самодержавиені сақтап, қорғамақшы. Патша басқару формасын өзгерткісі келмейді, оның жұртқа конституция беретін ойы жоқ. Ол мүлде екінші дәрежедегі түрлі реформалар шығаруға уәде береді — мұнысы тек уәде ғана. Әрине, бұл реформаларды жүзеге асыруға ешқандай кепілдік берілмейді. Полицияның либералдық баспасөзге қарсы қатаңдығы күн санап емес, сағат санап күшейіп келеді. Ашық демонстрацияның қандайы болса да тағыда бұрынғыдай қаталдықпен, бәлкі онан да бетер қаталдықпен, жаныштай бастап отыр. Либералдық гласныйларды, земстволық және қалалық гласныйларды, тағыда әжептәуір қолға алып отыр, ал либералдыққа салынып жүрген чиновниктерді онан да бетер қолға алып отыр. Либералшыл газеттер қайғыға шомып, тілшілердің хаттарын басуға өздерінің батылы бармай, тілшілерден кешірім сұрап жүр.

Святополк-Мирскийдің³ рұхсатынан кейін тез көтерілген либералдық қозғалыстың толқыны жаңадан тыйым салынғаннан соң тез тынатындығы да барынша мүмкін нәрсе. Самодержавиеге қарсы оппозиция мен күресті барған сайын көбейте түсіп, қайткен күнде де сөзсіз туғызатын терең себептерді либералдардың уақытша серігуінің ұсақ себептерінен айыра білу керек. Терең тамырлы себептер халықтың терең, күдіреті күшті және табанды қозғалысын туғызады. Кейбір кездерде министрлікте адамдардың ауысуы және белгілі бір террорлық актыдан соң әдетте үкіметтің аз уақыт алдау саясатына көшуге тырысуы ұсақ себептер болып табылады. Плевені өлтіру үшін террорлық ұйымның, сірә, орасан көп күш жұмсап, ұзақ уақыт дайындық жұмысын жүргізуіне тура келген болу керек. Бұл террорлық әрекет неғұрлым сәтті болған болса, оның өзі орыстың революциялық қозғалысының бүкіл тарихының тәжрибесін, күрестің тер-

рор сыяқты тәсілдерінен сақтандыратын тәжірибесін, сәтсіздігі ашық дәлелдейді. Орыс терроры күрестің ерекше-интеллигенттік әдісі болып келді және солай болып қалады да. Сондықтан халық қозғалысының орнына емес, сонымен бірге болатын террордың маңыздылығы туралы бізге не айтса да, бізде саяси жөнмен жеке адамдарды өлтіру ісінің халық революциясының зорлықты әрекеттерімен ешбір жанаспайтындығын фактылар даусыз көрсетіп отыр. Капиталистік қоғамда бұқаралық қозғалыс тек таптық жұмысшы қозғалысы ретінде ғана бола алады. Бұл қозғалыс Россияда өзінің дербес заңдары бойынша дамуда, ол барған сайын тереңдеп және барған сайын кеңейіп, уақытша толастаудан жаңа өрлеуге көшіп, өз жолымен жүруде. Тек либералдық толқын ғана түрлі министрлердің, ауысуын бомба тездетіп отыратын министрлердің көңіл ауанына тығыз байланысты көтеріліп, төмендеп отырады. Сондықтан бізде буржуазиялық оппозицияның радикалдық (немесе радикалдыққа салынып жүрген) өкілдерінің арасында террорға тілектес болушылықтың жиі кездесетіндігі таңғаларлық нәрсе емес. Революцияшыл интеллигенцияның ішінен кімдекім пролетариаттың және пролетариаттың тап күресінің өмірге сәйкестілігіне және күшіне сенбесе, нақ сол адамның террормен (ұзақ уақыт немесе біраз уақыт), тым әуестенетіндігі таңғаларлық нәрсе емес.

Белгілі бір себептен болған либералдық серігудің мәңгі және берік болмауы, әрине, бізді самодержавие мен дамып келе жатқан буржуазиялық қоғам мүдделерінің арасында бітіспейтін қайшылық бар екендігін ұмытуға мәжбүр ете алмайды. Самодержавие қоғамдық дамуды бөгемей тұра алмайды. Тап ретіндегі буржуазияның мүдделері, интеллигенцияның мүдделері барған сайын самодержавиемен қатты қайшылыққа келіп отырады, ал интеллигенциясыз кәзіргі капиталистік өндірістің болуы мүмкін емес. Либералдардың мәлімдемелерінің үстірт себептерден пайда болуы мүмкін, либералдардың жалтақ және екіүшті позициясының сыйпаты тайыз болып шығуы мүмкін, бірақ самодержавие келісімге келгенде егіншілікпен және саудамен айналысатын таптың ерекше артық жағдайдағы ат төбеліндей шонжарларымен ғана нағыз шын келісімге келуі мүмкін, бұл таптың барлығымен бірдей келісімге келуі тіпті де

мүмкін емес. Европалық ел болғысы келіп отырған ел үшін және саяси, экономикалық апатқа ұшырау қаупі арқылы өз жағдайы европалық ел болуға міндеттеп отырған ел үшін билеуші таптың мүдделерін конституция түрінде тікелей қорғау қажет нәрсе. Сондықтан самодержавиеге қарсы либералдық наразылықтардың сөзсіз болатынын да, бұл наразылықтардың нағыз буржуазиялық сыйпаты бар екендігін де саналы пролетариаттың анық түсініп алуы өте қажет нәрсе.

Жұмысшы табы өз алдына мынадай бүкіл дүниежүзілік-тарихи, ұлы мақсаттар қояды: адам баласын езгі атаулының, адамды адамның қанауы атаулының барлық формаларынан азат ету. Жұмысшы табы өзінің күресін ұдайы кеңейте отырып, миллиондаған мүшелері бар партияға ұйымдаса отырып, кейбір жеке жеңілістермен уақытша сәтсіздіктерден қажымастан бүкіл дүние жүзінде осы мақсаттарды орындауға табандылықпен, әлденеше ондаған жылдар бойы тырысуда. Бұл сыяқты нағыз революцияшыл тап үшін өзін-өзі алдау атаулының, жалған үміт пен елес атаулының қандайынан болса да арылудан күрделі ешнәрсе болуы мүмкін емес. Біздің Россияда ең көп таралып, орнығып алған жалған үміттердің бірі — біздегі либералдық қозғалыс буржуазиялық қозғалыс емес, Россияның болашақ революциясы буржуазиялық революция емес дейтін жалған үміт болып табылады. Орыс интеллигентіне, — ең баяу освобождениешілден⁴ бастап, ең әсіресоциалист-революционерге дейін, — біздің революцияны буржуазиялық революция деп тану қашан да оның бағасын түсіру, төмендету, кірлегендік болып көрінеді. Орыстың саналы пролетарлары біздің революцияны бұлай деп тану істін шын жағдайына бірден-бір дұрыс таптық сыйпаттама бергендік болып табылады деп біледі. Буржуазия қоғамында саяси бостандық пен демократиялық республика жолындағы күрес пролетар үшін буржуазиялық тәртіптерді құлататын әлеуметтік революция жолындағы күрестің қажетті кезеңдерінің бірі ғана болып табылады. Өзінің тегі жағынан әртүрлі кезеңдерді бір-бірінен жете ажырата білу, олардың қандай жағдайларда өтетіндігін дұрыс зерттеу — түпкі мақсатты әсте созбұйдаға салу деген сөз емес, әсте өз жүрісін күні бұрын баяулату деген сөз емес. Қайта, нақ сол жүрісті тездету үшін, нақ сол түп-

кі мақсатты мүмкіндігінше тез және берік жүзеге асыру үшін кәзіргі қоғамдағы таптардың қарым-қатнастарын түсіну қажет. Сыңаржақты-мыс деп таптық көзқарастан бой тартатын адам, социалист болғысы келіп, бірақ сонымен бірге біздің Россияда болатын, біздің Россияда басталып отырған революцияны — буржуазиялық революция деп тура атаудан қорқатын адам тек торығуға, біресе олай, біресе былай ауытқып сенделуге ғана кездеседі.

Айрықша бір факт мынау: кәзіргі конституциялық қозғалыстың нақ қызған кезінде ең демократиялық жарыя баспасөз ерекше бостандықты пайдаланғанда тек «бюрократияға» шабуыл жасау үшін ғана емес, сонымен қатар «тап күресінің ғылыми», бейне, «негізсіз», «шектен шыққан, сондықтан да қате теориясына» («Наша Жизнь» № 28) шабуыл жасау үшін пайдаланды. Бақсақ былай екен: интеллигенцияны бұқарамен жақындастыру міндеті «осы уақытқа дейін, халық бұқарасы мен қоғамның... интеллигенция көпшілігі шығатын жіктерінің арасында болып отырған тап қайшылықтарына ғана сүйеніп қойылып келді». Істі бұлай суреттеудің шындыққа тікелей қайшы келетіндігі айтпасақ та түсінікті. Қайта мұның нақ керісінше болып отыр. Орыстың жарыя, мәдениетті-сымақ интеллигенциясының бүкіл бұқарасы, орыстың бүкіл ескі социалистері, освобождениешілер сыяқты қайраткерлердің бәрі жалпы Россиядағы, әсіресе орыс деревнясындағы тап қайшылықтарының тереңдігін мүлде елемей келді және кәзірде елемей отыр. Тіпті радикалдық орыс интеллигенциясының ең солшылдары — социалист-революционерлер партиясы да мұны елемеуге келгенде басқалардан да көп күнәлі; оның «еңбекші шаруалар» дейтін немесе біздің алдымызда тұрған революция «буржуазиялық емес, демократиялық» революция дейтін дағдылы пікірлерін еске түсірсе де болады.

Жоқ. Революция кезі неғұрлым жақындаған сайын, конституциялық қозғалыс неғұрлым шиеленіскен сайын, пролетариат партиясы өзінің таптық дербестігін соғұрлым қатты сақтауға тиіс және өзінің таптық талаптарын жалпыдемократиялық сылдыр сөздердің селіне кетіртпеуге тиіс. Қоғам дейтіннің өкілдері өздерінің бейне жалпыхалықтық талаптарын неғұрлым жиі, неғұрлым

батыл білдірген сайын, социал-демократия бұл «қоғамның» таптық сыйпатын соғұрлым аяусыз әшкерелеуге тиіс. Земствоның 6—8 ноябрьдегі «күпия» съезінің атышулы қарарын алып қараңыз⁵. Бұл қарардан сіз кейінге қалдырылған және әдейі анық айтылмаған, жасқаншақ, конституциялық тілектерді көресіз. Халық пен қоғамға сүйене айтылған сөздерді көресіз, халықтан гөрі көбіне қоғамға сілтеп айтылған сөздерді көресіз. Земстволық және қалалық мекемелер жөніндегі, яғни жер иелері мен капиталистердің мүдделерін қорғайтын мекемелер жөніндегі реформаларды ерекше және басқадан да гөрі толық атап жазғандығын көресіз. Шаруалардың тұрмысы жөніндегі реформа туралы, оларды қамқорлықтан құтқару және соттың дұрыс формасын қорғап қалу туралы ескертіле кеткенін көресіз. Бұлардың — тек самодержавиеден жеңілдік алуға тырысатын және экономикалық құрылыстың негіздерін өзгерту туралы ойына да алмайтын дәулетті таптың өкілдері екендігі барынша анық нәрсе. Егер мұндай адамдар «шаруалардың кәзіргі толық праволы емес және өте мұқалған күйін» «түбірінен» (бейне түбірінен) «өзгерткісі» келетін болса, онда мұның өзі социал-демократияның көзқарастарының дұрыс екендігін тағыда көрсетеді, социал-демократия біздегі тәртіптердің және шаруалардың өмір сүру жағдайларының буржуазиялық құрылыстың жалпы жағдайларынан артта қалғандығын үнемі баса көрсетіп келді. Социал-демократия жалпы шаруа қозғалысында шаруа буржуазиясының күдіреті күшті мүдделері мен тілектерін, бұл тілектердің қандай да болсын күңгірт буалдырмен шырмалуына қарамастан, бұларды шаруа идеологиясының (және «социалистік-революциялық» құрғақ сөздің) қандай да болсын «тендестіру» қыялына бөлегендігіне қарамастан, саналы пролетариатты жете айыра білуін барлық уақытта да талап етті. Инженерлердің 4 декабрьде Петербургте болған банкетінің қарарын алып қараңыз. Сонда сіз банкетке қатысушы 590 адамның, бұлардан соң қарарға қол қойған 6 000 инженердің конституцияны жақтап шыққанын, «конституциясыз орыс өнеркәсібін ойдағыдай қорғау мүмкін емес» дегенін, ал сонымен бірге үкімет заказдарын шетелдік кәсіпиелеріне беруге олардың тағы қарсы шыққанын көресіз.

Екіншілік, сауда-өнеркәсіп және шаруа буржуазия-

сының барлық жіктерінің мүдделері кәзір әйгіленіп отырған конституциялық үміттердің астары мен негізі болып табылатындығын енді де көруге болмай ма? Бұл мүдделерді демократиялық интеллигенцияның қорғап отырғандығы, бұл интеллигенцияның қашан да және қай жерде болсын, буржуазияның европалық революцияларының бәрінде де публицистің, шешеннің және саяси көсемнің ролін атқарғандығы бізді қалайша адастыра алмақ?

Орыс пролетариатының алдында өте зор міндет тұр. Самодержавие теңселуде. Өзі соқтыққан ауыр және үмітсіз соғыс самодержавиенің өкімет билігі мен үстемдігінің негіздерін қатты әлсіретті. Кәзірде самодержавие үстем таптарға сөз салмайынша, интеллигенция қолдамайынша жасап тұра алмайды, ал мұндай сөз салу мен мұндай қолдау сөзсіз конституциялық талаптарды туғызады. Буржуазиялық таптар үкіметтің қыйын жағдайға ұшырағанын пайдалануға тырысады. Үкімет мардымсыз кеңшіліктер беру арқылы, саяси емес реформалар шығару арқылы, ешнәрсеге міндеттемейтін уәделер беру арқылы, әсіресе патшаның жаңа указында көп болып отырған уәделер арқылы амалдап құтылып кету үшін жанталаса айла-шар жасап бағуда. Мұндай айла-шардың уақытша және аздап болса да сәті түсе ме, түспей ме, мұның өзі, сайып келгенде, орыс пролетариатына, оның ұйымдасуына және оның революциялық тегеуірінінің күшіне байланысты. Пролетариат өзі үшін ерекше тиімді саяси жағдайды пайдаланып қалуға тиіс. Пролетариат буржуазияның конституциялық қозғалысын қолдауға тиіс, каналушы халық бұқарасының мүмкіндігінше неғұрлым қалың жіктерін оятып, оларды өз төңірегіне топтастыруға тиіс, өзінің барлық күшін жыйнап, үкіметтің әбден жанталасқан кезінде, халықтың әбден толқыған кезінде көтеріліс бастауға тиіс.

Конституцияшылдарды пролетариаттың дереу қолдауы қандай болуға тиіс? Ол ең алдымен мынандай болуға тиіс: жалпы толқу жұмысшы табы мен шаруалардың ең аз қамтылған, ең артта қалған жіктерін үгіттеу және ұйымдастыру үшін пайдаланылуға тиіс. Әлбетте, ұйымдасқан пролетариат, социал-демократия өз күштерінің отрядтарын халықтың барлық таптарына жіберуге тиіс, бірақ кәзір бұл таптар неғұрлым өз алдына жеке

аттанып отырған сайын, күрес неғұрлым шиеленіскен сайын және шешуші ұрыстың кезі неғұрлым жақындай түскен сайын, соғұрлым жұмысымыздың негізгі салмағы пролетарлар мен жартылай пролетарлардың өздерін бостандық жолындағы тікелей күреске дайындау ісіне аударылуға тиіс. Мұндай жағдайда тек оппортунистер ғана кейбір жұмысшы шешендердің земстволық және басқадай қоғамдық жыйналыстарда шығып сөйлеуін ерекше белсенді күрес немесе күрестің жаңа әдісі яки демонстрацияның жоғарғы түрі деп атай алады. Мұндай қыр көрсету реттерінің тек жанама маңызы ғана болуы мүмкін. Қазірде пролетариаттың назарын атақты Ростов демонстрациясы мен оңтүстіктегі бірсыпыра бұқаралық демонстрациялар⁶ сыяқты күрестің шын жоғары дәрежеде өткен, белсенді формаларына аудару анағұрлым маңыздырақ. Қазірде өз кадрларымыздың тобын көбейту, күштерімізді ұйымдастыру және бұдан да гөрі ашық, тікелей бұқаралық күреске дайындалу анағұрлым маңыздырақ.

Әрине, бұл арада әңгіме социал-демократтардың күнделікті, ағымдағы жұмысын доғару туралы болып отырған жоқ. Социал-демократтар мұндай жұмыстан ешуақытта да бас тартпайды, олар шешуші күреске шын дайындалу осы жұмыста деп біледі, өйткені олар түгелінен, тек қана пролетариаттың белсенділігіне, саналылығына, ұйымдасқандығына сенеді, пролетариаттың еңбекшілер мен қаналушылар бұқарасындағы ықпалына сенеді. Әңгіме дұрыс жол көрсету туралы болып отыр, жұрттың назарын алға қарай басу қажет екендігіне аудару туралы, тактикалық ауытқулардың зиянды екендігі туралы болып отыр. Саналы пролетариаттың ешуақытта да және қандай жағдайда болса да ұмытуына болмайтын күнделікті жұмысына ұйым жұмысы да жатады. Кең өріс алған, сегізқырлы жұмысшы ұйымдары болмайынша, оларды революцияшыл социал-демократиямен жақындастырмайынша самодержавиеге қарсы ойдағыдай күрес жүргізу мүмкін емес. Ал барлық жерлердегі сыяқты бізде де, партияның тұрлаусыз, өз ұрандарын қолжаулықтай ауыстыра беретін интеллигент бөлімінің ірткі салушылық ниеттеріне үзілді-кесілді тойтарыс бермейінше ұйым жұмысын жөнге қою мүмкін емес; ақылға сыйымсыз, реакциялық, ыдыраушылықты барынша бүр-

кейтін ұйым процесі деген «теорияға» қарсы күрес жүргізбейінше ұйым жұмысын жөнге қою мүмкін емес.

Россиядағы саяси дағдарыстың дамуы кәзір бәрінен де гөрі Жапонияға қарсы соғыстың барысына байланысты. Бұл соғыс бәрінен де гөрі самодержавиенің шіргендігін әшкереледі, әшкерелеп те отыр, бәрінен де гөрі оны финанс және әскери жағынан әлсіретіп отыр, бәрінен де гөрі азап шеккен халық бұқарасын қыйнап, көтеріліске итермелеп отыр, бұл қылмысты, маскара соғыс халық бұқарасының осындай шексіз кұрбандық келтіруін талап етіп отыр. Конституциялық Жапония кәзірдің өзінде-ақ самодержавиелік Россияны талқандап отыр, сондықтан қандай да болсын істі соза берудің өзі жеңілуді күшейтіп, шиеленістіре бермек. Орыс флотының тандаулы деген бөлімі кәзірдің өзінде-ақ қырғындалып бітті, Порт-Артурдың жағдайы үмітсіз жағдай, оған көмекке бара жатқан эскадраның жеңуге ешбір мүмкіндігінің жоқ екендігі былай тұрсын, тіпті баратын жеріне жетуге де ешқандай мүмкіндігі жоқ, Куропаткин бастаған негізгі армия 200 000-нан астам адамынан айрылып, әлсірел, жау алдында дәрменсіз күйде тұр, ал жау оны Порт-Артурды алғаннан кейін сөзсіз қыйратады. Соғыс апатының болуында сөз жоқ, сонымен қатар наразылықтың, ашынудың және кекті ызаның он есе күшейе түсетіні де сөзсіз.

Біз бар жігерімізді салып дәл осы кезге дайындалуға тиіспіз. Бұл кезде біресе ол жерде, біресе бұл жерде жиі-жиі қайталана беретін бұрқ еткен әрекеттердің бірі орасан зор халық қозғалысына әкеп соғатын болады. Бұл кезде пролетариат бүкіл халыққа бостандық әперу үшін, жұмысшы табының социализм үшін ашық, кең, Европаның барлық тәжірибесімен байыған, күрес жүргізуіне мүмкіндік туғызу үшін көтерілісті өзі басқаратын болады.

ПРОЛЕТАРЛАРДЫҢ ЖАҚСЫ ДЕМОНСТРАЦИЯЛАРЫ МЕН КЕЙБІР ИНТЕЛЛИГЕНТТЕРДІҢ НАШАР ОЙ-ПІКІРЛЕРІ ТУРАЛЫ

Біздің қоғамның дәулетті таптарындағы кәзіргі конституциялық қозғалыс 50-нші және 70-нші жылдардың аяқ кезіндегі осы сыяқты бұрынғы қозғалыстардан кенет өзгеше болып отыр. Либералдардың конституциялық талаптары, асылына келгенде, сол кездегідей. Радикал шешендердің сөздері земстволық либерализмнің жұртқа таныс ережелерін қайталайды. Қозсалыста пролетариаттың қатысуы ірі және өте маңызды жаңалық болып табылады. Орыс жұмысшы табы полицияға қарамастан көптен бері-ақ ашық күреске, көшеге шығуға, бұқаралық халық жыйналыстарын жасауға, оңтүстік қалаларының көшелерінде жаумен тікелей шайқасуға көшті, ал оның қозғалысы соңғы он жылдағы барлық революциялық қозғалыстың негізгі тірегі болды.

Кәзір де либералдық-буржуазиялық қозғалыстың ізінше-ақ пролетариат майданға ашық, үзілді-кесілді, анағұрлым кенет және батыл шығып отыр. Ең алдымен Санкт-Петербургтегі демонстрацияны мысалға алайық, амал не, «меньшевиктердің» ірткі салу әрекеттерінің салдарынан мұнда жұмысшылардың қатысуы нашар болып шықты және Москвадағы демонстрацияны мысалға алайық. Сонсоң жұмысшылардың Смоленскідегі либералдық-буржуазиялық банкетте болуын, Нижний-Новгородта ағартушылар қоғамының жыйналысында, түрлі қалалардағы ғалымдар, дәрігерлер қоғамдарының және басқа қоғамдардың мәжілістерінде қатысуын, Саратовта болған жұмысшылардың үлкен жыйналысын, Харьковтің юристер қоғамында 6 ноябрьде болған, Екатеринодар қалалық думасында 20 ноябрьде болған, Одесса-

ның халық денсаулығын сақтау қоғамында 18 ноябрьде болған, тағы да сол Одессада, сәл кейінірек, округтік сотта болған демонстрацияларды атап көрсетейік, оның бержағында Одессадағы демонстрацияның екеуінде де және Харьков демонстрациясында жұмысшылар көшеде демонстрация жасаған, тулар көтеріп, революциялық әндер айтып қаланы аралап сәулет көрсеткен, т. т.

Айтпақшы бұл соңғы төрт демонстрация «Искраның»⁷ 79-номерінде «Пролетарлық демонстрациялар» деп аталатын бөлімде суреттеліп жазылған, мен осы жазылғандарға оқушының назарын аударып өткім келеді. Ең алдымен «Искрадағы» фактыларды, онан кейін «Искраның» ой-пікірлерін келтіремін.

Комитет Харьковте жұмысшылардың юристер қоғамы жыйналысына қатысуын ұйымдастырады; жыйналысқа 200-ден астам пролетарлар келеді: жұмысшылардың бір бөлегі мұндай салтанатты жыйналысқа баруға ұялады, ал екінші бір бөлегін «мужиктер» деп «жыйналысқа кіргізбей» қояды. Либералшыл председатель революциялық бірінші сөз естілісімен-ақ қаша жөнеледі. Одан кейін социал-демократ сөз сөйлейді, прокламациялар таратылып, жұрт марсельеза өлеңін айтады, 500-ге жуық жұмысшы топтанып көшеге шығады, олар қолдарына қызыл ту ұстап, жұмысшы әндерін салып бара жатады. Жүріс аяқталар кезде жұмысшылардың бір бөлегі таяқ жеп, тұтқынға алынады.

Екатеринодар. Дума залына (либералдар сөз сөйлейді деген лақаппен) қалың жұрт жыйылады. Телефон жұмыс істемейтін болады. Комитеттің шешені қасына 30—40 жұмысшы ертіп залға енеді, қысқаша, әбден революцияшыл социал-демократиялық сөз сөйлейді. Қол шапалақталады. Прокламациялар таратылады. Гласныйлардың зәресі ұшады. Дума бастығы пайдасыз наразылық білдіреді. Демонстранттар жыйналыс аяқталысымен тыныш қана кетіп қалады. Түнде — жаппай тінту жүреді.

Одесса. 1-нші демонстрация. Жыйналыста 2000-ға жуық адам болады, олардың көпшілігі жұмысшылар. Бірсыпыра революцияшыл сөздер сөйленеді (социал-демократтар мен социалист-революционерлер), ду қол шапалақталады, революциялық ұрандар көтеріліп, прокламациялар таратылады. Жұрт революциялық әндер айтып

сәулетпен көшеге шығады. Қырғын-төбелес болмай тарайды.

Одесса. 2-нші демонстрация. Бірнеше мың адам қатысқан жыйналыс болады. Алғашқыдағыдай мұнда да революциялық өте зор халық жыйналысы болып, жұрт сәулетпен көшеге шығады. Қырғын-төбелес болады. Көп адам жараланады, кейбіреулері қатты жараланады. Бір жұмысшы әйел өледі. 60 адам тұтқынға алынады.

Істің ақиқат жағы осындай. Орыс пролетарларының демонстрациялары міне осындай.

Ал кейбір социал-демократ интеллигенттер бұл туралы мынадай пікірлер айтады. Бұл пікірлер Екатеринодар демонстрациясы жөнінде айтылады, бұл демонстрация туралы тұтас мақала жазылады. Тыңдаңыздар: «Бұл демонстрацияда ұйымдасқан орыс пролетариаты біздің либералдық бағыттағы буржуазиямен бірінші рет бетпе-бет кездесті!»... Бұл демонстрация — «саяси күрес формаларының дамуында жаңа бір адым болып табылады», ол «дегенмен, саяси күрестің әбден айқын жемісті нәтижелер беретін нағыз жаңа тәсілі» болып табылады, жұмысшылар мұндай демонстрацияларда «өздерінің белгілі бір саяси топ болып майданға шығып отырғанын сезеді», олар «партиялық саяси күресшілер ретінде өздерінің правоға ие бола алатындығын» сезеді. «Қоғамның нағыз қалың топтары арасында партияның маңызы толық айқын, қалыптасқан, әсіресе талап етуге правосы бар ұйым ретінде» жайылып келеді. Бүкіл партияға жұрт «белсенді, күресіп жүрген, өзінің талаптарын ашық және айқын етіп білдіретін саяси күш деп» қарауға дағдыланып келеді. «Күрестің жаңа әдісін — думаларда, земстволарда және қоғам қайраткерлерінің түрлі съездерінде кең пайдалану» керек. «Искра» редакциясы да осы пікірлердің авторына үн қосып «жаңа кейіпті демонстрация идеясы» туралы айтып отыр, «әсіресе Екатеринодарда біздің жолдастар оқыйғалардың барысына әсер етуге өзін қабілетті деп білетін және әсер етуге тырысатын дербес партия ретінде қыймыл жасайтынын «қоғамға» көрсете білді» деп айтып отыр.

Солай. Солай. «Әсіресе Екатеринодарда»... Жаңа адым, жаңа әдіс, жаңа тәсіл, бірінші рет бетпе-бет кездесу, әбден айқын, жемісті нәтижелер, белгілі бір саяси топ, саяси правоға ие болу, қабілеттілігін сезу, талап ету

правосын сезу... Бұл көпірме, терең ойлы пікірлерден маған ескі, әлдеқашан өтіп кеткен, ұмытылуға таяған бірдеменің иісі сезіледі. Бірақ осы ескіні білу туралы ойланудан бұрын мен еріксізден мынадай сұрақ қойдым: Алайда мырзалар, рұхсат етіңіздер, мұның «әсіресе Екатеринодарда» солай болып отырған себебі не, мұның, шынында да, жаңа әдіс болатын себебі не? әдістің жаңалығы жайында, жемісті айқын нәтижелер жайында, бірінші рет бетпе-бет кездесу жайында және саяси правоға ие болу қабілеттілігі жайында харьковтіктердің де, одессалықтардың да мақтанбайтын (дәрекілеу айтқаным үшін кешіріңіз) себебі не? Мындаған жұмысшылардың дәрігерлер мен юристер қоғамдарында ғана емес, сонымен қатар *көшеде* де өткізген жыйналыстарынан гөрі дума залының төрт қабырғасында ондаған жұмысшылардың жүздеген либералдармен бас қосқан жыйналысының нәтижесі не себепті айқын және жемісті болмақ? Шынында да көшелердегі жыйналыстар (Одессада, сонымен қатар бұдан бұрын Дондағы Ростовта және басқа қалаларда болған жыйналыстар) саяси правоға ие болу қабілеттілігі сезімі мен талап ету правосын думадағы жыйналыстан гөрі аз дамытқаны ма?.. Расында, мен соңғы сөз үйлесімін (*талап ету* правосы дегенді) көшіріп жазғанда өзімнің біраз қолайсыз жағдайға кез болып отырғанымды мойындауға тиіспін — өйткені бұл сөз үйлесімі тым ыңғайсыз айтылған, бірақ өлеңнен сөзді алып тастай алмайсың.

Сөйтсе де, осы сөз үйлесімінің, жалғыз бұл ғана емес, «Искраның» барлық пікірлерінің де бір жағдайда біраз мағнасы болды. Мұның нақ мынадай жағдайда мағнасы болмақ — егерде біз парламентаризм өмір сүріп отыр деп ұйғаратын болсақ, егерде біз Екатеринодар думасы Темза жағалауына көшкен деп, Вестминстер аббатствосымен⁸ қатар тұр деп бір минут ойлайтын болсақ осылай болмақ. Міне сонда, сәл ғана осылай деп ойлағанда, көшедегіден гөрі делегаттар жыйналысының төрт қабырғасында отырып «талап ету правосына» неліктен көп ие болуға болатын, — городовоймен күресуден гөрі премьер-министрмен, яғни Екатеринодар төрағасымен күресудің неліктен жемісті болатыны, — саяси правоға ие болу қабілеттілігінің сезімі мен өзін нақтылы бір саяси топ деп біле білудің неліктен нақ депутаттар қатарының за-

лында немесе земство жыйналысының залында күшейе түсетіні түсінікті бола кетеді. Шынында да, нағыз парламент болмағандықтан парламентаризмді неге ойыншық етпеске? Мұнда «бетпе-бет кездесуді» және «жаңа әдісті», тағы басқаларының бәрін де әбден суреттеп көз алдыңа елестетуге болады. Рас, бұл елестетулер парламентаризмді ойыншық етудің орнына парламентаризм үшін нағыз бұқаралық күрес жүргізу мәселелерінен біздің ойымызды басқа жаққа сөзсіз аударады, бірақ бұл ұсақ нәрсе ғой. Оның есесіне мұның айқын, қолға ұстарлық нәтижелері қандай десейші...

Қолға ұстарлық нәтижелер... Бұл сөз бірден-ақ Мартынов жолдас пен «Рабочее Делоны»⁹ менің есіме түсірді. «Рабочее Делоға» қайта оралмайынша жаңа «Искраны» дұрыс бағалауға болмайды. Екатеринодар демонстрациясы жөніндегі «күрестің жаңа әдісі» туралы айтылған пікірлер редакцияның «партия ұйымдарына жазған хатында» айтқан пікірлерін түгел қайталайды (реті келгенде айта кетелік: түп нұсқасын көрсетпей, жасырын сақтап, жұрттың бәріне оның тек көшірмесін ғана ашық жарыялауы ақылға сыя ма?). Редакцияның айтқан пікірлері басқа бір мәселе жөнінде «Рабочее Делоның» әдеттегі ой-өрістерін қайталайды.

Рабочеделоның экономикалық күрестің өзіне саяси сыйпат беру туралы, жұмысшылардың қожайындар мен үкіметке қарсы жүргізетін экономикалық күресі туралы, үкімет алдына қолға ұстарлық белгілібір нәтижелер беретін нақтылы талаптар қою қажет екендігі туралы «теориясының» теріс екендігі мен зыяндылығы неде? Экономикалық күреске біз саяси сыйпат беруге тиіс емеспіз бе? Сөзсіз тиіспіз. Бірақ «Рабочее Дело» пролетариаттың революцияшыл партиясының саяси міндеттерін «экономикалық» (кәсіптік) күрестен шығарғанда, ол социал-демократиялық ұғымды кешіргісіз тарылтып, оның өңін айналдырды, ол пролетариаттың әралуан саяси күресінің міндеттерін төмендетіп жіберді.

Жаңа искрашылдардың жаңа әдіс туралы, пролетариаттың күштерін жұмылдырудың жоғарғы түрі туралы, жұмысшылардың саяси правоға ие болу қабілеттілігі сезімін, олардың «талап ету праволарын» дамытудың жаңа жолдары, т. с. туралы теориясының теріс екендігі мен зыяндылығы неде? Біз земство жыйналыстарында

да, земство жыйналыстары жайында да жұмысшы демонстрацияларын жасауға тиіс емеспіз бе? Сөзсіз тиіспіз. Бірақ пролетариаттың жақсы демонстрациялары жайында біз интеллигенттік ақымақтық істемеуге тиіспіз. Егерде біз өзіміздің әдеттегі демонстрацияларымыздың белсенді күреске нақ ұқсастығы жоқ түрлерін, ерекше жемісті нәтижелер береді, саяси правоға ие болуға қабілеттілігі сезімін ерекше күшейтеді, т. с. деп күлкі үшін ғана жарыялауға болатын түрлерін жаңа әдіс деп атап мадақтайтын болсақ, онда біз тек пролетариаттың санасын аздырамыз, онда біз тек оның назарын шын, күрделі, ашық күрестің тез жақындап келе жатқан міндеттерінен басқа жаққа аударып жібереміз.

Біздің бұрыннан келе жатқан танысымыз Мартынов жолдас та, жаңа «Искра» да екеуі бірдей пролетариаттың күшіне, оның жалпы ұйымдасу қабілеттілігіне, атап айтқанда партия ұйымын құру қабілеттілігіне, оның саяси күреске қабілеттілігіне интеллигенттік сенімсіздік білдіріп күнәлі болып отыр. «Рабочее Делоға» пролетариат қожайындар мен үкіметке қарсы экономикалық күрестің шеңберінен шығатын саяси күреске әлі қабілетсіз немесе ұзақ уақыт қабілетті болмайтындай болып көрінді. Жаңа «Искраға» пролетариат өз бетімен революциялық күреске шығуға әлі қабілетсіз немесе ұзақ уақыт қабілетсіз болатын болып көрінеді, сондықтан да ол ондаған жұмысшылардың земствошылар алдында бой көрсетуін күрестің жаңа әдісі деп атайды. Ескі «Рабочее Дело» да, жаңа «Искра» да пролетариаттың өз бетімен іс бастағыштығы және өзін өзі тәрбиелейтіндігі деген сөздерді ант беріп қайталай беретін себебі тек мынадан ғана: бұл анттардың тасасында пролетариаттың шын күштері мен шұғыл міндеттерін интеллигенттік ұғынбаушылық жатыр. Ескі «Рабочее Дело» да, жаңа «Искра» да қолға ұстарлық, айқын нәтижелердің және буржуазияны пролетариатпен нақтылы карама-қарсы қоюдың ерекше маңыздылығы жөніндегі ешбір ақылға сыймайтын терең ойлы бос сөздерді айтумен болып отыр, сонымен пролетариаттың назарын халық көтерілісіне басшы болып самодержавиеге тікелей тегеуірін жасау жөніндегі барған сайын жақындап келе жатқан міндеттен парламентаризмді ойыншық ету жағына қарай аударып отыр. Ескі «Рабочее Дело» да, жаңа «Искра» да рево-

люцияшыл социал-демократияның бұрынғы ұйымдық және тактикалық принциптеріне *ревизия* жасап (қайта қарап), жаңа сөздер мен «жаңа әдістер» іздеумен әуіреленіп, іс жүзінде партияны кейін сүйреп отыр, артта қалған, кейде тіпті тікелей реакциялық ұрандар ұсынып отыр.

Ескі қоксыққа әкеліп соғатын мұндай жаңа ревизияны енді тоқтату керек! Алға қарай басатын және ұйымдастыру процесі дейтін атышулы теория арқылы ірткі салуды бұркеуден тыйылатын уақыт жетті, жұмысшы демонстрацияларының ішінен де оның жұмысшыларды азаттық жолындағы нағыз ашық күреске барған сайын жақындата түсетін түрлерін баса көрсететін, оларды бірінші кезекке шығаратын уақыт жетті!

„Вперед“ № 1, 4 январь, 1905 ж.
(22 декабрь, 1904 ж.)

„Вперед“ газетінің тексті бойынша басылып отыр

КЕТІСЕТІН МЕЗГІЛ ЖЕТТІ

Көзімен көрген барлық адамдардың пікірі: 28 ноябрьдегі демонстрацияның сәтсіздікке ұшыраған себебі — бұған жұмысшылардың мүлде қатыспауынан болды деген қортындыға тіреледі. Ал, жұмысшылар демонстрацияға неге келмеді? Өзінің үндеуімен оқушы жастарды демонстрацияға шығарған Петербург комитеті жұмысшыларды қатыстыру туралы неге ойламады, сөйтіп дәл өзінің бастаған ісін неге селге кетірді? Бұл сұрақтарға комитет мүшесі болған бір жұмысшының мына төмендегі хаты жауап береді, біз бұл хаттың ең басты жерлерін ғана жарыялап отырмыз.

«Көңіл ауаны (ноябрьдің бас кезінде) көтеріңкі болып, жарыққа шығуға ұмтылды. Оны жарыққа шығарудың құралы демонстрация еді. Шынында да, дәл осы кезде «студент социал-демократия ұйымының» атынан 14 ноябрьде демонстрацияға шақырған бір листок пайда болды. Мұны естіп, комитет Петербург пролетариатымен қосылып бірге шығу үшін демонстрацияны ноябрьдің аяғына дейін қалдыра тұру жөнінде бұл ұйымға ұсыныс жасады. Студенттер бұған келісті... Саналы жұмысшылар демонстрацияға ұмтылды. Көп жұмысшылар студенттердің демонстрациясы болады деп ойлап, 14 ноябрьде Невскіге келді. Комитет шақырмай тұрып жұмысшылар ол жерге баруға тиіс емес еді деп айтқанда жұмысшылар мұнымен келісе тұрса да, — «онда бір нәрсе болып қала ма деп ойлап едік», — деп жауап берді. Қайткенде де бұл факты саналы жұмысшылардың көңіл ауанын сыйпаттайды.

18 ноябрьде комитет мәжілісінде демонстрация 28-нде жасалсын деп ұйғарылған болатын. Сол жерде-ақ комиссия сайланды, бұл комиссия демонстрацияны ұйымдастырумен және қыймыл жоспарын жасаумен шұғылдануға тиіс болды: алдын ала үгіт жүргізетін екі листок және демонстрацияға шақыратын бір листок шығаруға қаулы етілді. Жұмыс қыза бастады. Осыны жазып отырған адамның өзіне жұмысшылардың, үйірме өкілдерінің бірқатар жыйналыстарын өткізуге тура келді, бұл жыйналыстарда жұмысшы табының

ролі туралы, кәзіргі кезеңдегі демонстрацияның мақсаты мен маңызы туралы айтылды. Қарулы және қарусыз демонстрация мәселесі талқыланды, сөйтіп барлық жыйналыстарда комитеттің қаулысын қуаттайтын қарарлар қабылданды. Жұмысшылар тарату үшін листоктерді көбірек беруді сұрады: «мейлі тіпті арбалап беріңіздер» деді олар.

Сөйтіп, 28 ноябрьге демонстрация әзірленді, мұның өте үлкен демонстрация болуы мүмкін еді. Бірақ, бұл жерде біздегі Петербург «азшылығы» «бүкілроссиялық» және шетелдік «азшылық» сыяқты нағыз теріс роль — іріткі салушы ролін атқармай қалмады. Бұл роль өте-өте айқын болу үшін жергілікті «азшылық» жөнінде және оның істеген ісі жөнінде бірнеше ауыз сөз айтып өтпекпін. Демонстрацияға дейін және одан кейін де комитеттегі көпшілік II партия съезіндегі көпшілік жағындағылардан болды. Сәтсіздікке ұшырау мен партияны жегідей жел отырған алауыздықтар көп жағдайларда жергілікті социал-демократиялық ұйымдардың жұмысын нашарлатты. Жергілікті «азшылық» «көпшілікке» қарсы жүргізген күресінде өзінің фракциялық мүдделері үшін жергілікті комитеттің беделін түсіруге тырысып бақты. Аудандардың өкілдері, «азшылықтың» жақтаушылары, өз аудандарына «көпшіліктен» барған жолдастарды жібермейді, комитетке ешқандай байланыс жасатқызбайды. Сөйтіп бұл ауданның адам айтқысыз берекесі кетіп, жұмыс істеу қабілеті төмендеп отыр. Мәселен, мынадай бір факты бар. Бір ауданда соңғы 5—6 айдың ішінде «меньшевик» өкіл болып тұрды. Жалпы жұмыстан қол үзуінің салдарынан бұл аудан қатты ақсады. Бұрынғы 15—20 үйірменің орнына кәзір небәрі 4—5-ақ үйірме бар. Жұмысшылар істің мұндай жағдайда болуына наразы, ал олардың өкілдері бұл наразылықты «көпшілікке» қарсы пайдалануға тырысады, осы негізде жұмысшыларды комитетке қарсы қояды. «Азшылық» жергілікті социал-демократияның әлсіздігінің бәрін «көпшілікке» қарсы пайдалануға тырысады — оның тырысуы жемісті ме әлде жеміссіз бе, бұл басқа мәселе, бірақ бұл — факты.

Демонстрациядан үш күн бұрын «азшылықтың» бастауы бойынша комитеттің жыйналысы шақырылады. Кейбір жағдайларға байланысты комитеттің «көпшілік» жағындағы үш мүшесі жыйналыс туралы хабарланбай қалады да, жыйналысқа қатыспайды. «Азшылық» демонстрацияны болғызбау туралы ұсыныс енгізеді — олай болмаған күнде біз демонстрацияға кедергі жасаймыз және бірде-бір листок таратпаймыз деп қорқытады — сөйтіп, демонстрацияны жақтаған үш жолдастың жыйналыста болмағандығынан бұл ұсыныс қабылданады. Листоктер таратылмасын, ал үндеу жазылған листоктер жойылып жіберілсін деп шешеді.

Қоғамның да, жұмысшылардың да қалың бұқарасы демонстрацияға әзірленіп, комитеттің үндеуін ғана күтеді. Демонстрация өткізілмейтін болыпты және белгісіз уақытқа қалдырылыпты деген лақап тарай бастайды. Жұрттың көбі демонстрацияның өткізілмейтін болуына наразылық білдіреді; техника наразылық білдіріп, бұдан былай комитет үшін жұмыс істеуден бас тартады.

Жұма күні комитеттің жыйналысы шақырылады, сөйтіп өткен жыйналыста қатыспай қалған үш адам демонстрация туралы мәселенің қайта қаралып теріс шешілгендігіне қарсы шығады; көп ха-

лық листоксіз-ақ бәрібір Невскіге жыйналатын болғандықтан, олар демонстрацияға жұмысшылардың да қатысуы үшін барлық шаралардың қолданылуын талап етеді. «Азшылықтың» өкілі: «*демонстрацияға саналылықпен қатысу үшін және комитет қойған талаптарды жақтау үшін жұмысшылардың бәрі бірдей ойдағыдай өсіп жетілген жоқ*» деген дәлелмен бұған қарсы шығады. Мәселе дауысқа қойылады, сөйтіп, бір адам қарсы болып, көпшілік дауыспен жыйналыс мәселені демонстрацияға қатысу керек деп шешеді. Бірақ дәл осы кезде, басылған листоктердің бірталайы — 12 мыңнан астамы — өртеліп жіберілген болып шығады. Оның үстіне бұларды фабрикаларда көп тарату мүмкін емес, өйткені листоктер сембі күнгі таңертеңге дейін ешқайда жетіп үлгірмейді, ал фабрикаларда сембі күні жұмыс сағат 2—3-те аяқталады. Сөйтіп листоктерді азғантай ғана жұмысшылардың арасында, таныстар арасында ғана таратуға болатын болды, ал қалың бұқараға тарату тіпті де мүмкін болмады. Мұндай жағдайда демонстрация күні бұрын-ақ сәтсіздікке ұшырайтын еді. Ол сәтсіздікке ұшырады да...

Енді біздің «азшылықтың» масайрауына болады. Ол жеңді! Комитеттің («көпшілікті» деп оқыңыз) беделін түсіретін жаңа факты келіп шықты. Бірақ демонстрацияның мұндай болып аяқталу себептеріне оқушылар зер сала қарар деп сенеміз, сөйтіп олар бізбен бірге: «я, кәзірде біздің партияда ойдағыдай жұмыс жүргізуге мүмкіншілік бермейтіндей жағдай туып отыр. Партиядағы кризистен тезірек арылу керек, өз қатарымызды топтастыруымыз керек. Бұлай болмаған күнде бізге мүлде әлсіреу қаупі төнеді, сондықтан біз кәзіргі қолайлы кезеңді пайдаланбасақ ұлы оқыйғалардың соңында қалып қоямыз» деп айтар деп сенеміз».

Үйірмелік ұсақ мүдделер үшін пролетарлық демонстрацияны болдырмай тастаған Петербург «азшылығының» ірткі салу қылығы партия төзімін шегінен шығаратын соңғы тамшы болып табылады. Біздің партияның елеулі ауруға ұшырағанын және соңғы жыл ішінде өз ықпалының тең жартысынан айрылғандығын бүкіл дүние жүзі біледі. Сондықтан біз енді сөзімізді бұл елеулі ауруға мысқылмен немесе табалаушылықпен қарамайтын адамдарға, партиялық кризистің оңбаған мәселелерінен уһілеп-күрсінуге, уайымдап-қынжылумен кұтыла кетпейтін адамдарға, кризистің себептерін егжей-тегжейіне дейін тексеріп білуді — тіпті адам айтқысыз күш жұмсау арқылы болса да тексеріп білуді — және пәлені түп-тамырымен жұлып тастауды өзінің борышы деп есептейтін адамдарға арнап отырмыз. Біз кризистің тарихын осы адамдардың, тек қана солардың, есіне саламыз: мұны зерттеп білмей тұрып, «меньшевиктер» ақырында жетіп тыңған кәзіргі жікке бөлінушілікті де ұғуға болмайды.

Кризистің бірінші сатысы. Партиямыздың екінші съезінде рабочеделошылар мен жартылай рабочеделошылардың қарсылық көрсетуіне қарамастан искризм принциптері жеңеді. Азшылық съезден кейін редакцияға съезд қабылдамаған адамдарды енгізуге бола партияны жүлқылай бастайды. Ірткі салу, бойкот жарыялау, жікке бөлінуді әзірлеу ісі августың аяғынан ноябрьдің аяғына дейін *үш ай бойы* жүргізіледі.

Екінші саты. Плеханов кооптацияға ынтызар болған джентльмендерге жол береді, оның бержағында «Не істемеу керек» (№ 52) деген мақаласында: үлкен пәледен қашып, ревизионистер мен анархияшыл индивидуалистерге өз басым жол бердім деп баспа арқылы, жұрттың бәріне естіртіп мәлімдеме жасайды. Джентльмендер партияны одан әрі жүлқылай беру үшін кеңшілік алады. Олар Орталық Орган редакциясына және партия Советіне кіріп алып, Орталық Комитетке өз адамдарын өткізу мақсатымен және үшінші съезді болдырмау мақсатымен *жасырын ұйым* құрады. Бұл — кұлак естімеген өрескел факт, бірақ бұл жаңа Орталық Комитеттің осы ақсүйек жасақпен келісім жасау туралы жазған хаты арқылы документ жүзінде дәлелденіп отыр.

Үшінші саты. Орталық Комитеттің үш мүшесі партияға қарсы заговоршылардың жағына шығады, *азшылықтың ішінен* (хат жүзінде комитеттерге мұны қерісінше түсіндіріп) *дәмеленуші үш адамды кооптациялайды* және Советтің көмегімен *үшінші съезді мүлде болғызбай тастайды*, жалпы кризис туралы пікір білдірген комитеттердің басым көпшілігі бұл съезді жақтап шыққан болатын. Орловский¹⁰ («Совет партияға қарсы») мен Лениннің («Орталық мекемелердің партиядан ажырасуы туралы мәлімдеме мен документтер»*) кітапшаларында бұл фактылар да солай документ жүзінде дәлелденді. Россиядағы партия қызметкерлерінің көпшілігі бұл фактыларды білмейді, ал сөз жүзінде ғана емес шын мәнісінде партияның мүшесі болғысы келген адамдар бұл фактыларды білуге міндетті.

Төртінші саты. Партиямызды масқаралаған шетелдік үйірмеге соққы беру үшін орыс қызметкерлері бірігуде.

* Қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 7-том, қазақшасының 557—567-беттер. *Ред.*

Көпшіліктің жақтаушылары мен комитеттері бірқатар жеке конференциялар өткізіп, өздерінің өкілдерін сайлауда. Түгелімен кооптацияланған дәмеленушілердің қолында отырған жаңа Орталық Комитет көпшіліктің барлық жергілікті комитеттеріне ірткі салып, оларды жікке бөлуді өзінің мақсаты етіп қояды. Бұл жөнінде жолдас-тардың басқадай жалған ойға түспеуі керек: Орталық Комитетте бұдан басқа мақсат жоқ. Шетелдік компанияның сойылын соғушылар барлық жерлерде де (Одесса, Баку, Екатеринослав, Москва, Воронеж, т. т.) жаңа комитеттер даярлап, ұйымдастыруда. Шетелдік үйірме өзінің таңдап алған съезін әзірлеуде. Жасырын ұйым орталықтардың түбіне жетіп, енді жергілікті комитеттерге қарсы аттанды.

Петербург меньшевиктерінің ірткі салушылық әрекеті кездейсоқ нәрсе емес, комитетті жікке бөлуге қарай ойланып жасалған адым, бұл Орталық Комитетке кооптацияланған «меньшевиктердің» көмегімен жасалған адым. Тағыда қайталап айтамыз: Россиядағы партия қызметкерлерінің көпшілігі бұл фактыларды білмейді. Біз оларды барынша қатты сақтандырып, мынаны ескертеміз: ірткі салушылыққа қарсы партия үшін күрескісі келетін адамдардың бәрі, мүлде ақымақ болып қалғысы келмейтін адамдардың бәрі осы фактыларды тегіс білуге міндетті.

Біз «азшылықпен» бір партияда болып жұмыс істей беру үшін мүмкіндігі бар кеңшіліктердің бәрін және тіпті мүмкін болмайтын бірсыпыра кеңшіліктерді жасадық. Енді үшінші съезд болмай қалып отырғанда және ірткі салу ісі жергілікті комитеттерге қарсы бағытталып отырғанда бұлай бола қояды деп ешбір сенуге болмайды. Біз партиядан жасырынып, астыртын әрекет жасап жүрген «меньшевиктерге» ұқсамай, партия мұндай мырзалармен қарым-қатнас атаулының бәрін үзіседі деп ашық айтуымыз керек және мұны іс жүзінде дәлелдеуіміз керек.

«Вперед» № 1, 4 январь, 1905 ж.
(22 декабрь, 1904 ж.)

«Вперед» газетінің тексті
бойынша басылып отыр

КОМИТЕТТЕР КОНФЕРЕНЦИЯСЫ¹¹

Таяуда партиямыздың жергілікті комитеттерінің үш конференциясы: 1) кавказдық төрт комитеттің, 2) оңтүстік үш комитеттің (Одесса, Екатеринослав, Николаев комитеттері) және 3) солтүстік алты комитеттің (Петербург, Москва, Тверь, Рига, Солтүстік және Нижегород комитеттері) конференциялары болып өтті. Бұл конференциялар¹² туралы таяуда толық мәліметтер береміз ғой деп сенеміз. Ал әзірге — осы үш конференцияның үшеуі де партияның 3-ші съезін дереу шақыруды, «көпшіліктің» әдебиетші тобын қолдауды үзілді-кесілді жақтап шыққанын хабарлай тұрамыз.

*„Вперед“ № 1, 4 январь, 1905 ж.
(22 декабрь, 1904 ж.)*

*„Вперед“ газетінің тексті
бойынша басылып отыр*

ОРЫСТЫҢ ЖАҢА ЗАЕМЫ

Немістің биржалық ірі шонжарларының газеті («Франкфурт Газеті») осы атпен мынадай бір есте қаларлықтай хабар беріпті:

«Орыстың үлкен жаңа заемы туралы қатты лақаптар тарап жүргеніне міне бірнеше жеті болды. Бұл лақаптардың бәрі табанында теріске шығарылып отырды. Бірақ таяуда (жаңа стиль бойынша 29 декабрьде жазылған) Петербургте заем туралы келіссөздер болғандығын кәзірде жұрт ресми түрде мойындап жүр. Бұл ресми келіссөздердің алдында лақаптың тарауына себеп болған жеке анықтамалар жүргізілгендігі күмәнсіз. Бұл жолы келіссөздерге неміс финансистері қатысты деседі. Заемды неміс рыногіне орналастырғысы келетін көрінеді. Россия осы уақытқа дейін, соғыс басталғаннан бері, өзіне ақшаны әртүрлі үш жолмен алып келді: ең алдымен, мемлекеттік казначействоның рұхсат етілген шығындарды қысқарту арқылы көбейтілген бос ақшасынан 300 миллион сомдай қарыз алынды. Сонсоң француз банкирлерінің көмегімен 800 миллион франк (300 миллион сомдай) заем алынды. Август айында Россия ішкі рынокке зер салды: 150 миллион сомның билетін шығарды. Соғыс ай сайын үсті-үстіне көп қаржы жалмап отыр, сондықтан Россияның тағыда шет елден көп заем алғысы келеді. Соңғы кезде орыс фондыларының төмендеуге қатты (елеулі, *bedenkliche*) бет алғаны байқалып отыр. Неміс жұртшылығының орыс заемына қалай қарайтындығы белгісіз. Осы уақытқа дейін соғыс жапондар үшін ылғый сәтті болып келді. Егерде осы уақытқа дейін орыс заемдарын капиталды сенімді түрде орналас-

тыру деп санап келген болса, кәзірде бұл заемдар белгілі дәрежеде жалдаптық сыйпат (Beigeschmack) алып отыр, әсіресе ішкі орыс тәртіптерін айрықша ашып көрсететін осы жуырда шыққан патша манифесінің себебінен осылай болып отыр. Жаңа заем неміс жұртшылығына орыс заемының төмендеген сапасын теңелте алатын шарттар (процентінің жоғары болуы және шығарылатын курс) бойынша ұсыныла ма, жоқ па, мұны көреміз». — — —

Европа буржуазиясының орыс самодержавиесіне жасаған жаңа ескертуі осындай! Самодержавиенің кредиті соғыс жеңілістері арқылы да, ел ішіндегі өсіп келе жатқан наразылық арқылы да төмендеп келеді. Европа банкирлері самодержавиеге сенуді кәзірдің өзінде-ақ ұсақ-жалдаптық деп санай бастап отыр, орыс заемдарының «сапасын», олардың сенімділігі мағнасында айтқанда, төмендеп келеді деп ашықтан-ашық танып отыр.

Ал, кемінде күніне үш миллион сом ақша жалмайтын бұл қылмысты соғыс халыққа әлі қаншама орасан көп ақша тұрады десеңізші!

*1904 жылы 16 (29) декабрьден кейін
жазылған*

*Бірінші рет 1931 жылы Лениннің
XVI жыйнағында басылған*

*Қолжазба бойынша
басылып отыр*

А. А. БОГДАНОВҚА.

10 январь, 1905 ж.

Қымбатты достым! Ақырында, біз «Вперед» газетін шығара бастадық, сондықтан да ол туралы менің Сізбен толығырақ әңгімелескім келеді. Бүрсікүні 2-номері шығады. Жеті сайын шығарып тұрамыз деген ойымыз бар. Әдебиет күштеріміз жетеді. Көңіліміз әбден көтеріңкі, барлығымыздың (аздап жабырқап жүрген Василий Васильевичтің¹³ жәйі біраз басқаша) жұмысқа қабілеттілігіміз де жоғары. Ісіміз ойдағыдай жақсы болады ғой деп сенеміз, тек банкроттыққа ұшырамасақ болғаны. Номер басына 400 frs* (150 сом) керек, ал бізде небәрі 1200 frs бар. Алғашқы айларда керемет көп көмек керек, өйткені газет кезінде шығып тұрмаса, көпшіліктің бүкіл позициясы орасан қатты соққыға ұшырайды, ондай соққының жарасының бітуі екіталай. Осыны ұмытпаңыз және (*әсіресе Горькийден*) аздап болса да тасымалдай беріңіз.

Сонан кейін. Қазір Рахметовке¹⁴ мынаны хабарлаудың ерекше маңызы болып отыр: ол барлық күшін Россиядан әдеби қызметтес болып отыру жұмысын ұйымдастыруға жұмсасын. Апталық газеттің табысты болуы бәрінен гөрі оған орыс әдебиетшілері мен социал-демократтарының ат салысып жігермен жұмыс істеуіне байланысты. Рахметовке жазыңыз, бұл жұмысқа ол *Финн мен Коллонтайды да (Финляндия туралы мақалалар өте қажет), Румянцев пен Анд-*

* — francs — франк. Ред.

рей Соколовты да жұмылдырсын, әсіресе бұлардың соңғысын жұмылдыру өте-мөте қажет. Мен өзімнің ұзақ тәжірибемнен білемін: россиялықтар мұндай іске керемет кешірімсіз, адам айтқысыз сараң келеді. Сондықтан, 1-шіден, кісінің өзі үлгі көрсете жұмыс істеуі керек; 2-шіден, уәдеге сеніп қалмай, дайын нәрселердің болуын сөзсіз талап етіп отыру қажет. Мақалалар мен хат-хабарлар жазуды жұртқа Рахметовтың қайткенде де өзі тапсырып, оларды өзі алып отырсын, тапсырылған адам жазып бергенге дейін оның соңынан қалмай жүріп, бұларды өз қолымен жіберіп отыратын болсын. (Бұлардан өзге Суворов пен Лунцины қоса көрсетемін, әрине Рахметов бұлардан өзге де көп адамдарды біледі.) Мыналар өте қажет болып отыр: 1) орыс тұрмысының мәселелері туралы мақалалар, көлемі 6 мыңнан 18 мың әріпке дейін болсын; 2) осы тақырыптарда жазылған заметкалар, көлемі 2 мыңнан 6 мың әріпке дейін болсын; 3) басқадай барлық мәселелер туралы түрлі көлемде жазылған хат-хабарлар; 4) жергілікті орыс баспасөздері мен арнаулы орыс баспасөздерінің қызықты жерлерінен алынған үзінділер мен цитаталар; 5) орыс баспаларының газет және журнал мақалалары жөнінде жазылған заметкалар. Соңғы үш пунктті орындауға жұмысшы жастардың, әсіресе студент жастардың күші толық жетеді, сондықтан бұған көңіл бөліп, бұл жұмысты насихаттау керек, жұртты қозғалтып, сілкіндіріп отыру керек, оны нақтылы үлгілер арқылы не нәрсе керек екендігін түсінуге және ұсақ-түйек атаулының бәрін қалай пайдалана білуге үйрету керек, шетелдің Россиядан *шикі* материалды (оны әдеби жағынан өңдеп, әдеби түрде пайдалануды біз өзіміз білеміз!) зарыға күтіп отырғандығын жұртқа түсіндіру керек, оған әдеби жағындағы кемшіліктерден ұялу барып тұрған надандық екендігін, жәй әңгімелесуге дағдылану керек екендігін және шетелдік журнал өз журналы болсын десе, ол журналмен тартынбастан хат жазысып тұру керек екендігін түсіндіру қажет. Бұл айтылғандарды орындау үшін мен *әрбір* студент үйірмесіне, *әрбір* жұмысшы тобына «Впередтің» бір-бір адресін (шетелдік адресін, кәзірде бұл адрестер көп, әлі бұдан да көбейеді) таратып беруді қажетті деп, сөзсіз қажетті деп санаған болар едім. Біздің комитетшілердің арасында жергілікті

жастарға адресстерді кеңінен таратуға қарсы болатын оңбаған ескі әдет бар екендігіне Сіз сеніңіз. Бұл әдетке қарсы барлық күшіңізді сала күресіңіз, адресстерді таратып беріп, «Вперед» редакциясымен тікелей қарым-қатынас жасауды талап етіңіз. Мұнсыз органымыздан іс шықпайды. Жұмысшылардың хат-хабарлары өте қажет, ал олар бізде аз. Ондаған, жүздеген жұмысшылар «Впередке» турадан-тура, тікелей жазып тұратын болсын.

Сонымен қатар «Впередті» конвертке салып жіберіп тұру үшін жұмысшылар тікелей өз адресстерін беріп тұратын болсын. Жұмысшылар қорықпайтын болады. Конверттердің оннан бір бөлегін қолға түсіруге де полицияның шамасы келмейді. «Впередтің» көлемінің кішілігі (4 бет) және оның жиі шығатындығы конвертке салып жіберу мәселесін біз үшін газеттің ең шұғыл мәселесі етеді. Жұмысшылардың «Впередке» жазылуын көбейтуді, ақшаны (бір сом көп емес қой!) және өз адресін шет елге тікелей жіберу дағдысын өркендетуді тура мақсат етіп қою керек. Егерде бұл істі дұрыстап қолға алса, онда, кұдай біледі-ау, Россияда құпия әдебиетті тарату ісін революцияландыруға болады. Транспорттың ең жақсы дегенде төрт айда бір келетіндігін ұмытпаңыз. Мұның өзі апталық газетте осылай болып отыр! Ал конверттердің 50—75% почтадай болып тез жетіп тұруы мүмкін.

Сонсоң әдебиетшілер. Оларды жеті сайын немесе екі жетіде бір рет үзбей жазып тұруға тура міндеттеу керек: бұлай болмаған күнде біз сіздерді дұрыс адам деп санамаймыз және барлық байланысты үземіз. Әдетте олар: жазатын тақырыпты білмейміз, еңбегіміз далаға кете ме деп қорқамыз, бұл «олардың өздерінде де бар» болар деп ойлаймыз дегенді сылтау етеді. Міне осындай оңбағандық сылтаулармен Рахметовтың өз басы күресуге тиіс. Негізгі тақырыптар — орыстың ішкі халін шолу мәселелері (қалың журналдардың ішіндегі ішкі халді шолуға және қоғамдық хабар-ошарға жататындары), ал сонсоң орыстың арнаулы баспаларының (статистикалық, әскери, дәрігерлік, түрмелік, руханийлық, т. с.) материалдары жөніндегі мақалалар мен заметкалар. Бұл екі бөлім бойынша бізге қашанда болсын материалдар керек болып отырады. Бұл екі бөлімді тек қана россиялықтар, ылғый ғана россиялықтар жақсылап жүргізе алады. Бұл арада ең керегі — жаңа фактылар, жаңа пікір-

лер, шет елге табыла қоймайтын арнаулы материалдар, ал біреулердің байымдаулары, социал-демократиялық тұрғыдан беретін бағасы әсте керек емес. Сондықтан мұндай мақалалар мен заметкалар ешуақытта да бофқа қалмайды, өйткені біз оларды барлық уақытта да пайдаланамыз. Қазірде мұндай істі жолға қою және бізге жалқау емес, жұмыстан қашпайтын, әрқайсысы редакциямен тікелей байланыс жасап тұра алатын, іскер, жақсы қызметкерлерден ең болмағанда бесеуін тауып беру — Рахметовтің мойнындағы тікелей міндеті. Қызметкермен тікелей байланыс жасағанда ғана жұмыстың барлық егжей-тегжейі жөнінде толық келісіп кетуге болады. Жұртты тартқанда, өздерінің апталық газеттегідей ешбір жерде тез «басылып шыға» алмайтындығын түсіндіру арқылы тарту керек.

Қортындыда кәзіргі ұйымдастыру ұраны туралы бірекі ауыз сөз айта кетейік. «Кетісетін мезгіл жетті» («Вперед» № 1)* деген мақаладан кейін бұл ұран анық болуға тиіс, бірақ жұрттың тоңмойындылығы сонша, Рахметовтің бұл арада да барлық күшін салып мұны түсіндіруі, барынша ұғындыруы және жұрттың мыйына қондыруы керек. Қазір толық жікке бөліндік, өйткені біз бар амалымызды түгел тауыстық. Үшінші съезд Орталық Комитет пен Советтің еркіне қарамастан және оларсыз шақырылуы керек. Орталық Комитетпен толық ажырасу керек. Біздің өз бюромыз бар деп тура айту керек. Меньшевиктер мен жаңа искрашыларды барлық жерлерден де толық аластау керек. Бірігіп жұмыс істеу үшін біз қолымыздан келген шаралардың бәрін қолдандық, сондықтан енді жұмысты жеке істеуге тура келеді деп ашық және тура айтуға тиіспіз. Сенімпаздық пен аңқаулықтың қандайы болса да тек орасан зор кесел келтіруі мүмкін.

Христосты-кұдайды ауызға алып сұрайтынымыз — бюро¹⁵ туралы тезірек ашық, тіке мәлімдеме жарыялаңдар. Мыналарды істеу қажет: 1) «Кетісетін мезгіл жетті» деген мақалаға толық қосылатындық пікірі білдіріліп, оның үндеулерін қайталау керек; 2) «Впередтің» комитеттер көпшілігінің органы екенін және бюроның онымен тату, толық ынтымақтасып жұмыс істейтінін мә-

* Осы томның 21—25-беттерін қараңыз. Ред.

лімдеу керек; 3) Орталық Комитет пен Советтің партияны мейлінше маскара алдап кеткенін, сөйтіп съезді болғызбай қойғанын мәлімдеу керек; 4) кәзірде Орталық Комитет пен Советті бөлек қалдырып, комитеттердің өз съезін шақырудан басқа жол қалмағанын мәлімдеу керек; 5) комитеттердің дұрыс жұмысына көмектесуді бюроның өз мойнына алатындығын мәлімдеу керек; 6) Орталық Орган солқылдақтық жасап, өтірік айтамын деп өзінің сенімін толық кетірді деп мәлімдеу керек.

Сеніңіз, біз Землячканы жоғары бағалаймыз, бірақ ол папашаға¹⁶ қарсы шығып теріс істеп отыр, ал оның қатесін түзетіп жіберу сізге байланысты. Орталық Комитетпен барлық жағынан да тезден тез ажырасып, бюро туралы, оның Уйымдастыру Комитет екендігі туралы және оның III съезді шақыратындығы туралы дереу баспада жарыялау керек.

*Бірінші рет 1925 жылы
„Пролетарская Революция“ журналының
3(38) номерінде басылған*

*Қолжазба бойынша
басылып отыр*

ПОРТ-АРТУРДЫҢ ҚҰЛАУЫ¹⁷.

«Порт-Артур тізе бүкті.

Бұл оқыйға — кәзіргі тарихтың асқан ұлы оқыйғаларының бірі. Кеше телеграф арқылы цивилизациялы дүниенің барлық түкпіріне берілген бұл үш сөз адамға еңсе түсірерліктей, орасан зор, керемет апат болғандай, сөзбен айтып жеткізу өте қыйын бақытсыздық орнағандай әсер етеді. Құдіретті империаның моралдық күші күйреп, әлі де ойдағыдай құлаш сермей қоймаған жас нәсілдің беделі көмескіленіп барады. Бүтін бір саяси системаға үкім шығарылып отыр, толып жатқан талаптар кілт үзіліп отыр, орасан күшті тырысу мерт болып отыр. Әрине, Порт-Артурдың құлайтындығын жұрт әлдеқашан-ақ білді, жұрт әлдеқашаннан-ақ бұл жөнінде сөзбен кұтылып, өзін дайын тұрған кұрғақ сөздермен жұбатып келді. Бірақ қолға ұстарлық, дөрекі факт алдамшы өтіріктердің бәрін талқандап отыр. Ендігі жерде бұл апаттың маңызын бәсендетіп көрсетуге болмайды. Түзетіп болмайтын жеңіліс тұңғыш рет ескі дүниені қорлады, оны бұл жеңіліске ұшыратқан тым жұмбақ, сірә, жасөспірім, цивилизацияға кеше ғана келген жаңа дүние».

Европаның көрнекті бір буржуазиялық газеті оқыйғаның тікелей әсерімен осылай деп жазды. Ал бұл газеттің бүкіл Европа буржуазиясының ой-пікірін ашықтан-ашық көрсетіп қана қоймағандығын мойындау керек. Ескі дүние буржуазиясының нағыз таптық инстинкті осы газет арқылы білдіріліп отыр, ал ескі дүние буржуазиясы буржуазиялық жаңа дүниенің табыстарынан үрейленіп, Европа реакциясының көптен бері ең сенімді

тірегі болып саналып келген орыс әскери күштерінің апатқа ұшырауынан қорқып отыр. Тіпті соғысқа қатыспай отырған европалық буржуазияның қалайда мұны өзіне қорлық және соққы деп білетіні таңғаларлық нәрсе емес. Ол Россияның моралдық күшін европалық жандармның соғыс күшімен бірдей деп санауға әбден дағдыланып кеткен еді. Ол үшін жас орыс нәсілінің беделі кәзіргі «тәртіпті» қатты қорғап отырған, мызғымас күшті патша өкіметінің беделімен айрылмастай байланысты болып келді. Билеуші, бұйырушы Россияның апатқа ұшырауы бүкіл Европа буржуазиясына «керемет нәрсе» болып көрінуі ғажап емес: бұл апат бүкіл дүниежүзілік капиталистік дамудың керемет тездегендігін, тарихтың тездегендігін көрсетеді, ал мұндай тездегендік пролетариаттың әлеуметтік революциясының тездегендігі болып табылатындығын буржуазия өте жақсы, тым жақсы біледі, өзінің басынан кешірген ащы тәжрибесінен біледі. Батыс-Европа буржуазиясы «күдіретті империяның» канаты астына қорғалап, ұзақ уақыт тоқырау жағдайында сондай жайбарақат өмір сүріп келді, сөйтіп отырғанда қайдағыбір «жұмбақ, жасөспірім» күштің бұл тоқырауды талқандап, бұл тіректерді қыйратуға батылы барып отыр.

Я, Европа буржуазиясының қорқуына болатын нәрсе бар. Пролетариаттың қуануына болатын нәрсе бар. Біздің ең қас дұшпанымыздың апатқа ұшырауы орыс бостандығының таяп келе жатқандығы ғана болып қоймайды. Бұл сонымен қатар Европа пролетариатының революциялық жаңа өрлеуінің болатындығын да көрсетеді.

Алайда, Порт-Артурдың кұлауы неліктен және қаншалықты шын тарихи апат болып табылады?

Бұл оқыйғаның маңызы бәрінен бұрын соғыстың барысында көзге түседі. Жапондар соғыста көздеген басты мақсатына жетті. Прогрестік, алдыңғы қатардағы Азия артта қалған, реакцияшыл Европаға өлтіре соққы берді. Бұдан он жыл бұрын Россия бастаған осы реакцияшыл Европа жас Жапонияның Қытайды талқандап жеңуінен қорқып, оның жеңілісінің ең жақсы жемістерін тартып алу үшін біріккен болатын. Европа ескі дүниенің орын теуіп қалған қарым-қатнастары мен артықшылықтарын қорғады, оның артықшылық правосын, Азия халықтарын қанау жөніндегі ғасырлар бойы қа-

сиеттелініп келген атамзаманғы правосын қорғады. Жапонияның Порт-Артурды қайтарып алуы — бүкіл реакцияшыл Европаға тиген соққы болып табылады. Россия Порт-Артурға алты жыл ие болып тұрды, стратегиялық темір жолдарға, порттар салуға, жаңа қалалар салуға, Россия сатып алған және Россия алдында құлша бас иген европалық газеттердің барлығы да жау бұза алмайтын қамал деп даңқын көтерген қамалды нығайтуға жүз-жүздеген миллион сом ақша жұмсады. Әскери жазушылар Порт-Артур өзінің күші жағынан алты Севастопольге тең деседі. Міне сонымен осы уақытқа дейін барлығы жек көріп келген кішкентай Жапония осы қамалды сегіз айдың ішінде алып отыр, мұның өзі Англия мен Франция екеуі қосылып жалғыз Севастопольді алу үшін бүтін бір жыл бойы әуіре болғаннан кейін осылай болып отыр. Соғыстың бұл соққысы — адам айтқысыз ауыр соққы. Теңізде басым болу туралы мәселе — осы соғыстың басты және негізгі мәселесі шешілді. Басында жапон флотынан күшті болмаса, әлсіз болмаған тынық мұхиттағы орыс флоты біржолата жойылып жіберілді. Флоттың операция жасауына керекті базаның өзі алынып қойылып отыр, сондықтан Рождественскийдің эскадрасына тағыда миллиондаған қаржыны босқа шығындағаннан кейін, айбынды броненосецілер ағылшының балық аулайтын қайықтарын керемет жеңгеннен кейін, масқара болып кейін қайтып келу ғана қалады. Россияның тек флоттың бір өзінен шеккен материалдық шығынының өзі үш жүз миллион сом екен десіп жүр. Бірақ он мындаған ең жақсы флот экипажынан, құрғақтағы бүтін бір армиядан айрылу бұдан да гөрі маңыздырақ. Европалық көп газеттер кәзірде бұл шығындардың маңызын бәсеңдетіп көрсетуге тырысады, тырысқанда да адам күлерліктей жанын сала тырысып, Куропаткин Порт-Артур туралы қамқорлық етуден «жеңілдеп», «босатылды» деуге дейін барып отыр. Орыс әскері де бүтін бір армиядан ада болды. Ағылшындардың соңғы мәліметтері бойынша соғыс тұтқындарының саны 48 000 адамға жетеді, ал Қинчаудың түбінде және дәл қамалдың түбінде болған ұрыстарда неше мың адам қырылды десеңізші. Жапондар бүкіл Ляодунды біржолата меңгеріп келеді, Қореяға, Қытайға және Манчжурияға әсер ету үшін өлшеусіз зор маңызы бар тіректі пунктке ие

болып келеді, Куропаткинге қарсы күресу үшін 80—100 мың адамы бар шыныққан армияны босатып алып отыр, оның үстіне бұл армияның орасан зор ауыр артиллериясы бар, бұл артиллерияның Шахэ өзеніне әкелінуі олардың орыстың негізгі күштерінен анағұрлым басым болуына мүмкіндік береді.

Шетел газеттерінің хабарларына қарағанда, самодержавиелік өкімет соғысты қайткен күнде де жүргізе беруге және Куропаткинге 200 000 әскер жіберуге ұйғарыпты. Соғыстың әлі де көпке созылуы әбден ықтимал нәрсе, бірақ оның үмітсіз екендігі кәзірдің өзінде-ақ анықталып отыр, сондықтан соғыстың қандай да болса созыла беруі орыс халқының әлі де болса самодержавиені мойнымен көтеріп келе жатқаны үшін көретін сансыз көз ауыртпалықтарын тек шиеленістіре түседі. Жапондар осы уақытқа дейін орыстарға қарағанда өздерінің әскери күштерін әрбір үлкен ұрыстан кейін тезірек және молырақ толықтырып нығайтып отырды. Ал енді олар теңізде толық үстем болып алғаннан соң және орыс армияларының бірін толық жойғаннан соң жәрдемге орыстардан екі есе көп әскер жібере алады. Өздерінің ең жақсы артиллериясының түгелімен камал соғысында болғандығына қарамастан жапондар осы уақытқа дейін орыс генералдарын бас көтертпей соққылап келді. Кәзірде жапондар өз күштерін толық жыйнақтап алып отыр, ал орыстардың тек Сахалин үшін ғана емес, сонымен қатар Владивосток үшін де қауіптенуіне тура келіп отыр. Жапондар Манчжурияның ең жақсы және ең халқы көп жерін басып алды, бұл жерде олар өз армиясын жаулап алынған елдің қаражатымен, Қытайдың көмегімен асырай алады. Ал орыстардың барған сайын Россиядан әкелінетін азық-түлікпен қанағаттануына тура келеді, сондықтан азық-түлікті жеткілікті мөлшерде әкеліп тұру мүмкін болмағандықтан Куропаткин армияны бұдан былай көбейте алмайтын болады.

Алайда самодержавие ұшырап отырған соғыс апатының біздің бүкіл саяси системамыздың күйреу белгісі ретінде бұдан да гөрі зор маңызы бар. Соғыстарды жалданған адамдар немесе халықтан жартылай қол үзген қаста өкілдері жүргізетін замана келмеске кетті. Кәзірде соғысты халықтар жүргізеді, — бұл ақыйхаттың тек қағаз жүзінде ғана жазылып қоятын сөз емес екенін Не-

мирович-Данченконың куәлігі бойынша тіпті Куропаткин де енді түсіне бастаған көрінеді. Кәзірде соғысты халықтар жүргізеді, сондықтан да кәзіргі уақытта соғыстың ұлы қасиеті ашық көрініп отыр: халық пен үкіметтің арасындағы осы уақытқа дейін тек саналы азшылыққа ғана көрініп келген алшақтық іс жүзінде, он миллиондаған адамдардың көз алдында әшкереленіп отыр. Барлық алдыңғы қатардағы орыс адамдарының, орыс социал-демократиясының, орыс пролетариатының самодержавиені сынауы енді жапон қаруының сынағымен дәлелденіп отыр, дәлелденгендігі сонша — самодержавие тұрғанда өмір сүрудің мүмкін емес екендігін тіпті самодержавие дегеннің не екенін білмейтіндер де, тіпті самодержавие дегеннің не екенін біліп, оны жанын сала қорғағысы келетіндер де барған сайын *сезіп келеді*. Халыққа самодержавие үшін іс жүзінде, өзінің қанын төгіп азап көруге тура келісімен-ақ, самодержавиенің бүкіл қоғамдық даму мүдделерімен, бүкіл халық (бір топ чиновниктер мен шонжарлардан басқа) мүдделерімен сыйыспайтындығы айқындала кетті. Өзінің отарлық есуас, қылмысты авантюрасы арқылы самодержавие өзін сондай бір түйықтыққа әкеп тіреді, бұл түйықтықтан халықтың өзі ғана және патша өкіметін қыйрату арқылы ғана босай алады.

Порт-Артудың құлауы патша өкіметінің соғыс басталысымен-ақ көріне бастаған және енді бұрынғыдан да гөрі кең, бұрынғыдан да гөрі тоқтаусыз көріне беретін қылмыстарына ұлы тарихи қортындылардың біреуін жасап отыр. Әрбір кішкентай және үлкен Алексеев¹⁸, топан суының шынымен қаптайтындығын ескермей, бұған сенбей, — өзімізден кейін мейлі топан суы қаптасын! деп байымдады. Генералдар мен қолбасшылар түкке тұрмайтын топас адамдар болып шықты. 1904 жылғы науқанның бүкіл тарихы, ағылшынның бір әскери шолушысының («*Times*»-та¹⁹) жасаған беделді мәлімдемесіне қарағанда, «теңіз бен құрғақтағы соғыс стратегиясының қарапайым принциптерін қылмысты түрде елемегендік» болып табылады. Азаматтық және әскери бюрократия дәл крепостниктік право кезіндегідей арамтамақ, сатылғыш болып шықты. Офицерлер білімсіз, надан, дайындықсыз болып шықты, олардың солдаттармен тығыз байланысы болмай шықты және солдаттар оларға сенбейтін

болып шықты. Шаруа бұқарасының қараңғылығы, на-дандығы, сауатсыздығы, артта қалғандығы осы замандағы соғыста прогрессивті халықпен айқасқанда маскара болып жарқырап шыға келді, өйткені бұл соғыс осы замандағы техника сыяқты жоғарғы сапалы адам материалының болуын да сөзсіз талап етеді. Өздігінен іс бастағыш, саналы солдат пен матрос болмайынша кәзіргі замандағы соғыста табысқа жету мүмкін емес. Тез атылатын ұсақ калиберлі мылтықтың, машиналы зеңбіректердің, кемелердегі техникалық күрделі аспаптардың заманында, кұрғақтағы ұрыстарда бытранды саппен жүретін заманда ешқандай төзімділік, ешқандай қара күш, бұқаралық күрестің ешқандай топтасуы, бірлесуі басым ете алмайды. Самодержавиелік Россияның соғыс қуаты жалған сағым болып шықты. Патша өкіметі жаңа талаптардың дәрежесінде тұрған кәзіргі заманның әскери ұйымдастыру ісіне бөгет болып шықты, — патша өкіметі бүкіл жан-тәнімен берілген ісіне, өзінің қашанда мақтаныш еткен ісіне, өзінің ешқандай халық оппозициясынан қаймықпастан өлшеусіз көп кұрбандық келтірген ісіне өзі бөгет болып шықты. Самодержавие сыртқы қорғаныс жағына келгенде, былайша айтқанда, өзінің неғұрлым тума, біртабан жақын мамандығына келгенде — боямалы табыт болып шықты. Тамаша жақсы соғыс кемелерін сатып алуға, жасауға ондаған, жүздеген миллион сом қаржы жұмсалып жатқандығын көргенде бұған күліп, кәзіргі заман кемелерін қалай пайдалануды білмей тұрғанда, соғыс техникасының ең жаңа табыстарын меңгере пайдаланып кете алатын адамдар болмай тұрғанда бұл шығындарды пайдасыз деген шетел адамдарының мұнысының әділ екенін оқыйғалар дәлелдеп отыр. Флот та, қамал да, далалық бекіністер де, кұрғақтағы армия да артта қалған және ешнәрсеге жарамсыз болып шықты.

Елдің әскери ұйымы мен оның бүкіл экономикалық және мәдени кұрылысының арасындағы байланыс кәзіргі уақыттағыдай ешқашанда осыншама тығыз болып көрген емес. Сондықтан соғыс апаты терең саяси кризистің басталуы болмай қоя алмады. Алдыңғы қатардағы елдің артта қалған елмен соғысуы тарихта талай рет болғаны сыяқты бұл жолы да ұлы революциялық роль атқарды. Ал саналы пролетариат, жалпы таптық үстемдіктің қандайының болса да сөзсіз және жойылмайтын

жолбикесі болған соғыстың мейірімсіз жауы болғандықтан, — самодержавиені талқандаған жапон буржуазиясы орындап отырған бұл революциялық міндетке көз жұма алмайды. Пролетариат буржуазия атаулының бәріне және буржуазиялық құрылыстың қандай да болмасын барлық көріністеріне қас, бірақ бұл қастық оны буржуазияның тарихи прогресшіл және реакцияшыл өкілдерін айыра білу міндетінен кұтқармайды. Сондықтан халықаралық революцияшыл социал-демократияның ең табанды және ең батыл өкілдері, Францияда Жюль Гед, Англияда Гайндман, орыс самодержавиесін қыйрата соққылап жатқан Жапонияға тілектес екендіктерін ашықтан-ашық білдірді. Әрине, біздің Россияда бұл мәселе жөнінде де пікірі шатасқан социалистер болмай қалған жоқ. «Революционная Россия»²⁰: социалист буржуазиялық Жапонияны жақтай алмайды, жұмысшы, халықтық Жапонияны ғана жақтай алады деп мәлімдеп, Гед пен Гайндманға сөгіс жарыялады. Протекционистік буржуазияға қарағанда фритредерлік буржуазияның прогресшілдігін мойындағаны үшін социалисті кінәлау қандай ақымақтық болса, бұл сөгіс те нақ сондай ақымақтық болады. Гед пен Гайндман жапон буржуазиясы мен жапон империализмін жақтаған жоқ, бірақ «буржуазиялық екі елдің соқтығысуы туралы мәселеге келгенде олардың біреуінің тарихи-прогрестік ролі бар екендігін дұрыс көрсетті. Әрине, біздің радикал интеллигенциямыздың таптық көзқарасты және тарихи материализмді түсінбеуінің сөзсіз келіп шыққан нәтижесі — «социалист-революционерлердің» пікірінің шатасуы болды. Жаңа «Искра» да шатаспай тұра алмады. Ол әуелі қайткен күнде де бейбітшілік орнату туралы көп бос сөздер айтты. Жалпы бейбітшілік орнату жөніндегі социалистіксымақ науқанның прогресшіл буржуазия мен реакцияшыл буржуазияның қайсысының мүдделеріне қызмет ететіндігін Жорес ап-айқын етіп көрсеткен кезде жаңа «Искра» «түзелмек» болып тура ұмтылды. Енді келіп ол: жапон буржуазиясының жеңісін «бетке ұстауға» (!!?) болмайды, соғыстың самодержавиенің жеңуімен немесе жеңілуімен аяқталуына «қарамастан» ол үлкен бақытсыздық болып табылады деген сыяқты оңбаған екіжүзді пікірлерді айтып сөзді доғарды.

Жоқ. Орыс бостандығының ісі мен орыс (және бүкіл

дүние жүзі) пролетариатының социализм жолындағы күресінің ісі самодержавиенің соғыстағы жеңілулеріне әбден қатты байланысты. Бұл іс европалық тәртіп сақтаушылардың бәріне үрей туғызып отырған соғыс апатынан көп ұтты. Революцияшыл пролетариат соғысқа қарсы талмай үгіт жүргізуге тиіс, үгіт жүргізгенде, жалпы таптық үстемдік болып отырғанда соғыстардың жойылмайтындығын барлық уақытта да естен шығармау керек. Жорес а'ла* бейбітшілік туралы күнсыз сөздер айтумен езілген тапқа көмектесе алмайсың, ал езілген тап буржуазиялық екі ұлттың арасындағы буржуазиялық соғысқа жауапты емес, ол жалпы буржуазия атаулыны құлату үшін барлық қолынан келгенін істейді, ол капиталистік «бейбіт» қанау кезінде де халықтың күйзелуі шексіз қатты болатындығын біледі. Бірақ еркін бәсекеге қарсы күресе отырып, біз оның жартылай крепостниктік құрылысқа қарағанда прогрестігін ұмыта алмаймыз. Соғыс атаулыға және буржуазия атаулыға қарсы күресе отырып, біз өзіміздің үгіт жұмысымызда прогресті буржуазияны крепостниктік самодержавиеден айыра білуіміз керек, біз тарихи соғыстың, орыс жұмысшысы еріксіз қатысып отырған соғыстың ұлы революциялық ролін қашан да көрсетіп отыруымыз керек.

Буржуазиялық ескі дүние мен жаңа дүниенің соғысына айналған бұл отарлық соғысты орыс халқы бастаған жоқ, орыс самодержавиесі бастады. Масқара жеңіліске ұшыраған орыс халқы емес, самодержавие. Самодержавиенің жеңілуінен орыс халқы ұтты. Порт-Артурдың тізе бүгуі — патша өкіметінің тізе бүгуінің бастамасы болып табылады. Соғыс әлі бітуден алыс, бірақ оның созылуының әрбір адымы орыс халқы ішінде наразылық пен ашынуды керемет кеңейте түседі, жаңа ұлы соғыстың, самодержавиеге қарсы халық соғысының, азаттық жолындағы пролетариат соғысының уақытын жақындатады. Ең сабырлы және ең байсалды европалық буржуазия тектен-текке бүйтіп үрейленіп отырған жоқ, европалық буржуазия орыс самодержавиесінің либералдық кеңшіліктер жасауына жан-тәнімен тілектес болған болар еді, бірақ ол европалық революцияның бастамасы болатын орыс революциясынан өлердей қорқады.

* — сыяқты. *Ред.*

Неміс буржуазиясының осы сыяқты байсалды органдарының бірі былай деп жазады: «Россияда революцияның шыға қалуы ешбір мүмкін емес нәрсе деген пікір берік орнап алған. Жұрт бұл пікірді барлық түрлі-түсті дәлелдер арқылы қорғап жүр. Жұрт орыс шаруаларының қозғала қоймайтындығын, олардың патшаға сенетіндігін, олардың дін иелерінен тәуелді екендігін дәлел етеді. Наразы адамдардың арасындағы әсіреэлементтер — ат төбеліндей ғана аз адамдар, бұлар путчтар (ұсақ көтерілістер) мен террористік оқталулар ғана жасай алады, бірақ жаппай көтерілісті тіпті де жасай алмайды деседі. Наразылардың қалың бұқарасына, дейді жұрт бізге, ұйымшылдық, қару-жарақ жетпейді, ал бәрінен бұрын — өздерін қатерге қоюға олардың батылдығы жетпейді. Ал орыс интеллигенті әдетте тек, шамамен айтқанда, отыз жасқа дейін ғана революциялық ниетте болады, ал онан кейін ол қазналық орынның жәйлі ұясына тамаша жақсы орнығып алады, — сөйтіп өткір ойлы адамдардың көбі қарапайым чиновникке айналады». Бірақ кәзірде, дейді онан әрі бұл газет, толып жатқан белгілер үлкен өзгеріс болғандығын көрсетеді. Россиядағы революция туралы кәзірде жалғыз революционерлер ғана айтып отырған жоқ, мұны «әуейленуге» әсте бармайтын, тәртіптің көрнекті тіректері болып отырған князь Трубецкой сыяқты адамдар да айтып жүр, Трубецкойдың ішкі істер министріне жазған хатын кәзір барлық шетел баспасөзі басып шығарып жүр. «Россиядағы революциядан қорқудың, сірә, шын негізі болу керек. Рас, орыс шаруалары қолына айыр алып, конституция үшін күреске шығады деп ешкім де ойламайды. Бірақ революция деревняда жасала ма? Жаңа тарихта революциялық қозғалысты бастайтын көптен-ақ ірі қалалар болып отыр. Ал Россияда дәл қалаларда оңтүстіктен солтүстікке дейін және шығыстан батысқа дейін толқу болып жатыр. Мұның немен аяқталатындығын ешкім де күні бұрын болжап айта алмайды, бірақ Россияда революцияның болуы мүмкін емес деп санайтын адамдардың саны күн санап азайып келеді, бұл күмәнсіз факт. Ал егер революция шындап бұрқ ете қалса, онда Қыйыр Шығыстағы соғыста әлсіреген самодержавиенің бұған шамасының келе қоюы барынша екіталай нәрсе».

Я. Самодержавие әлсіреп отыр. Ең сенбейтіндердің өзі

революцияға сене бастады. Революцияға жаппай сенушілік — енді революцияның басталысы болып табылады. Революцияның бола беруі жөнінде өзінің соғыс авантюрасы арқылы үкіметтің өзі кам жеп отыр. Шын революциялық тегеуірінді қолдап, кеңейту туралы орыс пролетариаты кам жейді.

„Вперед“ № 2,
14(1) январь, 1905 ж.

„Вперед“ газетінің тексті
бойынша басмып отыр

БУЛБУЛДЫ ЕРТЕГІМЕН ЖЕМДЕМЕЙДІ

Рабочийдің жаңа искрашылар таяуда ғана бастырып шығарған: «Біздің ұйымдардағы жұмысшылар мен интеллигенттер» деген кітапшасына оқушылардың назарын аударамыз, бұған алғысөзді Аксельрод жазған. Бұл сабақ боларлық шығармаға, сірә, бізге талай рет қайта оралуға тура келер, бұл шығарма «азшылықтың» немесе жаңа искрашылардың демагогтік уағызының қандай жеміс бергендігін және беріп отырғандығын, сонымен қатар жаңа искрашылардың өздері айтқан қоқсықтың бәрінен енді қалай құтылудың амалын іздеп жүргендігін өте жақсы көрсетеді. Әзірге кітапша мен оның алғысөзінің мәнін ғана атап көрсетейік.

«Рабочий» соры қайнап жаңа искрашылардың уағызына сеніп қалыпты. Сондықтан да ол Акимовтің рухында рабочеделошылдық сөздерді үсті-үстіне айта береді: «Біздің интеллигент-басшылар... жұмысшылардың санасын және олардың өздігінен іс бастауын дамытуды... өз алдарына міндет етіп қойған жоқ...». Өздігінен іс бастауға ұмтылу «үнемі қудаланылып отырды». «Ұйымның бірде-бір түрінде жұмысшылардың өздігінен іс бастауын дамытуға орын болмады және жоқ та...» «Экономикалық күрес мүлде ұмытылды», тіпті насихат пен үгіт жыйылыстарына да «жұмысшылар қатыстырылмады» (тіпті осылай болды ма!). Демонстрациялар «өтіп кеткен іс болып қалды», — әрине, осы сұмдықтардың бәрі (бұл сұмдықтар туралы бұрынғы «Рабочее Дело» бұрынғы «Искраға» қарсы баяғыдан-ақ айғайлап келген болатын) «бюрократ централистер» тарапынан, яғни біздің екінші съездің рабочеделошылдыққа қарсы күрескен көп-

шілігі тарапынан болып отыр. Ренжіген азшылық партияның съезіне қарсы айдап салған бақытсыз «Рабочий» — съезд «біздерсіз» (жұмысшыларсыз), «біздердің қатысуымызсыз» өткізілді, онда «бірде-бір дерлік жұмысшы» болған жоқ деп бұл съезді барынша бәлағаттайды, — оның бержағында съезге делегат болған нағыз жұмысшылардың, Степановтың, Горскийдің және Браунның, үзілді-кесілді көпшілікті жақтап, интеллигенттік тұрақсыздыққа қарсы болған фактысы, әрине, сыпайылықпен айтылмай қалады. Бірақ бұл маңызды нәрсе емес. Маңыздысы — жаңа искрашылар уағызының қандай шексіз азғындыққа жеткізіп отырғандығы, олар сайлауда жеңіліп қалғаннан кейін съезді «бәлағаттап отыр», жұртты социал-демократиялық съездердің қандайын болса да маскаралауға итермелеп, съезге қатыспаған адамдардың алдында бәлағаттап отыр, олар тек съездің атынан ғана әрекет ететін орталық мекемелерге ебін тауып кіріп алған кезде съезді бәлағаттап отыр. Съезді *құрама* деп ашықтан-ашық жарыялаған және басқадай емес, сол «құрамадан» ешқандай титулмен, ешқандай атақпен пайдаланбай отырған Рязановтың позициясы әділірек емес пе (оның: «Талқандалған қыялдар» деген кітапшасын қараңыз)?

Алайда, жұмысшы психологиясына, «көпшілікке» қарсы айдап салынған жұмысшы психологиясына болса да ерекше бір тән нәрсе — ол автономия туралы, жұмысшының өздігінен іс бастағыштығы туралы, т. с. бос сөздерге қанағаттанбайды. Ол әрбір жаңа искрашы немесе рабочеделошы сыяқты осы сөздерді қайталай береді, бірақ ол пролетарлық айқын сезіммен *сөздерді дәлелдейтін істердің* болуын талап етеді, ол өзін ертегімен жемдегенге қанағаттанбайды. Әдемі сөздер, дейді ол, басшылар «*құрамында өзгеріс болмайынша*» (курсив «Рабочийдікі») сөз күйінде қала береді. Партияның маңызды мекемелерінің барлығына жұмысшылардың *кіре алатын болуын* талап ету керек, интеллигенттермен *тең праволы* болуға жету керек. Шын пролетар мен шын демократтың сылдыр сөз атаулыға ешбір сенбеуін білдіріп, «Рабочий» былай дейді: *комитеттерде кілең интеллигенттер ғана мәжіліс құрмауына кепілдік бар ма?* Бұл біздің жаңа искрашыларға тіке қадалатын сұрақ. Бұл тамаша сұрақ пролетардың айқын пікірін рабочеделолық айдап салу-

шылықтың әлі ластамағандығын көрсетеді. Ол турадан тура былай дейді: өзім жұмыс істеген комитет «принцип жағынан қағаз жүзінде (тыңдаңыздар!) азшылық комитеті болып қалды, — ал өзінің практикасында оның көпшілік комитеттерінен ешқандай айырмасы болмады. Біздерге, жұмысшыларға, ешбір (комитетті былай қойғанның өзіне) жауапты, демек басшы мекемеге кіруге болмайды».

Осы жұмысшы-меньшевик істегендей басқа ешкім де меньшевиктерді сондай шеберлікпен әшкерелей алмаған болар еді. Ол автономия туралы және пролетариаттың өздігінен іс бастауы туралы кұр бос сөзге салыну *кепілдіктер* болмаса оңбаған сөзуарлық болып қала беретіндігін түсінді. Ал социал-демократиялық ұйымдарда қандай *кепілдіктер* болуы мүмкін, сіз бұл туралы ойладыңыз ба «Рабочий» жолдас? Партия съезіне әуелі бірлесіп жыйналған революционерлер соңынан өздерін съездің сайламағанына өкпелеп: съезд искралық көзқарастарды баянды етуге тырысқан реакцияшылдық әрекет болды (Троцкий жаңа «Искраның» редакциялауымен шығарған кітапшасында осылай деді), съездің қарарлары қасиетті нәрсе емес, съезде бұқарадан шыққан жұмысшылар болған жоқ деп айғайлай бастамауына қандай кепілдік болуы мүмкін? Партия ұйымының формалары мен нормалары жөніндегі жалпы қарарды, партияның ұйымдық уставы деп аталатын және осындай устав түрінде болмаса басқаша түрде бола алмайтын қарардың, — міне соңынан осы қарарды тұрлаусыз адамдардың устав сыяқты нәрсе төрешілдік пен формалдыққа салынғандық болады деген сылтаумен оның өздері үшін қолайсыз болған жерін талқандамауына қандай кепілдік болуы мүмкін? Ұйымның өздері бірге қабылдаған ережелерін бұзған адамдардың соңынан ұйым дегеніміз процесс, ұйым дегеніміз тенденция, ұйым дегеніміз мазмұнмен қатарлас жүретін форма, сондықтан да ұйымның ережелерін сақтауды талап ету қыйсынсыз және кұр қыял болып табылады деген пікірге салына бастамауына қандай кепілдік болуы мүмкін? Кітапшаның авторы болып отырған «Рабочий» осы мәселелердің бірде-біреуі туралы ойланған жоқ. Бірақ ол бұл мәселелерге өте жақын, таяп келген, бұл мәселелерді сөзуарлар мен саясатқұмарларға қарсы турадан-тура айқын және батыл

түрде қойып отыр, сондықтан біз оның кітапшасын жұртқа шын ниетімізбен ұсынамыз. Бұл кітапша «әсем сөздің» серілерін олардың өз жақтаушылары қалай әшкерелейтіндігінің тамаша үлгісі болып табылады.

«Рабочий» басқаның сөзіне еріп Лениннің «ұйымдастыру жоспарына» қарсы шығады, Панин мен Череванинға²¹ (бұлар күйгелек сөзден басқа ешнәрсе айтпаған) сүйеніп, тіпті Лениннің петербургтік жолдасқа жазған атышулы хатына *көз салуға* да тырыспай, әдеттегіше, жоспарға наразылығын білдіретін *бірде-бір* айқын және нақтылы пунктті атап көрсетпейді. Ал егер «Рабочий» айдап салушылардың сөзіне сенбей, осы хатқа қараған болса, онда ол барынша таңырқап хаттан мынаны оқыған болар еді:

*«Мүмкіндігінше көп жұмысшының әбден саналы және профессионал революционер болып, комитетке енетін болуына ерекше тырысу керек. Комитетке жұмысшы бұқараның арасында неғұрлым байланысы көп және өте «жақсы атты» болған жұмысшы-революционерлерді енгізуге тырысу керек. Сондықтан, жұмысшы қозғалысының жұмысшылардың өздерінен шыққан басты-басты басшыларының бәрі мүмкіндігінше комитетте болуға тиіс. (Хат, 7—8-бет)»**

«Рабочий» жолдас осы сөздерді оқыңыз, тағыда қайталап оқыңыз, сонда сіз бұрынғы «Искраны» және оның жақтаушыларын, екінші съездің «көпшілігін» соншама бәлағаттап отырған рабочеделошылар мен жаңа искрашылардың *сізді* қалай алдағандығын көресіз. Осы сөздерді әбден жақсылап оқып, менің мынадай шақыруымды қабылдап көріңіз: «біздің ұйымдардағы жұмысшылар мен интеллигенттер» туралы сіз қойып отырған мәселенің біздің социал-демократиялық әдебиеттен *осындай айқын, тура және батыл айтылған басқа бір жерін* маған тауып беріңіз, сонымен қатар онда мүмкін болғанынша жұмысшылардың көпшілігі *комитетке* енгізілу, жұмысшы қозғалысының жұмысшылардың өздерінен шыққан барлық басшыларын мүмкін болғанынша *комитетке* енгізу қажеттігі көрсетілген болсын. *Менің ойымша сіз социал-демократиялық әдебиеттің мұндай*

* Қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 6-том. Қазакшасының 243-беті. *Ред.*

басқа жерін көрсете алмайсыз. Менің ойымша, біздің партиялық таластарды өсекшілердің айтуы бойынша емес, документтер бойынша, *«Рабочее Дело»* бойынша, *«Искра»* және кітапшалар бойынша зерттеуге ерінбеген адамның қай-қайсысы болса да жаңа искрашыл уағыздың жалғандығын, оның демогогиялық сыйпатын көре алады.

Ленин мұны жазған-ақ шығар, бірақ оның кеңестері үнемі орындалып отырған емес деп бәлкім сіз қарсы боларсыз. Әрине, бұл мүмкін нәрсе. Бірде-бір партия жазушысы өздерін соның жақтаушыларымыз деп атайтындардың бәрінің іс жүзінде оның кеңесін әрқашан орындап отыратындығына кепіл бола алмайды. Бірақ, біріншіден, өзін «хаттың» жақтаушысы деп атайтын және сонымен бірге оның кеңестерін орындамайтын социал-демократ осы хаттың өзімен әшкереленбес пе еді? Хат жұмысшыларға да арналып басылмай, тек интеллигенттер үшін ғана басылып отыр ма? Жазушының өз көзқарасын жүргізуде баспа арқылы мәлімдеуден басқа құралы бар ма? Ал, екіншіден, тіпті *«Рабочийдың»* айтуына қарағанда, егер бұл кеңестерді меньшевиктер де, большевиктер де орындамаған болса, онда меньшевиктердің большевиктерге қарсы мұндай «алауыздықтарды» *ойлап шығаруға* ешқандай правосы болмағандығы осыдан-ақ айқын емес пе? большевиктер жұмысшылардың өздігінен іс бастауын елемеді деп олардың жұмысшыларды большевиктерге қарсы айдап салуының демагогия екені осыдан-ақ айқын емес пе?

Меньшевиктер мен большевиктер арасында *осы пункт жөніндегі нақтылы* айырмашылық неде болып отыр? Бұл айырмашылық, большевиктердің комитетке жұмысшыларды енгізу туралы анағұрлым бұрын, анағұрлым тура айқын және нақты кеңес бергендігінде емес пе? Жұмысшылардың автономиясы туралы және олардың өздігінен іс бастауы туралы «әдемі сөздер» тек құр сөз ғана болып қалып келді (меньшевиктерде болғаны сыяқты) деп большевиктердің бұл сөздерді жек көргендігінде және жек көретіндігінде емес пе?

Аксельродтың «тамаша» фельетондарынан, Мартовтың ұмытылмайтын мақалаларынан, Троцкийдің тамаша жақсы («көпшіліктің» мүдделері тұрғысынан қарағанда), кітапшасынан рабочеделошылдық даналықты оқып үй-

ренген жұмысшының пролетарлық турашылдығы мен ба-тылдығынан қолайсыз жағдайда қалып отырған құрмет-ті, еңбегі сіңген және кәрия Аксельродтың енді өзінің алғысөзінде қалай жалтарып отырғанын қараңыз.

Редовойдың²²: біздің партия ұйымы экономизм уақы-тынан бері өзінің құрамы жағынан бұрынғыға қараған-да недәуір пролетарлық ұйым болды деген пікірін «Ра-бочий» бекерлемекші болады. Анығында, «Рабочийдің» бұл пікірі дұрыс емес. Мұны белгілібір ұзақ уақыт бойы партиямыздағы істің жайын біртабан жақын байқаған адамның қай-қайсысы болса да біледі. Бірақ біздің Ак-сельродтың бұлтарып шыға келіп отырғандығы бәрінен де гөрі адам күлерлік нәрсе. Оның — социал-демократия дегеніміз интеллигенттік ұйым деген тамаша пікірі, со-циал-демократия жауларының, либерал освобождение-шілердің өте шеберлікпен пайдаланған пікірі, жұрттың бәрінің есінде емес пе? Партияға жабылған осындай жа-ланы партияға өкпелі жаңа искрашылдардың сан рет қайталап қоймағандығы жұрттың бәрінің есінде емес пе? Енді дәл осы Аксельрод бұл жаладан келіп «Рабочий-дің» жасаған тура және әділ қортындыларынан қорқып, құтылудың жолын іздеп отыр:

«Социал-демократияның дүниеге келіп, алғаш дамый бастаған кезінде, — дейді ол алғысөзінде, — орыстың ре-волюцияшыл партиясы кілең интеллигенттік партия бол-ды... Қазір саналы-революцияшыл жұмысшылардың өзі социал-демократиялық партияның бас отряды (тында-ңыздар!) болып отыр» (15-бет).

Байқұс «Рабочий»! Аксельродтың «әдемі сөздеріне» сенгендігі үшін ол қалай жазаланды десейші! «Қоопта-цияның» қажеттігіне қарай бір жарым жыл ішінде біресе олай деп, біресе былай деп айта беретін жазушы-ларға сенуші адамдардың бәрі қашанда осылай жазалан-бақшы.

«Кепілдіктер» туралы оған тікелей қойылған сұрақтан Аксельрод құтылудың жолын қалай іздейтінін қараңыз. Бұл тамаша нәрсе, бұл — жаңаискралық әдебиеттің үл-гісі болып табылады. «Рабочий» ұйымдардағы жұмыс-шылар мен интеллигенттердің қарым-қатнасы туралы ай-тады, «Рабочийдің» — кепілдіктер болмайынша, тең пра-во болмайынша, яғни сайлау негізі болмайынша төре-шілдігі жоқ централизм туралы айтылған әдемі сөздер

тек сөзуарлық қаға болып қалады деуі *мың мәртебе дұрыс айтылған сөз*. Ал бұған Аксельрод қалай жауап береді? «Жұмысшылардың біздің ұйымдардағы праволық жағдайын өзгерту туралы пікірмен әуестену сыңаржақтық болады», автор қырсықтан арылу жөніндегі мәселені «формалдық-ұйымдық қатнастарының саласына» көшіріп бекер істеп отыр, «право жағынан тең ету жөніндегі жеке міндеттің» тек «социал-демократиялық бағыттағы біздің практиканың бұдан былайғы даму процесінде» ғана шешілетіндігін автор бекер ұмытып отыр. «Кітапшаның авторы әдейі шұғылданып отырған мәселе партиямыздың коллективтік саналы жұмысының процесінде ғана тыңғылықты түрде шешіле алады».

Шынында да мұның үлгілі нәрсе екендігі рас емес пе? Лиганың съезінде және жаңа «Искрада» (№ 55) ұйымдық мәселені, тек қана ұйымдық мәселені көтерген және оны бірінші болып алға қойған Аксельродтың дәл өзі ғой, ал «Рабочий» ұйым туралы арнаулы кітапша жазған кезде оған маңғазданып маңызды нәрсе формалдық емес, маңызды нәрсе жұмыс процесі! — дегенді айтады.

Жаңа «Искра» мен Аксельродқа ұйымның принциптері маңызды болып отырған жоқ, қайта принципсіз позицияны ақтау үшін мылжындау процесі маңызды болып отыр. Атышулы бүкіл ұйым-процесінің теориясында (әсіресе Роза Люксембургтің мақалаларын қараңыз), марксизмді кірлейтін, бұрмалайтын теорияда принципсіздікті жақтағаннан басқа ешқандай мазмұн жоқ.

Қайталап айтамыз: жаңа искрашылдардың ұйымдық позициясының бүкіл жалғандығымен таныстыру үшін «Рабочийдің» тамаша кітапшасын жеткілікті түрде ұсынуға аздық етеді. Бұл кітапшаны біз әсіресе меньшевиктер сайлау негізі болсын деген уағызды пайдаланып большевиктерге қарсы айдап салып жүрген жұмысшыларға барынша қатты ұсынамыз*. Сөзуарлар мен өтірікшілер-

* Қараңыз: *Н. Ленин*. «Орталық мекемелердің партиядан ажырасуы туралы мәлімдеме мен документтер». (Қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 7-том, қазақша 557—567-беттері. *Ред.*) *Меньшевиктер көсемінің* бұл кітапшада келтірілген хатында былай делінген: «Жұмысшылар сайлау системасын талап етіп отыр, мұның өзі тастай беріктердің жанталасуының айқын көрінісі». Мен тастай беріктердің қатарына қосыламын, бірақ мен мұндай жанталасушылыққа өте рыйзамын. Жұмысшылардың сайлау негізі болсын деп талап

ді жұмысшылар тамаша әшкерелейді. Олар мәселені өте жақсы етіп қояды: не сайлау негізі болу керек, не жұмысшыларды комитеттерге енгізу туралы тек кеңес болуы керек, — дейді. Егер сайлау негізі болатын болса, онда формалдық түрде кепілдік, устав бойынша кепілдік беріңіздер, устав бойынша тең право беріңіздер. Таңертеңгі дұға намаз алдында шайтандардың зыр қағатыны сыяқты жаңа искрашылардың бұл мәселеден зыр қағып қашатынын жұмысшылар көзімен көреді. Егер жұмысшыларды енгізу кеңесі керек болатын болса, егер демократизмді, яғни *орыстың* құпия ұйымдарында сайлау негіздерін жаппай қолдануды, самодержавиелік-полицейлік құрылыспен сыйыспайтын нәрсе деп санаған бұрынғы «Искраның» айтқаны дұрыс болса, онда сіз жұмысшыларды комитеттерге енгізу жөнінде көпшіліктің бергеніндей тура және ғибратты кеңесті *ешқайдан* таба алмайсыз.

„Вперед“ № 2.
14(1) январь, 1905 ж.

„Вперед“ газетінің тексті
бойынша басылып отыр

етуі жаңа искрашылардың жұмысшыларды ертегімен тойындыра алмағандығын айқын көрсетеді, сондықтан Аксельродтың қандай жалтаруы болса да енді оны толық әшкереленуден кұтқарып қала алмайды.

БОЛЬШЕВИКТЕРДІҢ ЦЮРИХ ТОБЫНА ХАТ

Geneve, le 18.I. 1905*

Хұрметті жолдастар! Сіздердің сұрауыңызға жауап беру үшін редакцияның жыйылысын шақыруға мүмкіншілік жоқ, сондықтан мен Сіздерге өз атымнан ғана жауап бермекпін. Большевиктердің Цюрих тобы: «біз Орталық Орган мен Орталық Комитетке қалай қараймыз, оларды заңды түрде өмір сүріп, бірақ заңсыз әрекет етіп отыр деп санаймыз ба және оларға қарсы оппозициядамыз деп есептейміз бе немесе оларды партия орталығы деп мүлде танымаймыз ба», — деп сұрайды.

Маған Сіздердің бұл сұрағыңыз біраз жалған нәрсеге негізделген сыяқты болып көрінеді. «Вперед» газеті жөніндегі хабар²³ және оның 1-номері («Кетісетін мезгіл жетті»**) + мен жазған «Мәлімдеме мен документтер»*** бұл сұрауға негізінен жауап берген сыяқты. Орталықтар (Орталық Орган, Орталық Комитет және Совет) партиядан ажырасты, 2-нші съезді де, 3-нші съезді де болғызбай тастады, партияны өрескел алдады, өздерінің отырған орындарын бонапартшылдықпен заңсыз басып алды. Олай болса орталықтардың заңды түрде өмір сүруі туралы сөз болуы мүмкін бе? Жалған вексель бойынша ақшаны қолға түсіріп алған зұлым адамның ақшаға ие болуы заңды ма?

Мәселе соншама айқын түсіндіріліп отырғанда Цюрих большевиктерінің әлі де жете түсіне алмауы маған ға-

* — Женева. 18.I.1905 ж. *Ред.*

** Осы томның 21 — 26-беттерін қараңыз. *Ред.*

*** Қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 7-том, қазақша 557—567-беттері. *Ред.*

жап нәрсе болып көрінеді. Орталықтардың партияға бағынғысы келмегені толық дәлелденілді. Бізге не істеу керек? 3-нші съезді шақыру керек пе? Олар бұл жөнінде де алдап кетті. Бір-ақ нәрсе қалып отыр: меньшевиктермен мүмкіндігінше *толығырақ*, тезірек, айқынырақ (ашық, жұрт алдында) ажырасып, орталықтардың келісімінсіз және оларсыз өзіміздің, партияның 3-нші съезін шақыру керек, өзіміздің партия орталықтарымен, «Вперед» редакциясымен және солтүстік конференциясы сайлаған орыс бюросымен *дереу* (бұл орталықты да күтпей-ақ) жұмыс жүргізе бастауымыз керек.

Қайталап айтамын: орталықтар *өздерін* партиядан *тыс қалдырды*. Мұнда аралық жер болуы мүмкін емес: кім орталықтарды жақтайды, кім партияны жақтайды? Ажырасатын уақыт жетті, партияны жасырын түрде жікке бөлген меньшевиктерден ерекше олардың шақыруын ашықтан-ашық қабылдау керек: я, жікке бөліну керек, өйткені сіздер ақырына дейін жікке бөліндіңіздер деу керек. Я, жікке бөліну керек, өйткені біз істі ұзаққа созудың және *партиялық* қарардың (3-нші съезбен) *барлық* құралын тауыстық. Я, жікке бөліну керек, өйткені барлық жерде бірдей ірткі салушылармен өсектесу іске тек зыянын тигізді. Питерден бізге былай деп жазады: жікке бөлінгеннен кейін жақсы болды, өзің сенген адамдармен өсектеспей жұмыс істеуге болатын болды. Бұл да айқын емес пе? Бонапартшылар мен ірткі салушылар жойылсын!

Бұл жауапқа қанағаттанасыздар ма, соны хабарлаңыздар.

Шет елдердегі көпшілік топтарының бірігіп нығаюы *қажет*. Бұл туралы дереу берндіктерге жазыңыздар (Herrn Kazakow. Väckerweg. 1. Bern), олар кәзірдің өзінде-ақ бұл істі қолға алды және олар Сіздерге менен гөрі жақсы жауап береді. Іске жігерлірек кірісу керек. Барлық топтармен хат жазысып тұрыңыздар, ақша мен материалдар жөнінде қозғау салыңыздар, жаңа орындарда топтар ұйымдастырыңыздар, т. т.

Азшылықпен ажырасқаннан кейін біз де әлдеқайда жақсы болып қалдық: Сіздердің де тезірек құтылғандарыңызға шын көңілден тілектеспіз.

Қолдарыңызды қысамын. Сіздің *Н. Ленин*.

Р. С. Бұған қосымша өз атымнан Мерсонға айрықша сәлем жолдаймын. Ол қалай тұрып жатыр? Хал-жайы жақсы ма?

Steiner-ге мен ашулымын — оған айтыңыз мұнысы оңбағандық: Николаев туралы Рождествоға қарсы жазамын деп уәде беріп еді, ал кәзір январь аяқталуға таяу қалды!!

Әрине, Берн тобы шет елдегі большевиктерді бірлестіру бастамасын өз қолына бюроның басшылығымен алып отыр. Осы жөнінде Берн тобының бізге жазған хатын және Женева тобының жауабын сұраңыздар.

*Бірінші рет 1926 жылы
Лениннің V жыйнағында басылған*

*Қолжазба бойынша
басылып отыр*

Е. Д. СТАСОВАҒА ЖӘНЕ МОСКВА ТҮРМЕСІНДЕГІ ЖОЛДАСТАРҒА ХАТ

19. I. 1905.

Қымбатты достар! Сіздердің сотта ұстайтын тактика туралы сұрауыңызды алдым (Абсолюттің²⁴ хатынан және белгісіз адам арқылы «сөзбе-сөз айтылған» запискадан алынды). Абсолют екі түрлі көзқарас туралы жазады. Запискада үш топ туралы айтылған, мүмкін төмендегі үш мәселені айтпақшы болатын шығар, бұларды мен ойға салуға тырысып көрейін: 1) Сотты мойындамау және оған тура бойкот жарыялау. 2) Сотты мойындамау және сот тергеуіне қатыспау. Адвокатты тек мынадай шартпен ғана шақыру: ол жалпы право тұрғысынан соттың орынсыз екендігі туралы ғана сөйлейтін болу керек. Қортынды сөзде profession de foi* баяндап, присяжной соттың болуын талап ету керек. 3) Қортынды сөз туралы да осылай. Сотты үгіт құралы ретінде пайдалану керек, бұл үшін адвокаттың көмегімен сот тергеуінде қатысу керек. Соттың заңсыздығын көрсетіп, тіпті бұл үшін куәлар шақыру керек (alibi** дәлелдеу керек, etc.***).

Одан кейінгі сұрау: сенімі жағынан социал-демократ екендігі туралы ғана айту керек пе немесе өзін Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясының мүшесі деп мойындау керек пе?

Сіз бұл туралы кітапша керек деп жазасыз. Мен кәзірден-ақ, тәжірибенің нұсқауларыңыз, кітапша таратуды қолайлы деп санамаған болар едім. Бәлкім, реті кел-

* — наным шарты, программа, дүние тану баяны. *Ред.*

** — айыпты емес екендігін, ол жерде болмағандығын, басқа жерде болғандығын. *Ред.*

*** — et cetera — тағысын тағылар. *Ред.*

ген кезде, газетте қалайда айта кетерміз. Бәлкім түрмеде отырғандардың біреуі газетке (5—8 мың әріп) мақала жазар? Мұның өзі айтысты бастау үшін өте жақсы болар еді.

Менің өз басым бұл туралы толық бір белгілі пікірге әлі келгенім жоқ, сондықтан үзілді-кесілді пікір айтудан бұрын түрмеде отырған немесе сотта болған жолдастармен толығырақ әңгімелесуді дұрыс деп білген болар едім. Осындай әңгімені бастау үшін мен өз пікірімді айтып өтейін. Көп нәрселер меніңше соттың қандай болатындығына байланысты? Яғни, сотты үгіт үшін пайдалануға мүмкіншілік бар ма немесе ешқандай мүмкіншілік жоқ па? Егер мұның біріншісі болса, онда 1-номерлі тактика жарамсыз болады; егер мұның екіншісі болса, онда ол тактика орынды болады, бірақ мұның өзінде де ашық, айқын, жігерлі түрде наразылық білдіріп, мәлімдеме жасағаннан кейін орынды болады. Ал егер сотты үгіт үшін пайдалануға мүмкіншілік болатын болса, онда 3-номерлі тактика дұрыс болады. Меніңше, profession de foi-ды баяндап сөз сөйлеу тегінде өте керек, өте пайдалы нәрсе және мұның көп реттерде үгіт ролін атқаруы мүмкін. Әсіресе үкімет сотты қолдана бастаған кезде социал-демократтардың социал-демократиялық программа мен тактика туралы сөз сөйлеулері керек болар еді. Өзін партияның, әсіресе ұйымның мүшесі деп мойындау қолайсыз, онан да мен өзімнің сенімім жағынан социал-демократпын деп қана айтқан жақсы ғой деседі. Менің ойымша, ұйымдық қатнастарды сөйлейтін сөзде тіпті айтпаған жөн, яғни белгілі себептер бойынша мен өзімнің ұйымдық қатнастарым туралы айтпаймын, бірақ мен социал-демократпын, сондықтан мен *біздің* партия туралы айтамын, деу керек. Мәселені бұлай қоюдың екі түрлі пайдасы болар еді: ұйымдық қатнастар жөнінде (яғни ұйымға мүше ме, қандай ұйымға etc.) айтуға болмайтындығы тура және айқын ескертілген болар еді, сонымен қатар *біздің* партия туралы айтылар еді. Сотта айтылатын социал-демократиялық сөздердің партиялық сөздер мен мәлімдемелер болуы үшін, үгіттің партия пайдасына жүргізілуі үшін осылай болу қажет. Басқаша айтқанда: мен өзімнің формалдық-ұйымдық қатнастарымды қозғамаймын, бұл туралы үндемеймін, формалды түрде белгілібір ұйымның атынан сөйлемеймін,

бірақ социал-демократ болғандықтан мен *біздің* партия туралы сөйлеймін және менің мәлімдемелерімді *біздің* бүкіл социал-демократиялық әдебиетте, біздің пәлендей кітапшаларда, листоктерде, газеттерде қолданылған социал-демократиялық көзқарастарды баяндаудың тәжірибесі ретінде қабылдауды сұраймын.

Адвокат туралы мәселе. Адвокаттарды қатты қолға алу керек, оларды қысылшаң жағдайға қою керек, өйткені бұл интеллигенттік лағнеттер екінің бірінде оңбағандық істейді. Оларға алдын ала былай деп жарыялау керек: егер сен, оңбаған, тіптен сәл ғана желісімсіз іс істесең *немесе саяси оппортунизмдікке* түссең (социализмді дамып жетпеген деп, оны дұрыс емес деп сөйлесең, мұны әуестенушілік дейтін болсаң, *социал-демократтар зорлықты теріске шығарады*, олардың ғылымы мен қозғалысының бейбітшілік сыйпаты бар, тағысын тағылар дейтін болсаң немесе осы сыяқты бірдеме дейтін болсаң), онда мен, айыпкер, сені жұрт алдында сөйлетпей тоқтатып тастаймын, жауыз деп атап, мұндай қорғаудан бастартамын деп мәлімдеймін, т. т. Жәнеде бұл қорқытуларды жүзеге асыру керек. Ақылды адвокаттарды ғана алу керек, басқаларының керегі жоқ. Оларға алдын ала мынаны жарыялау керек: фактыларды және кінәнің әдейі пәлемен тағылып отырғандығын тексеру мәселесінде куәлар мен прокурорды ылғый сынап, «қолға түсіріп» отыру керек, соттың шемякиндік жақтарын ылғый масқаралап отыру керек. Тіпті ақылды либерал адвокаттың өзі де социал-демократиялық қозғалыстың бейбітшілік сыйпаты бар, бұл қозғалыстың мәдени ролін тіпті Ад. Вагнерлер etc. сыяқты адамдар да мойындайды деп айтуға *немесе* солай деп *тұспалдауға* барынша бейім келеді. Осындай арам ниеттердің бәрін түп тамырымен кұрту керек. Бебель юристер ең реакцияшыл адамдар, осылай деп айтқан сыяқты еді. Аяз әлінді біл, кұмырсқа жолынды біл. Тек юрист қана бол, айыптаушы мен прокурордың куәларын келемежде, ен әрі кеткенде бостандығы бар елдегі мұндай сот пен присяжнойлар сотын қарама-қарсы қой, бірақ сотталушының сенген сеніміне тиіспе, сотталушының сенімімен әрекетіне өзінің қандай баға беретіндігі туралы жұмған аузынды ашушы болма. Өйткені сен, либералсымақ адамсын, мұндай сенімдерді ұқпайтындығың сонша, тіпті оларды

мақтап тұрған кезде дәрекілік істемей қоя алмайсын. Әрине, адвокатқа осының бәрін Собакевичше емес, қайта жұмсақтап, кеңшілік жасап, икеммен, абайлап барып айту керек. Бірақ, дегенмен адвокаттардан қорқып, оларға сенбеген жақсы, *әсіресе*, егер олар өздерін социал-демократтармыз және партияның мүшесіміз (біздің 1-параграфымыз бойынша!!) дейтін болса олардан қорқып, оларға сенбеген жақсы.

Меніңше, сот тергеуінде қатысу мәселесі адвокат мәселесімен шешілетін сыяқты. Адвокатты шақыру — сот тергеуінде қатысу деген сөз. Куәларды қолға түсіру үшін және сотқа қарсы үгіт жүргізу үшін оған қатыспайтын несі бар. Әрине, қыйсынсыз ақталу әуеніне түсіп кетпеу үшін өте сақ болу керек, бұл айтпаса да түсінікті! Бәрінен де гөрі бірден, сот тергеуіне *дейін*, председателдің алғашқы сұрақтарына: мен социал-демократпын, ал мұның не екендігін өзімнің сөзімде айтамын деп мәлімдеген жақсы. Туралап айтқанда сот тергеуінде қатысу мәселесін шешу бүтіндей мына жағдайларға байланысты болады: айталық, сіз толық әшкерелендіңіз, куәлар дұрысын айтып тұр, айыптаудың барлық мәні даусыз документтерде болып отыр делік. Олай болған күнде барлық назарды принциптік сөз сөйлеуге аударып, сот тергеуіне қатысудың керегі де жоқ болуы мүмкін. Ал егер фактылар босандау болса, агентура куәлары былықтырып, өтірік айтса, онда соттың әдейі пәлемен жүргізіліп отырғандығын әшкерелейтін үгіт материалынды пайдаланбай қалудың пайдасы бола қоймыс. Сол сыяқты іс сотталушыларға да байланысты: егер олар тым шаршаған, ауыру, қалжыраған болса, «сотта сөйлеуге» және сөз таластыруға дағдыланған мықты адамдар болмайтын болса, онда сот тергеуіне қатысудан бастарту, бастартатындығын айтып мәлімдеу, барлық назарды принциптік сөз сөйлеуге аудару пайдалырақ болуы мүмкін, мұндай сөзді алдын ала даярлаған дұрыс. Қалай болғанда да социал-демократияның принциптері, программасы және тактикасы туралы, жұмысшы қозғалысы туралы, социалистік мақсаттар туралы, көтеріліс туралы сөйленетін сөз — ең маңызды нәрсе болып табылады.

Қортындыда тағыда қайталап айтамын: бұлар менің алдын-ала білдірген пікірлерім, бұларды мәселе шешуге онша жеткілікті әрекет деп қарамау керек. Тәжірибенің

кейбір нұсқауларын күту керек. Ал мұндай тәжірибе жа-сауда жолдастардың көбінесе нақтылы жағдайларды есепке алуды және *революционердің ішкі сезімін* басшы-лыққа алуына тура келеді.

Қурцқа, Рубенге, Бауманға және барлық достарға көп, көп сәлем! Уайымдамаңыздар! Біздің ісіміз кәзір жақсарып келеді. Ақырында біз жанжалшылардан кұ-тылдық. Кейін шегіну тактикасынан қол үздік. Енді біз шабуыл жасап отырмыз. Орыс комитеттері де ірткі салу-шылардан ажырасып келеді. Өзіміздің газетіміз ұйым-дастырылды. Өзіміздің практикалық орталығымыз (бю-ро) бар. Газеттің екі номері шықты, таяу күндердің ішінде (жаңа стильдің 23.1.1905) 3-нші номері шығады. Апта сайын шығарамыз ғой деп сенеміз. Сау-сәлаMAT және сергек болуыңызды тілеймін!! Біз әлі көрісеміз, мұндағы Лига съездері сыяқты өсек пен ұрыс-керістен гөрі жақсы жағдайда күресетін боламыз!

Бірінші рет 1924 жылы

*„Пролетарская революция“ журналының
7(30) номерінде басылған*

*Қолжазба бойынша
басылып отыр*

РОССИЯДАҒЫ РЕВОЛЮЦИЯ

Женева, 10(23) январь.

Буржуазиялық оппозициялық қозғалыстан ұзақ уақыт шет қалған тәрізді болып келген жұмысшы табы бас көтерді. Жұмысшылардың қалың бұқарасы өздерінің алдыңғы қатарлы жолдастарын, саналы социал-демократтарды, адам айтқысыз тез қуып жетті. Петербургтегі жұмысшы қозғалысы бұл күндерде қарыштап өрістеді. Экономикалық талаптардың орнына саяси талаптар қойыла бастады. Стачкалар жаппай стачкаға айналып, бұрын-соңды болмаған зор демонстрацияларға әкеп соғуда; патша атағының беделі мәңгі жойылады. Көтеріліс басталып келеді. Күшке қарсы күш шыға бастады. Көшелерде қызу ұрыстар болып жатыр, баррикадалар жасалуда, тарсылдап мылтық атылып, дүрсілдеп зеңбірек атылуда. Қан судай ағып, бостандық жолындағы азаматтық соғыс қызуда. Петербург пролетариатына Москва мен Оңтүстік, Кавказ бен Польша қосылуға әзір. Жұмысшылардың ұраны: не бостандық не өлім! — деген ұран болып отыр.

Бүгінгі және ертеңгі күн көп нәрселерді шешеді. Әрбір сағат жағдайды өзгертеді. Телеграф рухты көтеретін хабарлар жеткізуде; кәзірде сөз атаулының бәрі де болып жатқан оқыйғалармен салыстырғанда әлсіз болып көрінеді. Әркім өзінің революционерлік және социал-демократтық борышын орындау үшін дайын болуға тиіс.

Революция жасасын!

Көтеріліс жасаушы пролетариат жасасын!

ЖҰМЫСШЫ ДЕМОКРАТИЯСЫ МЕН БУРЖУАЗИЯЛЫҚ ДЕМОКРАТИЯ

Социал-демократияның немесе жұмысшы демократиясының буржуазия демократиясына көзқарасы жөніндегі мәселе ескі және сонымен қатар мәңгі жаңа мәселе. Ол ескі мәселе, өйткені бұл мәселе социал-демократия пайда болған кезден бастап қойылды. Оның теориялық негіздері марксистік әдебиеттің ең ертедегі шығармаларында — «Коммунистік манифесте» және «Капиталда» анықталған болатын. Ол мәңгі жаңа мәселе, өйткені әрбір капиталистік елдің дамуындағы әрбір адым буржуазиялық демократияның әртүрлі сарындары мен социалистік қозғалыстағы әртүрлі ағымдарды ерекше, өзгеше түрде ұштастырып отырады.

Бұл ескі мәселе біздің Россияда да осы кезде ерекше жаңа мәселе болып отыр. Мәселенің кәзіргі қойылысын ашық түсіну үшін біз кішкентай тарихи анықтама беруден бастаймыз. Орыстың революцияшыл ескі халықшылдары утопиялық, жартылай анархистік көзқараста болды. Қауымшы-мужикті дайын тұрған социалист деп санады. Білімді орыс қоғамының либерализмін орыс буржуазиясының әрекеті деп білді. Саяси бостандық жолындағы күрес буржуазияға қолайлы мекемелер құру күресі ретінде теріс деп танылды. Народоволяшылар саяси күреске көшу арқылы бір адым алға басты, бірақ олар мұны социализммен байланыстыра алмады. Біздің қауымның социалистік қауым екендігіне сенім азайып, ол сенімді орыстың демократиялық интеллигенциясының таптық емес, буржуазиялық емес сыйпаты бар дейтін В. В.²⁵ мырзаның рухындағы теориялармен жаңарта бастаған кезде тіпті мәселенің айқын социалистік түрде қойылуы күңгірттеле түсті. Сонымен, бұрын буржуазия-

лық либерализмді сөзсіз теріс деп таныған халықшылдықтың осы буржуазиялық либерализммен бірте-бірте либерал-халықшылдық бір бағыт болып қосыла бастаған дәуірі басталды. Орыстың ең баяу, мәдениеттік қозғалысынан бастап, ең әсіре, революциялық-террорлық қозғалысына дейінгі интеллигенттік қозғалысының буржуазиялық-демократиялық мәні пролетарлық идеологияның (социал-демократияның) және бұқаралық жұмысшы қозғалысының пайда болып, дамуымен бірге барған сайын анықтала түсті. Бірақ бұқаралық жұмысшы қозғалысының өсуі социал-демократтар арасындағы жікке бөлінушілікпен қатар жүріп отырды. Социал-демократияның революциялық және оппортунистік қанаты айқын көрінді, мұның біріншісі — біздің қозғалысымыздың пролетарлық бағытын, екіншісі — интеллигенттік бағытын көрсетті. Жарыя марксизм көп ұзамай-ақ іс жүзінде «марксизмнің буржуазиялық әдебиетте суреттелуі»²⁶ болып шығып, бернштейншілдік оппортунизм²⁷ арқылы тікелей либерализмге барып жетті. Бір жағынан, социал-демократиядағы экономистер таза-жұмысшы қозғалысының жартылай анархиялық концепциясымен әуестеніп, социалистердің буржуазиялық оппозицияны қолдауын таптық көзқарасқа опасыздық жасау деп санады, Россиядағы буржуазиялық демократия кұр елес* деп мәлімдеме жарыялады. Екінші жағынан, басқа сарындағы экономистер нақ сол таза-жұмысшы қозғалысымен әуестеніп, самодержавиеге қарсы біздің либералдар, земствошылдар, мәдениетшілер жүргізіп отырған қоғамдық күресті елемей келеді деп революцияшыл социал-демократтарды кінәлады**.

Бұрынғы «Искра» Россиядағы буржуазиялық демократияның элементтерін оны көп адамдар көрмеген кездің өзінде-ақ көрсетіп берген болатын. Ол осы демократияны пролетариаттың қолдауын талап етті (қараңыз: «Искраның» 2-номері, студенттік қозғалысты қолдау туралы***, 8-номері, земствоның кұпия съезі туралы, 16-

* «Искраға» қарсы бағытталған рабочеделошылдық «Екі съезд» деген кітапшаны қараңыз (32-беті).

** Қараңыз: «Рабочая Мысльға» жазылған жеке қосымша, сентябрь, 1899 ж.

*** Қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 4-том, қазақша 435—440-беттері. Ред.

нсімі, дворяндардың либералдық көсемдері туралы*, 18-номері**, земстводағы наразылық туралы***, т. б.). Ол либералдық және радикалдық қозғалыстың таптық, буржуазиялық сыйпаты бар екендігін қашан да атап көрсетіп отырды және қыйпаң қағушы освобождениешілдерге былай деді:

«Мынадай айқын ақыйқатты ұғынатын уақыт жеткен тәрізді: ортақ жауға қарсы күрестің іс жүзіндегі (сөз жүзіндегі емес) бірлігі саясатқұмарлықпен қамтамасыз етілмейді, Степняк мархұмның бір кезде өзін іркілту, өзін жасыру деп атаған нәрсесімен, дипломатиялық өзара ұғынысудың шарттасқан жалғандығымен қамтамасыз етілмейді, — қайта күреске іс жүзінде қатнасумен, күрестің іс жүзіндегі бірлігімен қамтамасыз етіледі. Неміс социал-демократтарының әскери-полицейлік және феодалдық-клерикалдық реакцияға қарсы күресі халықтың белгілі табына (мәселен, либералдық буржуазияға) сүйенетін қандай да анық партияның күресімен ортақ күреске айналғанында, өзара ұғынысу туралы кұрғақ сөздерсіз-ақ қыймыл бірлігі орнай бастады» (№ 26****).

Бұрынғы «Искраның» мәселені осылай қоюы бізді социал-демократтардың либералдарға көзқарасы жөніндегі кәзіргі таластарға біртабан жақын келеді. Жұртқа мәлім, бұл таластар екінші съезден басталды, съезд көпшіліктің (Плехановтың қарары) және азшылықтың (Старовердің қарары²⁸) көзқарастарына сай келетін екі қарар қабылдады. Бірінші қарар буржуазия қозғалысы болып отырған либерализмнің таптық сыйпатын дәл көрсетеді, сөйтіп басты либералдық бағыттың (освобождениешілдіктің) антиреволюциялық және пролетариатқа қарсы сыйпатын пролетариатқа түсіндіру міндетін бірінші орынға қояды. Бұл қарар пролетариаттың буржуа-

* Қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 5-том қазақша 358—364-беттері. *Ред.*

** Қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 6-том, қазақша 151—160-беттері. *Ред.*

*** Жағдаймен пайдаланып, Старовер мен Плехановқа шын жүректен алғыс айтамын, олар бұрынғы «Искрада» қол қойылмай басылған мақалалардың авторларын айқындау жөнінде өте пайдалы жұмыс бастады. Олар бұл жұмысты аяғына дейін жеткізеді деп сенеміз — мұның өзі жаңа «Искраның» рабочеделошылдыққа бет бұруына баға беру үшін өте ерекше материал болып шығады.

**** Қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 6-том, қазақша 268-беті. *Ред.*

зиялық демократияны қолдауы қажет екендігін мойындай отырып, саясатқұмарлық жасап өзара ұғынысушылыққа салынбайды, қайта бұрынғы «Искра» рухында: «буржуазия патша өкіметіне қарсы *өзінің күресінде революцияшыл немесе тек оппозицияшыл болып табылғандықтан*» социал-демократтар оны «қолдауға тиіс» деп, істі бірлесіп күресуге әкеліп тірейді.

Старовердің қарары, мұның керісінше, либерализм мен демократизмге таптық анализ жасамайды. Ол қарар жақсы ниетке бөленген, ол қарар барынша жоғары және жақсы келісім шарттарын ойлап шығарады, бірақ, амал не, — мұның бәрі жалған, *сөз жүзінде* қалатын шарттар: либералдар немесе демократтар мыналарды *мәлімдеуге* тиіс, мынадай талаптарды қоймауға тиіс, мынадай нәрселерді өздерінің *ұраны* етуге тиіс, дейді. Буржуазиялық демократияның тарихы жұмысшыларды мәлімдемелерге, талаптарға, ұрандарға сенуден барлық жерде бірдей сақтандырмаған сыяқты болып отыр! Буржуазияшыл демократтардың толық азаттық ұрандарын ғана емес, сонымен қатар теңдік ұрандарын, социализм ұрандарын көтеріп шыққаны, олардың мұнан буржуазияшыл демократ болудан қалмағандығы, осылай ету арқылы пролетариаттың сана-сезімін одан әрі «қараңғылай» түскендігі жөнінде тарих бізге жүздеген мысалдар көрсетпеген сыяқты болып отыр! Социал-демократияның интеллигенттік қанаты буржуазияшыл демократтарға сана-сезімді қараңғыламау туралы шарттар қою арқылы, оны қараңғылауға қарсы күреспекші болады! Пролетарлық қанаты демократизмнің таптық мазмұнына анализ жасау арқылы күреседі. Интеллигенттік қанат келісімдердің сөз жүзіндегі шарттарын қуалайды. Пролетарлық қанат — іс жүзіндегі күрес бірлігін талап етеді. Интеллигенттік қанат — жақсы, қайырымды және өзімен келісім жасауға болатын буржуазияның үлгісін ойлап шығарады. Пролетарлық қанат буржуазиядан ешқандай қайырымдылық күтпейді, бірақ *буржуазия іс жүзінде патша өкіметіне қарсы күресетіндіктен* буржуазияның қандайын болса да, тіпті ең оңбаған буржуазияны да қолдайды. Интеллигенттік қанат саудагершілік көзқарасқа ауып кетіп отыр: егер сіздер социал-революционерлердің жағына шықпай, социал-демократтардың жағына шығатын болсаңыздар, онда біз ортақ жауға

қарсы келісімге келуге рыйзамыз, өйтпесе рыйза емеспіз, дейді. Пролетарлық канат қолайлы болса деген көзқарасты ұстайды: біз сіздерді қолдағанда өз жауымызға ебін тауып қандай да болсын соққы бере аламыз ба, тек осыған қарай қолдаймыз, дейді.

Старовердің қарары шындықпен алғаш рет жанасқанда-ақ оның барлық кемшіліктері ашылып шыға келді. Жаңа «Искраның» атақты жоспары, оның 77-номеріндегі (басмақала: «Демократия азу жолында») және 78-номеріндегі (Старовердің фельетоны) принциптік пікірлерге байланысты «мобилизациялаудың жоғарғы типінің» жоспары, осындай жанасқандық болып табылады. Жоспар туралы Лениннің кітапшасында әңгіме болған болатын, ал мұнда пікірлерге тоқталып өтуге тура келеді.

Жаңа «Искраның» жоғарыда көрсетілген пікірлерінің негізгі ойы (немесе, дәлірек айтқанда, негізгі ойланбаған жері) земствошылар мен буржуазиялық демократияның арасына айырма қою болып табылады. Бұл айырма екі мақаланың да өнбойына айтылып отырған, оның бер жағында, зейін қойып оқыған адам буржуазиялық демократия деген терминнің орнына және сонымен бірге бір мағналы термин ретінде: демократия, радикалдық интеллигенция (sic!*), туып келе жатқан демократия, интеллигенттік демократия деген терминдер қолданылатындығын көреді. Бұл айырманы жаңа «Искра» өзіне тән кішіпейілділікпен ұлы жаңалыққа, тамаша концепцияға, бишара Ленин «түсіне алмаған концепцияға» айналдырады. Бұл айырма күрестің біз тікелей Троцкийден де, «Искра» редакциясынан да сан рет естіген жаңа әдісімен тікелей байланыстырылып отыр, — атап айтқанда: земстволық либерализм «сірә, оны шаян деп түйреуге ғана жарайтын сыяқты», ал интеллигенттік демократия біздермен келісімге келуге жарайды деседі. Демократия дебрес күш ретінде дербес қыймыл жасауға тиісті. «Россиялық либерализм, өзінің тарихи-қажетті бөлегі, өзінің қозғаушы жүйкесі (тыңдаңыздар!), өзінің буржуазиялық-демократиялық жарты жағы алынып тасталған либерализм, шаян деп түйреуге ғана жарайтын сыяқты». Лениндік концепцияда «орыс либерализмінің қоғамдық элементтеріне орын берілмеген, бұл элемент-

* — солай! *Ред.*

терге демократияның авангарды ретінде социал-демократия қашан да болса (!) өзінің ықпалын жүргізе алатын еді».

Міне, жаңа теория осындай. Қазіргі «Искраның» барлық жаңа теориялары сыяқты, бұл теория да басынан аяғына дейін былыққан теория. Біріншіден, интеллигенттік демократияны жұрттан бұрын аштым деу дәлелсіз және адам күлерлік іс. Екіншіден, земстволық либерализм мен буржуазиялық демократияда айырма бар деу дұрыс емес. Үшіншіден, интеллигенция дербес күш бола алады деген пікір дәлелсіз. Төртіншіден, земстволық либерализм («буржуазиялық-демократиялық» жарты жағынсыз) түйреуге ғана жарайды, т. т. деу әділетсіздік болады. Осы пункттердің бәрін тексеріп көрейік.

Ленин интеллигенттік демократияның және үшінші элементтің тууын елемепті-мыс.

«Заряның»²⁹ 2—3-номерлерін ашып қарайық*. Старовердің фельетонында цитатка алынған нақ осы «Ішкі халді шолуды» алайық. *Үшінші бөлімнің*: «Үшінші элемент» деп аталатын *басқы тақырыбын* оқыйық. Осы бөлімнің беттерін ашып — «земствода қызмет етуші дәрігерлердің, техниктердің, т. т. саны мен ықпалының өсуі» туралы оқыймыз, «ырыққа көнбейтін экономика дамуы саны үдеп артып отырған интеллигенттерге қажеттілік тудыратыны» туралы, «бұл интеллигенттердің төрешілікпен, басқарма шонжарларымен сөзсіз дау-жанжалға келуі» туралы, «соңғы кезде бұл дау-жанжалдардың тура-эпидемиялық сыйпат алғандығы» туралы, «самодержавиенің жалпы интеллигенция мүдделерімен ымыраға келмейтіндігі» туралы оқыймыз, бұл элементтерді социал-демократия «туы астына» *тікелей шақыруды* оқыймыз...

Шынында да жақсы емес пе? Жаңадан ашылған интеллигенттік демократияны және оны социал-демократия туы астына шақырудың қажетті екендігін *бұдан үш жыл бұрын* кесірлі Ленин «ашыпты»!

Әрине, земствошылар мен буржуазиялық демократияны қарама-қарсы қою ол кезде әлі ашыла қоймаған еді. Бірақ, бұлай қарама-қарсы қоюдың ақылға сыйымды-

* Қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 5-том, қазақша 297—305-беттері. Ред.

лығы: Москва губерниясы және Россия империясының территориясы дегенмен бірдей. Цензалы земствошылар мен дворяндардың басшылары самодержавие мен крепостниктікке қарсы шығатын болғандықтан демократтар болып табылады. Буржуазиялық демократизм атаулының бәрінің де түрлі дәрежеде өрісі тар, мардымсыз және дәйексіз болғаны сыяқты әлгілердің демократизмі де өрісі тар, мардымсыз және дәйексіз келеді. «Искраның» 77-номерінің басмақаласы біздің либерализмге анализ жасап, оны мынадай топтарға бөледі: 1) крепостник-помещиктер; 2) либерал-помещиктер; 3) цензалық конституцияны жақтайтын либералшыл интеллигенция және 4) әсіресолшыл — демократияшыл интеллигенция. Бұл анализ — толық емес және шатасып кеткен, өйткені интеллигенттердің бөлінуі түрлі таптар мен топтардың, интеллигенция мүдделерін көксейтін таптар мен топтардың, бөлінуімен араласып кеткен. Орыстың буржуазиялық демократизмі помещиктердің қалың жігінің мүдделерін көздеуден басқа, саудагерлер мен өнеркәсіпшілер бұқарасының мүдделерін, көбінесе орта және ұсақ саудагерлер мен өнеркәсіпшілердің мүдделерін, сонымен қатар (бұл аса маңызды) шаруалар арасындағы қожайындар мен қожайынсымақтар бұқарасының мүдделерін көздейді. Орыстың буржуазиялық демократиясының осы ең қалың жігін елемеу — «Искраның» жасаған анализындағы бірінші кемшілік болып табылады. Екінші кемшілігі — орыстың демократияшыл интеллигенциясы, өзінің ұстаған саяси бағытына қарай, үш ағымға: освобождениелік, социалистік-революциялық және социал-демократиялық ағымдарға кездейсоқ түрде емес, қажетті түрде бөлініп отырғандығын ұмытқандық. Осы бағыттардың бәрінің де ұзақ тарихы бар және бұлардың әрқайсысы (самодержавиелік мемлекетте мүмкіндігінше айқын) буржуазиялық демократияның баяу және революцияшыл идеологтерінің көзқарасын, пролетариаттың көзқарасын көрсетеді. Жаңа «Искраның» мынадай мүләйім тілегінен асқан күлкілі ешнәрсе жоқ: «демократия дербес күш ретінде қыймыл жасауға тиіс» дейді, оның үстіне дәл осы жерде демократия радикалдық интеллигенциямен бірдей деп саналады! «Дербес күшке» айналған радикалдық интеллигенция немесе интеллигенттік демократия дегеніміз — біздің «социалист-революционерлер партиясының»

нақ өзі екенін жана «Искра» ұмытып отыр! Біздің демократияшыл интеллигенцияда одан басқа «әсіресолшыл» интеллигенция болуы мүмкін де емес. Ал мұндай интеллигенцияның дербес күші туралы сөздің кекесін немесе тек бомбистік мағнасында ғана айтуға болатыны өзінен өзі түсінікті. Буржуазияшыл демократия бағытында бола отырып, «Освобождениеден» солға қарай жылжу деген — мұның аты, басқа еш жаққа да емес, социалист-революционерлер жағына жылжу деген сөз.

Ақырында, жана «Искраның» соңғы ашқан жаңалығы да, атап айтқанда: «буржуазиялық-демократиялық жарты жағы жоқ либерализм» шаян деп түйреуден басқа ешнәрсеге жарамайды, егер өтініш етерліктей земствошылардан басқа ешкім болмайтын болса, онда «гегемония идеясын аулақ тастаған жөн болады» дегені онан да бетер сөз қылуға тұрмайтын нәрсе. Либерализмнің қандайын болса да оның іс жүзінде самодержавиеге қарсы күрес жүргізетіндігіне қарай социал-демократияның қолдауына болады. Барлық тұрақсыз (яғни буржуазиялық) демократтарды бірден-бір барынша дәйекті демократтың, яғни пролетариаттың, нақ осы қолдауы гегемония идеясын жүзеге асырады. Гегемонияны ұсақбуржуазиялық, саудагершілік түрде ұғыну ғана оның мәнін келісім жасауда, өзара ұғынысуда, сөз жүзінде шарттар қоюда деп біледі. Пролетарлық көзқарас бойынша: кімде-кім жұрттың бәрінен де қажырлы күрес жүргізсе, кімде-кім жауға соққы беру үшін барлық сылтауды пайдаланса, кімде-кімнің сөзі мен ісі бір жерден шықса, сондықтан да кімде-кім демократияның идеялық көсемі, барлық сыңаржақтықты сынап отыратын көсемі, болып табылса, соғыстағы гегемония соның қолында болады*. «Искра» сыңаржақтық буржуазиялық демократияның саяси-экономикалық қасиеті емес, моральдық қасиеті деп ойлап қатты кателеседі, сыңаржақтықтың сондай бір өлшеуішін табуға болады және табу керек деп ойлап, бұл өлшеуішке *дейін* либерализм шаяндар деген атаққа ға-

* Көреген-өткір жана искрашыға ескерту. Бізге пролетариаттың *ешбір шарттар қойылмаған* қажырлы күресі жеңісінің жемістерін буржуазия пайдалануына әкеп соғады деп айтулары мүмкін. Біз бұған мынадай сұраумен жауап береміз: пролетариаттың қоятын шарттарын орындауға пролетариаттың дербес күшінен басқа қандай кепілдік болуы мүмкін?

на лайық болады, ал өлшеуіштен *асып кетсе* онымен келісім жасауға болады деп ойлап қатты қателеседі. Мұның өзі «жол берілетін оңбағандықтың шегін алдын-ала белгілеу» деген сөз болады. Шынында да мына сөздерді ойлап көріңіз: оппозициялық топтармен келісім жасау үшін олардың жалпыға бірдей, тең, төте, дауысты жасырын беру жолымен жүргізілетін сайлау правосын мойындауын шарт етіп кою деген сөз — «оларға өз талабының тойтарылмас реактивін беру, демократизмнің лакмус қағазын беру, сөйтіп пролетарлық көмектің барлық бағалы жерін олардың саяси есебінің таразысына салу» болады (№ 78). Бұл қандай әдемі жазылған! сондықтан осы әдемі сөздердің авторына, Староверге: достым, Аркадий Николаевич, бұлай әдемі сөйлемесеңізші дегін-ақ келеді! Струве мырза «Азат ету одағының» программасына жалпыға бірдей сайлау правосын жазып, Старовердің тойтарылмас реактивін қаламмен бір-ақ сызып тойтарып тастады. Дәл осы Струвенің өзі: бұл программалардың бәрі либералдар үшін — жәй қағаз, лакмус қағазы емес, кәдімгі жәй қағаз екендігін бізге іс жүзінде сан рет дәлелдеп берген болатын, өйткені бүгін бір нәрсені жазып, ертең басқа бір нәрсені жаза салу деген буржуазияшыл демократқа бұйым емес. Тіпті социал-демократия жағына шығып отырған буржуазияшыл интеллигенттердің де көбінде осындай қасиет бар. Европа мен орыс либерализмінің бүкіл тарихы сөз бен істің бір жерден шыға бермейтіндігінің жүздеген мысалдарын көрсетіп отыр, сондықтан да Старовердің тойтарылмас қағаз реактивтерін ойлап шығаруға тырысуы аңқаулық болады.

Старовердің мұндай аңқаулық тырысуы оны мынадай ұлы идеяға әкеп соғады: жалпыға бірдей сайлау правосына рыйза емес буржуаларды олардың патша өкіметіне қарсы күресінде қолдау деген — мұның аты, «жалпыға бірдей сайлау правосы идеясын жоққа шығару» деген сөз! Бәлкім, Старовер монархистерді олардың самодержавиеге қарсы күресінде қолдау арқылы біз республика «идеясын» жоққа шығарамыз деп дәлелдеп, бізге тағы да бір әдемі* фельетон жазып беретін болар? Пәленің

* Біздің Аркадий Николаевичтің қара сөзінің тағы да бір кішкене үлгісі мынау: «Соңғы жылдары Россияның қоғамдық өмірін

бәрі мынада болып отыр: Старовердің ой-пікірі шарттардың, ұрандардың, талаптардың, мәлімдемелердің шеңберінен шыға алмай дәрменсіз шырайналып отыр және ол бірден-бір шын межені: күреске іс жүзінде қатысу дәрежесін естен шығарып отыр. Осыдан келіп практикада радикалдық интеллигенция сөзсіз боямаланады, мұнымен «келісім» жасау мүмкін деп жарыяланады. Марксизмді келемежге айналдырып, интеллигенция либерализмнің (сөзуарлыққа салынушы малайы деп жарыяланбай) «қозғаушы жүйкесі» деп жарыяланады. Француз және италиян радикалдарына антидемократиялық немесе антипролетарлық талаптарға жат адамдар деген атақ беріліп жүр, тіпті бұл радикалдардың өз программаларына сансыз көп опасыздық жасағанын және пролетариаттың сана-сезімін қараңғылағанын жұрттың бәрі біле тұрса да, тіпті «Искраның» нақ сол (№ 78) номеріндегі келесі (7-ші) бетінен сіз Италиядағы монархистер мен республикашылардың қалай «социализмге қарсы күресте бірігіп» кеткендігін оқып көретін болсаңызда, оларға осындай атақ беріліп жүр. Саратов интеллигенттерінің (тазалық қоғамының) заң шығару ісіне бүкіл халық өкілдерінің қатысуы қажет екендігі туралы қабылдаған қарары «демократияның шын үні (!!))» (№ 77) деп жарыяланады. Земстволық науқанға пролетарлардың іс жүзінде қатысу жоспары «оппозицияшыл буржуазияның солшыл қанатының өкілдерімен кейбір келісімге келу»

байқап отыруына тура келген адамның қай-қайсысы болса да барлық идеологиялық ерекшеліктерден, өткен тарихи дәуірдің барлық қалдықтарынан арылған, боялмаған конституциялық бостандық идеясына қарай беталған демократиялық күшті беталыс бар екенін, күмән жоқ көрмей тұра алмайды. Бұл беталыс, демократия ішіндегі молекулалық өзгерістердің ұзақ процесін, сол демократияның жыйырма жыл бойына ауысып оырған көп ұрпақтардың назары мен мүддесін өзінің калейдоскоптық ала-құлалығымен толықтырған овидийлік өзгерулерін өзінше жүзеге асырғандық болып табылды». Мұның дұрыс еместігі өкінішті-ақ нәрсе, өйткені буржуазиялық демократияның жаңа философтарының (Булгаков, Бердяев, Новгородцев және басқалар. «Идеализм мәселелері» мен «Новый Путьті» қараңыз) идеализмі арқылы бостандық идеясы ашылмай, қайта боямаланып отыр. Старовердің, Троцкийдің, Мартовтың калейдоскоптық ала-құла овидийлік өзгерістерінің бәрінде де кұрғақ сөзге ашықтан-ашық беталғандық болып отырғаны да өкінішті нәрсе.

жөнінде (үрейлі қорқыныш туғызбау жөніндегі атышулы келісім) кеңес берумен қоса айтылады. Келісімнің староверлік атышулы шарттары қайда кетті деп Лениннің қойған сұрауына жаңа «Искра» былай деп жауап берді:

«Бұл шарттар қашанда партия мүшелерінің есінде болуға тиіс, ал олар партияның демократиялық партиямен қандай шарттар бойынша формалдық түрде саяси келісім жасауға ғана рыйза екенін біле отырып, хатта әңгіме болып отырған жеке келісімдер жасалғанда да буржуазиялық оппозицияның сенімді өкілдерінің — шын демократтар мен либералшыл арамтамақтардың арасын мықтап айыра білуге моральдық жағынан міндетті»*.

Сатыдан сатыға. Партиялық келісіммен (Старовердің қарары бойынша бірден-бір мүмкін келісіммен) қатар кейбір қалаларда жеке адамдардың келісімдері де пайда болды. Формалдық келісімдермен қатар моральдық келісімдер де пайда болды. «Шарттарды» және олардың «моральдық» міндеттілігін сөз жүзінде мойындау «сенімді» және «шын демократ» атағын беретін нәрсе болып шықты, бірақ социал-демократтардың көңілін аулау үшін ғана земствоның ондаған, жүздеген сөзуарлары сөз жүзінде қандай да болса мәлімдеме жасайтындығын, керек десе, біз социалиспіз деп радикалдың адал сөзін беретіндігін әрбір бала да біледі.

Жоқ, пролетариат ұрандарды, мәлімдемелерді, келісімдерді мұндайлық ойыншық етуге бара алмайды. Буржуазиялық демократтардың сенімді демократ бола алмайтындығын пролетариат ешуақытта да ұмытпайды. Пролетариат буржуазиялық демократияны қолдағанда үрейлі қорқыныш туғызбау туралы онымен келісім жасау негізінде, оның сенімді екендігіне сену негізінде қолдамайды, буржуазиялық демократия самодержавиеге қарсы іс жүзінде күрескенде ғана, тек сол кезде ғана

* «Партия ұйымдарына хат» деген редакциялық екінші хатты қараңыз, бұл да («Партия мүшелері үшін ғана») құпия шығарылған, бірақ онда ешқандай құпиялық жоқ. Бүкіл редакцияның осы жауабын Плехановтың: «Либералдық буржуазияның патша өкіметіне қарсы күресі жөнінде біздің тактикамыз» (Женева, 1905. Орталық Комитетке хат. Партия мүшелері үшін ғана) деген «құпия» кітапшасымен салыстыру өте-мөте сабақ боларлық нәрсе. Біз осы екі шығарманың екеуіне де қайта оралармыз деп сенеміз.

қолдайды. Мұндай қолдау пролетариаттың әлеуметтік-революциялық дербес мақсаттарына жету мүддесі үшін қажет.

*„Вперед“ № 3,
24 (11) январь, 1905 ж.*

*Қолжазба бойынша
басылып отыр*

ХАЛЫҚШЫЛДЫҚТАН МАРҚСИЗМГЕ

БІРІНШІ МАҚАЛА

Осы соңғы күндері бір жарыя газет самодержавиеге қарсы шығып отырған әртүрлі таптардың мүдделерінің «қайшылығын» кәзірде көрсетіп жататын уақыт емес деген пікір айтты. Бұл жаңа пікір емес. Бұл пікірді біз «Освобождение» мен «Революционная Россияның» беттерінен кездестіреміз, әрине, бұларда белгілібір ескертулер болып отырады. Мұндай көзқарастың буржуазиялық демократия өкілдерінің арасында орын теуіп отырғандығы табиғи нәрсе. Социал-демократтарды алатын болсақ, олардың арасында бұл мәселе жөнінде екі түрлі пікір болуы мүмкін емес. Пролетариат пен буржуазияның самодержавиеге қарсы бірігіп күресуі пролетариатты өз мүдделері мен дәулетті тап мүдделерінің өшпенді түрде қарама-қарсы екендігі туралы ұмытуға мәжбүр етпеуге тиіс және мәжбүр ете алмайды. Ал бұл қарама-қарсылықтың анықталуы түрлі бағыттардың көзқарастарының арасындағы терең айырмашылықтарының анықталуын сөзсіз қажет етеді. Мұнан, әрине, басқа бағыттағылардың жақтаушыларымен, социалист-революционерлермен де, либералдармен де уақытша келісім жасаудан біз бас тартуға тиіспіз деген ешқандай қортынды шықпайды, ал партиямыздың екінші съезі социал-демократтардың мұндай келісімдер жасауына рұхсат еткен болатын.

Социал-демократтар социалист-революционерлерді біздің буржуазиялық демократияның ең әсіре солшыл фракциясының өкілдері деп санайды. Социалист-революционерлер бұған ыза болып, мұндай пікірді оңбағандық жасап дұшпанды қорлауға тырысу, оның пікірлерінің

адалдығына және адал ниеттілігіне шүбәлану болады деп біледі. Ал шындығында мұндай пікір ешқандай шүбәланушылыққа ешбір жанаспайды, бұл пікір тек социалист-революционерлердің көзқарастарының таптық тегі мен таптық сыйпатына марксистік сыйпаттама беру ғана болып табылады. Социалист-революционерлер өздерінің көзқарастарын неғұрлым анық және неғұрлым айқын етіп баяндаған сайын, олардың көзқарастарына берілген марксистік сыйпаттама соғұрлым дәлелдене түсіп отыр. Бұл жөнінде социалист-революционерлер партиясы программасының «Революционная Россияның» 46-номерінде басылып шыққан жобасы өте көңіл қоярлық нәрсе.

Бұл жоба принциптерді өте анық баяндайтындығынан ғана едәуір алға басқандық болып қоймайды. Принциптердің мазмұнында да прогресс байқалады, халықшылдықтан марксизмге қарай, демократизмнен социализмге қарай беталған прогресс байқалады. Біздің социалист-революционерлерге қарсы бағыттаған сынымыздан жеміс шығып отыр: сын оларды өздерінің социалистік жақсы ниеттерін және өздерінің марксизммен ортақ көзқарастарын ерекше күшті етіп баса көрсетуге мәжбүр етті. Осыған байланысты ескі, халықшылдық, бұлдыр-демократиялық көзқарастардың белгілері анық байқалып отыр. Егерде біреу бізді қайшылықтарың (бір жағынан, социалист-революционерлердің социалистік жақсы ниеттерін мойындау, екінші жағынан, олардың әлеуметтік тегін буржуазиялық-демократиялық деп сыйпаттау) бар деп кінәлайтын болса, онда біз ол адамға мынаны ескертеміз: Коммунистік манифестің өзінде-ақ ұсақбуржуазиялық социализмнің үлгілеріне ғана анализ жасалып қоймай, сонымен бірге буржуазиялық социализмнің де үлгісіне анализ жасалған болатын. Социалист болғысы келу жөніндегі жақсы ниеттер буржуазиялық-демократиялық мазмұнмен сыйыса береді.

Жобамен таныса келгенде социалист-революционерлердің дүниеге көзқарастарының негізгі үш сыйпаты көзге түседі. Біріншіден, марксизмге теориялық түзетулер жасағандық бар. Екіншіден, еңбекші шаруалар мен аграрлық мәселеге көзқараста халықшылдықтың сарқыншақтары бар. Үшіншіден, Россия басынан кешіргелі отырған революцияның буржуазиялық сыйпаты болмай-

ды дейтін халықшылдық пікірлердің нақ әлгіндегідей қалдықтары бар.

Мен: марксизмге *түзетулер* жасағандық бар дедім. Солай екені рас. Идеялардың бүкіл негізгі желісі, программаның бүкіл негізі марксизмнің халықшылдықты жеңіп шыққандығын дәлелдейді. Халықшылдық (ең соңғы үлгімен шыққан ревизионизмнің коректендіруінің арқасында) күні бүгінге дейін өмір сүруде, бірақ онда да марксизмге жеке «түзетулер» ретінде ғана өмір сүруде. Жалпытеориялық ең басты түзетуді алыңыз: капитализмнің тиімді және тиімсіз жақтарының арасындағы қолайлы және қолайсыз қарым-қатнастар жайындағы теорияны алыңыз. Бұл түзету, бірыңғай шатасушылыққа келіп тірелмейтін болғандықтан, марксизмге бұрынғы орыс субъективизмін енгізу болып табылады. Еңбекті қоғамдастыратын, қоғамды қайта құруға қабілеті бар «әлеуметтік күшті», пролетариат күшін, жасап шығаратын капитализмнің «творчестволық» тарихи жұмысын мойындау, міне мұндай мойындау халықшылдықтан қол үзіп, марксизмге өту болып табылады. Социализм теориясының негізіне экономиканың және тапқа бөлінудің объективтік дамуы қойылады. Мынадай түзету жасалады: капитализмнің тиімді және тиімсіз жақтарының қарым-қатнастары «өнеркәсіптің кейбір салаларында, әсіресе егіншілікте және тұтасбір елдерде барған сайын нашарлап келеді» (солай деңіз!). Бұл — Герц пен Давидті, Николай — он³⁰ мен В. В.-ны, оның «Россиядағы капитализмнің» ерекше «тағдыры» жайындағы бүкіл теориясымен қоса қайталағандық болып табылады. Жалпы Россияның, әсіресе орыс егіншілігінің артта қалғандығы кәзірдің өзінде *капитализмнің* артта қалғандығы болып көрініп отырған жоқ, артта қалған теорияларды ақтайтын өзіншелік болып көрініп отыр. Тарихты материалистік түсінушілікпен қатар интеллигенцияға мүлде ескіше көзқарас бар, бұл көзқарас бойынша интеллигенция отан үшін азды-көпті қолайлы жол таңдап ала алатын сыяқты, сөйтіп өмірдің ескі формаларын капитализмнің дәл қыйратуы нәтижесінде туатын таптың мүддесін қорғаушы болмай, капитализмнің таптан тыс тұрған судьясы бола алатын сыяқты. Капитализмге дейінгі қарым-қатнастарды бастан кешіріп отырғандықтан Россиядағы капиталистік қанаудың

ерекше оңбаған форма алатындығы нағыз халықшылдыкка салынып ұмытылып отыр. Шаруалар туралы пікірлерде халықшылдық теория одан да гөрі ашық көрінеді. Жобаның өнбойында: еңбекшілер, каналушылар, жұмысшы табы, еңбекші бұкара, каналушылар табы, каналушылар таптары деген сөздер талғаусыз айтыла береді. Егерде жобаның авторлары өздерінің ауыздарынан байқаусызда шығып кеткен бұл соңғы сөзді (таптар) ойға салған болса, онда олар капитализм тұсында пролетарлар ғана емес, сонымен қатар ұсақ буржуалардың да еңбек етіп, қаналатындығын түсінген болар еді. Жарыя халықшылдар туралы не айтылған болса, біздің социалист-революционерлер туралы да соны айтуға тура келеді: олардың ұсақ буржуазиясы жоқ, жер жүзінде болып көрмеген, капитализмді ашу абройын алуына тура келді. Олар еңбекші шаруалар туралы сөз қылғанда бұл еңбекші шаруалардың арасында кәзірдің өзінде-ақ бізде шаруа буржуазиясы басым отырғандығын, аukatты шаруалардың еңбекші деген атқа ие болуға сөзсіз праволы бола отырып, сонда да қызметші жалдамай тұра алмайтындығын және олардың кәзірдің өзінде-ақ шаруалардың өндіргіш күштерінің жартысынан көбін өз колдарында ұстап отырғандығын, міне осы дәлелденген, зерттелген, есептелген, суреттелген, барынша талқыланылған фактыны көрмейді.

Осы тұрғыдан карағанда, социалист-революционерлер партиясының минимум-программасында өзінің алдына қойып отырған міндеті тым-ақ сорақы: «социализм мүдделері үшін және буржуазиялық-меншікшілдік негіздерге қарсы күрестің мүдделері үшін орыс шаруаларының қауымдық, жалпыеңбекшілдік көзқарастары мен дәстүрлерін және өмір сүру формаларын, әсіресе олардың жерді барлық еңбекшілердің ортақ игілігі деп санайтын көзқарасын пайдалану керек» дейді. Бірден карағанда, бұл міндет теория да, өмірде алдақашан беркерге шығарған қауымдық утопияларды ешбір зыянсыз, таза ғана қайталағандық сыяқты болып көрінеді. Ал шындығына келгенде бұл арада біз саяси күрделі мәселе қойылып отырғанын көреміз, бұл мәселені алдағы таяу уақыттың ішінде орыс революциясы шешетін болады: Кімді кім пайдаланады? буржуазиялық-меншікшілдік негіздерге қарсы күресу мүдделері үшін шаруалар-

дың еңбекшілдік көзқарастарын өзін социалистік интеллигенциямыз деп ойлайтын революцияшыл интеллигенция пайдалана ма? немесе социализмге қарсы күресу мүдделері үшін революциялық-демократиялық интеллигенцияның социалистік құрғақ сөздерін буржуазиялық-меншікші, оның үстіне еңбекші шаруалар пайдалана ма?

Біз ссының екінші перспективасы жүзеге асады ғой деп ойлаймыз (біздің оппоненттердің тілеген, тілемегеніне қарамастан). Біз бұл перспективаны жүзеге асады деп сенеміз, өйткені кәзірдің өзінде-ақ оның оннан тоғыз жүзеге асып отыр. Халықшылдық, демократиялық интеллигенцияның социалистік құрғақ сөздерін нақ осы «буржуазиялық-меншікші» (және оның үстіне еңбекші) шаруалар кәзірдің өзінде-ақ өз мүдделеріне пайдаланып отыр, өйткені бұл интеллигенция өзінің артельдері, кооперациялары, шөп егістері, соқалары, земстволық складтары, банклары арқылы «еңбекшілдік дәстүрлер мен өмір сүру формаларына» көмектесеміз деп ойлады, ал іс жүзінде қауымның ішінде капитализмнің дамуына көмектесті. Сонымен, ертеңгі күні орыстың саяси тарихы дәлелдейтін нәрсені орыстың экономикалық тарихы кәзірдің өзінде-ақ дәлелдеп отыр. Сондықтан саналы пролетариаттың бүкіл міндеті: *буржуазиялық* еңбекші шаруалардың прогрестік және революциялық талаптарын қолдаудан ешбір бас тартпастан, күні ертең осы шаруаларға қарсы сөзсіз күрес болатындығын село пролетарына түсіндіріп отыру, тепе-тең пайдалану турады буржуазиялық-демократиялық қыялдардан өзгеше болып отырған шын социалистік мақсаттарды оған түсіндіріп отыру болып табылады. Буржуазиялық шаруалармен бірігіп крепостниктің қалдықтарына қарсы, самодержавиеге, поптарға, помещиктерге қарсы шығу, қала пролетариатымен бірігіп жалпы буржуазия атаулыға және әсіресе буржуазиялық шаруаларға қарсы шығу — кәзіргі жағдайда село пролетарының бірден-бір дұрыс ұраны міне осындай, Россиялық социал-демократияның бірден-бір дұрыс аграрлық программасы міне осындай. Біздің екінші съездің қабылдаған аграрлық программасы нақ осындай. Шаруа буржуазиясымен бірігіп демократия үшін, қала пролетариатымен бірігіп социализм үшін күресу — міне бұл ұранды деревня кедейлері халықшылданып жүрген социалист-революционерлердің сырты сү-

лу, бірақ іші қуыс ұрандарынан гөрі анағұрлым берік ұғынады.

Енді біз жобаның жоғарыда белгіленген негізгі пункттерінің үшіншісіне келдік. Жобаның авторлары бұл арада өкіметті буржуазияның қолына беруге ғана кабілетті болады-мыс деп саяси бостандыққа қарсы болған табанды халықшылдардың көзқарасынан ажырасып отыр. Бірақ жобада самодержавиеге және оған түрлі таптардың көзқарасына сыйпаттама берген кезде халықшылдықтың қалдықтары өте айқын көріне кетеді. Усақбуржуазиялық революцияшыл интеллигенцияның *шын өмірді* қалай түсінетіндігін дәл баяндауға бірінші тырысуының өзі-ақ оның көзқарасының қайшы екендігін және ескіргендігін сөзсіз толық әшкерелейтіндігін біз барлық уақыттағы сыяқты бұл жерде де көріп отырмыз. (Сондықтан жақша ішінде мынаны көрсете кетейік: социалист-революционерлердің таластарын қашанда нақ шын өмірді түсіну туралы мәселеге әкеліп тіреу керек, өйткені біздегі зор саяси үйлеспеушіліктің себептерін тек осы мәселе ғана анықтап аша алады.)

Жобадан мынаны оқыймыз: «Басқа жердегілердің бәрінен де гөрі реакцияшыл болып отырған ірі өнеркәсіпшілер мен саудагерлер табы пролетариатқа қарсы самодержавиенің қамқорлық етуін барған сайын қатты керек етіп отыр»... Бұл дұрыс емес, өйткені алдыңғы қатардағы буржуалардың самодержавиелік басқару формасына самарқау қарайтындығы біздегідей болып Еуропаның ешбір жерінде де байқалып отырған жоқ. Пролетариаттан қорқатындығына қарамастан буржуазияның арасында самодержавиеге наразылық күшейіп келеді, — мұның бұлай болатын себебі бір есептен мынадан: өзінің қыйсапсыз өктемдігі бола тұрса да, полиция жұмысшы қозғалысын жойып жібере алмайды. *Ірі* өнеркәсіпшілер «табы» туралы айта келіп, жоба буржуазияның бөлімшелері мен фракцияларын тап ретіндегі бүкіл буржуазиямен шатастырады. Бұл тіпті де дұрыс емес, өйткені самодержавие басқадан да гөрі нақ орташа және ұсақ буржуаларды қанағаттандыра алмайды.

«...Поместьелі дворяндар мен деревня кулактары деревняның еңбекші бұқараларына қарсы нақ осындай қолдауды барған сайын қатты керек етеді»... Солай ма? Ал земстволық либерализм қайдан шығады? Мәдениет-

шіл (демократияшыл) интеллигенцияның шаруақор мужикке және шаруақор мужиктің бұл интеллигенцияға өзара әуестенуі қайдан шығады? Немесе кулак шаруақор мужикке ешбір жанаспай ма?

«...Самодержавиенің өмір сүруі елдің бүкіл шаруашылық, қоғамдық-саяси және мәдени өрлеуімен сыйыспайтын және барған сайын шиеленісе түсетін қайшылыққа келіп отыр»...

Сөйтіп олар дәлелдерін осындайлық сорақылыққа жеткізіп отыр! Елдің бүкіл шаруашылық және басқадай өрлеуімен мұндай «сыйыспайтын қайшылықтың», шаруашылық жағынан басшы таптардың пыйғылында білінбейтін қайшылықтың болуы мүмкін бе? Екіншісі. *Не* самодержавие елдің шаруашылық өрлеуімен шынында да сыйыса алмайды. Онда ол өнеркәсіпшілердің, саудагерлердің, помещиктердің, шаруақор мужиктердің *бүкіл табымен* де сыйыса алмайды. «Біздің» шаруашылық өрлеуімізді 1861 жылдан бастап нақ осы таптың өз қолында ұстап келгендігін, міне мұны, сірә, социалист-революционерлер де (олар В. В-дан мұның керісінше үйренсе де) біледі. Жалпы буржуазия табымен сыйыса алмайтын үкімет буржуазия фракциялары мен жіктерінің арасындағы ұрыс-керістерді өз пайдасына асырып, фритредерлерге қарсы протекционистермен келісімге келі алады, бір жікке қарсы екінші жікке сүйеніп, мұндай эквилибристиканы жылдар бойы және ондаған жылдар бойы соза алады, — бүкіл Европа тарихы осылай деп үйретеді. *Не* бізде өнеркәсіпшілер де, помещиктер де, шаруа буржуалары да самодержавиені «барған сайын қатты керек етеді». Онда бұлар, елдің шаруашылық жөніндегі билеушілері, оларды тап ретінде тұтас алғанның өзінде де, елдің шаруашылық өрлеу мүдделерін түсінбейді, бұл мүдделерді осы таптардың тіпті алдыңғы қатардағы білімді және интеллигент өкілдері мен көсемдері де түсінбейді деп тануға тура келеді!

Бірақ істі біздің социалист-революционерлер түсінбейді деп тану табиғилау болмас па екен? Қараңыздар: бұдан біраз кейінгі жерде «білімді қоғамның тап жағынан көбінесе аралық элементтерін қамтыйтын либералдық-демократиялық оппозиция бар екендігін» олардың өздері мойындайды. Біздің білімді қоғамның буржуазиялық қоғам болмағаны ма? Ол саудагерлермен, өнеркәсіпшілер

мен, помещиктермен, шаруақор мужиктермен мындаған арқау арқылы байланысты болмағаны ма? Либералдық-демократиялық оппозиция буржуазиялық-демократиялық оппозиция бола алмайтын капитализмді басынан кешіруді Россияға құдай жазып қойғаны ма? Социалист-революционерлер мұндай тарихи мысалды біле ме екен, буржуазияның самодержавиеге қарсы оппозициясы либералдық, білімді «қоғам» арқылы көрінбеген жағдай болады деп ойлай ма екен?

Жобадағы шатасушылық — халықшылдықты марксизммен араластырудың сөзсіз нәтижесі болып табылады. Демократия жолындағы күрес пен социализм жолындағы күрестің арасындағы қатнастарға тек марксизм ғана ғылыми-дұрыс анализ жасады, бұл анализды бірден-бірге өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Бүкіл дүние жүзіндегі сыяқты, бізде де буржуазиялық демократия мен жұмысшы демократиясы бар. Бүкіл дүние жүзіндегі сыяқты, бізде де социал-демократия буржуазиялық демократияның болмай қоймайтын жалған үміттерін және оның өз жаратылысын түсінбейтіндігін аяусыз әшкерелеуге тиіс. Бүкіл дүние жүзіндегі сыяқты, бізде де саналы пролетариат буржуазиялық демократияны оның крепостниктіктің қалдықтарына қарсы, самодержавиеге қарсы оппозицияда болып, күрес жүргізуінде қолдауға тиіс, сонымен қатар өзінің таптық ерекшелігін және өзінің таптық мақсаты буржуазияны құлату екенін бір минут те ұмытпауға тиіс.

*„Вперед“ М. 3,
24(11) январь, 1905 ж.*

*„Вперед“ газетінің тексті
бойынша басылып отыр*

ПЕТЕРБУРГ СТАЧКАСЫ

Путилов заводында 3 январьда басталған стачка жұмысшы қозғалысының күдіреті күшті көріністерінің біріне ұласып келеді. Біздің мәліметтеріміз әзірге шетелдік газеттер мен жарыя орыс газеттерінің хабарларымен шектеліп отыр. Бірақ осы хабарлардың өзі де стачканың орасан зор маңызды саяси оқыйғаға айналғандығы жөнінде ешбір күмән қалдырмайды.

Стачканың басы нағыз-стихиялық түрде басталды. Еңбектің капиталмен үнемі болып отыратын соқтығысуларының бірі бұл жолы завод администрациясының төрт жұмысшыны шығарып жіберу себебінен болды. Жұмысшылар рух жағынан толық ынтымақтаса отырып, оларды жұмысқа қайтадан алу талабын қойып көтеріліс жасады. Қозғалыс тез нығайды. Оған «Фабрика-завод жұмысшыларының орыс қоғамы»³¹ дейтін жарыя ұйым қатысады, сөйтіп стачка келесі, жоғарғы кезеңге көшеді.

Жұмысшылардың жарыя қоғамына зубатовшылдар ерекше көңіл бөлді. Сонымен зубатовтық қозғалыс өз шеңберінен асып шығып, полицияның мүдделері үшін, самодержавиені қолдау мүдделері үшін, жұмысшылардың саяси санасын аздыру мүдделері үшін полиция бастаған бұл қозғалыс самодержавиеге қарсы бағытталып, пролетарлық тап күресінің дүмпуіне айналып келеді.

Біздің зубатовшылдықтың *осындай* нәтижелерінің сөзсіз болатындығын социал-демократтар алдақашан-ақ көрсеткен болатын. Олар былай деген болатын: жұмысшы қозғалысын жарыя ету біздерге, социал-демократтарға сөзсіз пайда келтіреді. Оның жарыя болуы жұмысшылардың кейбір, әсіресе артта қалған жіктерін қозға-

лысқа тартады, үгітші-социалистің тез арада, мүмкін, тіпті ешуақытта да оята алмайтын адамдарын ол оятуға көмектеседі. Ал қозғалысқа тартылып, өзінің тағдырлары туралы мәселеге мүдделі болған жұмысшылар бұдан да әрі барады. Жұмысшылардың жарыя қозғалысы социал-демократиялық жұмысшы қозғалысы үшін тек жаңа, бұрынғыдан да гөрі кең негіз болмақ*.

Күмән жоқ, Петербургте де іс нақ осындай болды.

Қозғалыстың ерекше кеңейе түсуіне екі жағдай көмектесті: 1-шіден, экономикалық күрес үшін қолайлы кезеңнің болуы (соғыс және теңіз министрлігінің берген зақаздарының орындалуын үкімет қатты керек етеді); 2-шіден, қоғам ішінде конституциялық қозғалыстың болуы. Жұмысшылар жұмыстан шығарылған жеке жолдастарды қорғау жөнінде стачка бастап, кең түрде экономикалық талаптар қоюға көшті. Олар 8 сағаттық жұмыс күнін, минимум ақының болуын (еркекке 1 сом және әйелге 70 тыйын), мерзімнен тыс жұмыстардың міндетті түрде болуын жоюды (және оларға екі есе ақы төлеуді) талап етті, тазалық сақтау жағдайлары мен дәрігер жәрдемін жақсартуды, т. т. талап етті. Стачка жаппай стачкаға айнала бастады.

8(21) январь күні сембіде шыққан шетел газеттері: орыстың тіпті ресми мәлімдемелері бойынша да 96 000 таяу жұмысшылары бар 174 завод, фабрика және мастерскойлар жұмысты тоқтатып тастады деп хабарлайды.

Бұл арада біз калыптасып келе жатқан пролетарлар табының өз жауларына қарсы ұлы соқтығысуларының бірін көріп отырмыз, бұл соқтығысулар ұзақ жылдар бойына ізін қалдыратын соқтығысулар.

Бірақ іс экономикалық талаптармен тынбады. Қозғалыс саяси сыйпат ала бастады. Жергілікті социал-демократтар бұл қозғалысқа қатысуға тырысты (бұл қатысуы әлі де нашарлау сыяқты). Бірнеше мың адамдар қатысқан орасан зор жұмысшы жыйналыстарында саяси талаптар талкыланып, саяси бостандықты жақтайтын қарарлар дауысқа қойыла бастады. Жұмысшылар дайындаған петиция үш бөлімге бөлінеді деп хабарлайды³².

* Н. Лениннің «Не істеу керек?» деген кітабын салыстырыңыз, 86—88-беттер. (Қараңыз: Шығармалар, 4 басылуы, 5-том, 493—494-беттер. *Ред.*)

Бірінші бөлімде халыққа праволар беру талабы баяндалады. Екінші бөлімде — халықтың кедейлігіне қарсы күресу шаралары баяндалады. Үшінші бөлімде — капиталдың еңбекті қанауына қарсы шаралар баяндалады. Бірінші бөлімде мынадай талаптар қойылады: адамның жеке басына ешкімнің қол сұқпауы, сөз бостандығы, жыйналыс, ұждан бостандығы; мемлекет қаржысына міндетті мектеп оқуының болуы, халықтың сайланған өкілдерінің заң шығару ісіне қатысуы, заң алдында барлық жұрттың тең болуы, министрлердің жауапты болуы, төлем ақыларды жою, арзан кредиттің болуы, мемлекеттік жерлерді біртіндеп халыққа таратып беру, табыс салығының болуы. (Егерде бұл хабар дұрыс болса, онда мұның өзі бұқараның немесе оның санасы аз көсемдерінің ақыл-ойларына социал-демократтар программасының ерекше қызықты болып өзгеріңкіреп қонғандығын көрсетеді.) Ағылшынның «The Standart»* дейтін газетінің тілшісі былай деп хабарлайды: 5(18) январьда үш жыйналыс болды (біреуіне 4 мың адам, екіншісіне 2 000 адам қатысты) және мұнда мынадай саяси талаптар қабылданды: 1) жаппай дауыс беру арқылы сайланған құрылтай жыйналысын дереу шақыру; 2) соғысты тоқтату; 3) саяси айдаудағылар мен саяси тұтқындарға толық кешірім беру; 4) баспасөз бен ұждан бостандығының болуы; 5) жыйналыстар мен одақтар бостандығының болуы. 8(21) январьда шыққан шетел газеттері: «патшаның өзіне» петиция беретін болып, 9(22) январьдағы жексембіде Қысқы орданың алдында өткізілуге дайындалып жатқан демонстрация туралы хабар жарыялайды. Жұмысшылар: не бостандық аламыз не өлеміз дейді. Москва мен Либава жұмысшыларының делегаттары Петербургке жүргізіледі.

Қазірде біздің қолымызға түскен азғана және әлі тексерілмеген мәліметтер осындай. Расында, қозғалыс әлі де болса дамудың жоғарғы сатысына жете қоймаған болу керек және болып жатқан нәрселерді толық бағалау үшін оқыйғалардың болуын күту керек. Қозғалыстың таза-экономикалық негізден саяси негізге адам айтқысыз тез көшуі, он, жүз мыңдаған пролетариаттың орасан зор ынтымағы мен жігері ерекше көзге түседі — ал мұның

* «Ту». Ред.

бәрі саналы социал-демократиялық әсердің жоқ болуына немесе болмашы ғана болуына карамастан осылай болып отыр. Қозғалыстың кейбір басшыларының социалистік көзқарастарының дәрежелігі, жұмысшы табының кейбір элементтерінің аңқаулықпен патшаға сенушілігінің жансебілдігі пролетариаттың туып келе жатқан революциялық инстингінің маңызын кемітпейді, қайта күшейте түседі. Алдыңғы катардағы езілген таптың көрсеткен саяси наразылығы және оның революциялық жігері барлық кедергілерге карамастан жарыққа шығып келеді, полициялық тыйым салу сыяқты сыртқы кедергіге де, кейбір басшылардың идеяларының жетілмегендігі, мешеулігі сыяқты ішкі кедергіге де карамастан жарыққа шығып келеді. Социал-демократияның соңғы он жыл ішіндегі жұмысы және осы уақыттың ішінде болған жұмысшы қозғалысының сабақтары социализм мен саяси күрес идеяларын барынша кең жол арқылы жұртқа жайып, тиісті жеміске жеткізді. Россиядағы саяси қозғалыстың майданында болып отырған екі күш (самодержавие мен буржуазия қоғамы) емес екендігін пролетариат іс жүзінде көрсетіп отыр, ал кейбіреулер қорғалақтық етіп осылай деп ойлауға әзір тұрған еді. Пролетариат бізге революциялық тап күштерін мобилизациялаудың шын жоғарғы формаларын көрсетіп отыр; әрине, мобилизация қайдағы бір қалалық думадағы екінші дәрежедегі манифестацияларға келіп қосылмайды, Ростов демонстрациясы мен 1903 жылғы оңтүстік стачкалары сыяқты бұқаралық қозғалыстарға келіп қосылады. Ал пролетариаттың революциялық күштерінің бұл жана, ең жоғарғы дәрежеде мобилизациялануы бізді оның самодержавиеге қарсы ұрысқа бұрынғыдан да гөрі батыл, бұрынғыдан да гөрі саналы түрде шығуына қарай қарыштаған адыммен жақындатып келеді.

БІЗДІҢ ТАРТЮФТЕР

«Искраның» біз жаңа ғана алған 83-номерінде меньшевиктер мен Орталық Комитеттің «азшылықтың ұйымдық оқшаулығын толық тоқтату» туралы мәлімдемесі басылды. «Азшылық өзін *тарап* деп санауды қояды, сондықтан бұдан былайғы жерде Орталық Комитетке бойкот жарыялау туралы да, оған *ультиматумдық талаптар* кою туралы да сөз болуы мүмкін емес» — деп сендірмек болады, бізді. Бұл мәлімдеме сәл кешігіп қалыпты! Қазірде Поповты, Фишерді және Фоминді кооптациялау жөніндегі «ультиматумдық талаптардың» орындалып болғандығын, бірақ олардың жасырын түрде, *партияны алдау арқылы* орындалғандығын партия Лениннің кітапшасынан («Орталық мекемелердің партиядан ажырасуы туралы мәлімдеме мен документтер»*) жақсы біледі. Нақ осындай алдаулар арқылы III съезді болғызбау үшін қойылған ультиматумдық талап та тура орындалып шықты. Жергілікті жұмысқа ірткі салу ісі жүріп жатыр, ал Орталық Комитет дейтін «ұйымның көптеген (?) мүшелерінің жергілікті комитеттің басшылығымен жұмыс істеуіне ешбір мүмкіншілігі болмағандықтан» Санкт-Петербургте («Искраның» хабарлауы бойынша) «*ерекше ұйым*» яки топ құрып бекітіп отыр.

Сонымен «көпшіліктің» Лениннің «хатынан» («Мен редакциядан неліктен шықтым», декабрь, 1903 ж.***) бастап, Орловскийдің «Совет партияға қарсы» деген кітапша-

* Қараныз: Шығармалар, 4-басылуы, 7-том, қазақша 557—567-беттері. *Ред.*

** Қараныз: Шығармалар, 4-басылуы, 7-том, қазақша 112 — 119-беттері. *Ред.*

сына дейін айтқандарының, алдын ала айтқандарының бәрі кәзірде оқыйғалар арқылы *толық және сөзсіз* дәлелденіп отыр. Біржарым жылдық күрестің шын объектісі — Орталық Органға төрт адамды және Орталық Комитетке үш адамды кооптациялау болды. Кооптациялау үшін ұйым-процесс теориясы мен біртоп «принциптік» алауыздықтар ойланып шығарылды. Осы кооптация үшін біздің орталықтар кәзірде партиядан мүлде ажырасып отыр және жергілікті комитеттерден, олардың әрбіреуімен жеке-жеке ажырасып келеді. Біздің: «көпшілік ірткі салушылармен қарым-қатнас атаулының бәрін тоқтатуға тиіс» («Вперед № 1, «Кетісетін мезгіл жетті»*) деген ұранымыз — толық дәлелденіп отыр.

Сонымен қатар «Искраның» мәлімдемесінің мынабір жері де өте қызық: «Өкілдердің (азшылықтың) қарары азшылықтың Киев, Харьков, Дон, Кубань, Петербург, Одесса комитеттерінде, Донец және Қырым одақтарында және басқадай партия ұйымдарында жұмыс істейтін барлық жақтаушыларының талқылауына ұсынылды». Сонымен *біржарым жылға жуық* жанталасып науқан жүргізгеннен кейін Орталық Органның, Советтің және (май айынан бастап) Орталық Комитеттің көмегімен, шетелдегі үйірме *II съезде болған 20 орыс комитетінің бесеуін ғана* өзіне қарата алды**. Комитеттерден тыс, «Искрада» аты аталып еленген, көзге түсерлік топтар тек екі қалада ғана, Петербург пен Одесса да ғана құрылды. Кубань комитеті, сірә, артық екі дауыс алу үшін ең соңғы кезде ғана қолдан жасалған болу керек.

Демек, азшылықтың органы «Искра» кәзірде, январь айында, партия істеріне сентябрь айында екіншібір меньшевиктің берген сыйпаттамасының дұрыс екендігін дәлелдеп отыр. Атап айтқанда, Орталық Комитеттің аз-

* Осы томның 21—25-беттерін қараныз. *Ред.*

** Съезде болған комитеттердің ішінен тек жалғыз Киев комитеті ғана көпшіліктің жағынан азшылықтың жағына шықты, яғни съезде оның екі делегаты да большевиктер болды, ал кәзірде комитетте меньшевиктер басым болып отыр. Мұның керісінше, Николаев және Сибирск комитетінде екі делегаттың екеуі де съезде меньшевиктер еді, ал съезден кейін бұл комитеттер көпшіліктің жағына шықты. Съезде көпшілік пен азшылықтың арасында (екі жақта бір-бір делегаттан) мына комитеттер: Одесса, Дон, Уфа. Москва комитеттері бөлінген болатын. Кәзірде бұлардың ішінен тек Дон комитеті ғана меньшевиктік комитет болып отыр.

шылыққа тілектес болған және кәзірде Орталық Комитетке кооптацияланған агенті сентябрьде Орталық Комитеттің мүшесі Глебовқа «*Россияда азшылық дәрменсіз*», оның соңынан небәрі *төрт комитет* ереді деп жазған болатын. Шетелдегі үйірменің бұл дәрменсіздігі оны Орталық Комитетте бонапарттық төңкеріс жасауға және алдау арқылы III съезден бұлтарып кетуге баруға мәжбүр етті.

*„Вперед“ № 3,
24(11) январь, 1905 ж.*

*„Вперед“ газетінің тексті
бойынша басылып отыр*

РОССИЯДА РЕВОЛЮЦИЯНЫҢ БАСТАЛУЫ

Женева, 25 (12) январьдағы сәрсенбі.

Россияда өте ұлы тарихи оқыйғалар болып жатыр. Пролетариат патша өкіметіне қарсы көтерілді. Пролетариатты көтеріліс жасайтын күйге ұшыратқан — үкімет. Істі әскер күшін жұмсауға дейін жеткізуді көздеп, стачкалық қозғалыстың белгілі дәрежеде кедергісіз дамып түсуіне және кең демонстрацияның басталуына үкіметтің әдейі мүмкіндік бергеніне енді күмәндануға бола қоймас. Үкімет істі осындайлық дәрежеге жеткізді де! Петербургтегі 9 январьдағы қанды жексенбінің қортындылары — мындаған адамдардың оққа ұшуы мен жаралануы болды. Әскер қарусыз жұмысшыларды, әйелдерді және балаларды жеңіп шықты. Әскер жерде сұлап жатқан жұмысшыларды атқылап, жауын жеңіп шықты. Енді патша малайлары мен олардың кертартпа буржуазиядан шыққан европалық итаршылары айтуға ауыз бармайтын арсыздықпен «біз оларға жақсы сабақ бердік!» дегенді айтып жүр.

Рас, мұның өзі ұлы сабақ болды! Орыс пролетариаты бұл сабақты ұмытпайды. Жұмысшы табының аңқаулықпен патшаға сенген және қалжыраған халықтың тілектерін бейбітшілік жолмен «патшаның өзіне» шын ниетімен тапсырғысы келген, ең дайындалмаған, ең артта қалған жіктері, бұлардың бәрі патша басқарған немесе оның ағасы ұлы князь Владимир басқарған әскер күшінен сабақ алды.

Жұмысшы табы азамат соғысының ұлы сабағын алды; пролетариаттың революциялық тәрбиеленуі бір күннің ішінде соншама көп ілгері басты, ол әншейінгі, кара-

пайым, езілген өмірдің айлары мен жылдары бойы мұндай болып ілгері баса алмаған болар еді. Петербургтің ержүрек пролетариатының: «не бостандық, не өлім!» деген ұраны кәзір бүкіл Россияны жаңғыртырып жайылып отыр. Оқыйғалар адам таңқаларлықтай тез дамып келеді. Петербургтегі жаппай стачка өсуде. Бүкіл өнеркәсіптік, қоғамдық және саяси өмір шырмалып отыр. 10 январьдағы дүйсембі күні жұмысшылардың әскермен соқтығысуы шиеленісе түсті. Үкіметтің жалған хабарларына қарамастан, астананың көптен көп жерлерінде қан судай ағуда. Қолпин жұмысшылары көтеріле бастады. Пролетариат қарулануда және халықты да қаруландырып жатыр. Жұмысшылар Сестрорецк қару-жарақ складын басып алды деседі. Жұмысшылар бостандық жолында аянбай күресу үшін револьверлер жыйнап, өз аспаптарынан өздеріне қару соғып жатыр, бомбалар жыйнастырып жатыр. Жаппай стачка провинцияларды камтуда. Москвада 10 000 адам кәзірдің өзінде жұмысты тастады. Ертеңгі күнге (13 январьдағы бейсембі күні) Москвада жаппай стачка белгіленді. Ригада бүлік шығып отыр. Лодзіде жұмысшылар манифестация жасауда, Варшава көтерілісі дайындалуда, Гелсингфорста пролетариаттың демонстрациялары болып жатыр. Бакуда, Одессада, Қиевте, Харьковте, Ковнада, Вильнада жұмысшылардың наразылығы күшейіп, ереуіл етек алып келеді. Севастопольде теңіз мекемелерінің складтары мен арсеналдары өртеніп жатыр, ал әскер көтеріліс жасаған матростарға оқ атудан бас тартып отыр. Ревель мен Саратовта стачка болып жатыр. Радомда жұмысшылар мен запастағылардың әскермен қарулы соқтығысы болды.

Революция үдеп өсіп келеді. Үкімет кәзірдің өзінде-ақ аласұра бастады. Ол қанды репрессия саясатынан экономикалық жеңілдіктер беруге көшуге тырысады, ұсақтүйек нәрселерді садақа ету арқылы немесе жұмыс күнін тоғыз сағат етеміз деп уәде берумен құтылуға тырысады. Бірақ қантөгілген күннің сабағы босқа кете алмайды. Көтеріліс жасаған Петербург жұмысшыларының — жалпыға бірдей, төте, тең және дауысты жасырын беру арқылы жүргізілетін сайлау провасы негізінде дереу құрылтай жыйналысы шақырылсын — деген талабы ереуіл жасап жатқан барлық жұмысшылардың талабына айналуға тиіс. Патшаға нанған Петербург жұмысшыларының

өзі де 9-январьдағы қырғынға — үкімет дереу құлатылсын деген ұранмен жауап берді, олар өздерінің көсемі священник Георгий Гапонның сөзі арқылы жауап берді, ал Гапон бұл қанды күннен кейін: «бізде енді бұдан былай патша жоқ. Судай аққан қан патшаны халықтан бөліп тастап отыр. Бостандық жолындағы күрес жасасын!» деген болатын.

Революцияшыл пролетариат жасасын! — дейміз біз. Жаппай стачка жұмысшы табы мен қала кедейлерінің барған сайын қалың бұқарасын көтеріп, мобилизациялауда. Халықты қаруландыру революциялық кезеңнің ең таяудағы міндеттерінің бірі бола бастады.


Тек қаруланған халық қана халық бостандығының шын тірегі бола алады. Пролетариат неғұрлым тезірек қаруланса, ол өзінің ереуілші-революционерлік соғыс позициясында неғұрлым ұзақ төзіп тұрса, әскер соғұрлым тезірек қобалжыйды, солдаттар арасынан өздерінің не істеп жүргенін, ақыр аяғында, түсінетін адамдар, қара жүрек қан ішерлерге қарсы, қарусыз жұмысшыларды, олардың қатын-балаларын қырушыларға қарсы халық жағына шығатын адамдар соғұрлым көп табыла түседі. Қазіргі көтеріліс Петербургтің өзінде қалай болып бітсе де, қайткен күнде де ол бұдан да гөрі кең, бұдан да гөрі саналы, бұдан да гөрі жақсы дайындалған көтерілістің сөзсіз бірінші басқышы болады. Бәлкім, үкімет өзінің сазайын тартатын уақытын кешеуілдетсе алар, бірақ бұл кешеуілдету революциялық тегеуріннің бұдан кейінгі адымын адам айтқысыз ірі адымға айналдырады. Бұл кешеуілдетуді тек социал-демократия ғана ұйымдасқан жауынгерлердің қатарларын біріктіру үшін және Петербург жұмысшыларының бастаған ісі туралы хабарлар тарату үшін пайдаланады. Пролетариат фабрикалар мен заводтарды тастап, өзіне қару-жарак даярлап, күреске қосыла береді. Қала кедейлерінің ортасына, миллиондаған шаруалардың ортасына бостандық жолындағы күрестің ұрандары бірден-бірге кең жайылып тарай береді. Әрбір фабрикада, қаланың әрбір ауданында, әрбір елеулі селоларда революциялық комитеттер орнайды. Көтеріліс жасаған халық дереу құрылтай жыйналысын шақыруды жарыялап, патша самодержавиясының үкіметтік мекемелері атаулының барлығын құлата бастайды.

Үкімет билігі мен мекемелерін жою үшін жұмысшыларды және жалпы азаматтардың бәрін дереу қаруландыру, революциялық күштерді дайындау және ұйымдастыру, — ортақ соққы беру үшін революционер атаулының бәрінің де бас қосып біріге алатын және бірігуге тиісті практикалық негіз міне осы. Пролетариат социал-демократия партиясымен өзінің байланысын бәсеңдетпей, бүкіл адам баласын қанау атаулының қандайынан болса да құтқару жөніндегі өзінің түпкі ұлы мақсаттарын естелі түйтіп, әрдайым өзінің дербес жолымен жүруге тиіс. Бірақ социал-демократиялық пролетарлық партияның бұл дербестігі осы революция кезінде жалпы революциялық тегеуріннің маңыздылығын ешуақытта да есімізден шығара алмайды. Біз, социал-демократтар, пролетариаттың таптық дербестігін қорғай отырып, буржуазиялық демократияның революционерлерінен тәуелсіз жүре аламыз және жүруге тиіспіз, бірақ біз көтеріліс уақытында, патша өкіметіне тікелей соққы беретін кезде, әскерге тойтарыс беретін кезде, бүкіл орыс халқының қарғыс атқан жауының бастилиясына шабуыл жасайтын кезде қол ұстасып бірге жүруге тиіспіз.

Қазір бүкіл дүние жүзінің пролетариаты бүкіл Россия пролетариатына аса зарыға көз тігіп отыр. Біздің жұмысшы табының батырлықпен бастап отырған ісі — Россияда патша өкіметін құлату ісі барлық елдердің тарихында бетбұрыс кезең болмақ, барлық мемлекеттерде, жер шарының барлық түкпірлерінде барлық ұлттардың барлық жұмысшыларының ісіне жеңілдік болмақ. Әрбір социал-демократ, әрбір саналы жұмысшы кәзірде өз мойнына бүкіл халықтық күрестің қандай ұлы міндеттері жүктелетінін есінде сақтасын. Ол өзі бүкіл шаруаның, еңбекшілер мен каналушылардың бүкіл бұқарасының, бүкіл халықтың мүдделері мен тілектерін қолдап жалпы халық жауына қарсы шығатынын ұмытпасын. Петербургтің батыр-пролетарларының үлгісі кәзірде барлық жұрттың көз алдында тұр.

Революция жасасын!

Көтеріліске шыққан пролетариат жасасын!



РЕВОЛЮЦИЯ КҮНДЕРІ,

1905 жылы 31(18) январьда
„Вперед“ газетінің 4-номерінде
басылған

„Вперед“ газетінің
қолжазбамен салыстырылған
тексті бойынша басылып отыр

THE UNIVERSITY OF CHICAGO

THE UNIVERSITY OF CHICAGO
1100 SOUTH EAST ASIAN LIBRARY
CHICAGO, ILLINOIS 60607

THE UNIVERSITY OF CHICAGO
1100 SOUTH EAST ASIAN LIBRARY
CHICAGO, ILLINOIS 60607

РОССИЯДА НЕ БОЛЫП ЖАТЫР?

Болып жатқан бүлік пе әлде революция ма? Бүкіл дүние жүзіне Петербург оқыйғалары туралы хабарлап, ол оқыйғаларға баға беруге тырысып жүрген Европа журналистері мен репортерлерінің өздеріне қойып отырған сұрауы осындай. Патша әскерлері жеңімпаздықпен қарсы аттанған бұл он мыңдаған пролетарлар бүлікшілер ме әлде инсургенттер ме? Оқыйғаларды шежіреші сыяқты ешкімге тартпай, «бөгде тұрып» қарауға басқадан да гөрі көп мүмкіншілігі бар шетел газеттері де бұл сұрауға жауап беруге қыйналады. Олар ылғый бір терминологиядан екінші терминологияға жармасып шатаса береді. Бұған таңқалуға да болмайды. Революция дегеніміз сәті түскен бүлік, ал бүлік дегеніміз сәті түспеген революция деп жұрт текке айтпайды. Ұлы және орасан зор оқыйғалардың басталуында қатысқан адам, болып жатқан оқыйғалар жайында үшінші бір адамдардан бірдемелерді өте толық емес, дәл емес етіп білуге ғана мүмкіншілігі бар адам, — міне мұндай адам, әрине, белгілібір уақытқа дейін нақтылы пікір айтуға бата алмайды. Ескі сарынмен бүлік, бүліншілік, тәртіпсіздік туралы айтып жүрген буржуазия газеттері бұлардың жалпыұлттық, тіпті халықаралық маңызы бар екендігін қайтсе де көрмей тұра алмайды. Атап айтқанда осының өзі оқыйғаларға революция сыйпатын береді ғой. Сондықтан бүліктің соңғы күндері туралы жазушылар қалай дегенмен де революцияның бірінші күндері жөніндегі сөздерге ауып кетіп отырады. Россия тарихындағы бетбұрыс кезең туып отыр. Бүкілроссиялық самодержавиенің күдіретті, бақылаусыз өкіметіне барынша масат-

танып, мәз болған барып тұрған Европа консерваторының өзі де мұны бекер дей алмайды. Самодержавие мен халықтың арасында бітім болады деп айтуға да болмайды. Революция туралы жалғыз қайдағыбір жанкешті адамдар ғана, жалғыз «нигилистер» ғана, Европа орыс революционерлерін әлі де болса осылай деп атап жүр, айтып жүрген жоқ, дүниежүзілік саясатқа онша-мұнша көңіл бөле алатын адамдардың бәрі де және әрқайсысы да революция туралы айтып жүр.

Орыс жұмысшы қозғалысы бірнеше күннің ішінде ең жоғарғы сатыға көтерілді. Ол біздің көз алдымызда жалпыхалықтық көтеріліске ұласып келеді. Бізге бұл жерде, Женевада отырып, осы қарғыс атқан алыс жерімізден оқыйғаларға ілесіп отыру адам айтқысыз қыйын болып барады, бұл түсінікті нәрсе. Бірақ біз осы қарғыс атқан алыста жүріп зарығуға мәжбүр болып отырған кезде біз оқыйғаларға ілесіп отыруға тиіспіз, қортындылар шығарып, пікірімізді қорытып отыруға тиіспіз, бүгінгі тарихтың тәжірибесінен сабақтар алуға тиіспіз, бұл сабақтар бүгінгі күні әзірше «халық үнсіз жатқан», алдағы таяу уақыт ішінде белгілібір формада революция өрті тұтанғалы тұрған екіншібір жерде ертеңгі күні пайдаға аспақ. Біз публицистердің үнемі істейтін ісін істеуге тиіспіз — кәзіргі заманның тарихын жазуға тиіспіз және оны жазғанда біз өзіміздің күнделік өмірді жазуымыз оқыйға болып жатқан жердегі қозғалысқа тікелей қатысушылар мен батыр-пролетарларға шамадан келгенше көмек беретіндей етіп жазуға тырысуға тиіспіз, — оны жазғанда қозғалысты кеңейтуге, күрестің барынша аз күш жұмсалып, барынша көп және барынша берік нәтижелер бере алатын құралдарын, тәсілдері мен әдістерін саналы түрде тандап алуға жәрдемдесетіндей етіп жазуға тиіспіз.

Революциялардың тарихында ондаған жылдар, ғасырлар бойы пісіп келген қайшылықтар сыртқа қалқып шығып отырады. Өмір адам айтқысыз байып келеді. Үнемі қалтарыста қалып келген, сондықтан да үстірт шолушылар екінің бірінде елемей келген немесе тіпті жек көріп келген бұқара белсенді күрескер ретінде саяси майданға шығып отыр. Бұл бұқара барлық жұрттың көз алдында тәжірибелік қадамдар жасап, жүретін жолды бағдарлап, міндеттерді белгілеп, өздерін және барлық өз идеолог-

тарының теорияларын тексере отырып тәжірибе жүзінде үйренуде. Бұл бұқара өзіне тарих жүктеп отырған дүниежүзілік орасан зор міндеттердің дәрежесіне көтерілуге өрлікпен күш салуда, сондықтан кейбір жеке жеңілістер қаншама зор болғанымен, судай аққан қан мен мындаған құрбандықтар бізді қаншама састырғанымен, — революциялық күрестің барысының өзінде бұқара мен таптардың дәл осылайша тікелей тәрбиеленуіне өзінің маңызы жағынан ешнәрсе, ешуақытта да тең келмейді. Бұл күрестің тарихын күн санап өлшеуге тура келеді. Сондықтан кейбір шетелдік газеттер кәзірдің өзінде «орыс революциясының күнделік дәптерін» текке жасап отырған жоқ. Осындай күнделік дәптерді біз де жасайық.

2

ПОП ГАПОН

Поп Гапон — провокатор, бұл болжауды оның зубатовтық қоғамның қатысушысы мен бастаушысы болып отырған фактысы дәлелдейтін тәрізді. Сонсын, шетелдік газеттер, біздің тілшілер тәрізді, полицияның стачкалық қозғалыстың кеңірек және еркінірек үдей түсуіне әдейі жол бергендік фактысын, жалпы алғанда үкіметтің (әсіресе ұлы князь Владимирдің) өзіне ең қолайлы жағдайда қанды қырғын жасағысы келген фактысын атап көрсетіп отыр. Ағылшын тілшілері тіпті: істің жағдайы осылай болып отырғанда қозғалысқа нақ зубатовшылардың белсене қатысуы үкімет үшін ерекше тиімді болған болу керек деп көрсетеді. Басқаның бәрінен де гөрі тезірек қару жыйнауы мүмкін революцияшыл интеллигенция мен саналы пролетарлар зубатовтық қозғалыстан бойын аулақ салмай тұра алмады, онан безбей тұра алмады. Сонымен үкімет өзінің қолын барынша бос ұстап, ұтылмайтын ойын ойнады: демонстрацияға ең бейбітшіл, ең аз ұйымдасқан, ең артта қалған жұмысшылар келеді; біздің әскерге оларды жеңу оп-оңай, ал мұның өзі пролетариатқа жақсы сабақ болады; көшеде кез келгендердің бәрін атып өлтіре беру үшін мұның өзі өте жақсы сылтау болады; орданың реакциялық (немесе ұлы-князьдық) партиясы либералдарды толық жеңіп шығатын болады; өте қатты жазалау болады деп ойлады.

Ағылшын газеттері де, консервативтік неміс газеттері де үкіметтің (немесе Владимирдің) нақ осындай қыймыл

жасау жоспары болды деп тікелей атап көрсетеді. Мұның шын болуы барынша ықтыымал нәрсе. 9 январьдағы қанды күннің оқыйғалары мұны тамаша дәлелдеп отыр. Ал мұндай жоспардың болуы поп Гапонның *білмей* мұндай жоспардың кұралы болуы мүмкін екендігін ешбір теріске шығара алмайды. Орыстың жас дін иелерінің кейбір бөлегінің ішінде либералдық, реформалық қозғалыстың бар екендігі күмәнсіз: бұл қозғалыстың жақтаушылары діни-философиялық қоғамның жыйналыстарынан да, шіркеулік әдебиеттен де табылды. Бұл қозғалыс керек десе өзіне: «жаңа православный» қозғалыс деген ат алды. Сондықтан поп Гапонның нағыз христиандық социалист болуы мүмкін, нақ осы қанды жексембінің өзі оны нағыз революциялық жолға итермеледі деген ойдан мүлде безуге болмайды. Біздің бұлай деп ойлауымызға қосымша себеп болып отырған нәрсе Гапонның 9 январьда болған қырғыннан кейін — «бізде патша жоқ» деп жазған хаты, оның бостандық үшін күреске шақыруы, т. т. — міне бұл фактылардың бәрі оның адал екендігін және шыншыл екендігін көрсететін фактылар, өйткені көтерілісті жүргізе беруді жақтап мұндай күшті үгіт жүргізу провокатордың міндетіне ешбір жатпайды.

Қалай болған күнде де социал-демократтардың жаңа басшы жөніндегі тактикасы өз өзінен белгіленді: зубатовшыға абайлап, соңын күтіп, сенбей қарау қажет. Қайткен күнде де көтеріліп отырған (тіпті зубатовшы көтеріп отырса да) стачкалық қозғалысқа қызу қатысу қажет, социал-демократиялық көзқарастар мен ұрандарды қызу түрде уағыздау қажет. Жоғарыда келтірген хаттардан көрініп отыр, РСДЖП-ның Петербург комитетіндегі біздің жолдастар да осындай тактика қолданыпты³³. Орда маңындағы реакцияшыл сұрқыялардың жоспарлары қаншама «айлакерлік» жоспар бола тұрса да, бүкіл халық авангарды болған пролетарлардың таптық күресі мен саяси наразылығының шындығы онан көп есе айлакер болып шықты. Полициялық және әскери жоспарлардың үкіметке қарсы жұмсалғандығы, ұсақ себеп ретінде болған зубатовшылдықтан кең, ірі, бүкіл-

россиялық революциялық қозғалыстың өсіп шыққандығы, — міне бұл факт. Полициялық амал, айла атаулының бәріне де қарамастан жұмысшы табының революциялық жігері мен революциялық инстинкті жойқын күшпен сыртқа жарып шықты.

3

ПЕТЕРБУРГТЕГІ УРЫСТЫҢ ЖОСПАРЫ

Жұмысшылар петиция беру үшін бейбітшілікпен қарусыз барып отырғанда ұрыс туралы айту, бірден қарағанда, таңқаларлық нәрсе. Бұл — қырғын еді. Ал үкімет нақ ұрыстың болуын күтті және, сөз жоқ, ол әбден ойланған жоспар бойынша қыймылдады. Ол Петербургпен Қысқы орданы қорғау мәселесін соғыс тұрғысынан алып талқылады. Ол соғыс жөнінде барлық шараларды қолданды. Ол азаматтық өкімет орындарының бәрін былай қойып, біржарым миллион халқы бар астананы халықтың қанын ішуді аңсап отырған ұлы князь Владимир бастаған генералдардың толық қарамағына берді.

Үкімет көтерілісті қанға бояп басу мақсатын көздеп, пролетариатты әдейі көтеріліс жасауға мәжбүр етті, қарусыз жұмысшыларды ұрып-соғу арқылы баррикада жасатты. Пролетариат үкіметтің бұл сыяқты соғыс сабақтарын үйренетін болады. Пролетариат революцияны бастап отырғаннан кейін, ол азамат соғысын жүргізудің өнерін де үйренеді. Революция дегеніміз — соғыс. Революция — тарихта болған соғыстардың барлығының ішіндегі бірден бір заңды, толық праволы, әділ, шын ұлы соғыс болып табылады. Бұл соғыс, барлық соғыс атаулы сыяқты, бір топ билеушілер мен қанаушылардың бас-пайдасының мүдделері үшін жүргізіліп отырған жоқ, халық бұқарасының мүдделері үшін тирандарға қарсы, миллиондаған, он миллиондаған қаналушылар мен еңбекшілердің мүдделері үшін озбырлық пен зорлық-зомбылыққа қарсы жүргізіліп отыр.

Сырттан байқаушылардың бәрі кәзірде бұл соғыстың Россияда жарыяланып және басталып отырғандығын бі-

рауыздан мойындайды. Пролетариат бұдан да көп бұқара болып тағыда көтеріледі. Петербург жұмысшылары петициядан баррикадаға қалай жылдам көшкен болса, патшаға балаша сенушіліктің қалдықтары да соншалықты тез жойылмақ. Жұмысшылар барлық жерлерде қаруланады. Қару-жарақ тұратын складтар мен магазиндарды бақылау жөнінде полицияның бұрынғыдан он есе қатаятындығын дәлелдеп жатудың қажеті жоқ. Қолдарында қаруы болмаса өздерін үкіметтің қандай сылтаумен болса да атуға дейін апаратындығына көзі жеткен қала бұқарасын ешқандай қаталдық, ешқандай тыйым салу тоқтата алмайды. Әркім жеке-жеке мылтық немесе револьвер болса да тауып алуға, тапқан қаруды полициядан жасыруға және патша өкіметінің қанқұмар малайларына тойтарыс беру үшін дайын болуға барлық күшін сала тырысады. Бастау атаулының қандайы болса да қыйын болады — дейді мақал. Қарулы күреске көшу жұмысшыларға өте қыйын болды. Қазірде үкімет оларды соған көшуге мәжбүр етіп отыр. Ең қыйын бірінші қадам жасалды.

Ағылшын тілшісі жұмысшылардың Москва көшелерінің бірінде болған ерекше бір әңгімесін келтіреді. Біртоп жұмысшы сол күннің берген сабақтарын ашықтан-ашық талқылап тұр екен. «Балта? — дейді біреуі. — Жоқ балтамен қылышқа қарсы ешнәрсе істей алмайсың. Балтамен ұрып оған жеткізе алмайсың, ал пышақпен онан да бетер жеткізе алмайсың. Жоқ, револьвер керек, ең болмағанда револьвер керек, ал мылтық болса тым жақсы». Осындай және осы сыяқты әңгімелер кәзірде бүкіл Россияда айтылып жүр. Ал бұл әңгімелер Петербургта болған «Владимир күнінен» кейін тек әңгіме болып қана қалмайды.

Патшаның қырғынды басқарған ағасы Владимирдің соғыс жоспары — қала төңірегін, жұмысшылар тұратын қала төңірегін қаланың орталығына жібермеу болып табылады. Солдаттарды барынша күш салып: жұмысшылардың Қысқы орданы қыйратып (иконалар, крестер және петициялар арқылы!), патшаны өлтіргісі келеді деп сендіруге тырысты. Стратегиялық міндет көпірлерді және Орда алаңына апаратын көшелерді қорғау болды. Сөйтіп «соғыс қыймылы» болған негізгі жерлер: көпір (Троицк, Сампсониевск, Николаевск, Ордалық) алаң-

дары, жұмысшы кварталдарынан орталыққа апаратын көшелер (Нарва застапасындағы, Шлиссельбург қара жолындағы, Невскідегі көшелер), ақырында, Орда алаңы болды, Орда алаңына қайткенмен де, әскерлердің көп жыйналғандығына қарамастан, қаншама тойтарыс берілгендігіне қарамастан, жұмысшылар мың-мындап еніп кетті. Жұмысшылардың қайда бара жатқандығын жұрттың бәрі жақсы білді, жыйналатын бір-ақ пункт бар екенін, мақсаттың біреу-ақ екенін білді, әрине, мұның өзі соғыс қыймылдарының міндетін керемет жеңілдетті. Өзінің қайда және не үшін бара жатқанын күні бұрын барлық жұртқа айтып, күр қол бара жатқан дұшпанға қарсы батыл генералдар ойдағыдай «жеңісті» әрекет жасады... Мұның өзі — қорғаны жоқ, бейбіт халық бұқарасын барып тұрған оңбағандықпен, шіміркпей қырғындау болды. Осы болған оқыйғалардың бәрін енді бұқара көп уақыт ойға салып, еске түсірулер мен әңгімелерде айтып есте ұстайтын болады. Бұл ойға салулардан, «Владимир сабағының» бұқараның санасына енуінен шығатын бірден-бір және сөзсіз қортынды: соғыста соғыстағыша қыймылдау керек деген қортынды болады. Жұмысшы бұқарасы, ал олардың соңынан деревня кедейлерінің бұқарасы да өздерін соғысушы жақ деп білетін болады, міне сонда... сонда біздің азамат соғысындағы келесі ұрыстар бір ғана ұлы князьдар мен патшалардың «жоспарлары» бойынша өтпейтін болады. 9 январьда Невскідегі жұмысшылардың бір тобының ішінен шыққан: «Қару ал!» деген ұран енді аяқсыз қала алмайды.

4

«ПЕТЕРБУРГТЕГІ ҰРЫСТЫҢ ЖОСПАРЫ» ДЕГЕН
МАҚАЛАҒА ҚОСЫМША

Петербургтегі ұрыстың жоспарын біз «Впередтің» 4-номерінде суреттеп жазған болатынбыз*. Енді біз ағылшын газеттерінен осы жоспардың қызғылықсыз емес кейбір егжей-тегжейлерін кездестіріп отырмыз. Ұлы князь Владимир соғысушы армияның командашысы етіп генерал князь Васильчиковты тағайындаған. Бүкіл астана офицерлер арасында участок етіліп бөлінген. Патша қарулы жаудың шапқынына ұшырағандай-ақ шындап соғыс жүргізді. Соғыс операцияларының кезінде бас штаб Васильев Аралында карта ойнап отырды, сөйтіп әрбір участоктің бастығынан әрбір жарты сағатта бір хабар алып отырды.

Бұл Петербург жұмысшыларының есінде болсын!

*1905 ж. январьдың аяғында
(февральдың басында) жазылған*

*Бірінші рет 1926 ж. Лениннің
V жыйнағында басылған*

*Қолжазба бойынша
басылып отыр*

* Осы томның 101—103-беттерін қараңыз. *Ред.*

5

«ПАТША-АҒЗАМ» ЖӘНЕ БАРРИКАДАЛАР

Қанды жексембінің оқыйғаларына жалпы көз жібере отырып, аңқаулық жасап патриархтық түрде патшаға сенушілік пен қолына қару алып патша өкіметіне қарсы табан тірескен көше күресінің осындай бірге қабаттасып отырғанына таң қаласың. Орыс революциясының бірінші күні ескі Россия мен жаңа Россияны адам айтқысыз күшпен бетпе бет қарсы қойды, шаруалардың патша-ағзамға атам заманғы сенімінің жан тәсілім бергелі тұрғанын көрсетті және қала пролетариаты сыяқты революцияшыл халықтың туғандығын көрсетті. Европаның буржуазиялық газеттері: 10-шы январьдағы Россия 8-ші январьдағы Россия емес деп текке айтып отырған жоқ. Жоғарыда біз атап өткен немістің социал-демократиялық газеті³⁴ бұдан 70 жыл бұрын Англияда жұмысшы қозғалысының қалай басталғандығын, 1834 жылы ағылшын жұмысшыларының көше демонстрациялары арқылы жұмысшы одақтарына тыйым салуға қарсы қалай наразылық білдіргендігін, олардың 1838 жылы Манчестердің қасында орасан зор жыйналыстарда «халық хартиясын» қалай дайындағандығын және пастор Стивенстің — «жасағанның еркін ауасымен дем алып, жасағанның еркін жерінде жүрген әрбір ерікті адамның өзінің меншікті ошағына ие болуға правосы бар» деп жарыялағандығын текке еске түсіріп отырған жоқ. Ал нақ осы пастор жыйналған жұмысшыларды қолдарына қару алуға шақырған болатын.

Біздің Россияда да қозғалысты басқарған священник болып шықты, ол — бейбіттік талаппен патшаның өзіне баруға шақырудан — революцияны бастауға шақыруға

бір күннің ішінде көшті. Священник Георгий Гапон қанды күннен кейін либералдар жыйналысында оқылған хатында былай деп жазды: «Жолдастар, орыс жұмысшылары! Бізде енді патша жоқ. Бүгін патша мен орыс халқының арасында адам қаны судай ақты. Орыс жұмысшыларының халық бостандығы үшін болатын күресті патшасыз бастап жүргізе беретін уақыты жетті. Сіздерге бүгінге арнап бата беремін. Ертең мен сіздердің орталауыңызда боламын. Бүгін мен өзіміздің ісіміз жөніндегі жұмыстан ешбір босамай отырмын».

Мұны священник Георгий Гапон айтып отырған жоқ. Мұны осы уақытқа дейін патша-ағзамға аңқаулықпен және беталды сеніп келген, өзінің адам айтқысыз ауыр күйіне жеңілдікті патша-ағзамның «өзінен» іздеп, барлық оңбағандықтар үшін, зорлық-зомбылықтар үшін, озбырлық пен талаушылық үшін патшаны алдап жүрген чиновниктерді ғана айыптап келген мыңдаған және он мыңдаған, миллиондаған және он миллиондаған орыс жұмысшылары мен шаруалары айтып отыр. Артта қалған, тағы, қайдағыбір қараңғы түкпірлерде қалып келген мужик өмірінің көптен бергі ұрпақтары бұл сенімді нығайтып отырды. Қалалы, өнеркәсіпті, сауатты, жаңа Россия өмірінің әрбір айы бұл сенімді әлсіретіп, бұзып отырды. Жұмысшы қозғалысының соңғы он жылы мыңдаған алдыңғы қатардағы социал-демократ-пролетарларды шығарды, бұлар осы сенімнен барынша саналы түрде бас тартты. Бұл он жыл он мыңдаған жұмысшыларды тәрбиелеп шығарды, осы жұмысшылардың стачкалық күрес пен саяси үгітте нығайған таптық инстинктісі мұндай сенімнің барлық негіздерін әлсіретті. Бірақ бұл мыңдаған, он мыңдаған жұмысшылардың сыртында жүз мыңдаған және миллиондаған еңбекшілер мен қаналушылар, қорлық көргендер мен зәбірленгендер, пролетарлар мен жартылай пролетарлар тұр, бұларда мұндай сенім әлі де болса жойыла қоймады. Олар көтеріліске бара алмады, олар тек сұрауға және жалбарынуға ғана қабілетті болды. Олардың сезімі мен көңіл ауанын, олардың білім дәрежесі мен саяси тәжірибе дәрежесін священник Георгий Гапон көрсетті, міне күні кеше ешкім білмеген, бүгінде бүкіл Петербургтің, ал Петербургтен соң бүкіл европалық баспасөздің батыры болған

адамның орыс революциясының бас кезінде атқарған ролінің тарихи маңызы да осында.

Жоғарыда біз хаттарын келтіріп өткен Петербург социал-демократтарының алғашында Гапонға сенбегендігі және сенімсіздік білдірмей тұра алмағандығы енді түсінікті. Дін киімін киіп, құдайға сеніп, Зубатов пен охранка бөлімінің жоғарыдан қамқорлық етуімен іс істеген адам жөнінде күдіктенбеуге болмайтын еді. Ол шын болсын, өтірік болсын әйтеуір үстіндегі дін киімін жыртып, өзінің оңбаған сословиеге, халықты тонап, аздыратын поптар сословиесіне жататындығын қарғап-сіледі, мұның шын, өтірік екендігін Гапонның өз басын жақын білетін адамдардан басқа, яғни ат төбеліндей азғана адамдардан басқа ешкім сеніп айта алмады. Мұны етек алып келе жатқан тарихи оқыйғалар ғана, тек фактылар, фактылар және фактылар ғана шеше алатын болды. Сөйтіп фактылар бұл мәселені Гапонның пайдасына шешті.

Біздің петербургтік жолдастар пролетариаттың адам айтқысыз қалың көпшілігін қамтыған жаппай стачканың тоқтаусыз жылдам өсуін көріп, провокатордың да соңынан еріп кетуі мүмкін «қарапайым» бұқараға Гапонның ықпалының керемет жүретіндігін көріп, — социал-демократия бұл стихиялық қозғалысты меңгере ала ма? — деп қауіптеніп сұрады. Сондықтан социал-демократтар бейбітшілік жолмен талап қоюды мүмкін дейтін аңқау жалған үміттерді қолдамай ғана қойған жоқ, олар Гапонмен таласты, олар өздерінің бүкіл көзқарастары мен өздерінің бүкіл тактикасын тікелей және үзілді-кесілді жақтап шықты. Ал социал-демократияның қатысуынсыз жұмысшы бұқарасы жасаған тарих осы көзқарастар мен осы тактиканың дұрыс екендігін дәлелдеді. Пролетариаттың таптық жағдайының логикасы Гапонның қателерінен, аңқаулығынан және жалған үміттерінен күшті болып шықты. Патшаның атынан және патшаның бүкіл өкімет билігін алып әрекет еткен ұлы князь Владимир өзінің жеңдеттік сабаздығы арқылы социал-демократтардың баспасөз жүзінде де, ауызша да жұмысшылар бұқарасына әрдайым көрсетіп келгенін және көрсете беретінін, міне нақ соны, жұмысшы бұқарасына көрсетпек болды.

Біз: әлі де патшаға аздап болса да сенетін жұмысшылар

мен шаруалар бұқарасы көтеріліске бара алмады — дедік. Тоғызыншы январьдан кейін біздің: енді олар көтеріліске бара алады, барады да деуге правомыз бар. «Патша-ағзам» қарусыз жұмысшыларды қанға бояп жазалау арқылы жұртты баррикадаға өзі итермеледі және оларға баррикадаларда күресудің алғашқы сабақтарын үйретті. «Патша-ағзамның» берген сабақтары босқа кетпейді.

Социал-демократияның Петербургте болған канды күндер жөніндегі хабарларды мүкіндігінше кең тарату туралы, өз күштерінің тамаша топтасып, ұйымдасуы туралы, өзінің әлдеқашан көтерген: *бүкіл халықтық қарулы көтеріліс* — деген ұранын бұрынғыдан да гөрі жігерлі түрде насихаттау туралы кам жеуіне тура келеді.

6

АЛҒАШҚЫ АДЫМДАР

Өртті тұтандырған ұшқын еңбектің капиталмен ең дағдылы соқтығысуларының бірі — бір заводта болған стачка еді. Алайда, көңіл қоятын нәрсе, Путилов заводының 12000 жұмысшысының дүйсенбіде, 3 январьда, бұрық ете түскен осы стачкасы бәрінен де гөрі пролетарлық ынтымақ үшін болған стачка болды. Стачкаға себеп болған нәрсе төрт жұмысшының жұмыстан шығарылуы еді. Бізге бір жолдас Петербургтен 7 январьда былай деп жазады: «Оларды жұмысқа қайта алу туралы қойылған талап қанағаттандырылмағаннан соң завод өте ынтымақтасып бірден көтерілді. Стачка әбден бабымен жүргізілді; машиналар мен басқадай мүлікті сана-сыздау адамдардың бірдеме етіп бүлдіруінен қорғау үшін жұмысшылар бірнеше адамдарды бөліп шығарып қойды. Бұдан соң олар өздерінің талаптарын хабарлап және бізге қосылындар деп ұсыныс жасап, басқа заводтарға депутация жіберді». Мындаған, он мындаған жұмысшылар қозғалысқа қатыса бастады. Пролетариатты ұдайы монархиялық насихат арқылы аздыру мақсатымен үкіметтің көмегі бойынша құрылған зубатовтық, жарыя жұмысшы қоғамы қозғалыстың төменгі сатыларында оны ұйымдастыру ісіне және оның ұлғайып өсуіне аз еңбек сіңірген жоқ. Зубатовшыларға: жұмысшы табының революциялық инстинкті және оның ынтымақшылдық рухы полицейлік ұсақ айлалардың кандайын болса да жеңіп шығады, деп айтып келген социал-демократтардың әлдеқашаннан бері көрсетіп келген нәрсесі жүзеге асты. Зубатовшылар ең артта қалған жұмысшыларды қозғалысқа тартады, ал онан арғы жерде жұмысшыларды әрі итермелеуге патша үкіметінің өзі-ақ

тырысатын болады, капиталистік қанаудың өзі-ақ оларды бейбіт және мүлде екіжүзді зубатовшылдықтан революцияшыл социал-демократияға қарай жақындататын болады. Пролетарлық өмір мен пролетарлық күрестің практикасы зубатовшыл мырзалардың «теориялары» мен зорлануларының бәрін жеңіп шығады*.

Расында да солай болып шықты. Бір жұмысшы жолдас, Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясының Петербург комитетінің мүшесі, 5-январьда бізге жазған хатында өзінің алған әсерін былайша баяндайды:

«Семянников заводы жұмысшыларының Нева заставасының аржағында жаңа ғана болып өткен жыйналысынан алған жаңа әсерім бойынша жазып отырмын. Бірақ алдымен Петербург жұмысшыларында үстем болып отырған көңіл-ауаны туралы бір-екі сөз айта кетейін. Жұртқа мәлім, соңғы кезде бұл жерде поп Гапонның басшылығымен «зубатовтық» ұйымдар шыға бастады яки, дұрсырағын айтқанда, қайта туа бастады. Бұл ұйымдар өте қысқа мерзімнің ішінде тым көбейіп, күшейді. «Орыстың, фабрика жұмысшыларының жыйналысы» дейтіннің кәзірдің өзінде 11 бөлімі болып отыр. Дәл күткеніміздей, бұл жыйналыстардың нәтижелері оңтүстіктегі сыяқты болып шығуға тиіс болды.

Петербургте кең стачкалық қозғалыс басталып келе жатыр деп кәзірде сеніп айтуға болады. Біресе ана заводта, біресе мына заводта жаңа ереуіл болғандығы күн сайын дерлік естіліп жатады. Путилов заводының ереуіл жасағанына міне екі түн болды. Бұдан екі жетідей бұрын Выборг жағындағы мақта иіретін Шау фабрикасы ереуіл жасады. Стачка төрт күндей созылды. Жұмысшылар ешнәрсе өндіре алмады. Бүгін-ертең бұл стачка қайта басталады. Көңіл ауаны барлық жерде де көтеріңкі, бірақ оны социал-демократияның пайдасына болып отыр деуге болмайды. Жұмысшылардың дені таза экономикалық күресті қолдап, саяси күреске қарсы болып отыр. Бірақта бұл көңіл ауаны өзгереді, сөйтіп жұмысшылар саяси күрессіз ешқандай экономикалық жақсартуларға

* Лениннің «Не істеу керек?» деген кітабының 86—88 беттерін салыстырыңыз. (Қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 5-том, 491—492-беттер. Ред.)

қолы жетпейтіндігін түсінеді деп күтіп, сену керек. Кеме жасайтын Нева қоғамының (Семянниковтың) заводы бүгін ереуіл жасады. «Орыстың фабрика-завод жұмысшылары жыйналысының» жергілікті бөлімі басталып отырған стачканың жетекшісі болуға тырысуда, бірақ бұл, әрине, оның қолынан келмейді. Мұнда өзінің керемет әлсіздігіне қарамастан стачканың жетекшісі социал-демократия болмақ.

Петербург комитетінен листоктар шығарылды: олардың екеуі Шаудың мақта иіретін фабрикасына арналып, біреуі — Путилов жұмысшыларына арналды. Кеме жасайтын Нева заводының жұмысшыларының бүгін жыйналысы болды. Бұған 500-ге таяу жұмысшы жыйналды. «Жыйналыстың» жергілікті бөлімінің мүшелері бірінші рет шығып сөйледі. Олар саяси талаптардан бас тартып, көбінесе экономикалық талаптар қойды. Тобыр арасынан ұнатпаған дауыстар естіліп жатты. Дәл сол кезде «Русская Газетаның» қызметшісі Строев келді, оны Петербург жұмысшылары қатты сыйлайтын еді. Строев қарар ұсынды, оның айтуына қарағанда, бұл қарарды ол өзі және социал-демократияның өкілдері дайындаған көрінеді. Бұл қарар пролетариат пен буржуазияның таптық мүдделерінің қарама-қарсы екендігін атап көрсеткенменде жеткілікті дәрежеде көрсете алмаған. Строевтен кейін социал-демократ жұмысшы жолдастар сөйледі, олар бұл қарарды принцип жағынан қорғап, бірақта оның тапшы жерлері мен кемшілігін баса көрсетті. Бұдан соң әбігерлік басталды, кейбіреулер социал-демократтардың сөзіне рыйза болмай, жыйналысты бұза бастады. Председатель жыйналысты бұзушы адамдардың ішінен еді, жыйналыс көпшілік дауыспен оған қарсы шығып, жаңа председатель етіп социалисті сайлады. Бірақ «қоғам» (зубатовтық) мүшелері тынбады, жыйналысты бұзуын тоқтатпады. Жыйналыстың басым көпшілігі (90%) социалистердің жағында болғандығына қарамастан, жыйналыс ақыр аяғында ешнәрсе қабылдамай тарады да, қарарды ертеңге қалдырды. Тым болмағанда — социал-демократтар жұмысшылардың көңіл-ауанын өздеріне қарата алды, — деп айтуға болады. Ертең үлкен жыйналыс болмақ. — Онда екі-үш мың адам болуы мүмкін. — Таяудағы күндердің ішінде 1903 жылы оңтүстікте болған июль демонстрациясы сыяқты бір орасан зор де-

монстрацияның болуын күту керек. Француз-орыс қоғамының заводы — төрт-бес мыңға таяу адам — ереуіл жасап отыр. Штиглицтің мақта иіретін фабрикасында, — бес мыңға таяу адам бар, — стачка басталды деп хабарлайды. Обухов заводында, — бес-алты мың адамы бар, — стачка болмақшы».

Социал-демократтың, жергілікті комитет мүшесінің (әлбетте, ол Петербургтің кішкене бір бөлегінде болған оқыйғалар туралы ғана дәл біле алады) осы мәліметтерін шетелдік газеттердің, әсіресе ағылшын газеттерінің мәліметтерімен салыстыра отырып, біз: бұл соңғы мәліметтердің өзгешелігі — өте дәл мәліметтер деп қортынды жасауға тиіспіз.

Стачка күннен күнге адам айтқысыз тез өсті. Жұмысшылар толып жатқан жыйналыстар ашып, өздерінің «хартиясын», өздерінің экономикалық және саяси талаптарын дайындады. Бұл екі талаптың екеуі де, зубатовшылардың басқарғандығына қарамастан, жалпы алғанда социал-демократиялық партия программасының талаптарына сай келді, тіпті: жалпыға бірдей, төте, тең және дауысты жасырын беру арқылы жүргізілетін сайлау правосы негізінде құрылтай жыйналысы шақырылсын деген ұранға дейін барды. Өзінің көлемі жағынан бұрын болып көрмеген стачканың стихиялық өсуі ұйымдасқан социал-демократтардың қозғалысқа жоспар бойынша қатысуынан әлдеқайда озып кетті. Алайда сөзді солардың өздеріне берейік.

7

ҚАНДЫ ЖЕКСЕМБІНІҢ ҚАРСАҢЫ

Біз қозғалыстың барысы туралы өз әңгімемізде Гапонның бастауы бойынша құрылтай жыйналысын шақыру туралы патшаға «петиция» тапсыру үшін 9-январьдағы жексембіге жұмысшы бұқарасының Қысқы ордаға баруы белгіленді деп тоқталған болатынбыз. Стачка Петербургте сембі күні-ақ, 8 январьда, жаппай стачкаға айналды. Ресми мәліметтердің өзі ереуілге шыққандардың саны 100—150 мың адам болады деп көрсетті. Россия осы уақытқа дейін тап күресінің мұндай орасан зор дүмпуін көрген емес. Бір жарым миллион халқы бар орасан зор астананың бүкіл өнеркәсіптік, саудалық, қоғамдық өмірінің берекесі кеткен болып шықты. Пролетариат кәзіргі цивилизацияға *өздері, тек өздері ғана*, тірек болып отырғандығын, байлық пен молшылықтың пролетариат еңбегі арқылы жасалатындығын, біздің бүкіл «мәдениетіміздің» тірегі өзі екендігін іс жүзінде көрсетті. Қала газетсіз де, жарықсыз да, сусыз да қалды. Сөйтіп бұл жаппай стачканың ашықтан-ашық саяси сыйпаты болды, ол революциялық оқыйғалардың тікелей бастамасы болды.

Оқыйғаларды көзімен көрген бір адам бізге жазған хатында тарихи күннің қарсаңын былай деп суреттейді:

«Петербургтегі ереуіл 7 январьдан бастап жаппай ереуілге айналды. Барлық ірі заводтар мен фабрикалар ғана тоқтап қойған жоқ, сонымен қатар көп мастерскойлар да тоқтады. Бүгін, 8 январьда, «Правительственный Вестник»³⁵ пен «Ведомости С.-Петербургского Градоначальства»-дан басқа бірде-бір газет шыққан жоқ. Қозғалысты басқару ісі әлі де зубатовшылдардың қолында

отыр. Біз Петербургте болып көрмеген жағдайды көріп отырмыз, сондықтан, — социал-демократиялық ұйым ең болмағанда біраз уақыттан кейін болса да қозғалысты өз қолдарына ала ала ма деген, — белгісіз нәрседен қорқып адамның жүрегі тітіркейді. Жағдай өте-мөте қыйындап кетті. Осы күндердің бәрінде «Орыс жұмысшылары одағының» үйлерінде қаланың барлық аудандарында күн сайын жұмысшылардың көпшілік жыйналыстары өтіп жатыр. Жыйналыс болып жатқан үйлердің алдындағы көшелерде мындаған жұмысшылар күні бойы лық толып тұрады. Социал-демократтар оқтын-оқтын сөз сөйлеп, листоктар таратады. Зубатовшылар оппозиция жасауға тырысқанымен жұрт бұл сөздер мен листоктарды жалпы тілектестікпен қарсы алады. Сөз самодержавие туралы болған кезде, олар: «Мұның бізге керегі жоқ, самодержавие бізге кедергі жасамайды!» — деп айқайлайды. Ал оның бер жағында «Одақтың» үйлерінде зубатовшылардың сөйлеген сөздерінде социал-демократиялық талаптардың бәрі — 8 сағаттық жұмыс күнінен бастап, тең, төте және дауысты жасырын беру арқылы жүргізілетін сайлау правосы негізінде халық өкілдерін шақыру талабына дейінгі талаптардың бәрі қойылып отыр. Бірақ зубатовшылар былай дейді: бұл талаптардың орындалуы самодержавиені құлату болып табылмайды, қайта халықты патшаға жақындату, патшаны халықтан алыстатып отырған бюрократияны жою болып табылады дейді.

Сонымен қатар социал-демократтар Одақтың үйлерінде де сөз сөйлейді, жәнеде олардың сөздері тілектестікпен қарсы алынады, бірақ практика жүзіндегі ұсыныстарды енгізу инициативасы зубатовшылардан шығып отырады. Социал-демократтардың қарсы болуына қарамастан, бұл ұсыныстар қабылданады. Бұл ұсыныстар мынаған келіп тіреледі: 9 январьдағы жексембиде жұмысшылар Қысқы ордаға барып, священник Георгий Гапон арқылы патшаға петиция тапсыруға тиіс, ол петицияда жұмысшылардың барлық талаптары айтылып, петиция: «Бізге осының бәрін беріңіз, немесе біз өлеміз» деген сөзбен аяқталады. Сонымен қатар жыйналыс басқарушылар мыналарды қосады: «Егер патша бұларды бермейтін болса, онда біздің қолымыз босайды, — демек патша бізге жау болып шығады, міне сонда біз қызыл

туды көтеріп оған қарсы аттанамыз. Егер біздің қанымыз төгілсе, онда ол қан патшаның мойнында болады». Петиция барлық жерлерде қабылданады. Жексембі күні «әйелдеріміз бен балаларымызды ертіп» барлығымыз да алаңға келеміз деп жұмысшылар ант береді. Бүгін аудан-аудандарда петицияға қол қойылмақ, ал сағат екіде ақтық митинг жасау үшін барлық жұрт «Халық үйіне» жыйналуға тиіс.

Осының бәріне полиция толық жол беріп отыр, — кейбір үйлердің қораларында атты жандармдар тығулы тұрғанымен де жер-жерлердегі полиция кері алынып отыр.

Бүгін дуанбасының жыйналуға рұхсат етпейтін, қарулы күш жұмсаймыз деп қорқытатын құлақтандырулары көшелерге ілініп отыр. Жұмысшылар бұл құлақтандыруларды жұлып тастап жүр. Маңайдағы әскерлер қалаға келтірілуде. Трамвай қызметшілерін (кондукторлар мен арбакештерді) казактар қолына қылыш алып жұмысқа зорлап шығарды».

8

ӨЛГЕНДЕР МЕН ЖАРАЛАНҒАНДАРДЫҢ САНЫ

Өлгендер мен жараланғандардың саны жөніндегі хабарлар әртүрлі. Бұлардың санын дәл есептеу туралы сөз де болмайтындығы өзінен өзі түсінікті, ал мөлшерлеп айту өте қыйын. Анығында, 96 адам өлді, 330 адам жараланды дейтін үкімет хабары жалған хабар, сондықтан оған ешкім сенбейді. Газеттердің соңғы хабарларына қарағанда журналистер 13-ші январьда ішкі істер министріне *өлгендері бар, жараланғандары бар 4 600 адамның* тізімін тапсырыпты, бұл тізімді репортерлер жасаған көрінеді. Әрине, бұл цифрдың да толық болуы мүмкін емес, неге десеңіз барлық ұрыстарда өлгендер мен жараланғандардың бәрін санап шығу күндіздің өзінде де (түн туралы айтпағанның өзінде) мүмкін болмас еді.

Самодержавиенің карусыз халықты жеңуі Манчжуриядағы үлкен ұрыстардан аз шығынға түскен жоқ. Барлық шетел тілшілерінің хабарлауындай, Петербург жұмысшылары офицерлерге: сендер жапондардан гөрі орыс халқына қарсы жақсы соғысып отырсындар деп текке айғайлаған жоқ.

8

БАРРИКАДАЛАРДАҒЫ УРЫСТАР³⁶

Біз көріп өттік, тілшілердің хабарлары бәрінен де гөрі Васильев Аралындағы, шінара Невскідегі баррикадалар туралы жиі айтып жүр. Үкіметтің 10(23) январьда, дүйсембіде, шыққан хабарында былай делінген: «Тобыр Шлиссельбург қара жолында, сонсоң Нарва заставасында, Троицк көпірінде, Александр бағында, Невскідегі ағаш алаңдарында сым темірмен қоршап, қызыл тулар тігіп баррикадалар жасады. Іргелес үйлердің терезелерінен әскерлерге тас ылақтырып, оқ атқылады. Тобыр полицейлердің қаруын тартып алды. Қару жасайтын Шоф фабрикасы таланды. Васильев Аралының бірінші және екінші участогінде тобыр телеграф сымдарын қыйып, телеграф бағаналарын құлатты. Полиция участогін талқандап кетіпті».

Француздың бір тілшісі жексембі күні 2 сағат 50 минутта былай деп телеграмма беріпті: «Атыс тоқталған жоқ. Әскерлер, сірә, не істерін білмей мүлде сергелдеңге түсіп отырған болу керек. Невадан өтіп бара жатып, мен бірнеше от сигналын көріп, топталып атылған мылтық даусын естідім. Васильев Аралындағы баррикадалар стачкашылардың жакқан оты арқылы жарық болып тұр. Мен бұдан әрі бара алмадым. Сарнаған сырнай даусы атуға берген, бұйрық болып табылады. Штыкты алға ұстаған бір батальон солдат шаналардан жасалған баррикаданы шабуылмен алады. Нағыз қызыл қырғын болды. Жүзге жуық жұмысшы ұрыс майданында сұлап қала береді. Қолға түскен елу шақты жаралы адамды менің қасымнан алып өтті. Офицер маған пистолетін көрсетіп қорқытып, кет деп бұйрық берді».

Тілшілер баррикадаларда болған ұрыстарды өте аз суреттейді. Бұл түсінікті, неге десеңіз тілшілер қауіпті жерлерден неғұрлым алысырақ болуға тырысты. Әрине, баррикадалардағы ұрыстарға қатысушылардың ішінен өте аз адамдар ғана аман қалды. Тіпті баррикадаларды артиллерия атқылады деген хабар да болды, бірақ ол, сірә, дәлелсіз хабар болу керек.

*Қолжазба бойынша
басылып отыр*

ПАТША БІТІМІ

Шетел газеттері: патшаның қатысуымен яки патша жоқта царское Селода (9 январьдағы жеңістен кейін) болған соңғы кеңестерде Жапониямен бітім жасау керектігі туралы мәселе қызу талқыланды деп хабарлады. Қазірде ардақты монархтың төңірегіндегі адамдардың бәрі негізінен алғанда бітім жасау жағында болып отыр. Бұдан он күн бұрын соғысты жүргізе беруді сөзсіз жақтаған мемлекеттік сановниктердің саны қазірде әжептеуір азайды, сөйтіп олардың көбі енді бітім жасауды белсене жақтаушы болып отыр.

«Қайткен күнде де бітім жасалсын» деген сөздердің бос сөз бола отырып (өйткені социал-демократтардың пікірлері туралы ешкім сұраған жоқ және олардың пікірлерінде ешнәрсе тұрған да жоқ еді), іс жүзінде, қазіргі конъюнктурада, самодержавиенің зәресі ұшқан жақтаушыларына ғана пайдалы болғандығын түсінбеген, партиямыздың Орталық Органы дейтінде отырған ақымақ социал-демократтардың бұл есінде болсын. Біздің жаңа-искрашылар бүкіл европалық буржуазияның (істі Жапонияға тілектес болудан бастап, революциядан қорыққанынан әлдеқашан Россия жағына шыға бастаған буржуазияның—«Frankfurter Zeitung»*, тағы басқаларды салыстырыңыз) көңіл-ауанында болған бет бұрысты байқамай қалды. Қазірде олар *қайткен күнде де бітім жасал-*

* — «Франкфурт Газеті». Ред.

сын деген күнсыз бос сөздерді петербургтік Угрюм-Бурчеевтер³⁷ де өз мақсаттарына пайдалана бастағандығын байқамай отыр.

1905 жылы 19 январьда (1 февральда)
жазылған

Бірінші рет 1931 жылы Лениннің
XVI жыйнағында басылған

Қолжазба бойынша
басылып отыр

РСДЖП-ДАҒЫ ЖІККЕ БӨЛІНУДІҢ ҚЫСҚАША ОЧЕРКІ³⁸

Швейцария социал-демократтарының белгілі көсемі *Герман Грейлих* (Herman Greulich) 1905 жыл 1 февральда «Вперед» (РСДЖП) газетінің редакциясына жазған хатында, сөз арасында, орыс социал-демократтары арасындағы жаңадан жікке бөліну жөнінде кынжылып, былай дейді: *Wer die grössere Schuld an dieser Zersplitterung tragt, das werde ich nicht entscheiden und ich habe den internationalen Entsch eid bei der deutschen Parteileitung angeregt* («Бұл жікке бөлінушілікке кімнің көбірек айыпты екенін мен шешіп жатпаймын; мен неміс социал-демократия партиясының басқармасына бұл мәселені халықаралық жолмен шешуді ұсындым»).

Грейлихтің бұл хатына «Впередтің» редакциясы орыс «Көпшілік Комитеттері Бюросының» шетелдік өкілі Степанов жолдаспен бірлесіп мынадай хат арқылы жауап берді:

Грейлих жолдас халықаралық жолмен шешуді тілеп отырғандықтан, біз Грейлихқа жазған хатымызды «Вперед» газетінің барлық шетелдік достарына жіберіп, біз олардан, бұл хатты өздерінің тұрған елінің тіліне *аударуын* және бұл хатпен шетел социал-демократтарының барынша көпшілігін таныстыруын сұраймыз.

Сонымен қатар Лениннің: «Орталық мекемелердің партиядан ажырасуы туралы мәлімдеме мен документтер» деген кітапшасын да, сондай-ақ 1) солтүстік конференцияның қарарларын да; 2) Кавказ конференциясының қарарларын да, 3) оңтүстік конференцияның қарарларын да шетел тілдеріне аударған дұрыс болар еді.

Бұл тілегіміз орындала ма, соны хабарлауды сұраймыз.

ГРЕЙЛИХҚА ХАТ

3 февраль, 1905 ж.

Құрметті жолдас! Сіз хатыңызда жікке бөлінушілікке біздің партияның (РСДЖП) фракцияларының бірі болмаса бірінің айыптылығы туралы мәселеге тоқталасыз. Сіз бұл туралы неміс социал-демократтарының және Халықаралық бюроның пікірін сұрадым дейсіз. Сондықтан біз жікке бөлінудің қалай болғанын Сізге айтып беруді міндеттіміз деп санаймыз. *Дәл анықталған фактыларды* ғана келтіреміз және, мүмкіндігінше, қандай болса да фактыларға баға бермеуге тырысамыз.

1903 жылдың аяғына дейін біздің партиямыз өзара байланысы жоқ, *комитеттер* деп аталатын, жергілікті социал-демократиялық ұйымдарының жыйыны болды. Партияның бірінші съезінде (1898 жылы көктемде) сайланған Орталық Комитет пен Орталық орган болмады. Оларды полиция быт-шыт қылып таратып жіберді де, олар қайтадан құрылмады. Шет елде «Орыс социал-демократтарының Одағы» (мұның органы — «Рабочее Дело», «рабочеделошылар» осыдан шығады) мен Плехановтың арасында жікке бөлінушілік туды. 1900 жылы ұйымдастырылған «Искра» газеті Плехановтың жағына шықты. Үш жылдың ішінде, 1900—1903 жылдары, «Искра» орыс комитеттеріне күшті ықпал жүргізетін болып алды. «Искра» «экономизмге» (*alias** — «рабочеделошылдық» = оппортунизмнің орыс арасындағы бір түрі) қарсы революциялық социал-демократияның идеяларын қорғады.

Партия бірлігінің болмағандығы жұрттың бәріне ауыр тиді.

Ақырында, 1903 жылы август айында шет елде *партияның екінші съезін* шақыруға мүмкіндік болды. Съезге барлық орыс комитеттері, Бунд (Bund = еврей пролетариатының дербес ұйымы) және шетелдік *екі* фракция, «искрашылар» мен «рабочеделошылар» фракциясы, қатысты.

Съезге қатысушылардың барлығы съезді заңды деп таныды. Съезде искрашылар мен антиискрашылардың (рабочеделошылар мен Бунд) арасында күрес болды; «бат-

* — басқаша айтқанда. *Ред.*

пак» дейтіндер аралықта болды. Искрашылар жеңіп шықты. Олар партияның программасын өткізді («Искраның» ұсынған жобасы бекітілді). «Искраны» Орталық Орган деп, оның бағытын партияның бағыты деп таныды. Тактика туралы бірнеше қарарлар «Искра» рухында алынды. Искралық ұйымдық устав (Лениннің жасаған жобасы) қабылданды. Антиискрашылар искрашылар азшылығының қатысуымен бұл уставтың кейбір жерлерін ғана нашарлатты. Съезде дауыстардың жіктелуі мынадай болды: Барлығы 51 дауыс болды. Мұның ішінен 33-і искрашылар (мұның 24 кәзіргі көпшілік искрашылар, 9 кәзіргі азшылық искрашылар), 10-ы — «батпак» және 8-і — антиискрашылар (3 рабочеделошылар және 5 бундшылар). Съездің аяқ шенінде, сайлау алдында, жеті делегат (2 рабочеделошыл және 5 бундшыл) съезден кетіп қалды (Бунд партиядан шықты).

Сонан кейін қателер жасауының арқасында барлық антиискрашылар мен батпак қолдаған искрашылар азшылығы съездің азшылығы болып шықты (24 және $9 + 10 + 1$, яғни 24 және 20). Орталық мекемелерді сайларда Орталық Органға үш кісі және Орталық Комитетке үш кісі сайлауға ұйғарылды. «Искраның» бұрынғы редакциясының 6 адамының (Плеханов, Аксельрод, Засулич, Старовер, Ленин, Мартов) ішінен — Плеханов, Ленин және Мартов сайланды. Орталық Комитетке көпшіліктен 2 адам және азшылықтан 1 адам сайламақ болды.

Мартов «шығарылған» (сайланбаған) үш жолдассыз редакцияға кіруден бас тартты және бүкіл азшылық Орталық Комитетті сайлаудан бас тартты. Жүргізілген сайлаулардың заңды екендігін ешуақыт ешкім бекер деген жоқ және осы күнге дейін де бекер демейді. Бірақ азшылық съезден кейін съезд сайлаған орталықтардың басшылығымен қызмет істеуден бас тартты.

Бұл бойкот үш айға, 1903 жылғы августың аяғынан 1903 жылғы ноябрьдің аяғына дейін созылды. «Искраны» (алты номерін, 46—51 номерлерін) Плеханов пен Ленин екеуі редакциялады. Азшылық партия ішінде жасырын ұйым құрды (бұл енді азшылықты жақтаушылардың өздері де *баспасөз* жүзінде растаған және кәзіргі уақытта *ешкім бекер демейтін факты*). Орыс комитеттерінің басым көпшілігі (пікірлерін айтып үлгірген 14 ко-

митеттің 12-і) бұл ірткішіл бойкотқа наразылық білдіріп қарсы шықты.

Бірақ Плеханов 1903 жылғы *октябрьдің ең аяғында* болған шетелдік «Лиганың» (= партияның шетелдік ұйымы) қызу съезінен кейін азшылыққа жол беруге ұйғарды, ол «Не істемеу керек» («Искраның» 52-номері, 1903 жылғы ноябрь) деген мақалада бүкіл партия алдында: жікке бөлінуді болдырмау үшін кейде тіпті кателесіп *ревизионизмге* ауытқып, *анархияшыл дара адам* сыяқты қыймыл жасайтындарға да жол беру керек, дегенді айтты (баса көрсетілген сөздер «Не істемеу керек» деген мақаладағы Плехановтың өз сөздері). Съездің қарарларына қарсы барғысы келмей, Ленин редакциядан шықты. Бұдан кейін Плеханов бұрынғы төрт редактордың бәрін де кооптация жасап енгізіп алды. Орыс комитеттері — жаңа «Искраның» бағытының қандай болатынын көреміз, меньшевиктер редакцияға бейбітшілік орнату үшін кірді ме екен мұны да көреміз, — дегенді айтты.

Большевиктердің алдын ала айтқаны дәл келді: бұрынғы «Искраның» бағыты да сақталмады, жаңа, меньшевиктік редакция партия ішінде бейбітшілік те орната алмады, «Искраның» бағыты ІІ съезд қабылдамай тастаған ескі «рабочеделошылдыққа» қарай шұғыл бұрылғандығы сонша, тіпті азшылықтың көрнекті мүшесі Троцкийдің өзі *жаңа «Искраның» редакциясы мен* шыққан «Біздің саяси міндеттеріміз» деген программалық кітапшасында турадан-тура: «*бұрынғы «Искра» мен жаңа «Искраның» арасында тұңғыйық жатыр*» дегенді айтты. «Искраның» принциптік тұрақсыздығын ұзақ түсіндіруге салынбау үшін біз дұшпанымыздың осы айтқанын келтірумен ғана тынамыз.

Екінші жағынан, «азшылықтың жасырын ұйымы» таратылмады, қайта ол Орталық Комитетке жарыялаған байкотын жүргізе берді. Партияның бұл ашық, жасырын ұйымдар болып кұпия түрде жікке бөлінуі жұмысқа мейлінше кедергі жасады. Кризис туралы пікір айтқан орыс комитеттерінің басым көпшілігі жаңа «Искраның» бағытын да, азшылықтың ірткі салушылық қылығын да үзілді-кесілді сөкті. Ауыр күйден шығу үшін дереу үшінші съезді шақыру керек деген талап жан-жақтан қойыла бастады.

Біздің партия уставымыз бойынша төтенше съезд ша-

қыру үшін біріккенде барлық дауыстардың жартысындай болатын ұйымдардың съезд шақыруды талап етуі керек (кезекті съездер «мүмкіндігінше» әрбір екі жыл сайын шақырылып отырады). Съезді талап етушілердің саны барлық дауыстардың *жартысына жетті*. Бірақ Орталық Комитет бұл арада өзінің көпшілікке жататын бірнеше мүшелерінің тұтқынға алынуын пайдаланып, көпшілікке опасыздық жасады. Орталық Комитеттің тұтқынға алынғаннан соң қалған мүшелері «татуласуды» сылтау қылып *азшылықтың жасырын ұйымымен келісімге келісті* және бұл ұйым таратылады деп жарыялады, сонымен қатар партиядан жасырын және Орталық Комитеттің жазба мәлімдемелеріне карамастан *үш меньшевик Орталық Комитетке кооптацияланды*. Бұл кооптация 1904 жылғы ноябрь мен декабрьдің бірінде жасалды. Сөйтіп, азшылық үш адамды Орталық Органға және үш адамды Орталық Комитетке кооптациялау үшін бүкіл партияны жұлмалап, 1903 жылдың августынан 1904 жылдың ноябріне дейін күресті.

Осылайша заңсыз жасалған орталық мекемелер съезд шақыруды талап етушілікке бәлеғаттау немесе үндемеу арқылы жауап берді.

Бұдан кейін орыс комитеттерінің ешбір сабыры қалмады. Олар өздерінің жеке конференцияларын шақыра бастады. Осы уақытқа дейін үш конференция: 1) Кавказдың төрт комитетінің; 2) оңтүстіктің үш комитетінің (Одесса, Николаев, Екатеринослав) және 3) солтүстіктің алты комитетінің (Петербург, Москва, Тверь, Рига, «Север», яғни Ярославль, Кострома, Владимир, және ақырында, Нижний-Новгород) конференциялары болып өтті. Бұл конференциялардың барлығы «көпшілікті» жақтап шықты, көпшіліктің әдебиетші тобын (Ленин, Рядовой, Орловский, Галерка³⁹, Воинов⁴⁰ және басқалардың тобын) қолдауға қаулы етті және *өздерінің бюросын* сайлады; бұл бюроға үшінші, яғни солтүстік конференциясы *Ұйымдастыру комитетіне* айналып, партиядан бөлініп кеткен шетелдік орталықтарға карамастан, орыс комитеттерінің съезін, яғни партияның үшінші съезін шақыруды тапсырды.

1905 жылдың 1 январына қарсы (жаңа стиль бойынша) істің жайы осындай болды. Көпшілік Комитеттерінің Бюросы өзінің жұмысын бастады (әрине, біздегі поли-

цейлік жағдайлардың себебінен съезд шақыру бірнеше айға созылады: екінші съезд туралы 1902 жылы декабрьде жарыяланып, съезд 1903 жылы августа шақырылған болатын). Көпшіліктің әдебиетші тобы *көпшіліктің органын*, «Вперед» газетін ұйымдастырды, бұл газет 1905 жылы 4 январьдан бастап (жаңа стиль бойынша) *жетісіне бір рет* шыға бастады. Қазірдің өзінде (1905 жылдың 3 февралы) мұның 4 номері шықты. «Вперед» газетінің бағыты — *бұрынғы «Искраның» бағыты*. Бұрынғы «Искраның» жолы үшін «Вперед» жаңа «Искраға» қарсы үзілді-кесілді күресуде.

Демек, іс жүзінде Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясы екеу болып шығып отыр. Мұның біреуінде «ресми түрде» партияның Орталық Органы деп аталатын «Искра» органы бар, Орталық Комитеті бар, *жыйырма* орыс комитетінің төртеуі бар (екінші съезде болған Россиядағы жыйырма комитеттен басқа комитеттер кейіннен шықты және олардың бекітілгендігінің заңдылығы туралы мәселе таласты мәселе). Екінші партияда «Вперед» органы бар, «Көпшіліктің орыс Комитеттерінің Бюросы» бар, Россияда 14 комитеті бар (мұның онүші жоғарыда аталып өтті, бұған Воронеж комитеті қосылады, бәлкім Саратов, Орал, Тула және Сибирь комитеттері де қосылуы мүмкін*).

Бұрынғы «Искраға» қарсы болғандардың бәрі, рабочеделошылардың бәрі және партия маңындағы интеллигенцияның көпшілігі «жаңа искрашылар» жағында. Бұрынғы «Искраның» принциптік сенімді күшті жақтаушыларының бәрі, алдыңғы қатардағы саналы жұмысшылардың және партияның Россиядағы практикалық қайраткерлерінің көбі *«впередшылар»* жағында болды. Партияның екінші съезінде (1903 жылғы август) және Лига съезінде (1903 жылғы октябрь) большевик болған және 1903 жылдың ноябрінен бастап «көпшілікке» қарсы жанталаса күресіп келген Плеханов *1904 жылғы 2-сентябрьде* жұрт алдында: екі жақтың күштері шамамен алғанда бірдей деп мәлімдеді (бұл сөздері басылып шықты).

Біз, большевиктер: нағыз, орыс, партия қайраткерлерінің көпшілігі біздің жағымызда дейміз. Біз екінші съез-

* Қалайда соңғы төрт комитеттің бәрі партияның екінші съезінен кейін «көпшілікті» жақтап шықты.

дің қарарларына бағынудан бастартқан және үшінші съезді шақырудан гөрі жікке бөлінуді артық көрген азшылықтың ірткі салу әрекеті жікке бөлінудің басты себебі болды және бірігуге басты бөгет болды деп санаймыз.

Қазіргі уақытта меньшевиктер Россияның барлық жерлерінде жергілікті ұйымдарды жікке бөліп жатыр. Мәселен, олар Петербургте комитеттің 28 ноябрьде демонстрация жасауына бөгет жасады («Впередтің» 1-номерін* қараңыз). Қазірде олар Петербургте «Орталық Комитеттің жанындағы топ» деп аталған жеке бір топ болып бөлініп шықты, бұл топ партияның жергілікті комитетіне қарсы әрекет жасауда. Партия комитетіне қарсы күресу үшін олар жақын арада дәл сондай жергілікті топты («Орталық Комитеттің жанындағы») Одессада да ұйымдастырды. Партияның меньшевиктік орталық мекемелері өздерінің позициясы жалған позиция болғандықтан партияның жергілікті жұмысына ірткі сала бастады, өйткені бұл орталық мекемелер өздерін сайлаған партия комитеттерінің қаулысына бағынғысы келмеді.

«Вперед» пен жаңа «Искраның» арасындағы принциптік алауыздықтар — шынына келгенде бұрынғы «Искра» мен «Рабочее Делоның» арасындағы алауыздықтар. Бұл алауыздықтарды біз елеулі алауыздықтар деп санаймыз, бірақ өз көзқарастарымызды, бұрынғы «Искраның» көзқарастарын толығымен қорғау мүмкіндігі болған жағдайда біз бұл алауыздықтардың өзі бір партия ішінде бірігіп жұмыс істеуге кедергі болады деп санамас едік.

*РСДЖП-ға жәрдемдесуші
Берн тобы 1905 жылы
жеке листок етіп басып шығарған*

*Қолжазба бойынша
басылып отыр*

ТРЕПОВ БИЛЕП-ТӨСТЕП ОТЫР.

Наразылардың бәрін айуандықпен қатаң жазалау 9 январьдан кейін үкіметтің ұраны болып алды. Сейсембі күні Петербургтің генерал-губернаторы болып Трепов тағайындалып, оған диктаторлық өкілдігі берілді; ол патша өкіметінің бүкіл Россияға ең бір жеккөрінішті болып отырған, өзінің айуандық каталдығымен, тентектігімен, жұмысшыларды аздырмақ болып зубатовтық әрекеттерге қатнасқандығымен Москвада атышулы болған малайы.

Түтқынға алушылық көз аштырмастай көбейіп кетті. Жұмысшылардың петициясы қабылданса екен, бейбіт демонстрацияға әскерлер оқ атып жауап бермесе екен деп үкіметтен өтіну үшін сембі күні ымырт үйіріле Виттеге және Святополк-Мирскийге барған либералдық депутацияның мүшелері ең алдымен алынды. Бұл өтініштердің түк нәтижеге жеткізбегені өзінен өзі белгілі: Витте депутацияны Святополк-Мирскийге жіберді, ал ол депутацияны қабылдаудан бастартты. Ішкі істер министрінің жәрдемшісі Рыдзевский депутацияны өте салқын, немқұрайды қарсы алды, үкіметті емес, қайта жұмысшыларды көндіру керек, не болып, не қойып жатқанының бәрін үкімет өте жақсы біледі, сөйтіп үкімет ешқандай өтініштер бойынша өзгертуге болмайтын қарарлар қабылдап қойды дегенді айтты. Айта кететін бір нәрсе — әлгі депутацияны сайлаған либералдардың жыйналысы Қысқы сарайға барудан жұмысшыларды айныту туралы да мәселе көтерген, бірақ Гапонның жыйналысқа қатнасып отырған бір досы бұл пайдасыз, жұмысшылар қарарынан қайтпайды деп мәлімдеген. (Ағыл-

шынның газеті «The Daily Telegraph»-тың* тілшісі Диллон мырза хабарлаған және кейін басқа тілшілер қуаттаған мәліметтер.)

Депутацияның тұтқындалған мүшелеріне, Гессенге, Арсеньевке, Кареевке, Пешехоновқа, Мякотинге, Семейскийге, Кедринге, Шнитниковқа, Иванчин-Писаревке, Горькийге (Ригада алынып, Петербургке апарып тасталған) революциядан кейін ертеңіне-ақ «Россияның уақытша үкіметін» ұйымдастыруға ниеті болды деген өте сорақы айып таққан. Әрине, бұл айып өзінен өзі бекер болып қалып қойды. Алынғандардың көбі (Арсеньев, Кедрин, Шнитников) кәзірдің өзінде-ақ босатылды. Шет елде буржуазияның білімді жұртшылығы арасында Горькийді жақтайтын күшті науқан басталды, сөйтіп оны босату туралы патшаға берілген өтінішке көптеген өте көрнекті герман ғалымдары мен жазушылары қол қойды. Кәзір оларға Австрияның, Францияның, Италияның ғалымдары мен әдебиетшілері қосылды.

Жұма күні кешке «Наша Жизнь» газетінің төрт қызметкері: Прокопович әйелімен, Хижняков және Яковлев (Богучарский) алынды. «Наши дни» газетінің қызметкерлерінен сембі күні таңертең Ганейзер алынды. Шет елден стачкашыларға жіберілген немесе өлтірілгендердің жесірлері мен жетімдеріне жәрдемге жіберілген ақшаны полиция өте-мөте ыждағаттап іздеуде. Жаппай тұтқындап жатыр: Богучарскийді тұтқындау туралы қағаздың номері 53-нші, Хижняковті тұтқындау туралы қағаздың номері — 109-ншы болды. Аталған екі газеттің редакцияларында сембі күні тінту болып, барлық қолжазбалар тегіс алынды, соның ішінде бүкіл апта ішіндегі оқыйғалар туралы толық мәліметтер, болашақ ұрпақтарға ғибрат болсын деп, көргенінің бәрін жазып алған, оқыйғаның басы-қасында болған анық куәлардың кұрап, қол қойған мәліметтері алынды. Бұл күллі материал енді ешуақытта жарық көрмейді.

Сәрсембі күні тұтқындалғандардың саны соншама көп болды — бір камераға екі-екіден, үш-үштен отырғызуға тура келіпті. Жаңа диктатор жұмысшылармен мүлдем әуре болып жатпайды. Оларды топ-тобымен ұстап, туған мекендеріне жер аудара бастады. Онда олар, әрине,

* — «Күнделікті Телеграф». Ред.

тоғызыншы январьдің оқыйғалары туралы хабарды таратады және самодержавиеге қарсы күресуге үгіттейді.

Трепов өзінің ескі москвалық саясатына: жұмысшыларды экономикалық қайыр-садақамен алдап түсіру саясатына кірісе бастады.

Кәсіп иелері финанс министрімен бас қосып, жұмысшыларға әртүрлі жеңілдіктер беруді ойластыруда, 9 сағаттық жұмыс күні туралы айтып жүр. Финанс министрі сейсембі күні жұмысшылардың депутациясын қабылдайды, экономикалық реформаларды уәде етеді, саяси үгіттен сақтандырады.

Жалпы халық пен жұмысшылардың арасында бір-біріне сенбеушілік және араздық тудыру үшін полиция жанын салып тырысуда. Стачкашылар тонаушылық істеп, қантөгіс әрекет жасап жатыр-мыс деген шошындырарлық лақаптар таратып, полиция Петербургтің халқын қорқытуға тырысады деп шет ел газеттеріне сәрсембіден бастап тыянақты түрде хабарлар түсіре бастады. Тіпті ішкі істер министрінің жәрдемшісі Рыдзевскийге сейсембі күні бір адам барса, оны Рыдзевский стачкашылар тонамақшы, өртепкеші, бүлдірмекші, кісі өлтірмекші деп сендірмек болған. Стачкашылар, қайткен күнде де олардың саналы басшылары, сөз айтуына болатын жердің бәрінде мұның жала екенін мәлімдеді. Халықты қорқыту үшін, *полицияның өзі провокаторлар мен қорашыларды әйнек сындыруға, газет дүкеншелерін өртеуге, дүкендерді талауға жіберіп отырды.* Ал жұмысшылардың шындығында өздерін тыныш ұстағаны соншалық — 9 январьдің жантүршігерлік оқыйғаларын көрген шет ел газеттерінің тілшілері бұған таң қалды.

Полицияның агенттері кәзір жаңа «жұмысшы ұйымымен» шұғылданып жүр. Олар қолайлы жұмысшыларды іріктеп алады, олардың арасында ақша бөліп отырады, оларды студенттерге және әдебиетшілерге айдап салып отырады, «патша ағзамның шын халықтық саясатын» көкке көтеріп мақтайды. Оқымаған, аштықтан еңсесі түскен екі-үш жүз мың жұмысшылардың арасынан бұл қармаққа ілігетін бірнеше мыңды табу қыйын емес. Міне осыларды «ұйымдастырады» да, оларды «либерал алдаушыларға» ләнет айтып, өткен жексембіде бізді алдап кетті деп жұрт алдында мәлімдеме жасауға күштейді. Бұдан соң жұмысшы табының бұл азғындары депута-

ция сайлайды, ол депутация «патшаның аяғына жығылуға, өткен жексембиде істеген қылмыстарына кешірім сұрауға рұхсат етуді патшадан кұлшылықпен өтінетін» болады. «Менің қолымдағы мәліметтер бойынша, — дейді тілші, — кәзір нақ осының бәрін полиция реттеп те жатыр. Мұны ұйымдастыру аяқталған кезде, тақсыр патша депутацияны манежде қабылдауға асқан рахымшылықпен рұхсат етеді, ал манеж мұның үшін әдейілеп әзір етілетін болады. Патша жүрек тебрентерлік сөзінде жұмысшылар жайында және олардың жағдайын жақсарту шаралары жайында аталық қамқорлық істеп жатқанын мәлімдейді».

Р. С.* Бұл сөздеріміз баспаханада теріліп қойған кезде біз ағылшын тілшісінің күн ілгері айтқандары расталғанын телеграммалардан естіп білдік. Полиция іріктеп алған 34 жұмысшыдан депутацияны патша Царское селода қабылдап, үкіметтің аталық қамқорлығы туралы, жұмысшылардың қылмыстары кешірілетіндігі туралы немқұрайдылықпен екіжүзділікке толы сөздер айтқан. Қанды жексембіні ешуақытта есінен шығармайтын орыс пролетариатын бұл жексұрын комедия, әрине, алдай алмайды. Пролетариат патшамен әлі басқа тілде сөйлеседі!

*„Вперед“ № 5,
7 февраль (25 январь), 1905 ж.*

*„Вперед“ газетінің тексти
бойынша басылып отыр*

* — Postscriptum — қосымша. *Ред.*

ПЕТЕРБУРГ 9-НШЫ ЯНВАРЬДАН КЕЙІН

Дүйсембі күні, 10 январьда, Петербург жаңа ғана жау алған қаланың түрінде болды. Көше-көшеде казактардың патрульдары үздіксіз өтіп жатты. Ол жерде де, бұл жерде де қыза сөйлеген жұмысшы топтары көрінеді. Кешпен көп көшелерді қараңғылық басты. Электр мен газ да жоқ. Аристократтардың үйлерін топ-топ қорашылар күзетіп жүр. Өртеніп жатқан газет дүкеншелері топ-топ халыққа ғажап жарық сәуле төгеді.

Нева проспектінде халық пен әскер соқтығысып қалды. Топқа тағыда оқ атты. Аничков сарайының маңайында үш дүркін залп атылды. Полиция қару-жарақ магазиндерін жауып, қару-жарақты подвалдарға тықты, мұнысы, сірә, жұмысшылардың қарулануына бөгет жасаудың барлық шараларын істегені болса керек. Үкімет мекемелерінің чиновниктері өрт шығуынан, қопарылыстар болуынан қорқып қатты састы, сондықтан үрейі ұшып Петербургтен қашып жатты.

Васильевский Островта жексембі күні әскерлер алған баррикадалар дүйсембіде жаңадан қалпына келтіріліп, оны тағыда солдаттар алды.

Газет жоқ. Оқу орындары жабық. Жұмысшылар көптеген жеке-дара жыйналыстарда оқыйғаларды және қарсыласу шараларын талқылауда. Топ-топ тілектестер, әсіресе студенттер, ауруханаларды қоршауда.

Қолпино жұмысшылары 20—30 мың адам болып, сейсембі күні таңертең петициямен Царское селоға бет түзеді деген хабар бар. Царское селоның гарнизоны оларға қарсы бір полк жаяу әскер мен жорық батареясын жіберген. Қолпинодан бес шақырым жерде соқтығыс бол-

ды, әскерлер атқылап, жұмысшыларды біржолата тойтарып, түстен кейін сағат 4-те қуып таратқан. Өлгендер, жаралылар көп. Жұмысшылар екі рет Царское село темір жолына шабуыл жасаған, бірақ тойтарылып тасталған. 7 шақырым бойына рельстер жұлып алынып, таңертең поездар жүре алмаған.

Қанды, Владимир жексенбісінің құрбандықтарын үкімет түнде, жасырын көмеді. Көму кезінде демонстрациялар болуына мүмкіндік бермеу үшін, өлтірілгендердің туған-туысқандары мен таныстарын көрнеу алдайды. Преображенское бейітіне вагон-вагон өліктер жөнелтіліп жатыр. Кейбір жерлерде, полицияның барлық сақтығына қарамастан, халық топтары бостандық жолында қаза тапқан күрескерлердің құрметіне демонстрация жасау әрекетін істеп жүр.

Халықтың әскерге деген ашу-ызасы орасан зор. Шет ел газеттері, көзімен көрген адамдардың сөзінен алып, сейсембі күні, 11 январьда, Большой проспектіде казактардың жұмысшыларға толы конканы тоқтатқанын хабарлады. Жұмысшылардың біреуі казактарға: «Жендеттер!» деп айқай салған. Казактар конканы тоқтатып, оның ішінде отырғандардың бәрін түсіріп алып, қылыштың жалпақ жағымен соғып сабаған. Сол арада таяк тигендердің біреуі жаралы болған. Ол арадағы жақын тұрған үйлердің адамдары терезелерін ашып, казактарға: «Кісі өлтіргіштер! қаракшылар!» деп айқай салған. Жұма күні телеграммаларда бұл жанжалдың кезінде казактар конкадан бір әйелді де қуып шығыпты деген хабар болды. Қорыққанынан ол қолындағы баласын түсіріп алған, баласын казактардың аттары жаныштап кеткен («The Times»^{*}). Біздің әскерлердің жұмысшыларды мұндай жеңуі шынында пирр жеңісі болып табылады.

*«Вперед» № 5,
7 февраль (25 январь), 1905 ж.*

*«Вперед» газетінің тексті
бойынша басылып отыр*

• — «Таймс» («Замана»). Ред.

БІРІНШІ САБАҚТАР

Революция дауылының бастапқы толқыны толастай бастады. Біз сөзсіз болатын және болмай қоймайтын екінші толқынның қарсаңында тұрмыз. Пролетарлық қозғалыс ең қыйыр шеттегі аймақтарға кұлаш жайып, барған сайын кеңеюде. Қоғамның ең алуан түрлі, ең артта қалған жіктері қозғалысқа қатнасуда және оларды наразылық кернеуде. Сауда-өнеркәсіп жұмысы тоқтады, оқу орындары жабылды, жұмысшылардың үлгісі бойынша земствошылдар ереуіл жасауда. Бұқаралық қозғалыстардың аралығында, әрқашанғыдай, жеке террорлық әрекеттер жиіледі: Одесса полицмейстерінің өміріне қастандық істелуі, Кавказдағы өлтіріс, Гельсингфорста сенат прокурорының өлтірілуі. Үкімет қанды қамшы саясатынан алдау-арбау саясатына кілт бұрылуда. Ол патшаның депутацияны қабылдау комедиясымен* жұмысшылардың қайсыбіреулерін болса да алдауға тырысады. Ол соғыс жаңалықтарымен жұртшылықтың көңілін аударуға тырысып, Куропаткинге Хун-хоға шабуыл жасай бастауды бұйырып отыр. 9-ншы январьда Петербургте қырғын болды, 12-нде соғыс тұрғысынан мүлдем мағнасыз осы шабуыл басталып, патша генералдарының жаңадан мықтап жеңілуімен аяқталды. Тіпті «Новое время» тілшісінің хабарынша, орыстар 13 мыңға тарта адамынан айырылып, яғни жапондардан гөрі екі еседен астам артық шығын көріп, тойтарылыпты. Азғындаушылық пен берекесіздік Петербургте қандай болса, соғыс басқару саласында Манчжурияда да сондай. Шет ел

* Осы томның 131-бетін қараңыз. *Ред.*

баспасөзінде Куропаткиннің Гриппенбергпен керіскенін растайтын да, бекерге шығаратын да телеграммалар басылуымен іле-шала ұлы князьдардың партиясы соғыстың самодержавие үшін қатерлі екенін түсініп, мүмкіндігінше жылдам бітім жасағысы келеді деген хабарды растайтын да, бекерге шығаратын да телеграммалар басылып жүр.

Осындай жағдайларда Россиядағы революция туралы Европаның ең өрісі тар буржуазиялық органдарының да қоймастан айтып жүргені таңқаларлық нәрсе емес. Революция 9-ншы январьға дейін болып көрмеген шапшаңдықпен өсіп, кемеліне келуде. Екінші толқын ертең бола ма, бүрсігүні бола ма немесе бірнеше айдан соң бола ма, — ол арасы көптеген жағдайларға байланысты; ол жағдайлар есепсіз көп. Революция күндерінің кейбір қортындыларын шығару және кейбіреулердің күткенінен анағұрлым тез керек болуы мүмкін сабақтарды анықтап алуға тырысу міндеті соғұрлым керекті болып отыр.

Революция күндеріне дұрыс баға беру үшін біздің жұмысшы қозғалысымыздың ең жаңа тарихына жалпы көз жіберген жөн. Бұдан 20 жылдай бұрын, 1885 жылы, орталық өнеркәсіп ауданында, Морозовта және басқаларында жұмысшылардың тұңғыш ірі стачкалары болды. Сол кезде Катков Русьта пайда бола бастаған жұмысшы мәселесі туралы жазды. Ал пролетариат экономикалық күрестен саяси демонстрацияларға, демонстрациялардан революциялық шабуылға көше отырып, қандай ғажап шапшаңдықпен өркендеді десеңізші! Өткен жолдың басты кезендерін еске түсірейік. 1885 жыл — ешқандай ұйыммен топтаспаған, мүлдем бірлі-жарым социалистердің барды-жоқты қатнасуымен болған қалың стачкалар. Стачкалар жөнінде жұртшылықтың ауалануы самодержавиенің қарғылы төбеті Катковқа «Русьта пайда болған жұмысшы мәселесінің құрметіне жүз бір салюттік атыс» туралы сот жөнінде еріксіз сөз айтқызады. Үкімет экономикалық жеңілдіктер жасайды. 1891-нші жыл — Петербург жұмысшыларының Шелгуновты⁴¹ қабырлаудағы демонстрацияға қатынасуы, Петербург маёвкасында саяси сөздер сөйленуі. Біз бұқаралық қозғалыс жоқ жағдайда алдыңғы катарлы жұмысшылардың социал-демократиялық демонстрациясын көреміз. 1896-ншы жыл: Петербургте он — он мыңдаған жұмысшылардың стач-

касы. Бұқаралық қозғалыс, онымен бірге көше үгітінің басталуы, бұған енді тұтас социал-демократиялық ұйымның қатнасуы. Тек қана студенттік ұйым деуге болатын бұл ұйым кәзіргі біздің партиямызбен салыстырғанда әлі қаншалықты кішкентай болса да, қозғалысқа саналы және жоспарлы түрде социал-демократиялық мақсатпен араласып, басшылық етуі арқасында қозғалыс Морозов стачкасына қарағанда өте зор көлемді және маңызды болды. Үкімет тағыда экономикалық жеңілдіктер берді. Бүкіл Россияда стачка қозғалысына берік негіз салынды. Революцияшыл интеллигенция жаппай социал-демократиялық бола бастады. Социал-демократиялық партия құрылады. 1901-нші жыл. Жұмысшы студентке жәрдемге барады. Демонстрациялық қозғалыс басталады. Пролетариат көшеге: самодержавие жойылсын! деген ұран көтеріп шығады. Радикалдық интеллигенция либералдық, революциялық-буржуазиялық және социал-демократиялық болып түпкілікті бөлінді. Революциялық социал-демократияның ұйымдары демонстрацияға барған сайын кең, белсенді түрде, тікелей қатнаса бастайды. 1902-нші жыл: өте зор Ростов стачкасы аса көрнекті демонстрацияға айналады. Пролетариаттың саяси қозғалысы енді интеллигенттік, студенттік қозғалысқа барып қосылмайды, қайта тікелей стачкадан туып өзі өсіп шығады. Ұйымдасқан революциялық социал-демократия одан да гөрі белсене қатынасады. Пролетариат өзі үшін және өз комитетінің революциялық социал-демократтары үшін бұқаралық көше жыйналыстарының бостандығын күшпен алады. Пролетариат барлық басқа таптарға және патша үкіметіне өзін бірінші рет тап ретінде қарама-қарсы қояды. 1903-нші жыл. Стачкалар тағыда саяси демонстрациялармен ұштасады, бірақ бұрынғыдан гөрі кең базисте ұштасады. Стачкалар бүкіл ауданды қамтыйды, бұларға жүз мыңнан астам жұмысшы қатнасады, бұқаралық саяси жыйналыстар стачкалардың кезінде тұтасымен бірнеше қалада қайталансады. Біздердің баррикадалар қарсаңында тұрғанымыз сезіледі (1903 жылғы Киев қозғалысы⁴² жайында жергілікті социал-демократтардың пікірі). Бірақ бұл баррикадалар қарсаңы біршама ұзақ болып шығады, біздерді қуатты таптардың кейде айлап, жылдап күш жыйнайтынына үйреткендей болады, социал-демократияға жанасып жүрген

сенімі кем интеллигенттерді сынағандай болады. Шынында да, біздің партиямыздың сол жақ қанаты, жаңа искрашылдар немесе (бәрібір сондай) жаңа рабочеделошылдар үрейлі қорқыныш туғызбау туралы жұмысшылар мен земствошылдардың келісуі сыяқты демонстрациялардың «жоғарғы түрін» кәзірдің өзінде-ақ іздей бастады. Барлық оппортунистерге тән принципсіздікпен жаңа искрашылдар саясат майданында екі (!!) күш: бюрократия мен буржуазия бар деген ақылға сыйымсыз, тіпті мүлдем ақылға сыйымсыз тезис көтеруге дейін барды («Искра» редакциясының земство науқаны жөніндегі *екінші* хатын қараңыз). Жаңа «Искраның» оппортунистері, уақытты аңдып жүргенінде, пролетариаттың дербес күшін ұмытып кеткен! 1905-нші жыл басталды, сөйтіп тоғызыншы январь ата-тегін жасырып жүрген барлық интеллигенттерді тағыда әйгіледі. Пролетарлық қозғалыс бірден жоғары сатыға көтерілді. Жалпы стачка бүкіл Россияда анық бір миллиондай жұмысшыны жұмылдырды. Социал-демократияның саяси талаптары жұмысшы табының әлі патшаға сеніп жүрген жіктеріне дейін жетті. Пролетариат полицейлік зубатовшылықтың шектерін бұзды, сондықтан революцияға қарсы күресу үшін құрылған жарыя жұмысшы қоғамының барлық мүшелері тегіс Гапонмен бірге революциялық жолға түсті. Стачка мен демонстрация біздердің көз алдымызда *көтеріліске* айнала бастады. Революциялық социал-демократияның қатнасуы қозғалыстың өткен сатыларындағыдан өлшеусіз артық болды, бірақ социал-демократиялық басшылық жөніндегі белсенді пролетарлық бұқараның зор тілегімен салыстырғанда әлі де болса нашар, нашар.

Жалпы және тұтас алғанда, стачкалық қозғалыс пен демонстрациялық қозғалыс әртүрлі формаларда және әртүрлі себептер бойынша бірімен бірі қосылып, кеңінен және тереңдей өсе берді, сөйтіп барған сайын революцияшылдана берді, революциялық социал-демократияның көптен бері айтып келе жатқан бүкілхалықтық қарулы көтеріліске практика жүзінде үсті-үстіне жақындай берді. «Впередтың» 4-нші*, 5-нші номерлерінде-ақ біз 9-ншы январьдың оқыйғаларынан осы қортындыны жа-

* Осы томның 90—91-беттерін қараңыз. *Ред.*

садық. Петербург жұмысшыларының өздері де дереу және тікелей осы қортындыны жасады. Оныншы январь-да олар бір жарыя баспаханаға басып кірді, бізге Петербургтік жолдастар жіберген төмендегі үндеухатты баспахана әрпімен терді, оны он мыңнан астам дана етіп басып шығарып, Питерге таратты. Ол тамаша үндеухат мынау*.

Бұл үндеу түсіндіріп жатуды керек қылмайды. Революциялық пролетариаттың талапкерлігі бұл арада мейлінше толық көрініп отыр. Петербург жұмысшыларының үндеуі олардың өздері тілегеніндей тез жүзеге аса қойған жоқ, бірақ ол әлі талай рет қайталанарды, оны жүзеге асыру әрекеттері әлі сан рет сәтсіздіктерге апарып соғады. Бірақ міндеттерді жұмысшылардың өздерінің осылай қойысының аса зор маңызы бар екені даусыз. Революциялық қозғалыстың қолы жеткен табысын, әлгі міндеттің практикалық маңыздылығын сезіп білуге жеткізген және қандай халықтық қозғалыстың тұсында болса да ол міндетті ең таяуда кезекке қою ісін жақындатқан табысын, — мінеки бұл табысты пролетариаттан енді ешнәрсемен тартып алуға болмайды.

Көтеріліс идеясының тарихына тоқтаған жөн. Жаңа «Искра» естен кеткісіз № 62 бас мақаласынан бастап, бұл мәселе жөнінде көмескілеп сөкет сөздерді соншама көп айтты, біздің ескі танысымыз Мартыновқа әбден лайық келетін оппортунистік шатақтарды соншама көп істеді, сондықтан мәселенің бұрынғы қойылысын дәлмедәл еске түсірудің айрықша маңызы болып отыр. Жаңа «Искраның» барлық сөкет сөздері мен барлық шатақтарына бәрі-бір ілесе алмайсың. Онан да гөрі бұрынғы «Искраны» жиірек еске түсіріп, оның бұрынғы жақсы ұрандарын нақтылаңқырап дамыту мақсатқа қолайлы келеді.

Лениннің «Не істеу керек?» деген кітапшасының аяқ жағында, 136-ншы бетінде** бүкілхалықтық қарулы көтеріліс ұраны ұсынылады. 1902 жылдың ең бас кезінде, яғни бұдан үш жыл бұрын бұл туралы міне бы-

* Осы томның 151 — 152-беттерін қараңыз. *Ред.*

** Қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 5-том, қазақша 558-беті. *Ред.*

лай делінді: «Халық көтерілісін алып қараңыз. Қазіргі кезде, ол көтеріліс туралы ойлап, соған дайындалуға тиіс екендігімізге жұрттың бәрі де қосылар деймін...»*

*1905 ж. февральдың басында жазылған
Бірінші рет 1926 ж. Лениннің
V жыйнағында басылған*

*Қолжазба бойынша
басылып отыр*

* Қолжазба осы арада үзіледі. *Ред.*

А. А. БОГДАНОВ ПЕН С. И. ГУСЕВКЕ ХАТ

11.II.1905.

Кеше Сіздердің өзгертулеріңізге рыйза екендігім туралы телеграмма жібердім, алайда Сіздердің хатыңыздан ұққан нәрсе мүлдем қосылмаймын. Бірақ бұл сөз-бұйданың маған жексұрын көрінгені соншалық, Сіздердің сұрақтарыңыздың маған мазақ тәрізді есітілгені соншалық — мен қолды бір сілтедім де: *әйтеуір бірдеме істеп жатсыншы! съезд туралы мейлі қандай болса да хабар шығарсыншы, бірақ ол жайында кұр сөз қылмай, әйтеуір шығарып жатсыншы!* дедім. Сіздер мазақ деген сөзге таңқаларсыздар. Бірақ ойлап қараңыздаршы, шындығында да: бұдан екі ай бұрын мен өзімнің жобамды бюроның *барлық* мүшелеріне жіберемін*. Бұған бірде-біреуі зейін аудармайды және пікір ауысуды қажет деп санамайды!! Ал енді келіп телеграф бойынша... амал қанша ұйым туралы, централизм туралы пікір алысамыз, ал іс жүзінде орталықтағы өте жақын жолдастардың арасында сондай ынтымақсыздық, сондай майдагерлік — тіпті жерге түкіргің келеді. Бундшылдарды алсаңыз, олар централизм туралы аузымен орақ ормайды, ал олардың *әрқайсысы* орталыққа апта сайын жазып тұрады және *іс жүзінде* байланыс орнатылып жатыр. Олардың «Соңғы хабарларын» қолға алсаң-ақ болғаны — осы байланысты көресің. Ал бізде «Впередтың» 6-ншы номері шығады, бірақ редакцияның мүшесінен (Рахметовтан) «Вперед» туралы да, «Вперед» үшін де бір жол хабар жоқ. Бізде әрі С.-Петербургтегі, әрі Москвадағы мол әдебиет байланыстары туралы, көпшілік-

* Қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 7-том, 568—570-беттер. Ред.

тің жас күштері туралы «сөз етіледі», бірақ біз мұнда, жұмысқа шақырылғаннан кейін («Вперед» туралы анонс және ол туралы хат) *екі айдан* соң да ешбір хабар-ошар ала алмай отырмыз. Ал орыс комитеттері (Кавказ, Нижний, ал Поволжье, оңтүстікті тіпті айтпай-ақ қояйын) бюроны мүлдем «миф» деп санайды және бұған толық правосы бар. С.-Петербургтік көпшілік комитетінің меньшевиктер тобымен қайдағыбір одағы туралы біз бөтен адамдардан «есіттік», — бірақ өз адамдарымыздан бірауыз сөз жоқ. Осындай мерт қыларлық және мәніссіз қылықты большевиктердің істей алғанына сенгіміз келмейді. Социал-демократтардың конференциясы туралы және «одақ» туралы біз бөтендерден «есіттік», бірақ мұның өзі *fait accompli** дескенімен өз адамдарымыздан *ешбір дыбыс* жоқ. Сірә, өздерін алдатып алуды большевиктер тағыда тілеген болса керек.

Біздің бірден-бір күшіміз — ашық турашылдық пен ұйымшылдық, шабуыл жігері. Ал жұрт, сірә, «революция» болғаны себепті елжіреп кеткен болса керек!! Ұйымшылдықтың керегі жүз есе артып отырған кезде, ол адамдар ірткі салушыларға сатылып кетіп жүр. Съездің де декларация жобасы жөніндегі түзетулерден (хатта мейлінше көмескі айтылған түзетулерден) «лояльдікті» ала жүгірушілік бар екені көрінеді: папаша бұл сөзді тура жазады да, егерде орталықтарды еске салмаса, съезге ешкім бармайды! деп қосады. Ал, мырвалар, егерде Сіздер *осылай* әрекет ететін болсаңыздар, Сіздердің ешуақытта съезді шақыра алмайтындарыңызға және Орталық Орган мен Орталық Комитеттің бонопартистеріне бағыныштылықтан ешуақытта шыға алмайтындарыңызға мен бәс тігемін. Сенімсіздік білдірілген орталықтарға *қарсы* съезд шақыру, *революциялық* бюроның (лояльді уставтың алдында бас иген күнде іс жүзінде жоқ және жалған бюроның) атынан съезд шақыру және 9 бонопартистің де, Лиганың да (ха-ха!), бонопартистерден қойылғандардың да (жаңа ғана шала дүмбілез құрылған комитеттер) съезде болуына *сөзсіз* правосы тану деген сөз — жұртқа күлкі болу және қандай да болса қадірден айрыла бастау деген сөз. Орталықтарды шақыруға болады және шақыру керек

* — болып қойған факт. *Ред.*

те, бірақ олардың шешуші даусы бар деп тану, тағы да айтамын, ақылсыздық. Әрине, орталықтар *біздің* съезімізге бәрібір бармайды, ал ендеше өзіңнің бетіңе тағы бір рет түкіруге сылтау берудің не қажеті бар? Екіжүзділік істеудің, жасырынудың не керегі бар? Бұл тура маскара. Біз *жікке бөлінгенімізді* жарыяладық, біз съезге *впередшылдарды* шақырып отырмыз, біздердің *впередтық* партия құрғымыз келеді, бүлдіргіштермен барлық және қандай да болса қатнастарды үзіп жатырмыз, дереу үзіп жатырмыз, — ал бізге келеді де лояльдік туралы пікір айтады, «Искра» мен «Впередтың» ортақ съезінің болуы мүмкін деген түр көрсетеді. Бұл бір комедия ғой! Әрине, съездің (егер ол бола калса) бірінші-ақ күні, бірінші сағаты бұл комедияның тамырын қыяды, бірақ съезге дейін мұндай фальшь бізге ондаған, жүздеген рет зыянын тигізеді.

Расында мен большевиктердің оннан тоғызы шынында формалистер ме деп жиі-жиі ойлап қоямын. Не біз күрескісі келетіндерді шын темірдей берік ұйымға топтастырамыз, сөйтіп бұл кішкене, бірақ берік партиямен қырық ұру жаңа искрашыл элементтердің кереметтей ісініп-кебінген құрамын аяусыз әйгілеп отырамыз, не біз жексұрын формалист ретінде апат болуға лайықты екенімізді өз қылығымызбен ыспаттаймыз. Бюроға *дейін* және «Впередқа» *дейін* лояльдікті сақтап қалу үшін, бірлікті сақтап қалу үшін, дау-жанжалды жайластырудың формальді, яғни жоғарғы әдістерін сақтап қалу үшін біздердің қолымыздан келгенінің бәрін істегенімізді адамдар қалайша түсінбейді!?!? Ал кәзір, бюродан *кейін*, «Впередтан» *кейін* жікке бөлінгеніміз факт болып отыр. Жікке бөлінгеніміз факт болғаннан кейін біздің *материалдық жағынан сан есе әлсіз* екеніміз көрінді. Біздер әлі моральдық күшімізді материалдық күшке айналдыруымыз керек. Меньшевиктердің ақшасы көбірек, әдебиеті көбірек, транспорттары көбірек, агенттері көбірек, «атақтылары» көбірек, қызметкерлері көбірек. Мұны көрмеу кешіргісіз балалық болған болар еді. Сондықтан біз дүние жүзі алдында өзінің нәтижесіз моральдық тазалығын мақтан ететін қансыз-сөлсіз қуарған кәрі қыздың ең бір жек көрінішті үлгісінде көрінгіміз келмесе, бізге күрес керек екенін, күрес ұйымы керек екенін ұғуымыз керек. *Ұзақ ұрыстан кейін ғана және өте жақсы*

ұйымдастырылған жағдайда ғана біздің моральдық күшіміз материалдық күшке айнала алады.

Ақша керек. *Лондонда* съезд шақыру жоспары мүлдем ақылға сыйымсыз, өйткені ол екі есе қымбатқа түседі. Біз «Впередты» тоқтата алмаймыз, ал ұзақ уақытқа кетіп қалсақ ол тоқтайды. Съезд карапайым, қысқа, кісісі аз болуға тиіс. Мұның өзі күрес ұйымдастыру үшін керекті съезд. Бұл жөнінде Сіздердің жалған үмітте екендеріңіз барлық істен көрініп тұр.

«Впередқа» қызметкерлер керек. Біз азбыз: Россиядан 2—3 тұрақты қызметкер қоспаса, онда «Искрамен» күресу туралы былжырақ сөздің де керегі жоқ. Кітапшалар мен листоктар керек, өте-мөте керек.

Жас күштер керек. Адам жоқ деп айтуға аузы баратындарды тура табанда ату керек деп ақыл берер едім мен. Россияда адам қыйсапсыз көп, тек *жастардан қорықпай*, оларды кеңінен және батылырақ, батылырақ және кеңінен, тағыда кеңінен, тағыда батылырақ іске тартып отыру керек. Қазір соғыс уақыты. Бүкіл күрестің тынымын жастар, студент жастар және одан да гөрі жұмысшы жастар шешеді. Икемсіздік, чинге бас июшілік сыяқты барлық ескі әдеттерді тастандар. Жастардан впередшылдардың *жүздеген* үйірмелерін құрындар, олардың бар пәрменімен жұмыс істеуіне дем беріп отырындар. Жастарды алып, комитетті *үш есе* кеңейтіндер, бес немесе он көмекші комитет құрындар, адал және жігерлі адамның әрқайсысын және әрбіреуін «кооптацияландар». Көмекші комитеттің қайсысының болса да ешқандай кедергі-бөгетсіз листоктар жазуына және басып шығаруына право беріндер (қателесе қалса, ештеме етпейді: біз «Впередта» «жұмсақтап» түзерміз). Революцияшыл-ынталы адамдардың бәрін асқан шапшаңдықпен біріктіріп, іске жұмсап отыру керек. Олардың даярлықсыздығынан қорықпандар, олардың тәжрибесіздігінен, олардың жетілмегендігінен қорқып қалтырамаңдар. Біріншіден, егерде сіздер оларды ұйымдастырып, бағыттай білмесендер, олар меньшевиктер мен Гапондардың соңынан ілесіп кетеді де, өздерінің сол тәжрибесіздігімен бес есе артық зыян тигізеді. Екіншіден, енді оқыйғалардың өзі *біздің рухымызда* үйретіп отыратын болады. Оқыйғалар кәзір барлық және әрбір адамды нақ впередтық рухта үйретіп те отыр.

Комитеттердің (төменнен жоғарыға дейінгілерінің) маңызды іс істейміз деп ақымақшылық істеулерін мүлдем кейінге ығыстырып тастап, тек қалай да *жүздеген* үйірмелерді ұйымдастырып отыру керек, ұйымдастырып отыру керек, тағыда ұйымдастырып отыру керек. Қазір соғыс уақыты. Не барлық сорттағы, барлық түрдегі, барлық жіктердегі революциялық социал-демократиялық жұмыс үшін барлық жерде бірдей *жаңа*, жас, тың, жігерлі соғыс ұйымдары болады, — не сіздер қалтасында мөрі бар «комитет» адамы деген атақпен жүріп апат боласыздар.

Бұл туралы мен «Впередка»* жазамын және съезде айтамын. Тағыда пікір ауысу, редакциямен оншақты *жас, тың* жұмысшы үйірмелерін (және басқа үйірмелерді) *тікелей байланыстыру* тілегін тудыруға *тырысып көру* үшін Сіздерге жазып отырмын, бірақ... бірақ, бөтен ешкім есітпесін бұл тым батыл тілектерім орындалады деп ешбір үміттенбеймін. Әлде «жоспарды» пәлендей етіп өзгертуге қосыласыз ба, жоқ па деп менен енді екі айдан кейін телеграф арқылы сұрар ма екенсіздер... Күнілгері жауап беремін: бәріне де қосыламын... Съезде көріскенге дейін. Ленин.

Р. S.** «Впередты» Россияға жеткізу ісін революцияшылдандыру міндетін алға қою керек. Питерден жазылуға мейлінше кең түрде насихаттандар. Студенттер, әсіресе *жұмысшылар* өздерінің меншікті адрестеріне ондап, жүздеп жазылатын болсын. Қазіргідей кезде бұдан қорқу ерсі. Полиция бәрін бірдей ешуақытта басып қала алмайды. $\frac{1}{2}$ — $\frac{1}{3}$ жететін болады, соның өзі де өте жақсы. Жастар үйірмелерінің *қай-қайсысына да* осы пікірді айтып беріндер, жастар шет елге өткізудің *жүздеген* жолдарын да табады. «Впередка» хат жіберетін адрес-терді көп, мүмкіндігінше көп таратындар.

Бірінші рет 1925 ж.
«Пролетарская революция» журналының
4(39) номерінде басылған

Қолжазба бойынша
басылып отыр

* Осы томның 213—224-беттерін қараңыз. *Ред.*
** — Postscriptum — қосымша. *Ред.*

ЕКІ ТАКТИКА

Россияда бұқаралық жұмысшы қозғалысының басталған кезінен бері, яғни он жылдай уақыт бойы социал-демократтардың арасында тактика мәселелері жөнінде терең жатқан алауыздықтар бар. Жұртқа мәлім, нақ осы сыяқты алауыздықтар 90-ншы жылдардың екінші жартысында экономизм ағымын тудырды, бұл ағым партияның оппортунистік (рабочеделолық) және революциялық (ескіискралық) топтар болып екі бөлінуіне бастап апарды. Бірақ орыстың социал-демократиялық оппортунизмінің батысевропалық оппортунизмнен өзгеше, өзіне тән ерекшеліктері болды. Оның өзі партияның бернштейншілдік сұлу сөздермен де, таза жұмысшы қозғалысының қолма-қол нәтижелері мен формаларына да әуестенген интеллигенттік тобының көзқарасын немесе тіпті өз алдына дербес көзқарасының жоқтығын өте-мөте бадырайта көрсетіп отырды. Осы әуестенушілік жарыя марксистердің жаппай опасыздық істеп, либерализм жағына көшуіне және социал-демократтардың атышулы «тактика-процесс» теориясын шығаруына бастап апарды; осы теория оппортунистерге берілген құйыршықшылдар деген атақты тұрақтатты. Олар дәрменсіздікпен оқыйғалардың соңынан сүйретілді, бір шектен екінші шекке ауытқып отырды, барлық реттерде революцияшыл пролетариаттың қызметінің көлемін және оның күшіне сенуін төмендетіп отырды, бұл арада мұның бәрі ең алдымен және бәрінен бұрын пролетариаттың талапкерлігі деген сылтаумен бүркелді. Бұл сөкет нәрсе, бірақ бұл факт. Жұмысшылардың талапкерлігі туралы рабочеделошылдардай көп айтқан ешкім болған жоқ

және өздерінің үгітімен осы талапкерліктің шеңберін тарылтып келген, оны кемітіп келген, төмендетіп келген олардай ешкім болған жоқ. «Жұмысшы бұқарасының белсенділігін көтеру» туралы азырақ сөйлендер, — деді саналы, алдыңғы қатарлы жұмысшылар өздерінің жалықпайтын, бірақ зейінсіз ақылшыларына. «Біздегі белсенділік сіздердің ойлағандарыңыздан анағұрлым көп, және де біз тіпті ешбір «қолға ұстарлық нәтижелер» бермейтін талаптарды да көшедегі ашық күресте қолдай білеміз! Ал біздің белсенділігімізді «көтеретін» сіздер емес, өйткені дәл сіздердің өздеріңізде сол белсенділік жетімсіз. Стихиялыққа азырақ бас иіп, өз белсенділіктеріңізді көтеру жағын көбірек ойлаңыздар, мырзалар!» Революцияшыл жұмысшылардың оппортунистік интеллигенттерге көзқарасын міне осылай сыйпаттауға тура келді («Не істеу керек?», 55-бет*).

«Искраның» «Рабочее Делоға» қарай шегінген екі кадамы бұл көзқарасты қайтадан тудырды. «Искраның» беттерінен күйыршықшылдықты уағыздайтын сөздер тағыда ағылды, ол: олда-білде пролетариаттың талапкерлігіне сенемін, оны таныймын деген дәл сондай жүрек айнытарлық анттармен бүркелді. Пролетариаттың талапкерлігіне бола съезде Аксельрод пен Мартынов, Мартов пен Либер (бундшыл) профессор, гимназистердің ешқандай ұйымға кірмей-ақ партия мүшелігіне жазылу правосын қорғады. Пролетариаттың талапкерлігіне бола бүлдіргіштікті ақтайтын және интеллигенттік анархизмді мадақтайтын — «ұйымдастыру-процесс» теориясы шығарылды. Пролетариаттың талапкерлігіне бола үрейлі қорқыныш тудырмай бейбіт демонстрациялау туралы үш мәртебе сайлау арқылы тазартылған жұмысшы депутациясының *земствошылдармен келісуі* сыяқты «демонстрациялардың жоғарғы түрі» деген одан осал соқпайтын атышулы теория шығарылды. Пролетариаттың талапкерлігіне бола қарулы көтеріліс идеясы бұрмаланып, өңі айналдырылды, төмендетіліп, шатастырылды.

Осы соңғы мәселенің практикалық маңызы аса зор болғандықтан біз оқушының назарын осыған аудармақшымыз. Жұмысшы қозғалысының дамуы жаңа «Искра-

* Қараныз: Шығармалар, 4-басылуы, 5-том, қазақша 448—449-беттері. *Ред.*

ның» сәуегейлерін мықтап мазақ етті. Жаңа «Искраның» «пролетариаттың таптық сана-сезімі мен талапкерлігің жоспарлы түрде күшейту процесі» үшін демонстрациялардың жоғарғы түрі ретінде «жұмысшылардың арызың почта арқылы гласныйлардың үйіне жеткізуді және оны көп дана етіп басып земство жыйналысының залына шашуды» ұсынатын бірінші хаты әлі Россияға тарап үлгірмей жатып; — кәзіргі «тарихи кезеңде саясат сахнасы ұйымдасқан буржуазия мен бюрократияның арасындағы тартысқа толы! (!)», «төмендегі қандайда болса (тыңдаңыз, тыңдаңыз!) революциялық қозғалыстың объективтік мағнасы біреу (!) және ол екі (!!)) күштің кәзіргі режимді бұзу мақсатын көздейтінінің ұрандарын қолдауда болады (демократиялық интеллигенцияны «күш» деп жарыялап отыр) деп тіптен таңқаларлық жаңалық айтатын оның екінші хаты Россияға әлі жетпей жатып; — саналы жұмысшылар бұл тамаша хаттарды әлі оқып шығып жақсылап тұрып күлкі етуге үлгірмей жатып, пролетариаттың шын күресінің оқыйғалары жаңаискрашыл публицистердің бұл саяси қоқысының бәрін сыпырынды жәшігіне бірден-ақ сыпырып тастады. Самодержавиені бұзуды мақсат етіп қана қоймайтын, қайта оны *шындап бұзуға кірісуге әзір отырған* үшінші (асылында, әрине, үшінші емес, есеп жағынан екінші, ұрыс қабілеті жағынан бірінші) *күш* бар екенін пролетариат көрсетті. 9-январьдан бастап жұмысшы қозғалысы біздің көз алдымызда халық қозғалысы болып *өсіп келеді*.

Ал енді осы көтеріліске көшуді айтқанда күнілгері оны тактика мәселесі деп айтып келген социал-демократтардың оған қандай баға бергенін көрейік те, бұл мәселені практикада жұмысшылардың өздері қалай шешө бастағанын көрейік.

Біздің ең таяудағы практикалық міндеттерімізді белгілейтін ұран болып табылатын көтеріліс туралы бұдан үш жыл бұрын міне былай делінді: «Халық көтерілісін алып қараңыз. Кәзіргі кезде, ол көтеріліс туралы ойлап, соған дайындалуға тиіс екендігімізге жұрттың бәрі де қосылар деймін. Бірақ қалай дайындалу керек? Көтерілісті дайындау үшін Орталық Комитет барлық жерлерге агенттер белгілей алмайды-ғой! Бізде Орталық Комитет болған күнде де, орыс елінің кәзіргі жағдайларында оның агенттер тағайындаумен тіпті ешнәрсеге қолы

жетпес еді. Қайта, ортақ газетті жолға қою, тарату жөніндегі жұмыс үстінде өзінен өзі құрылатын агенттер тобы көтеріліске шақыратын ұранды «күтіп, карап отыра беруге» тиіс болмас еді, қайта көтеріліс бола қалған күнде өзінің табысқа жетуіне көбірек сенім туғызатын тұрақты жұмыс істер еді. Нақ осындай жұмыс жұмысшылардың нағыз қалың бұкарасымен де, самодержавиеге наразы топтардың бәрімен де байланысты нығайтқан болар еді, көтеріліс үшін мұның өте зор маңызы бар. Жалпы саяси халді дұрыс бағалау қабілеті, олай болса, көтеріліс үшін қолайлы мезгілді тандап алу қабілеті нақ осындай жұмыстың үстінде жасалар еді. Нақ осындай жұмыс, бүкіл Россияны тынышсыздандырып отырған белгілі бір саяси мәселелерге, сондай жағдайлармен оқығаларға бір уақыт ішінде үн қосуға, бұл «оқығаларға» мүмкін болғанынша жігерлірек, мүмкін болғанынша бірыңғай, қолайлырақ жауап беруге *барлық* жергілікті ұйымдарды үйретер еді, — ал көтерілістің өзі, асылына келгенде, бүкіл халықтың үкіметке нағыз жігерлі, нағыз бірыңғай, нағыз қолайлы түрде «жауап» беруі ғой. Нақ осындай жұмыс, ақыр аяғында, Россияның барлық жерлеріндегі барлық революциялық ұйымдарға партияның *іс жүзіндегі* бірлігін жасайтын нағыз тұрақты, сонымен бірге нағыз астыртын қатнастар жүргізуді үйретер еді, — ал мұндай қатнасыз көтерілістің жоспарын бірлесіп талқылау, көтерілістің қарсаңында өте құпия ұсталуға тиіс қажетті дайындық шараларын қолдану деген мүмкін емес.

Қысқасы, «жалпыорыстық саяси газеттің жоспары» доктринерлік пен әдебиетшілдік ауруына шалдыққан адамдардың кабинеттік жұмысының жемісі (жоспарды жете ойламаған кісілерге осылай болып көрінді) болып табылмайтыны былай тұрсын, қайта, ол жоспар *күнделікті тұрмыстағы өзінің шұғыл жұмысын да ұмытпай отырып, көтерілісті барлық жағынан бірдей бастаудың және оған кәзірдің өзінде-ақ дайындалудың нағыз практикалық жоспары болып табылады* («Не істеу керек?»*).

Біз астын сызған қортынды сөздер көтерілісті дайын-

* Қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 5-том, қазақша 558—560-беттері. Ред.

дау жұмысын революцияшыл социал-демократтардың қалай түсінгені туралы мәселеге айқын жауап береді. Бірақ, бұл жауап қаншама айқын бола тұрса да, ескі күйыршықшылдық тактика бұл пунктте де өзін көрсетпей қалмады. Мартынов осы жақында ғана «Екі диктатура» деген кітапша шығарды, бұл кітапшаны жаңа «Искра» (№ 84) ерекше мақтап ұсынды. Лениннің «бүкілхалықтық қозғалысты әзірлеу, тағайындау және өткізу» туралы айта алғанына автор өзінің рабочеделошыл жүрегінің терең түкпірлерінен ашуланады. Қаһарлы Мартынов жауын былай деп жайратады: «Тек қана орда төңкерістері мен әскери топтардың бүліктерін ғана күнілгері тағайындауға және күнілгері жасалған жоспар бойынша нәтижелі етіп өткізуге болатындығын, онда да мұның себебі — бұлардың халық революциялары болмай, яғни қоғамдық қатнастардағы төңкерістер болмай, басшы топтағы өзгеріс қана болғандығынан екенін тарихи тәжірибенің және қоғамдық күштердің динамикасын ғылыми жолмен талдау негізінде халықаралық социал-демократия әрқашан мойындап келді. Халық революциясын күнілгері тағайындауға болмайтынын, оның қолдан жасалмайтынын, қайта өзі істелетінін социал-демократия барлық жерде және әрқашан мойындап келді».

Бәлкім, оқушы бұл үзіндіні оқығансоң, Мартынов оншама үлкен дұшпан «емес» шығар және оны шындап есепке алудың өзі күлкі шығар, дегенді айтар. Біз мұндай оқушыға толық қосылған болар едік. Біз мұндай оқушыға тіпті біздің жаңаискрашылдардың барлық теориялары мен барлық пікірлерін шындап есепке алудан асқан азаптың жер үстінде жоқ екенін де айтар едік. Бар қырсық осындай бос сөздердің «Искраның» (№ 62) бас мақалаларында айтылып жүргенінде. Бұдан да асқан қырсық: осындай бос сөздермен басын қатырып жүрген адамдардың партия ішінде бар және аз емес екенінде. Сондықтан «ұйымдастыру-процесті» ашқан Роза Люксембургтің «теориясы» туралы біздің айтуымызға тура келетіні сыяқты, түкке тұрғысыз нәрселер туралы айтуға тура келеді. Көтерілісті халық революциясымен шатастырудың керегі жоқ деп Мартыновқа түсіндіруге тура келеді. Орыс самодержавиесін құлату туралы практикалық мәселені шешерде қоғамдық қатнастардағы төңке-

рісті терең мағынамен дәлел ету Кифа Мокиевичке⁴³ ғана лайықты іс екенін ұғындырып отыруға тура келеді. Бұл төңкеріс Россияда крепостниктік правоның кұлауынан-ақ басталды, сонымен атап айтқанда біздің саяси қондырманың қоғамдық қатнастарда болған төңкерістен артта қалғандығы қондырманың күйреуін шарасыз етеді, бұл арада бірден, *бір соққыдан* күйреуі әбден және әбден мүмкін, өйткені Россиядағы «халық революциясы» патша өкіметіне жүз рет соққы берді, ал енді оның күйреуін жеріне жеткізетін жүз бірінші соққы ма, әлде жүз оныншы соққы ма, — ол арасы белгісіз. Тек өздерінің филистерлігін пролетарийлерге аударып жүрген оппортунист интеллигенттер ғана бір жүзі толып, екінші жүзі басталған соққыдан бір соққы берудің практикалық әдістері талқыланып жатқан кәзіргідей кезде «қоғамдық қатнастардағы төңкеріс» жөніндегі өздерінің гимназиялық білімдерін көрсете алады. Тек жаңа «Искраның» оппортунистері ғана қорқынышты «якобиншілдік» жоспар туралы жанталаса айқай сала алады; ал жоспар саяси газеттің жәрдемімен барлық жағынан бірдей бұқаралық үгіт жүргізуге салмақ салатынын біз көрдік!

Халық революциясын тағайындауға болмайды, ол дұрыс. Осы акыйқатпен таныстығы үшін Мартыновты және «Искраның» 62-номеріндегі бас мақаланың авторын мақтамауға болмайды (онда Мартыновтың сенімді серігі немесе шәкірті «утопистермен» күресе отырып, «біздің партиямызда қандай көтерілісті дайындау туралы сөз болуы мүмкін?» деп сұрайды). Бірақ егерде біз көтерілісті шын дайындаған болсақ және егерде қоғамдық қатнастарда *болған* төңкерістер себепті халық көтерілісін жасау мүмкін болса, көтерілісті тағайындау жүзеге асыруға әбден болатын нәрсе. Жаңаискрашылдар үшін мұны қарапайым мысалмен түсіндіруге тырысып көрейік. Жұмысшы қозғалысын тағайындауға бола ма? Жоқ, болмайды, өйткені ол қоғамдық қатнастардағы төңкерістен туатын мындаған жеке әрекеттерден кұралады. Стачканы тағайындауға бола ма? Болады, әрбір стачка қоғамдық қатнастардағы төңкерістің нәтижесі болып табылатындығына *қарамастан*, — ескеріп қойыңыз, Мартынов жолдас, — мінеки осыған қарамастан, тағайындауға болады. Стачканы қашан тағайындауға болады? Оны тағайындайтын ұйым немесе үйірме сол арадағы жұмыс-

шылар бұқарасының арасында ықпал жүргізіп отырған кезінде және жұмысшылар бұқарасының ішіндегі өсіп отырған наразылық пен ашу-ызаның уақытын дұрыс бағалай білген кезінде тағайындауға болады. Мартынов жолдас және «Искраның» 62-номерінің бас мақаласын жазушы жолдас, істің мәні неде екенін енді сіздер түсіндіңіздер ме? Егер түсінген болсаңыздар, көтерілісті халық революциясымен енді салыстырып көріңіздерші. «Халық революциясын күнілгері тағайындауға болмайды». Ал көтерілісті тағайындаушылар бұқараның арасында ықпал жүргізіп отырған болса және жағдайды дұрыс бағалай білетін болса, ол көтерілісті тағайындауға болады.

Біздің бағымызға, алдыңғы қатарлы жұмысшылардың талапкерлігі жаңа «Искраның» күйыршықшылдық философиясынан көш ілгері алда болып шықты. Ол революцияшыл таптың алдыңғы қатарлы отрядын ұйымдастырып көтеріліске ~~әзір~~ жаңа адамдар көтерілісті тағайындай алмайды деп дәлелдейтін теорияларды күшеніп-тырбанып шығарғанынша, көтеріліске әзірленбеген адамдардың көтерілісті тағайындай алатынын және тағайындауға мәжбүр болатынын оқыйғалардың өзі көрсетіп отыр.

Міне, бізге петербургтік бір жолдас жіберген үндеухат. Оныншы январьда Петербургте бір жарыя баспахананы басып алған жұмысшылардың өздері ол үндеухатты баспахана әрпімен теріп, 10 000 нан астам дана етіп басып шығарып, таратты.

«Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Азаматтар! Кеше сіздер самодержавиелік үкіметтің айуандықтарын көрдіңіздер! Көше-көшеде сел боп аққан қанды көрдіңіздер! Жұмысшы ісі жолындағы күресте өлтірілген жүздеген күрескерлерді көрдіңіздер, өлімді көрдіңіздер, жаралы әйелдер мен қорғансыз балалардың зар қакқанын есіттіңіздер! Жұмысшылардың өз қолымен тас төсеген көшелеріне олардың қаны мен мыйы шашырағанын көрдіңіздер. Ал жұмысшының жүрегіне әскерді, оқ пен мылтықты төндірген кім? — Патша, ұлы князьдар, министрлер, генералдар, патша сарайының маңында жүрген азғындар.

Олар — кісі өлтіргіштер! — оларға өлім келсін! Қолға қару алыңдар, жолдастар, арсеналдарды, қару-жарақ складтарын, қару-жарақ магазиндерін басып алыңдар.

Түрмелерді талқандандар, жолдастар, бостандық жолындағы күрескерлерді кұтқарындар! Жандарм және полицей басқармаларын, барлық қазна мекемелерін қыйратындар. Патша үкіметін құлатайық, өз үкіметімізді орнатайық. *Революция жасасын*, халық өкілдерінің құрылтай жыйналысы жасасын! — *Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясы*».

Бұл алдыңғы қатарлы ынталы бір топ жұмысшының көтеріліске шақырған үндеуінің сәті болмады. Көтеріліске шақырған бірнеше сәтсіз үндеулер немесе көтерілісті бірнеше рет сәтсіз «тағайындау» бізді таң қалдырмас еді және сенімімізден айырмас еді. «Қоғамдық қатнастардағы төңкеріс керек» деп бұл жөнінде беталды лағуды және «өз үкіметімізді орнатайық!» деп ұран көтерген жұмысшылардың «утопияшылдығын» көпіре сөгуді біз жаңа «Искраға» бердік. Осындай үндеудің бар салмағы осы ұранда деп үмітсіз педанттар немесе тек істі былықтырушылар ғана айта алады. ^{Көшім} Сіздің алдымызда таяу тұрған міндеттерді орындауға практика жүзінде осылай тамаша батыл кіріскендікті бізге атап айтып, баса көрсету маңызды.

Петербург жұмысшыларының үндеуі олардың өздері тілегеніндей тез жүзеге аса қойған жоқ. Бұл үндеу әлі талай рет қайталанарды, сөйтіп көтеріліс әрекеттерінің әлі сан рет сәтсіздікке апарып соғуы мүмкін. Бірақ бұл міндетті жұмысшылардың өздері осылай қойып отырғанда, бұл фактының орасан зор маңызы бар. Жұмысшы қозғалысының қолы жеткен, табысын әлгі міндеттің практикалық маңыздылығын сезіп білуге жеткізген және қандай халықтық қозғалыстың тұсында болса да ол міндетті ең таяуда кезекке қою ісін жақындатқан табысын, — мінеки бұл табысты пролетариаттан ешнәрсемен тартып алуға болмайды.

Социал-демократтар бұдан үш жыл бұрын жалпы пікірлердің негізінде көтерілісті дайындау ұранын көтерген болатын. Пролетариаттың талапкерлігі де азамат соғысының тікелей ықпалыменен осы ұранға сайма-сай келді. Талапкерлік әртүрлі болады. Революциялық ынталы пролетариаттың талапкерлігі бар да, өсіп жетпеген және деуге сүйеніп келе жатқан пролетариаттың талапкерлігі бар, саналы социал-демократиялық талапкерлік бар да, зубатовтық талапкерлік бар. Сондықтан тіпті кәзіргі ке-

зенде де талапкерліктің нақ осы түріне кошаметпен қарап отырған социал-демократтар бар; олар «таптық» деген сөзді сансыз көп рет қайталап, күнбе-күнгі сұрақтарға тікелей жауап беруден бұлтаруға болады деп ойлайды. «Искраның» 84-номерін алыңыз. «Неліктен, — деп жеңімпаз пішінмен бізге дүрсе қоя береді оның «басмақалашысы», — неліктен бұл көшкіннің (9 январьдың) қозғалуына демеу берген профессионал революционерлердің шағын ұйымы болмай, Жұмысшылардың жыйналысы болды? *Мұның себебі — Жыйналыс жұмысшылар бұқарасының талапкерлігіне негізделген шын (тыңдаңыз!) кең ұйым болды*». Егерде бұл тамаша сөйлемнің авторы Мартыновқа бас июші адам болмаса, ол, бәлкім, мынаны түсінген болар еді: Жыйналыс зубатовтық талапкерліктен социал-демократиялық талапкерлікке нақ көшкен кезде және тек сол себептен ғана ол революцияшыл пролетариаттың қозғалысына қызмет етті (бұдан кейін ол бірден-ақ жарыя Жыйналыс болып өмір сүруден қалды).

Егерде жаңаискрашылдар немесе жаңа рабочеделошылдар күйыршықшы болмаса, «жұмысшы қозғалысын жарыя ету ісі сайып келгенде Зубатовтарға емес, нақ біздерге пайда келтіреді» («Не істеу керек?»)*) деп айтқан адамдардың болжауын дәл тоғызыншы январьдың растағанын олар көрген болар еді. Сонда тұжырып айтылған міндеттің: «бүгінгі арам шөпті де шаба алатын (яғни зубатовшылдықтың бүгінгі аздырушылығын жоя алатын) *«ертеңгі бидайды да ора алатын»* (яғни өзінің жарыя етілуінің аркасында бір адым ілгері басқан қозғалысқа революциялық басшылық ете алатын) *«орақшыларды дайындау»* міндетінің барынша маңыздылығын нақ тоғызыншы январь қайта-қайта көрсетті. Ал жаңа «Искраның» Иванушкалары революцияшыл орақшылардың берік ұйымының маңызын төмендету үшін бидайшығымы тым қалың деген дәлел айтады!

«Революцияның тылына шабуыл жасау» қылмыс болар еді, — дейді сол жаңаискрашыл басмақалашы. Бұл сөйлемнің затында не деген сөз екенін бір алланың өзі біледі. «Искраның» жалпы оппортунистік бет-бейнесімен

* Қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 5-том, қазақша 492-беті. Ред.

бұл сөйлемнің қаншалықты байланысты екенін, біз, сірә, келесі жолы айрықша сөз қылармыз. Ал кәзір мынаны айтсақ жеткілікті: бұл сөйлемнің шын саяси мағнасы біреу, атап айтқанда автор революцияның «шағын» және «якобиншілдік» авангарды жөнінде жеккөрушілікпен мұрнын тыржыйтып, революция тылының алдында бас иеді.

Жаңа «Искра» Мартынов рухында неғұрлым көп жігер салса, құйыршықшылдық тактикасы мен революцияшыл социал-демократия тактикасының арасындағы қарама-қарсылық соғұрлым айқын бола түседі. Қөтеріліс стихиялық қозғалыстардың біреуіне қосылуы тиіс деп біз «Впередтың»* 1-номерінде-ақ айтқанбыз. Демек, егерде әскери теңеуді қолданатын болсақ, «тылды қамтамасыз етудің» маңыздылығын біз екі елі естен шығармаймыз. Біз 4-номерде** стихияның революцияшыл элементтерін қолдап күшейтуге әуел бастан бар күшті жұмсап, бұл стихияның күдікті, зубатовтық тылына ұстамдылықпен, сезіктілікпен қараған Петербург комитетчиктерінің тактикасы дұрыс екенін айттық. Біз енді жаңаискрашылдарға әлі сан рет айтуымызға тура келетін ақылды айтумен аяқтаймыз: революцияның авангардының міндеттерін төмендетпендер, бұл авангардты өзіміздің ұйымдасқан талапкерлігімізбен қолдауға міндетті екенімізді ұмытпаңдар. Жұмысшылардың талапкерлігін күшейту туралы жалпы сөздерді азырақ айтыңдар — сіздер байқамайтын революциялық талапкерлікті жұмысшылар сансыз көп көрсетуде! — жетілмеген жұмысшыларды өздеріңіздің құйыршықшылдығыңызбен аздырмауды көбірек байқаныздар.

* «Вперед» № 6,
14(1) апрель, 1905 ж.

«Вперед» газетінің тексткі бойынша басылып отыр

• Осы томның 13-бетін қараңыз. *Ред.*

•• Осы томның 99-бетін қараңыз. *Ред.*

КӨТЕРІЛІС ҮШІН ЖАУЫНГЕРЛІК КЕЛІСІМ ЖАСАУ ТУРАЛЫ

«Революционная Россия» айтады (№ 58): «Кескілесіп жауласудан арасына ірткі салынған революциялық-социалистік фракциялардың қатарына ақырында енді жауынгерлік бірлік рухы өтетін болсын және қылмысты түрде іштен ірітілген социалистік ынтымақтық санасын қайта тудыратын болсын... Келісіп алып шабуыл жасау жолымен революцияшыл күштердің әрекетін күшейте отырып, оларды мүмкіндігінше көп сақтап қалайық!» дейді.

Социалист-революционерлердің бос сөзі басым екендігіне біздің сан рет қарсылық білдіруімізге тура келіп еді, кәзіргі уақытта да біз бұған қарсылық білдіруге тиістіміз. «Кескілесіп жауласу» және т. б. туралы бұл қорқынышты сөздердің, мырзалар, керегі не? Бұл сөздер революционерлерге лайық па? Нақ кәзір, нағыз күрес жүріп жатқан, қан төгіліп жатқан кезде, — «Революционная Россия» бұл туралы да шамадан асырып қастерлеп айтады, — нақ кәзір «кескілесіп жауласу» туралы осылайша теріс бұрып, асырып айтушылықтар ерекше жалған болып естіледі. Күштерді сақтап қалу дейсіз бе, сіз? Бірақ күштер әртектіні құрастырумен емес, біртұтас, бірауызды, принциптік жағынан ынтымақтас ұйыммен сақталады-ғой. Ондай құрастыру жөніндегі жеміссіз әрекеттерде күштер сақталмайды, қайта бытыртылады. Сөз жүзінде емес, іс жүзінде «жауынгерлік бірлікті жүзеге асыру үшін біздің нақ неде және нақ қаншалықты бірауызды бола алатынымызды анық, айқын, соның өзінде *тәжрибе бойынша* білу керек. *Мұны* білуге, басқасын былай қойғанда, сіздер соншама «қорқыныш-

ты» терминдермен атайтын айтыспен, күреспен, жаулықпен ғана жетуге болады; *мұнсыз* жауынгерлік бірлік туралы әңгіме кұр бос сөз, бос сөз, тағы да бос сөз. Орыстың қоғамдық ой-пікірі мен орыстың социалистік ой-пікірінің тұтас бір зор дәуірлерінің жігін айыратын алауыздықтар жайында біз үндемей қалған болсақ, ол шынында жақсы болар ма еді? Демократиялық буржуазияның көмескі социалистік қыялға толы идеологиясы — халықшылдықтың және пролетариат идеологиясы — марксизмнің қыян-кескі күресін тудырған тек «ұрыс-жанжалға бойұрушылық» болғаны ма? Жетер енді, мырзалар, әлгіндей сөздерді айтуға дейін барып, халықшылдықтың және сіздердің «социал-революционизміңіздің» буржуазиялық-демократиялық мазмұнына марксистік көзбен қараушылықты «зәбір» деп санауды қоймай, сіздер тек күлкі болатын халге түсесіздер. Біз Россиядағы болашақ революциялық комитеттерде де сөзсіз таласамыз, айрылысамыз, жауласамыз, — тарихтан үйреніп отыру керек-қой. Бірақ бұл таластардың қыймыл кезіндегі күтпеген, ешкімге түсініксіз, шатасқан таластар болмауын ойлау керек, принциптік жағынан таласуға, әрбір бағыттың түпкі тұрғыларын білуге, мүмкін болатын бірлікті және болмай қоймайтын жаулықты күнілгері белгілеуге әзір тұру керек. Асқан асығыстықпен шала-шарпы құрастырылатын «жауынгерлік бірліктің» тәжрибелерінен *өзара қағыс және өзек тілер өкініш туып*, зор зыян келетіндігінің мысалдары революция замандарының тарихында өте, өте көп.

Осы тарихтың сабағын біздің пайдаланғымыз келеді. Сіздерге өрісі тар догма болып көрінетін марксизмді біз осы тарихи сабақтың және басшылықтың нақ барлық нәрі деп білеміз. Революцияшыл пролетариаттың *дербес*, бітіспес марксистік партиясын біз социализм жеңуінің бірден-бір кепілі және жеңіске жетудің неғұрлым ауытқулардан аман жолы деп білеміз. Сондықтан біз, тіпті ең революциялық кезендерде де, социал-демократиялық партияның толық дербес партия болуынан, біздің идеологиямыздың толық бітіспес идеология болуынан бас тартпаймыз.

Сіздерге бұл — жауынгерлік бірлікті *керек етпеу* сыяқты болып көріне ме? Сіздер қателесесіздер. Күресу үшін және күрес үстінде келісім жасаудан біздің бас тарт-

пайтынымызды біздің екінші съезіміздің қарарларынан көрулеріңізге болады. Россияда революцияның басталуы бұл келісімдердің практикада жүзеге асырылу кезеңін сөзсіз жақындатады деп біз «Впередтың» 4-номерінде атап көрсеттік*. Революцияшыл социал-демократия мен демократияның революцияшыл элементтерінің бірлесіп күресуі самодержавиенің құлауы заманында болмай қоймайтын және керекті іс. Біздің ойымызша, егерде біз жүз жыртатын ащы сөздердің орнына жауынгерлік келісімдер жасаудың мүмкіндіктері мен олардың, былайынша айтқанда, «компетенциясының» мүмкін болатын шеңберлерін дұрыстап және байымдап салмақтап қарасақ, болашақ жауынгерлік келісімдер жасау ісіне жақсырақ қызмет етер едік. Біз «социалист-революционерлер партиясының» халықшылдықтан марксизмге қарай ілгері басуын зерттеп, «Впередтың» 3-номерінде осы жұмысты бастадық**.

«Бұқараның өзі қаруға жармасты, — деп жазды «Революционная Россия» 9-январь жөнінде. — Ерте болсын, кеш болсын бұқараны қаруландыру туралы мәселенің шешілетіні шүбәсіз». «Міне сонда терроризм мен бұқаралық қозғалыстың қосылуы мейлінше айқын көрініп, жүзеге асады, ал біздер өзіміздің партиялық тактикамыздың күллі рухына сәйкес, сөзбен де, іспен де осыған ұмтылып отырмыз. (Жақшаның ішінде ескертіп өтейік, «іспен» деген сөзге біз ықыласпен-ақ сұрақ белгісін қойған болар едік, сөйтіп цитатаны жалғастыра берейік). «Осы жақында ғана қозғалыстың осы екі факторы *бірінен-бірі бөлініп жіберілді де, сол бөлінушіліктің салдарынан тиісті күшінен айрылды*».

Мінеки, расын рас деу керек! Тап солай. Интеллигенттік террор мен бұқаралық жұмысшы қозғалысы *бірінен-бірі бөлініп жіберілді де, сол бөлінушіліктің салдарынан тиісті күшінен айрылды*. Революцияшыл социал-демократия әрқашан нақ осыны айтып отырды. Нақ осы себептен ол әрқашан террорға қарсы күресіп қана қоймай, біздің партиямыздың интеллигенттік тобында сан рет байқалған террор жағына ауытқушылықтарға да қарсы күресіп

* Осы томның 90-бетін қараңыз. *Ред.*

** Осы томның 73—80-беттерін қараңыз. *Ред.*

отырды*. Нақ осы себептен бұрынғы «Искра» да террорға қарсы дауласты; ол 48-номерінде былай деп жазды: «*ескі үлгідегі* террорлық күрес революциялық күрестің ең бір қатерлі түрі еді, сондықтан оған кіріскен адамдар батыл, ержүрек қайраткер деген атақ алды... Ал кәзір, демонстрациялар өкіметке ашық қарсыласушылыққа айналып жатқан кезде, біздің ескі терроризм күрестің айрықша-батыл әдісі болудан калады... Кәзір ерлік істер алаңдарда істеліп жатыр; кәзір біздің заманымыздың ақыйқат ерлері — өздерінің езушілеріне қарсы көтеріліске шыққан халық бұқарасының басшылығында келе жатқан революционерлер... Ұлы француз революциясының терроризмі... 1789-жылы 14-июльде Бастилияны алумен басталды. Оның күші халықтың революциялық қозғалысының күші болды... *Бұл* терроризм бұқаралық қозғалыстың күшінен түңілуден туған жоқ, қайта оның күшіне бұлжымастай берік сенуден туды... *Бұл* терроризмнің тарихы орыс революционері үшін өте-мөте ғибратты»**.

Дұрыс және мың мәртебе дұрыс! *Бұл* терроризмнің тарихы өте-мөте ғибратты. «Искрадан» келтірілген, бұдан 1½ жыл бұрынғы дәуірге жататын цитаталар да ғибратты. Революция сабақтарының ықпалымен социалист-революционерлердің де танығысы келіп отырған ой-пікірлерді бұл цитаталар бізге барынша толық көрсетеді. Бұл цитаталар бұқаралық қозғалысқа *сенудің* маңызын біздің есімізге салады, тек принциптіліктің арқасында ғана қол жететін және бұл қозғалыстың ұзақ тоқтап қалған *сыяқты болып көрінуінен* туған «түңілушіліктерден» бір өзі ғана кұтқара алатын революциялық ұстамдылықты есімізге салады. Кәзір, 9-январьдан кейін, былайынша бір қарағанда, бұқаралық қозғалыстағы «түңілушіліктер» жайында сөз болуы да мүмкін емес сыяқты болып көрінеді. Бұл тек бір қарағанда ғана. Тап күресінің принципін ең негізгі принцип етіп алға ұстаған-

* Кричевский «Рабочее Делоның» 10-номерінде. Мартов пен Засулич Леккерттің оқ атуы жөнінде. Жалпы жаңаискрашылар Плевенің өлтірілуі жөніндегі листокта⁴⁴.

** Бұл мақаланы «Искрада» Плеханов жазған және ол «Искраны» (№ № 46—51) Плеханов пен Ленин редакциялаған дәуірге жатады. Ол кезде Плехановтың оппортунизмге жеңілдіктер беру жөніндегі атышулы жаңа бағыты жайында әлі ойы да болмаған.

дыктан партияның барлық жұмысын бұқараның қозғалысымен үздіксіз байланыстырып отыратын берік, ойластырылған көзқарастардан бұқараның айқын ерлік көрсетуіне лезде «ғажаптанушылықты» айыра білу керек. Революциялық қозғалыстың 9 январьдан кейін жеткен сатысы қаншалықты биік саты бола тұрса да, біздің социалистік және демократиялық партияларымыз еркін Россияда жаңа негізде қайта туғанына дейін бұл қозғалыс қайтсе де әлі талай кезеңнен өтеді. Сондықтан біз социал-демократияның пролетарлық тап күресімен мызғымас берік байланысын осы кезеңдердің бәрі арқылы, күрестің барлық өзгеріс-төңкерістері арқылы алып өтуге тиістіміз, осы байланысты бекітіп, нығайтудың әрқашан қамын ойлап отыруға тиістіміз.

Сондықтан «Революционная Россияның»: «Қарулы күресті тұңғыш бастаушылар толқыған бұқараның ішіне араласып кетті...» деп айтуы, біздің байқауымызша, көрнеу асырып айтқандық. Бұл жүзеге асырылған кәзіргі іс емес, одан да гөрі болашақта болғаны жақсы деп тілейтін іс. 17-нші (4-нші) февральда Москвада Сергейдің өлтірілгені жайында тап бүгінгі күні телеграф арқылы хабар етілді, бұл, сірә, ескі үлгідегі терроризм болса керек. Қарулы көтерілісті тұңғыш бастаушылар толқыған бұқараның ішіне *әлі* араласып кеткен жоқ. Тұңғыш бастаушылар бомбыларымен, сірә, Москвада Сергейді аңдып жүрген болса керек те, тап сол уақытта бұқара (Питерде) бастаушыларсыз, қару-жараксыз, революцияшыл офицерлерсіз және революциялық штабсыз, сол «Революционная Россияның» айтқанындай «асқан ашу-ызаменен қаптаған қалың найзаға қарсы шауып» жатқан болса керек. Жоғарыда айтылған бөлінушілік *әлі бар*, сондықтан «бұқараның жеке-дара ерлердің дәрежесіне дейін көтерілгені, бұқараның ішінде жаппай ерліктің шыға бастағаны» («Революционная Россия» № 58) жұрттың бәрі үшін кәзір неғұрлым айқын бола түскен болса, дара, интеллигенттік террор өзінің қанағаттанғысыздығымен соғұрлым таң қалдырады. Тұңғыш бастаушылар *іс жүзінде* бұқараның ішіне араласып кетуі керек, яғни көтеріліске шыққан бұқарамен үздіксіз, іс жүзіндік байланыста өзінің жанаямастық жігерін жұмсауы керек, сөздің бейнелі, символдық мағнасын емес, дәлме-дәл мағнасын алғанда, бұқарамен бірге аяқ басуы керек. Бұл

керек, — оған кәзір қандай да болса күмән бола қоймас. Бұл мүмкін, — оны тоғызыншы январь және жұмысшылар бұқарасының осы күнге дейін созылып отырған іштей терең толқуы дәлелдейді. Бұл бұрынғы міндеттермен салыстырғанда анағұрлым қыйын, жаңа және жоғарғы міндет болып табылады, ал бұл жағдай ол міндетті орындауға практика жүзінде дереу кірісуден бізді тоқтата алмайды және тоқтатуға тиіс емес.

Социал-демократиялық партияның революциялық-демократиялық партиямен, социалист-революционерлер партиясымен жауынгерлік бірлігі ол міндетті орындау ісін оңайлататын құралдардың бірі болып шығар еді. Қарулы күресті тұңғыш бастаушылар көтерілуші бұқараның ішіне неғұрлым тез «араласып кетсе», социалист-революционерлер: «революциялық терроризм мен бұқаралық қозғалыстың біліне бастаған қосылысы өсіп, күшейе берсін, бұқара күрестің террорлық құралдарымен сақадай сай қаруланып тезірек көтеріліске шыға алатын болсын!» деген сөздермен өздері белгілеген жолмен неғұрлым батыл аяқ басатын болса, ондай бірлік соғұрлым жүзеге аса түседі. Осындай жауынгерлік бірлік орнату әрекеттерін тезірек жүзеге асыру мақсатымен Георгий Гапонның бізге келіп түскен мына хатын сүйсіне басып отырмыз:

«Россияның социалистік партияларына ашық хат.

Петербургтегі және Россияның қалған бөлегіндегі қантөгіс январь күндері езілген жұмысшы табы мен қанішер патша бастаған самодержавиелік тәртіпті бетпе-бет кездестірді. Улы орыс революциясы басталды. Халық бостандығын шын қымбат көретіндердің бәрі не женуі, не өлуі керек. Бастан кешіріп жатқан тарихи кезеңнің маңыздылығын біліп, істің жайы кәзіргідей болып отырған жағдайда мен, революционер және істің адамы болғандықтан, Россияның барлық социалистік партияларын өзара дереу келісімге келуге және патша өкіметіне қарсы қарулы көтеріліс ісіне кірісуге шақырамын. Әрбір партияның барлық күштері жұмылдырылуға тиіс. Бәрінің жауынгерлік техникалық жоспары бір болуға тиіс. Бомба мен динамит, жеке террор мен жаппай террор, халық қозғалысына қолғабысы тиетін нәрсенің бәрі жұмсалуды керек. Ең таяудың мақсат — самодержавиені құлату, революциялық уақытша үкімет құру; бұл үкімет саяси және діни бостандық жолындағы барлық күрескерлерге дереу кешірім жарыялайды — халықты дереу қаруландырады және жалпыға бірдей, тең, жасырын және төте сайлау правосы негізінде дереу құрылтай жыйналысын шақырады. Іске кірісіңдер жолдастар! Алға, ұрысқа! Петербург жұмысшыларының 9-шы январьдағы не бостандық не өлімі деген ұранын қайта-

лайық! Кәзір қандай да болса кідіріс-бөгеттер мен тәртіпсіздіктер — өздерініз мүддесін қорғап жатқан халықтың алдында қылмыс. Өзім халықтың қалың ортасынан шығып (шаруаның баласымын), халыққа қызмет етуге өзімнің барлық күшімді беріп, жұмысшы табының езушілері мен қанаушыларына қарсы күреспен өз тағдырымды бір-жолата байланыстырып, мен әрине пролетариат пен барлық еңбекші бұқараны капиталистік езушіліктен, саяси құлдықтан шын құтқару ісімен шын шұғылданатын адамдармен шын жүрегіммен, барлық жан-тәніммен бірге боламын.

Г е о р г и й Г а п о н ы.

Біз, өз тарапымыздан, бұл хат жөніндегі пікірді мүмкіндігінше толық турашылдықпен және айқындықпен айту керек деп санаймыз. Хатта ұсынылып отырған «келісімді» біз мүмкін, пайдалы және керекті деп есептейміз. Г. Гапонның нақ «келісім» туралы айтып отырғанын біз құттықтаймыз, өйткені әрбір жеке партияның толық принциптік және ұйымдық дербестігінің сақталуы ғана олардың жауынгерлік бірлік орнату әрекеттерін үмітсіз етпейді. Әртекті нәрселердің бостан-босқа басын қосып, істі бүлдіріп алмау үшін біз бұл әрекеттер жөнінде өте сақ болуымыз керек. Біздің сөзсіз *getrennt marschieren* (бөлек кетуімізге) тура келеді, бірақ біз сан рет және нақ кәзір *vereint schlagen* (бірлесіп соққы бере) аламыз. Біздің тұрғымыздан қарағанда, бұл келісімнің социалистік партияларды ғана емес, *революцияшыл* партияларды да қамтығаны жақсы болар еді, өйткені күрестің таяудағы мақсаттарында социалистік дәнеме жоқ, сондықтан біз таяудағы демократиялық мақсаттарды социалистік революция жөніндегі біздің түпкі мақсаттарымызбен шатастырмауға тиістіміз және шатастыруға еш уақытта жол бермейміз. «Жеке террор мен жаппай террорға» жалпы шақырудың орнына терроризмді іс жүзінде бұқара көтерілісімен тікелей және анық *қосуды* бірлескен әрекеттің алдына тура және айқын мақсат етіп қойған жақсы болар еді және біздің тұрғымыздан қарағанда келісім жасау үшін бұл *керек*. Рас, Гапонның: «халық қозғалысына қолғабысы тиетін нәрсенің бәрі» деген қосымшасы оның жеке террорды да нақ осы мақсатқа бағындырғысы келген тілегін айқын көрсетеді, бірақ бұл тілек «Революционная Россияның» 58-номерінде біз айтқан пікірді көрсете отырып, айқынырақ білдірілуге тиіс және мүлдем екі мағна тумайтын практи-

калық қарарларда жүзеге асырылуға тиіс. Ақырында, біз ұсынылып отырған келісімнің жасалу мүмкіндігін жағдайларына байланыстырмай, мынаны ескертейік: бізге Г. Гапонның партиядан тыс жағдайы да қолайсыздау болып көрінеді. Әрине, патшаға сенуден, оған петициямен барудан революциялық мақсаттарға қарай соншалықты шапшаң ауып, Гапонның дүниеге айқын революциялық көзқарасын бірден белгілей алмағаны өзінен өзі түсінікті. Бұл болмай қоймайтын нәрсе және революцияның дамуы неғұрлым шапшаң және неғұрлым кең болса, мұндай нәрсе соғұрлым жиі бола береді. Бірақ партиялардың, бағыттардың, жеке сарындардың арасындағы қатынастарда толық айқындық пен тыянақтылықтың болуы олардың арасында онша-мұнша нәтижелі уақытша келісім жасалуының сөзсіз керекті шарты болып табылады. Айқындық пен тыянақтылық әрбір практикалық шарада керек болады және осы күнгі, *практикалық* істе тыянақтылық болуына, ауытқулар болмауына себепші болады. Россияда революцияның басталуы «іс адамдарының» мақсаттары мен әрекет құралдарын анықтау үшін «революция» ұраны әбден жеткілікті дейтін пікірге сүйенуші көп адамдардың, бәлкім тіпті бағыттардың да саяси сахнаға шығуына бастап апаруы мүмкін. Ондай пікір өте-мөте қате пікір. Өте жоғары немесе өте қолайлы немесе өте «дипломатиялық» болып көрінетін партиядан тыс позиция іс жүзінде практикалық қызметте өте *көмескі*, өте бұлдыр және сөзсіз дәйексіздік пен солқылдақтық каупі бар позиция. Революция үшін біздің арманымыз әсте барлық партияларды, барлық бағыттарды, барлық сарындарды бір революциялық былықпайға әкеліп қосу болмауға тиіс. Қайта революциялық қозғалыстың өсіп, кеңеюі, оның әртүрлі таптар мен халық жіктерінің қалың ортасына барған сайын жақындауы үсті-үстіне жаңа бағыттар мен сарындарды тудырады (тудырғаны жақсы да). Олардың өзара қарым-қатынастарындағы және революцияшыл пролетариаттың позициясына олардың көзқарасындағы толық айқындық пен тыянақтылық қана революциялық қозғалыстың неғұрлым табысты болуын қамтамасыз ете алады. Өзара қатынастардың толық айқындығы ғана таяудағы ортақ мақсатқа жету үшін келісім жасау ісінің табысты болуын қамтамасыз ете алады.

Бұл таяу мақсат, біздің пікірімізше, Г. Гапонның хатында әбден дұрыс белгіленген: 1) самодержавиені құлату, 2) революциялық уақытша үкімет, 3) саяси және діни бостандық жолында, — әрине, стачкалар бостандығы және т. б. жолында да күресушілерге дереу кешірім беру, 4) халықты дереу қаруландыру және 5) жалпыға бірдей, тең, төте және жасырын сайлау правосы негізінде жалпыроссиялық құрылтай жыйналысын дереу шақыру. Барлық азаматтардың сайлау кезіндегі толық теңдігін, толық саяси бостандықты революциялық үкіметтің дереу жүзеге асыруын Гапон, әрине, жобалайды, бірақ ашық айтуға да болар еді. Бұдан соң демократиялық төңкерісті қолдау және оны жеке салаларда жүзеге асыру мақсатымен барлық жерде революциялық шаруа комитеттерін құруды да уақытша үкіметтің программасына енгізу қолайлы болар еді. Революцияның нәтижелі болуында өте және өте көп нәрсе шаруалардың революциялық талапкерлігіне байланысты, сондықтан жоғарыда біз айтқан ұран сыяқты ұранды негіз етіп, неше түрлі социалистік және революциялық-демократиялық партиялар бас қоса алар еді.

Саяси санасы кем халықтың көзқарасынан революциялық көзқарасқа көшуді өз басынан кешіріп, терең сезіп білген Г. Гапонның саяси қайраткер үшін керекті революциялық көзқарас айқындығына жетіп қызмет етуін тілейміз. Көтеріліс үшін жауынгерлік келісім жасауға шақырған ұранның жемісті болып тынуын, сөйтіп революцияшыл пролетариаттың революцияшыл демократиямен бір сапта болып, самодержавиеге соққы бере алатын болуын, самодержавиені неғұрлым тез, неғұрлым аз шығынмен бұлтартпай құлатуын тілейміз.

БІЗ РЕВОЛЮЦИЯНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУҒА ТИІСТІМІЗ БЕ?

Бұл бұрын, әлдеқашан, бір жыл бұрын болған нәрсе. Аты мәлім неміс социал-демократы Парвустың айтуынша, орыс партиясында «принциптік алауыздықтар» туып жатты. Централизмнің тым шеткері ауытқуына қарсы, жұмысшыларға қайдағы бір Женевадан «команда беру» идеясына қарсы, үгітшілерді ұйымдастыру, басшыларды ұйымдастыру идеясын асыра бағалаушылыққа қарсы күресу пролетариат партиясының ең бірінші міндетіне айнала бастады. Меньшевик Парвустың терең, берік және тапжылмас сенімі осындай еді; бұл пікір оның неміс тілінде аптасында бір шығатын «Aus der Weltpolitik» («Дүниежүзілік саясат саласынан») деген листогінде 1903 ж. 30-ноябрьде баяндалды.

Рахымды Парвустың өтірік-өсек торына түсіп қалғаны, оның принциптік алауыздықтар деп жүргенінің негізінде ұрыс-керіс жатқаны, сондықтан жаңа «Искраның» белгілене бастаған идеялық бұрылысы оппортунизмге қарай бет түзеген бұрылыс екені оған сонда айтылған болатын (Лениннің «Искра» редакциясына жазған хат⁴ қараңыз, декабрь 1903 ж.*). Парвус үндемей қалды, бірақ оның басшыларды ұйымдастырудың маңызын асыра бағалаушылық туралы «пікірін» жаңаискрашылар әрсаққа жүгіртіп, іліп әкетті.

Он төрт ай өтті. Партия жұмысын меньшевиктердің бүлдіруі және олардың үгітінің оппортунистік сыйпаты айқын біліне бастады. 1905 жылдың тоғызыншы январы

* Қараңыз, Шығармалар, 4-басылуы, 7-том, қазақша 116-беті.
Ред.

пролетариаттың революциялық жігерінің орасан молдығын және социал-демократтар ұйымының күллі жеткіліксіздігін анықтады. Парвус ақылына келді. «Искраның» 85-номерінде оның мақаласы шықты, затында бұл мақала, оппортунистік жаңа «Искраның» жаңа идеяларынан революциялық бұрынғы «Искраның» идеяларына мейлінше толық бет бұрғандықтың белгісі болды. «Ер болды, — дейді Парвус Гапон жөнінде, — бірақ саяси басшы болмады, қыймыл программасы болмады, ұйым болмады»... «Ұйым жоқтығының қайғылы зардабы тиді»... «Бұқара бытырады, бәрі бет-бетімен кетіп жатыр, біріктіруші орталық жоқ, қыймыл жасаудың басшылық программасы жоқ»... «Қозғалыс біріктіруші және басшылық етуші ұйымның жоқтығынан бәсеңдеді». Сондықтан Парвус «Впередтың» 6-номерінде біз есіне салған ұранды көтереді, — *«революцияны ұйымдастыру керек»** дейді. Революция сабақтарының ықпалымен Парвустың «біз кәзіргі саяси жағдайларда бұл жүздеген мыңды ұйымдастыра алмайтынымызға» көзі жетеді (әңгіме көтеріліске әзір тұрған бұқара жайында болып отыр). «Бірақ біз, — деп ол «Не істеу керек?» деген кітаптың әлдеқашанғы пікірін дұрыс қайталайды, — бірақ біз байланыстырушы фермент бола алатын, ал революция кезінде әлгі жүздеген мыңды өзінің төңірегіне біріктіре алатын ұйым құра аламыз». «Бұқараны көтеріліске даярлау, бұқараны көтеріліс кезінде өздерінің төңірегіне топтау, білгілі ұран бойынша көтеріліске аттандыру деген айқын белгіленген міндеті бар жұмысшы үйірмелері құрылуы керек».

Жаңа «Искраның» қоқысы басып қалған бұрынғы бұл дұрыс пікірді көргенде біз бәрекелді! деп бір көңілдендік. Бәрекелді, пролетарлық партия қызметкерінің революциялық инстинкті рабочеделолық оппортунизмнен тіпті аз-кем уақытка болса да үстем болып шықты. Бәрекелді, біз революция тылының алдында бас имейтін, қайта революцияның авангардын қолдау міндетін қорықпай көрсетіп отырған социал-демократтың үнін естіп отырмыз.

Жанаискрашылдар, әрине, Парвуска қосыла алмады. Редакциялық ескертуде ««Искраның» редакциясы Пар-

* Осы томның 145—154-беттерін қараңыз. *Ред.*

вус жолдас білдірген пікірдің бәріне бірдей қосыла қоймайды», — делінген.

Несін айтасыз! Өздерінің біржарым жылдан бергі оппортунистік былшылын «бетке ұратын» пікірге олар «қосыла қойсын ба», несін айтасыз!

«Революцияны ұйымдастыру керек»! Бірақ бізде ақылды Мартынов жолдас бар ғой, ол революцияның қоғамдық қатнастардағы төңкерістен туатынын, революцияны тағайындау мүмкін емес екенін біледі. Мартынов Парвусқа оның қатесін түсіндіреді, егер тіпті Парвус революцияның авангардын ұйымдастыруды еске алып отырса да, ол мұның өзі «тар шеңберлі» және жаман ойлы «якобиншілдік» идея екен деп көрсетеді. Сонсын. Біздің ақылды Мартынов өзінің соңынан жіпке байлап жетектеп, Тряпичкин — Мартовты ертіп келе жатыр ғой; ал Тряпичкин — Мартов өз ұстазының айтқанын одан да гөрі тереңдете түсе алады, ол, бәлкім, «революцияны ұйымдастыру керек» деген ұранды «революцияға ерік беру керек» деген ұранмен ауыстыра да алар (қараңыз, № 85, курсив автордікі).

Я, оқушы, «Искраның» бас мақаласында бізге нақ осындай ұран беріліп отыр. Қазіргі заманда, сірә, еркін мылжың-процесс үшін немесе мылжындау процесі үшін тілге «ерік берсе» болғаны, жетекші мақала жазуға болатын сыяқты. Әрқашан оппортунистке керегі — таяу келіп қарағанда кұр сылдыр сөзден басқа, декаденттік майысқақ сөзден басқа түк мәні болмай шығатын ұрандар.

Ұйымдастыру керек те ұйымдастыру керек, деп қақсайды Парвус, дәл бір кенет большевик бола қалған тәрізденіп. Ұйымдастырудың процесс екенін ол, бишара, түсінбейді («Искра» № 85, — сонымен қатар жаңа «Искраның» барлық бұрынғы номерлері және әсіресе кербез Розаның кербез фельетондары). Диалектикалық материализмнің барлық рухы бойынша тек ұйымдастырудың ғана емес, тактиканың да процесс болып табылатындығын ол, байғұс, білмейді. Ал ол, дәл «заговоршыға» ұқсап, ұйымдастыру-жоспарменен әуре болып жүр. Ал ол, дәл «утописке» ұқсап, қайдағы бір, кұдайым сақтасын, екінші немесе үшінші съезде, бірден ұйымдастыра салуға болады деп болжайды.

«Якобинизмнің» қандай шегінен шығып айтты десе-

нізші әлгі Парвус. Ойлап көріндерші, «белгілі ұран бойынша көтеріліске шығу», дейді! Бұл біздің атакты Мартынов бекерге шығарған көтерілісті «тағайындау» туралы идеядан анағұрлым жаман. Әрине, Парвус Мартыновтан үйренуі керек. Парвус «Искраның» 62-номерін оқуы керек, мұның бас мақаласынан ол көтерілісті әзірлеу туралы біздің партиямыздың ішінде қандай зиянды «утопиялық» идеялардың 1902 және 1904 жылдары соншама мезгілсіз етек алғанын есітіп-біледі. Парвус «Рабочийдің» кітапшасына Аксельродтың жазған алғысөзін оқып шығуы керек, сонда ол «халық бұқарасының ең артта қалған, өте санасы кем және тура тағыланып кеткен (!) элементтерінің стихиялық көтерілісіне барынша үміт артушы» адамдардан социал-демократияға қатерлі дерт болып төнетін «терең, зиянды және түскен жерін тура ойып кететін мерез» туралы есітіп біледі.

Парвус кәзір жүздеген мыңды ұйымдастыру мүмкін емес деп тауып, «байланыстырушы фермент бола алатын ұйым құру» міндетін бірінші қатарға ұсынады. Осындай нәрселер өздерінің органының бетінде жазылып отырғанында біздің жаңаискрашылдар қалайша жалтарып, бұлтармасын? Байланыстырушы фермент ретіндегі ұйым дегеніміздің өзі профессионал революционерлердің ұйымы ғой, оны атағанның өзінде біздің жаңаискрашылдар есінен танып қалады.

Парвустың мақаласымен қатар тұрған бас мақаласы үшін «Искраға» біз қандай разымыз. Бұрынғы «Искраның» айқын, анық, тура және батыл революциялық ұрандарымен салыстырғанда мазмұнсыз, шатасқан, құйыршықшылдық сылдыр сөздер қандай бадырайып бөлек тұр! «Сенушілік саясаты сахнадан түсіп барады, ол Россияның да, Европаның да *ендігәрі ешуақытта басын қатырмайтын* болды» деген сөздер көпірме бос сөз емей немене? Іс жүзінде Европаның буржуазиялық газетінің қай номерін алсаңыз да бұл бас қатырушылық әлі бар екенін және нәтиже беріп отырғанын көресіз. «Баяу орыс либерализмі жайратылды». Либерализмнің жасырынып қалмақ болған «айлакерлік» тілегін оның өлімі деп білу балалық саяси аңқаулық болады. Шынында либерализм тірі, өмір сүріп отыр және қуаттанып келе жатыр. Ол нақ кәзір өкіметті алудың қарсаңында тұр. Ол тиісті кезеңде сенімді және қауіпсіз түрде өкі-

метке қолын созу үшін де жасырына қалды. Ол нақ соның үшін де жұмысшы табына барынша жадығөйсiп жүр. Бұл қылымсушылықты (нақ бастан кешiрiп отырған кезеңде жүз есе қауiптi қылымсушылықты) ақыйқат нәрсе деп тану үшін, «туған елдің азат етушісі — пролетариаттың, бүкіл ұлттың авангарды — пролетариаттың өзінің ерлік ролін атқарып отырғанын либералдық-демократиялық буржуазияның алдыңғы қатарлы элементтерінің қоғамдық пікірі бұл күндерде тегіс таныды» деп мақтанышпен мәлімдеу үшін барып тұрған соқыр болу керек. Либералдық буржуа пролетариатты ер деп танығанда, пролетариат патша өкіметіне соққы беріп отырса да, оның өзі тілеген бостандықты күшпен алуға әлі жеткілікті күшті емес екендігінен, әлі жеткілікті социал-демократиялық емес екендігінен ғана таныйтынын түсінсендерші енді, жаңаискрашыл мырзалар. Қазіргі либералдық жалбандаушылық жөнінде біз қуанбауымыз керек, қайта пролетариатты сақтандырып отыруымыз керек екенін және бұл жалбандаушылықтың ішкі астарын оған көрсетіп отыруымыз керек екенін түсінсендерші. Сіздер бұл астарды көрмей отырсыздар ма? онда конституция керектігі туралы *фабриканттардың, купецтердің, биржевиктердің мәлімедемелеріне* карап көріңіздер! Баяу либерализмнің өлгендігін бұл мәлімедемелердің айқын көрсететіні рас емес пе? Либерал сөзқұмарлар пролетарлардың ерлігі туралы сайрайды, ал фабриканттар салмақты және әсерлі түрде жарытымсыз шолақ конституцияны талап етіп жүр, істің жайы міне осындай, аса қадірлі «басшылар»*!

«Искраның» бәрінен де гөрі қарулану туралы мәселө

* Жоғарыда келтірілген сөздер жазылып болған кезде біз либералдық лагерьден мынадай қызықты мағлұматтар алдық. Немістің буржуазиялық-демократиялық газеті «Frankfurter Zeitung — тің («Франкфурт газетінің» *Red.*) (17 февраль, 1905) Петербургтегі арнаулы тілшісі саяси жағдай жөнінде *Петербургтің либерал журналисінің* мынадай пікірін хабар етеді: «Егерде кәзіргідей кезеңде либералдар аузын ашып құр қалған болса, олар ақымақ болған болар еді. Либералдардың кәзір барлық құралы қолында, өйткені олар өз арбасына жұмысшыларды жегіп алды, ал үкіметтің адамы жетпейді, себебі — бюрократия ешкімге жол бермей отыр». Егерде жаңа «Искра» осындай кезеңде либерализмнің өлгені туралы жазып отырса, оның ішінде қандай асқан аңқаулық орын тепкен десеңізші, рас емес пе?

жөніндегі пікірі елден ерек. «Пролетариатты қаруландыру жөніндегі, халықтың үкіметке барлық жерде бірдей және бір мезгілде шабуыл жасауын қамтамасыз ететін ұйымды үздіксіз даярлау жөніндегі жұмыс» «техникалық» (!?) міндет деп жарыяланады. Ал біз, әрине, жексұрын техникадан жоғары тұрмыз және әр нәрсеге тереңірек көз жібереміз. «Олар («техникалық» міндеттер) қаншалықты маңызды болса да, бұқараны көтеріліске әзірлеу жөніндегі жұмысымыздың *ауыр салмағы бұларда емес*»... «Егерде астыртын ұйымдар халықты таптырмас бір қарумен — *самодержавиеге шабуыл жасауды және мұның үшін қарулануды күшті керексінумен* қаруландыра білмесе, олардың барлық тырысқан әрекетінің ешқандай маңызы болмайды. Біз өз күшімізді міне осыған — *көтеріліс мақсаты үшін бұқараның өзі қарулануын бұқара ішінде насихаттауға жұмсауымыз керек*» (соңғы екі жерінің астын сызған автор).

Я, я, мұның өзі мәселені шын терең көтергендік, «якобиншілдікке» дейін жетті деуге болатын, тар өрісті Парвустікіндей емес. Істің салмағы қаруландыру жөніндегі жұмыста емес, ұйымды үздіксіз даярлауда емес, қайта қарулануды, соның өзінде өздігінен қарулануды күшті керексінумен халықты қаруландыруда. Біздің қозғалысымызды кері сүйреуге тырысатын бұл филистерлік азғындықты көргенінде социал-демократия үшін сондай қатты ұяласың! Қарулануды күшті керексінумен халықты қаруландыру социал-демократияның тұрақты және ортақ, әрқашанғы және әржердегі міндеті, Жапонияға да, Англияға да, Германияға да, Италияға да бірдей қолдануға болатын міндет. Езілгендер және қанаушылыққа қарсы күресуші таптар бар жердің бәрінде, социалистің үгіті бұқараны әрқашан, ең әуелі және бәрінен бұрын қарулануды күшті керексінумен қаруландырады, сондықтан жұмысшы қозғалысы *бастала бастаған* кезде, бұл «керексінушілік» дайын тұрады. Социал-демократияның бұл күшті керексінушілікті саналы түрге айналдыруына ғана тура келеді, керексінушілерді ұйымның қажеттігімен, жоспарлы қыймыл жасаудың қажеттігімен, күллі саяси жағдайменен санасуға көндіруіне тура келеді. «Искраның» редакторы мырза, сіз неміс жұмысшыларының қандай да болса жыйналысына көз жіберіңізші, тіпті полицияға дегенде жүздерінде өшпенділіктің

оттай жанатынын, зәрлі мысқылды жаудыратынын, жұдырықтарын түйіп кіжінетінін көріңізші. Халықты қорлаушы буржуйлар мен олардың малайларының дереу саза-йын беруді осындай күшті керексінуді тежеп отырған қандай күш? Ұйым мен тәртіптің күші, сананың күші, жеке өлтірушіліктер ақымақтық екенін, үлкен, халықтық, революциялық күрестің сағаты әлі жетпегенін, мұның үшін қолайлы саяси жағдайдың жоқ екенін білудің күші. Мінеки сондықтан осындай жағдайларда социалист халыққа: қаруланандар деп айтып отырған жоқ және ешуақытта айтпайды, қайта қарулануды және жауға шабуыл жасауды күшті керексінуге халықты қаруландырып отырады (әйтпесе ол социалист емес, көбік ауыз мылжың болады). Қазір Россиядағы жағдайлар күнбе-күнгі жұмыстың нақ осы жағдайларынан өзгеше. Дәл сондықтан осы кезге дейін ешуақытта: қару алыңдар! деп айтпаған, бірақ қарулануды күшті керексінуге жұмысшыларды әрқашан қаруландырып келген революцияшыл социал-демократтар, *қазір* барлық революцияшыл социал-демократтар, революцияшыл-ынталы жұмысшылардың соңынан ілесе отырып, *қару алыңдар!* деп ұран көтерді. Міне осындай кезеңде, ақырында, бұл ұран көтерілген кезде, «Искра» айтады: істің салмағы қарулануда емес, өздігінен қарулануды күшті керексінуде, дейді. Бұл өлі интеллигенттік сөзуарлық емес пе, бұл үмітсіз тряпичкиндік емес пе? бұл адамдар партияны революциялық авангардтың маңызды міндеттерінен пролетариаттың «соңынан» қарап қалуға қарай кері сүйремей ме? Жәнеде біздің міндеттеріміздің бұл адам айтқысыз қадірін түсірушілік не ол, не бұл Тряпичкиннің жеке қасиеттеріне байланысты емес, олардың ұйымдастыру-процесс немесе тактика-процесс туралы ұйқасты сөздермен елден ерек тұжырымдалған бүкіл позициясына байланысты. Бұл позицияның өзі адамды мынадай нәрсеге сөзсіз ұрындырмай қоймайды: адам қандай да болса тыянақты ұраннан қорқатын болады, қандай да болса «жоспардан» жалтақтайды, батыл революциялық бастамадан кері шегіншектейді, көбік ауызданып, баяғыда бір айтқанын қайта-қайта айта беретін болады, біз, социал-демократтар, пролетариаттың революциялық белсенділігінің көрнеу артында қалып отырған кезімізде, — тап осындай кезде ілгері шығып озып кетем бе деп қорқады.

Ақыйқатында да: өлі тіріні ұстап алды, рабочеделолык өлі теориялар жаңа «Искраны» да үмітсіз жансыздандырды.

«Ұлтты азат етуші таптың авангарды болып табылатын социал-демократияның саяси басшылық ролі туралы» «Искраның» байымдауын көріңіздерші. «Біз техникалық ұйымдастыруды және көтерілісті өткізуді бүтіндей өз қолымызға алуымызбен бұл рольге жете де алмаймыз, оны өзімізге берік баянды ете де алмаймыз», — деп үйретеді бізді. Ойлап қана көріңіздерші: егерде біз көтерілісті өткізуді бүтіндей өз қолымызға ала алсақ, авангардтың роліне қол жеткізе алмаймыз! Осы адамдар да әлі авангард жайында сөз қылып отыр-ау! Олар демократиялық көтерілісте басшылық рольді тарих өздеріне жүктей ме деп қорқады, «көтерілісті өткізуге» тура келе ме деп қорқа-қорқа ойлайды. Социал-демократиялық ұйым «көтерілісті өткізуге» тиісті емес, демократиялық республикаға қарай революциялық жолмен өтуді бүтіндей өз қолына алудың қамын істеуге тиісті емес деген ой олардың көз алдына елестейді де тұрады, — олардың тек «Искраның» бетінде тура айтуға әлі батылы бармай жүр. Олардың, социализмнің бұл оңбайтын жирондистерінің, адам айтқысыз ғаламат болып якобиншілдік⁴⁵ көздеріне көрінеді. Көтерілісті өткізуді бүтіндей өз қолымызға алуға біз неғұрлым жігер салып тырыссақ, бұл істің соғұрлым зор бөлегін өз қолымызға алатынымызды, істің бұл бөлегі неғұрлым үлкен болса, антипролетарлық немесе пролетарлық емес демократияның ықпалы соғұрлым кем болатынын олар түсінбейді. Олардың қалайда сонда болғысы келеді, олар өздеріне сонда болу керек деген тіпті ерекше философия ойлап шығарып жатыр, — Мартынов мұны кәзірдің өзінде-ақ баяндай бастады, ертендер, сірә, «Искраның» бетінде барынша *шегіне жеткізіп* айтар.

Оның байымдауын ізбе-із талдап көріңіздерші:

«Саналы пролетариат, тарихи дамудың стихиялық процесінің логикасына сүйене отырып, революцияның қарсаңындағы кезенді тудыратын ұйымның барлық элементтерін, толқудың барлық элементтерін өз мақсаты үшін пайдаланып отыр»...

Өте жақсы! Бірақ *барлық* элементтерді пайдалану де-

ген сөз басшылық етуді *бүтіндей* өз міндетіне алу деген сөз ғой. «Искра» өзінен өзі озып кетеді де, сонысын сезіп:

...«бұл барлық элементтер одан революцияның өзіне техникалық жағынан басшылық ету үлесін алып қойып отырғандығына, сөйтіп біздің талаптарымызды халық бұқарасының ең артта қалған жіктеріне жеткізуге ерікті-еріксіз қолғабыс ететініне титтей де шімірікпестен» деген сөздерді қосуға асығады.

Сіз ештеме түсінесіз бе, оқушы? Басшылық ету үлесің алып қойып отырғандығына *шімірікпестен, барлық элементтерді пайдалану!!??* Құдайдан қорқындар, мырзалар: егерде *біз* барлық элементтерді шын пайдаланып отырған болсақ, егерде *біздің* талаптарымыз өзіміз пайдаланатындардың санасына шын жетіп отырған болса, онда олар бізден басшылықты *алып қойып отырған жоқ*, қайта біздің басшылығымызды *қабыл алып отыр*. Ал егерде *барлық* элементтер бізден басшылықты шын алып қойып отырған болса (және, әрине, тек «техникалық» басшылықты ғана емес, өйткені революцияның «техникалық» жағын саяси жағынан бөлу барып тұрған ақымақшылық), онда біз оларды пайдаланып отырғанымыз жоқ, олар бізді пайдаланып отыр деген сөз.

«Егерде шеркеуді мемлекеттен бөлу жөніндегі біздің талабымызды бұқара арасына жайған священниктен кейін, Қысқы сарайға халық жорығын ұйымдастырған монархиялық жұмысшы қоғамынан кейін, халық бұқарасын патша әскеріне қарсы ақырғы ұрысқа бірінші болып бастайтын генерал немесе патша өкіметінің ресми құлатылғанын бірінші болып жарыялайтын чиновник орыс революциясына қосылса, біз тек қуанған болар едік».

Я, бұл біз де қуанамыз, бірақ біз *болуы мүмкін* жақсылық жөніндегі қуаныш сезіміміздің логикамызды көмескілемейтін тілер едік. *Орыс революциясына священниктің немесе генералдың қосылуы не деген сөз?* Бұл — священник немесе генерал революцияны жақтаушы немесе оның жетекшісі болып алады деген сөз. Бұл «жаңатайлар» революцияның толық саналы немесе әбден толық саналы емес жақтаушысы болуы мүмкін. Әбден толық саналы емес жақтаушысы болған ретте (жаңатайлардың сондай болуы көбірек ықтимал) олардың санасы кемдігіне қуануымыз керек емес, қайғыруымыз керек және оны *бар күшімізбен түзеп, толықтырып оты-*

руымыз керек. Біз мұны істемесек, бұқара санасы кем жетекшінің соңынан еріп отырса, социал-демократия барлық элементтерді пайдаланбайды, — қайта оны барлық элементтер пайдаланады деп айтуға тура келеді. Революцияның жақтаушысы, кешегі священник немесе генерал, я болмаса чиновник соқыр-сенімдер бойын билеген буржуазиялық демократ болуы мүмкін, сондықтан, *оның соңынан* жұмысшылар еретін болған соң, буржуазиялық демократия жұмысшыларды «пайдаланады». Сіздерге бұл түсінікті ме, жаңаискрашыл мырзалар! Егер де түсінікті болса, революцияның толық саналы (яғни социал-демократиялық) жақтаушыларының басшылық етуді өз міндетіне алуынан неге қорқасыздар? Офицер социал-демократтың (мен сіздердің мысалыңызға ұқсас мысалды жорый алып отырмын) және социал-демократиялық ұйым мүшесінің сіздер жобалап отырған генерал атқаратын қызмет пен міндеттерді сол ұйымның бастауы және тапсыруы бойынша «бүтіндей өз қолына алуынан» неге қорқасыздар?

Парвуска қайта оралайық. Ол өзінің тамаша мақаласын бүлдіргіштерді «аулақ тастау керек» деген тамаша кеңеспен аяқтайды. Бүлдіргіштерді аластау орыс социал-демократтарының ең бір күшті, ең бір батыл ұраны екенін «Партиядан» деген бөлімде бүгін біз басып отырған хабарлардан көруге болады⁴⁶. Нақ солай, Парвус жолдас: мейлінше аяусыз «аулақ тастау керек» және бұл аулақ тастау ісін бүлдіргіштікті ұйымдастыру-процесс, ұйымдастыру-тенденция «теорияларымен» дәріптеп келген және дәріптеп отырған социал-демократиялық баспасөздің сабаздарынан бастау керек. Бұл туралы сөйлеп қана қоймау керек, мұны *істеу керек*. Партияны ұйымдастырғысы келетін барлық партия қызметкерлерінің дереу съезін шақыру керек. Сендірумен және ұялтумен тынбау керек, қайта барлық қобалжушыларға, барлық ауытқушыларға, сенімі жоқтар мен күмәнданушыларға: бір жағына шығындар! деген тура және бұлжымас ультиматум қою керек. Газетіміздің бірінші номерінен бастап біз «Вперед» редакциясының атынан, бүлдіргіштерге адам айтқысыз ызалы болып отырған орыс партия қызметкерлерінің күллі бұқарасының атынан осы ультиматумды қойдық та. Бүлдіргіштерді жылдамырақ аластаңдар, жолдастар, сөйтіп бірлескен ұйымдастыру жұмысы-

на кірісіндер! Ұйымдастыру-процесс туралы мылжыңдап жүрген бір мың интеллигенттік Тряпичкиндерден ұйымдастыру-жоспарды қабыл алған бір жүз революцияшыл социал-демократ артық!

*„Вперед“ № 7,
21 (8) февраль, 1905 ж.*

*„Вперед“ газетінің тексті
бойынша басылып отыр*

ІІІ ПАРТИЯ СЪЕЗІН ШАҚЫРУ ТУРАЛЫ

Орыс бюросының бастамасына «Вперед» редакциясының шын жүректен тілеулестік білдіруіне ғана тура келеді. Ақырында, шет елдік бонопартистер⁴⁷ тудырған жағдайдан *партиялық* жолмен шығуға қарай жігерлі кадам басылды! «Партиядан» деген бөлімде біз бюронын шақыруына комитеттердің қандай тез үн қосатыны жайында мәліметтер басып отырмыз. Өздерін РСДЖП-ға қосушы немесе өздерінің көзқарастары мен тілектестігі жағынан оған жақын тұрған *барлық және әртүрлі* топтар мен ұйымдар, сол сыяқты жеке адамдар осылардан үлгі алатын болсын. Үшінші съезд *бірінші рет* мынадай жағдайларда шақырылғалы отыр: оның құрамы да (партияның уставы негізінде), жұмыстардың барысы да, кімнің болса да оған қатнасу правосы да күнілгері мәлім болды. Осы жағдайлармен жолдастардың бәрі де кеңінен пайдаланатын болсын! Әркімнің съезге арыз ету мүмкіндігін біздің партиямыздың уставы камтамасыз етіп отыратынын ұмытпасын (уставтың 10-параграфы: «Партияның әрбір мүшесі және *партиямен қандай да болса ісі бар әрбір адам* өзінің арызын түп нұсқа түрінде Орталық Комитетке, Орталық Органның редакциясына немесе *партия съезіне* жеткізуді талап етуге *праволы*»). Осы мүмкіндікпен *бөгелмей* пайдаланатын болсын. Мұндай арыздарды кәзір съездің Ұйымдастыру Комитеті болып құрылып отырған орыс бюросына жеткізуді «Вперед» редакциясы өз міндетіне алады. Съезге шешуші дауыспен комитеттердің және, устав бойынша толық *праволы*, партияның басқа да ұйымдарының өкілдері ғана қатнаса алады. Бірақ *кеңесші* дауыспен съездің

өзінің рұхсаты бойынша кімнің болса да қатнасуына болады, ал Ұйымдастыру Комитетінің рұхсаты бойынша толық праволы емес партия ұйымдары делегаттарының қатнасуына болады (партия уставының 3-параграфы, 2-нші ескертуі: «Орталық Комитеттің 1-нші ескертуде көрсетілген шарттарға сай келмейтін», яғни съезден бір жыл бұрын толық праволы атақ алып бекімеген «ұйымдардан съезге кеңесші дауыспен делегаттар шақыруына рұхсат беріледі». — Бонопартистік Орталық Комитет пен Советтің ыркына көнбей, комитеттердің көпшілігінің тапсыруы бойынша съезд шақырып отырған Ұйымдастыру Комитетінің съезд шақыру жөнінде Орталық Комитеттің барлық праволарына ие болатыны өзінен өзі түсінікті).

«Вперед» редакциясы, өз тарапынан, съезге мына шамадағы күн тәртібін ұсынады: 1. Съезді құру (регламент, Ұйымдастыру Комитетінің баяндамасы, мандаттарды тексеру). 2. Делегаттардың есебі. 3. Партиялық кризис*. 4. Ұйымдастыру мәселесі. 5. Көтеріліске көзқарас. 6. Көтеріліс максаты үшін революциялық демократиямен келісім жасау. 7. Либералдарға көзқарас. 8. Шаруалар ішіндегі жұмыс және революциялық шаруа қозғалысын қолдау. 9. Әскер арасындағы жұмыс. 10. Насихат және үгіт жұмысын жақсарту. 11. Қызмет адамдарын сайлау.

Осы мәселелер және басқа ірі мәселелер жөнінде баяндамалар мен қарарлар белгілеуге және даярлауға (сонымен қатар баяндамалар үшін материал жыйнауға да) партияның барлық мүшелерінің белсене қатнасуы съездің нәтижелі өтуі үшін сөзсіз керек. Партияшылдықты жақтаушылардың бәрін біз осы жұмысқа *дереу* кірісуге шақырамыз. Партиялық кризистің аударыс-төңкерістеріне не олай, не бұлай қатнасқан *әрбір адам* өз тәжірибесін немесе бұл кризистен шығудың амалдары туралы өз пікірін қысқаша хабар етіп, съезге көмектесе алады. Қандай да болса партия ұйымында немесе партияға жақын

* Бебель «Искраны» жақтаушылар мен «Впередты» жақтаушылардың арасына аралық судья болуға өзін ұсынып, Ленинге хат жазды. Ленин: мен де, «Впередты» жақтаушылардан маған мәлім адамдардың ешбіреуі де, өзінің әрекеттерімен бүкіл партияны байлауға праволы емес, сондықтан Бебельдің ұсынысы орыс бюросы шақырғалы отырған партия съезінің қарауына түсуі керек, деп жауап берді. Біздің ойымызша, съездің бұл ұсынысты «партиялық кризис» деген пунктке жатқызуы мүмкін.

тұрған ұйымда жұмыс істеген *әрбір адам* ұйымдастыру мәселесінің әртүрлі жақтарын шешу үшін өз басының тәжірибесіне негізделген өте пайдалы материал бере алады. (Мұндай хабарлардың біршама программасы мынадай: жұмыс істеген жері және уақыты; ұйым мүшелерінің саны, жұмысшылары мен интеллигенттері; олардың арасындағы қатнастар; жазба уставтар керек пе, және қандайлары керек; автономияның шектері, еңбек бөлу, партияға кіретін және оған жақын тұратын топтар, мүшелерді кооптациялау және шығару жөнінде нормалаудың керегі бар ма және қандайы керек; сайлау негізі; насихатшылардың, үгітшілердің, ұйымдастырушылардың топтарына, аудандық және фабрикалық үйірмелерге әдеби және техника комиссияларына комитеттердің көзқарасы және т. б. және т. б.)

«Вперед» газетінің редакциясына шаруалардың арасындағы және солдаттардың арасындағы жұмыс туралы кейбір материалдар кәзірдің өзінде-ақ жеткізілді. Өз мүшелерінің насихат, үгіт және ұйымдастыру ісіндегі тәжірибесін жыйнақтау жолында және съезге баяндама әзірлеу жолында үздіксіз жұмыс істеп жатқан бір топ бізге мәлім. Үлкен қалалардың бірінде еврей қырғыны бола қалған күнде *жүздеген* жұмысшылардың қарулы қарсылығын ұйымдастыратын болып, сол жұмысқа қатнасқан бір жолдас баяндамасын беруге, сонымен қатар соғыс ісін үйренген бір жолдас көше күресі туралы мәселе жөніндегі баяндамасын беруге бізге уәде етті. Осындай жұмысқа мүмкіндігінше көп жолдастардың *дереу* кіріскені өте-мөте маңызды.

Партиялық кризис әдебиетте ұсак-түйек белгілеріне дейін анықталды. Мұны талқылау көп уақыт ала алмайды, алмауға да тиіс. Съезд жұмысының басты пункті — біздің революциялық қозғалысымыздың жаңадан мықтап өрлеуінен туып отырған ұйымдастыру және тактика жөніндегі *жаңа мәселелер* болуға тиіс. Бұл мәселелерді шешу үшін қозғалысқа қанша да болса қатнасы болған *барлық* социал-демократтардың коллективтік тәжірибесінің баға жеткісіз маңызы бар. Бұл тәжірибені тек жылдамырақ жыйнап, оны съездің талқылауына ыңғайлау керек.

Іске кірісейік, жолдастар! Социал-демократиялық жұмысшы қозғалысын қымбат көретін әрбір адам съезге

белсене көмектесуге дереу кірісетін болсын. Сонда партия уақытша кемсітілу және әлсіреу жолынан тез шығып, ұлы орыс революциясына өте белсене қатнасу жолына, орыс халқының ләғнет жауын жеңуге бастайтын жолға түседі!

*„Вперед“ № 8,
28 (15) февраль, 1905 ж.*

*„Вперед“ газетінің тексті
бойынша басмып отыр*

ЖАҢАИСКРАЛЫҚ ЛАГЕРЬДЕН

Плеханов «Искраның» 87-номерінің бас мақаласында, Мартовқа көңгіштікпен жұмсақ қана бас изеп қойып, kill with kindness (жұмсақтық арқылы өлтіру) тактикасын ойға алғанындай жүзеге асырады. 85-номердің бас мақаласының авторы алдында жалбаңдай отырып, Плеханов *істің асылында оның айтқанының бәрін бекерге шығарады* және «Вперед» газетінің әрқашан нақ қорғап келген көзқарастарын қуаттайды. Іске сәт! Тек Мартыновпен пікір үйлестігін есепке алыңыз, аса қадірлі диалектик. Егерде сіз, *«жеңісті әзірлеп»* (87-номердің ұраны) жеңіске жетсеңіз, жүзеге асатын, сіздің алдыңызда сіз үшін қандай қорқынышты және орға жығатын перспектива тұратыны туралы онымен сөйлесіп көріңіз! Онымен «өкіметті басып алудың», «уақытша үкіметке қатнарудың», «революциялық диктатураның» қатерлі қаупі туралы сөйлесіп көріңіз. Бишара Плеханов-ай, Троцкийдің, Мартыновтың, Рабочийдің, Аксельродтың кітапшаларымен бүкіл (?) редакция мақұлдап, даярлап қойған коқыр-соқырдан құтылып шығамын деп әлі ұзақ уақыт әуре болуына тура келеді-ау! «Искраның» 86-номеріне жалғанған қосымшада Попов *Лениннің «Мәлімдемесінде» жарыяланған хаттың авторы менмін деп мойындайды*. Дәлелдеуге керегі де осы еді! Азшылықтың джентльмендері партияны ылғый алдайтыны дәлелденді. Біздің болжағанымыздай-ақ, джентльмендер құтылып кетуге тырысып, бонопартистерді әшкерелейтін хатты конфискациялауға Лениннің правосы болды ма, жоқ па деген мәселеге оқушының назарын аударып әкетпек болады. Өздерінің моральдік сезгіштігімен мәлім болып

отырған Мартов пен Попов, ұрлық туралы да, шпиондық туралы және сондайлар туралы да ойбай салады. Ұрысыңдар, мырзалар, аянбандар: дәлел жоқ болғандығы себепті сендердің балағаттасуларың ғана қалады.

*„Вперед“ № 8,
28 (15) февраль, 1905 ж.*

*„Вперед“ газетінің тексті
бойынша басылып отыр*

РОССИЯДАҒЫ ҰЙЫМДАРҒА ХАТ

28.II.1905.

Қымбатты жолдастар! Кәзір С.-Петербург, Тула, Москва, Солтүстік, Нижний, Кавказ, Одесса съезге қосылды деген хабар алып отырмыз, — әрине, басқалары да қосылады. Орталық Комитет съезді жақтайтынын мәлімдеді деседі. Әрине, оған енді ешкім сенбейді; съезге келсін, бәрі де шақырылды-ғой, бірақ съезді бюро, тек қана бюро шақырады, дейді жұрттың бәрі. Орталық Комитетке титтей де сенім жоқтығының (және оның пайдасына берілген кейбір бірлі-жарым ғана дауыстың бірден қайтып алынғандығының) себебі не екендігін айтып жатудың қажеті бола қоймас. Орталық Комитеттің тек алдап отырғанын, айла істеп отырғанын жұрттың бәрі түсінеді.

Съезге дереу әзірлене бастау керек, мейлінше жігерлі түрде барлық үйірмелерді, аудандық, насихатшылық, фабрикалық үйірмелерді, бәрін де, әсіресе жұмысшы үйірмелерін бұл іске қатнастыру керек; бұл өте маңызды. «Впередтың» 8-номерінде* (бүгін шығады) бұл туралы біз де айтып отырмыз. Съезге жұмысшылардың қатнасуы өте-мөте пайдалы болған болар еді. (Біздіңше, кенесші дауыспен мейлінше либералдық түрде жібере беру керек. Ендеше, мәселе тек ақшада. Кеңірек үгіттендер: делегатқа 150—200 сом жыйнап беретін жұмысшылардың табылатындығына, мұндай мақсатқа әдейілеп жәрдем берушілер интеллигенттердің арасында да табылатындығына біздің көзіміз жетеді.) Съезде маңызды мәселелер қаралады: ұйымдастыру, жергілікті орындарға көзқарас, көтеріліс, жұмысшыларды қаруландыру (ди-

* Осы томның 175—178-беттерін қараңыз. *Ред.*

намит мастерскойларын орнату), көтеріліс үшін социалист-революционерлермен келісім жасау, революциялық шаруа қозғалысын қолдау және көптеген басқалары. Әскер арасындағы, шаруалар арасындағы жұмыс туралы баяндамалар аса маңызды. Офицерлермен, студенттермен және басқаларымен екі арадағы байланысты съезд үшін мүмкін болғанынша кең пайдаланындар. Съезде уставтың мартовтық 1-параграфы лениндік болып өзгертілмекші, сөйтіп *партия* ұйымдарының, сонымен қатар оған *жақын тұрған* ұйымдардың праволары кеңейтілмекші. Революциялық демократия элементтерінің өте көпшілігі осыған жататын болады. Жұрттың бәрі және әрбір адам съезге белсендірек дайындалатын болсын.

Жалынды сәлем. *Ленин.*

Питерден бізге аудандық жұмысшы жыйналыстарының протоколдарын жібере бастады. Еліктеуге лайықты үлгі. Жалпы алғанда «Впередка» жұмысшылардың өздерінің үсті-үстіне жазуларын қатты өтінеміз.

*Бірінші рет 1926 ж.
Лениннің V жыйнағында басылған*

*Қолжазба бойынша
басылып отыр*

III СЪЕЗД ҚАРАРЛАРЫНЫҢ ЖАЛПЫ ЖОСПАРЫ

Қарарлар:

1. а) Азшылықтың реалды объектісі: орталықтардың кұрамы.

б) Съездің қаулыларының орындалмауы.

с) Лигаға дейін бөліну: астыртын ұйымның кұрылуы.

д) Бұл әрекетті істеудің және бұдан туатын барлық бүлдіргіштіктің ұяттылығы.

е) Бүлдіргіштікті ұйымдастыру-процесс, ұйымдастыру-тенденция туралы теориялармен, бюрократизм, формализм etc.* туралы екіжүзділік айкайлармен ақтаудың масқарашылығы.

ф) Олардың бүлдіргіштігінен Россиядағы дұрыс жұмысқа тиген зор зыян.

г) Бүлдіргіштерден толық аулақтаудың керектігі.

h) Бөлінудің себептері мен тарихын қысқаша баяндайтын кітапша шығаруды орталықтарға тапсыру және халықаралық социал-демократияға хабарлау.

2. а) Ымырашылдық ағым деп аталатын нәрсе жөнінде пікір айтудың керектігі.

б) Оның бірден-бір адал, екі жүзді емес өкілі «Искраның» 52-номерін жазған кездегі Плеханов болды.

с) Съезд партияның II съезінде және Лиганың съезінде Плехановтың позициясы дұрыс болды және кооптациялау кезінде тыныштық болуын шын көңілден тіледі деп таныйды.

д) Амал не, Плеханов ревизионистер мен дарашыл анархистер жөніндегі өзінің кеңшілік беру позициясында қала алмады. Оның тарапынан істеліп жатқан *принцип-*

* —et cetera— және тағысын тағылар. *Ред.*

тік ақтаудың барлық әрекеттері көрнеу дұрыс емес, бұл тек ойға ірткі салып, партияның ішкі қатнастарында айлакерлік тудыра алады.

е) Қазір ымырашыл деп аталатындар екі жүзді меньшевиктер болып табылады. Қазір Плехановтың өзі де теріске шығарған, сол Плехановтың программасынан басқа (ревизионистер мен анархияшыл дарашылдарға жеке түрде кеңшілік беру, бірақ олармен принциптік таластар) ешқандай дербес ымыраласу программасы жоқ.

3. а) Съезд біздің позициямыз жаңаискрашылдардың позициясынан принциптік жағынан өзгеше деп таныды.

б) II съезде-ақ жаңаискрашылдар әуелі бүтіндей оппортунистік топқа қарсы күресіп, ақырында көрнеу (өздерінің тілегіне және сана-сезіміне қарама-қарсы бола тұрса да) оған қарай бұрылып кетіп, принциптік жағынан толық тұрлаусыздық білдірді.

с) II съезден кейін оппортунистік сыйпат ұйымдастыру ісінде де айқындала түсті: ол — үздіксіз істелетін кішкентай опасыздықты ақтаушылық. Пролетариаттың тап күресінің ұйым сыяқты құралын мұқалтушылық. Бүлдіргіштікті және интеллигенттік анархизмді ақтап, дәріптеуге дейін барып марксизмді бұрмалаушылық.

д) Өз саясатының жалпы бағытының мәселелерінде «Искра» «жаңа және бұрынғы «Искраның» арасында түпсіз шыңырау жатқанын» өзі мойындауы керек еді. Құйыршықшылдыққа қарай бет бұрыс.

е) Тактикада бұл либералдарға көзқарастан көрінді

- | | | | | |
|----|---|-----------------|---|---|
| | | Земство нау- | | |
| | | каны. | | |
| f) | • | көтерліске | • | • |
| | | Кері сүйреп, | | |
| | | шатастыруға | | |
| | | тырысқан әре- | | |
| | | кеттер | | |
| g) | • | қарулануға | • | • |
| h) | • | „Жұмысшы та- | | |
| | | лапкерлігі“ де- | | |
| | | ген ұранмен са- | | |
| | | насы кем жұ- | | |
| | | мысшыларды аз- | | |
| | | дырушылыққа etc | • | • |

і) Тұтас алғанда, жаңаискрашылдар = партияның оппортунистік бөлегі.

Олардың лагеріндегі принциптік жағынан әркыйлы элементтер.

ұйымдастыру-про- цесс партия мен тап либералдар және земство науқаны көтеріліс қарулану революциялық диктатура	Принциптік тұрлаусыздық (II съезд). Оппортунистік «Рабочее Де- лоға» бетбұрыс (түпсіз шы- ңырау). Оларды партияны төңіректел жүрген интеллигенцияның және Струве ала* ашық оп- портунистердің мақұлдауы. Бұрынғы «Искраның» бағыты үшін күресу керектігі.
--	---

4. а) Интеллигенттік партия туралы айкай-шудың жалғандық сыйпаты. Либералдар пайдаланды. Жаңаискрашылдардың өздері бас тартты.

б) Жұмысшылардың арасындағы үгіттің демагогиялық сыйпаты. «Сайлау негізі», оның еркін саяси жағдайлар тұсында керектігі, оның Россияда кең көлемде мүмкін еместігі.

с) «Жұмысшы талапкерлігі» туралы, күйыршыкшылдықты бүркейтін, бос сөздер, — ұйымдастыру жағынан мүмкін емес нәрсені уәде етеді; арзан құралдармен «бюрократизмге», «формализмге» etc. қарсы тұрғызады, түк бермейді; жұмысшылардың революциялық талапкерлігін байқамайды, төменгі, соңғы жақтан шыр айналып шыға алмайды.

д) Жұмысшыларды сақтандырып отыру керек. Саналы жұмысшылар рабочеделошылдардың осыған ұксас тәсілдерін білуге және есте ұстауға тиіс, бұрынғы «Искраның» позициясын — жұмысшылар бұқарасының саналы жұмысшы социал-демократтарды, жұмысшы-революционерлерді, біздің Бебельдерді көтеруінің маңыздылығын, әрбір ауданды, әрбір заводты etc. ұйымдастырудың маңыздылығын білуге және есте ұстауға тиіс.

е) Пролетариаттың социал-демократиялық таптық партиясының болуына кепілдік алдыңғы қатарлы жұмыс-

* — сыяқты. *Ред.*

шылардың толық саналылығында ғана, социал-демократтардың, интеллигенттердің, жұмысшылардың арасындағы шекті толық өшіруде ғана жатыр.

5. а) Көтерілске дереу әзірленудің керектігі.

б) Ұйым құрудың және жауынгерлік сыйпаттағы ұйымдардың керектігі.

+ 7. с) Ұйымдарды жалпы көбейтудің: революцияны ұйымдастырудың керектігі.

д) Террор іс жүзінде бұқараның қозғалысымен қосылатын болуы керек.

е) Көтерілістің мақсаты: революциялық уақытша үкімет, халықты қаруландыру, құрылтай жыйналысы, революциялық шаруа комитеттері.

ф) Социал-демократияның өкіметті қолданғандағы міндеті: бүкіл демократиялық программаны толық жүзеге асыру, дербес ұйым мен жұмысшы табының ұйымдары, пролетариат пен деревня кедейлерінің революциялық талапкерлігін күшейтуге ұмтылу, таптық программа мен таптық көзқарасты үздіксіз қорғау және революциялық демократияның жалған үміттеріне сын көзімен қарау.

г) Осы (бұдан бұрынғы) жағдайлар социал-демократияның көтеріліс үшін революцияшыл демократиямен келісім жасауын күнілгері белгілейді.

немесе 7: } һ) Революциялық демократия дегеніміз социал-демократияның *барлық* демократиялық программасын қабылдайтын, ешқандай революциялық шарадан тайынбайтын, бірақ айқын социал-демократиялық таптық саналылығы жоқ дәйекті және батыл демократиялық ағымдар.

9. а) Старовердің⁴⁸ қарары принциптік жағынан дұрыс емес: істің салмағы мәлімдемелерде емес, күресте, күрестің бірлігінде.

б) Либералдар мен либералдық демократияның мәлімдемелері мен ұрандарына сенуге болмайды (Струве).

с) Оны демократиялық интеллигенция мағнасында бе-

галды және теріс түсіндіру. *Күшпен* келісім жасау керек, ал интеллигенция күш емес. Старовердің шатастыруы.

d) Кезекте тұрған келісім мәлімдемелер шартымен емес, көтеріліске *қатнасу* шартымен, либералдық демократиямен емес, *революциялық* демократиямен жасалады.

10. a) Земствошылдармен келісім тіпті Старовердің қарарының шарттарын бұзады.

b) Либералдарды қорқытпау туралы әңгіменің орынсыздығы және мезгілсіздігі. Мұны анархизмнің қаупімен ақтаудың мүмкін еместігі.

c) «Демонстрациялардың жоғарғы түрі» туралы ұрандардың реакциялық мағнасы.

d) Жаңа «Искраның» импрессионизмі-оппортунизмі.

e) «Таптық талапкерлік» және таптық жоспарлы даму туралы сөздердің теріс қолданылуы.

f) Партияның жас мүшелеріне ғибрат болуы үшін олардың бірінші хаты жарыялансын.

NB*:

11. a) Кәзіргі уақытта өте маңызды:

b) Демократиялық жактарды баса көрсету,

шаруалық буржуазиямен бірге помещиктерге қарсы, селолық пролетариатпен бірге буржуазияға қарсы.

c) *социалистік (бүкіл социалистік)* программдан бірде-бір минут айырылмау,

d) үздіксіз жалпы пролетариаттың және әсіресе *с. пролетариаттың* көзқарасында болу.

12. e) ұсақбуржуазиялық социализмнің жалған үмітіне әрекет етумен де, әрекетсіздікпен де әсте дем бермей, шаруалық буржуазияның реакцияшыл элементтерін монархиялық және цезарьлық пайдаланушылыққа қарсы барлық күшпен күресе отырып, селолық пролетариаттың да, шаруалық буржуазияның да помещиктерге қарсы *революциялық* қозғалысын помещиктік жерлерді тура толық экспроприациялауға дейін қолдау.

* — Nota bene — ескеріңіз. *Ред.*

13. а) Солдаттар арасындағы жұмыстың зор маңызы.
 б) Листоктар.
 с) Әскери ұйым, оның элементтері? Айрықша әскери ұйымның *je nachdem** пайдалы болуы мүмкін.
 д)**
14. а) Негізге *программа* алынсын.
 б) Жүріп-тұрушы топтар.
 с) Лекциялар мен үгіт сөздері.

* * *

Жаңаискрашылдарға қарсы принциптік қарарда мыналарды атап көрсету маңызды:

(а) Саналы пролетариатты және оның авангарды болып табылатын социал-демократиялық жұмысшы партиясын берік ұйымдастырудың идеясын бекерге шығару немесе төмендету жұмысшы қозғалысын буржуазиялық демократияның күйыршығына айналдыруға апарып соғады.

(б) Пролетариаттың стихиялық қозғалысына саналы социал-демократиялық ықпал жасаудың ролін демагогиялықпен төмендету де және революциялық бастама мен социал-демократияның алдыңғы қатарлы міндеттерін кері тартатын мағнада марксизмді теориялық жағынан бұрмалау да соған апарып соғады.

Революцияға техникалық және саяси басшылық етуді бірінен бірін бөлу және қарама-қарсы қою да соған апарып соғады және —

және — ***.

1905 ж. февральда жазылған

Бірінші рет 1926 ж.

Лениннің V жыйнағында басылған

Қолжазба бойынша
басылып отыр

* — жағдайға қарай. *Ред.*

** D пункті жазылмаған. Бүкіл 13-параграф арқылы сұрақ белгісі қойылған. *Ред.*


*** Қолжазба осы арада үзіледі. *Ред.*

РСДЖП ІІІ СЪЕЗІ
ҚАРАРЛАРЫНЫҢ ЖОБАСЫ

1965 ж. февральда жазылған

Бірінші рет 1926 ж.
Лениннің V жыйнағында басылған

Қолжазба бойынша
басылып отыр



1

МЕНЬШЕВИКТЕРДІҢ НЕМЕСЕ ЖАҢАИСКРАШЫЛДАРДЫҢ БҮЛДІРГІШТІК ҚЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ ҚАРАР

Съезд екінші партия съезінен кейін меньшевиктердің немесе жаңаискрашылдардың қылығы жөнінде даусыз дәлелденген фактылардың дәл анықтығын көрсетуді қажет деп табады. Бұл съездің қарарлары мен сайлауларының заңдылығына тіпті дауласуға тырыспастан да, олар ар-ұятты аулақ қойып съездің қарарларын жыртып тастап отырды. Съезден кейін іле-шала олар съездің құрған орталық мекемелеріне бойкот жасады және партияның ішінде партиядан жасырып айрықша ұйым құрды. Бұл ұйым Орталық Органның редакциясына және партияның Орталық Комитетіне ұсынылып, съезд қабылдамай тастаған алты кандидатты күшпен енгізу мақсатын көздеді. Партияның тілегі мен мүдделеріне қайшы келетін осы мақсатына жету жолындағы күресінде меньшевиктер барлық жерде бірдей партияның дұрыс жұмысын бүлдірді: барлық жерде бірдей астыртын жік тудырып отырды, социал-демократтардың жолдастық қатнастарына ірткі салып отырды, партияның Орталық Органын өтірік-өсек, ұрыс-керіс органына айналдырып отырды, орталық мекемелерді сайлаған және олардан есеп талап еткен партия комитеттеріне қарсы азғындық, әдепсіздік қылықтар істеп отырды, партия Советін үйірмешілдік кек алу құралына дейінгі дәрежеге түсіріп отырды, үшінші съезді талап еткен партияның үнін тура теріс айналдырудан тайынбады.

Съезд бұл бүлдіргіштік қылықты үзілді-кесілді теріс деп табады және бүлдіргіштікті ақтап келген, революциялық марксизмнің теориясын адам айтқысыз төмен

дәрежеге түсіріп келген аты-шулы ұйымдастыру-процесс теориясынан барлық саналы социал-демократтарды сақтандырады.

Съезд партияның көпшілігін жақтаушылар, бүлдіргіштерге қарсы қарарлар шығарып және 3-нші съезд шақырылуын талап етіп, партияға мүше серіктеріне қарсы адал жолдастық күрестің барлық амалдарын сарқып болды деп табады. Кәзір, партияның құрған орталықтары партия алдындағы жауаптылықтан біржолата бас тартқан кезінде, съезд оларды партиядан тыс тұр деп тануға мәжбүр. Съезд партияшылдықты жақтаушыларға бүлдіргіштерден бөлек және олардан тәуелсіз жұмыс істеуден басқа жолдың жоқ екенін көрсетеді. Сондықтан съезд азшылықты жақтаушыларды немесе жаңаискрашылдарды біздің партиямыздың бірде-бір ұйымына алуға болмайды деп қаулы етеді.

Съезд партияның Орталық Комитетіне бүкіл россиялық және халықаралық социал-демократияны хабарлау үшін осы қарарды түсіндіретін қысқа кітапша бастырып шығаруды тапсырады.

2

ПЛЕХАНОВТЫҢ ПАРТИЯЛЫҚ КРИЗИСТЕГІ ҚЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ ҚАРАР

Съезд партияның екінші съезінде және шетелдік Лиганың съезінде Плехановтың программалық, тактикалық және ұйымдастыру мәселелерінде ұстаған позициясын дұрыс деп табады. Съезд Лиганың съезінен кейін Плехановтың партиялық тыныштық орнату және меньшевиктер тудырған жікке бөлінушілікті жою мақсатын көздеп, бүкіл партияның алдында өзі ревизионистер және анархияшыл дарашылдар деп дұрыс сыйпаттаған адамдарына («Искра» № 52, 1903 жылғы 7 ноябрь) кеңшілік беру саясатын ұсынғанын мойындайды. Плехановтың осы позицияда қала алмағанына, оның арсыздық амалдарының бәрін қолданып және партияның еркіне қарамай, меньшевиктердің барлық талаптары қанағаттандырылатын болуына тырысқанына, оның меньшевиктерді ақтау мақсатын көздеп, өзі теріс деп тапқан олардың принциптік позициясын қорғауға дейін және партияның көпшілігі-

мен қайдағы жоқ алауыздықтарды ойлап шығаруға дейін құлдырағанына съезд өте өкініш білдіреді.

Съезд партияға мүше серіктері жөніндегі бұл айлакерлік саясатын үзілді-кесілді теріс деп табады, өйткені мұндай саясат, жеке адамдар жөніндегі қандай адамгершілік себептерінен туатын болса да, партияға іріткі салушы ықпалын жасамай тұрмайды.

3

ЖАҢА ИСКРАШЫЛДАРДЫҢ ПРИНЦИПТІК ПОЗИЦИЯСЫ ТУРАЛЫ ҚАРАР

Съезд меньшевиктердің немесе революциялық социал-демократиядан оппортунизмге қарай ауытқыған жаңа-искрашылдардың принциптік позициясына қарсы күресуді сөзсіз қажет деп табады. Партияның екінші съезінде-ақ мұның өзі жеке пікірлерден де, бұрынғы «Искраға» дұшпандардың бүкіл құрамынан да, принциптік жағынан неғұрлым тұрақсыз сарындардан да айқындалды. Екінші съезден кейін меньшевиктердің рабочеделошылдық оппортунизмге қарай бұл бетбұрысы соншалықты айқын болды — бұрынғы және жаңа «Искраның» арасындағы түпсіз шыңырауды олардың өздері мойындады. Шынында да, толып жатқан мәселелер жөнінде жаңа «Искра» сөзсіз теріс және пролетариаттың таптық сана-сезімін қараңғыландыратын ұрандар мен теориялар ұсынды. Бұған бүлдіргіштік пен интеллигенттік анархизмді актауға дейін барып, марксизмді төмендететін ұйымдастыру-процесс теориясы жатады. Бұған партияның тапқа көзқарасы жөніндегі теріс көзқарастарға қайта оралушылық жатады, оның өзі таптың алдыңғы қатарлы отряды, басшысы және ұйымдастырушысы болып табылатын партияның міндеттерін төмендетеді. Либералдарға көзқарас туралы және земство науқанының жоспарлары туралы мәселе жөнінде, — көтеріліске әзірлену туралы және оны тағайындау, оны өткізу жайындағы пікірлердің атышулы утопияшылдығы туралы, — бұқараны қаруландыру, революция кезінде оған техникалық және ұйымдастыру жағынан басшылық ету туралы, самодержавиені құлату заманында пролетариат пен ұсақ буржуазияның революциялық демократиялық диктатурасының мүмкін еместігі

және керексіздігі туралы және т. б. мәселе жөнінде жаңа «Искраның» бұрынғы «Искраға» қарсы көтерген таластары да сондай теріс және реакцияшыл. Бұл көзқарастардың бәрі Россияның кәзір басынан кешіріп жатқан революциялық кезеңінде революцияшыл пролетариаттың партиясы үшін зиянды және қатерлі бола отырып, теориялық жағынан ғана емес, тура практикалық жағынан да партияны кері сүйрейді. Сондықтан съезд партияның барлық мүшелеріне өздерінің насихаты мен үгітінде мұндай көзқарастардың терістігін түсіндіріп отыруды тапсырады.

4

ЖҰМЫСШЫЛАР МЕН ИНТЕЛЛИГЕНТТЕРДІҢ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПАРТИЯДАҒЫ АРАҚАТНАСТАРЫ ТУРАЛЫ ҚАРАР

Съезд жаңаискрашылдардың социал-демократиялық ұйымдарда жұмысшылар мен интеллигенттердің арасында сенбеушілік және дұшпандық тудыру саясатын жүргізуін үзілді-кесілді теріс деп табады. Съезд саналы жұмысшылардың бұдан бірнеше жыл бұрын партияның рабочеделошыл бөлегінің тарапынан күрестің осындай тәсілдерін көріп, ол тәсілдерді аулақ тастағанын олардың есіне салады. Жұмысшылардың талапкерлігі туралы және сайлау негізі туралы жаңаискрашылдардың босқа айтып жүрген жел сөздері біздің ұйымдарымызда жұмыстың іс жүзінде ешқандай жақсаруымен қосталып отырған жоқ және орындалмайтын нәрсені демагогтікпен уәде етеді. Еркін саяси жағдайларда біздің партиямыз бүтіндей сайлау негізі принципінде құрыла алады және құрылады да. Самодержавиенің тұсында мұның өзі партияға кіріп отырған мындаған жұмысшылардың күллі бұқарасы үшін жүзеге асырылмайтын нәрсе.

Съезд социал-демократиялық жұмысшы партиясының саналы жақтаушыларының міндетін тағыда еске салады, ол: пролетарлар мен жартылай пролетарлардың неғұрлым қалың топтарын толық социал-демократиялық саналылық дәрежесіне дейін үздіксіз көтере отырып, олардың революциялық және социал-демократиялық талапкерлігін күшейте отырып, қозғалысқа және партияның бар-

лық ұйымдарына толық басшылық ете алатын жұмысшыларды жұмысшы бұқарасының өз ішінен мүмкіндігінше көп шығаруға қам істей отырып, бұл партияның жұмысшы табы бұқарасымен байланысын барлық күшпен нығайту болып табылады.

Съезд партияның атынан революцияшыл социал-демократтардың кеңестерін қайталайды: біздің партиямызға кіруші жұмысшы ұйымдарын мүмкіндігінше көбірек құру керек; партияға кіргісі келмейтін немесе кіруіне мүмкіндігі жоқ жұмысшы ұйымдарының ең болмаса партияға жақын тұратын болуына тырысу керек; саналы социал-демократ жұмысшылардың партия комитеттеріне мүше болып мүмкіндігінше көп кіруіне жету керек.

УСТАВТЫҢ ОРТАЛЫҚТАР ТУРАЛЫ ПУНКТИН ӨЗГЕРТУ

Россияда жұмыс істеуші жолдастардың едәуір бөлегі, соның ішінде Көпшілік Комитеттерінің бюросы *Россияда бір* орталық болуын жақтап шығып отыр.

Затында мұндай реформа не деген сөз? Бір орталықтың ішінде Россияда жұмыс істейтін жолдастар басым болуы керек, — жоғарыда айтылған, беталыстан сөзсіз осындай қорытынды шығады. Оның жүзеге асырылуы орталықтың құрамын сайлайтын съездің еркіне бүтіндей байланысты. Ендеше, бұл арада дауласатын да ештеме жоқ, сөз қылатын да ештеме жоқ.

Бірақ бұдан соң Орталық Органның Орталық Комитетке қатынасы қандай болады? Орталық Орган, деседі бізге, Орталық Комитет тағайындайтын комиссия болып табылады. Орталық Орган редакциясының бір (немесе екі) мүшесі (деседі тағы сол жолдастар) бір бөлімі және азшылық бөлімі болып Орталық Комитетке кіре алады. Сонда Орталық Комитеттің бұл шетелдік бөлімінің Орталық Комитет істеріне қатысы немен білінбекші? — деген сұрау туады. «Хат арқылы» Орталық Комитеттің істеріне нақтылы қатысу деу көрнеу утопия, бұл жайында тек күлкі етіп қана айтуға болады. Шет елде көп еңбек сіңіріп, қыйсапсыз әбігерленіп, соңына түсіп, ұрысып жүріп, жаманатты болып барып нашар ғана *post factum** хабарға әрең қол жетеді, ал шет елден «істерді атқаруға қатысу» туралы тек «маңыздану үшін» немесе екіжүзділік үшін ғана айтуға болады.

Сонымен, екінің бірі: не Орталық Комитеттің шет ел

* — оқыйғалар болып өткеннен кейін, кешігіп барып. *Ред.*

дегі мүшелері (*respective** шет елдегі мүшесі) шет елде бүкіл Орталық Комитетті дүркін-дүркін жыйнап алып отыруға *партияның уставы бойынша* келісіп алады (әйтпесе басқа «келісімдер» жарамсыз болады). Егерде осылай болса, бұл жоғарғы орталық *іс жүзінде* кәзіргі партия Советімен толық дәлме-дәл келеді, яғни жылына 3—4—5 рет жыйналатын және бүкіл жұмысқа тек *жалпы бағыт* беріп отыратын орынға айналады. *Не болмаса* Орталық Комитет Россияда жыйналып отырады да барлық істерді *сонда*, шет елдегі мүшенің қатысуынсыз шешіп отырады; онда шет елдегі мүше Орталық Комитеттің мүшесі болып кұр тек саналады, *көрнеу жалған* түрде саналады. *Іс жүзінде* ол жалпы істерді атқаруға қатыса *алмайды*. Мұндай жағдайларда Орталық Комитеттің «шет елдегі мүшелері» деген мұндай «қызмет орнына» (мұндай синекураға?) адам табыла қоюына әбден толық күмандануға болар еді!

Екінші (және мүмкін болғанның ішіндегі ақырғы) болжау, Орталық Комитет бір орталық болғандықтан оның бүкіл құрамы Россияда жұмыс істейтін жолдас-тардан болады. Тек осындай орталық қана *шын* бірыңғай орыс орталығы болады. Шет елге ол өзінің агентурасын тағайындайды. Алайда *практика жүзінде* бұл агентура дербес орталық болып өмір сүреді, шынында да, Орталық Органның редакциясын алып қараңыздаршы. Әрине, бұл арада тек *ұзақ және ұзақ жолмен* ғана құрылатын, қалыптасатын, әуендесетін *тұтас бір коллегия* керек (Россия II съезден кейін *жаңа* Орталық Орган құру үшін бір жарым жыл күш жұмсады, ал мұның өзі ауыр *жалпыпартиялық* кризиске бүкіл Россияның өте-мөте көз тігіп отырған кезінде осылай болды!). Практикада бұл коллегия *апта сайынғы* органды толық дербес басқарып отырады. Орыс Орталық Комитеті оның істі жүргізуіне *ең оңдағанда* жарты жылда бір (немесе 1½ жылда бір) «кеңес шақырумен» қатнасады, — мұндай «кеңестің» «Советтен» өзгешелігі қандай? — немесе Орталық Комитеттің *жеке* мүшесінің «хатымен» қатнасады. Практикада бұл шетелдік коллегия партияның *жүздеген* мүшелерінің алдында шет елде үгіт жүргізеді және қызметкерлер даярлайды (рефераттар және жыйналыстар).

* — немесе, тиісінше. *Ред:*

Орталық Комитеттің бұл жұмысқа *іс жүзінде* бағыт сілтеп отыруға, шетелдік коллегияның бұл жұмысына *іс жүзінде* басшылық етіп отыруға *адам күші* жетпейді. Орталық Комитеттің бұл жұмысқа оны жүргізуші кісілермен *анда-санда* кеңес өткізуден басқаша *қатысып отыруына* адам күші жетпейді. Және тағыда: бұл кеңестердің Советтен өзгешелігі қандай??

Қорытынды: іс жүзінде, практикада «бір» орталық не *фикция* болады, не болмаса мазақ етіп «үш орталық» деп атап жүрген кәзіргі системаға айналып кетеді, сөзсіз және қалайда айналып кетеді. Іс жүзінде, практикада географиялық, саяси жағдайлардың, жұмыс сыйпаты жағдайларының өзгешелігі біздің партиямыздың екі орталығы болуын сөзсіз және қалайда (самодержавие кұлағанға дейін) керек етеді және керек етіп отырады да; бұл екі орталық *іс жүзінде* әрқашан партияның басты немесе жоғарғы «Советінің» ролін атқарып отыратын *«кеңестер арқылы»* тек мезгіл-мезгіл ғана бас қосып отырады.

Әрине, шет елге қарсы көтерілушілікке россияндардың: шет ел жойылсын! екі орталық жойылсын! деп жаппай үн қосқаны өзінен өзі түсінікті. Бұл қарсы көтерілушілік *занды және мақтарлық*, өйткені ол ІІ съезден кейін партия күштерінің және партиялық саналылықтың орасан артқандығының белгісі. Бұл қарсы көтерілушілік біздің партиямыздың бір адым ілгері басқанын білдіреді, оған дау жоқ. Бірақ кұр сөздерге маз-майрам болуға жол бермеу керек, кәзіргі сәттің *әсерін*, «шетелдіктерге» қарсы өткінші «ашуды» «системаға» айналдыруға жол бермеу керек. Ашуға негіздеп ешқандай партиялық система кұра алмайсың. «Орталық бір» деген түсінікті және қысқа ережені ұйғара салудан оңай ештеме жоқ, бірақ мұндай ұйғарындымен біз Россиядағы және шет елдегі жұмыстың әртүрлі функцияларын шын (қағаз жүзінде емес) біріктірудің әдістері туралы өте күрделі мәселені шешуге титтей де жақындамаймыз.

1905 ж. февральда жазылған
Бірінші рет 1926 ж.
Лениннің V жыйнағында басылған

Қолжазба бойынша
басылып отыр

АНКЕТА

ПАРТИЯНЫҢ III СЪЕЗІНЕ АРНАЛҒАН

Партияның III съезі шақырылуы себепті кейбір практик-жолдастар бізден мынадай мәлімдеме басып шығаруды сұрайды. Алдағы съезде ұйымдастыру мәселесін талқылағанда Россияда жұмыс істеген жолдастардың мүмкін болғанынша көпшілігінің ескертулері мен пікірлерін еске алып, өте мұқият талқылау өте жақсы болар еді. Сондықтан бұған жұмыс істеген *әрбір* адам үн қосып, мына сұрақтарға жауап беретін болсын. «Вперед» газетінің редакциясы мұның бәрін бір жерге жыйнап, съезге тапсырады, сөйтіп *әрбір* делегаттың көптеген жолдастардың коллективтік тәжірибесімен пайдалануына мүмкіндігі болады. Уставты қайта жасау үшін және съездің қарарларын жазу үшін анықтау керек болатын ең басты мәселелердің біршама тізбегі мынау. 1) Жұмыс істеген жері, уақыты және қанша уақыт жұмыс істеген? 2) Комитеттің немесе комитет мекемелерінің біреуінің мүшесі болып жұмыс істеді ме және қандайының мүшесі болды? фабрикалық үйірменің бе, тағы басқаларының ба? 3) Жауап жазып отырған адамға мәлім комитеттердің немесе комитет бөлімшелерінің, ұйымдастыру топтарының және т. б. *әрқайсысының* мүшелерінің саны қанша еді? *әрқайсысында* жұмысшылар және интеллигенттер қанша? 4) Төменгі орыннан комитетке кооптациялаудың дағдысы қандай еді? Жергілікті орындағы жұмыстың орта мерзімін көрсетуге болмас па? Кооптацияға бола наразылық туғандығын көрсететін және т. с. мысалдар жоқ па? Барлық жауаптарда II съезге дейінгі

және одан кейінгі дәуірді өте-мөте бөлек көрсетіп отыру керек. II съезге *дейінгі* дәуір туралы толық мәліметтер өте керек. 5) NN жұмыс істеген жерде *барлық* партия ұйымдары, топтар, үйірмелер және т. б. қанша еді? Әрбір топ, оның мүшелерінің саны, міндеттері және т. б. тізбектелсін. 6) Партиялық болып саналмайтын, бірақ партияға жақын тұрған топтар (ұйымдар, үйірмелер және т. б.) болды ма? 7) Жергілікті орындар мен (және барлық әртүрлі жергілікті үйірмелер мен) комитеттің арасындағы қатнас қалай жүргізілді? Қатнастың бұл формалары қызметкерлерді қанағаттандырды ма? 8) Сайлау негізін қолдануды мүмкін және қолайлы деп санайсыз ба? Егер санамайтын болсаңыз, неліктен? Егер санайтын болсаңыз, нақ қалай? Сайлау правосын қандай үйірмелерге беруге болар еді, — мұны дәл көрсетіп айтқан жөн. 9) Интеллигенттік және жұмысшы комитеттерін (топтарын, үйірмелерін, ұйымдарын және т. б.) бөлуді пайдалы деп санайсыз ба? Егер санамасаңыз, неліктен? Егер санайтын болсаңыз, бөлудің формасын көрсетуді сұрайды. 10) Комитет орталық, басқарушы топты сайлады ма, әлде жоқ па? Егер сайлаған болса, нақ қалай? ол жиі тексеріліп тұрды ма? оның құрылуына жұрт разы болды ма? 11) Жергілікті ұйымдардың жазба уставтары пайдалы және мүмкін болады деп санайсыз ба? 12) Партияның уставына жергілікті ұйымдар (комитеттер және басқалары) жөнінде қайсыбір нормалар енгізуді пайдалы болады деп санайсыз ба? Егер санасаңыз, бұл нормаларды белгілеуіңізді сұрайды. 13) Комитеттерден және басқа ұйымдардан мүшелер енгізу (және шығару) жөнінде Орталық Комитеттің дәл праволарын партияның уставында белгілеуді қажетті деп санайсыз ба? Орталық Комитеттің дәл праволары қандай болуға тиіс? 14) Жергілікті комитеттердің автономиясын айрықша нормалармен шектеу қажет пе және нақ қандай нормалармен шектеу қажет? 15) Сіз мүше болған комитет немесе топ, үйірме және т. б. жиі жыйналып отырды ма? Егер мүмкін болса, сіз жұмыс істеген уақыттың ішіндегі дәл барлық жыйналыстарды атап өтіңіз. Егер мүмкін болмаса, долбарлап айтыңыз. Жиі жыйналыстардың қолайсыздығы болды ма? Сіздің тәжірибеңіз бойынша, бір

айда шақыруға мүмкін болатын және керекті болатын жыйналыстардың орта саны қандай және жыйналыс мүшелерінің саны қандай?

1905 ж. февральда жазылған

Бірінші рет 1926 ж.
Лениннің V жыйнағында басылған

Қолжазба бойынша
басылып отыр

«ПОЛИЦИЯ ДЕПАРТАМЕНТИНІҢ ДИРЕКТОРЫ ЛОПУХИННИҢ БАЯНДАУ ХАТЫ» ДЕГЕН КІТАПШАҒА АЛҒЫСӨЗ

Қанағат қарын тойғызады! — дегендей болады Лопухин мырза өзінің баяндау хатында. 1881 жылдан бастап Россия империясының ең тұрақты, негізгі заңдарының бірі болып алған күшейтілген күзет туралы «уақытша» Ереже — полиция үшін жақсы нәрсе еді. «Тоғышарларды қолда ұстауға» полиция қалаған праволары мен өкілдіктерін алады деп хатта дәл айтылады, хатты оқып, оның адам айтқысыз ауыр, қолапайсыз, кеңселік сөйлемдеріне неғұрлым жиі сүрінсең, оның әлгі сөзі соғұрлым бадырайып көзге түседі. Я, полиция бұл «Ереженің» тұсында рахаттанып еді, бірақ «Ереженің» «жақсы» қасиеттері полицияның өзін тым еркелетіп жіберді. Бұл бір жағы. Ал, екінші жағынан, бұдан жыйырма бес жыл бұрын шұғыл шара болып көрінуі мүмкін болған басып-жаншудың шұғыл шараларының үйреншікті болып алғаны соншалық — халықтың өзі де сол шараларға, былайынша айтқанда, бейімделіп алды. Ұзақ уақыт және шамадан тыс қолданудан жаңа серіппе қандай босайтын болса, шұғыл шаралардың жазалаушылық маңызы сондай босады. Өзінше өзге қайғылы, жабыңқы пішінде жазылған барлық баяндамасында полиция департаментінің директоры Лопухин мырза әрекет түкке тұрмайды, дейді.

Полицейдің жабыңқы үні, орыстың негізгі полицей заңына қарсы бағытталған бұл іскер, кұрғақ, солай бола тұрса да аяусыз сыны социал-демократқа қуанышты әсер ететіні тамаша. Полицейлердің рахат дәурен сүрген күндері өтті! Революциялық партияның өмір сүруі туралы тіпті ойдың тууы мүмкін болмаған алпысыншы жыл-

дар өтті. Сөзсіз өмір сүрген және қорқыныш тудырып келген осындай партияның күштері «саяси төңкеріс жасау үшін емес, жеке адамдарға қастандық істеу үшін ғана жеткілікті» болған жетпісінші жылдар өтті. Ол уақыттарда, «астыртын үгіт жеке адамдарға және үйірмелерге сүйеніп келген» кезінде, жаңадан жасап шығарылған серіппе әлі біраз ықпал ете алатын еді. Ал кәзір, «қоғамның кәзіргі жағдайында, Россияда осы күнгі тәртіпке наразылық та, күшті оппозициялық қозғалыс та кеңінен өркендеп отырған кезінде» ол серіппе қандай дәрежеге дейін босап кетті десеңізші! Күшейтілген күзеттің шұғыл шараларын «бейбіт сыйпаттағы және тек қана экономикалық тілектерден туған стачкалар үшін жұмысшыларға» мың-мындап қолдануға тура келгенде, тіпті тасты да саяси жағынан қауіпті қару деп тануға тура келгенінде, нақ: *тура келгенінде* күшейтілген күзеттің шұғыл шаралары қаншалықты қыйсынсыз, мағнасыз болды десеңізші!

Сорлы Лопухин дағдарғанынан екі леп белгісін қояды, сөйтіп күшейтілген күзет туралы Ереженің туғызған мәнсіз-мағнасыз зардаптарына өзімен бірге күлуге министр мырзаларды шақырады. Революциялық қозғалыс шынымен халықтың ішіне еніп, жұмысшылар бұқарасының таптық қозғалысымен үздіксіз байланысқан уақытынан бері қарай бұл ереженің барлық жері, — паспортты тіркеу талабынан бастап, аяғы соғыс соттарына дейінгі барлық жері жарамсыз болып шықты. Тіпті «қорашылар қою тәртібін» де, бәрінен кұтқаратын, бәрімен жарылқайтын қорашылар қою тәртібін де полицей-министр өлтіре сынайды, бұл тәртіп алдын алу жөніндегі полиция қызметін босаңсытатын әсер етті деп айыптайды.

Шынында да, полицейлік тәртіп толық банкрот болды!

Жәнеде бұл банкроттықты, өте құрметті Лопухин мырза сыяқты аса мағлұматты адамның мәлімдемелерінің үстіне, патша саясатының барлық барысы да қуаттап отыр. Шын халықтық революциялық қозғалыс жоқ кезде, саяси күрес тап күресімен біртұтас болып әлі байланыспаған кезде, жеке адамдармен үйірмелерге қарсы полицейлік шаралардың бір өзі жарайтын еді. Таптарға қарсы келгенде бұл шаралар кісі күлерлік дәрменсіз болып шықты, бұл шаралардың шамасыз көптігі полицияның жұмысына кедергі бола бастады. Күшейтілген күзет

КОММУНА ТУРАЛЫ БАЯНДАМА ЖОСПАРЫ⁴⁹

1. Коммунаның тарихи очеркі.

Наполеон III-нің тұсындағы Франция. Империализмнің негізі: буржуазия кәзірдің өзінде-ақ... отыр, пролетариат өлі... жоқ⁵⁰.

Наполеон III-нің авантюризмi. Сыртқы көріністің, соғыстардың керектігі.

2. 1848 жылғы июньнен кейін пролетариаттың өсуі. Internationale Arbeiter Aissociation* 1864. Оны Наполеон III-нің қудалауы.

Француз жұмысшыларының соғысқа қарсылығы (12 июль, Интернационалдың Париж секциясы, S.** 16) және неміс жұмысшыларының қарсылығы (16 июльдегі Брауншвейг жұмысшы жыйналысы, Хемниц жыйналысы, Интернационалдың Берлин секциясы, S.18)⁵¹.

3. Седан: 1870 жылы 2 сентябрь және 1870 жылы 4 сентябрьде республика жарыялануы. Либерал алаяқтар өкіметті басып алады.

Либерал адвокаттар мен екіжүзді монархистер: Тьер.

4. Ұлт қорғанысының үкіметі = халыққа опасыздық ету үкіметі. Трошю: Парижді қорғау «жоспары». Қорғау комедиясы. Париж жұмысшыларының ерлігі. 1871 жылғы 28 январьдағы капитуляция.

5. Соғыс пен бітім туралы мәселені шешу үшін 8 күн ішінде (S. 34) Ұлттық жыйналысты шақырудың Бисмарк бұйырған шарттары. Тьердің монархистермен астыртын әрекеті.

* — Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігі. *Ред.*

** — Seite — бет. *Ред.*

Юнкерлер палатасы (гигаих*). Бордодағы Ұлттық жыйналыс 630 мүше = 30 бонопартист + 200 республикашыл (100 баяу + 100 радикал) + 400 монархист (200 орлеанист + 200 легитимист).

Тьердің Фаллумен әңгімесі.

6. Парижді провокациялау: монархияшыл елшілерді тағайындау: ұлттық гвардияның солдаттарынан «30 су» алып қою; Парижде полицияның префекті Валентэн, ұлттық гвардияның бастығы д'Орель де Паладин және басқалары (Трепов пен Васильчиков!!)⁵²; Ұлттық жыйналыстың Версальға көшірілуі; республикалық газеттерді жауып тастау және т. б. Соғыс шығындарын жарлыларға аудара салуға тырысатындық. (S. 35.) Қарулы Париж жұмысшылары және — монархиялық жыйналыс. Жанжал сөзсіз.

7. Маркстің сақтандыруы**: Интернационалдың Бас Советінің 1870 жылы 9 сентябрьдегі екінші адресі: «1792 жылдың ұлттық дәстүрлерімен әуестенбеу керек», «өз табын ұйымдастыруды» күшейту, үкіметті құлату мақсатын көздемеу («естен адасқан ақымақтық»): S. 25. Интернационалдың (Бас Советтің) секретарі Евгений Дюпон да Франция үшін 1870 жылы 7 сентябрьде нақ осыны жазды (Weill***, 134)⁵³.

8. Провокацияның ақырғы әрекеті. 1871 жылы 18 мартта ұлттық гвардиядан зеңбіректер тартып алынды. Тьердің алдағандағы сылтаулары. Қастандыктан іс шықпады. Ұлттық гвардияның Орталық Комитеті Коммунаны жарыялады. *Азамат соғысы* Париж Коммунасы мен Версаль үкіметінің арасында басталды.

9. Коммуна ішіндегі бағыттар: (а) *бланкистер*. 1880 ноябрьдің ішінде-ақ Бланки «Ni Dieu ni maître»**** деп тап күресінің теориясын және пролетариат мүдделерінің ұлт мүдделерінен бөлінуін даттайды. (Weill, 229) (жұмысшыларды революцияшыл буржуазиядан бөлмейді). (б) *прудонистер* (муталистер) «айырбас пен кредитті ұйымдастыру».

* — дөкірлік. *Ред.*

** *Contra* (қарсы. *Ред.*) 1870 «Patrie en danger» («Отанға қауіп туды» деген ұйымды. *Ред.*) құрған Бланки. (NB) (Nota bene — ескеріңіз. *Ред.*)

*** — Вейль. *Ред.*

**** — «Құдай да жоқ, мырза да жоқ». *Ред.*

Жұмысшы табының революциялық инстинкті қате теорияларға қарамай жарыққа шығуда.

10. Коммунаның саяси шаралары:

- (1) тұрақты әскерді жою.
- (2) бюрократияны жою а) барлық чиновниктердің сайланып қойылуы; б) жалақы 6 000 fr. > емес.
- (3) шеркеуді мемлекеттен бөлу
- (4) тегін оқуды енгізу

Программе-
minimum

Коммуна және шаруалар, 3 айдың ішінде бәрі де баскаша болған болар еді! (S. 49—50)*.

Коммуна және Интернационал. Франкель, поляктар (бүкіл дүниежүзілік республиканың туы).

11. Коммунаның экономикалық шаралары.

- (1) бөлкешілердің түнгі жұмысына тыйым салу.
- (2) штрафтарға тыйым салу.
- (3) қалдырылған фабрикаларды тіркеу, аралық комиссиялардың белгілеуі бойынша акысын төлеп жұмысшылардың серіктіктеріне тапсыру. (S. 54.)

NB Банкіні алмады. 8 сағаттық жұмыс күні өтпеді.
Weill, 142.

- (4) валогтерді сатуды тоқтату. Төлемдерді (пәтер акы) төлеуді кейінге қалдыру.

12. Күйреу. Ұйымның кемшіліктері. Қорғану жағдайы. Тьердің Бисмаркпен келісуі {Бисмарктың ролі = жалдамалы кісі өлтіргіш}. 1871 жылғы 21—28 майдағы қанды апта.

Оның үрей ұшыратын қорқыныштары, жер аудару etc.** Жала жабушылықтар (S. 65—66).

Балалар мен әйелдер...

P.*** 487: көшелерде 20 000 адам өлтірілді, түрмелерде 3 000 адам өлді etc. Соғыс соттары: 1875 жылғы 1 ян.

* «сырды» әйгілеу: Трошюдін қылықтары, монастырьлардағы «тәртіптер» (S. 54). *Әлі өте аз істелді!*

** — et cetera — және тағысын тағылауы. *Ред.*

*** — Page — беті. *Ред.*

варьға дейін 13 700 адам (80 әйел, 60 бала) жазаға кесілді, жер аудару, түрмеге салу⁵⁴.

13. Сабақтар: буржуазия ешнәрседен *тайынбайды*. Күні бүгін либералдар, радикалдар, республикашылдар, күні ертең опасыздық, кісі ату.

Пролетариаттың дербес ұйымы — тап күресі — азамат соғысы.

Біздің бәрімізді кәзіргі қозғалыста Коммунаның ұйығы көтеріп келе жатыр.

1905 ж. февраль — мартта жазылған
Бірінші рет 1931 ж. Лениннің XVI
жыйнағында басылған

Қолжазба бойынша
басылып отыр

ЖАҢА МІНДЕТТЕР ЖӘНЕ ЖАҢА КҮШТЕР

Социал-демократияның өркендеуіне байланысты Россияда бұқаралық жұмысшы қозғалысының өркендеуі тамаша үш өткелменен сыйпатталады. Бірінші өткел — тар шеңберлі насихатшы үйірмелерден бұқара ішіндегі кең экономикалық үгітке көшу; екінші өткел — ірі көлемді саяси үгітке және ашық, көше демонстрацияларына көшу; үшінші өткел — нағыз азамат соғысына, қолма-қол революциялық күреске, халықтың қарулы көтерілісіне көшу. Бұл өткелдердің әрқайсысына, бір жағынан, социалистік ой-пікірдің көбінесе бір бағытта жұмыс істеуі арқылы, екінші жағынан, жұмысшы табының тұрмыс жағдайларындағы және барлық психикалық қалпындағы терең өзгерістер арқылы, оның үсті-үстіне жаңа жіктерін неғұрлым саналы және белсенді күреске ояту арқылы әзірлік істеледі. Бұл өзгерістер кейде айқайшусыз жүріп жатты, пролетариаттың күш жыйнау ісі сахна сыртында, елеусіз жүргізіліп, бұқаралық қозғалыстың беріктігінен, өмірге бейімдігінен екінші бірінде интеллигенттерді түңілдіріп отырды. Бұдан соң бұрылыс басталып, барлық революциялық қозғалыс бірден жаңа, жоғары сатыға көтеріліп бара жатқандай болды. Пролетариаттың және оның алдыңғы отряды — социал-демократияның алдынан *практикалық* жаңа міндеттер шығып отырды, бұл міндеттерді орындау үшін жер астынан шыққандай жаңа күштер шығып отырды, бұрылыстың қарсаңында ол күштерді ешкім тіпті бар деп те ойламағанды. Бірақ мұның бәрі бірден бола қойған жоқ, қобалжуларсыз, социал-демократияның ішіндегі бағыт-

тардың күресінсіз, әлде қашан заманы өтіп, көміліп қалғандай болған көзқарастарға қайта оралуынсыз бола қойған жоқ.

Қазіргі уақытта да Россияда социал-демократия осындай қобалжу дәуірлерінің бірін бастан кешіріп жатыр. Саяси үгітке оппортунистік теорияларды бұзып өтіп қол жеткізетін, жаңа міндеттерді орындау үшін күш жетпейді деп қорқатын, пролетариаттың тілектерінен социал-демократияның артта қалғандығын «таптық» деген сөзді шамасыз жиі қайталаумен немесе партияның тапқа көзқарасын құйыршықтық мағнада түсіндірумен ақтайтын кездер болды. Бұл соқырлық қауіптенулер мен артта қалған көзқарастардың бәрін қозғалыстың барысы сыпырып аулақ тастады. Қазір жаңа өрлеу тағыда, біраз басқаша формада болса да, заманы өткен үйірмелер мен бағыттарға қарсы күреспенен қосарлана жүріп отыр. Рабочеделошылдар жаңаискрашылдардың әлпетінде қайтадан шықты. Біздің тактикамыз бен ұйымдастыру ісімізді жаңа міндеттерге бейімдеу үшін «демонстрациялардың жоғарғы түрі» жөніндегі (земство науқанының жоспары) немесе «ұйымдастыру-процесс» жөніндегі оппортунистік теориялардың қарсылығын жойып отыруға тура келеді, көтерілісті «тағайындаудан» немесе пролетариат пен шаруалардың революциялық демократиялық диктатурасынан реакциялық қорқушылыққа қарсы күресіп отыруға тура келеді. Пролетариаттың аса маңызды тілектерінен социал-демократияның артта қалып отырғандығы тағыда «таптық» деген сөзді шамасыз жиі (және көбінесе ақылсыздықпен) қайталаумен және партияның тап жөніндегі міндеттерінің дәрежесін кемітумен ақталып жүр. Талапкерліктің төменгі формаларының алдында бас иіп және шын социал-демократиялық талапкерліктің, пролетариаттың өзінің шын революциялық бастамасының жоғарғы формаларын елемей, «жұмысшы талапкерлігі» деген ұранды тағыда орынсыз қолданып жүр.

Ескірген, өмірге бейімдігі жоқ көзқарастардың бұл сарқыншақтарын қозғалыстың барысы бұл жолы да сыпырып аулақ тастайтынына титтей де күман жоқ. Бірақ, бұл сарқыншақтарды сыпырып аулақ тастау ісі ескі қателерді тек теріске шығарумен тынбауы керек, қайта жаңа міндеттерді практикада жүзеге асыру жолында,

кәзір революция майданына соншама көптеп шығып жатқан жаңа күштерді біздің партиямызға тартып, оларды пайдалану жолында революциялық пайдалы жұмысты өлшеусіз көп жүргізуде болу керек. Революциялық пайдалы жұмыстың нақ осы мәселелері алдағы үшінші съездің шұғылданатын басты жұмысы болуы керек, партиямыздың барлық мүшелері өздерінің жергілікті және ортақ жұмысында кәзір нақ осы мәселелерге барлық ой-пікірлерін толық аударатын болуы керек. Біздің алдымызда тұрған жаңа міндеттердің қандай міндеттер екенін біз жалпы көлемде бірнеше мәртебе айттық, ол: үгіт жұмысын қала мен деревня кедейлерінің жаңа жіктерінің арасына жайып кеңейту, неғұрлым кең, орамды және берік ұйым құру, көтерілісті әзірлеу және халықты қаруландыру, бұл мақсаттар үшін революциялық демократиямен келісім жасау міндеттері. Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін қандай жаңа күштердің бар екенін бүкіл Россиядағы жалпы стачкалар туралы, жастардың, жалпы демократиялық интеллигенцияның және тіпті буржуазияның да көптеген топтарының ереуілдері мен революциялық рухы туралы хабарлар айқын көрсетеді. Бұл зор тың күштердің барлығы, тіпті кәзіргі, Россияда бұрын болып көрмеген революциялық толқынның өзі жұмысшы табы мен шаруалардың ішіндегі тұтанғыш материалдың күллі мол қорының шағын бөлегін ғана шарпығанына толық сенушілік, — мінеки осының бәрі жаңа міндеттерді орындауға болатынына, ол міндеттердің сөзсіз орындалатындығына әбден толық және күмансыз кепіл. Біздің алдымызда тұрған практикалық мәселе ең алдымен мынада: осы жаңа күштерді *нақ қалай* пайдалану, бағыттау, біріктіру, ұйымдастыру керек, капиталистік қанаушылық дүниесі бар тұрғанда біздің алдымызда тұрған және біздің алдымызда бола беретін ескі және дағдылы міндеттерді әсте естен шығармай, жағдайдың өзі ұсынатын жоғарғы жаңа міндеттерге социал-демократиялық жұмысты *нақ қалай* ең алдымен жұмылдыру керек дегенде болып отыр.

Бұл практикалық мәселені шешудің кейбір әдістерін белгілеу үшін бір жеке, бірақ біздің байқауымызша, өте ерекше мысалдан бастайық. Жақында, революция басталардың қарсаңында ғана, либералдық-буржуазиялық «Освобождение» (№ 63) социал-демократияның ұйым-

дастыру жұмысы туралы мәселені қозғады. Социал-демократияның ішіндегі екі бағыттың күресін көңіл қойып қадағалай отырып, «Освобождение» жаңа «Искраның» экономизмге қарай бұрылғанын тағыда қайта-қайта пайдаланып қалуды және экономизмге өзінің терең принциптік тілеулестігін («Рабочийдің» демагогиялық кітапшасы жөнінде) баса көрсетуді есінен шығарған жоқ. Бұл кітапшадан революциялық социал-демократияның ролін қалайда бекерге шығару немесе төмендету қорытындысы шығады деп либералдық орган дұрыс көрсетті (ол туралы «Впередтың» 2-номерін қараңыз*). Табанды марксистердің жеңгенінен кейін экономикалық күресті еске алмау туралы «Рабочийдің» мүлдем теріс пікірлері жөнінде «Освобождение» былай дейді:

«Қазіргі орыс социал-демократиясының сезім алданышы оның мәдениет жұмысынан қорқатынында, жарыя жолдардан қорқатынында, экономизмнен қорқатынында, жұмысшы қозғалысының саяси емес формалары дейтін нәрселерден қорқатынында, сонымен жұмысшы табының революциялық қозғалыс деп атауға әбден лайық келетін қозғалысы үшін мәдениет жұмысының ғана, жарыя және саяси емес формалардың ғана жетерліктей берік, жетерліктей кең базис жасай алатынын түсінбейтінінде». Сондықтан «Освобождение» освобождениеліктерге социал-демократияға қарсы бағыттап емес, қайта сонымен біріге отырып, «профессионалдық жұмысшы қозғалысын жасау ісінде инициативаны өз қолына алуға» кеңес береді, бірақ бұл арада социалистерге қарсы ерекше заң⁵⁵ заманындағы неміс жұмысшы қозғалысының жағдайларымен параллель жүргізушілік бар.

Ондай параллель жүргізуге бұл арада орын жоқ, өйткені ол асқан қате. Ең алдымен жұмысшы қозғалысының жарыя формаларына социал-демократияның көзқарасы туралы ақыйқатты қайтадан орнату керек. «Социалистік емес және саяси емес жұмысшы одақтарын жарыя ету ісі Россияда кәзірдің өзінде-ақ басталды» — делінді 1902 жылы «Не істеу керек?» кітабында**. «Біз ендігі жерде бұл ағыммен санаспай отыра алмаймыз».

* Осы томның 44—51-беттерін қараңыз. *Ред.*

** Қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 5-том, қазақша 491-беті. *Ред.*

Қалай санасу керек? деп сұрақ қойылады да, онда зубатовтық қыйсындарды ғана емес, «таптардың істес болуы» туралы тақырыпта сөйленетін қандай да болса қыйсындастырылған либералдық сөздерді әшкерелеп отырудың керектігі көрсетілді («Освобождение», социал-демократтарды істес болуға шақыра отырып, бірінші міндетті толық мойындайды, екінші міндет жайында үндемейді). Бұдан соң онда «осының бәрін істеу дегеннің мәнісі — жұмысшы қозғалысын жарыя ету ісі *сайып келгенде* Зубатовтарға емес, нақ бізге пайда келтіретінін ұмыту керек деген сөз емес», делінген. Жарыя жыйналыстарда зубатовшылдық пен либерализмді әшкерелей отырып, біз бидайды арам шөптен айырамыз. «Бидай дегеніміз — жұмысшылардың бұрынғыдан да қалың топтары мен ең артта қалған топтарының назарын әлеуметтік және саяси мәселелерге аудару деген сөз, бұл біздерді, революционерлерді, анығында жарыя қызмет болып табылатын қызметтерден (жарыя кітаптарды тарату, өзара жәрдем, т. б.) босату деген сөз, ал бұл қызметтерді дамыту ісі біздің үгіт жүргізуімізге керекті материалды неғұрлым көп беріп отыратыны сөзсіз».

Қозғалыстың жарыя формаларынан «қорқу» туралы мәселе жөнінде «сезім алданышының» құрбандығы бүтіндей «Освобождение» болып шыққаны осыдан айқын көрінеді. Революцияшыл социал-демократтардың бұл формалардан қорықпайтыны былай тұрсын, қайта оның ішінде *арам шөптің де, бидайдың да бар екенін тура көрсетеді*. Демек, өзінің байымдауларымен «Освобождение» либерализмнің таптық мазмұнын революциялық социал-демократияның әшкерелеуінен либералдардың шын (және мықтап тұрып) *қорқатынын* тек бүркейді.

Ал кәзіргі міндеттердің тұрғысынан карағанда революционерлерді олардың қызметінің бір бөлегінен босату мәселесі бізді ерекше тартады. Біз бастан кешіріп отырған революция басталуының кезеңі бұл мәселені күнделікті маңызын ерекше арттырып, оның маңызын ерекше кеңейтіп зорайтады. «Революциялық күресті неғұрлым жігерлірек жүргізсек, үкіметтің бірқатар кәсіпшілік жұмыстарды жарыя етпеуге соғұрлым амалы болмайды, сөйтіп, бізді бірқатар жүктен арылтады», делін-

ді «Не істеу керек?» кітабында*. Бірақ жігерлі революциялық күрес бізді «бірқатар жүктен» тек осы жолмен ғана емес, көптеген басқа жолдармен де арылтады. Бастан кешіріп отырған кезең бұрын тыйым салулы болған көп нәрселерді «жарыя етіп» қана қойған жоқ. Ол қозғалысты соншалықты кеңейтті — сондықтан үкіметтің жарыя етуінің үстіне, бұрын тек революционердің қолы жетеді деп саналған және тек соның ғана қолы жеткен көп нәрселер практикаға сінді, бұқара үшін дағдылы, қол жететін нәрсе болып алды. Социал-демократиялық қозғалыстың дамуының бүкіл тарихи барысы мынаумен сыйпатталады: қаншалықты кедергі-бөгеттер бола тұрса да, ол патша өкіметінің заңдарына және полицияның шараларына қарамастан, барған сайын көбірек қыймыл бостандығын алуда. Революцияшыл пролетариат жұмысшы табының ішінде де, басқа (әрине, жұмысшы демократияның талаптарының шағын бір бөлегіне ғана қосылатын) таптардың ішінде де үкімет біле алмайтын, белгілі бір тілеулестік және қолдаушылық жағдайына өзін бөлеп отырған тәрізді. Қозғалыстың бас кезінде социал-демократтың көптеген мәдениет жұмысы дерлік жұмысты ғана атқаруына, өзінің күштерін бір ғана экономикалық үгітке жұмсауына тура келді. Содан кейін, мұндай қызметтердің бірінен соң бірі жаңа күштердің, қозғалысқа қатнастырылып отырған неғұрлым қалың жіктердің қолына көше берді. Нағыз *саяси* басшылық ету қызметі, жұмысшы қарсылығы мен халық наразылығының көріністерінен социал-демократиялық қортындыларды нұсқап беру қызметі барған сайын революцияшыл ұйымдардың қолына жыйнақтала берді. Біздердің ең әуелі жұмысшыларды тура мағнасында да, ауыспалы мағнасында да оқып, жаза білуге үйретуімізге тура келді. Қазір саяси сауаттылықтың дәрежесі орасан артып отыр, сондықтан революциялық тасқынға ұйымдасқан түрде басшылық ету жөніндегі неғұрлым тікелей социал-демократиялық мақсаттарға өзіміздің барлық күшімізді жыйнақтауға болады және жыйнақтау керек те. Осы уақытқа дейін біздің күштерімізді тым бөліп отырған көптеген «әзірлік» жұмыстарын кәзір либералдар мен

* Қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 5-том, қазақша 531-беті.
Ред.

жарыя баспасөз атқарып жатыр. Кәзір демократиялық идеялар мен талаптарды ашық насихаттау ісін әлсіреген үкіметтің қудаламай отырған жағдайында, демократиялық идеялар мен талаптарды ашық насихаттау ісі соншалықты кең етек алды, — енді біз қозғалыстың мүлдем жаңа кұлаш жаюына бейімделуге тиістіміз. Әрине, бұл әзірлік жұмысында арам шөп те бар, бидай да бар; әрине, кәзір жұмысшыларға буржуазиялық демократияның ықпал жасауына қарсы күресуге социал-демократтардың үсті-үстіне көп көңіл бөлуіне тура келеді. Ал ең алдымен саяси санасы кем бұқараны оятуға бағытталған бұрынғы жұмысымыздан гөрі нақ осы жұмыстың шын социал-демократиялық мазмұны әлдеқайда артық.

Халық қозғалысы неғұрлым кеңейе түссе, әртүрлі таптардың шын сыр-сыйпаты соғұрлым айқындала түседі, *партияның* оқыйғалардың соңында сүйретілмей, тапқа басшылық ету, оның ұйымдастырушысы болу міндеті соғұрлым маңызды бола түседі. Барлық жерде бірдей қандай да болса революциялық талапкерлік неғұрлым дамып түссе, жаңаискрашылдар соншама сүйсіне қайталап жүрген жалпы талапкерлік атаулы жайындағы рабочеделолық сөздердің түкке тұрғысыздығы, мағнасыздығы соғұрлым айқындала түседі, социал-демократиялық талапкерліктің маңызы соғұрлым арта түседі, біздің *революциялық бастамамызға* оқыйғалардың қоятын талаптары соғұрлым жоғары бола түседі. Қоғамдық қозғалыстың үсті-үстіне жаңа тасқындары неғұрлым шалқый түссе, сол тасқындар үшін жаңа арналар жасай білетін берік социал-демократиялық ұйымның маңызы соғұрлым арта түседі. Бізге байланыссыз жүргізіліп жатқан демократиялық насихат пен үгіт бізге неғұрлым көбірек қолайлы келетін қызмет істесе, жұмысшы табының буржуазиялық демократиядан тәуелсіздігін қорғау үшін социал-демократияның ұйымдасқан түрдегі басшылығы соғұрлым маңызды болады.

Армия үшін соғыс уақыты қандай болса, социал-демократия үшін революциялық заман сондай. Біздің армиямыздың кадрларын көбейтіп отыру керек, оны бейбітшілік контингентінен соғыс контингентіне көшіру керек, запастағылар мен резервтегілерді мобилизациялау керек, демалыс алғандарды тудың астына шақыру керек, жаңа көмекші корпустар, отрядтар, службалар кұру ке-

рек. Мынаны ұмытпау керек: соғыста өз қатарымызды даярлығы аздау рекруттармен толықтырып отыру, барлық жерде бірдей офицерлердің орнына жәй солдаттарды қою, солдаттарды офицерлікке шығару ісін шапшаңдатып, оңайлатып отыру сөзсіз істелетін және керекті іс.

Пернелемей айтқанда: жүз есе өскен халықтық революциялық жігердің тасқынымен онша-мұнша бірдей аяқ басу үшін әртүрлі партиялық ұйымдар мен партияға жақын тұрған ұйымдардың құрамын мықтап кеңейту керек. Бұл, әрине, тыңғылықты әзірлікті және марксизмнің ақылқаттарына үздіксіз үйретуді көлеңкеде қалдырған жөн деген сөз емес. Жоқ, олай емес, бірақ мынаны есте ұстау керек: әзірлеу және үйрету ісінде даярлығы кемдерді *біздің* бағытта және бүтіндей біздің бағытта үйрететін соғыс қыймылдарының өзінің кәзір анағұрлым зор маңызы бар. Революциялық оқылғалардың барысының барлық жерде бірдей *бұқараға көрнекті сабақтар* беруі және бұл сабақтардың бәрінің нақ біздің догмамызды дәлелдеуі марксизмге біздің «доктринерлік» берілгендігімізді қуаттап отырғанын есте ұстау керек. Демек, біз догмадан бас тарту туралы айтып отырғанымыз жоқ, бейнесіз интеллигенттер мен революцияшыл қуыс кеуделерге біздің сенімсіздікпен, шұбаланып қарауымызды бәсеңсіту туралы сөз болып отырған жоқ, қайта мүлдем керісінше. Біз догмаға үйретудің жана методтары туралы айтамыз, бұл методтарды социал-демократтың ұмытуы кешіргісіз болған болар еді. Біз, мәселен, іс жүзінде террорды бұқараның көтерілісімен қосу керектігі, білімді орыс қоғамының либералдығынан біздің буржуазияның таптық мүдделерін көре білу керектігі жөніндегі біздің ескі «догмалық» сабақтарымызды енді үйірмелерге емес, бұқараға үйрететін болу үшін ұлы революциялық оқылғалардың көрнекі сабақтарымен пайдаланудың кәзір қаншалықты маңызды екенін айтамыз (социалист-революционерлермен осы мәселе жөніндегі «Впередтың» 3-нөміріндегі айтысты салыстырыңыз*).

Ендеше, біздің социал-демократиялық талаптар қоюшылығымызды, біздің дәйекті түрдегі бітіспеушілігімізді бәсеңсіту туралы әңгіме болып отырған жоқ, қайта екеуін бірдей *жаңа* жолдармен, үйретудің жаңа метод-

* Осы томның 73—80-беттерін қараңыз. *Ред.*

тарымен нығайту туралы әңгіме болып отыр. Соғыс кезінде рекруттарды қолма-қол соғыс қыймылдарында үйретіп отыру керек. Үйретудің жаңа әдістерін батылырақ қолға алыңдар, жолдастар! Жаңа дружиналарды көптеп батылырақ кұрыңдар, оларды ұрысқа жөнелтіп отырыңдар, жұмысшы жастарды көбірек тартыңдар, комитеттерден бастап, аяғы фабрикалық топтарға, цехтық одақтарға, студенттік үйірмелерге дейін барлық партия ұйымдарының дағдылы шеңберлерін кеңейтіндер! Естеріңізде болсын, бұл істе қандай да болса кешеуілдеушілік социал-демократияның жауларына пайда етеді, өйткені жаңа бұлақтар дереу ағар жол іздейді, социал-демократиялық арнаны таба алмаса, социал-демократиялық емес арнаға түсіп кетеді. Естеріңізде болсын, революциялық қозғалыстың әрбір практикалық қадамы жас рекруттарды сөзсіз және қалай да нақ революциялық ғылымға үйретіп отыратын болады, өйткені бұл ғылым әртүрлі таптардың күштері мен бағыттарын объективтік-дұрыс есепке алуға негізделген, ал революция дегеніміз ескі қондырманы бұзу және жаңа қондырманы өзінше кұруға тырысатын әртүрлі таптардың дербес бас көтеруі болып табылады. Тек біздің революциялық ғылымды бір ғана кітаптық догмаға дейін төмендетуші болмандар, тактика-процесс, ұйымдастыру-процесс туралы жексұрын сөздермен, ыдыраушылықты, батылсыздықты, енжарлықты ақтайтын сөздермен оның өңін айналдыра көрмендер. Ең алуан түрлі топтар мен үйірмелердің ұстаған жолының дұрыстығы біздің кеңестерімізден басқа және біздің кеңестеріміздің үстіне революциялық оқыйғалардың барысының өзі қоятын қатаң талаптармен қамтамасыз етілетінін есте ұстап, ол топтар мен үйірмелердің саналуан әрекеттеріне кеңінен жол беріп отырыңдар. Саясатта жаудан үйренуге жиі-жиі тура келеді деп әлдеқашан ақ айтылған. Ал революциялық кезендерде жау дұрыс қорытындыларды әсіресе ғибратты түрде және шапшаңдықпен әрқашан еріксіз әкеп алдымызға тартады.

Сонымен қорытындыларды шығарайық: жүз есе өскен қозғалыспен, жұмыстың жаңа қарқынымен, бұрынғыдан гөрі еркіндеген жағдайлармен, бұрынғыдан гөрі кеңейген қызмет көлемімен санасу керек. Бүкіл жұмыстың мүлдем басқа қарқыны керек. Үйрету әдістерінің ауыр салмағын

бейбіт оқыту сабақтарынан соғыс қыймылдарына көшіріп отыру керек. Біздің *барлық және әртүрлі* ұйымдарымыздың қатарына жас күрескерлерді батылырақ, көбірек, шапшаңырақ тартып отыру керек. Мұның үшін бірде-бір минут кешеуілдетпей, *жүздеген* жаңа ұйымдар құру керек. Я, жүздеген жаңа ұйымдар керек, бұл әсірелеу емес, мұндай кең ұйымдастыру жұмысымен шұғылдануға енді «кеш» деп маған қарсы болмаңыздар. Жок, ұйымдасуға ешуақытта кеш болмайды. Сондықтан бізге заң бойынша беріліп отырған және заңға қарамастан өзіміз күшпен алып отырған бостандықты барлық және әртүрлі партиялық ұйымдарды көбейтіп, нығайту үшін пайдалануымыз керек. Революцияның барысы және тынымы қандай болса да, қайдағы бір жағдайлар оны қаншалықты ерте тоқтатса да, оның барлық реалды табыстары пролетариаттың тек ұйымшылдығына қарай берік және сенімді болады.

Партияның екінші съезінде көпшілікті жақтаушылардың ресми түрге келтіріп ұсынбақшы болған: ұйымдасындар! деген ұраны кәзір тоқтаусыз жүзеге асырылып отыруы керек. Егерде біз жаңа ұйымдарды батыл, ынтамен құра білмесек, онда біз авангардтық роль атқаруға құр босқа ниеттенуден бас тартуымыз керек. Егерде біз комитеттердің, топтардың, жыйналыстардың, үйірмелердің кәзірдің өзінде-ақ қол жеткен шектерінде, көлемінде, шеңберінде дәрменсіз тоқтап қалсақ, мұнымен біз өзіміздің олақтығымызды дәлелдейміз. Қәзір барлық жерде бірдей бізден тыс, ешқандай тыянақты программасыз және мақсатсыз, тек оқыйғалардың ықпалымен мындаған үйірмелер шығып жатыр. Социал-демократтар осындай үйірмелердің мүмкін болғанынша көпшілігімен қолма-қол қатнас орнатып, ол қатнастарын нығайтып отыруды өздеріне мақсат ететін болулары керек, оларға көмек көрсетіп отыратын болулары керек, өздерінің мол білімдерімен, тәжрибесімен білім беріп отырулары керек, өздерінің революциялық ынтасымен жігерлендіріп отырулары керек. Осындай үйірмелердің бәрі, көрнеу социал-демократиялық еместерден басқалары, не партияға тура кіретін болсын, *не партияға қосылатын* болсын. Соңғы ретте біздің программаны қабылдауды да, біздермен ұйымдастыру жағынан міндетті түрде қатынас орнатуды

да талап етуге болмайды: мұндай қосылушы үйірмелердің алдында социал-демократтардың жігерлі түрде бой көрсетуі жағдайында, оқыйғалардың барысының ықпалымен мұндай үйірмелерден социал-демократиялық жұмысшы партиясының әуелі демократиялық жәрдемшілерін, сонсын табанды мүшелерін жасап шығару үшін бір ғана наразылық сезімі, халықаралық революциялық социал-демократияның ісіне бір ғана тілеулестік сезімі жеткілікті болады.

Адам көп және адам жоқ, — мінеки көптен бері-ақ социал-демократияның ұйымдық тіршілігінің және ұйымдық тілектерінің қайшылықтары осы қайшы формулаға сыйысып келді. Сонымен кәзір бұл қайшылық айрықша айқын білініп отыр: жаңа күштерді ынтызарлықпен шақырғандықты, ұйымдарда адам жоқ деп зарлаған шағымдарды тұс-тұстан бірдей жиі естисің, сонымен қабат қызмет етуге барлық жерде бірдей көптеген ұсыныстар жасалып жатыр, әсіресе жұмысшы табының арасында жас күштер өсіп келе жатыр. Осындай жағдайларда адам жоқ деп зарлайтын ұйымдастырушы-практик ұлы француз революциясының ең шарықтаған заманында 1793 жылы: Францияда адам жоқ, айналадағының бәрі ергежейлі деп жазған Ролан ханымның ұшыраған сезім алданышына ұшырайды. Кімде-кім олай деп айтса, ол ағаштың арғы жағындағы орманды көрмейді, оның оқыйғаларға көзі шағылысқан, өзінің санасында және өзінің қызметінде ол, революционер, оқыйғаларды меңгеріп отырмайды, қайта оқыйғалар оны меңгеріп алған және оны жеңіп алған. Мұндай ұйымдастырушының жұмысты қойғаны, жас күштерге орынды босатқаны жақсы, ол жас күштердің жігері үйреніп алған бір қалыптан жазбаушылық дағдысынан анағұрлым асып түседі.

Адам бар, революцияшыл Россияда адам нақ кәзіргідей көп болып көрген емес. Кәзіргі орыс пролетариатындағы, — уақытша одақтастар, саналы достар, еріксіз жәрдемшілер жағынан, — соншалықты қолайлы жағдайлар революцияшыл тапта ешуақытта болған емес. Адам көп, тек күйыршықтық ой-пікірлер мен өсиеттерді аулақ тастау керек, тек бастама мен инициативаға, «жоспарлар» мен «әрекеттерге» кеңшілік беру керек, — міне сон-

да біз ұлы революцияшыл таптың лайықты өкілдері болып шығамыз, сонда Россияның пролетариаты бүкіл ұлы орыс революциясын қандай ерлікпен бастаған болса, оны сондай ерлікпен өткізеді.

„Вперед“ № 9,
8 март (23 февраль) 1905 ж.

Қолжазба бойынша
басылып отыр

ОСВОБОЖДЕНИЕ ШІЛДЕР МЕН ЖАҢА ИСКРАШЫЛДАР, МОНАРХИСТЕР МЕН ЖИРОНДИСТЕР

«Освобождениенің» 66-номерінде Мартыновтың «Екі диктатура» деген кітапшасына («Искра» редакциясы мақұлдап, жұртшылыққа ұсынған кітапшасына, 84-номерін қараңыз) рецензия басылды. Жұрттың күткеніндей-ақ, либерал буржуа социал-демократияның ішіндегі оппортунистік топқа өзінің тілеулес екенін жасырмайды. «Акимов мырзаның еңбегімен қатар» Мартыновтың кітапшасы «Освобождение» үшін «бүкіл ең жаңа социал-демократиялық әдебиеттің ішіндегі өте қызықты шығармалардың бірі» болып табылады. Құйыршықтықты уағыздайтын, уақытша үкіметке қатнарудың және демократиялық төңкерісте («якобиншілдіктен» шошынған Мартынов бұл төңкерісті социалистік революциямен шатастырады!) «революциялық диктатураның» қатерлі болашағы бар деп революцияшыл тапты қорқытатын үгітке либерал басқаша қарай алды ма? «Освобождениенің» «Маңызды бұрылыс» деген мақаласында ревизионистерге кеңшілік беру туралы плехановтық идеяны күттыктағаны кездейсоқ нәрсе ме? «Освобождениенің» (№ 57) «затында большевистерге қарағанда меньшевистер кәзір анағұрлым өмірге бейім, анағұрлым іске бейім нәрсені қорғап жүр» деп мәлімдеуінің себебі не? Мұның себебі — «орыс либерализмінің идеялық маңыздылығына бірден-бір үміт социал-демократиялық оппортунизмнің маңыздылығында» екендігінен емес пе (біз басып шығарған «Жарамсақ либерал» деген мақаланы* қараңыз)?

* Қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 7-том, 509—512-беттер. Ред.

Струве мырза Троцкийдің «Искраның» (қараңыз: № 72) редакциялауымен шыққан «Біздің саяси міндеттеріміз» деген кітапшасы «социал-демократиялық әдебиетпен шұғылданушыларға Акимов, Мартынов, Кричевский мырзалардың және басқа да экономист деп аталатындардың жазғандарынан бұрыннан таныс кейбір идеяларды әбден дұрыс қорғайды» («Освобождениенің» 57-номері) деп айтқанында, оның мұнысы дұрыс па, әлде бұрыс па? Егерде Мартынов пен оның серіктері бұл мәселелерді ойластырған болса, бір жағы, якобиншілдер мен жирондистердің арасындағы, екінші жағы, революцияшыл социал-демократтар мен оппортунистердің арасындағы қарым-қатнастардың ұқсастығы туралы бас қатырғыш (япырмай, қандай бас қатырғыш!) бұрынғы искралық идеяларды олар, бәлкім, аңғарған болар еді. (Біз кателеспесек, бұл идея бірінші рет «Искраның» 2-номерінің Плеханов жазған басмақаласында ұсынылды.) Жирондистер ұлы француз революциясының ісіне опасыздық істеді ме? Жоқ. Бірақ олар бұл істің дәйексіз, батылсыз, оппортунист қорғаушылары болды. Сондықтан революцияшыл социал-демократтар 20-ншы ғасырдың алдыңғы қатарлы табының мүдделерін қандай дәйекті қорғап отырған болса, 18-ншы ғасырдың алдыңғы қатарлы табының мүдделерін сондай дәйекті қорғаған якобиншілдер оларға қарсы күресті. Сондықтан ұлы революция ісінің тура опасыздары, монархистер, конституционалист-поптар және т. б. жирондистерді қолдап, якобиншілдердің шабуылынан ақтап келді. Аса құрметті жирондист Мартынов, енді сіз бірер нәрсе түсіне бастаған жоқсыз ба? Жоқ па әлі? Ендеше сізге тағы түсіндірейік: жаңаискрашылдар пролетариат ісінің опасыздары болып табыла ма? Жоқ. Бірақ олар бұл істің (және бұл іске жөн сілтейтін ұйымдастыру және тактика принциптерінің) дәйексіз, батылсыз, оппортунист қорғаушылары болып табылады. Сондықтан революцияшыл социал-демократтар олардың позицияларына қарсы күреседі (біреулері тікелей және ашық, енді біреулері астыртын, редакциялық кабинеттердің есіктерін жауып алып, айла-шарғылар арқылы күреседі). Сондықтан пролетариат ісіне тікелей *опасыздық істеушілер*, освобождениешілдер

жаңаискрашылдарды идеялық жағынан қолдап, ақтап отыр. Аса құрметті жирондист Мартынов, енді сіз бірер нәрсе түсіне бастаған жоқсыз ба?

*„Вперед“ № 9,
8 март (23 февраль), 1905 ж.*

*„Вперед“ газетінің тексті
бойынша басылып отыр*

ШЕКСІЗ СЫЛТАУЛАР

«Искра» және Совет дейтін нәрсе съезге кедергі-бөгет жасау, оны шақыруға сылтау айту, одан бұлтару тактикасын жүргізіп келеді. Съезді Совет шақырады және сондықтан Совет шақырмаған съездің қандайы болса да заңсыз болады деп ең жақсы іске келісті қайсарлықпен қайталап, Плеханов формалды тұрғыға шығуға тырысады. Бұл пікірдің біржақты екені соншалықты, балалық пішінмен бас пайданы көздейтін пікір екені соншалықты — «қоянға аю құлағының бір жапырағын» бергің келіп-ақ тұрады, яғни Плехановқа партияның уставы мен партияның заңын мүлтіксіз орындағаны үшін медаль бергің келеді! Диалектикалық түрде, яғни барлық жағынан бірдей қараудың аса құрметті жақтаушысынан: Совет партия үшін бе, әлде партия Совет үшін бе? деп асқан құрметпен сұраған болар едік. Совет партияға есеп беріп отыра ма және партияның бақылауына жата ма, әлде партия Советке есеп беріп отыра ма? Төменгі коллегия жөніндегі тәртіп жоғарғы коллегия жөніндегі тәртіппен бұзылмай ма?? Заңды көз жазбай қорғаушымыз партияның екінші съезінде бұл жөнінде байымдаған пікірлерін есіне түсірмес пе екен?

Біздің уставымыз бойынша, дауыстың тең жартысы съезді жақтап берілген күнде Совет съезді шақыруға міндетті. Егерде Совет өз міндеттерін орындаудан бас тартып отырса, партияның не істеуі керек? Неміс социал-демократиялық партиясының уставында бұл сұрауға тура жауап беріледі, атап айтқанда: съезді онда партияның жоғарғы басқармасы шақырмайды, басқармадан тәуелсіз, айрықша бақылау комиссиясы шақырады. Біздің уставта бұл сұрауға ешқандай жауап берілмеген.

Жаңа «Искрадағы» достарымыздан біз: мұның мәнісі — бұл мәселе шешілмейтін мәселе деген сөз бе? — деп сұраймыз; мұның мәнісі — Совет өзінің партиялық міндеттерін орындаудан бас тартса, партия таратылып, оның орнында Совет қалуға тиіс деген сөз бе? Партия Совет үшін болғаны-ғой, солай емес пе?

Партияның қызмет адамдарының уставты орындауын партияның өзі қадағалап отыруға *міндетті*, ал «қадағалау» деген сөз тек сөзбен ғана бетке басу емес, қайта іспен түзеп отыру деген сөз деп ойлауға біздің батылымыз барады. Кімде-кім өздерінің сеніп қойған адамдарынан сол сенгендер алдындағы өз міндеттерін орындауды талап ете білмесе және *орындатуға тырыса* білмесе, ол саяси жағынан азат азамат болып аталуға лайықты емес. Кімде-кім өздерінің сеніп қойған адамдарынан сол сенгендер алдындағы өз міндеттерін орындауды талап ете білмесе және *орындатуға тырыса* білмесе, ол партия мүшесі болып аталуға лайықты емес. Совет комитеттердің сеніп қойған адамдары. Комитеттер осы сеніп қойған өкілінен сенгендер алдындағы өз міндеттерін орындатуға тырысып отыруға *міндетті*. Комитеттер мұны съезд шақыру үшін өздерінің бюросын сайлап қана *істей алады*. Комитеттер осылай істеді де. Егерде комитеттер өздерінің ең қарапайым партиялық міндеттерін түсінетін болса, олар осылай істеуге міндетті еді.

Құрметті Плеханов жолдас бұл айтылғанның дұрыстығын бекерге шығаруға тырысып көрмей ме екен? Партия мекемесі съезд шақырудан бас тартқан күнде мүшелері *нақ* біздің комитеттеріміздің істегенін істемеген дүние жүзінде *қандай да* болса социал-демократиялық партия бар деп ол атап көрсетпес пе екен? Плеханов жолдасты шақырамыз: байқап көріңіз!

Енді екінші, ісжүзіндік, сұраққа көшейік: біздің Совет съезд шақыру жөніндегі өзінің партиялық борышын орындаудан шын бас тартты ма? Бұл тек формальды сұрақ емес, өйткені уставтың артатын борышынан басқатағы мынадай борыш бар...*

1905 ж. февральдың аяғында—
марттың басында жазылған

Бірінші рет 1930 ж.

Лениннің XV жыйынында басылған

Қолжазба бойынша
басылып отыр

* Қолжазба осы арадан үзіледі. Ред.

ОЛАРДЫҢ КІМДІ АЛДАҒЫСЫ КЕЛЕДІ?

«Искраның» біз жаңа ғана алған 89-номерінде «партия Советінің» 1905 жылғы 8-нші марттағы қаулысын көреміз. Жұрттың күткеніндей-ақ, шетелдік «Совет» орыс комитеттері шақырғалы отырған партия съезіне қарсы аласұрады, «оған қатнасушылар өздерінің әрекет ету амалдарымен өздерін партиядан тыс қояды» деп жарыялайды. Россияда жұмыс істеп жатқан партия шетелдік үйірмеден іс жүзінде әлдеқашан ұзап кетті, ал кәзір формальды жағынан да ұзап кетіп отыр; ол шетелдік үйірменің ызалануы бізге әбден түсінікті. Мынау да түсінікті: адамдар тек ызаланудың, ашынудың ықпалымен ғана Совет сыяқты нашар байымдай алады, «ақыйқаттан» сол сыяқты олақ «бұлтара» алады. «Устав бойынша, — дейді бізге, — съезді тек Совет шақыра алады». Я, Совет уставты бұзып, міндетті түрде съезд шақыру қызметінен алдау арқылы бас тартатын жағдайдан басқа реттерде солай болады. Советтің нақ осы «жағдайға» ұшырап отырғанын партия әлдеқашан ыспаттады (Орловскийдің: «Совет партияға қарсы» деген кітапшасын қараңыз, онда, басқасын былай қойғанда, «Советтің» арифметикасы бойынша $16 \times 4 = 61$ болатыны көрсетілген!). Бұдан соң бізге: 1905 жылғы 1-январьға дейін, Советтің бірауызды (Ленинді қосқанда) қаулысы бойынша, правоға ие ұйымдардың саны, орталықтарды қоспағанда, 33 болды, дейді. Бұл дұрыс емес. 1905 жылғы 1-январьға дейін правоға ие ұйымдардың саны тек 29 болғанын партия сол кітапшадан көптен бері-ақ біледі. «Искра» атап отырған Кубань және Қазан ұйымдары Советте ешуақытта бекітілмеген, ал Полесье және

Солтүстік-Батыс комитеттері 1905 жылдың 1-апрелінің қарсаңында ғана бекітілген. 29 ұйым қалады (С.-Петербург, Москва, Тверь, Солтүстік, Тула, Нижегород, Саратов, Орал-Уфа, Сибирь, Дон, Харьков, Киев, Одесса, Екатеринослав, Рига, Орел-Брянскі, Смоленскі, Самара, Воронеж комитеттері, Кавказ одағы = 4 комитет, Курскі, Астрахань, Николаев, Қырым, Горнозаводскі комитеттері, Лига). «Көпшілік Комитеттерінің Бюросы» 10 ұйымның өкілдігін дәлел етеді, — дейді бұдан соң Совет. Бұл өтірік. Жұрттың бәрі біледі, бюро 1905 жылғы 1-январьға дейін сайланған, оны үш конференцияда он үш комитет (6 солтүстік, 3 оңтүстік, 4 кавказдық комитеттер) сайлаған. Бюро съезд шақыратын болып шыққанынан кейін бюроға Воронеж, Тула комитеттері қосылды. Сонымен, 1905 жылғы 1-январьға дейін 28 толық праволы орыс ұйымдарының 15-і бонопартистік орталықтардың ырқына қарамастан, съезд шақырылуын жақтап шықты. Съезді жалпы шақыруды әлдеқашан жақтап шыққан толық праволы ұйымдардың бірқатары (Саратов, Сибирь комитеті және басқалары) бұл арада әлі есептелген жоқ (Шаховтың: «Съезд үшін күрес» деген кітапшасын қараңыз). Испен документтер бойынша емес, шет елдегілердің бос мылжың сөзі бойынша танысушы бейхабар жұртты Советтің алдауға тырысқан әрекетінің қаншалықты ерсі, қолапайсыз екені мына екі анықтамадан өте айқын көрінеді. Азшылық басып шығарған, «1904 жылы 2-сентябрьде Женевада болған жыйналыс туралы есеп» деген өте қызықты кітапшада Дан партияның комитеттерінің көпшілігі «Искрамен» екі арадағы барлық жолдастық қатнастарды үзгенін мойындайды, ал көпшілікке өте-мөте өшіккен Плеханов жауласушы жақтардың күші біршама тең деп мойындауға мәжбүр!! (Бұл — шет елдегі адамның пікірі, ескеріңіз.) Лениннің, азшылық теріс дей алмағаны былай тұрсын, қайта Поповтың тура тануымен қуатталған мәлімдемесінде* Орталық Комитеттің агентінің өзі-ақ азшылық жағында тек 4 орыстық комитет бар және шын партиялық съезде редакция мен Совет сөзсіз ауыстырылады деп мойындайды. Тағыда: сіздер кімді алдамақшы боласыздар, кооптацияны жақтаушы құрметті сабаздар?

* Қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 7-том, 565-бет. *Ред.*

Бірден-бір шын партиялық жолдан — съезд шақырудан сіздер оттан қорыққандай қорқасыздар, сөйте тұрып, сіздердің дұшпандарыңыздың соңынан ұйымдардың болымсыз бөлегі еріп отыр, бар болғаны төрттен бір! деп сендірмекші боласыздар! Сіздер өздеріңізді өздеріңіз қалай соққылайтындарыңызды ыза-ашуменен байқамайсыздар. Николай II құрылтай жыйналысын шақырудан қорыққанда патша өкіметінің дұшпандары халықтың болымсыз бөлегі болғандықтан қорықпады ма екен?

*„Вперед“ № 10,
15 (2) март, 1905 ж.*

*„Вперед“ газетінің тексті
бойынша басылып отыр*

ПРОЛЕТАРИАТ ЖӘНЕ БУРЖУАЗИЯЛЫҚ ДЕМОКРАТИЯ

Баяу орыс либерализмі жаздырмай жайратылды-мыс*, пролетариат біздің демократияның авангарды ролінде танылды-мыс дейтін жаңаискрашылдардың пікірі кешіргісіз соқырлық болып көзге түсетінін біз айтып өттік. Қайта керісінше, нақ кәзір буржуазиялық демократия жұмысшы қозғалысын өз қолына алу үшін барынша күш жұмсап жатыр, сондықтан нақ кәзір жаңаискрашылдар қайта тудырып жүрген рабочеделошылдық орасан зиянды. Россияда таратылып жүрген және бұл мәселе жөнінде бағалы материал беретін қызықты бір листок мынау:

«Соңғы уақытта буржуазияның ұйымдасуға тырысқаны байқалып жүр, бірақ өте-мөте көзге түсетін факт — буржуазиялық демократияның жұмысшыға бет бұрып отырғандығы болып табылады. Демократтар пролетариаттың экономикалық және саяси күресінің басшысы болып шыққысы келеді. «Өз көзқарасымыз бойынша біздер, сөздің шынында, социал-демократтармыз, — дейді олар, — бірақ социал-демократия өздерінің партиялық талас-тартысымен жүріп, кәзіргі кезеңнің маңыздылығын түсінбеді, сөйтіп жұмысшы қозғалысын бастау олардың қолынан келмей қалды, сондықтан мұны біздің істегіміз келеді». Бұл жаңа «іштей социал-демократтардың» бұдан арғы сөздерінен олардың дербес программа жасап шығармай, жұмысшылардан келіп түскен сұрақтарға түсінік беріп, жауап қайтарып отыратындығы айқындалады. Әдебиет нақ осы тілектерге сай болуға тиіс және әсте партиялық сыйпатта болмауға тиіс. Сонымен, коми-

* Осы томның 167-бетін қараңыз. *Ред.*

теттің тактикасы мен кәзіргі қылығына наразы бұл «таза социал-демократтар» әлдеқашан тарих теріс деген «кұлақ қою» формаларына, экономизм мархұмның формаларына өздері бой ұрып отыр. Өздерін социал-демократтармыз деп санай отырып, өздерін жұмысшы табының тілегін шын білдірушілерміз деп санай отырып, бұл мырзалар мынаны түсінбейді немесе түсінгісі келмейді: егерде жұмысшы қозғалысының басшылығында біртұтас жұмысшы партиясы тұрса ғана, егерде пролетариат өзінің дербестігін аңғарып, өзін шын азат ету ісі жұмысшы партиясының әрекеттеріне кір келтіретін буржуазиялық демократияның істейтін ісі емес, өз қолымен істейтін ісі болуға тиіс екенін түсінсе ғана жұмысшы қозғалысы елеулі нәтижелерге жете алады. Бұл «сөздің шынындағы» социал-демократтар, жалған марксистер жұмысшылардың бостандық пен социализмге жетуіне ылғый буржуазиялық интеллигенциядан құралған қайдағы бір «демократтар» (бірақ социал-демократтар емес) жол сілтеулері керек деп көрсетуге тырысып, жұмысшы бұқарасының ішіне қандай іріткі салатынын түсінуге тиісті еді.

Алайда, олар бүгінгі күннің саясатқұмарлығымен әуестеніп кетіп, социализмді мүлдем ұмытқан сыяқты. Олар оппортунизм элементтерін жұмысшы қозғалысының ішіне бірте-бірте енгізуде. Жұмысшылар интеллигенттерге үміт артып, өздерінің меншікті партиясын құруға тырысудан қалып барады. Жұмысшы табының бұл жаңа достары мұндай құбылыстарға неліктен жол беріп отыр және тіпті дем беріп отыр? Бұған «демократтардың» өздері ашық жауап береді: «Бұрын біздің тобымыз тек интеллигенцияның арасында жұмыс істеп келіп еді, — дейді олар, — бірақ соңғы оқыйғалар жұмысшыларға да бет бұруға мәжбүр етті».

Өздерін «принцип» жүзіндегі социал-демократтармыз деп атап жүрген демократияшыл қаймаққалқушы мырзалар бұқара көшеге шыққанда ғана, таскөшелер мындаған жұмысшылардың қанына боялғанда ғана пролетарлық қозғалысқа мархабатпен көңіл бөлісті. Сонда олар, жұмысшы табының шын досы ретінде шыға отырып, орыс пролетариатының революциялық рухын даярлап, бағыттаған және көп құрбандықтар жасау арқылы біртұтас Жұмысшы социал-демократиялық партиясын құрған ондаған жылдық жұмысты екіжүзділік түрмен еле-

мей өтеді. Сірә, жаңа стильдегі бұл социал-демократтар бүкіл марксистік теориядан тек бір нәрсені: ұйымдасқан пролетариат самодержавиелік өктемдікті құлатып, саяси бостандық алады, ол бостандықты көбінесе буржуазия пайдаланып кетеді дегенді ғана алған (онда да жақын арада ғана алған) болса керек. Пролетариаттың жаңа достары жұмысшы қозғалысын ерттеп мініп алып, оны қолма-қол нәтижелерге жету деген шыбықпен қамшылай отырып, «Біздің бостандығымызға қарай, алға!» деп айқайлайды. Орыстың: «құдайым достардан сақтай гөр, жаулардан өзіміз-ақ құтыламыз»» деген мақалы дұп-дұрыс.

*„Вперед“ № 10,
15 (2) март, 1905 жс.*

*„Вперед“ газетінің тексті
бойынша басылып отыр*

ПРОЛЕТАРИАТ ПЕН ШАРУАЛАР

Шаруа көтерілістері басталып жатыр. Шаруалардың помещиктік усадьбаларға шабуыл жасағандықтары туралы, шаруалардың помещиктік астықты, малды конфискациялағандықтары туралы әртүрлі губерниялардан хабарлар келіп жатыр. Манчжурияда жапондардан талқаны шыққан патша әскерлері оның кегін қарусыз халықтан алып жатыр, ішкі жауға қарсы — деревня кедейлеріне қарсы экспедициялар шығарып жатыр. Қалалық жұмысшы қозғалысы революцияшыл шаруаларды жаңа одақтас етіп алып отыр. Пролетариаттың саналы авангарды — социал-демократияның шаруа қозғалысына көзқарасы туралы мәселе қолма-қол практикалық маңыз алып отыр және ол біздің барлық партия ұйымдарымызда, насихатшылар мен үгітшілердің әрбір жолы сөз сөйлегенінде ең таяудағы кезекке қойылуға тиіс.

Шаруа қозғалысы социал-демократияның алдына екі жақты міндет қоятындығын ол сан рет айтып өткен болатын. Шаруа қозғалысы революциялық-демократиялық қозғалыс болып табылатындықтан біз оны сөзсіз қолдап отыруға, ілгері бастырып отыруға тиістіміз. Мұнымен бірге біз селолық пролетариатты қалалық пролетариатқа ұқсастырып және онымен бірге, дербес таптық партияға ұйымдастыра отырып, селолық пролетариаттың мүдделері мен буржуазиялық шаруалардың мүдделері жаулықпен карама-қарсы екенін оған түсіндіре отырып, оны социалистік революция үшін күресуге шақыра отырып езушілік пен жоқшылықтан құтылудың жолы шаруалардың бірнеше топтарын ұсақ буржуаларға айналдыру емес, бүкіл буржуазиялық құрылыстың орнына со-

циалистік құрылыс орнату болып табылатындығын оған көрсете отырып, мызғымай өзіміздің таптық пролетарлық көзқарасымызда болуға тиістіміз.

Социал-демократияның бұл екі жақты міндеті бұрынғы «Искрада», оның 3-номерінен* бастап, яғни шаруалардың 1902 жылғы тұңғыш қозғалысынан бұрын-ақ сан рет атап көрсетілген-ді; ол біздің партиялық программамызда да білдірілді; ол біздің газетімізде де қайталанды (№ 3**); кәзір, бұл міндеттің практикалық қойылысын анықтау өте маңызды болып отырған кезде, «Die Neue Zeit»*** деген неміс социал-демократиялық журналында «Россиядағы шаруалар және революция» деген мақала басып шығарған Карл Каутскийдің ескертулерін келтіру керекті нәрсе. Социал-демократ болғандықтан Каутский біздің революцияның алдында *кәзір* социалистік төңкеріс жасау міндеті емес, осы күнгі, яғни капиталистік, өндіріс әдісінің даму жолынан саяси кедергілерді жою міндеті тұр деген ақыйқатты мүлтіксіз қорғайды. Сонымен Каутский былай дейді: «Революциялық қалалық қозғалыс шаруа мен помещиктің арасындағы қарым-қатнас туралы мәселеде битарап қалуға тиіс. Шаруалар мен помещиктің арасына тұруға, шаруаларға қарсы шығып, помещиктерді қорғауға оның ешқандай дәлелі жоқ; оның тілектестігі бүтіндей шаруалардың жағында. Бірақ революциялық қалалық қозғалыстың міндеті ең болмаса «ескі тәртіп» заманында француздың феодалдық дворяндарының атқарған ролін атқармай, кәзіргі Россияда мүлдем басқа роль атқарып отырған помещиктерге шаруаларды өшіктіру де емес. Алайда, қалалық революционерлер, тіпті өздері тілеген күнде де, помещиктер мен шаруалардың арасындағы қарым-қатнастарға өте аз ықпал ете алған болар еді. Бұл қарым-қатнастарды помещиктер мен шаруалардың өздері өзара белгілейді». Каутскийдің бұл ескертулерін, — ешнәрсемен байланыстырмай бір өзін алғанда талай түсініспеушіліктер туғызуы мүмкін болатын ескертулерін дұрыс түсіну үшін мақаланың аяқ жағындағы мына ескертуін де еске алу керек. «Жеңімпаз революция, — дейді ол он-

* Қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 4-том, қазақша 441—450-беттері. *Ред.*

** Осы томның 73—80-беттерін қараңыз. *Ред.*

*** «Жаңа Заман». *Ред.*

да, — революцияның қас жауларының ірі латифундияларын пролетарлар мен шаруалардың тұрмыс жағдайын жақсартуға жұмсау үшін, сірә, ерекше қыйыншылықтарды кездестірмеген болар еді».

Қаутскийдің осы айтқандарын ыждағаттап салыстырған оқушы, мәселенің кәзір біз суреттеген нақ социал-демократиялық қойылысын оп-оңай көре қояды. Қаутскийдің сөйлемдеріндегі кейбір көмескілікті, дәл еместікті оның ескертулерінің шапшаң жасалғандығымен, орыс социал-демократиясының аграрлық программасына таныстығы жеткіліксіздігімен түсіндіруге болады. Істің мәнісі мынада — революцияшыл пролетариаттың шаруалар мен помещиктер арасындағы тартысқа көзқарасы орыс революциясының әртүрлі аударыс-төңкерістерінде барлық реттер мен барлық жағдайларда бірдей бола бермейді. Бір жағдайларда, белгілі конъюнктураларда бұл көзқарас тек тілектестік көзқарасы ғана емес, тура қолдау көзқарасы, тура қолдау ғана емес, «өшіктіру» көзқарасы да болуы мүмкін. Екінші жағдайларда бұл көзқарас битараптық бола алады және болуға тиіс. Қаутскийдің келтірілген ескертулеріне қарағанда, ол біздің міндетіміздің осы екіжақтылығын дұрыс аңғарған, — ол революцияшыл демократияның тұрпайы жалған үмітіне белшесінен батқан «социалист-революционерлерімізден» өзгеше, бұл былай тұрсын, Рязановқа немесе Икске⁵⁶ ұксап, міндеттің барлық комбинациялар үшін бірдей, «қарапайым» шешімін іздейтін көптеген социал-демократтардан да өзгеше. Мұндай социал-демократтардың (және барлық социалист-революционерлердің) негізгі қатесі мынада: олар таптық көзқарасты берік ұстамайды және, міндеттің барлық комбинациялар үшін бірдей шешімін іздеп, дәулетті шаруа мен орта шаруаның екі жақты жаратылысын ұмытады. Өздерінің жобаларында олар, асылында, екі тапты ғана: не помещиктер мен «шаруа-жұмысшы табын», не меншік иелері мен пролетарларды есепке алады. Ал іс жүзінде біздің алдымызда өздерінің таяу және түпкі максаттары жағынан әртүрлі үш тап тұр, олар: помещиктер, дәулетті және бір бөлегі орта шаруалар және, ақырында, пролетариат. Жағдай осындай болып отырғанда, іс жүзінде пролетариаттың міндеті екіжақты болмай тұра алмайды, сондықтан Россиядағы социал-демократиялық аграрлық программа мен аг-

рарлық тактиканың барлық қыйындығы пролетариат үшін қандай жағдайларда битарап қалу міндетті, қандай жағдайларда қолдау және «өшіктіру» міндетті екенін мүмкін болғанынша айқын және дәл белгілеуде болып отыр.

Бұл міндеттің шешімі тек біреу ғана болуы мүмкін: шаруа буржуазиясымен бірге крепостниктік атаулыға қарсы және крепостник-помещиктерге қарсы, қалалық пролетариатпен бірге шаруаларға және қандай да болса басқа буржуазияға қарсы, — селолық пролетариат пен оның идеологы социал-демократтың «бағыты» мінеки осы. Басқаша айтқанда: шаруалар революцияшыл-демократияшыл болып бас көтеретін болса, бұл шаруаларды қандай болса да «қасиетті» бариндік «меншікті» тартып алу атаулыға дейін қолдап, итермелеп отыру керек. Шаруалар реакцияшыл немесе жартылай пролетарлық болып бас көтеретін болса, бұл шаруаларға сенімсіздікпен қарау керек, одан бөлек ұйымдасу керек, оған қарсы күресуге әзір тұру керек. Тағы басқаша: шаруаның помещикке қарсы күресі демократияның күшейіп, нығаюына пайда келтіретін болса, оған көмектесу керек; шаруаның помещикке қарсы күресі жер иемденуші таптың екі фракциясының пролетариат үшін де, демократия үшін де келер-кетері жоқ өш алысу ғана болса, шаруалар жөнінде битарап болу керек.

Әрине, шаруа мәселесіне ойластырылған теориялық көзқараспен қарамайтын, өтімді және әсер еткіш «революцияшыл» (сөз жүзіндегі) ұранмен әуестенетін, нақ шаруа мәселесі жөніндегі революцияшыл авантюризмнің үлкен және елеулі қаупін түсінбейтін адамдарды әлігіндей жауап қанағаттандырмайды. Мұндай адамдарға келгенде, — ал олар кәзірдің өзінде-ақ біздің арамызда аз емес, олардың санына социалист-революционерлер жатады, жәнеде революцияның шаруа қозғалысымен бірге дамуы олардың қатары көбейетіндігіне кепіл, — мұндай адамдарға келгенде социал-демократтар революцияшыл бейнесіздік атаулыға қарсы шығып, тап күресінің тұрғысын мызғымай қорғауы керек, революцияшыл сөзуарлыққа қарсы шығып, шаруалардың әртекті элементтерін ыждағаттап есепке алуы керек. Практика жүзінде және нақтылы айтқанда, ақыйқатқа бәрінен гөрі мына дәлелмен жақындауға болады: социал-демократияның аграр-

лық мәселедегі барлық дұшпандары бізде нақ еуропалық Россияда дәулетті шаруалардың тұтас бір жігі (барлығы 10 миллиондай үйден 1½ — 2 миллион үй) бар екендігінің фактысымен есептеспейді. Бұл жіктің қолында шаруалардағы барлық әндіріс құралдары мен барлық меншіктің кем дегенде жартысы бар. Бұл жік батрактар мен күндікшілерді жалдамай күн көре алмайды. Бұл жік крепостниктікке, помещиктерге, чиновниктерге жау екені күмәнсіз, оның демократ болып алу қолынан келеді, бірақ оның селолық пролетариатқа дегендегі жаулығы одан бетер күмәнсіз. Бұл таптық жаулықты аграрлық программа мен тактикада солғын көрсетуге немесе атамай өтуге тырысқан әрекеттің қандайы болса да білетұра немесе білместікпен социалистік көзқарасты тастап кету деген сөз.

Селолық пролетариат пен шаруа буржуазиясының арасында орта шаруалардың жігі жатыр, оның жағдайында екі антиподтың екеуінің де сыйпаты бар. Бұл жіктердің бәрінің жағдайындағы, бүкіл шаруалардың жағдайындағы бірдей сыйпат санасыздық пен реакцияшылықтың әртүрлі белгілері зор екеніне қарамастан, олардың бүкіл қозғалысын демократиялық қозғалыс етеді. Біздің міндетіміз — таптық көзқарас тұрғысынан ешуақытта таймау және қалалық пролетариат пен селолық пролетариаттың өте берік одағын ұйымдастыру болып табылады. Біздің міндетіміз — «жер және еркіндік» деген жалпы, бірақ көмескі талаптың *шын* демократиялық және революциялық мазмұны қандай екенін өзімізге және халыққа ұғындыру болып табылады. Сондықтан біздің міндетіміз — деревняда да социалистік күрес элементтерін даярлаумен қатар, бұл талапты мейлінше жігерлі түрде қолдап, ілгері итермелеп отыру болып табылады.

Социал-демократиялық жұмысшы партиясының шаруа қозғалысына практика жүзіндегі көзқарасын дәл белгілеу үшін, біздің партиямыздың үшінші съезі шаруа қозғалысын қолдау туралы қарар қабылдауға тиіс. Жоғарыда айтылғанды және социал-демократиялық әдебиетте сан рет айтылған көзқарастарды тұжырымдайтын, кәзір партия қызметкерлерінің мүмкін болғанынша қалың тобының ішінде талқылануға тиісті қарардың жобасы мынау:

«Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясы, саналы пролетариаттың партиясы болғандықтан барлық еңбекшілерді қанаушылық атаулыдан толық құтқаруға тырысады және кәзіргі қоғамдық және саяси құрылысқа қарсы революциялық қозғалыстың қандайын болса да қорғайды. Сондықтан РСДЖП кәзіргі кездегі шаруа қозғалысын да мейлінше жігерлі түрде қолдайды, шаруалардың жағдайын жақсарту алатын барлық революциялық шараларды қорғайды, сондықтан бұл мақсат үшін помещиктік жерді экспроприациялаудан тайынбайды. Бұл арада РСДЖП, пролетариаттың таптық партиясы болғандықтан, селолық пролетариаттың дербес таптық ұйымдасуына үздіксіз тырысып отырады, оның мүдделері мен шаруа буржуазиясының мүдделері жаулықпен қарама-қарсы екенін оған түсіндіріп отыру міндетін, селолық пролетариат пен қалалық пролетариаттың бүкіл буржуазиялық қоғамға қарсы бірлескен күресі ғана социалистік революцияға жеткізе алатынын, деревня кедейлерін жоқшылықтан, қанаушылықтан социалистік революцияның ғана шын құтқару алатынын оған түсіндіріп отыру міндетін бірде-бір минут ұмытпайды.

Шаруалар арасындағы үгіттің практикалық ұраны ретінде, бұл қозғалысқа көбірек саналылық енгізудің құралы ретінде, РСДЖП барлық демократиялық өзгерістер мен ол өзгерістердің жеке түрде жүзеге асуын барлық жағынан бірдей қолдау үшін революциялық шаруа комитеттерін дереу құруды ұсынады. Мұндай комитеттерде де РСДЖП бір жағынан, бүкіл шаруалардың революциялық-демократиялық көтерілістерінің бәрін қолдап отыру мақсатын көздеп, екінші жағынан, селолық пролетариаттың шаруа буржуазиясына қарсы күресінде көздейтін шын мүдделерін қорғау мақсатын көздеп, селолық пролетарлардың дербес ұйымдасуына тырысатын болады».

«Вперед» № 11,
23 (10) март, 1905 ж.

«Вперед» газетінің тексті
бойынша басылып отыр

КӨШЕ КҮРЕСІ ТУРАЛЫ⁵⁷

(КОММУНА ГЕНЕРАЛЫНЫҢ КЕҢЕСТЕРІ)

Редакциядан. Усынылып отырған мақала — Париж Коммунасының атакты қайраткері Ключэрэнің бір мемуарының аудармасы. Төменде келтіріліп отырған қысқаша өмірбаян мәліметтеріне карағанда, ол өзінің пікірін көбінесе тек Париждің көше көтерілістерінің тәжрибесіне ғана негіздеген. Мұның үстіне, ол пролетариаттың барлық дәулетті таптарға қарсы революциясын әдейілеп еске алған, ал біз Россияда үкімет шайкасына қарсы едәуір дәрежедегі жалпыхалықтық революцияны бастап кешіріп отырмыз. Сондықтан, әрине, Ключэрэнің тауып айтқан пікірлері орыс пролетарына батыс-европалық жолдастардың тәжрибесін біздің жағдайымызға лайықтап өздігінен қорыту үшін тек материал ғана болуға тиіс. Автордың қызықты өмірбаянымен оқушыны қысқаша таныстырып өтуді артық болмас деп санаймыз.

Густав-Павел Ключэрэ (Clusezet) 1823 жылы 13-ші июньде Парижде туды. Сэн-Сир әскери мектебінде оқып, одан 1843 жылы подпоручик (sous-lieutenant) болып шықты. 1848 жылы Парижде жұмысшылардың көтерілісін (июнь күндері) күшпен басуға поручик атағында мейлінше белсене қатнасты. 6 сағат ішінде 11 баррикаданы, 3 туды алды. Бұл «ерлігі» үшін кұрметті легион орденін алды. 1855 жылы капитан атағында Қырым науқанына қатнасты. Содан әскер қатарынан кетті. Италияның бостандыққа жетуін көздеген соғыста Гарибальдидің армиясына қатнасты. 1861 жылы Америкаға кетіп, кұл иеленуші штаттарға қарсы өзара соғысқа қатнасты. Генерал титулын және (Groskeys тұсындағы жеңістен кейін) Америка азаматы болу правосын алды. Франция-

ға қайтып келді. 1868 жылы «L'Art»* газетіндегі мақалалары үшін түрмеге түсті. Сэн-Пелажи түрмесінде Интернационалдың қайраткерлерімен байланыс жасады. Газет бетіндегі батыл әскери сыны үшін Америка азаматы болғандықтан Франциядан жер аударылды. Республика жарыяланғанынан кейін (4-сентябрь, 1870 ж.) Парижге қайтып келді, Лионда және Марсельде көтеріліс жасау әрекетіне қатнасты. 1871 жылы 3-апрельде Коммунаның соғыс министрі болып тағайындалды. 16-апрельде Коммунаның мүшесі болып сайланды. Иссифортын жауға бергені үшін Коммуна орнынан алып, тұтқынға алды, бірақ жолдастық сот ақтап жіберді. 1881 жылғы кешірімнен кейін Францияға қайтып келді, «Коммуна» және «Марсельеза» газеттеріне мақалалар жазып тұрды. Армияны бағынбауға бас көтерткені үшін екі жыл түрмеге кесілді. Франциядан қашты. 1888 жылы депутаттар палатасының сайлауында революцияшыл партияның кандидаты ретінде шығып, парламентаризм мен радикалдық, «клемансистік» партияны талқандап отырды. 1889 ж. Тулонның 2-нші округінде депутаттар палатасына сайланды. Социалистік жұмысшы тобында болды. «Армия және демократия» деген кітап (1869) және Коммунаға арналған екі том «Мемуарлар» (1887) жазды.

*„Вперед“ № 11,
23 (10) март, 1905 ж.*

*„Вперед“ газетінің тексті
бойынша басылып отыр*

* — «Искусство». Ред.

БІРІНШІ АДЫМ

Біз Партия Советінің 1905 жылдың 10 марттағы қаулысын «Искраның» 91-номерінен оқып шығып, — еңбектеніп көріңіз, бірдеме шығар, дедік. Советтің 1905 жылғы 8 марттағы қаулысы туралы хабар және «Впередтің» 10-номеріндегі* біздің жауабымыз Россияға жетіп үлгірген де жоқ, сонда да енді Советтің жаңа, тамаша бетбұрыс жасағанын көрсетіп өтуге тура келеді, ал біз бұл бетбұрыс үшін жаңа искрашыл жолдастарды шын ниетімізбен құттықтаймыз және осы бағытта олардың бұдан әрі қадам басуын шын ниетімізбен тілейміз.

Советтің 1905 жылғы 10 марттағы қаулысы — орыс Бюросы шақыратын партияның III съезінің мүшелеріне арналған үндеу; мұнда партияның бірлігін қалпына келтіру үшін герман партиясы мен Бебельді бітімшілікке алу жөнінде съезге ұсыныс жасалған және мәселені аралық адамның тексеріп шешуі идеясын жүзеге асыру туралы келіссөз жүргізу үшін съезге Советтен екі өкіл жіберу жөнінде рыйзалық білдірілген.

«Жаңа жолға» қарай бірінші адым жасай отырып, Совет, әлбетте, өзінің кейбір ескі тәсілдерін қолданбай қалған жоқ, «Впередтің» 10-номерінде-ақ ішкі мәні сорақы екенін біз көрсеткен өтірікті қайталамай қойған жоқ, — атап айтқанда бұл өтірік мынадай: орыс комитеттерінің көпшілігі шақыратын съезд партия съезі болмайды-мыс, «партия мүшелерінің болмашы тобы өз қарарларын партияның нағыз көпшілігіне таңғысы» келеді-мыс. Бұл жалтарулар кісі күлерлік болмаса, аяныш-

* Осы томның 229—231-беттерін қараңыз. *Ред.*

ты болған болар еді, сондықтан бұған біздің тағыда тоқталғымыз келмеген еді. Оның басты себебі — Советтің жаңа адымы өзіне барша жұрттың назарын табиғи түрде аударып отыр, ал Совет ақырында (ақырында!) партия дағдарысын тындыру ісінде партия съезінің маңызын түсінді, ақырында, болмашы, батылсыз, дәйексіз әрекет болса да, әйтеуір бірінші әрекет жасады, өмір шындығына тура қарауға, оны өз атымен атап, партияның екінші съезден кейін туған екі бөлегі арасында тікелей келіссөздер жүргізу арқылы партияның бірлігін қалпына келтіру жолын — «жаңа жолды» байқап көруге әрекет жасады.

Талаптарың оң болсын! Әлдеқашан осылай ету керек еді, — хасретті, сорақы, созалаң дағдарыс пен жасырын жікке кеткен талай айлар пролетариат партиясының әжетіне жараған болар еді. Россияда қызмет етіп жүрген партия қызметкерлерінің еркімен тура және ашық санасуға сәл байсалды, адал тілек білдірілген болса, — россиялық социал-демократия өзінің уақытша ыдырау халінен бір жыл бұрын-ақ кұтылған болар еді. Я, бір жыл бұрын, тіпті бір жылдан да ерте кұтылған болар еді.

Бұл 1904 жылғы январьдың аяғында болды. Партия Советі партияның жаңа жағдайын және партия дағдарысын талқылау үшін Плехановтың, Аксельродтың, Мартовтың, Васильевтің⁵⁸ және Лениннің қатысуымен бірінші рет жыйналды. Соңғы екеуі, Орталық Комитеттің мүшелері және көпшілік жағындағылар, мынаны айқын көрді: партияны *факт жүзінде* азшылық жікке бөлді, бұл жіктің *жасырын* сыйпаты партияға ұшы-қыйыры жоқ ірткі салады, партияны мүлде кері кетіреді, «қыянкескіліктің» нағыз дөрекі тәсілдерін жүргізуге бір жақтың қолын бос қояды, ал екінші жақты ортақ қарарларды орындау борышымен байлайды. Жасырын адюльтер ашық еркін махаббатқа қалай жататын болса, партиядағы *жасырын* жік те (өзінің моральдық-саяси маңызы жағынан және өзінің моральдық-саяси нәтижелері жағынан) шамамен алғанда ашық жікке жатады.

Міне сондықтан да Советтің көрсетілген мүшелері қарар ұсынады (28 январь, 1904 ж.), бұл қарарды Шахов түгел басып шығарды (Съезд үшін күрес, 81-бет), ал мұнда *большевиктер*, редакцияда да, Советте де, яғни

партияның жоғарғы мекемесінде өз қарсыларының басым екендігіне қарамастан, тарихи кезеңнің аса күрделі міндеттері алда тұрғандықтан партия ішінде бейбітшілік қажет деп бірінші болып сөз көтерді. Большевиктер онда, бірінші жағынан, қажетті және сөзсіз идеялық күрес пен «лайықсыз қыянкескіліктің», ірткінің, орынға таласушылықтың, байкоттың тағы сондайлардың арасындағы айырмашылықты айқын көрсетеді. Большевиктер Партия Советіне сөз салып, партияның барлық мүшелерін былай етуге шақырындар дейді: олар «өзара ұсақ араздықтың бәрін тезінен тастап, ендігі жерде идеялық күресті уставты бұзбайтындай, практикалық қызмет пен тиімді жұмысқа кедергі жасамайтындай қалыпта жүргізетін болсын». Бізде партияның ұмытшақ мүшелері өте көп, олар партияның іс бастағыштығы туралы әңгіме етуді ұнатады, бірақ партияның жікке бөлінуіне қатысты документтерді зерттеп білуден гөрі желбуаз өсек-аяндарды артық санайды, сондықтан біз партия істерін талдап түсінгісі келген жолдастардың бәріне «Съезд үшін күрес» кітапшасының 81-бетіне көз салуды қатты ұсынамыз.

Әрине, меньшевиктер Ленин мен Васильевтің қарарын қабылдамай, меньшевиктерді «кооптациялауға» Орталық Комитетті шақыратын қарарды қабылдады (Плеханов, Мартов және Аксельрод). Орталық Комитет 1903 жылғы 26-ноябрьде өзінің, Орталық Комитеттің таңдауымен *екі* меньшевикті кооптациялауға келісім бергендіктен, Советтің бұл қарары белгілі *үш* адамды Орталық Комитетке еріксіз таңудан басқа түк те емес еді. Дәл осы «үшеуге» бола принциптік алауыздықтардың ойлап шығарылғандығын және *1904 жылғы ноябрьдің аяғына дейін* «лайықсыз тартыстың» жүргізіліп келгенін кәзір бүкіл партия документ жүзінде (Лениннің «Мәлімдемесінен»*) біледі. Кооптация туралы қарарға жауап ретінде Ленин мен Васильев ерекше пікір ұсынды (Шахов, 84-бет), білмейтіндерді немесе ұмытшақтарды үйрету үшін біз де мұны қайта оқып шығуды ұсынамыз, ал мұнда былай делінген: «дереу партия съезін шақыру керек, кәзіргі партиялық егестерден кұтылудың бұдан басқа адал, дұрыс амалы жоқ, орталықтардың кұрамына

* Қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 7-том, 557—567-беттер. Ред.

бола жүргізіліп отырған осы ретсіз күресті тоқтатудың бұдан басқа амалы жоқ» екендігін Орталық Комитеттің бұл мүшелері «айқын және сөзсіз көріп отыр».

Меньшевиктер, әлбетте, съезді болдырмайды. Съезде қандай болса да келісімдер жасауға болады, әйтпесе күрестің өзі жасырын және сатқын махаббат сыяқты жексұрын түрге еніп кетеді деп айтқан ақыл оларға ешқандай әсер етпейді. Айта кететін бір нәрсе, егер «сатқын махаббат» жөнінде ұялмасқа бел байлаған меньшевиктердің бұл тактикасы табиғи және түсінікті болса, ал *ымрашыл* Плехановтың бұл тактикасы өте зор қате болып шықты, осылай екені дағдарыстың кейінгі беталысынан айқын көрінді. Қазір барша жұрт та, әрбір адам да фактылардан (атап айтқанда Глебовтың⁵⁹ және оның серіктерінің кейінгі қылығын көрсететін фактыларынан) мынаны көріп-біліп отыр: егерде Плеханов 1904 жылғы январьда съезді жақтап дауыс берген болса, онда съезд тез арада шақырылған болар еді және *съезде айбарлы ынтымақшыл партия құрылған болар еді*, ал мұндай партия жеке алғанда көпшіліктің де, азшылықтың да басым болуына *ешқандай жағдайда да* мүмкіндік бермеген болар еді. Қайталап айтамыз: бұл бос жорамал емес, кейінгі оқыйғалардың факт жүзіндегі барысында *сөзсіз дәлелденген* ой-пікір. Бірақ Плеханов та тура және ашық түсінісіп, біржолата келісу әрекетінен гөрі «сатқын махаббатты», яғни жасырын жікті артық санады.

Ал қазір біз нені көріп отырмыз? Жасқаншақ, тыянақсыз түрде болса да, кешігіп болса да қазір меньшевиктер большевиктердің ұсынған жолына келуге мәжбүр болып отыр. Большевиктер өз айтқанында тұрып, съезді шақыратын болды, оның бержағында олар: егер «күрметті жұбайлардың» бұдан әрі «бірге тұруына» тағдыр жазбаған болса, онда ашықтан-ашық ажырасу керек деп орынды пікір айтып отыр.

Әрине, ештен кеш жақсы, сондықтан өзінің екі «өкілін» жіберуге дайын екенін білдірген Советтің жасқаншақ адымын да біз шын ниетімізбен құттықтаймыз. Бірақ біз бұл адымның жасқаншақтығына және тыянақсыздығына сөзсіз қарсы шығамыз. Сіздердің съезге *шетелдегі Советтің* тек екі өкілін ғана жібергелі отырғандарыңыз қалай, мырзалар? *Барлық* партия ұйымдарының өкілдерін неге жібермейсіздер? Россиялық Көпші-

лік Комитеттері Бюросының мүшелері съезге барлығын шақырды ғой, жекелеп алғанда редакцияға да, Советке де, Лигаға да арнаулы хаттар жіберді ғой! Мұның өзі неткен өрескел, ақылға сыйымсыз қайшылық: бірінші жағынан, Орталық Комитеттің үш серісімен *екі жүзді* бітім жасау үшін (көпшілік комитеттерінің еркіне көрінеу қарсы) Советтен «өздеріңіздің екі өкіліңізді» жіберумен ғана тынған жоқсыздар, сонымен қатар *азшылықтың барлық комитеттері мен ұйымдарының пікірін еұрадыңыздар*, ал бұл жөнінде «Искраның» 83-номерінде тура мәлімдеме жасалған болатын. Ал, екінші жағынан, бүкіл партиямен *шын* бітім жасау үшін сіздер «тікелей келіссөздер жүргізуге» жалғыз шетелдік Советтің екі өкілін ғана жібермекшісіздер. Мұнда орыс меньшевиктері қайда, бізге әдебиетшілердің тобымен келісуден гөрі меньшевиктермен келісу жүз рет маңызды емес пе? Мұнда ұйымдардың мүшелері мен өкілдері — *жұмысшылар* қайда, сіздер екінші съезге қарсы айдап салған және олардың іс бастағыштығы туралы өздеріңіз даурығып жүрген жұмысшылар қайда?? Мұнда Акимов пен Брукэр, Махов пен Егоров жолдастар (немесе олардың достары мен пікірлестері) — өз тұрғысынан меньшевиктерді мүлде дәйекті түрде жақтаған, алайда өздерінің беделін түсірмеген, яғни кооптацияға бола ұрыс-керіске қатыспаған осы жолдастар қайда? Мұнда Кричевский жолдас және басқа бұрынғы «экономистер» қайда, Сіздер, Плехановтың және басқа бірталай адамдардың жаңа «Искрада» сендіргеніне қарағанда, бұлармен татуласқан сыяқты едіңіздер ғой. Мұнда Рязанов жолдас қайда, көп нәрселер жөнінде онымен сіздердің ниеттес болуларыңыз бізге түсінікті де, алайда ол *меньшевиктік ұйым болғандықтан Лигаға кіруден бастартты ғой?*

Әлде сіздер: бұл жолдастардың бәрінің де мандаттары жоқ дерсіздер? Бірақ сіздер, *«формальды пікірлердің бәрің былай қойып»*, съезге хат жазып отырсыздар ғой!!

Жоқ, мырзалар, біздерді жартылай шарамен қанағаттандыра алмайсыздар және әдемі сөздермен алдандыра алмайсыздар. Егер сіздердің шынында да — тура және «формальды пікірлер» қоспай-ақ айтайық — бір ұйымның ішінде бірлесіп жұмыс істейміз десеңіздер, онда *бәріңіз де съезге келіңіздер* және кооптациялық пікірлер емес, тек бір ғана идеялық пікірлер болуы себепті

бізден бөлектеніп жүрген жолдастарды да шақырыңыздар. Онда «революционердің шарапатты еркімен» санасасыздар, ал сіздер съезден тасаланғанда, осыны орынсыз сылтау етіп жүрсіздер, шынында осының тек бір өзі съезге қатысушы бүкіл партияның тағдырын түгелдей және сөзсіз шеше алады. Онда съездің барлық мүшелерінің осы «шарапатты еркіне» ықпал ете алатын келістірушілерді іздеңіздер. Біз мұндай келістірушінің қай-қайсысын да шын ниетімізбен құттықтаймыз.

Еңбектеніп көріңіз, бірдеме шығар... Большевиктер өзінің ашық күресімен мынаған қол жеткізді: біз кәзір дағдарыстан құтылудың ықтыымал төте, бірыңғай жолына өте жақын келдік. Біз съезді шақыратын болдық. Біз партиясыз қалған партия Советінің дөрекі айқайларынан меньшевиктердің тікелей келіссөздер жүргізу үшін тура және ашықтан-ашық ұсыныс жасауға бет бұруына жеттік. «Жаңа жолмен» екінші адымды жасауға Советтің ақылы мен адалдығы жете ме, жетпей ме, өзі біледі, — ал біз партиялықтың үйірмешілдікті қалай болғанда да толық жеңуін қамтамасыз етеміз деп сенеміз.

*„Вперед“ № 11,
23 (10) март, 1905 ж.*

*„Вперед“ газетінің тексті
бойынша басылып отыр*

ПАРТИЯ ПРОГРАММАСЫНЫҢ ТАРИХЫ ЖӨНІНДЕ⁶⁰

Программа жобасын жазған мен *емес* екенімді осылай баса айту арқылы программа жобасы туралы біздің таласымызды оспак, өкпе, кінә түрінде Плеханов бірінші болып жұрт алдына тартып отыр. Амал не, ол бұл таластар туралы әңгіме етпейді, тек өсек-аянмен, яғни қызылықты, бірақ түсініксіз, тексеруге келмейтін сөздерді айтумен тынады. Сондықтан мен өз серіктесімнің Плехановқа қарсы мақаласына мынаны қосуға тиістімін: программа жобасын талқылаған кездегі біздің таластарымыз туралы менде документтік мәліметтер бар, ал бұл мәліметтерді бір реті келгенде жарыялаймын. Сонда оқушылар мынаны көретін болады: 1) біздің арамыздың сууы «Не істеу керек?» үшін болды деген Плехановтың пікірі мүлдем бекер. Арамыздың сууы программа туралы таластар кезінде алтаудың қажетті бөлінуінен болды; 2) мен ұсақ өндірісті ірі өндірістің ығыстырып шығаратыны туралы тезисті программаға енгізуді жақтадым және жақтап шықтым. Ал Плеханов атышулы «аздыкөпті» деген сыяқты тұрлаусыз сөздермен қанағаттанғысы келді; 3) мен біздің партияның таптық сыйпаты туралы әңгіме болатын жердегі «еңбекшілер мен каналушы бұқара» деген терминнің орнына «пролетариат» деген терминді алуды жақтадым және жақтап шықтым; 4) мен және алтаудың ішіндегі менің жақтастарым Плехановтың программа жобасында партияның пролетарлық

сыйпаты жеткілікті көрсетілмеген деп оны кіналағанымызда, ол қарсы дау айтты: сіз партияның пролетарлық сыйпатын Мартыновша түсінесіз деп соқты.

„Вперед“ № 11,
23 (10) март, 1905 ж.

„Вперед“ газетінің тексті
бойынша басылып отыр

БІЗДІҢ АГРАРЛЫҚ ПРОГРАММА ТУРАЛЫ

(ІІІ СЪЕЗГЕ ХАТ)

Шаруалардың күн санап етек алып, күшейіп отырған жаңа қозғалысы біздің аграрлық программа туралы мәселені тағыда бірінші қатарға қойып отыр. Бұл программаның негізгі принципі, әрине, алауыздықтар мен таластарды туғыза алмайды. Пролетариат партиясы шаруалар қозғалысын қуаттауға тиіс. Осы кездегі помещиктік жер иеленушілікті партия ешуақытта шаруалардың революциялық тегеуірінінен қорғамайды, бірақ сонымен қатар ол деревняда тап күресін өршітуге және бұл күреске саналылық енгізуге әрқашанда тырысатын болады. Меніңше, бұл принциптерді социал-демократтардың бәрі де жақтайды. Бұл принциптерді өмір жүзінде қолдануға тура келген кезде ғана, бұларды кезектегі міндеттерге сәйкес программада тұжырымдауға тура келген кезде ғана алауыздық басталады.

Әралуан теориялық алауыздықтарды басқадан гөрі өмір жақсы шешеді, ал мен революциялық оқыйғалардың шапшаң беталысы социал-демократия арасында аграрлық мәселе жөнінде болып отырған осы алауыздықтарды да жояды деп сенемін. Әралуан жер реформалары жайында жобалар жасау біздің жұмысымыз емес екендігін, біз пролетариатпен байланысты нығайтуға, шаруалар қозғалысын қолдауға, мұнымен бірге шаруа-қожайынның меншіктілік тенденцияларын, революция неғұрлым тез ілгері басқан сайын, пролетариатқа деген жаулығы соғұрлым тез және соғұрлым айқын біліне түсетін тенденцияларды естен шығармауға тиіс екендігімізді ешкім бекер дей қоймас.

Ал, екінші жағынан, анық бір нәрсе: басымыздан ке-

шіріп отырған революциялық кезең әбден айқын, нақтылы ұранды талап етеді. Мұндай ұран — *революцияшыл шаруалар* комитеттерін құру болуға тиіс, ал біздің партияның аграрлық программасы оны өте дұрыс көтерді. Шаруалар қозғалысында қараңғылық, санасыздық аяқ алып жүргісіз, сондықтан бұл жөнінде қайсыбір бос қыялға берілу өте-мөте қауіпті болған болар еді. Мужиктің қараңғылығы еңалдымен қозғалыстың *саяси жағын* түсінбеушілікте, — мәселен, *бүкіл мемлекетті бүкіл саяси құрылысын* демократиялық жолмен негізінен қайта құрмайынша, жер иеленуді кеңейту жолында ешқандай берік қадам жасауға мүлде мүмкін емес екендігін түсінбеушілікте болып отыр. Шаруаға жер керек, ал оның революциялық сезімі, оның инстинктік, атамзаманғы демократизмы помещик жеріне қол салудан басқа түрде көрінуі *мүмкін емес*. Мұны, әрине, ешкім теріс демейді. Социалист-революционерлер шаруалардың осы бұлдыр тілегіне таптық анализбен қараудың орнына осы жағдайға көндігіп отыр. Социал-демократтар осындай анализдің негізінде кесінді жерлерді қайтарып беру талабынан әрі шаруалардың бәрі бірдай ынтымактасып баруы *мүмкін* бола қоймас дегенді айтады, өйткені мұндай аграрлық өзгеріс шеңберінен асқанда, село пролетариаты мен «шаруақор мужиктердің» арасында антагонизм айқын туатындығы сөзсіз. Әрине, социал-демократтар көтеріліс жасаған мужиктің «помещикті біржолата құртуына», оның *бүкіл* жерін тартып алуына ешбір қарсы болмайды, бірақ олар пролетариат программасында авантюризмге салына алмайды, меншіктілерге қарсы таптық күресті жер иеленуді қайта құрудың (тіпті демократиялық қайта құрудың да), таптардың немесе меншіктілер разрядтарының бір орыннан бір орынға ауысуы ғана болып табылатын қайта құруды бұлдыр елесімен көмескілей алмайды.

Осы уақытқа дейін біздің программада кесінді жерлерді қайтару талабы қойылып келді, ал программаға берілген түрлі түсініктерде: кесінді жерлерді тіпті де бөгет емес, қайта «бұдан да гөрі ілгері басу үшін керекті есік»*, пролетариат шаруаларды бұдан арғы сапарында да бар ынтасымен қолдайды, бірақ ол өзінің уақытша

* Қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 6-том, қазақша 445-бет. Ред.

одактасы шаруа-кожайын шаруақорлық шеңгелін жайып келе жатқан жоқ па деп оған сөзсіз көз салып, бақылап отырады делініп келді. Енді, революциялық оқыйғалардың алдында, еріксіз мынандай сұрақ туады: тактикамыздың *осындай* қағыйдасын түсініктерден программаның өзіне көшіру дұрысырақ емес пе? Өйткені қайткенмен де программа дегеніміз социал-демократияның көзқарастарының жалпы партиялық ресми көрінісі болып табылады ғой, ал түсініктердің қай-қайсысы да қажеттігіне қарай белгілібір социал-демократтың азды-көпті өзіндік көзқарасы болады. Сондықтан программаға бұл мәселе жөніндегі саясатымыздың неғұрлым жалпы қағыйдасын енгізу, ал түсініктерде, мәселен, кесінді жерлер сыяқты, жеке шараларды, жеке талаптарды дамыту дұрысырақ емес пе?

Өз ойымды неғұрлым анықтап айту үшін, мен бұл арада біздің программаның тиісті жерінен орын алатын тұжырымды келтірейін: (РСДЖП еңалдымен мынаны талап етеді)... «4) крепостнойлықтың барлық қалдықтарын жою үшін, деревнядағы жалпы қарым-қатнастардың бәрін демократиялық жолмен өзгерту үшін және шаруалардың хал-жайын жақсартатын, помещиктердің жерлерін тартып алуды да қамтыйтын революциялық шаралар қолдану үшін шаруалардың революцияшыл комитеттерін құру. Социал-демократия, село пролетариатының дербес мүдделерін және дербес ұйымын қорғай отырып, шаруалардың барлық революциялық-демократиялық істерін қолдап отырады».

Программаға ұсынылып отырған тұжырымға осы кезге дейін дағдыда түсініктерде айтылып жүрген нәрселер енгізілді, ал «кесінділер» программадан түсінікке көшіріледі. Мұндай өзгерістің артықшылығы — программада пролетарлық позицияның өзгешелігі айқынырақ көрсетіледі, ал мұндай маңызды мәселедегі айқындылық бүкіл редакциялық қолайсыздықты басып кетеді (программаға анық талаптың орнына — әдетте түсініктерге жатқызылатын түсіндірулерді енгізу осындай қолайсыздық болып табылады. Дегенмен, ескерте кетейік, біздің программада кәзірдің өзінде мұндай түсіндірулер бар: мәселен, полициялық-чиновниктік қамқорлықты⁶¹ нығайтуға байланысты реформалармен күресу туралы пунктті са-

лыстырыңыз). Тағыда бір артықшылық — социал-демократия шаруаға: шаруа кесінді жерлерден әрі бара алмайды және баруға тиіс те емес дейді деген қыйсынсыз пікірді программа біржолата жояды. Бұл пікірді программаның айқын тұжырымы арқылы жою қажет, оны түсініктерде түсіндірумен қанағаттанбау керек. Мен ұсынып отырған тұжырымның кемшілігі болып көрінуі мүмкін нәрсе: онда жерді экспроприациялаудың ешқандай нақтылы әдістері көрсетілмеген. Бірақ бұл, шынын айтқанда, кемшілік пе?

Аграрлық мәселе жайында жазған социал-демократтар біздің бұл жөнінде әуесқойлыққа салынуымыздың қаншалықты лайықсыз екендігін әрдәйім көрсетіп келді, өйткені жер реформасының ең басты шарасы — жерді национализациялау *полициялық мемлекетте* қажеттігінө қарай бұрмаланатын болады және қозғалыстың таптық сыйпатын бұркеу үшін пайдаланылады. Ал оның бер жағында жер қарым-қатнастарын қайта кұру жөніндегі басқа шаралардың бәрі де капиталистік кұрылыс тұсында национализацияға жақындағандық қана, тек жеке шаралар ғана, ықтимал шаралардың кейбіреулері ғана, яғни социал-демократия *өзін тежеу* үшін тіпті де пайдаланбайтын шаралар ғана болып табылады. Қазіргі уақытта социал-демократтар национализацияға қарсы, ал тіпті социалист-революционерлердің өздері де біздің сынымыздың әсерімен бұл национализацияға анағұрлым сақтықпен қарайтын болды (олардың программа жобасын олардың бұрынғы «батылдығымен» салыстырыңыз).

Бірақ әңгіме мынада: революциялық қозғалыс тұрақты армияны, тағы сондайларды жоюмен қатар бізді таяудағы талаптарымыздың бірі болып табылатын демократиялық республикаға жеткізеді.

Демократиялық республика кезінде, халықтың қаруланған кезінде, басқа да осындай республикалық шараларды жүзеге асырар кезде социал-демократия жерді национализациялау жөнінде серт беріп, қолын байлай алмайды. Сонымен, мен ұсынып отырған тұжырымның кемшілігі тек жорамал ғана. Шынына келгенде ол тұжырым кәзіргі кезең үшін ұстамды таптық ұран береді, — оның үстіне ұран толығынан нақтылы ұран, — сонымен қатар революциямыз ойдағыдай өркендеген күнде қажетті немесе қалаулы болатын «революциялық-

демократиялық» адамдар жасау үшін кең өріс береді. Кәзіргі уақытта, жәнеде шаруалар көтерілісінің толық жеңіп шығуына дейінгі келесі уақытта да революциялық ұран *мужик пен помещиктің* арасындағы антагонизмді сөзсіз есепке алуға тиіс; ал кесінділер жайындағы пункт бұл жағдайды мүлде дұрыс көрсетті; оның бержағында, әралуан «национализациялар», «рента берушіліктер», «социализациялар», т. с. — олардың кемшілігінің өзі осында — ерекше антогонизмді елемейді және бәсеңдетеді.

Сонымен қатар, мен ұсынып отырған тұжырым шаруалардың революциялық комитеттерінің міндетін «деревнядағы жалпы қарым-қатнастардың бәрін демократиялық жолмен өзгертуге» дейін кеңейтеді. Біздің программада шаруалық комитеттер ұран есебінде ұсынылды, жәнеде олардың *шаруалық*, яғни сословиелік комитеттер деп сыйпатталуы өте дұрыс, өйткені сословиелік езгіні езілген төменгі сословиенің бірлескен күші арқылы ғана жоюға болады. Бірақ бұл комитеттердің міндеттерін жалғыз аграрлық реформалармен ғана тежеп қоярлық дәлел бар ма? Ал басқа өзгерістер үшін, мәселен, әкімшілік, т. с. өзгерістер үшін *басқа* комитеттер құру керек бола қоя ма? Мен жоғарыда айттым, шаруалардың бар қырсығы — олар қозғалыстың саяси жағын мүлде түсінбей келеді ғой. Егерде өз хал-жәйін жақсарту ісінде шаруалардың жемісті революциялық шараларын (астықты, малды, *жерді* конфискациялау) жеке жағдайларда болса да *шаруа комитеттерін* құрумен, олардың ісімен және бұл комитеттерді революцияшыл партиялардың (ал, ерекше қолайлы жағдайларда, революцияшыл уақытша үкіметтің) толық мақұлдауымен ұштастыруға тура келген болса, онда шаруаларды демократиялық республика жағына тарту жолындағы күресте ұттық деп есептеуге болар еді. Бұлай етпейінше шаруалардың революциялық адымдарының бәрі де өте баянсыз болады, жәнеде олардың барлық жеңіп алғандарын өкімет басында тұрған қоғамдық таптар оп-оңай тартып алып қояды.

Ақырында, «революциялық-демократиялық» шараларды қуаттау туралы айта келіп, ұсынылып отырған тұжырым шаруалардың жерді тартып алуы сыяқты шаралардың жалған социалистік, алдамшы *сыртқы көрінісі* мен

олардың нағыз демократиялық мазмұнының арасына айқын шек қояды. Осылай шек қоюдың социал-демократ үшін қаншалық маңызы бар екенін білу үшін Маркс пен Энгельстің, мәселен, Америкадағы аграрлық қозғалысқа көзқарасын (Маркс 1848 жылы Криг туралы⁶², Энгельс 1885 жылы Генри Джордж туралы⁶³) еске түсіру жеткілікті. Қазір жер үшін болатын шаруа соғысын, жер үшін ұмтылушылықты (жартылай крепостниктік елдерде немесе отарларда), әрине, ешкім *теріс* деп таппайды. Біз оның заңдылығы мен прогрестігін толық мойындаймыз, бірақ біз сонымен қатар оның демократиялық, яғни *сайып келгенде* буржуазиялық-демократиялық мазмұнын ашкерелейміз, сондықтан да осы мазмұнын қуаттай отырып, біз өз тарапымыздан ерекше «ескертулер» жасаймыз, *пролетариат* демократиясының «дербес» ролін, социалистік революцияға ұмтылып отырған таптық партия ретінде социал-демократияның ерекше мақсаттарын көрсетеміз.

Алдағы съезде менің ұсынысымды талқылауды және программаның тиісті пунктін мен көрсеткен рухта кеңейтуді жолдастарға ұсынуыма себеп болып отырған пікірлер міне осындай.

«Вперед» № 12,
29 (16) март, 1905 ж.
Қол қойған:—»

«Вперед» газетінің тексті
бойынша басылып отыр

БОНАПАРТИСТЕРДІҢ ӘРЕКЕТТЕРІ

Женева, 29 (16) март.

Біз Тверьден жаңа ғана мынандай хабар алдық: «9 мартта комитетпен басқосқан, Орталық Комитет өкілі қатысқан периферия жыйналысында Орталық Комитет шақыратын (1905 жылғы 4 мартта партияға арналған үндеуі) III партия съезіне қалай қарау керек екені туралы мәселе талқыланды. Тверь комитетінің қарары оқылды: «Партияның III съезіне дайындалындар» деген РСДЖП Орталық Комитетінің үндеуін (Орталық Комитеттің 1905 ж. 4 марттағы қарарын) құттықтап, Тверь комитеті өз мәжілісінде: бұл съезге делегат жіберу арқылы қатысу керек деп қаулы етті. Тверь комитетінің Ұйымдастыру бюросы өкіліне осы Бюро ұйымдастыратын съезге өзінің қатысатыны жайында мәлімдеме жасағандықтан, Тверь комитеті мынаны көрсетуді борышым деп есептейді: біз бұл мәлімдемені Бюро өкілі* ұйымдастырылатын съезді кезекті съезд ету жөнінде Орталық Комитеттің қаулысы бар дегендіктен жасаған болатынбыз».

Периферия жыйналысы Тверь комитетінің қарарына қосылмады. Бір адам қарсы, бір адам қалыс қалып, көпшілік жеті дауыспен мынадай қарар қабылданды: «III съезді тезінен шақыруға даярлау керек деген Ор-

* Көпшілік Комитеттері Бюросының Тверь Комитеті мен периферия мәжілісінде III съезд туралы февральда баяндама жасаған өкілі бізге былай деп хабарлайды: Тверь комитетінің бұлай деуі «дәл емес». «Мен — дейді ол бізге — Орталық Комитеттің мүшесі Никитичтің⁶⁴ тікелей мәлімдемесі негізінде: Орталық Комитеттің кезекті III съезді жарыялау ниеті болғанын, келісу жолымен, Бюро шақырғалы отырған съезді осы кезекті съезд еткісі келгенін, бірақ сонымен қатар түрлі жағдайлардың салдарынан бұл мәселе жөнінде Бюромен ресми келіссөз жүргізуге әлі үлгірмегенін хабарладым».

талық Комитеттің үндеуін ақырында алып, Орталық Комитеттің осы бастамасын кұттықтап, біз Ұйымдастыру бюросы шақыратын *партия* съезіне бұрын қатысқанымызды мәлімдейміз. Өзінің 4 марттағы «Партияға» деген үндеуінде Орталық Комитеттің жасаған ұсыныстарын біз Орталық Комитет пен Ұйымдастыру бюросы арасында тек формальды келісім жасалған күнде ғана қабылдауға болады деп есептейміз» (жақтаушылар — 6, қарсы — 3). Қарсы дауыс берген үшеудің ой-пікірін сыйпаттау үшін қарсы дауыс берген екі жолдастың ұсынған екінші бір қарарын келтіремін: «Партияның III съезін шақыру туралы Орталық Комитеттің қарарын кұттықтап, жергілікті ұйым Орталық Комитет пен Ұйымдастыру бюросына өзара келісімге келуді өте-мөте ұсынады. Егерде келісім болмаса, жергілікті ұйым өз еркімен іс етеді».

Бұл хабардан шығатын қортынды мынадай: 1) комитеттің өзінің мойындағанына қарағанда, Тверь Комитеті перифериямен бірге: Көпшілік Комитеттері Бюросы ұйымдастыратын съезге қатысуға ырза екендігі туралы мәлімдеді; 2) сонсын кейіннен, Орталық Комитеттің III съезді шақыруға берген жаңа уәделерінің ықпалымен, Тверь комитеті өзінің ырзалығын қайтып алды. Алайда периферия комитеттің соңынан ермеді және Бюроның шақырып қойған съезінен бастартпады; 3) Орталық Комитеттің III съезді шақыру жайындағы жаңа уәделері осы кезге дейін жарыяланбаған, бізге белгісіз «1905 жылғы 4 мартта партияға арналған үндеуде» берілген.

Біздің атақты Орталық Комитеттің қыймыл әрекеттерін тиісінше бағалау үшін, 1-ден, партия уставын, 2-ден, кейбір фактыларды жолдастардың есіне салайық. Устав бойынша съезді Орталық Комитет шақырмайды, Совет шақырады. Олай болса, Орталық Комитет өзі жауап бермейтін уәделерді беріп отыр. Орталық Комитет устав бойынша өзі, Орталық Комитет, істей алмайтын нәрсе жөнінде уәде беріп отыр. Орталық Комитет уәде береді немесе жорамал жасайды, ал Совет билік айтады. Орталық Комитеттің уәдесіне аңқаулықпен кұлақ асып жүрген және уставты нашар білетін, партия мүшелері алданып қалып отыр. Советтің қалай «билік айтатынын» көрсететін фактылар бар. 8-марттағы (жаңаша) қаулы-

сында Совет мынаны мәлімдейді («Искра» № 89): Совет «партия қызметкерлері көпшілігінің рыйзалығы» (мүмкін, оның ішінде Тверь комитеті де бар шығар?) «мұндай кезеңде партия съезін шақыруды орынсыз деп табады». Мұның өзі енді де айқын емес? Советтің уялмас-тан партияны қайта-қайта алдап отырғандығы енді осыдан көрініп отырған жоқ па, өйткені ол «партия қызметкерлерінің көпшілігінен» ешқандай «рыйзалық» алған жоқ еді ғой?

Сонсын 10 мартта (жаңаша), яғни бір күн өткеннен кейін, Совет екінші қаулы қабылдайды («Искра» № 91), онда орыс Көпшілік Комитеттерінің Бюросы шақырған съезге екі өкіл жіберуге рыйзалық білдіреді, бірақ съезді шақыруға рыйза екендігі туралы бір де сөз айтпайды.

Қоса кететін нәрсе, Совет съезді шақырудың «орындылығына» ресми түрде тек қарсы шығып қана қойған жоқ, сонымен қатар съезд жөніндегі дауыстарды қолдан жасап, толық праволысымақ комитеттердің санын арттырып отыр, сөйтіп қашан және қандай жаңа комитеттерді бекітілген деп таныйтынын партияға хабарлаудан бастартып отыр. Советтің 8 марттағы қаулысында («Впередтің» 10-номерінде талданған)* 1905 ж. 1 январьда правосы бар деп Полесье, Солтүстік-Батыс, Кубань және Қазан Комитеттері аталған, ал соңғы екі комитетті Орталық Комитет тіпті бекітпеген, ал әдепкі екі комитет 1905 жылғы 1 апрельден бастап толық право алады.

Тек есепте ғана болмай, іс жүзінде партия мүшесі болғысы келетін партия мүшелерінен былай деп сұраймыз: олар осы ойыншыққа шынымен жол беріп қоймақ па? Совет дауысты қолдан жасап, съезге қарсы шығып отыр, ал Орталық Комитет берілген уәделердің устав бойынша ресми маңызы болуы мүмкін емес екенін білмейтін адамдардың аңқаулығымен пайдаланып, съезд жөнінде «уәделер» беріп отыр! Съезді шақыруға Орталық Комитеттің «рыйзалық білдіргені» жайындағы бірінші хабарлар жөнінде 28 (15) февральда, «Впередтің» 8-номерінде-ақ біздің жазғандарымызды фактылар түгелдей растап отырған жоқ па? Ескерте кетейік, содан бері бір ай өтті, «Искраның» содан бері 88, 89, 90, 91-номерлері мен 92-номері (ескіше 10 март делінген) жарық-

* Осы тамның 229—231-беттерін қараңыз. *Ред.*

ка шықты, бірақ съезді шақыруға Орталық Комитеттің «рыйзалығы» жөніндегі осы «нәзік» мәселе жайында *бірауыз сөз де* айтқан жоқ! «Впередтің» 8-номерінде мына айтылғандарды біздің тек қайталауымыз ғана қалып отыр:

«Біз жана ғана хабар алдық, мұны Орталық Комитеттің съезді дереу шақыруға келіскені деп түсінуге болады. Бұл хабардың растығына әзірінше ешбір қол қоймасам да, алайда, біз мұны шын сыяқты деп есептейміз. Съезді жақтаған ұйымдарды таратып, комитеттерге бойкот жасап, ірткі салып, Орталық Комитет көп айлар бойы съезге қарсы күресті. Мұндай тактика сәтсіздікке ұшырады. Енді, «формальдық түк емес, бар керегі — орындылық» деген өз ережесін қолдана отырып, — Орталық Комитет «орындылық» үшін (*яғни съезді болдырмау үшін*) Орталық Комитет съезді дереу шақыруды жақтайды деп формальды түрде жүз рет болса да мәлімдеме жасауға дайын. Партиялық «Шидловский комиссиясының»⁶⁵ фокустеріне Бюро да, жергілікті комитеттер де алданбайды деп сенеміз».

Пост-скриптум. Женева, 30 (17) Март. Орталық Комитеттің әрекеттері жөнінде нағыз күнделік дәптер жүргізіп отыруға тура келеді. Біз Көпшілік Комитеттерінің Бюросына Орталық Комитеттің жіберген мынандай хатын алдық:

«Орталық Комитет 4 мартта партияның III съезіне дайындалу жөнінде партия комитеттеріне үндеу жазылсын деп қаулы етті, жәнеде съезді мүмкіндігінше ең таяу уақыттың ішінде шақыруға өз тарапынан шаралар қолдануға ұйғарды.

Жалпыпартиялық съездің табысты болуы және оның тез шақырылуы *кәзір* съезді жақтап отырған барлық жолдастар мен ұйымдардың мүмкіндігінше ынтымақтасып жұмыс істеуіне байланысты, сондықтан Орталық Комитет «көпшілік» деп аталатынның комитеттерінің Ұйымдастыру бюросына мынадай ұсыныс жасайды: бұл істе өзара келісімге келіп, съезді тез шақыру үшін және оған *бүкіл* партия өкілдерінің неғұрлым толық қатысуын қамтамасыз ету үшін бірігіп жұмыс жүргізейік. 6 март, 1905 ж. РСДЖП Орталық Комитеті».

Шынында да, орыс комитеттерінің, ұзақ төзімділігі және олардың сенгіштігі шексіз-ақ! Орталық Комитет өзінің 4 марттағы үндеуін неге жарыяламайды? Бюромен «келісімге келу» туралы жалған сөздерді ол неге айтады? Бюро съезге *бәрін* түгелінен, *бүкіл партияны* шақырды, ол мұны бұдан бір ай бұрын ашық, жарыя

түрде істеді. Бюро енді *ешқандай кешеуілдету мүмкін емес* деп Орталық Комитетке әлдеқашан-ақ жауап берген болатын. Кімде-кім *жалпы партиялық съезді* сөз жүзінде ғана тілегісі келмесе, ол съезге келсін, басқа не айтамыз. Сонымен, ақырында, Бюроның Орталық Комитетпен келісуінің қандай маңызы болмақ, өйткені устав бойынша съезді Орталық Комитет емес, съезге қарсы шыққан Совет шақырмай ма?

Совет пен Орталық Комитеттің екіүшті айласын енді *жұрттың бәрі* көреді деп сенуге болады. Ал Бюро, біздің сенуімізше, *өзі белгілеген және Орталық Комитетке хабарлаған мерзімде съезді шақыру жұмысынан бір адым да кейін шегінбейді.*

1905 ж. марттың аяғында
„Впередтің“ 13-номерінен
жеке оттиск болып басылған

Жеке оттискінің тексті
бойынша басылып отыр

1789 ЖЫЛҒЫ СЫЯҚТЫ РЕВОЛЮЦИЯ МА ӘЛДЕ 1848 ЖЫЛҒЫ СЫЯҚТЫ РЕВОЛЮЦИЯ МА?

Орыс революциясы жөніндегі маңызды мәселе міне мынада:

I мұның өзі патша үкіметін толық құлатуға дейін, республикаға дейін жете ме,

II әлде патша өкіметін шағындаумен, тежеумен, монархиялық конституциямен қанағаттана ма?

Немесе басқаша: бізде болатыны 1789 жылғы сыяқты революция ма әлде 1848 жылғы сыяқты революция ма*? (сыяқты деп отырған себебіміз — 1789 және 1848 жылдардағы келмеске кеткен әлеуметтік-саяси және халықаралық жағдайдың қайталауы мүмкін деген қыйсынсыз пікірді жою).

Социал-демократ біріншісін тілеуге, соған жетуге тиіс екендігіне күмән бола қоймас.

Ал мәселені мартыновша қоюдың өзі шағын революция болсын деген құйыршықтық тілекке бейімделіп отыр. II сыяқты революцияда пролетариат пен шаруалардың өкметті басып алу «қауіп», Мартыновтарды үрейлендіретін «қауіп» мүлде жоғалады. Екінші жағдайда социал-демократияның тіпті революция жөнінде де «оппозиция» болуы сөзсіз, — Мартынов атап айтқанда тіпті революция жөнінде де оппозицияда қалмақ.

Қай түрі ықтимал? — деген сұрақ туады.

I жақтайтын нәрсе: (1) 1848 жылғы Германияға қарағанда орыстың төменгі таптарында ашу-ыза, революция-

* NB (Nota bene — байқап қойыңыз. *Ред.*): бұл арада — «немесе 1871 жылғы?» — деп қосушылар болар. Бұл сұрақты көптеген социал-демократ *еместердің* тарапынан бізге айтыларлық қарсылық ретінде қарау керек.

шылдық жігер адам айтқысыз мол. Біздегі өзгеріс *шұғыл*, бізде самодержавие мен саяси бостандықтың арасында *ешқандай* аралық сатылар болған жоқ және жоқта (земство есепке алынбайды), біздегі деспотизм азиаттықтай әлі тың. (2) Біздегі сәтсіз соғыс *қауырт* күйреуді бұрынғыдан бетер мүмкін етеді, өйткені оның өзі патша үкіметін әбден шатастырады. (3) Бізде халықаралық жағдай тиімдірек, өйткені пролетарлық Европа орыс монархиясына европалық монархтардың көмектесуіне мүмкіндік бермейді. (4) Бізде саналы революцияшыл партиялардың дамуы, олардың әдебиеті мен ұйымы 1789, 1848 және 1871-жылдардағыдан гөрі сан рет жоғары. (5) Бізде патша өкіметі езген бірсыпыра халықтар, поляктар, финлянддықтар, т. т. самодержавиеге жасалатын тегеурінді ерекше күшейтіп отыр. (6) Бізде шаруалар айрықша күйзелген, адам айтқысыз кедейленген, сондықтан оның жоғалтатын түгі де жоқ.

Бұл пікірлердің бәрі, әрине, онша абсолютті нәрсе емес. Бұларға екінші бір пікірлерді қарсы қоюға болады: (1) Бізде феодализмнің қалдықтары өте аз. (2) Үкімет тәжірибелі және революциялық қауіпті танып білерлік көптеген амалдары бар. (3) Соғыс революция жөнінде алғанда бөтен міндеттер туғызып революциялық қопарылыстың төтенше болуын қыйындатады. Соғыс орыс революцияшыл таптарының әлсіздігін дәлелдейді, бұлар соғыс болмаса, көтеріле алмас еді (Қарл Каутскийдің «Әлеуметтік революцияда» айтқанын салыстырыңыз). (4) Бізде төңкеріс жасауға басқа елдерден итермеші жоқ. (5) Россияны ыдырататын ұлттық қозғалыстар орыстың бірталай ірі және ұсақ буржуазиясын біздің революциядан бөліп тастай алады. (6) Пролетариат пен буржуазия арасындағы антогонизм, 1789, 1848, 1871-жылдардағыдан гөрі бізде анағұрлым терең, сондықтан буржуазия *пролетарлық* революциядан көбірек қорқарды да, реакцияның құшағына тезірек енеді.

Осы + мен — біткеннің бәрін, әрине, тек тарих қана есепке ала алады. Біздің міндетіміз, социал-демократияның міндеті, буржуазиялық революцияны мүмкіндігінше ілгері қарай *итермелеу*, біздің басты міндетіміз: пролетариаттың дербес ұйымын ешқашан да ұмытпау.

Мартыновтың шатасып отырған жері міне осы. Толық революция дегеніміз пролетариат пен кедей шаруалар-

дың өкіметті басып алуы деген сөз. *Ал бұл таптар өкімет басында отырып, социалистік революцияға жетпей қоймайды. Ergo**, өкіметті басып алу, әуелі демократиялық төңкеріске қадам басу болғанмен, өмір талқысы бойынша, қатысушылардың еркінен (және кейде санасынан) тыс социалистік төңкеріске *көшеді. Бірақ бұл арада да күйреу сөзсіз. Ал социалистік революция жасау әрекеттері сөзсіз күйрейтін болса, онда біз (Париждағы көтерілістің сөзсіз күйрейтіндігін алдын ала көрген 1871 жылғы Маркс сыяқты): көтеріліс жасамаңдар, аңысын аңдандар, ұйымдасыңдар, гесулер роуг тіеух sauter*** деп пролетариатқа ақыл айтуға тиіспіз.

Шынына келгенде, Мартыновтың (және жаңа «Искраның») *пікірі*, егерде ол мұны жете ойлаған болса, осындай.

1905 ж. март — апрельде жазылған

Қолжазба бойынша
басылып отыр

Бірінші рет 1926 ж. Лениннің V
жыйнағында басылған

* — Олай болса. *Ред.*

** — жақсылап секіру үшін кейін шегініндер. *Ред.*

ПАРТИЯҒА

Жолдастар! Біздің партия бір жарым жылдан аса уақыттан бері қандай ауыр дағдарысты бастан кешіріп отырғанын бәрлеріңіз де білесіздер. Партияның екінші съезінен бері бірсыпыра күйінішті оқыйғалардың салдарынан, партиямыздың шетелдік орталық мекемелері, Орталық Органның редакциясы мен Совет партия съезінің азшылығы жағындағылардың қолында калып отыр. Партия қызметкерлерінің наразылығы күшейе түсіп, томаға тұйық, табан тірескен күреске жеткізді, бұл күрес социал-демократияның бар ісіне адам айтқысыз кедергі жасап, пролетариат партиясының беделін кемітті. Партия комитеттері, жасырын жіктің мейлінше зыянды екенін көріп, дағдарыстан құтылудың бірден-бір партиялық жолы ретінде III съезді шақыруды талап ете бастады. 1904 жылдың көктемінен бастап бүкіл партия өмірі съезд үшін күреске лық толы. Партияның Шетелдік Советі съезге барынша қарсы болды. Орталық Комитет азшылықтың кооптация жөніндегі талаптарын қанағаттандыруға тырысып көрді, осындай жолмен партия ішінде бейбітшілікті қалпына келтіруге сенді, бірақ бұл сенім де ақталмады. Бейбітшілікті қайта қалпына келтірудің орнына күрес шиеленісе түсті.

Россиядағы жұмысшы қозғалысы мен революцияның дамуында болған ұлы оқыйғалар, 9 январь және оның нәтижелері партиядан күш-жігерді бұрынғыдан да қарыштап жұмсауды талап ететін жаңа жағдай туғызды. Партия съезінің қажеттілігі орыс қызметкерлерінің басым көпшілігі үшін бірден-бірге өте айқындала түсті. Шетелдік Советтің қарсылығы партия съезін шақыру

үшін бірқатар, орыс комитеттерінің ерекше Бюро сайлауына себепкер болды. Осындай жағдайларда Орталық Комитет жалпыпартиялық съезді дереу шақыру үшін көпшілік Комитеттері Бюросына қосылуды өзінің партиялық борышы деп тапты.

Тіпті жалаң формальды жағынан қарағанда съездің қаншалық қажет болғаны мынадан көрінеді. Партия мүшелері партия Советінің орталық мекемелерден басқа 33 ұйымды толық праволы ұйым деп санайтынын «Искраның» 89-номерінен білді. Олай болса, тіпті осы есеп бойынша да (партия ұйымдарының санын 31 деп белгілеген недәуір партия қызметкерлерінің таласқан есебі бойынша) съезді міндетті түрде шақыру үшін 38 дауыс керек болды ($33 \times 2 = 66$; $66 + 9 = 75$; $75 : 2 = 37\frac{1}{2}$).

Көпшілік Комитеттері Бюросын сайлаған 13 комитет съезді әлдеқашан-ақ жақтап шықты. Бұл 13 комитетке Орал, Тула, Воронеж, Самара, Солтүстік-Батыс, Смоленск, Харьков, Қазан комитеттері, яғни 8 комитет қосылды. Осы 21 комитет Орталық Комитеттің төрт даусымен бірге (Орталық Комитеттің өзінің екі даусы және олардың Советтегі делегаттарының екі даусы) $42 \pm 4 = 46$ дауыс береді.

*1905 ж. марттың аяғында —
апрельдің басында жазылған*

*Бірінші рет 1931 ж.
Лениннің XVI жыйнағында басылған*

*Қолжазба бойынша
басылып отыр*

ЕКІНШІ АДЫМ

Біз «Впередтің» 11-номерінде партиясыз қалған партия Советінің бірінші адымын құттықтаған едік*. Біз өзімізден: жаңа жолмен екінші адымды жасауға Советтің ақылы мен адалдығы жете ме, жетпей ме? — деп сұрағанбыз. Енді біз жаңа ғана Россиядан: *Орталық Комитет екінші адымды жасады* деген хабар алып отырмыз. Бұл іс жөніндегі, дереу жарыялауға болатын документтер мынау.

1) Орталық Комитеттің 1905 жылғы 4 мартта партияға жазған үндеуі.

Партияға

Жолдастар! Россияда революция басталды! Революцияның бастамасы оның ең басты және істің тетігін шешуші күші қала пролетариаты екенін айдан анық дәлелдеп берді. Алайда, революцияның нәтижесін жеделдету, халық бұқарасының революциялық күресіне жоспарлылықты енгізу және, әсіресе, революцияның пролетариат пайдасына шешілген нәтижелерін барынша есепке алу партиямыздың күштері мен ұйымының факт жүзіндегі жағдайына үлкен байланысты болып отыр. Тарих біздің партияға Россиялық пролетариат алдында, бүкіл халқымыздың алдында, ақырында, бүкіл дүние жүзінің пролетариаты алдында саяси және моральдық жауапкершілікті жүктеп отыр. Қазіргі күйде біздің партия өз міндеттерін лайықты дәрежеде, россиялық социал-демократиядағы потенциалы күштердің хал-жайына қарай қажетті және мүмкін дәрежеде орындауға қаблетсіз болып отыр. Партияның көрнекті жеке мүшелері, ықпалды топтар мен толып жатқан партиялық мекемелер өзінің ішкі партиялық қызметінде терең саяси себептерді немесе интеллигенттік ызаны қандай дәрежеде пайдаланғанын қолға документтер алып айқындап жатудың өзі қазіргі кезеңде мезгілсіз және нә-

* Осы томның 243—248-беттерін қараңыз. *Ред.*

тижесіз нәрсе деп есептеп, — қыскасы, партияны әбден ірітуге кімнің қандай дәрежеде кінәлі екендігі жөніндегі мәселені былай қойып, Орталық Комитет өзіне түсетін жауапкершіліктің барлық ауыртпалығын мойындай отырып, партияның қажетті бірлігін қамтамасыз ету үшін және біржолата жіктелуді болдырмау үшін қолдан келген барлық шараны қолдануға өзінің бекем бел байлағанын бүкіл партия алдында мәлімдейді. Революцияның дамуы россиялық социал демократияның алдына күн сайын дерлік бірсыпыра жаңа мәселелер қойып отыр. Бұл мәселелердің көпшілігі біздің тактикада жөнді көрсетілмеген, өйткені мұның өзі көбінесе «бейбіт» уақытқа лайықталып жасалған тактика. Ал бірқатар басқа мәселелерге партияның бұрынғы тәжірибесінен жауап табылмайды, өйткені бұл мәселелер енді ғана пайда болған, жаңа себептерден туып отыр. Партиялық әдебиет, әрине, көмек етіп отыр, бірақ оның жауаптары толықтығы, бірдейлігі жағынан, жұрттың бәрі мойындайтын беделділігі жағынан жергілікті қызметкерлерді әрдайым қанағаттандыра бермейді. Ең соңғы кезде жеке конференциялардан кейін біріккен комитеттердің недәуірі партияның орталық мекемелеріне, партияның II съезі қабылдаған партиялық уставтың негізінде өмір сүріп отырған мекемелерге сенбеушілік саясатын қолданды, сөйтіп осы саясатпен өз органын, өз орталығын құруға дейін барды, ал кәзіргі уақытта өз съезін шақыру жөнінде жұмыс істеп жатыр. Ақырында, осы жылдың жазында кезекті III съезді шақыру үшін партияның уставы белгілеген уақыт туады. — Мұндай жағдайларда Орталық Комитет жікте болдырмаудың бірден-бір, соңғы амалы ең жуық уақыттың ішінде жалпы партиялық съезді шақыруда деп біледі.

Басымыздан кешіріп отырған саяси кезеңнің партия алдына қойып отырған аса маңызды міндеттерін әбден тексеріп шешу мағнасында да, партияда шын берік бірлік орнату мағнасында да, съездің жұмысының жемісті болуы барлық елеулі және ықпалды ағымдардың съезге барлық жағынан, толық өкілдік алуына түгелдей байланысты деп сенген Орталық Комитет, уставқа сәйкес, өкілдіктің толық болуын қамтамасыз ету үшін жолдастарды кеңесші дауыспен съезге шақыру жөніндегі өзінің правосын кең пайдалануға бел байлады. Партияны жегідей жеп отырған егес кей жерлерде елеулі топтардың комитеттерден тікелей бөлініп кетуіне, ал кей жерлерде — комитеттер мен перифериялар арасында қатты антагонизм тууына себепкер болғанын ескеріп, Орталық Комитет кеңесші дауыс правосымен съезге өз өкілдерін жіберсін деп мыналарға ұсыныс етеді: 1) осы жылғы I мартқа дейін комитеттерден бөлініп кеткен барлық топтарға, 2) ірі өнеркәсіп орталықтарының барлық периферияларына, комитеттің қызмет істеп отырған ауданында ең кемі 20 000 жұмысшысы бар және съезге делегат сайлау мәселесінде периферия мүшелерінің жартысынан көбі жергілікті комитетке сенімсіздік туғызатын жердегі периферияларға.

Ескерту. Орталық Комитет бұл ретте периферия құрамына кіретіндер деп — комитет қарамағындағы ұйымдардың біріне кіретін, комитеттің басшылығымен және бақылауымен үгіт, насихат, ұйымдастыру, әдебиет жазу, бастырып шығару және тарату жөнінде белсеніп революциялық жұмыс істеп жүрген жолдастарды ғана есептеу керек деп ұсынады. Сонсоң, устав бойынша жалпыпартия-

лық съезді партия Советі шақыратын болғандықтан, Орталық Комитет кәзір партияның бірлігін қамтамасыз етудің бірден-бір амалы ретінде III съезді шақыруды жақтауға партияның жергілікті комитеттерін шақыра отырып, өз тарапынан, партия Советіндегі өз өкілдері арқылы съезді тезінен шақыру туралы өзінің қарарын қуаттайды және кәзірден бастап практика жүзіндегі бірсыпыра дайындық шараларын қолданады. Оның үстіне, Орталық Комитет: бірнеше комитеттердің бастауы бойынша съезді шақыру мақсатымен құрылған «Уйымдастыру бюросын» осы іске қатыстыру үшін өзіне қолдан келген шаралардың бәрі істеледі деп мәлімдейді, ал «Уйымдастыру бюросының» дайындық жұмыстары съезді шақыруды тездетуге, жеңілдетуге себеп болады.

Ескерту. «Көпшілік» деп аталатынның комитеттерінің «Уйымдастыру бюросын» съезді шақыру дайындығына қатыстырудың егжей-тегжейі өзара келісім бойынша жасалуға тиіс. Жікті болдырмаудың және партияның факт жүзіндегі бірлігін, россиялық социал-демократияның алдында тұрған ұлы міндеттерді орындау үшін бір өзі ғана бізге қажетті күш бере алатын бірлігін орнатудың ақырғы амалы жалпыпартиялық *жедел* съезді шақыруда деп біліп, Орталық Комитет *жедел съезді* шақыру ісіне нағыз жігерлі түрде дайындалуға партияның барлық мүшелерін шақырады.

4 март, 1905 ж.

РСДЖП Орталық Комитеті.

2) Орталық Комитеттің 1905 жылғы 6 мартта Көпшілік Комитеттері Бюросына жазған хаты.

Орталық Комитет 4 мартта, партияның III съезіне дайындалуға шақырып, партияның комитеттеріне хат жазуға қаулы етті және мүмкін қадерінше нағыз жақын уақыттың ішінде съезді шақыруға өз тарапынан шаралар қолдануға ұйғарды.

Жалпыпартиялық съездің табысты болуын және оны тезінен шақыру ісі мүмкін болғанынша барлық жолдастардың және *кәзір* съезді жақтап отырған ұйымдардың ынтымақтасып жұмыс істеуіне байланысты, сондықтан Орталық Комитет съезді дереу шақыру, оған *бүкіл* партияның неғұрлым толық өкілдік алуын қамтамасыз ету мақсатымен бұл істе өзара келісім жасап, бірлесіп жұмыс істеу жөнінде «көпшілік» деп аталатынның комитеттерінің Уйымдастыру бюросына ұсыныс етеді.

6 март, 1905 ж.

РСДЖП Орталық Комитеті.

3) Орталық Комитет пен Көпшілік Комитеттері Бюросы атынан 1905 жылғы 12 мартта партияға бірігіп жазылған үндеу.

П а р т и я ғ а

Орталық Комитет пен Көпшілік Комитеттері Бюросы партияның III съезін шақыру жөніндегі инициативаны міндетіне алып, партияның барлық ұйымдарына мынаны жарыялайды: жалпы партиялық

тактика мен партияның ұйымдық бірлігін орнату үшін партияның III съезін тезінен шақырудың шұғыл қажет екендігін ескере отырып, олар съезді бірігіп ұйымдастыру жөнінде мына негіздерде келісімге келді:

1) Съезд Орталық Комитет пен Көпшілік Комитеттері Бюросының декларацияларында баяндалған программалар негізінде шақырылады, бұл программалардан төмендегідей күн тәртібі шығады:

а) Съезді құрастыру, б) партиялық тактиканың мәселелері, с) партиялық ұйым мәселелері: 1) орталық орындарды ұйымдастыру, 2) комитеттерді ұйымдастыру, 3) партияның әртүрлі мекемелері мен олардың бөлімдері арасындағы өзара қарым-қатнас, д) есептер, е) сайлау.

2) II съездің уставы бойынша съезге шешуші дауыспен қатысуға правосы бар партиялық ұйымдардың бәрі съезге шақырылады (яғни 4 Кавказдық комитет, Москва, Петербург, Тверь, Тула, Нижегород, Солтүстік, Киев, Одесса, Екатеринослав, Харьков, Дон, Воронеж, Николаев, Саратов, Самара, Солтүстік-Батыс, Полесье, Астрахан комитеттері, Лига; Донец, Қырым, Орал және Сибирь — одақтары*, ал басқалардың бәрі — кеңесші дауыспен қатысады).

3) Партияның III съезін шақыру жөнінде Көпшілік Комитеттері Бюросының осы кезге дейін орындап келген ұйымдастыру жұмысы мақұлданады.

4) Съезді шақыру жөніндегі бұдан былайғы жұмысты Көпшілік Комитеттері Бюросы мен Орталық Комитет бірігіп атқарады, олар Ұйымдастыру Комитетін құрады.

5) Партия Советінің партияның III съезін шақыруға қарсы «Искраның» 89-номерінде жарыяланған қарарын Орталық Комитет пен Көпшілік Комитеттері Бюросы съезді ұйымдастыру жөніндегі жұмысты тоқтату үшін негіз болады деп танымайды.

12 март, 1905 ж.

Орталық Комитеттің Көпшілік Комитеттері Бюросымен нақ сол 1905 ж. 12 мартта жасаған шарты әзір жарыялануға жатпайды.

* * *

Сонымен, біз толық моральдық жеңіске масаттана аламыз! Россия шетелдіктерден үстем болып шықты. Партиялық үйірмешілдікті жеңді. Ақырғы кезде Орталық Комитет Көпшілік Комитеттері Бюросы шақырып отырған съездің шын партиялық съезд екенін көріп, соған қосылды. Ақырғы кезеңде Орталық Комитет жеткілікті азаматтық ерлік көрсете біліп, антипартиялық сая-

* Рига, Смоленск, Курск, Орел — Брянск, Казан, Кременчуг, Елисаветград және Кубань комитеттері жөнінде Орталық Комитет пен Көпшілік Комитеттер Бюросы арасындағы шарттың 3-пунктін қараңыз.

саттан бастартты және шетелдік Советке карсы көтерілді. Біздің партияның уставы бойынша съезді Орталық Комитет шақырмайды, Совет шақырады. Олай болса, заң жолымен айтқанда, бұл мәселе жөнінде Орталық Комитеттің ешбір мәлімдемелері мен келісімдерінің ешқандай күші жоқ. Бірақ Совет уставты бұзып, съезд алдында есеп беруден бастартқан кезде, — комитеттердің съезді шақыру инициативасын өз қолына ала алатындығы былай тұрсын, тіпті солай етуге тиіс болды, ал Орталық Комитет комитеттер сайлаған Бюроны таныды, сөйтіп партиясыз қалған партия Советінің сәтсіз үлгісін қолдаудан бастартты.

Біз кәзір Орталық Комитет пен Көпшілік Комитеттері Бюросы келісімдерінің нақтылы мәселелері туралы ешнәрсе айта алмаймыз. Бұл мәселелердің бәрін, сол сыяқты съездің күн тәртібі туралы, оның құрамы, т. т. туралы мәселені әрине, тек съездің өзі ғана шеше алады. Сондықтан біз съездің табысты болуын тілеумен ғана және барлық жолдастарды шақырумен ғана тынамыз: съезді барлық жағынан бірдей даярлау жұмысын дереу, нағыз жігерлі түрде қолға алындар дейміз. Қортындыда бізге «Впередтің» II-номерінде өзіміздің: ... «біз кәзір дағдарыстан құтылудың ықтимал төте, бірыңғай жолына өте жақын келді»* дегенімізді тек қайталамақпыз.

*„Вперед“ № 13,
5 апрель (23 март). 1905 ж.*

*„Вперед“ газетінің тексті
бойынша басылып отыр*

* Осы томның 248-бетін қараңыз. *Ред.*

ЕВРОПА КАПИТАЛЫ МЕН САМОДЕРЖАВИЕ

Европа капиталы орыс самодержавиесін сақтап келеді деп социал-демократиялық баспасөз бұрын да талай рет көрсеткен болатын. Шетел заемдары болмаса самодержавие тұрақтай алмаған болар еді. Өзінің соғыс жөніндегі одактасын қолдау, әсіресе заем төлемдері дұрыс түсіп тұрған кезде қолдау француз буржуазиясына тиімді еді. Сондықтан француз буржуазиясы самодержавиелік үкіметке азғана соманы — *он миллиард франк* (4000 миллион сомға жуық) ақша қарыз берді.

Бірақ... ай астындағы әлемде өзгермейтін нәрсе жоқ! Жапонияға қарсы соғыс, самодержавиенің бүкіл шіріктігін әшкерелеп, ақырында самодержавиенің тіпті «досы және одактасы» француз буржуазиясынан алатын кредитін де құртты. Біріншіден, соғыс Россияның әскери әлсіздігін көрсетті, екіншіден, бірінен бірі ауыр соққан, үздіксіз бірнеше жеңілістер соғыстан үміттенуге болмайтындығын және самодержавиенің бүкіл үкімет системасының сөзсіз толық күйрейдіндігін көрсетті; үшіншіден, Россияда революциялық қозғалыстың қаулап өсуі Европаға да өрт салуы мүмкін осындай қопарылыстан Европа буржуазиясын өлердей үрейлендірді. Тұтанғыш материал соңғы он жылдар ішінде таудай болып жыйналды. Міне сондықтан осы жағдайлардың бәрі, бірге қосып алғанда, ақырында бұдан әрі қарыз беруден бастартуға себепкер болды. Самодержавие үкіметінің, бұрынғыша, Франциядан қарыз алу жөніндегі жуық арадағы әрекеті сәтсіздікке ұшырады: бірінші жағынан, капитал самодержавиеге кәзірдің өзінде сенбейді; екінші жағынан, рево-

люциядан қорққан капитал Жапониямен бітім жасату және орыс либерал буржуазиясымен бітім жасату үшін самодержавиеге қысым көрсеткісі келеді.

Европа капиталы бітімді саудаға салып отыр. Буржуазия соғыстың революциямен байланысты екенін тек Россияда ғана емес, Европада да түсіне бастады, патша өкіметіне қарсы нағыз халықтық және жеңімпаз қозғалыстан қорқа бастады. Буржуазия қоғамды қанауға негізделген «қоғамдық тәртіпті» қатты күйзелістен сақтап қалғысы келеді, орыс монархиясын конституциялы, немесе конституциялы сымал монархия түрінде сақтап қалғысы келеді, сондықтан да буржуазия пролетариатқа қарсы және антиреволюциялық мақсатпен бітімді пайдаланғалы отыр. Осы күмәнсіз факт, бізге мынаны айқын көрсетеді: егер кәзіргі кездегі қоғамның таптық антагонизмі естен шығарылатын болса, егер буржуазияның барлық, әралуан әрекеттері қаншалық демократиялық, гуманитарлық әрекеттер болып көрінгенмен, буржуазия бұл реттерде еңалдымен және көбінесе өз табының мүдделерін, «әлеуметтік дүниенің — мүдделерін, яғни барлық езілген таптарды жаныштап, қарусыздандыру мүдделерін қорғайтындығы естен шығарылатын болса, соғыс пен бітім мәселесі сыяқты тіпті «жәй» және айқын мәселенің дұрыс қойылуы мүмкін емес. Сондықтан бітім туралы мәселенің пролетарлық қойылысы да бұл мәселенің буржуазиялық-демократиялық қойылысынан сәзсіз өзгеше және өзгеше болуға тиіс, мұның өзі еркін сауда, антиклерикализм, т. с. жөнінде де осылай болады. Пролетариат соғысқа қарсы күресіп келді және үздіксіз күрес бермек, алайда қоғамның таптарға бөлінуін толық жойғанда ғана соғыс біткенді жоюға болатынын, таптық үстемдік сақталып тұрғанда соғысты бір ғана демократиялық сентименталдық тұрғыдан қарап бағалауға болмайтындығын, соғыс кезінде қанаушы ұлттар арасынан белгілібір ұлттың прогресшіл буржуазиясы мен реакцияшыл буржуазиясының ролін ажырата біту қажет екендігін бір минутте ұмытпайды. Орыс социал-демократиясына марксизмнің осы жалпы қағыйдаларын іс жүзінде жапон соғысына қолдануға тура келеді. Біз оның маңызын талдап қарағанымызда («Вперед» № 2, «Порт-Ар-

турдың кұлауы» деген мақала*), біздің социалист-революционерлер (Гед пен Гайндманды Жапонияға тілектес болғаны үшін сөккендер) былай тұрсын, тіпті жаңа искрашылдар да кате көзқарасқа, буржуазиялық-демократиялық көзқарасқа түскенін көрсеткенбіз. Соңғылардың бұл көзқарасқа түскені мынадан көрінді: олар, біріншіден, «қайткен күнде де бітім болсын» деп, екіншіден, «жапон буржуазиясының жеңісін пайдалану» лайықсыз деп пікір айтып келді. Бұл пікірлердің қай-қайсысы да саяси мәселелерді сентиментальдық негізге қоятын буржуазияшыл демократқа ғана лайықты нәрсе. Қазір шындық мынаны көрсетіп берді: «қайткен күнде де бітім болсын» деген пікір Европа биржевиктері мен реакционерлерінің ұраны болды (кн. Мещерский «Гражданинда»⁶⁶ кәзірдің өзінде-ақ самодержавиені аман сақтап қалу үшін бітім қажет деп ашық айтып отыр). Революцияны басу мақсатымен бітімді пайдаланудың өзі, *прогресшіл* буржуазияның жапон буржуазиясының жеңуін пайдалануына қарама-қарсы реакционердің пайдакүнемдігі ретінде, біздің көз алдымызда айдан анық болып отыр. Жаңа искрашылардың «пайдакүнемдікке» қарсы айтқан сөздері жалпы алғанда таптық көзқарасқа және түрлі күштерді есепке алу ісіне жат дәл сентиментальдық сөздер болып шықты.

Реакцияшыл буржуазияның жаңа түр-сыйпатын көрсеткен оқыйғалардың көзге айқын түсіп отырғаны сондай, кәзір «Искра» да өз хатесін түсіне бастады. Егер «Впередтің» 2-номеріндегі мақаламыз үшін ол 83-номерде ашумен «беттен алса», ал енді біз 90-номерден мынаны сүйсініп оқыймыз (басмақала): «Тек қана бітімді талап етуге болмайды, неге десеңіз самодержавие аман қалып отырғанда бітім дегеніңіз елдің апатқа ұшырауы болады». Міне бұл осылай: тек қана бітімді талап етуге болмайды, өйткені патша бітімі патша соғысынан жақсы емес (ал кейде одан да жаман); «қайткен күнде де бітім болсын» деген ұранды ұсынуға болмайды, тек самодержавиенің кұлауымен бірге жасалатын бітім ғана болсын, азаттық алған халық жасаған, еркін құрылтай жыйналысы жасаған бітім болсын, яғни қайткенде де жасалатын бітім емес, тек абсолютизмді кұлату арқы-

* Осы томның 40-бетін қараңыз. *Ред.*

лы ғана жасалатын бітім керек. «Искра» осыны түсінгеннен кейін, жапон буржуазиясының жеңуін пайдалануға қарсы айтылған өзінің асқан құлықшылдық тирадаларының орынсыз екендігін де түсінер деп сенеміз.

Дегенмен Европа капиталы мен оның саяси «пайдакүнемдігіне» қайтып оралайық. Патшалық Россияның бұл капиталды қаншалық қорқытатыны, бір есептен, мына қызғылықты оқыйғадан да көрінеді. Ағылшынның кертартпа буржуазиясының органы «Times»* «Россия төлем төлеуге қаблетті ме?» деген мақала басып шығарды. Мақалада Витте, Коковцев мырзалар мен олардың серіктерінің финанстық әрекеттерінің «айлалы механикасы» толық көрсетілген. Олардың басқаруынан үнемі зыян келіп отырады. Олар ауыр жағдайдан тек борышка белшесінен бата түсуі арқылы ғана құтылады. Оның бер жағында заёмдардан түскен ақша, бір заёмнан екінші заёмға дейінгі мерзімге, мемлекеттік қазнаға салынды, сөйтіп «алтын қорын» «басы артық ақша» деп масайрап көрсетеді. Қарызға алынған алтынды Россияның байлығын және оның төлем төлеуге қабілеттілігін ыспаттайтын дәлел ретінде жұрттың бәріне, әрбір адамға көрсетеді! Ағылшын купецінің бұл қулық әрекетті қарызға алған немесе мүттәйімдікпен тапқан ақшасын (немесе тіпті ішінде ақшасы бар делінген шкафын) жаңадан заёмдар алу үшін көрсеткен атышулы мүттәйім Эмберлердің ісімен салыстыруы таңқаларлық нәрсе емес! «Орыс үкіметінің континент рыноктерінде борышқор есебінде жиі көрінуі — деп жазды «Таймс» — капиталдың жеткіліксіздігінен, өндіріс кәсіпорындарының тұтынушылығынан немесе уақытша және төтенше шығындардан болып отырған жоқ, есебі тек қана ұлттық табыстың калыпты дефицитінен болып отыр. Ал мұның мәнісі — істің жайы осылай болып тұрғанда Россия тікелей банкрот болуға беталып барады деген сөз. Оның ұлттық балансы оны жыл санап борышка белшесінен батырып отыр. Оның шетелдіктерге бересі борыштары халық қаржысынан асып түседі, сондықтан бұл борыштарды өтеуге оның нақтылы мұршасы жоқ. Оның алтын қоры — үлкен эмберлер шкафы деген сөз, ал шкафтағы атышулы миллиондарды

* — «Таймс» («Заман»). Ред.

алдауға түскендер қарызға берген және бұл миллиондар алданғандарды бұдан әрі алдау үшін керек болады».

Айлакерлік қой, рас емес пе? Алдауға түсетін аңғырты табу, одан ақша қарыз алу. Сонсоң осы ақшаның өзін байлықтың дәлелі есебінде, оның өзіне көрсету, сөйтіп оның өзінен жаңадан қарыз алу!

Эмберлердің атышулы мұттәйім семьясымен салыстырудың дәл түскендігі және әйгілі «басы артық ақшаның» «мәні» мен мағнасын әбден маскаралағаны сонша, байсалды кертартпалық газеттің мақаласы шу көтерді. Финанс министрі Коковцевтің өзі «Таймсқа» телеграмма жіберді, бұл газет телеграмманы дереу басып шығарды (23/10 март). Ренжіген Коковцев бұл телеграммада «Таймс» редакциясын Питерге келіп, алтын қорын өз көзімен тексеріп көруге шақырды. Редакция құрметтеп шақырғаны үшін алғыс айтып патша қызметшісін ренжіткен мақала алтын қорының бар екенін титтей де теріске шығармайды деген жәй дәлелге сүйеніп барудан бастартты. Эмберлермен салыстырудың мәнісі Россияда аталған алтын қоры жоқ деген сөз емес, мұның мәнісі — бұл қор шындығында бөтеннің ақшасы, қарызға алынған, бірақ өтелуі ешнәрсемен қамтамасыз етілмеген ақша деген сөз, ал бұл ақша Россияның байлығын көрсетпейді, сондықтан ілгеріде заёмдар алу үшін ол ақшаны дәлел ету күлкі болып шығады!

Коковцев мырза өткір, зәрлі салыстырудың мәнін түсінбей, өзінің телеграммасымен бүкіл дүниежүзіне күлкі болды. Финанс министріне: — банктердегі алтын қорын тексеру журналистердің міндетіне кірмейді, — деп жауап берді «Таймс». Ал шынында да баспасөздің міндеті нақтылы болғанымен, ел байлығын дәлелдеу үшін жалған сөзбен ұсынылатын «алтын қоры» арқылы істелген қулық әрекеттің мәнін ашу еді. Газет осы күлкілі телеграмма жөніндегі мақалада орыс министріне былай деп жөн айтты: осы алтын қоры сіздерде бар ма, жоқ па, мәселе онда емес. Біз бар екеніне сенеміз. Мәселе мынада: сіздердің активтеріңіз бен пассивтеріңіз қандай? сіздердің борыштарыңыздың сомасы қандай және оларды өтерлік мұршаларыңыз қандай? немесе, жәй сөзбен айтқанда, осы сіздерде жатқан қор өздеріңіздікі ме, әлде борышқа алынған, қайтарылып берілуге тиісті қор ма, оның бер-жағында бар борышты қайтарып беру үшін сіздерде

ешнәрсе жоқ емес пе? Сонымен, ағылшын буржуалары есалаң министрді келемеждеп, қайдағы бір осы қулықты неше сакқа жүгіртіп, оның аузына шайнап салады да, қосымша мынадай ақыл айтады: егер сіз өздеріңіздегі кредит пен дебетті тексеретін кісі іздеп отырған болсаңыз, онда орыс халқының өкілдерінен неге сұрамайсыз? Қазір халықтың өкілдері сіздерде аталып жүрген земство жыйынына немесе ұлттық жыйналысқа жыйналуды қатты тілеп отыр. Олар тек бір атышулы «алтын қорды» ғана емес, самодержавиенің бүкіл финанс шаруашылығын толық тексеруден сірә бастартпас. Ал олар әбден екшеп істің жайын толық пайымдап тексере білетін шығар.

«Ал мүмкін — деп мысқылдайды *«Таймс»* мақаласының аяғында — мүмкін өкілдік жыйналыс осындай тексеру жөніндегі өз правосын талап етеді деп сенуге болатын шығар, нақ осы сенімнің өзі мұндай жыйналысты шақырудан, ең болмағанда бұл жыйналыс белгілібір нақтылы билікке ие болады деген күнде, мұны шақырудан патша үкіметінің қорқуына себеп болатын шығар?»

Зәрлі сұрақ. Ал оның соншалық зәрлі, соншалық мәнді болатын себебі — шынында бұл сұрақты беріп отырған *«Таймс»* газеті емес, бүкіл *европалық буржуазия*; — бұл сұрақ айтыс амалы есебінде беріліп отырған жоқ, қайта осы сұрақ арқылы самодержавиеге өзінің сенбейтіндігін, оған қарызға ақша бергісі келмейтіндігін, орыс буржуазиясының заңды өкілдігімен істес болуға ұмтылатындығын тікелей көрсетіп отыр. Бұл сұрақ емес, сактандыру. Бұл кекесін емес, *ультиматум*, Европа капиталының орыс самодержавиесіне жасаған ультиматумы. Егер Жапонияның одақтастары, ағылшындар, бұл ультиматумды мысқыл түрінде тұжырымдаса, ал Россияның одақтастары, француздар, ең кертартпа, ең буржуазияшыл газет *«Temps»** арқылы тек сыпайылап, тігісін жатқызып, дәл соны айтып отыр, бірақ дегенмен бұдан былай қарыз беруден бастартып, Жапониямен де, орыстың буржуазиялық либералдарымен де бітім жасауға самодержавиеге кеңес беріп отыр. Ағылшынның тағы бір байсалды журналы *«The Economist»* («Экономист») былай

* — «Заман». Ред.

дейді: «Орыс финансы жөніндегі шындықты ақырында Францияда да мойындай бастап отыр. Біз бұрын да талай рет былай деп көрсеткенбіз: Россия көптен бері-ақ қарызға алған ақшамен күнелтіп келеді, бірінен соң бірі ауысып жатқан финанс министрлерінің бәрінің лепірме мәлімдемесіне қарамастан Россияның бюджеттері жылдан жылға ірі дефицит туғызып отыр, бұл дефициттерді бұхгалтерлік айла-шаралар арқылы қулықпен жасыруға тырысса да осылай болып отыр; — ақырында атышулы «басы артық ақша» көбінесе заёмдардан түскен пайдалардан және аздап мемлекеттік банктегі вкладтардан құралады». Сөйтіп, орыс самодержавиесіне күйінішті шындықты осылайша айтып салған осы арнаулы финанс журналы алайда буржуазиялық жұбаныш қосуды қажет деп табады: егер сіз кәзір дереу бітім жасай алсаңыз және либеральдарға уступка жасай алсаңыз, онда Европаның сізге қайтадан миллион-миллион қарыздар бере бастайтыны күмәнсіз ғой дейді.

Біздің көз алдымызда болып жатқан нәрсені халықаралық буржуазияның Россияны революциядан құтқару және патша өкіметін толық күйреуден құтқару жөніндегі жалдаптығы деп атауға болады. Жалдаптар қарыз беруден бастарту арқылы патшаға қысым жасап отыр. Олар өздерінің күшін — ақшалы қапшықтың күшін пайдаланып отыр. Олар Россияда баяу және ұқыпты буржуазиялық-конституциялы тәртіптің (немесе конституциялысымақ тәртіптің) болуын тілейді. Француз биржевиктері мен ағылшын шонжарлары, неміс капиталистері мен орыс купецтері ұлттық айырмашылықтарына қарамастан, олар тез дамып келе жатқан оқыйғалардың әсерімен революцияға қарсы буржуазиялық бір одақ болып неғұрлым тығыз ұйымдасып отыр. «Освобождение» осы ең баяу буржуазиялық партия рухында іс істеп отыр. 67-номерде, «демократиялық партияның программасы» баяндай келіп, дауысты жасырын беру жолымен болатын жалпыға бірдей, төте, тең сайлау правосын тіпті (ұзаққа ма?) мойындап (және халықты қаруландыру жөнінде әдептілікпен үндемей өтіп!), Струве мырза өзінің жаңа profession de foi-ын* «маңызды болуы үшін»

* — сенім белгісі, программа, дүние тану баяны. *Ред.*

көрнекті әріппен басылған мынандай ерекше мәлімдемемен аяқтайды: «Кәзіргі кезеңде Россиядағы *әрбір прогресшіл* партияның программасынан тыс және *программасы үстінде* соғысты дереу тоқтату талабы тұруға тиіс. Практика жүзінде мұның мәнісі — *кәзіргі кезде Россияда өмір сүріп отырған үкімет* — Францияның келістірушілігімен — жапон үкіметімен бітім туралы келіссөз бастауға тиіс деген сөз». Соғысты тоқтату жөнінде буржуазиялық-демократиялық талап пен социал-демократиялық талаптың айырмасын бұдан айқын көрсетуге бола қоймас. Революцияшыл пролетариат бұл талапты «программа үстіне» қоймайды, бұл талапты «кәзіргі кезде өмір сүріп отырған үкіметке» жолдамайды, мұны еркін, нағыз тәуелсіз, халықтық құрылтай жыйналысына жолдайды. Революцияшыл пролетариат көрер көзге антиреволюциялық және пролетариатқа қарсы мақсатпен бітімге жетпекші болып отырған француз буржуазиясының келістірушілігін «пайдаланбайды».

Ақырында шын мәнісінде, баяу буржуазияның осы халықаралық партиясымен кәзір Булыгин мырза саудаласып отыр, айламен уақытты ұтып, дұшпанын қажытып, оны жалған уәделермен тойындырып, бірақ тиімді ешнәрсе бермей отыр, Россиядағы барлық нәрсені, түгелінен бұрынғыша қалдырып отыр, стачкашыларға қарсы әскерлер жіберуден бастап, сенімсіз адамдарды тұтқыңға алумен, баспасөзді қудалаумен созып, шаруаларды интеллигенттерге арамдықпен айдап салумен және көтеріліс жасаушы шаруаларды айуандықпен дүрелеумен аяқтап отыр. Ал либералдар кармаққа түсіп отыр, кейбіреулері Булыгинге кәзірдің өзінде сене бастап отыр, ал Кузьмин-Қараваев мырза заң қоғамында әлгі... әлгі... әлгі Булыгин мырзаның⁶⁷ керемет көздері үшін жалпыға бірдей сайлау правосын құрбан етіндер деп либералдық қоғамға ақыл айтып отыр.

Кертартпа баяу буржуазияның халықаралық одағына қарсы тұра алатын тек бір ғана күш бар, ол: революцияшыл пролетариаттың халықаралық одағы. Бұл одақ саяси тілектестік мағнасында кәзірдің өзінде толығынан құрылды. Істің практикалық жағына және революциялық бастамаға келетін болсақ, онда бұл жөнінде бар мә-

селе Россияның жұмысшы табына және оның қала мен деревняның миллиондаған кедейлерімен бірге үзілді-кесілді ұрысқа демократиялық аттанысының жемісті болуына байланысты.

*„Вперед“ № 13,
5 апрель (23 март), 1905 ж.*

*„Вперед“ газетінің тексті
бойынша басылып отыр*

СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯ
ЖӘНЕ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ УАҚЫТША
ҮКІМЕТ

1905 жылғы марттың ақырында —
апрельдің басында жазылған
1905 жылы 5 және 12 апрельде
(23 және 30 мартта)
„Вперед“ газетінде басылған, №№ 13 және 14

Қолжазба бойынша
басылған отыр

1

«Самодержавие жойылсын!» деген ұран бұдан небәрі бес жыл бұрын социал-демократияның көп өкілдеріне мерзімсіз, жұмысшылар бұқарасы үшін ұғымсыз ұран болып көрінетін-ді. Ондай өкілдерді жұрттың оппортунистер қатарына қосуы әділ еді. Өйткені олардың қозғалыстан артта қалып келе жатқандығы, таптың алдыңғы қатардағы отряды болып отырған, оның басшысы және ұйымдастырушысы болып отырған, бүтін қозғалыстың, оның негізгі және ең басты мақсаттарының өкілі болып отырған партияның міндеттерін олардың ұқпайтындықтары оларға ылғый түсіндіріліп отырды. Бұл мақсаттар күнделікті шұғыл жұмыс үстінде уақытша бүркеулі қалуы мүмкін, бірақ күресуші пролетариаттың жол көрсеткіш жарық жұлдызы болып отырған өзінің маңызын ешуақытта жоғалтуға тиісті емес.

Міне енді революциялық жалын бүкіл елді қамтыған кез, алдымыздағы таяу уақыттың ішінде самодержавие-нің сөзсіз құлайтындығына тіпті сенбейтіндердің өздері сенген кез келіп жетті. Бірақ социал-демократияға, тарихтың тап бір кекесіні бойынша болып отырғандай-ақ, дәл әлгіндегідей реакцияшыл, қозғалысты кейін қарай шегіндіргісі келетін, оның міндеттерін төмендеткісі келетін, ұрандарын бүркегісі келетін оппортунистік әрекеттермен тағыда кездесуге тура келіп отыр. Бұл сыяқты әрекеттердің өкілдерімен айтысқа шығу кезектегі міндетке айналып отыр, (партия ішінде айтысуды ұнатпайтындардың талай-талайларының пікіріне қарамастан) орасан зор практикалық маңыз алып отыр. Біз өзіміздің жуық арадағы саяси міндеттерімізді тура жүзеге асыруға неғұр-

лым жакындаған сайын, бұл міндеттерді соғұрлым мейлінше айқын түсіне білу қажеттігі күшейе түседі, бұл мәселеде сөздің екіұшты болушылығының, сөз бүгіп қалушылықтың немесе жете ойламаушылықтың қандай болса да соғұрлым зиянды бола береді.

Ал жете ойламаушылық жаңа искрашыл яки (одан ешбір айырмашылығы жоқ) рабочеделошыл лагерьдегі социал-демократтар арасында онша аз емес. Самодержавие жойылсын! — бұған жұрттың бәрі қосылады, бұған барлық социал-демократтар ғана емес, сонымен қатар барлық демократтар да, айта берсең, өздерінің кәзіргі мәлімдемелеріне сенетін болсақ, барлық либералдар да қосылады. Бірақ бұл не деген сөз? Кәзіргі үкімет атап айтқанда қалай құлатылуы керек? Тіпті освобождениешілдер де, — («Освобождениенің» 67-номерін караңыз) жалпыға бірдей, т. т. сайлау правосын танып, — өздерінің ұраны етіп көтеруге дайын отырған құрылтай жыйналысын кім шақыру керек? Мұндай жыйналысқа еркін, барлық халықтың мүдделерін білдіретін сайлау жүргізуді шын қамтамасыз етудің мәнісі атап айтқанда қандай болуға тиіс? .

Кімде-кім бұл сұрауларға айқын, дәлме-дәл жауап бере білмесе, ол адам: самодержавие жойылсын! — деген ұранды түсінбейді. Ал бұл сұраулар бізді революциялық уақытша үкімет туралы мәселеге сөзсіз алып келеді; самодержавиенің тұсында шын мәнісінде жалпыға бірдей, тең, төте және жасырын дауыс беруді толық қамтамасыз етіп, құрылтай жыйналысына шын мәнісінде еркін жалпыхалықтық сайлау жүргізудің ықтымал болмауы былай тұрсын, тіпті мүмкін емес екендігін ұғыну қыйын емес. Ал егер біз самодержавиелік үкімет дереу құлатылсын деген практикалық талапты құр босқа ұсынып жүрмеген болсақ, онда біз құлатылатын үкіметті *атап айтқанда қандай басқа үкіметпен* алмастырғымыз келетіндігін, немесе басқаша айтқанда: социал-демократияның революциялық уақытша үкімет жөніндегі көзқарасына өзіміздің қалай қарайтынымызды өзімізге айқындап алуымыз керек болады.

Бұдан бес жыл бұрын рабочеделошылар жалпы саяси күрес мәселесі жөнінде партияны қалай кейінге тартқан болса, кәзіргі социал-демократияның оппортунистері де, яғни жаңа искрашылдар, бар күштерін салып, осы мәсе-

ле жөнінде партияны нақ солай кейінге тартуда. Осы мәселе жөніндегі олардың реакцияшыл көзқарастары Мартыновтың «Екі диктатура» деген кітапшасында неғұрлым толық көрсетілген, бұл кітапшаны «Искра» (№ 84) арнаулы мақаламен қуаттап, жұртқа ұсынғанды, бізде бұл кітапшаға оқушыларымыздың назарын талай рет аударған болатынбыз.

Мартынов өзінің кітапшасының ең басында бізді мынадай қорқынышты перспективамен қорқытады: егерде революцияшыл социал-демократияның мықты ұйымы, Ленин арман еткендей, самодержавиеге қарсы «жалпыхалықтық қарулы көтеріліс тағайындап, оны жүзеге асыра» қалса, «бүкіл халық тілегін білдіріп, дәл осы партияны революцияның артынша іле-шала уақытша үкімет етіп тағайындауы айқын емес пе? Революцияның жуық арадағы тағдырын халық пәлендей бір басқа партияға тапсырмай, нақ осы партияға тапсыратыны айқын емес пе?»

Бұл ақылға сыймайтын нәрсе, бірақ бұл факты. Орыс социал-демократиясының болашақ тарихшысы, орыс революциясының ең басынан-ақ социал-демократияның жирондистері революцияшыл пролетариатты осы сыяқты перспективамен қорқытқандарын таңдана атап көрсететін болады! Мартыновтың кітапшасының (сонымен бірге жаңа «Искра»ның бірсыпыра мақалаларының және мақалаларының кейбір жерлерінің) күллі мазмұны осы перспективаның «кереметтерін» езгілей беруге келіп тіреледі. Бұл жерде жаңа искрашылдардың идеялық көсемінің көзіне «өкіметті тартып алу» кереметі елестеп отыр, «якобиншілдіктің», бакунизмнің, ткачевизмнің, тағы басқа сол сыяқты қорқынышты измдердің құбыжығы елестеп отыр; революцияға жолдан қосыла кететін кексе катындардың саяси сәбилерді осылармен қорқытуға жандары құмар. Әрине, бұлай еткенде Маркс пен Энгельстен «цитата» келтірмей отыра алмайтыны да өзінен өзі белгілі ғой. Қайран Маркс пен Энгельс-ай, сіздердің шығармаларыңыздан цитата келтіріп, нендей ғана қыянат істемеді! Сіздердің естеріңізде шығар: *біздің саяси міндеттеріміздің және саяси үгітіміз бен күресіміздің әдістерінің тар өрістілігін, артта қалғандығын дәлелдеу үшін «тап күресінің қандайы болса да саяси күрес болады»⁶⁸* деген ақыйқатты мысалға келтірді емес пе? Енді хвосты-

змнің пайдасына бола Энгельсті өтірік куә етіп тартып отыр. «Германиядағы шаруалар соғысы» деген кітабында ол былай деп жазған болатын: «Өзі жоқшысы болып отырған таптың үстемдік жүргізуі үшін және осы үстемдікті қамтамасыз ететін шараларды қолдану үшін қозғалыс әлі толып пісіп жете қоймаған кезде амалсыздан өкіметке ие болу әсіре партияның көсеміне кездесетін жағдайлардың ішіндегі ең қолайсыз жағдай болып табылады». Автордың пікірін біздің хвостистің қалай бұрмалап отырғандығына көз жеткізу үшін, Мартынов келтіріп отырған ұзын цитатаның осы бас жағын жете зер салып оқып шығудың өзі-ақ жеткілікті. Энгельс *тап үстемдігін қамтамасыз ететін өкімет* туралы айтып отыр. Бұл қалайша анық емес? Демек, пролетариат жөнінде бұл өкімет *пролетариаттың үстемдігін қамтамасыз ететін өкімет*, яғни социалистік төңкеріс жасайтын пролетариат диктатурасы. Мартынов мұны ұқпай отыр, самодержавие-ні құлату заманындағы революциялық уақытша үкіметті буржуазия құлатылған заманда қамтамасыз етілген пролетариат үстемдігімен шатастырып отыр, пролетариат пен шаруалардың демократиялық диктатурасын жұмысшы табының социалистік диктатурасымен шатастырып отыр. Ал енді Энгельстен келтірілген цитатаның жалғасынан оның пікірі мұнан да гөрі айқындала түседі. Әсіре партияның көсемі — дейді ол — «*басқа таптың мүдделерін өз мүдде деп, өз табын сылдыр сөзбен, уәдемен сендірумен* шығарып салады да, өзіне жат таптың мүддесін қорғауға» тиіс болады. «Кімде-кім осы *жалған жайға* душар болса, оның келмеске кетіп кұрығаны»⁶⁹.

Цитатаның осы баса көрсетілген жерлері «өз» табының шын мүдделерін және төңкерістің шын таптық мазмұнын көсемнің ұқпағандығының нәтижесі болып табылатын жалған жайдан Энгельстің нақ күнілгері сақтандырып отырғандығын көрсетеді. Анық болу үшін жәй мысалдар келтіріп-ақ мұны біздің терең пікірлі Мартыновқа талдап түсіндіріп көрейік. Народоволюцияшылар «еңбек» мүдделерін қорғамақшы болған кезде келешектегі орыс құрылтай жыйналысында шаруалардың 90 проценті социалист болады деп, өздерін де, басқаларды да сендірген болатын, олар осынысы арқылы өздерін келмеске кететін саяси өлімге сөзсіз байлап беретін жалған жайға душар болған еді, өйткені бұл «уәделер мен

сендірулер» объективті шындыққа сәйкес келмеді. Олар іс жүзінде буржуазияшыл демократияның мүддесін, «басқа таптың мүддесін» жүзеге асырған болар еді. Аз-маз бірдеме ұға бастамайсыз ба, құрметті Мартынов? Социалист-революционерлер Россияда сөзсіз болатын болашақ аграрлық қайта құрылыстарды «социализациялау» деп, «жерді халыққа беру» деп, «жерді теңбе-тең пайдаланудың» басы деп түсініп отырғанда олар өздерін өздері келмеске кететін саяси өлімге сөзсіз байлап беретін жалған жайға қояды, өйткені олардың жүзеге асыруға тырысып жүрген сол қайта құрылыстарының нақ өзі іс жүзінде *басқа таптың*, шаруа буржуазиясының үстемдігін қамтамасыз етеді, сондықтан революцияның дамуы неғұрлым жедел жүрсе, олардың құрғақ сөздерін, уәделері мен сендірулерін шындық соғұрлым тез теріске шығаратын болады. Істің мәнісінің неде екенін сіз әлі ұққан жоқсыз ба құрметті Мартынов? Энгельстің пікірінің мәні төңкерістің шын тарихи міндеттерін *ұғынбаудың* қатерлілігін көрсетуде екенін, солай болса, Энгельстің сөздерін біздің народоволяшылдар мен «социалист-революционерлерге» қолдануға болатындығын сіз әлі де ұққан жоқсыз ба?

II

Энгельс төңкерістің *пролетарлық емес* сыйпатын пролетариат көсемдерінің *ұғынбауының* қауіпті екендігін көрсетеді, ал ақылды Мартынов бұдан, өздерін программамен де, тактикамен де (яғни барлық насихатпен, үгітпен), ұйыммен де революцияшыл демократиядан бөлектеген пролетариат көсемдерінің демократиялық республика жасауда басшылық роль атқарғаны қауіпті ғой деген қортынды шығарады. Энгельс төңкерістің жалған социалистіксімақ мазмұны мен нақтылы демократиялық мазмұнын көсемнің шатастыруын қауіпті деп біледі, ал ақылды Мартынов бұдан, — буржуазия үстемдігінің акырғы формасы болатын, пролетариаттың буржуазияға қарсы тап күресінің ең жақсы формасы болатын демократиялық республиканы орнатуда пролетариаттың шаруалармен бірге біле-тұра диктатураны өз қолына алғаны қауіпті ғой деген қортынды шығарады. Энгельс сөзіне ісі сай келмейтін, уәдесінде бір таптың үстемдігін

орнатамын деп, ал іс жүзінде екінші таптың үстемдігін қамтамасыз ететін теріс, жалған жайды қауіпті деп біледі; Энгельс осы екіжүзділік келмеске кететін саяси өлімге арандатпай қоймайды деп біледі, ал ақылды Мартынов бұдан, демократияның буржуазияшыл жақтаушылары, пролетариат пен шаруалардың шын демократиялық республиканы қамтамасыз етуіне жол бермейтіндіктен өлім қаупі бар деген қортынды шығарады. Ондай өлім, шын демократиялық республика жолындағы күресте өлген пролетариат көсемінің өлімі, мындаған пролетариаттың өлімі, адам өлімі болғандықтан саяси өлім емес екендігі былай тұрсын, қайта, оның керісінше, пролетариаттың ең ұлы жеңісі екендігін, оның бостандық жолындағы күресте өзінің гегемонын тамаша жүзеге асырғаны екендігін ақылды Мартынов ешбір түсіне алмай-ақ қойды. Энгельстің айтатыны — санасыздықпен өзінің таптық жолынан тайып, жат таптың жолына түсушілердің саяси өлімі, ал құрметтеп бас иіп Энгельстен цитата келтіріп отырған ақылды Мартовтың айтатыны — таптық түзу жолмен ілгері басып бара жатқандардың өлімі.

Революцияшыл социал-демократия мен хвостизмнің көзқарастарының айырмашылығы бұл арада мейлінше айқындалып отыр. Мартынов пен жаңа «Искра» шаруалармен бірге пролетариатқа жүктеліп отырған ең радикалды демократиялық төңкерістің міндеттерінен тартыншақтап қашып отыр, бұл төңкеріске социал-демократиялық басшылық беруден тартыншақтап отыр, сөйтіп алды-артын ойламай санасыздықтан бола тұрса да, пролетариаттың мүдделерін буржуазияшыл демократияға жем қылып отыр. Біз болашақтың үкіметтік партиясын емес, оппозициялық партиясын шындауымыз керек деген Маркстің орынды пікірінен Мартынов: біз *кәзіргі* революцияның хвостистік оппозициясын жасактауымыз керек деген қортынды шығарады. Оның саяси даналығы осыған келіп тіреледі. Оның пікірі міне мынадай, бұл туралы оқушымыздың ойлануын өте-мөте сұрар едік.

«Өзі социалистік революцияны жасамай тұрып, пролетариат мемлекеттегі саяси өкімет билігін бүтіндей де, жарым-жартылай да ала алмайды. Мұның өзі — оппортунистік жоресизмнен біздің арамызды ашатын даусыз қағыйда»... (Мартынов, 58-бет), және ненің неге қаты-

сы бар екенін құрметті Мартыновтың ұғына алмайтынын даусыз дәлелдейтін қағыйда деп, біз өз жанымыздан қосып айтамыз. Социалистік төңкеріске қарсыласатын өкіметке пролетариаттың қатнасуын әкеліп пролетариаттың демократиялық революцияға қатнасуымен шатастыру, әңгіменің не туралы болып отырғандығын тіптен ұғынбаушылық болып шығады. Мұның өзі кісі өлтіруші Галлифенің министрлігінде Мильеранның қатысуын әкеліп республика орнатуға күш салған және оны орнатқан Коммунаға Варлэнның⁷⁰ қатысуымен шатастыру дегенмен бірдей нәрсе.

Ал біздің автордың қалай шатасып отырғанын көру үшін тағыда тыңдап көріндер: «...Ал олай болса, болайын деп отырған революция *барлық* буржуазияның *тілегіне қарсы* (курсив Мартыновтікі) ешқандай саяси формаларды жүзеге асыра алмайды, бұл анық, өйткені буржуазия ертеңгі күннің қожайыны болмақ...» Біріншіден, мұның алдында айтылған сөзде пролетариаттың өкімет билігі туралы, тіпті социалистік революция жасауға дейін жалпы сөз болып келіп, енді бұл арада тек саяси формалар туралы ғана айтылып отырғаны қалай? автор экономикалық формаларды жүзеге асыру туралы неге айтпайды? Оның себебі, социалистік төңкерістен демократиялық төңкеріске қарғып түскендігін оның өзі де байқамай қалды. Егер солай болса (бұл екіншіден), онда автордың *tout court* (әншейіннен әншейін) «*барлық буржуазияның тілегі*» туралы айтуы мүлде қате нәрсе, өйткені демократиялық төңкеріс заманының өзгешелігінің өзі тек абсолютизмнен ғана кұтылатын буржуазияның түрлі жіктері тілектерінің дәл түрліше болуында. Демократиялық төңкеріс туралы айтқанда «пролетариат» пен «буржуазияны» кұр әншейін жәй ғана қарама-қарсы қоюмен сөзді тоқтату барып тұрған ақымақтық болады, өйткені *бұл* төңкеріс атап айтқанда қоғам дамуының мынадай дәуірін көрсетеді, бұл дәуірде қоғам бұқаралары шынында пролетариат пен буржуазияның екі аралығында болады, оның өзі, ұлан-байтақ ұсақ буржуазия, шаруалар жігін кұрайды. Атап айтқанда демократиялық төңкеріс әлі жасалмағандықтан, саяси формаларды жүзеге асыру ісінде, сөздің кәзіргі, тармағнасында айтылып отырған «буржуазияға» қарағанда, бұл орасан зор жіктің пролетариатпен ортақ мүдделері

анағұрлым көп. Мартыновтың шатасуының ең бір негізгі жері осы жәй нәрсені түсінбеушілік.

Онан әрі былай дейді: ...«Ал бұлай болатын болса, онда пролетариаттың революциялық күресі буржуазиялық элементтердің көпшілігін қорқыту арқылы тек бір-ақ түйінге, — өзінің әуелгі қалпындағысындай болып абсолютизмнің қайта орнауына бастап әкеледі, — сонымен пролетариат осы болуы мүмкін нәтижеге кездескенде, әрине, аңырып тұрып қалмайды, егер істің беталысы шіруге айналған самодержавиелік өкіметті алдамшы конституциялық кеңшіліктер беру арқылы жандандырып, күшейту жағына үзілді-кесілді ауатын болса, онда пролетариат ең кұрығанда буржуазияны қорқытудан бастартпайды. Бірақ, күреске аттанғанда, пролетариаттың көздейтіні істің осылайша болып жаман тынуы емес екендігі өзінен өзі түсінікті».

Оқушы, бірдеме ұғасыз ба? Алдамшы конституциялық кеңшілік жасау қаупі туа қалған күнде, пролетариат абсолютизмнің қайта орнауына бастап әкелетін қорқытудан да әрі барады! Егер мен: маған Мартыновтың бір өзімен бір күндік сөйлесу сыяқты египет өлім жазасы төніп тұр; сондықтан мен жолым болмай бара жатса Мартыновпен және Мартовпен тек екі күн сөйлестіре алатын қорқытуды қолданамын десем — мұның өзі әлгіндегі сөзбен бірдей нәрсе ғой. Мұның өзі бос мылжың ғой, кұрметтім-ау!

Жаңағы біз келтіріп өткен сандырақты жазғанда Мартыновқа елестеген ой мынау еді: егер пролетариат демократиялық төңкерістің заманында буржуазияны социалистік революциямен қорқыта бастаса, онда мұның өзі демократиялық жеңістерді де әлсірететін реакцияға ғана әкеліп соқтырады. Бар болғаны осы ғана. Бастапқы түрінде абсолютизмді қайта орнату туралы да, істің түбі жаманға соғатын болса пролетариаттың барып тұрған ақымақтыққа баруға әзір тұратыны туралы да әңгіме болуы мүмкін емес екені түсінікті нәрсе. Мәселенің барлығы тағы айналып келгенде жаңағы, Мартынов ұмытып отырған, демократиялық төңкеріс пен социалистік төңкерістің арасындағы айырмашылыққа, демократиялық төңкерісті қолдау қолынан келетін, ал социалистік революцияны қолдау дәл кәзір қолынан келмейтін

орасан көп шаруа, ұсақ буржуазия халқының өмір сүріп отырғандығына келіп тіреледі.

Біздің ақылды Мартыновты тағыда тындап көрелік: ...«Буржуазиялық революцияның қарсаңында пролетариат пен буржуазияның арасында болатын күрестің буржуазиялық революцияның қортынды сатысында, социалистік революцияның қарсаңында болатын нақ сол күрестен кейбір жағынан айырмашылығы болуға тиіс екені даусыз»... Я, бұл даусыз, егер де Мартынов осы айырмашылықтың дәл неде екенін ойланған болса, онда оның жоғарыда көрсетілген сандырағын да, өзінің бүкіл кітапшасын да жаза қоймас еді.

...«Буржуазиялық революцияның барысы мен аяқталуына әсер ету үшін болатын күрес тек мынадай болуы мүмкін: пролетариат либералдық буржуазия мен радикалдық буржуазияның еркіне революциялық қысым жасап отыратын болады, қоғамның неғұрлым демократияшыл «төменгі топтары» оның «жоғарғы топтарын» буржуазиялық революцияны заңды түрде аяқталатындай етіп ақырына дейін жеткізуге еріксіз көндіреді. Бұл күрес мынадай болады: пролетариат әрбір ретте буржуазияның алдына: не өзі тұншығатын абсолютизмнің қыспағына қарай кейін шегін, не болмаса халықпен бірге ілгері бас деп, шарт қоятын болады».

Бұл тирада — Мартыновтың кітапшасының басты пункті. Кітапшаның барлық сөлі, барлық негізгі «идеясы» осында. Сонымен бұл ақылды идеялар не болып шығады? Қараңыздар: қоғамның осы «төменгі топтары» дегеніміз, данышпанымыздың ақырында келіп ойына түсіп отырған осы «халық» дегеніміз кімдер екен? Бұлар — атап айтқанда қаладағы миллиондаған ұсақбуржуазиялық топтар мен миллиондаған шаруалар тобы, революцияшыл демократ болып іске араласу бұл топтың қолынан әбден келеді. Ал қоғамның жоғарғы топтарына пролетариат пен шаруалардың осы қысым жасауы дегеніміз немене, қоғамның жоғарғы топтарына қарамастан пролетариаттың халықпен осы ілгері басып отырған қозғалысы дегеніміз немене? Бұл — біздің хвостист қарсы шығып күресіп отырған *пролетариат пен шаруалардың революцияшыл демократиялық диктатурасының* дәл өзі! Хвостист тек әбден түбіне жете ойлаудан қорқады, затты өзінің шын атымен атаудан қорқады. Сондықтан ол,

маңызына өзі түсінбейтін сөздерді айтады, ол кісі күлерлік, ақылсыз бықсық қулықпен*, шын мағнасын өзі сезбей қалатын ұрандарды қорқып қайталай береді. Сондықтан өзінің ақырғы қортындыларының ең «қызықты» жерінде: қоғамның жоғарғы топтарына пролетариат та, «халық» та қысым жасасын, бірақ пролетариат пен шаруалардың революцияшыл-демократиялық диктатурасы болмайтын болсын деген масқараны тек хвостистің ғана айтуы мүмкін, — мұндай сөзді тек Мартыновтың ғана айтуы мүмкін! Мартынов: пролетариат халықпен бірге ілгері басатындығын айтып, қоғамның жоғарғы топтарын қорқытса екен дейді, бірақ сонымен қатар, пролетариат өздерінің жаңа искрашыл көсемдерімен бірге демократиялық жолмен *ілгері қарай жүрмеске* бел байласа екен, өйткені бұл жол революцияшыл-демократиялық диктатура жолы дейді. Мартынов: пролетариат өзінің жігерсіздігін ашып, жоғарғы топтардың еркіне қысым жасап отырса екен дейді. Мартынов: пролетариат буржуазиялық революцияны оның заңды түрде аяқталатын демократияшыл-республикалық шегіне дейін жеткізуге жоғарғы топтарды «көнетіндей етіп» итермелесе екен, бірақ итермеленде, халықпен бірігіп отырып революцияны осы ақырына дейін жеткізу ісін *өз міндетіне алудан*, өкіметті және демократиялық диктатураны өз қолына алудан өзінің қорқатындығын айтып итермелесе екен дейді. Мартынов: пролетариат демократиялық төңкерісте авангард болса екен дейді, *сондықтан* да ақылды Мартынов пролетариатты, көтеріліс жеңіп шыға қалған күнде, революциялық уақытша үкіметке қатысу перспективасымен *қорқытады*.

Реакцияшыл хвостизмде бұдан әрі барар жер жоқ. Мартыновқа, әулие адам болғандықтан, оның жаңа «Искра»-ның хвостистік ниеттерін ақырына дейін жеткізгендігі үшін және бұл ниеттерді ең зәру, негізгі саяси мәселе жөнінде ап-айқын, жүйелі етіп айтып бергені үшін еңкейіп бас ию керек**.

* Пролетариат тіпті істің түбі аса жаманға соққанда да буржуазияны кейін қарай итере алады деген пікірдің сорақылық екенін біз жоғарыда айтып өттік.

** «Искраның» 93-номерін алған кезімізде бұл мақала теріліп қойған еді, біз оның бұл номеріне әлі қайта ораламыз⁷¹.

III

Мартыновтың шатасуының көзі неде? Демократиялық төңкеріс пен социалистік төңкерісті шатастыруында, «буржуазия» мен «пролетариат» аралығында тұратын екіаралық халық тобының (қала мен деревня кедейлерінің ұсақбуржуазиялық бұқарасының, «жартылай пролетарлардың», жартылай қожайынсымақтардың) ролін ұмытуда, біздің минимум-программамыздың шын маңызын ұғынбаушылықта. Мартынов буржуазиялық министрлікке қатынасу (пролетариат социалистік төңкеріс үшін күресіп жатқан кезде) социалистке лайық емес дегенді естігенде, мұны революциялық-демократиялық төңкеріске, мұндай төңкерісті толық жүзеге асыру үшін қажет болатын диктатураға революцияшыл буржуазиялық демократиямен бірге қатнасуға болмайды деп «ұғынуға» асыққан. Мартынов біздің минимум-программамызды оқып шыққан, бірақ оның ішінде буржуазиялық қоғам негізінде жүзеге асырылатын қайта құрылыстардың социалистік қайта құрылыстардан бөлек ерекше айырым көрсетілуінің кітаптық қана маңызы емес, нағыз өмірлік, практикалық маңызы бар екенін байқамаған; революция дәуірінде ол программаның жедел тексеріліп, іс жүзінде қолданылуға тиісті екенін ол байқамаған. Самодержавиенің құлау заманында революциялық-демократиялық диктатура идеясынан бас тарту өзіміздің минимум-программамызды жүзеге асырудан бас тартумен бірдей екендігін Мартынов ойластырмаған. Шынында, осы программада көрсетілген барлық экономикалық және саяси қайта құрылыстарды, республика орнату, халықты құралдандыру, шіркеуді мемлекеттен бөлу, демократиялық толық бостандық болу, экономикалық батыл реформалар жасалу талаптарын еске түсіріп-ақ қараңыз. Төменгі таптардың революциялық-демократиялық диктатурасы болмайынша бұл қайта құрылыстарды буржуазиялық құрылыс негізінде іске асыру мүмкін емес екендігі анық емес пе? Бұл жерде әңгіменің «буржуазиядан» өзгешелігі бар жалғыз пролетариат туралы ғана емес, демократиялық төңкеріс атаулының белсенді қозғаушысы болып табылатын «төменгі таптар» туралы да болып отырғандығы анық емес пе? Бұл таптар — пролетариат және қала мен деревняның ұсақбуржуазиялық күн көру

жағдайларында тұратын он миллиондаған кедейлері. Осы бұқараның өте көп өкілдерінің буржуазияға жататындығы күмәнсіз. Ал одан да гөрі күмәнсіз нәрсе — демократизмді толық жүзеге асыру осы бұқараның мүдделерін көздейді жәнеде бұл бұқара неғұрлым сауатты болса, оның әлгі демократизмді толық жүзеге асыру жолындағы күресі соғұрлым сөзсіз болады. Қала мен селоның ұсақбуржуазиялық бұқарасының екіжақты саяси-демократиялық жаратылысын социал-демократ, әрине, ешқашан ұмытпайды, ол, социализм үшін күресіп жатқан пролетариаттың өз алдына жеке, дербес таптық ұйымы болуының қажеттігін де ешқашан ұмытпайды. Бірақ сонымен қатар социал-демократ бұқараның «өткендерінен басқа келешегінің, соқырсенімдерінен басқа санасының»⁷² бар екендігін де, мұның өзі оны революциялық-демократиялық диктатураға қарай ілгері итермелейтінін де ұмытпайды; ол, білімге жалаң ғана кітап арқылы емес, қайта тіпті кітаптан гөрі жұрттың көзін ашатын, оған саяси мектеп болатын революцияның барысының өзі арқылы қол жететіндігін ұмытпайды. Мұндай жағдайларда, революциялық-демократиялық диктатура идеясынан бас тартатын теорияның саяси артта қалушылықты философиялық ақтағандық деп аталуы керек, басқаша аталуы мүмкін емес.

Революцияшыл социал-демократ ондай теорияны жиіркеніп, өзінен аластайды. Революция қарсаңында социал-демократ, революцияның «ақырының жаман болып бітетіндігін» гана көрсетіп қоймайды. Жоқ, сонымен қатар оның ақырының жақсы болып бітуі мүмкін екендігін де көрсетеді. Ол мынаны арман ететін болады: Европаның орасан зор тәжірибесінен кейін, Россияда жұмысшы табының жігері бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеде тасып құлаш сермегеннен кейін, қараңғы, езілген бұқараның алдына бұрын болып көрмеген революция шамшырағын жағуға қолымыздың жететіндігі туралы; Европаның толып жатқан революцияшыл буындарының ыйығына қол артып отырғандығымыздан, барлық демократиялық қайта құрылыстарды бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеде толығынан жүзеге асыруға, өзіміздің минимум-программамызды түгел іске асыруға қолымыздың жететіндігі туралы; орыс революциясын бірнеше айлық қана қозғалыс емес, бірнеше жылдық қозғалыс етуге,

ол революцияның орнығып қалған өкімет тарапынан берілетін ұсақ жеңілдіктерге ғана бастап қоймауына, қайта, сол өкіметті толығынан құлатуға бастауына қолымыздың жететіндігі туралы арман етеді, — егер социал-демократ үмітсіз филистер болмаса, осыны арман етуге міндетті де. Ал егер бұл осылай болатын болса, — онда ма... онда революцияның өрті Европаны шалады; буржуазия реакциясына тұншығып жатқан Европаның жұмысшысы да бас көтеріп, «мұның қалай істелетінін» бізге көрсетіп береді; сонда Европаның революциялық өрлеуі Россияға қайрылып әсер етеді де, бірнеше жылдық революциялық заманнан, бірнеше он жылдық революциялық заман тудырады, онда ма... «онда» біз не істейтіндігіміз туралы бір рет қана емес, әлденеше рет сөйлесіп үлгереміз, сөйлескенде Женеваның онбаған алыс жерінен емес, мыңдаған жұмысшылардың Москва мен Петербург көшелерінде өтетін жыйналыстарында, орыс «мужиктерінің» еркін жыйылыстарында сөйлесеміз.

IV

Жаңа «Искраның» филистерлері мен оның «ақыл несіне», біздің инабатты есепшіміз Мартыновқа бұл сыяқты арманның жат, ғажап болып көрінетіні белгілі. Олар біздің минимум-программамызды жәй қара халықтың революциялық диктатурасы арқылы толық жүзеге асырудан қорқады. Олар өздерінің саналылығына сенбейді, өздері (бірақ ойланбай) күр жаттап алған кітапшаның жөн сілтеуінен айрылып қаламыз ба деп қорқады, демократиялық қайта құрылыстардың дұрыс, батыл қадамдарын таптық емес, халықшылдық социализмнің яки анархизмнің авантюристік секірмелерінен айыра алмай қаламыз ба деп қорқады. Күнделікті ұсақ жұмыстың енжарлығына шырмалған кездегіден гөрі ілгері қарай жедел басу үстінде түзу жолды айыру және қыйын, жаңа мәселелерді тез шешіп отыру қыйынға соғады деп олардың филистерлік жаратылысы дұрыс айтады; сондықтан олар былай деп инстинкті түрде сыбырласып жүр: менен аулақ, менен аулақ! мені революциялық-демократиялық диктатураның шарпуынан сақтай гөр! апыр-ай өліп кетпесем жарар еді! мырзалар! сіздердің «аяқтарыңызды ептеп басып, орағыта жүргендеріңіз» жөн болар!..

Мәселе көбінесе ескі және еңбегі сіңген кісілерді кооптация жасау туралы болып келген кезде жаңа искрашылдарды шын көңілімен жақтаған Парвусқа, ақырында келіп, бұл сыяқты батпақ қоғамның ортасында болу ауыр тигендігі таңқаларлық нәрсе емес. Оның бұл қоғамда *taedium vitae*, өмірден жиреніп, жиі-жиі жүрегі айнып кұсқысы келе бастағаны да таңқаларлық нәрсе емес. Сөйтіп ол, ақырында, шала бүлінді. Ол, жаңа «Искраны» өлердей қорқытқан «революция ұйымдастыру керек» деген ұранды қорғаумен тынып қойған жоқ, «Искраның» «якобиншілдік» қатерден қорқып, социал-демократиялық жұмысшы партиясы туралы көрсете кетуді де жасырып, жеке листоктар ретінде басып шығарған үндеулерімен тынып қойған жоқ*. Жоқ. Парвус, аксельродтық (әлде люксембургтік пе?) процесс-ұйым деген асқан дана теорияның былықпайынан арылып, ақырында, шаян сыяқты кейін тартудың орнына, ілгері баса алды. Оның Мартынов пен Мартовтың ақымақтығына таусылмас түзетулер жасаймын деп «Сизиф жұмысын»⁷³ істегісі келмеді. Ол революциялық-демократиялық диктатура идеясын, самодержавие құлатылғаннан кейін революциялық уақытша үкіметке социал-демократияның қатнасу міндеті туралы идеяны ашықтан-ашық (амал не, даурыкпа Троцкийдің «9 январьға дейін» деген даурыкпа кітапшасына арнаған алғысөзінде Троцкиймен бірге) қорғап шықты, Парвустың: социал-демократия ілгері қарай батыл қадам жасаудан қорыкпауы керек, революциялық буржуазиялық демократиямен тізе қосып жауға бірлесіп «соккы» беруден қауіпсінбеуі керек, бірақ бұл арада ұйымдардың араласып кетпеуі міндетті (өте орынды ескертіліп отырған) шарт болуы керек; жеке жүріп, бірлесіп соккы беру керек; мүдделердің түрліше екендігін жасырмау керек; өзіңнің одақтасыңды, өзіңнің жауың сықылды бақылап отыру керек дегені, т. б. мың мәртебе дұрыс айтылған сөздер.

Бірақ хвостистерден сырт айланған революцияшыл со-

* Білмеймін, оқушыларымыз мынадай бір ерекше фактыны байқады ма екен: жаңа «Искраның» листоктар түрінде кұшақ-кұшақ етіп басып шығарған қосықтарының ішінде Парвус қол қойған жақсы листоктар да болды. «Искра» редакциясы, біздің партиямыз туралы да, өзінің баспасы туралы да атағысы келмей, нақ осы листоктардан сырт беріп қашты.

циал-демократтың бұл ұрандарының бәріне біздің тілектестігіміз неғұрлым артқан сайын, Парвустың алған кейбір теріс бағыттары бізді соғұрлым жирендіріп таңқалдырып отыр. Біз оның осы азын-аулақ теріс жерлерін атап көрсеткенде, жоқ-барды теріп ілгіштей беретіндігімізден емес, кімге көп берілсе, содан көп сұралатын болғандықтан атап көрсетеміз. Егер Парвустың алған дұрыс бағытының оның өзінің абайсыздығынан беделі түссе, кәзірде бәрінен қауіпті нәрсе осы болар еді. Троцкийдің кітапшасына арнап жазған, өзіміз тексеріп отырған Парвустың алғысөзінде кемінде абайсыздықтан кеткен сөздердің қатарына мына сөздер қосылады: «Егер біз революцияшыл пролетариатты басқа саяси ағымдардан оңашалағымыз келсе, онда біз революциялық қозғалысқа идеялық жағынан бас бола білуіміз керек» (бұл дұрыс), «басқалардың бәрінен де революцияшыл болуымыз керек». Бұл дұрыс емес. Басқаша айтқанда, егер бұл қағыйданы оған Парвустың сөздерінде берілген жалпы мағнада алсақ, бұл дұрыс емес, мұны, Парвус атамай кеткен Мартынов пен жаңа искрашылдарға бұл алғысөздің қатысы жоқ, өзіндік мәні бар нәрсе деп ұғынатын оқушының тұрғысынан қарағанда дұрыс емес. Егер бұл қағыйдаға, — көп жылдар өткеннен кейін де тұтас шығарманың жеке бір сөздерін алып, оның ішкі мағнасын бұрмалайтын делікұл әдебиетшілерге еліктемей, — диалектикалық жолмен, яғни относителді, нақтылы түрде түрлі жағынан бірдей қарайтын болсақ, сонда мұны Парвустың нақ хвостизмге қарсы бағыттағаны, сондықтан да оның мұнысының әділ екендігі айқын болады (Парвустың әсіресе мына бір сөздерін салыстырыңыз: «егер біз революциялық дамудан артта қалып қоятын болсақ», т. т.). Бірақ оқушы жалғыз хвостистерді ғана есте ұстамайды ғой, революцияның қауіпті достарының ішінде хвостистерден басқа, революционерлер лагерінен шыққан тағы басқа адамдар да бар, «социалист-революционерлер» бар, уақытгалардың ағымымен тартылған, революцияшыл сөз алдында дәрменсіз — Надеждин сыяқты адамдар, немесе өздерінің инстинктісі революциялық көзқарасты ауыстыратын (Гапон сыяқты) адамдар бар. Парвус олар жөнінде ұмытып кеткен, ұмытқан себебі, оның баяндауы, оның ой-пікірі еркін дамытылмаған, қайта өзі оқушыны сақтандыруға тырысқан мартыновшыл-

дықты сүйіне еске түсірумен байланысты болып шыққан. Парвустың баяндауы оншама дәл емес, өйткені ол, Россияда болып отырған, демократиялық төңкеріс заманында болмай қалмайтын және мұндай заманда қоғамның тап-тапқа бөлшектенбеуін табиғый түрде көрсететін эралуан революциялық ағымдардың күллі жыйындығымен есептеспей отыр. Айқын емес, кейде тіпті реакцияшыл социалистік пікірлер, мұндай уақыттарда революцияшыл кұрғақ сөздерді бет перде етіп, революциялық-демократиялық программаны табиғый түрде бүркеп тастайды (социалист-революционерлер мен Надеждинді еске алыңыздар; Надеждин «социалист-революционерлерден» жаңа «Искраға» көшкенде, сірә, атағын ғана өзгерткен сыяқты). Ал бұл сыяқты жағдайларда біз, социал-демократтар: «басқалардың бәрінен де революцияшыл болу керек» деген ұранды ешқашан қоя алмаймыз және қоймақшы емеспіз. Біз таптық негізден айрылған, кұрғақ сөзге салынып кербезденетін, өтімді және арзан (әсіресе аграрлық мәселе жөнінде) ұрандарға кұмартқан демократтың революцияшылдығының артынан қууды ойламаймыз да; біз, қайта, оған әрдайым сын көзімен караймыз, ондай сөздердің шын маңызын, дәріптелініп отырған ұлы оқыйғалардың шын мәнісін әйгілеп отырамыз, революцияның деген қызу кездерінде таптарды және таптардың өз ішіндегі сарындарды дұрыс есепке алуды жүртқа үйретіп отырмыз.

Парвустың: «Россиядағы революциялық уақытша үкімет жұмысшы демократиясының үкіметі болады», «егер орыс пролетариатының революциялық қозғалысын бастаушы социал-демократия болатын болса, онда бұл үкімет — социал-демократиялық үкімет болады», «социал-демократиялық уақытша үкімет» «социал-демократиялық көпшілік қатысқан біртұтас үкімет болады» деген қағыйдалары да нақ осылай және әлгідегі себептен дұрыс емес. Егер кездейсоқ, өткінші уақытшалар туралы емес, аз да болса ұзақ, аз да болса тарихта із қалдыруға жарайтын революциялық диктатура туралы айтатын болсақ, мұның олай болуы мүмкін емес. Олай бола алмайтын себебі — халықтың қалың көпшілігіне арқа сүйеген революциялық диктатура ғана аз да болса берік (әрине, сөзсіз берік емес, относителді түрде берік) диктатура бола алады. Ал кәзірде орыс пролетариаты Россияда халықтың

азшылығы болып отыр. Ол жартылай пролетарлар, жартылай қожайындар бұқарасымен, яғни қала мен селоның ұсақбуржуазиялық кедейлерімен қосылғанда ғана орасан, басым көпшілік бола алады. Болуы мүмкін және болуы керек болып отырған революциялық-демократиялық диктатураның әлеуметтік базисының мұндай құрамы, әрине, революциялық үкіметтің құрамына әсер етеді, оған революциялық демократияның әралуан өкілдерінің қатысуын немесе тіпті онда басым болуын сөзсіз етеді. Бұл жөнінен өзінді қандай да болса бір алданышка салу барып тұрған зиянды іс болар еді. Егерде кәзір әпербақан Троцкий (амал не, Парвуспен қатар отырып) «священник Гапон бірақ рет көріне алды», ал «екінші Гапонға орын жоқ» деп жазып отырса, онда мұның себебі оның тек әпербақан екендігінен ғана. Егер Россияда екінші Гапонға орын болмаса, онда бізде нағыз шын «ұлы», ақырына дейін жететін демократиялық революцияға да орын болмас еді. Ұлы болу үшін, 1848—1850 жылдарға емес, 1789—1793 жылдарға ұксау үшін, ол жылдардан да асып түсу үшін, демократиялық революция қаптаған қалың бұқараны белсенді тұрмысқа, ерлікпен күш салуға, «негізді тарихи өнертабысқа» көтеруі керек, сұмдық қараңғылықтан, көз көріп құлақ естімеген езгіден, адам айтқысыз тағылықтан, саңылаусыз топастықтан оятуы керек. Демократиялық революция кәзірдің өзінде-ақ бұқараны көтеріп отыр, ол оны көтереді, — бұл істі өзінің дәрмені кеткен қарсылығымен үкіметтің өзі жеңілдетіп отыр, бірақ бұл жерде ол бұқараның, оның толып жатқан «өзімен өзі болған», халықтық, айта берсең мужиктік жетекшілерінің ақылға салынған саяси саналылығы туралы, социал-демократиялық саналылығы туралы сөз болуы да мүмкін емес екені өзінен өзі түсінікті. Олар, өздерінің надандығынан ғана емес (тағы да айтайық, революция жұрттың сауатын ертегі етіп айтарлықтай тез ашады), қайта өздерінің таптық күйі пролетарлық болмағандықтан, тарихи дамудың объективтік логикасы дәл кәзір олардың алдына тіпті социалистік төңкеріс міндетін емес, демократиялық төңкеріс міндетін қойып отырғандықтан, революциялық бірнеше сындарды басынан кешірмей тұрып, кәзірдің өзінде бірден социал-демократтар бола алмайды.

Ал бұл төңкеріске революцияшыл пролетариат барлық

жігерін сала қатысатын болады, қатысканда, біреулердің бишаралық хвостизмін, екінші біреулердің революциялық сылдыр сөздерін өзінен аластай отырып, оқыйғалардың естен тандырарлықтай күйініне таптық айқындық пен саналылық енгізе отырып, революциялық-демократиялық диктатурадан қорықпастан, қайта оның болуын тілеп, бұлтармай, батыл ілгері баса отырып, өзіне социализм жолындағы күрестің шын кең, ХХ ғасырға шын лайықты майданын жасап алу үшін республика жолында, республикалық толық бостандық орнату жолында, экономикалық елеулі реформалар жасау жолында күрес жүргізе отырып қатысады.

ПРОЛЕТАРИАТ ПЕН ШАРУАЛАРДЫҢ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ДИКТАТУРАСЫ⁷⁴

Социал-демократияның революциялық уақытша үкіметке қатысуы туралы мәселені уақытшалардың барысынан гөрі бір бағыттағы социал-демократтардың теориялық байымдаулары кезекке қойып отыр. Екі фельетонда (№№ 13 және 14) біз бұл мәселені бірінші болып көтерген Мартыновтың байымдауларын тексеріп талқыладық. Алайда, бұл мәселеге жұрттың кұштарлығы соншама күшті, ал жоғарыда айтылған байымдаулардан (әсіресе «Искраның» № 93 қараңыз) туатын шатақ соншама үлкен екен, сондықтан бұл мәселеге тағыда бір рет тоқтап өту қажет-ақ. Жуырда бұл мәселені біздің тек теория жағынан ғана шешіп қоймайтынымыздың мүмкін екендігін социал-демократтар қалай бағаласа солай бағаласын, партия үшін қалай да ең таяудағы мақсаттардың ашық-айқын болуы керек. Бұл мәселеге анық жауап берілмейінше солқылдақтықтан немесе көмескіліктен аулақ табанды насихат пен үгіт жүргізу осы күннің өзінде-ақ мүмкін емес.

Даулы мәселенің мәнінің неде екенін еске түсіріп қаралық. Егер біз самодержавиеден жеңілдіктер тілеп қана қоймай, оны шындап құлатуды тілесек, онда біз патша үкіметінің орнына революциялық уақытша үкімет орнатуға тиіспіз, бұл үкімет, бір жағынан, шын мәніндегі жалпыға бірдей, төте және тең сайлау правосы негізінде дауысты жасырын беріп құрылтай жыйналысын шақырар еді, екінші жағынан, сайлау уақытында толық бостандықты іс жүзінде жүзеге асыра алар еді. Ал енді, осындай революциялық уақытша үкіметке социал-демократиялық жұмысшы партиясының қатысуына бола ма? —

деген сұрау туады. Бұл мәселені бірінші рет біздің партияның оппортунистік қанатының өкілдері, атап айтқанда Мартынов, тіпті 9 январьдан бұрын көтерді, көтергенде Мартынов, ал оның артынан іле-шала «Искра» бұл мәселені болмайды деп шешті. Мартынов революцияны ұйымдастыру жұмысымыз табысты болған күнде, қарулы халық көтерілісін біздің партия басқарған күнде, бізге революциялық уақытша үкіметке қатысуға *тура келеді* деп революцияшыл социал-демократтарды *қорқытып*, олардың көзқарасын түкке тұрғысыз мағнасыз нәрсе етіп шығаруға тырысты. Ал ондай қатысу «өкіметті» жолсыз «басып алғандық» болады, таптық социал-демократиялық партия үшін лайық емес «тұрпайы жоресизм» болады дейді.

Осы көзқарасты жақтаушылардың пікірлеріне тоқтап көрелік. Уақытша үкіметте болған соң, дейді олар бізге, социал-демократия өкіметті қолында ұстап отыратын болады; ал пролетариаттың партиясы болған социал-демократия біздің максимум-программамызды орындауға талаптанбайынша, яғни социалистік төңкерісті жүзеге асыруға талаптанбайынша өкіметті қолында ұстап отыра алмайды. Ал мұндай істе кәзіргі уақытта социал-демократия сөзсіз жеңіліске ұшырайды, мұнысымен тек өзін өзі маскара етеді, тек реакцияның сойылын соғады. Сондықтан социал-демократияның революциялық уақытша үкіметке қатысуы жолсыз — деседі.

Бұл пікірлер демократиялық төңкеріс пен социалистік төңкерісті, — республика жолындағы күрес (бұған біздің бүкіл минимум-программамыз да кіреді) пен социализм жолындағы күресті шатастырудан туған. Социал-демократия социалистік төңкеріс жасауды дереу өзіне мақсат етіп қоюға әрекеттенсе, мұнымен ол шынында да өзін өзі тек маскара еткен болар еді. Алайда біздің «социалист-революционерлердің» дәл осы сықылды күңгірт, көмескі идеяларына қарсы социал-демократия әрдайым күресіп келген еді. Дәл сондықтан социал-демократия Россияда болғалы тұрған революцияны буржуазиялық сыйпаттағы революция деп әрдайым баса айтып келді, дәл сондықтан демократиялық минимум-программасын социалистік максимум-программасынан айыра білуді қатаң талап етіп келді. Төңкеріс уақытында мұның барлығын бүтін партия емес, стихиялық алдында бас июге бейім кейбір со-


КАВКАЗСКІЙ СОЮЗЪ РОС. СОЦ.-ДЕМ. РАБОЧЕЙ ПАРТІИ.

Пролетарія всѣхъ странъ, соединяйтесь!


Брошюры по партійнымъ вопросамъ № 3.

РЕВОЛЮЦИОННАЯ ДЕМОКРАТИЧЕСКАЯ ДИКТА- ТУРА ПРОЛЕТАРИАТА И КРЕСТЬЯНСТВА.

(Перепеч. изъ № 14 „Впередъ“).




Изданіе Союзнаго Комитета.



Типографія Союза.

1905.



циал-демократтар ғана ұмытулары мүмкін. Бұл қате пікірді қолдаушылар, уақығалардың барысы, жағдай осындай болып тұрғанда, социал-демократияны еркіне қоймай социалистік төңкерісті жүзеге асыруға кірістіреді деп ойлап, стихиялық алдында бас июшілікке салынып отыр. Егер бұл солай болған болса, онда біздің программамыз теріс болған болар еді ғой, онда ол программа «уақығалардың барысына» сәйкес болмас еді ғой: стихиялық алдына бас июші адамдар дәл осыдан қорқады, біздің программамыздың дұрыстығына сенбей қорқады. Бірақ олардың қорқынышы (бұл қорқыныштың психологиялық себебін біз фельетондарымызда көрсетуге тырысқанбыз) мүлде орынсыз. Біздің программамыз дұрыс. Дәл осы уақығалардың барысы оның дұрыстығын сөзсіз дәлелдейді және әрі барған сайын көбірек дәлелдейді. Дәл осы уақығалардың барысы бізге республика үшін жанталаса күресудің сөзсіз керектігін «жүктейді», дәл осы уақығалардың барысы іс жүзінде біздің күштерімізді, саяси белсенді пролетариаттың күштерін нақ осы жолға сілтейді. Дәл осы уақығалардың барысы демократиялық төңкеріс кезінде бізге реалдық тілектері нақ минимум-программасын өткізуді талап ететін ұсақ буржуазия мен шаруалардан соншама көп одақтастарды қосып береді, сондықтан максимум-программасына өте тез көшуден қауіптенушілік нағыз күлкілі нәрсе болып табылады.

Ал, екінші жағынан, ұсақбуржуазиялық демократиядан шыққан дәл осы одақтастардың өздері белгілі бағытты социал-демократтар арасында жаңа қауіптер туғызады, атап айтқанда «тұрпайы жоресизм» жөнінде қауіптер туғызады. Буржуазияшыл демократиямен бірге үкіметке қатысуға Амстердам конгресінің⁷⁵ қарары бойынша тыйым салғанды, мұның өзі жоресизм болып табылады, яғни пролетариаттың мүдделерін ойланбай сатып кеткендік, пролетариатты буржуазияның күйыршығына айналдырғандық, оны іс жүзінде буржуазиялық қоғамда ешбір қол жетпейтін өкімет сағымымен аздырғандық болып табылады.

Бұл пікірдің қателігі де кемде-кем емес. Бұл пікір — оның авторларының жақсы қаулы-қарарларды жаттап алғандығын, бірақ олардың мәнін түсінбегендігін көрсетеді; — кейбір антижорестік сылдыр сөздерді жаттап ал-

ғанын, бірақ оларды ақылға салып ойламағанын, сондықтан оларды мүлде орынсыз қолданып жүргендігін көрсетеді; — халықаралық революцияшыл социал-демократияның соңғы сабақтарының рухын үйрене алмай, әрпін ғана үйреніп алғанын көрсетеді. Жоресизмді диалектикалық-материалистік тұрғыдан бағалағысы келген адам субъективтік дәлелдер мен объективтік тарихи жағдайларды анықтап айыра білуге тиіс. Субъективтік жағынан алғанда Жорес буржуазиялық демократиямен одақ жасап, республиканы сақтамақ болды. Бұл «тәжірибенің» объективтік жағдайлары — Францияда республика сол кездің өзінде-ақ факты еді және оған ешбір елеулі қауіп төніп тұрған жоқ еді; — жұмысшы табының өз алдына дербес таптық саяси ұйымын өркендетуіне толық мүмкіншілігі болды, бірақ ол бұл мүмкіншілікті толық пайдалана алмады, пайдалана алмағанда, шінара, оның басшыларының парламенттік жылтырауық бояма істерінің орасан көп болғандығынан пайдалана алмады, — іс жүзінде жұмысшы табының алдына тарихтың өзі-ақ объективті түрде социалистік төңкеріс жасау міндеттерін қойды, бірақ Мильерандар болмашы ғана әлеуметтік реформалар уәде етіп алдап пролетариатты бұл социалистік төңкерістен басқа жаққа *аударып жіберіп отырды*.

Енді Россияны алындар. Впередшылдар яки Парвус сыяқты революцияшыл социал-демократтар субъективтік жағынан алғанда республиканы қорғап қалғысы келеді, бұл үшін олар революциялық буржуазиялық демократиямен одақтасады. Мұндағы объективтік жағдайлардың француздардың объективтік жағдайларынан жер мен көктей айырмасы бар. Объективтік жағынан қарағанда уақытталардың тарихи барысы енді орыс пролетариатының алдына дәл демократиялық буржуазиялық төңкерістің міндетін қойып отыр (бұл төңкерістің бүкіл мазмұнын ықшамдық үшін республика деген сөзбен көрсетеміз); дәл осы міндет бүкіл халық алдында, яғни ұсақ буржуазия мен шаруалардың күллі бұқарасының алдында тұр; социалистік төңкеріс жасауға керекті өз алдына дербес таптық ұйымның бұл төңкеріссіз азды-көпті кең өркендеуі мүмкін емес.

Объективтік жағдайлардың бүкіл айырмасын өздерін нақтылы түрде алындар да, айтындаршы: кейбір сөздер-

дің ұқсастығының, кейбір әріптердің ұқсастығының, субъективтік дәлдемелердің бірдейлігінің қызығына түсіп, бұл айырманы естерінен шығаратын адамдар туралы не ойлауға болады?

Францияда Жорес республика жолындағы күрестің субъективтік мақсатын өзіне жамылғы етіп дұрыс істемей буржуазиялық әлеуметтік реформаға бас игендіктен, біз, орыс социал-демократтары, республика үшін шындап күресуден бас тартуға тиіс көрінеміз! Жаңа искрашылдардың асқан даналылығы осыған, дәл осыған соғып отыр ғой.

Шынында да, өзі халықтың ұсақбуржуазиялық бұқарасымен одақтаспай тұрғанда, пролетариаттың республика үшін күресуінің мүмкін емес екендігі анық емес пе? Пролетариат пен шаруалардың революциялық диктатурасы болмайынша бұл күрестің табысты болуына ешбір сенім жоқ екені анық емес пе? Біз тексеріп отырған көзқарастың басты кемшіліктерінің бірі — оның жансыздығында, шаблондылығында, революциялық дәуірдің жағдайларының ескерілмей қалып отырғанында. Республика үшін күресу және сонымен қатар революциялық демократиялық диктатурадан бас тарту, — мұның өзі Мукденге кіру пікірінен Ойяманың күні бұрын бас тартып, оның Мукден түбінде Куропаткинмен соғыспақ болғаны сыяқты нәрсе. Егер біз, революцияшыл халық, яғни пролетариат пен шаруалар, самодержавиені «бірігіп соққымыз» келсе, онда біз оны қайта тұрғысыз етіп бірігіп соғуға, бірігіп өлтіруге тиіспіз, самодержавиені қайта жаңғыртуға сөзсіз болатын әрекеттерді бірігіп тойтаруға тиіспіз! (Болуы мүмкін түсінбеушіліктерден аулақ болу үшін тағы бір қабат ескертетініміз: біз тек басқару формасын ғана республика деп санамаймыз, онан гөрі біздің минимум-программамыздың демократиялық қайта кұру істерінің күллі жыйынын республика деп санаймыз). Мәселені «секірусіз» бслатын, жәйімен, бірқалыппен жоғары өрлеп жүріп отыратын бір тура жол сыяқты нәрсе деп түсіну үшін: әуелі кезек либералдық ірі буржуазияға беріледі-мыс — сонда самодержавие жеңілдіктер береді; онан соң кезек революцияшыл ұсақ буржуазияға беріледі-мыс — сонда демократиялық республика орнайды; ақырында, кезек пролетариатқа тиеді-мыс — сонда социалистік төңкеріс болады деп түсіну үшін шынында

тарихты жаңа оқып жүрген мектеп баласының ұғынғанындай ұғыну керек. Бүтіндей жалпы алғанда бұл дұрыс желі, француздар айтқандайын «ұзақ уақытқа» дұрыс болатын, ғасырдың бір кезеңі бойына (мәселен Франция үшін 1789 жылдан 1905 жылға дейін) дұрыс болатын желі, бірақ революциялық заманда осы желіге қарап, өзінің істейтін ісінің жоспарын жасау үшін — бұл үшін асқан филистер болу керек. Егер орыс самодержавиесі тіпті кәзірдің өзінде келте конституция шығару арқылы кұтыла алмаса, егер ол теңселтіліп қана қоймай, шынымен құлатылатын болса, онда бұл жеңісті сақтап қалу үшін, анығында, барлық алдыңғы қатарлы таптардың революциялық қайрат-жігерін барынша күш сала жұмсауы керек болады. Ал осы «сақтап қалынатын» нәрсе — пролетариат пен шаруалардың революциялық диктатурасынан басқа ештеңе де емес! Қәзір біз неғұрлым көп нәрсе жеңіп ала алсақ, жеңіп алынғанды соғұрлым зор жігермен сақтап қала алатын боламыз, кейіннен болмай қалмайтын болашақ реакцияның бізден тартып алатын нәрсесі соғұрлым аз болмақ, реакцияның осы бас көтеретін кезі соғұрлым қысқа болмақ, біздің соңымыздан еретін пролетарлық ерлердің міндеті соғұрлым жеңіл болмақ.

Ал бұл арада күні ілгері, күреске дейін, болашақ жеңістердің шамалы ғана бір бөлегін «Иловаевша» кезбен дәл өлшегісі келетін адамдар, — самодержавие кұламас бұрын, керек десе тіпті 9 январьдан бұрын Россияның жұмысшы табын адам шошыйтын революциялық демократиялық диктатура деген кұбыжық келе жатыр деп қорқытқысы келген адамдар табыла кетіп отыр! Осы кезшілер де революцияшыл социал демократтар деген атаққа ие болғысы келеді...

Буржуазиялық революцияшыл демократиямен бірге уақытша үкіметке қатысу дегеннің аты — буржуазиялық кұрылысты қасиеттегендік қой, абақты мен полицияның, жұмыссыздық пен қайыршылықтың, жеке меншік пен жезөкшеліктің сақталуын қасиеттегендік қой деп зарилейді бұлар. Мұның өзі не анархистерге, не болмаса халықшылдарға лайықты дәлел. Социал-демократия бұл буржуазиялық саяси бостандық екен деп саяси бостандық жолындағы күрестен сырт айналып кетпейді. Социал-демократия буржуазиялық кұрылысты «қасиеттеу-

шілікке» тарихи тұрғыдан қарайды. Фейербахтан — Бюхнердің, Фохтың және Молешоттың материализмін қасиеттеймісің, деп сұраған жұртқа ол былай деп: мен материализмнің болашаққа қатнасын емес, өткенге қатнасын қасиеттеймін, деп жауап беріпті. Міне социал-демократия да буржуазиялық құрылысты дәл осылай қасиеттейді. Самодержавиелі-крепостниктік буржуазиялық құрылысқа қарағанда республикалы-демократиялық буржуазиялық құрылысты қасиеттейміз деуден социал-демократия ешуақыт қорыққан емес, қорықпайды да. Бірақ социал-демократия буржуазиялық республиканы «қасиеттегенде» таптық үстемдіктің акырғы формасы ретінде ғана «қасиеттейді», оны пролетариаттың буржуазиямен күресуіне неғұрлым қолайлы майдан есебінде қасиеттейді, оның абақтылары мен полициясы, жеке меншігі мен жезөкшелігі үшін қасиеттемейді, осы сүйкімді мекемелерге қарсы кең, еркін күрес ашу үшін қасиеттейді.

Революциялық уақытша үкіметке біздің қатысуымыз социал-демократия үшін ешқандай қауіп туғызбайды деген пікірден біз, әрине, аулақпыз. Күрестің қауіптер туғызбайтын формасы және қауіптер туғызбайтын саяси жағдайы болмайды, болуы да мүмкін емес. Егер революциялық таптық сезім болмаса, ғылым дәрежесіндегі тұтас дүние тану көзқарасы болмаса, баста мый болмаса (жаңа искрашыл жолдастар ашулана көрмесін), — онда стачкаларға қатысу да қауіпті — мұның экономизмге соқтыруы мүмкін, — парламент күресіне қатысу да қауіпті — мұның парламенттік кретинизммен⁷⁶ аяқталуы мүмкін, — земстволық либералдық демократияны қолдау да қауіпті — мұның «земство науқанының жоспарына» ұшыратуы мүмкін. Онда тіпті француз революциясы тарихынан Жорес пен Олардың өте пайдалы шығармаларын оқу да қауіпті — бұл Мартыновтың екі диктатура туралы кітапшасына ұшыратуы мүмкін.

Егер социал-демократия пролетариаттың ұсақ буржуазиядан таптық айырмашылығын бір минутке болса да ұмытса, егер ол сенуге болмайтын белгілібір интеллигенттік ұсақбуржуазиялық партиямен мезгілсіз, бізге тиімсіз одақ жасаса, егер социал-демократия өзінің дербес мақсаттарын және (қандай да болмасын барлық саяси жағдайлар мен ақуалдар тұсында, қандай да болмасын бар-

лық саяси бұрылыстар мен төңкерістер тұсында) пролетариаттың таптық санасы мен оның дербес саяси ұйымын дамытып жетілдіруді ең негізгі міндет етіп қою керектігін бір минутке болса да ұмытса — онда революциялық уақытша үкіметке қатысу, әлбетте, өте қауіпті болар еді. Бірақ тағы айтамыз, бұлай болғанда, саяси адымның қандайы болса да дәл сондай қауіпті болады. Болуы мүмкін бұл қауіптерді революцияшыл социал-демократияның ең таяудағы міндеттерді кәзіргі алға қоюымен орайластырудың қаншама орынсыз екенін, мұны жұрттың бәріне ең жәй мағлұматтар көрсетіп береді. Өзіміз туралы айтпай-ақ, өзіміз қарастырып отырған мәселе жөнінде «Вперед» газетінде жасалған толып жатқан мәлімдемелерді, сақтандыруларды, сілтеулерді жаңғыртып жатпай-ақ, Парвуске жүгініп қарайық. Социал-демократияның революциялық уақытша үкіметке қатысуын мақұлдай келіп, Парвус біздің ешуақыт ұмытуымызға болмайтын мына шарттарды мейлінше баса көрсетіп отыр: бірлесіп соққы беріп, жеке жүру керек, ұйымдарды араластырмау керек, одақтасынды жауындай байқап отыру керек, т. т. Біз істің бұрын фельетонда көрсетілген бұл жағына толық тоқталып жатпаймыз.

Жоқ, кәзіргі уақытта социал-демократия үшін шын саяси қауіп — оны жаңа искрашылдар іздеп жүрген жерде жатқан жоқ. Бізді пролетариат пен шаруалардың революциялық демократиялық диктатурасы туралы ой қорқытпауға тиіс, бізді қорқытатын: хвостизм мен әрекетсіздік рухы болуға тиіс, бұл рух ұйым-процесс, қарулану-процесс деген, т. с. нешетүрлі теориялардан көрініп, пролетариат партиясына ірткі саларлықтай әсерін тигізіп отыр. Мәселен, пролетариат пен шаруалардың революциялық демократиялық диктатурасы мен революциялық уақытша үкіметтің арасына айырма жүргізбек болған «Искраның» ең соңғы әрекетін алып қараңыз. Мұның өзі әрекетсіз схоластиканың үлгісі емес пе? Мұндай айырмаларды ойлап шығарушы адамдар әсем сөздерді жіпке тізуге қабілетті, бірақ ойлауға мүлде қабілетсіз келеді. Шынында, жоғарыда көрсетілген ұғымдардың арасындағы қатнасы шамамен айтқанда заңдық форма мен таптық мазмұнның арасындағы қатнасындай. «Революциялық уақытша үкімет» дейтін адам мәселенің мемлекеттік-праволық жағын, үкіметтің заң арқылы шықпай, ре-

волюция арқылы шыққанын, болашақ кұрылтай жыйылысына байланысты үкіметтің уақытша сыйпаты болатынын баса айтады. Бірақ формасы қандай болса да, шыққан жері қандай болса да, жағдайлар қандай болса да, қалай болғанда да, революциялық уақытша үкіметтің белгілі таптарға сүйенбей тұра алмайтыны анық. Революциялық уақытша үкімет пролетариат пен шаруалардың революциялық диктатурасынан басқа ешнәрсе де емес екенін көру үшін осы әліппедей түсінікті нәрсені еске түсірсе болғаны. Олай болса, «Искраның» жүргізіп отырған айырмасы партияны орыс революциясындағы таптық мүдделерге нақты анализ жасау міндетінен тек кері сүйрейді, жеміссіз, қысырсөз таласына сүйрейді.

Немесе «Искраның» екіншібір пікірін алып қараңыздар. Революциялық уақытша үкімет жасасын! — деген ұран туралы «Искра» уағыз айтқансып: ««жасасын», «үкімет» деген сөздердің қатар келуі ауызды ыластайды» деп ескертеді. Мұның өзі кұрғақ, сылдыр сөз емес пе? Олар самодержавиені кұлату туралы сөз қылады да, мұнымен қатар революциялық үкіметті кұттықтаумен өздерін ластап аламыз деп қорқады! Олардың республиканы кұттықтағанда өздерін ластап алудан қорықпаулары шынында адам таңқаларлық іс: республика болса сөзсіз үкімет те болады ғой, болғанда нақ буржуазиялық үкімет болатынына ешуақытта бірде-бір социал-демократ күмәнданған емес. Революциялық уақытша үкіметті кұттықтау мен демократиялық республиканы кұттықтаудың арасында қанша айырма бар? Ең революцияшыл таптың саяси басшысы болған социал-демократия абырой жабу жапырағы керек деп болмайтын қаны кашқан, қыялай кәрі қызға ұсап: буржуазиялық-демократиялық үкіметті көрсететін нәрсені кұттықтауға болады, бірақ революциялық-демократиялық уақытша үкіметті тікеден-тіке кұттықтауға болмайды дей ала ма?

Көрініс мынадай: Петербург жұмысшыларының көтерілісі жеңді. Самодержавие кұлатылды. Революциялық уақытша үкімет жарыяланды. Қарулы жұмысшылар: революциялық уақытша үкімет жасасын! — деген ұранды естіп шаттыққа бөленуде. Бір шетте мүләйім көздерін көкке тігіп, адамгершіл-сезгіш жүректерін ұстап тәубе етіп: біздің мына сорлыларға ұсамағанымызға, ауызымызды әлгіндей сөздермен арамдамағанымызға, я, кұ

дайым соған мың мәртебе шүкір, деп зікір салып жаңа
искрашылдар тұр...

Олай емес, мың мәртебе олай емес, жолдастар! Революциялық буржуазияшыл демократиямен бірге мейлінше батыл түрде, ешнәрседен именбестен республикалық төңкеріске қатысу арқылы өзімізді ластайды екенбіз деп қорықпандар. Оған қатысудан туатын қауіптерді, біздің ұйымдасқан пролетариат толық жеңе алатын қауіптерді асыра көрсетпендер. Пролетариат пен шаруалардың революциялық диктатурасының бірнеше айы саяси тоқыраудың бейбіт, жұртты топастандыратын жағдайының ондаған жылының істейтінінен көп нәрсе істейді. Егер орыс жұмысшы табы 9 январьдан кейін саяси құлдық жағдайларында миллионнан астам пролетарларды бірлескен, табанды, ұстамды аттанысқа шығуға жұмылдыра алған болса, онда революциялық-демократиялық диктатура тұсында біз қала мен деревняның он миллиондаған кедейлерін іске жұмылдыра аламыз, біз орыстың саяси революциясынан европалық социалистік революцияның бастамасын жасап шығамыз.

*„Вперед“ № 14,
12 апрель (30 март), 1905 ж.*

*„Вперед“ газетінің тексті
бойынша басылп отыр*

«ЖЕҢ УШЫНАН ЖАЛҒАСУДЫҢ» ФРАНЦУЗ-ОРЫС ӘДЕТТЕРІ

Немістің социал-демократиялық газеті «Vorgwärts»* осындай тақырыппен таяуда өте бағалы бір документ: Батиньолдағы (Париж маңындағы) ірі машина фабрикасының директоры Жюль Гуэн (Jules Guoin) мырзаның Питер министрліктерінің бірінде қызмет істейтін чиновникке жазған хатының түп нұсқасын басып шығарды. Француз фабрикасы осы мырзаның жәрдемі арқылы 114 локомотивке заказ алған. Заказдың жалпы бағасы (бір локомотив 27 700 франк) — 3 миллион франк, яғни 1 200 000 сом шамасы. Заказды жеткізіп берудегі делдалдығы үшін министрліктің ізгі чиновнигі (өзімізден қосайық: сірә, ол әжептеуір жоғары қызметте болса керек), хатқа қарағанда, 1-ден, сатып алу бағасының екі процентін алады. Бұл 25 000 сом шамасы болады. Бұл сомадан 13 000 франк ақшаны делдалдың кәзірде алып қойғаны, қалғаны түрлі мерзімдерде төленетіні хаттан көрінеді (орынның жетімсіздігінен біз бұл хатты түгел келтірмей отырмыз). Оның үстіне, локомотивтердің кәдімгі түрін орыс жолдарына лайықтап өзгерткендік үшін айрықша төленеді. Париж фирмасының Петербургтегі өкілі фабрика талап етіп отырған осы қосымша төлемнің қаншалық жоғары екенін әлгі чиновникке алдын ала хабарлауды міндетіне алады. Егерде чиновник орыс үкіметінен фабрика белгілеген бағадан жоғары баға «өндірісе», онда айырмасы, шартқа лайық, нақ сол «делдалға» қалады. Мұның өзі француз хатын немісшеге аударғанда Vermittlungsgebühr, «делдалдығы үшін берілетін сыйлық»

* — «Алға». Ред.

деп аталады. Ал іс жүзінде, әлбетте, француз капиталисі мен орыс министрлігі чиновнигінің шарт бойынша бірлесіп жасаған ең сорақы мүттәйімдігі, қазна ұрлағыштығы осы сөзбен бүркеліп отыр.

Бұл хат орыс сатылғыштығын және осы сатылғыштықтан шет ел капиталының пайда түсіріп отырғандығын айқын көрсетеді деп «Vorgwärts» дұрыс айтады. Мәдениетті капиталистік ұлттарда «іскерлік» қарым-қатнастардың дағдылы практикасы қандай екенін бұл хат документ жүзінде дәлелдеп отыр. Мұндай қылықтар Еуропаның барлық жерінде де бар, бірақ бұлар Россиядағыдай ұятсыздықпен еш жерде істелмейді, сатылу үшін самодержавиелі Россиядағыдай «саяси қауіпсіздік» (әйгіленуден қауіпсіз болушылық) басқа еш жерде де жоқ. Еуропалық өнеркәсіптің орыс самодержавиесін оның астыртын қулық-сұмдықтар істейтін жауапсыз чиновниктерімен қоса аман сақтауды не үшін көздеп отырғаны түсінікті! — деп қорытады неміс социал-демократтары. Әкімшілік жұмысын жарыя бақылау қаупін туғызатын конституциядан орыс чиновниктерінің не үшін азардабезер болып отырғаны да түсінікті. Осы мысалға қарап, орыс-жапон соғысында орыс бюрократиясының өзіне қандай ақша «өндіріп» отырғандығын, — немістің мұхит кемелерін Россияға сатқанның өзінде Питердегі министрліктер чиновниктерінің қалталарына қандай соманын түскендігін көз алдыңызға елестетуге болады! Халық бақытсыздығы — соғыс заттарымен жабдықтаушылар үшін және сатылғыш чиновниктер үшін алтын қазна болып отыр.

*„Вперед“ № 14,
12 апрель (30 март), 1905 ж.*

*„Вперед“ газетінің тексті
бойынша басылып отыр*

АУРУ БАСТЫҢ САҚЫЙНАСЫН САУ БАСҚА ТЕЛУ*

«Искраның» 92-номерінде «Берік бағыттың ирең жолы» деген мақала басылды; бұл мақала «Вперед» шындығында бұрынғы «Искраның» принциптері мен жолын әсте бұлжытпай, берік ұстап отырған жоқ, қайта, жаңа «Искраның» ізімен ирендеп жүріп келеді деп дәлелдеуге тырысады. Шынына келгенде, бұл пікірдің өрескел екендігі соншалық, бұған елеулі көңіл бөліп тоқтап жатпаса да болар еді. Мұндағы айтарлық нәрсе жаңа искралық айтыстың мазмұны емес, өйткені онда мазмұн деген жоқ, мұндағы айтарлық нәрсе оның тәсілдері. Бұл тәсілдерге тоқтап өтуге тұрады; осы тәсілдерді талдаудан біз айтыстың да айтысы бар екенін көріп отырмыз. Бұрынғы «Искраны» айтысы үшін жақтырмайтын, бірақ бұл айтысты принципсіз деп жарыялау бұрын-соңды бірде-бір адамның ойына да кіріп шыққан емес. Жаңа «Искраны» айтысы үшін жек көреді, неге десеңіз практик-қызметкерлердің көпшілігі де, табанды рабочеделошылар да, Плеханов бастаған «ымырашылдар» да айтыстың принципсіздігін көріп отыр.

Мұндай айтыстың қолданатын тәсілдері қандай екенін біз кәзір оқушыға көрсетпекшіміз.

«Искраның» әрбір адымын ізінше қадағалап көрейік. «Вперед» партияны жіктелуге итермелейді, — дейді ол. Бұл дұрыс емес. Партия дағдарысын жалған сөз бойынша емес, документтер бойынша зерттегендердің бәрі екінші съезден соң іле-шала партияны жікке бөлген, онда да жасырын ұйым құрып, жасырын жікке бөлген

* Орынның жеткіліксіздігінен көшігіп қалды.

азшылықтың нақ өзі екенін біледі. Қазір өтірік айтқанда, «Искра» екіжүзділікке салынып отыр. Ашықтан жіктегендік үшін жек көруге болады, ал жасырын жіктегендік үшін жиренбеуге болмайды. «Вперед» астыртын жікті тілемейді, бар болғаны осы.

Сонсын, автономизм мен централизм мәселесі жөнінде бізден қайшы пікір тапқысы келетіндер бар. Ленин «Адымдарда»* автономизм дегеніміз оппортунизмнің принципі деп сендіріп еді, ал енді Көпшілік Комитеттері Бюросының өзі жергілікті комитеттердің мүмкіндігінше кең автономиясы болуын жақтап отыр деседі. Ленин демократизмге қарағанда бюрократизм қандай болса, оппортунистердің ұйымдық принципіне қарағанда революцияшыл социал-демократияның ұйымдық принципі сондай болып табылады деп сендіріп келді, ал Көпшілік Комитеттері Бюросы бюрократизм туралы өзі айтып отыр деседі. Бізге тағылған кінәнің мазмұны осындай. Мұның өзі де кіл өтірікке негізделген. Ленин «Адымдарда» (және «Адымдарға» дейін ««Искра» редакциясына хатта»**) бюрократизмге қарсы, автономизмді, т. б. жақтап айтылған сөздер тым көмескі, бұлардың мағынасын әркім өзінше өзгертіп, түрліше ұғынылып жүр деп ондаған, жүздеген рет ескертті де, айтты да, ойға салды да, атап көрсетті де. Шындығында, бұл сөздер тек қана кооптация жасау тілегін бүркеп отыр деп Ленин жүздеген рет айтты. Лениннің бұл сөздері қазір документ жүзінде толық расталып отыр. Егерде бұл сөздерді алуға принцип жүзінде келіссек, — дейді Ленин (*егер* келіссек!), — онда біз мынаны көреміз. Бюрократизм, жалпы алғанда, кеңсешілдік, қағаз бастылық, былықпайлық, атүсті жауап болып табылады. Мұндай бюрократизм жақсы емес деді Ленин және өзінің сөзін Мартовтың белгілі устав жобасын мысалға келтіріп түсіндірді. Азды-көпті ар-ұяты бар оқушы үшін айқын нәрсе — Көпшілік Комитеттері Бюросы осындай бюрократизм туралы айтып отыр, сондықтан «Впередта» қайшы пікірлер бар деп айыптау балалық болады. Бюрократизм — оппози-

* Қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 7-том, 205—443-беттері. *Ред.*

** Қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 7-том, 205—443 және 107—111-беттері. *Ред.*

ция атаулының заңды праволарын және, егер осылай деуге болатын болса, «табиғи» праволарын бұзу, азшылыққа қарсы теріс амалмен күресу деген сөз болуы мүмкін. Мұндай бюрократизмнің болуы мүмкін, деді Ленин, бірақ мұнда принципті ешнәрсе жоқ. Онымен күресу керек, күрескенде азшылықтың праволарын қамтамасыз ететін конституциялық кепілдіктер белгілеу арқылы күресу керек. Мұндай кепілдіктерді тұңғыш рет тастай беріктер немесе, кәзіргіше айтқанда, впередшылдар 22-нің белгілі декларациясында* айқын, тура, ашық ұсынды; ол декларация август, бұдан 7 ай бұрын шықты, содан бері жаңа искрашылдар бұл декларация жөнінде өзінің көзқарасын екіұшты етпей белгілеуге титтей де әрекеттенген емес.

Бірақ бюрократизм, антиавтономизм, т. б. жөніндегі бұл ұғымдардан басқа оларды жеке жөнсіздіктер, ұшқарылықтар, т. с. емес, бүкіл ұйымның жалпы принциптері деп білетін нағыз принциптік ұғымның болуы мүмкін. Біздің еркімізге қарамастан, біздің қарсылығымызға қарамастан меньшевиктер бізге осындай ұғымды таңып келді. Ленин ««Искра» редакциясына хатта» да, «Адымдарда» да дағдарыс пен жіктелудің нақтылы және факт жүзіндегі беталысын бүркейтін мұндай ұғымнан жүздеген рет сактандырып отырды. Ленин ««Искра» редакциясына хатта»: мырзалар, бос сөзді тастаңыздар, өйткені мұның $\frac{9}{10}$ ұрыс-керіс қой! — деп ашықтан ашық шақырды. Бұл үшін Ленинге өршелене тиісті, ал Орталық Орган, принциптер бар деп дәлелдей бастады. Ендеше, осылай болса, онда автономизм *принципі* дегеніміз социал-демократиялық ұйымның нағыз оппортунистік принципі болып табылады, деп жауап берді Ленин және впередшылдар әрқашанда осылай жауап береді. Егер осылай болса, онда сіздердің бюрократизмге қарсы айқай-шуларыңыз принцип жүзінде Франциядағы жоресистердің, Германиядағы бернштейншілдердің, Италиядағы реформистердің айқай-шуымен әбден бірдей. Істің жайы міне осылай болып отыр; бұған көз жеткізу үшін партия дағдарысын сыбайлас-құрбылардың айтуы бойынша емес, документтер бойынша зерттесе болғаны. Ленин

* Қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 7-том, 473—481-беттері. *Ред.*

II съездің өзінде-ақ бундшыл Либерге (протоколдарды қараңыз): мен ұсақ-түйекшіл централизмге қарсы «қайдағыбір» Тула комитетінің автономиясын қорғаймын деген болатын*; біздің партия уставының 8-параграфында осы автономияны қамтамасыз етуге Ленин зәредей де қарсы болған жоқ. Бірақ автономизм *принципін* Ленин де, Көпшілік Комитеттері Бюросы да ешқашан қорғаған емес; оны Акимов, Либер, жаңа искрашылдар қорғады. Мүлде түрлі жағдайларда айтылған, мүлде түрлі мағынасы бар сөздерді әр жерінен үзіп алып, жағдайды білмейтін оқушы алдында істі шатастыру, әрине, қыйын емес, — ал осылай үзіп алу жолымен айтысатын газеттерге жүрт «Новое Время»⁷⁷ газетіне қарағандай қарайды.

«Рабочийдің» кітапшасын алыңыз. «Искра» шатастырып отырған істің мәні неде? Істің мәні — принципсіз адамдар автономизм принципі, т. с. жөнінде айқай-шу көтерем деп соғылып қалды, өйткені жауап ретінде сайлау негізін тек қана талап ету мүмкін еді. Сонда соғылған адамдар кейін шегінді. Впередшылдар: желсөздермен, автономизм, демократизм «принциптерімен» көз бояу лайықсыз нәрсе, ал егер демократизмнің орыс жағдайларында мүмкін болатын рухта уставқа айтарлықтай, елеулі өзгерістер жасау керек болса, онда, келіндер, оларды тура, ашықтан-ашық талқылайық деп келді және осылай дей бермек. «Вперед» «Рабочийге» мынадай ұсыныс жасады: социал-демократиялық әдебиеттің жұмысшыларды партия комитеттеріне алудың қажеттігін Лениндегідей айқын айтылатын тым болмаса бір жерін көрсетіңізші деді**. Жаңа искрашылдар алжастырған «Рабочий» ұсынысты қабылдаймын деп баспасөз бетінде жауап берді; бірақ ол ұсынысты қабылдау дегеннің не екенін түсінбейтін болып шықты, өйткені ол ешқандай басқа жерін көрсетпеді, тек қана: Ленинге «көрсетемін» немесе оның «сазайын тартқызамын» деп док көрсетті. Әрине «Вперед» бұл қорқынышты доққа жауап берген жоқ.

Сонсоң, бір орталық жайындағы мәселені алыңыз. Ленин «Адымдарда» бір орталықты оппортунистер жақ-

* Қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 6-том, 516-беті. *Ред.*

** Осы томның 46—47-беттерін қараңыз. *Ред.*

тады деп айтып еді, ал енді бір орталықты Көпшілік Комитеттері Бюросының өзі жақтап отыр, деседі. Кімдекім «Адымдарды» оқып шыққысы келсе, ол большевиктің екі орталық болуына қарсы жазған бірінші мақаласынан (Рядовойдың «Біздегі түсініспеушіліктер» деген мақаласынан) әлдеқайда көп бұрын Лениннің былай деп жазғанын көреді («Искра» фельетонисі сақтықпен соқпай кеткен 28-бетінде): екі орталық орын идеясы «шет елде революциялық тегеуіріннің алғашқы операциялық базасы құрылған күнде, саяси құлдық жағдайында нақ орыс жұмысшыларының социал-демократиялық қозғалысының уақытша (тыңдаңыздар!) және ерекше мұқтаждарын ескерді». Осының артынша жалпы централизм идеясы жөнінде «Адымдарда» былай делінген: «Бірден-бір (тыңдаңыздар!) принциптік идея болып табылатын бірінші идея бүкіл уставтың арқауы болуға (бұрынғы «Искраның» жоспары бойынша) тиіс еді; екінші идея — орынға және істің түріне байланысты уақытша жағдайлардан туған жеке идея — централизмнен шегінгендік сыяқты түрде, екі орталық орынды құру түрінде болды» (28-бет)*. Енді біздің партиялық «Новое Времянің» айтыс тәсілдері туралы төрелік беруді оқушыға қалдырамыз! «Искра» оқушыны тек алдауға тырысып, одан мына жағдайларды жасырып қалды: 1) екі орталық идеясының уақытша, *жеке* маңызы бар екенін Ленин әлдеқашан көрсеткен болатын; 2) сондықтан бір орталық болуын оппортунистердің жақтағандығын Ленин жалпы принциптер деп ешқашан да түсіндірген емес, қайта әмәндә «орынға және істің түріне байланысты уақытша жағдайлардан туған» нәрсе деп түсіндірді; бұл жағдайлар партияның оппортунистік қанаты бір орталық болуын *факт жүзінде* жақтаған және жақтауға тиіс болған кездегі жағдайлар еді. Бұрынғы «Искра» оппортунизмге қарсы күрестің тірегі болды — бұл факт. Съезде нақ оппортунистік қанат азшылық болды — бұл да факт. Кәзір, жаңа «Искра» оппортунистік болып шығып отырғанда, шет елден гөрі, Россия неғұрлым принципті тұрақтылық және партиялық ұстамдылық көрсетіп отырғанда, осы кәзір «уақытша жағдайлар» өзгеріп кеткен болса, мұнда таңғаларлық не бар? Егерде рабочеделошылдар, Мартынов,

* Қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 7-том, 248-беті. *Ред.*

«батпақ» және жаңа искрашылар екі орталық болуын (мысалы, үшінші съезде дейік) жақтаса, ал большевиктердің бәрі (немесе бәрі дерлік) — бір орталық болуын жақтаса, кәзір бізді бұл жағдай ешбір таңдандырмас еді. Мұның өзі «уақытша жағдайларға» сәйкес революцияшыл социал-демократияның принциптері, бұрынғы «Искраның» принциптері жолындағы, Ленин мен большевиктер жақтап үздіксіз күресіп келген және күресіп отырған принциптері жолындағы күрестің тәсілдерін өзгерткендік қана болар еді. Мұндай бет-бұрысты тек нововремяшыл кейіптес адамдар ғана «керемет» нәрсе деп айта алады. (Біз бір орталық болуын есебі большевиктердің бәрі жақтайды дедік. Мұның ІІІ съезде қалай болатынын біз келешекте көреміз. Біздің арамызда «орынға және істің түріне байланысты уақытша жағдайлардың» маңызы туралы түрлі пікірлер бар, сондықтан біз бұл пікірлердің бәрін съезде салыстырып, «қорытамыз».)

Жаңа «Искра» айтысының тәсілдері жоғарыдағылардан әбден айқындалатын сыяқты, сондықтан енді біздің қысқартып айтуымызға болады. Советтен тыс, уставқа қарамастан съезд шақырып, Көпшілік Комитеттері Бюросы партия тәртібін бұзды дейді «Искра». Бұл дұрыс емес, өйткені съезден бастартып, Совет уставты әлдеқайда бұрын бұзды. Біз мұны баспасөзде әлдеқашан-ақ, ашықтан-ашық баяндадық (Орловский)⁷⁸. Меньшевиктер жасырын жіктелу арқылы партияны қажеттен кейін және алдау арқылы съезден бастартқаннан кейін, бізде орталықтардың еркінен тыс съезд шақырудан басқа жол, сорақы жағдайдан құтылудың бұдан басқа ешқандай практикалық жолы қалмады. «Впередтың» 9-номеріндегі басмақала — «Жаңа міндеттер мен жаңа күштер» — алуан түрлі партиялық ұйымдардың санын едәуір көбейтудің қажеттігін жақтап, уставтың лениндік бірінші параграфының идеясына қайшы келіп отыр, өйткені Ленин съезде өз идеясын қорғап, партия ұғымын тарылту қажет деген болатын дейді «Искра». «Искраның» бұл қарсы дәлелін айтыстың байыбына баруға жастарды үйрету үшін логиканың гимназиялық задачасы есебінде ұсынуға болады. Большевиктер партияны партиялық ұйымдардың жыйнағына, немесе комплексіне дейін ықшамдау керек, ал сонсоң бұл ұйымдардың санын арттыру керек деп айтып келді және айтып жүр (қараңыз: съездің протокол-

дары және «Адымдар», 40 және басқа беттері, әсіресе 40—41 және 46-беттері)*. Жаңа «Искра» партия шеңберін кеңейтуді партия ұғымын кеңейтумен, партиялық ұйымдардың санын көбейтуді партияны партиялық ұйымдардан тыс кеңейтумен шатастырып отыр! Осы бас қатыратын нәрсені түсіндіру үшін жәй ғана мысалдар келтірейік: оңайлату үшін айтқанда, бүкіл армия тек қана бір түрлі қаруы бар адамдардан құралған дейік; армияның құрамын нағыз, тексеру бойынша, ата білетін адамдардың санына сәйкес ықшамдау керек, олар соғысқа жарамдымыз деген желсөзбен, құрғақ уәделермен құтылып кетпейтін болсын; сонсоң ата білетінін тексеретін сынақтан сүрінбей өтуге қаблетті адамдардың санын көбейтуге барынша тырысу керек. Енді сіздер мәселенің неде екенін аздап түсіне бастаған жоқсыздар ма, жаңа искрашыл мырзалар?

«Искра» «Впередты» әшкерелеп былай деп жазады: «Бұрын ұстамды социал-демократтар деп танылатындар ғана керек болған еді, енді қасиетті жерлерге көрнеу социал-демократ еместерден басқа элементтердің бәріне рұхсат етіледі». «Вередтың» 9-номерін алып оқыңыз: «...Үйірмелердің бәрі, көрнеу социал-демократ еместерден басқалары, не партияға тура кіретін болсын, не партияға қосылатын болсын (курсив автордікі). Соңғы ретте біздің программаны қабылдауды да, біздермен ұйымдастыру жағынан міндетті түрде қатнас орнатуды да талап етуге болмайды»**... Партияға енгізу үшін «бұрын керек болған» нәрсені партияға қосылатын топ үшін «енді рұхсат етілетін» нәрсемен шатастырып, «Искраның» тура бұрмалап отырғандығы әлі де айқын емес пе? Партияға өзін-өзі енгізу интеллигенттік анархизм болып табылады, партия мүшелері «ұйымдастыру жағынан міндетті түрде қатнастар орнатуды» тек сөз жүзінде ғана мойындауға тиіс емес деп большевиктер бұрын да айтып келді, енді «Впередта» да айтып отыр. Тек шатастыруды көздеген адам ғана мұны түсіне алмайды. «Впередтың» ұраны мынау болды: жаңа міндеттер үшін партиялық ұйымдарда немесе, тым болмағанда, партия-

* Қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 7-том, 265—267 және 273—274-беттері. *Ред.*

** Осы томның 221—222-беттерін қараңыз. *Ред.*

ға қосылатын ұйымдарда жаңа күштер ұйымдастырыңдар деді. «Искраның» ұраны — «есік кең ашылсын» деген ұран. Біреулері: өз полктеріңе жаңа атқыштар алындар, атуға үйренушілерді көмекші отрядтарға ұйымдастырыңдар дейді. Екіншілері: есік кең ашылсын! әркім қалауынша, өзін өзі армияға енгізе берсін! дейді.

Революцияны ұйымдастыру және қарулану ісін ұйымдастыру мәселесі жөнінде «Искра» кәзір «Впередпен» екі арамызда алауыздықтар жоқ деп сендіргісі келеді. Біз ең алдымен мынаны сұраймыз: ал Парвусше? Егер зұлым «Вперед» алауыздықты ойлап шығарған болса, онда «Искраға» ілік тағады деп күмәндануға болмайтын жаңа искрашыл Парвуспен сіздер ешбір қалтқысыз неге түсініспейсіздер? Сіздер Парвуспен келіспеушіліктеріңізді алдымен өздеріңіз мойындауға тиіс едіңіздер ғой? Мұндай жасырынбақ ойнаудың неге керегі бар? Шындығында, «Рабочее Дело» бұрынғы «Искраға» қалай қарсы болған болса, бұл арада жаңа «Искра» «Впередқа» дәл солай қарсы болып отыр. Өз партиясының тарихын зерттеуші жолдастарға «Рабочее Делоны», әсіресе 10-номерін, қайта оқып шығындар деп кәміл ұсынуға болмайды. «Рабочее Делоның» саяси күрес міндеттерін кеміткендігі оған көрсетілген болатын. Сонда ол: ал «Искра» экономикалық күресті жеткілікті бағаламай отыр деп қарсы дау айтты. Жаңа «Искраның» революцияны ұйымдастыру, көтеріліс жасау, жұмысшыларды қаруландыру міндеттерін, революцияшыл уақытша үкіметке социал-демократияның қатысу міндеттерін кеміткендігі оған көрсетіледі. Жаңа «Искра» былай деп қарсы дау айтады: ал «Вперед» революция мен көтерілістің стихиялылығын, саясаттың «техникадан» (қару-жарак) басым екенін жеткілікті бағаламай отыр дейді. Бір тектес күйыршықтық позиция бір тектес дәлелдерге әкеледі. Жаңа міндеттер туралы мәселе жөнінде өзінің басшылық ұран бере білмейтіндігін жұрт ескі міндеттер аса маңызды деген көпірме сөздермен бүркейді. Ескі міндеттердің маңызын, социал-демократияның әліппесінің маңызын оппоненттің өзі қалай бағалайтындығын көрсету үшін жеке сөздерді бөліп алады. Жаңа искрашыл жолдастар, біз, әрине, социал-демократияның әліппесін әбден бағалаймыз, бірақ біз бір ғана әліппенің көлемінде өмірбақы қалғымыз келмейді. Бар болғаны сол. Парвус те, Көп-

шілік Комитеттері Бюросы да, «Вперед» та ұйымдар мен партиядан тыс жұмысшылардың өздері қарулана алатындығы, қаруланатындығы және қарулануға тиіс екендігі жөніндегі әліппеге қарсы таласуды ойламаған болар еді. Ал егер «Искра» өзінің атышулы «өздігінен қарулануын» *ұран ретінде* ұсынса, — онда стихиялыққа осылай бас июшілікті көріп, жұрттың бәрі, әлбетте, езу тартады. Егер «Искра» Парвусты *түзетіп*, Кричевский мен Акимовтың өте терең ойлы шығармаларына лайық «өздігінен қаруланудың көкейкесті қажеттігімен жұмысшыларды қаруландыру» жөніндегі жаңа міндетті ашатын болса, — онда оның тек мазаққа ұшырайтыны табиғи нәрсе. Егер «Искра» осындай кезеңде, социал-демократияның ескі міндеттеріне бұқараны қаруландыру, көшедегі күрес, т. т. жөнінде жаңа міндеттер қосылған кезде, бұл міндеттерді (жүзеге асыруға енді-енді кірісілген міндеттерді) «техника» жөнінде және оның екінші дәрежелі ролі жөнінде тәкаппарлық даналықтар айту арқылы кемітуге асығыс ұмтылатын болса, егер партияның ежелгі, дағдылы және байырғы саяси міндеттерін «техниканың» жаңа міндеттерімен *толықтырудың* орнына, «Искра» бұл екі міндетті бір-бірінен *айыру* жайында пікір ұсынса, онда жұрт бұл пікірлерді, әлбетте, құйыршықтықтың жаңа нұсқасына жатқызады.

Қорытындыда, күлкілі жағдай ретінде, үрей туғызбау туралы атышулы теорияның шарапатты беделін өзінен аудара салуға «Искраның» әрекеттенгенін көрсете кетейік. Көпшілік Комитеттері Бюросы да «үрей туғызбауды» уағыздап отыр, ол көтеріліс туралы өзінің листогінде⁷⁹ ұсақ буржуаны босқа қорқытып алмас үшін олардың меншіктерін жоюда (аса қажеттігі болмайынша) сақ болу керек деп отыр дегенді дәлелдеуге тырысып, кәзір «Искраның» өзі де бұл мәселені «атышулы» мәселе деп атайды. «Искра»: міне сіздердің де қорқытқыларыңыз келмейді! — деп масайрайды.

Мұның өзі өте тамаша ғой, рас емес пе? Бейбіт манифестация жасау кезінде үрей туғызбау туралы земствошылармен жасалған келісім көтеріліс кезінде қажеттігі болмайынша меншікті қыйратудан қарсы сақтандыру ісімен салыстырылып отыр! Ал сонымен қатар: бір жағынан, «асқан дәрежелі демонстрация», екінші жағынан — көшедегі қарулы күрестің жексұрын, оңбаған «тех-

никасы»... Достар, бір кішкентай сұрақ: көтеріліс кезінде ұсақ буржуаны қажеттігі болмайынша қорқытпау кеңесіне әрбір социал-демократ* қалайша келісе салады және не үшін келіседі? ал, оның керісінше, земство науқаны жөніндегі сіздердің жоспарыңыз, өздеріңіздің айтуларыңыз бойынша, социал-демократтар арасында қалайша «атышулы» жоспар бола қалды? оған өз қатарыңыздан шыққан Парвус те, көптеген басқа адамдар да неге қарсы шықты? осы атышулы жоспарды жарыялауға сіздер өздеріңіз осы уақытқа дейін неге ұяласыздар? Бюроның берген кеңестері қаншалық даусыз және социал-демократия түгел мойындаған кеңестер болса, атышулы хатыңыздағы сіздердің кеңестеріңіз соншалық орынсыз және ерсі болғандығынан емес пе?

*„Вперед“ № 15,
20 (7) апрель, 1905 ж.*

*„Вперед“ газетінің мәтіні
бойынша басылып отыр*

* Осы кезге дейін тек кілең анархистер ғана бұған өздерінің келіспейтіндігін айтты. Олар өз листогінде «Впередка» тиісті, сөйтп демократиялық төңкеріс пен социалистік төңкеріс арасындағы айырмашылықты мүлде түсінбейтіндігін көрсетті.

ЛИБЕРАЛДАРДЫҢ АГРАРЛЫҚ ПРОГРАММАСЫ

Россияның түрлі жерлерінен келген земство қайраткерлерінің Москвада кенесі болды деген хабар жарыя газеттерде тіпті әлдеқашан-ақ басылды. «Московские Ведомости»⁸⁰ үкіметтің Россияда рұхсат етіп отырған съездері туралы, монархиялық партия съезінің, т. т. қажеттігі туралы даурығып, бұл жөнінде тіпті айкай-шу көтеруге де октайланып көрді, бірақ бұл айкайға ешкім айтарлықтай көңіл аудармады, өйткені кәзір полиция анағұрлым күрделі толқулар жөнінде тым көп іске кезігіп отыр. Ал земствошылар, тәрізі, дағдылы конституциялық тілектер шеңберінен шықпаған сыяқты. Алайда земствошылардың аграрлық мәселені қамтығандығынан олардың кеңестеріне ерекше назар аударылды. Газеттердің хабарларына караганда съездің көпшілік даусымен қабылданған ережелерді түгелдей келтірейік:

«1) Экономикалық тіршілік жөніндегі мемлекет өктемдігі аграрлық қатнастар саласына да қолданылуға тиіс. 2) Аграрлық заңдардың дұрыс жолға қойылуына күрделі өзгеріс себеп болып отыр (??). 3) Алда болатын аграрлық реформа мына негіздерде жасалуға тиіс: I. Түрлі категориялардың жері аз топтарының пайдасына жеке иеліктегі жерлерден қажетті кесінді жерлерді міндетті түрде төлемін төлеп алу арқылы екінші таптың экономикалық хал-жайын жақсарту (бұл мәселені дайындау бірнеше адамдарға тапсырылды). II. Қазналық жерлерді және удельдік жерлердің бір бөлегін мемлекеттік жер қоры деп тану; жеке иеліктегі жерлерді сатып алу және төлемін төлеп алу арқылы бұл қорды арттыру, сөйтіп мұны еңбекші халықтың мүддесіне пайдалану. III. Арендалық қатнастарға мемлекеттің өктемдік етуі арқылы аренда шарттарын тәртіпке салу. IV. Жоғарыда көрсетілген негіздерге сәйкес аграрлық шараларды жүзеге асыру үшін қоғамдық, мемлекеттік аралық комиссиялар құру. V. Қоныс аудару мен қоныстануды кең негізде дұрыс жолға қою, кредиттің алуан түрлерін пайдалануды жеңілдету, шаруа бан-

кіне реформа жасау және кооперативтік кәсіпорындарына көмектесу. VI. Жерлерді межелеу ісін оңайлатуды, тездетуді, арзандатуды көздеп, жеке иеліктегі жерлер мен үлес жерлердің аралас танаптарын жоюды, учасоктерді айырбастауды, т. т. көздеп межелеу заңдарын негізінен қайта қарау».

Осы өте көңіл аударарлық программаны пункт-пунктімен талдаудан бұрын оның жалпы маңызына аздап тоқталайық. Күмән жоқ, помещиктер табы өкілдерінің осындай программаны алға қоюы фактысының бір өзі-ақ барлық қалыптасқан батысевропалық капиталистік ұлттарға қарағанда Россияның әлденендей бір ірі өзгешелігі бар екенін шұбалаңқы пікірлерден гөрі айқын дәлелдейді. Мәселе мынада: бұл өзгешелік дәл қандай? Бұл өзгешелік жартылай социалистік қауымдық құрылыста болып отыр ма, осыған сәйкес, ескі социалист-халықшылдардың ойлағанындай және шінара «социалист-революционерлердің» ойлап отырғанындай бізде буржуазиялық интеллигенция мен буржуазиялық демократияның жоқтығында болып отыр ма? Әлде мұның өзі капитализмнің кең, еркін дамуына мүмкіндік бермей, дәл буржуазиялық демократия элементтерінде халықшылдық ниет туғызып, біздің деревняны шырмап алған крепостниктік қалдықтардың молдығында ма? Азын-аулақ ой жүгіртетін социалистер жалтарма сылтаулар арқылы, немесе мәселе дерексіз және теория жүзіндегі мәселе, сондықтан революция заманында бұл мәселе орынсыз деген сылтаулар арқылы, немесе помещиктердің сақтығын әбден дәлелдейтін факт деп шаруа көтерілістерін көрсету арқылы бұл мәселеден құтылып кете алмайды. Теориялық мәселелердегі жалтарғыштық немесе принципсіздік дәл революция заманында толық идеялық күйреумен барабар, өйткені дәл кәзір, социалистерді оқыйғалар билемей, оқыйғаларды социалистер билеуі үшін көңілге тоқылған, тыңғылықты дүние тану көзқарасы керек. Шаруа көтерілістерін мысал етуден де түк шықпайды, өйткені кәзір земство одақтарына саяси ұйымдасқан жер иелері қабылдаған программаның мазмұны бүкіл либералдық баспасөзбен барлық либерал қайраткерлердің бірнеше он жылдар бойы баяндап келген тілектерін көрсетеді. Халықшылдардың программасы помещиктердің программасы болып отыр, — бұл факт біздің қойған сұрауымызға айқын саяси жауап береді. Революция заманында қоғамдық тақырыптар жө-

ніндегі теориялық таластар түрлі таптардың ашық бой көрсетуі арқылы шешіледі.

Енді либералдардың аграрлық программасын байыптап қарастырып көрейік. Біздің жарыя баспасөз мұны ретсіз мадақтауға бейім болып жүр. Мәселен, «Экономическая Газета» «земство адамдарының аграрлық программамен шыққан фактысын атап көрсетеді, оның бер жағында мұның өзі земство қауымының осы кездегі құрамы туралы дағдылы ұғым бойынша айтқанда, ойдағыдан анағұрлым өлшеусіз әсіре» (міне қалай!) «программа болып табылады» (яғни помещик мырзалардың тұрғысынан қарағанда әсіре ме?). «Мұның өзі, — дейді газета, — саяси земстволық топта саяси әдептілікте, біздің айналамызда болып жатқан құбылыстарды терең түсіну қаблеті де бар екенін дәлелдейді»...

Помещик мырзалардың әдептілігі мен түсінігі мынадай: аграрлық қатнастар саласына шаруалардың өздері ашықтан-ашық белсене кіріскен кезде, помещиктер мемлекеттің өктемдік етуі қажет деп айта бастады. Әрі ескі, әрі мәңгібақый жаңа оқыйға ғой! Аграрлық қатнастарға мемлекет өктемдігі Россияда ылғый болып келді: бұл өктемдік жоғары таптардың пайдасы үшін болған кезде, бұл полиция тілінде «тәртіп» деп аталды; ал өктемдік төменнен басталса, онда «тәртіпсіздіктер» туралы әңгіме етеді. Бірақ айтыңызшы, помещиктердің тілейтіні дәл қандай өктемдік? Олардың программасынан көрінетін нәрсе, тек қана — жер иелену мен жер пайдалану жөніндегі өктемдікті тілейді. Қесінді жерлердің төлемін төлеп алудан бастап кредитке дейінгі, учасоктерді айырбастауға дейінгі шаралардың бәрі тек қана шаруашылық ретінде жер пайдаланушы адамдарға, яғни кожайындардың түрлі разрядтарына катысты. Ал шаруашылығы жоқ село жұмысшылары ше? Біздің Россияда бір ғана «ішкі» 50 губернияда өткен ғасырдың 90-жылдарының өзінде-ақ кемінде *үш жарым миллион* батрактар мен күндікшілер бар деп есептелетін, селода жалданып жұмыс істеу олар үшін күнелту қаражатын табудың ең негізгі көзі болды. Қазір, күмән жоқ, ауылшаруашылық жалдама жұмысшылардың саны бұрынғыдан да көп-ақ, оның бер жағында олардың басым көпшілігінде шаруашылық мүлде жоқ немесе мүлде жоқ дерлік. Үйсіз, шаруашылықсыздардан басқа бізде бұдан он жыл бұрын жоғарыда көрсетілген

губернияларда шамамен алғанда он миллион шаруа шаруашылығының үш миллионнан астамы атсыз шаруашылықтар деп есептелетін. Осы қалың бұқараның — тек қожайындар деген атағы ғана бар. Олардың ең өмірлік мүддесі неғұрлым жоғары жалақы табуда, жұмыс күнінің неғұрлым қысқа болуында, еңбек жағдайларының неғұрлым қолайлы болуында. Помещик мырзалар жалдаушылардың жұмысшылар жөніндегі қатнасына өктемдік ету туралы әдейі жұмған аузын ашпай отыр. Сондықтан село жұмысшыларының өздері кіріспейінше, мұндай өктемдік туралы тіпті ешкім де жөнді ойламайды деп кәміл сенуге болады.

Біздер, социал-демократтар, осы өктемдікке бәрынша мықты көңіл аударуымыз керек. Қозғалыстың тікелей практикалық мүдделері де, біздің жалпы принциптеріміз де осыны керек етеді. Орыс либерализмі мен орыс халықшылдарының буржуазиялық-демократиялық сыйпаты, бір есептен, дәл мынадан көрініп келді және көрініп те отыр: селолық ұсақ шаруашылықтың мүдделері селолық жалдама еңбектің мүдделерін мүлде қағаберіс қалдырып жүр. Әрине, кәміл халықшыл, ал кейде «социалист-революционер» де жалдама еңбек ролінің «екінші дәрежелі» болуы (мужиктің өмірінде емес, социалист-революционер қыялында осылай) себепті, «қауымдық дәстүрлердің», «еңбектік көзқарастардың» және «тең пайдаланудың» бұдан әрі дамуында бұл рольдің мүлде жоққа тән болуы мүмкін екендігі себепті мұның өзі әбден табиғи нәрсе деп есептеуге бейім тұрады. Бірақ бұл бейімдік, жалынды және бүкпесіз, социалистік лебізді сөздермен қаншама әсіреленгенімен, шынына келгенде ой өрісінің ұсақбуржуазиялық тар шеңберін дәлелдейді, басқа түк те емес. Орыс шаруасына да, орыс интеллигентіне де тән бұл сыяқты қыялшылдық ұсақбуржуазиялық қыялшылдық болып табылады. Осы халықшылдық қыялшылдықтың гүлдері — атап айтқанда, еңбекші адам баласы бұғауларының бірін әшекейлейтін жалған гүлдер, сондықтан социал-демократиялық сын мұндай гүлдерді аяусыз жұлып тастауға тиіс; жұлғанда «адам баласы бұғауларды қуаныш атаулыдан, рахат атаулыдан құралақан түрінде тағып жүре беруі үшін емес, адам баласы бұғауларды лақтырып тастап, тірі гүлге қолын созуы үшін»⁸¹ жұлып тастауға тиіс.

Біз шаруалар қозғалысын әбден қолдаймыз. Егер шаруалар, біздің көмегіміз арқылы, помещиктердің барлық жерлерін революциялық жолмен тартып ала алса, біз мұны Россияның бүкіл қоғамдық дамуы үшін де, орыс пролетариаты үшін де зор ұтыс деп есептер едік. Бірақ тіпті осы жақсы жолдың өзін алып қараныз, — тіпті сонда да ауылшаруашылық жалдама жұмысшылар бұқарасы сан жағынан ғана уақытша азаяр еді, бірақ ешбір жоғала қоймас еді. Тіпті сонда да селолық жалдама жұмысшылардың дербес мүдделері дербес мүдделер болып қалар еді.

Жердің шаруалар қолына өтуі өндірістің капиталистік әдісінің Россиядағы үстемдігін титтей де жоймаған болар еді, оның өзі қайта, капиталистік әдістің дамуына неғұрлым кең өріс берген болар еді, оның өзі бұл дамудың түрін қайдағыбір италяндық түрден американдық түрге жақындатқан болар еді. Шаруалар арасында мүлік жөніндегі айырмашылық кәзірдің өзінде-ақ өте зор, бірақ самодержавиелік-крепостниктік құрылыстың жаппай езгісінің бір ғана салдарынан мұның өзі онша байқалмай келеді, сондықтан бұл айырмашылық әсте жойылмас еді. Ішкі рыноктың артуы, айырбас пен товарлы шаруашылықтың жаңа көлемде дамуы, өнеркәсіп пен қалалардың тез өсуі, — шаруалардың хал-жайын айтарлықтай жақсартудың барлық осы даусыз нәтижелері мүлік жөніндегі айырмашылықты сөзсіз күшейтер еді. Бұл жөнінде бізде жалған үміттер неғұрлым көп таралған болса, социал-демократия, егер ол жұмысшы қозғалысының мүдделерін тек бір сатысында ғана емес, түгелінен шын қорғаймын десе, осы жалған үміттерге қарсы соғұрлым үзілді-кесілді күресуге тиіс*.

Толық социалистік төңкеріс болмайынша, оған дейін аграрлық өзгерістер жөніндегі ең радикалдық, ең революциялық шаралардың ешқайсысы да ауылшаруашылық жалдама жұмысшылар табын жоғалта алмайды. Барлық адамдарды ұсақ буржуазияларға айналдыру туралы қыял реакциялық дөрекілік болып табылады. Міне сондықтан да біз кәзірдің өзінде-ақ селолық жалдама жұмысшылардың таптық санасын өсіру жөнінде, олар-

* Маркстің төменде басылған, 1846 жылғы мақаласын салыстырыңыз. (Осы томның 334—341-беттерін қараңыз. *Ред.*)

дың дербес таптық ұйымы жөнінде жұмыс істеуге тиіспіз. Қалалық стачка толқыны тек шаруа көтерілістері түрінде ғана емес, сонымен қатар нағыз жұмысшы стачкалары түрінде де, — әсіресе пішен шабу мен егін ору кезінде, — деревняға ауыса алады және ауысуы керек те. Біздің программаның жұмысшы бөлімінде көрсетілген, көп реттерде қала жұмысшылары өз қожайындарына ұсынып жүрген талаптарды, тұрмыс жағдайларының өзгешелігіне сәйкес тиісінше өзгертіп, село жұмысшылары да ұсынуға тиісті. Қала жұмысшысынан бір өзгешелігі, селолық жұмысшының хал-жайын кемітетін ешқандай ерекше заңдар (егер жұмыстан өз бетімен кетушілік туралы заңды еске алмасақ) Россияда әзірінше жоқ екенін пайдалану керек. Пролетарлық өрлеудің толқыны батрактар мен күндікшілердің арасына шынайы пролетарлық ниет пен пролетарлық күрес әдістерін енгізетін болуын көздеу керек.

Деревня халқының ұсақбуржуазиялық тобы, сөздің шын, келте мағнасында алғанда шаруалар, белгілі тарихи дәуірлерде революцияшыл болмай қоймайды. Оның кәзіргі революцияшылдығы «ескі тәртіптің» барлық жағдайларынан сөзсіз туады, ал біз осы революцияшылдықты барынша қолдап, дамытуға тиіспіз. Жаңа тәртіптің, жаңа, еркін капиталистік Россияның тіршілік жағдайларынан тағыда бір сөзсіз туатын нәрсе, — деревнядағы ұсақ буржуалардың бір бөлегі «тәртіптің» жағына шығып кетеді, — сөйтіп, кәзір шаруалар помещиктердің жерлерін неғұрлым көп тартып алса, бұл өзгеріс соғұрлым тез болады. Деревняда да нағыз революцияшыл тап, барлық, әралуан жағдайларда, ақырына дейін революцияшыл тап — тек село пролетариаты ғана. Ұсқынсыз, жабырқаңқы мужикті еркін, жігерлі европалық фермерге айналдыру зор демократиялық табыс болып табылады, — бірақ біздер, социалистер, саналы, еркін, ұйымдасқан село пролетары фермерге қаншалық қарсы тұрса, тек сонда ғана, тек соншалық дәрежеде ғана бұл табыс адам баласын езушілік атаулыдан толық азат ету ісіне нақтылы пайда келтіретіндігін бір минут та ұмытпаймыз.

Либерал помещик мырзалар село жұмысшыларын ауызға алмай отыр. Болашақ фермер жөнінде олар өздерінің бар әрекетін оны неғұрлым тез арада өзінің

одақтасына, меншікті қожайынға тәртіптің тірегіне айналдыруға жұмсап отыр, бұл ретте өз қалтасына нұқсан келтірмеу жағын (бәлкім, дұрысын айтқанда: өз қалтасына мүмкіндігінше пайда түсіру жағын) қарастырып отыр. Олар түкке тұрғысыз қайыр-садақамен кұтылмақшы! Бірден-бір революциялық шара — удельдік жерлерді конфискациялау болса, олар мұны осы жерлердің бір бөлегімен тежейді, конфискацияны конфискация деп атауға қорқады, ал шіркеу жерлерін тіпті ауызға алмайды. Жерлері аздарға кесінді жер беруге уәде етіп, олар төлем ақыға мықтап жармасып отыр, бірақ олар алынатын жер үшін төлем ақыны кім төлейтіні жөнінде бір ауыз да үн қатпай отыр. Олар, сірә, 1861 жылғы әйгілі төлем сыяқты, мұны да мужиктің төлейтіні өзінен өзі түсінікті деп есептейтін болу керек. Помещиктер өздерінің ең нашар жерлерін үш есе қымбат бағамен береді, — олардың кесінді жерлері міне осындай болмақ. Кредит, кооперация, участоктерді айырбастау, т. т. жөнінде олар ұсынып отырған шаралардың бәрі де бүтіндей қарабастарының оқшау тұрған мүдделерін көздейді. Аренда жөнінде, — шаруа шаруашылығының ең күрделі мәселелерінің бірі жөнінде, — олар «тәртіпке салу» деген нағыз тыянақсыз ұранмен тынады. Мөлшерлеу сылтауымен арендалық бағаны арттыруға дейінгі қалаған нәрсенің бәрі осыған орайласуы мүмкін, — билеуші таптардың өкілдері «тәртіп» деп нені түсініп келгенін және нені түсінетіндігін жоғарыда біз көрсетіп өткенбіз.

Ал либералдық программаның саяси жағынан ең маңызды және ең қауіпті пунктін деп біз «қоғамдық-мемлекеттік аралық комиссиялар» жөніндегі пунктін есептейміз. Аграрлық өзгерістер жасау әдісі туралы мәселенің маңызы өте зор, өйткені өзгерістердің азды-көпті елеулі сыйпаты нақтылы және шынайы түрде оны жүргізу әдісіне байланысты. Халықшылдар бізді бұл мәселе жөнінде де (басқа көптеген мәселелер сыяқты) істің саяси жағын елемей немесе жете бағаламай, экономикалық табысқа басты көңіл аударуды үйретті. Ұсақ буржуа үшін табиғи, «қожайын» үшін түсінікті бұл көзқарас, социал-демократ үшін мүлде жарамсыз. Егер қожайындар мен меншіктілер таптарының немесе разрядтарының ішінде болып жатқан қыймылдан түсетін, пролетариаттың тап

күресін жеңілдететін саяси табыс болмаса, социал-демократ үшін бұл қыймыл маңызды емес. Усакбуржуазиялық қыялшылдық тұрғысынан карағанда «тең пайдалану», т. т. жөніндегі бұлдыр жобалардың қай-қайсысы да маңызды. Социал-демократ тұрғысынан карағанда мұндай бұлдыр жобалардың бәрі де — нақтылы демократиялық табыстардың нақтылы шарттарынан қоғамдық сананы басқа жаққа аударатын мағнасыз, зыянды қыял болып табылады. Билеуші таптар экономикалық қайырсадақа беру арқылы еңбекшілерді тозғындатып, аздыруға әрдәйім, барлық жерде тырысатындығын социал-демократтар ешқашанда ұмытпайды. Жер шаруашылығындағы өзгерістер саласында бұл саясат олар үшін өте-мөте оңай және олар мұны өте-мөте шебер жүргізіп келеді.

Сондықтан да біз аграрлық программамыздың негізгі талаптарын неғұрлым айқын, неғұрлым батыл ұсынуға тиіспіз: шаруалардың революциялық комитеттері құрылуы керек, шын негізгі (помещиктерше — «негізгі» емес) аграрлық өзгерістерді бұлардың өздері жүргізетін болсын. Бұлай етпейінше аграрлық реформаның қандайы болса да 61-жылғы әйгілі «реформа» сыяқты жаңа алдауға, жаңа арандатуға қалайда, сөзсіз айналып кетеді. Ал «қоғамдық(?)»-мемлекеттік аралық комиссиялар» дегеніміз арандатуды тікелей әзірлеу деген сөз ғой! Біз «қоғам» деп помещиктерді, «мемлекет» деп чиновниктерді түсінеміз. «Қоғамдық-мемлекеттік» дегеннің мәнісі помещиктік-чиновниктік деген сөз, бұдан басқа түк те емес.

Біз деревнядағы үгітімізді тезінен міне осы пунктте баса жүргізуге тиіспіз. Есітесіздер ме, шаруалар? Сіздерді чиновниктік жолмен тағыда жарылқамақшы, помещиктің өктемдігімен тұрмыстарыңызды «тәртіпке салмақшы», аты өшкір ескі төлемнің үлгісі бойынша сіздерге «төлемін төлеп» жер әпермекші! Помещиктер сондай, сондай қайырымды-ақ: өздерінің жерлерін тегіннен-тегін алып қою қаупін көре салып, олар жерлерін сатуға кең пейілділікпен көніп отыр, — әлбетте, тиімді бағаға сатпақ... Сіздер помещиктер мен чиновниктердің осындай өктемдігіне ризасыздар ма? Әлде сіздер іске өздеріңіз араласып, өздеріңіздің еркін тұрмыстарыңызды өздеріңіз құрмақсыздар ма? Онда қала пролетариатымен

бірігіңіздер, республика үшін күресіңіздер, өздеріңізді революциялық үкіметке жеткізетін, шаруалардың революциялық комитеттеріне жеткізетін көтеріліске аттаныңыздар!

*„Вперед“ № 15,
20 (7) апрель, 1905 ж.*

*„Вперед“ газетінің текст
бойынша басылып отыр*

МАРКС АМЕРИКАЛЫҚ «ҚАРАЛАЙ БӨЛІС» ТУРАЛЫ

«Впередтің»* 12-номерінде Маркстің аграрлық мәселе жөнінде Кригеге қарсы пікірі ескертіліп өтілген. Бұл 1848 жылы емес 1846 жылы болған нәрсе еді; мұны — жолдастың мақаласында 1848 жылы болды деуі қате. Маркстің қызметтес адамы, Герман Криге, ол кезде әлі өте жас жігіт болатын-ды, 1845 жылы Америкаға көшіп барып, онда коммунизмді насихаттау үшін «Volkstribun» («Халық Трибуны») деген журналды негіздеді. Бірақ Герман Криге бұл насихатты коммунистік партияның беделін түсіретін етіп жүргізді, сондықтан бұған неміс коммунистерінің атынан Маркстің мейлінше қарсы шықпауына болмады. 1846 жылы «Westfälisches Dampfboot»⁸²-те басылып шыққан және Маркстің Меринг бастырып шығарған шығармаларының екінші томында қайта басылған, Кригенің бағытына берілген сынның осы заманғы орыс социал-демократтары үшін өте зор маңызы бар.

Әңгіме мынада: осы кезде Россияда алға қойылып отырғаны сыяқты, ол кезде де аграрлық мәселені америкалық әлеуметтік қозғалыстың өзі бірінші орынға көтеріп, алға қойған болатынды, оның бер жағында әңгіме нақ дамыған капиталистік қоғам туралы болған жоқ, әңгіме капитализмнің шындап дамуы үшін керекті алғашқы, негізгі жағдайларды жасау туралы болды. Бұл соңғы жағдай, америкалық «қаралай бөліс» идеяларына Маркстің қалай қарағандығы мен осы заманғы шаруа-

* Осы томның 256-бетін қараңыз. *Ред.*

лар қозғалысына орыс социал-демократтарының қалай қарайтындығын салыстыру үшін аса маңызды нәрсе.

Америкалық құрылыстың нақтылы әлеуметтік өзгешеліктерін зерттеу үшін, рентаны жоюға ұмтылған аграрлық реформашылардың сол уақыттағы қозғалысының шын сыйпатын анықтау үшін өзінің журналында Криге ешбір материал берген жоқ. Бірақ оның есесіне Криге (дәл біздің «социалист-революционерлер» сыяқты) аграрлық революция жөніндегі мәселені көпірме, даурықпа сөздерге айналдырды. «Әрбір кедей — деп жазды Криге — өзінің өнімді жұмыс істеуіне мүмкіншілік берілетін болғандықтан, бірден-ақ адам баласы қоғамының пайдалы мүшесіне айналады. Егер оған қоғам ұлтарақтай жер беріп, сол жерімен ол өзін, өзінің семьясын асырай алатын болса, мұндай мүмкіншілік оған мәңгі қамтамасыз етіледі. Егерде осы адам айтқысыз орасан көп жер (атап айтқанда, Солтүстік Америкадағы 1400 миллион акр мемлекеттік жер) сауда айналымынан алынып, белгілі бір мөлшерде еңбекке берілетін болса*, онда Америкадағы қайыршылық бірден жойылады».

Маркс бұған қарсы шығып былай дейді: «Криге тілеген патриархтық құрылыстың индустриялы құрылысқа қарай дамуын декреттер арқылы тоқтату немесе шығыс жағалаудағы өнеркәсіпті, саудалы штаттарды патриархтық варварлыққа қарай кейін шегіндіріп тастау заң шығарушылардың билігінде емес екендігін түсінуді күтуге болар еді».

Сонымен, біз нағыз америкалық қаралай бөліс жоспарын көріп отырмыз: толып жатқан жерді сауда айналымынан босатып алу, жерді пайдалану правосы, жер иелену немесе жермен пайдалану шегін тежеу. Сондықтан да Маркс утопизмді әуел бастан-ақ дұрыстап сынға алады, патриархтық құрылыстың сөзсіз индустриялық құрылысқа айналатындығын, яғни осы заманғы сөзбен айтқанда капитализмнің сөзсіз дамытындығын көрсетеді. Бірақ қозғалысқа қатысқандардың утопиялық ар-

* «Революционная Россияның» 8-номерінен бастап мыналар туралы: жердің капиталдан еңбекке өтуі туралы, Россиядағы мемлекеттік жердің маңызы туралы, жерді теңбе-тең пайдалану туралы, жерді сауда айналымына тартуды көздейтін буржуазиялық идея туралы, т. с. туралы не жазғандығын естеріңе түсіріңдер. Дәл Кригенің жазғанындай емес пе!

мандары Марксті жалпы қозғалыстың өзіне теріс қаратпай қоймады деп ойлаушылық үлкен қате болған болар еді. Әсте олай емес. Маркс сол кезде-ақ, өзінің әдебиет майданына әдепкі қатыса бастаған кезінен-ақ, қозғалыстың шын прогрессивтік мазмұнын оның жылтыраған идеологиялық алдамшы көрінісінен ажырата білген болатын. Өзінің жазған сынының ««Халық Трибунының» экономиясы (яғни саяси экономия) мен оның жас Америкаға көзқарасы» деген екінші бөлімінде Маркс былай деп жазды:

«Біз, америкалық ұлтшыл-реформистердің қозғалысының тарихи праволылығын толық мойындаймыз. Біз, бұл қозғалыстың белгілібір нәтижеге жетуге ұмтылып отырғандығын білеміз, рас, бұл нәтиже дәл осы минутте кәзіргі буржуалық қоғам индустриализмінің дамуына қозғау салар еді, бірақ бұл нәтиже, пролетарлық қозғалыстың жемісі болғандықтан, тегі жердің жеке меншікте болуына қарсы шабуыл жасау ретінде және әсіресе Американың осы уақытта болып отырған жағдайларында, өзінің туғызатын нәтижелері арқасында, коммунизмге қарай сөзсіз ілгері бастауға тиіс. Нью-Йорктегі неміс коммунистерімен бірге рентаға қарсы қозғалысқа (Anti-Rent-Bewegung) қосылған Криге, қозғалыстың өзінің мазмұнын тексеріп қарастырмастан бұл қарапайым фактыны көпірме сөздермен жылтыратып сырлап отыр. Ол мұнысымен, жас Америка мен америкалық қоғамдық жағдайлардың арасындағы байланыстың өзіне мүлде анық емес екендігін дәлелдейді. Жер иелігін америкалық көлемде тақталап бөлмекші болған аграрлардың жоспары туралы Кригенің айтқан көпірме сөздерінің тағыда бір мысалын келтіріп өтейік.

«Халық, Трибунының» 10-номерінде, «Біз нені тілейміз» деген мақалада былай делінген: «Америкалық ұлтшыл-реформистер жерді барлық жұрттын дәулеті деп санайды... сондықтан әлі тонаушы-жалдаптардың қолына түспеген 1 400 миллион акр жерді адам баласының тартып алуға жатпайтын ортақ дәулеті ретінде сақтап қалу үшін халық заңдарының тиісті шаралар қолдануын талап етеді». Сөйтіп, осы «тартып алуға жатпайтын, ортақ дәулетті» бүкіл адам баласының пайдасына сақтап қалу үшін Криге ұлтшыл-реформистердің: «әрбір шаруаға, оның күн көруі үшін, қай елде туып-өскеніне қарамас-

тан, Американың жерінен 160 акр жер берілсін» деген жоспарын қабылдап отыр. «Халық Трибунының» 14-номеріндегі «Қонзеге жауап» (Konze) деген мақалада бұл жоспар былай деп суреттелген: «Халықтың әлі қол тимеген осы дәулетінен ешкім де 160 акр жерден артық жер алуға тиіс емес, ал осы мөлшерде жер алғанда да оны өз күшімен ұқсататын болғанда ғана алуы керек». Сонымен, жерді «тартып алуға жатпайтын ортақ дәулет», оның үстіне «бүкіл адам баласының» дәулеті етіп сақтап қалу үшін, бұл жерді дереу бөле бастау керек. Криге, осы бөлістен туатын қажетті салдарларды: шоғырлануды, өнеркәсіп прогресін, т. с. қандай болмасын бір заңмен тыйып тастауға күшім жетеді, деп ойлайды. Оған 160 акр жер өзіне өзі тең бір нәрсе сыяқты болып көрінеді, бұл мөлшердегі жердің құны, оның сапасына қарай әртүрлі болмайтын сыяқты болып көрінеді. «Шаруалар» өзара және басқа адамдармен жерлерін айырбастамағанмен де, жерден өнген өнімдерді айырбастап отыратын болады. Ал осы жағдайға жетіп болғасын, лезде-ақ, кейбір «шаруа» өзінің еңбегінің арқасында және өзінің 160 акр жерінің табиғи құнарлылығының арқасында капиталсыз-ақ екінші біреуді өзіне батрак ететін халге жеткізетін болады. Ал онан кейін, «тонаушы-жалдаптардың қолына» «жер» түссе де яки жерден өнген өнімдер түссе де, мұның бәрібір емес пе? Адам баласына Кригенің тартып отырған осы сыйлығын жақсылап қарап өтелік. 1 400 миллион акр жер «бүкіл адам баласының тартып алуға жатпайтын ортақ дәулеті» болып қалуға тиісті. Сонда әрбір шаруаға 160 акрдан жер тиюге тиісті. Олай болса, біз Криге айтқан «адам баласының» қаншалықты көп екендігін санап шығара аламыз: дәл $8\frac{3}{4}$ миллион «шаруа» немесе, әр семьяда 5 адамнан болғанда, $43\frac{3}{4}$ миллион адам бар екен. Біз «адам баласының өкілі болып табылатын пролетариатты барлық жерге» ең болмағанда Құрама Штаттарда «ие ететін» осы «мәңгі замананың» қаншаға созылатындығын да дәл осылай есептеп шығара аламыз. Егерде Құрама Штаттардың халқы, осы уақытқа дейін болып келгені сыяқты тез, яғни әрбір 25 жыл ішінде екі еседен өсіп отыратын болса, онда осы «мәңгі замана» 40 жылға да жетпейтін болады. Осы 1 400 миллион акр жер 40 жыл ішінде иеленіп бітеді, ал сонда кейін ұрпақтардың «ие-

ленуіне» ешбір жер қалмайды. Бірақ жерді ақысыз тегін үлестіріп беру иммиграцияны өте күшейтетіндіктен, әсіресе 44 миллион адамға берілетін жер мөлшері осы күнгі европалық қайыршылықты, оны болдыртпау каналы ретінде жоюға да жетпейтіндігін ескерсек, Кригенің «мәңгі заманасы» онан да ертерек аяқталуы мүмкін. Европада он адамның бірі қайыршы: Британия аралының бір өзінде 7 миллион қайыршы бар. Ал осы сыяқты саяси-экономикалық аңқаулықты 13-номердегі «Әйелдерге» деген мақалада да кездестіреміз, мұнда Криге былай дейді: егерде Нью-Йорк қаласы өзінің Лонг-Айлендегі 52 000 акр жерін жұртқа беретін болса, осының өзі Нью-Йоркті «бірден-ақ» пауперизм, қайыршылық, қылмыс атаулыдан мәңгі азат етуге жеткілікті болар еді.

Егер Криге, жерге бостандық болуына ұмтылатын қозғалысты белгілібір жағдайда пролетарлық қозғалыстың қажетті тұңғыш формасы деп қараған болса, егер ол бұл қозғалысты, оны туғызып отырған таптың тұрмыс жағдайына қарай, онан әрі коммунистік қозғалысқа қарай дамуға тиіс қозғалыс деп бағалаған болса, егер ол, Америкадағы коммунистік тілектердің алғашқы кезде тосыннан қарағанда коммунизм атаулыға қайшы келетін осы аграрлық формада қалай жарыққа шығуға тиіс болғанын көрсеткен болса — онда бұған қарсы ешнәрсе де айтуға болмас еді. Ал Криге, белгілібір шын мәлім адамдардың қозғалысының бағынышты ғана маңызы бар осы формасын жалпы адам баласының ісі деп жарыялап отыр. Криге бұл істі жалпы қозғалыс атаулының түпкі, ең жоғарғы мақсаты ретінде алға қойып отыр, сөйтіп қозғалыстың белгілі мақсаттарын нағыз даурықпа мағнасыздыққа айналдырып отыр. 10-номердегі дәл сол мақаласында ол мынадай салтанатты ән шырқайды: «Міне, сөйтіп, ең ақырында, европалықтардың ежелгі арманы орындалған болар еді, олар үшін мұхиттың бер жағынан жер әзірленген болар еді, оларға сол жерді алып, қолының күшімен гүлдендіру-ақ қалар еді, сонда дүние жүзінің барлық тирандарының бетіне мына сөзді мақтанышпен басар еді: бұл *менің* лашығым, мұны сендер салып берген жоқсындар, бұл — сендердің жүректеріңді күншілдікке толтыратын *менің* ошағым дер еді».

Криге бұған қосымша: мынау жатқан бір үйме көн *менің* көңім, өзімнің, әйелім мен балаларымның көңі,

батрағым мен малымның көңі, дей алар еді. Сөйтіп бұл арада өз «армандарын» жүзеге асты деп білетін қандай европалықтар екен? Бұлай деп білетіндер тек коммунист емес жұмысшылар ғана! Бұлай деп білетіндер Америкада қайтадан ұсақ буржуа мен шаруа болғысы келіп бақыт іздеп жүрген, банкротқа ұшыраған дүкеншілер мен цех шеберлері немесе жұтаған шаруалар болар! Ал осы 1 400 миллион акр жердің көмегімен жүзеге асырылатын «арман» не екен? Ол арман барлық жұртты жеке меншіктілерге айналдырудан басқа ешнәрсе де емес. Бүкіл жұртты император, король және папа етемін деушілік қаншалықты жүзеге аспайтын, қаншалықты коммунистік емес арман болса, бұл да дәл сондай арман».

Маркстің сыны әбден зәрлі, мысқылды сын. Маркс Кригені түйрегенде, оның көзқарастарындағы дәл кәзір өзіміз біздің «социалист-революционерлерден» кездестіріп отырған ерекшеліктері үшін: кұрғақ сөз үстемдігі, ең жоғары революциялық утопизм ретінде алға қойылып жүрген ұсақбуржуазиялық утопия, осы заманғы шаруашылық құрылыстың және оның дамуының нақты негіздерін түсінбеушілік сыяқты ерекшеліктері үшін түйрейді. Ол кезде өзі *болашақ* экономист қана болған Маркс айырбас пен товарлы шаруашылықтың ролін тамаша көрегендікпен болжап көрсетті. Шаруалар жермен айырбас жасамаса да, жердің өнімдерімен айырбас жасайды, дейді Маркс; осының өзімен-ақ барлығы айтылып отыр! Мәселенің осылайша қойылысының бәрін өте көп реттерде орыс шаруалары қозғалысына және оның ұсақбуржуазиялық «социалистік» идеологтарына қолдануға болады.

Бірақ Маркс, сонымен бірге, бұл ұсақбуржуазиялық қозғалысты кұр «теріс» деп табудан, оны доктринерлік етіп елемеуден, ұсақбуржуазиялық революцияшыл демократияға жақындасудан өзіме кір келтірем деп қорқудан аулақ болды; бұлай қорқу үстірт оқығандардың көбіне тән әдет. Маркс қозғалысты идеологиялық жағынан сырлаудың масқаралығын мейлінше кекеп, қозғалыстың *шын* тарихи мазмұнын, оның болмай қалмайтын нәтижелерін материалистік жолмен айық тексеріп анықтауға тырысты, қозғалыстың бұл нәтижелері қайсыбір адамдардың еркі мен санасына, армандары мен теорияларына байланысты тумай, объективтік жағдайлар арқылы

тууға тиісті. Сондықтан Маркс коммунистердің бұл қозғалысты қолдағанын сөкпейді, қайта оны толығынан мақұлдайды. Маркс, диалектикалық көзқараста бола отырып, яғни қозғалысты барлық жағынан алып қарастыра отырып, өткендегіні де, болашақтағыны да ескере отырып, жер меншігіне қарсы жасалған шабуылдың революциялық жағын атап көрсетеді, Маркс ұсақбуржуазиялық қозғалысты пролетарлық, коммунистік қозғалыстың өзгеше бір бастапқы формасы деп таныйды. Маркс Кригеге меңзеп былай дейді: сіз бұл қозғалыс арқылы жетпекші болған мақсатыңызға жете алмайсыз, туысқандық орнына ұсақбуржуазиялық дарашылдық туады, шаруа үлестерінің тартып алынбаушылығының орнына — жерді сауда айналымына тартушылық туады, тонаушы-жалдаптарға соққы берудің орнына — капиталистік дамуға база кеңейеді. Ал сіздің арамтер болып соқпай кеткіңіз келіп жүрген капиталистік жаманшылық, тарихи жақсылық болып табылады, өйткені ол қоғамдық дамуды қатты тездетеді, коммунистік қозғалыстың және жоғарғы формаларын әлденеше есе жақындата түседі. Жер меншігіне берілген соққы, мұнан былайғы жерде де жалпы меншік атаулыға сөзсіз берілетін соққыны жеңілдете түседі; төменгі таптың азын-аулақ жұртқа ғана уақытша біраз жәйлі тұрмыс туғызатын өзгеріс жасау жолындағы революциялық қыймылы төменгі таптың өзінің барлық еңбекшілерге шынымен толық адамшылық бақыт әперетін өзгеріс жасау жолындағы мұнан былайғы да сөзсіз революциялық қыймылын жеңілдетеді.

Маркстің Кригеге қарсы осылай мәселе қойысы біз үшін, орыс социал-демократтары үшін, үлгі болуға тиісті. Россиядағы кәзіргі шаруалар қозғалысының нағыз ұсақбуржуазиялық сыйпаты бар екеніне күмәндануға болмайды; біз бар күшімізді салып мұны жұртқа түсіндіруге тиіспіз және қандай да болсын барлық «социалист-революционерлердің» немесе дөрекі социалистердің бұл жөніндегі барлық жалған үміттерімен аяусыз, қатты күресуге тиіспіз. Пролетариаттың барлық демократиялық төңкерістер арқылы толық социалистік революция жасауға ұмтылатын өзіне дербес партиясын өз алдына ұйымдастыру ісі біздің түпкілікті, бір минут те естен шығаруға болмайтын мақсатымыз болуға тиісті. Ал

сондықтан шаруалар қозғалысынан сырт беру — нағыз барып тұрған үмітсіз филистерлік және педанттық болған болар еді. Жоқ, бұл қозғалыстың революциялық-демократиялық сыйпаты бар екені күмәнсіз, сондықтан біз бар күшімізді салып оны қолдауға тиістіміз, оны өрістегуге, саяси-саналы және таптық-айқын етуге тиістіміз, оны ілгері демеуге, онымен бірге қол ұстасып, ақырына дейін баруға тиістіміз, — өйткені біз шаруалар қозғалысы атаулының бәрінің де барып жететін жерінен анағұрлым әрі асып кетеміз, біз қоғамның тапқа бөлінушілігінің толық жойылып бітуіне дейін барамыз. Шаруалар басынан кешіріп отырған мұндай азап, мұндай қанаушылық пен қорлаушылық жер жүзінде Россиядан басқа қай елде табыла қояр екен. Бұл езушілік неғұрлым ауыр болған болса, оның оянуы енді соғұрлым күштірек, күдіреттірек болмақ, оның революциялық тегеуріні соғұрлым жеңімпаз болмақ. Революцияшыл саналы пролетариаттың міндеті — осы тегеуірінді бар күшін салып қолдап отыруы керек, қолдағанда, ол тегеурін ескі, лағнет, крепостниктік-самодержавиелі құл Россияның құл-талқанын шығаратындай болсын, ол тегеурін азат, батыл адамдардың жаңа ұрпағын туғызатындай болсын, социализм жолындағы біздің пролетарлық күресіміз кеңшілікте өрістейтін жаңа республикалық ел құратындай болсын.

*„Вперед“ № 15,
20 (7) апрель, 1905 ж.*

*„Вперед“ газетінің тексті
бойынша басылып отыр*

ӘШҚЕРЕЛЕНГЕН СОВЕТ

«Искраның» 95-номерінен жеке оттиск түрінде «Партия Советінің» қаулысы жаңа ғана жарыққа шықты, оған 7 апрель, 1905 ж., Женева қаласы деп жазылған. Бұл қаулы «шындықтан жалтарулардың» шым-шытырық өрмегі болып табылады. Басты-бастыларын көрсетіп өтейік.

Совет партиядағы ішкі күрес оның бірлігін бұзбауын көздеп отырды деседі. Бұл өтірік. Теріске шығарылмаған және теріске шығаруға болмайтын документтерден партияның барлық мүшелері мынаны білуге тиіс: бұдан бір жылдан аса бұрын, 1904 жылғы январьда, Орталық Комитеттің мүшелері Ленин пен Васильев бойкотка және үйірмелердің жалпыпартиялық акшаны жасырын иемденуіне тыйым салу туралы бүкіл партияға үндеу жазу жөнінде Советте ұсыныс жасады*. *Совет олардың ұсынысын қабылдамады.* Совет мұның орнына партияның жасырын жіктелуіне тікелей қатысты, азшылықтың «кооптация» жолындағы жасырын ұйымының күресіне дем беріп отырды. Бұл күрес II съезд кезінен бастап, яғни 1903 жылғы августан бастап 1904 жылғы ноябрьге немесе декабрьге дейін жүргізілді, бұл кәзір документ жүзінде дәлелденіп отыр.

Сонымен, 1904 жылғы январьдан бастап Совет партияның жоғарғы мекемесі емес, азшылықтың жасырын ұйымының қолшоқпары болды. Бұл ұйымның өмір сүріп отырғанын тек ымырашыл Орталық Комитет қана

* Қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 7-том, 141—144-беттері. *Ред.*

емес, Орталық Комитеттің азшылық жағына көшкен кезінде тіпті «Искраның» өзі де жарыя және баспасөз бетінде мойындады.

Азшылықтың жасырын ұйымының құралы болғандықтан, Совет комитеттер талап еткен жалпы партиялық съезден жалтаруға бар күшін салды. Россиядағы социал-демократиялық жұмыс шет елдегі азшылықтың ірткі салуынан аттай біржарым жыл бойы бөгеліп келді. Россиядағы комитеттер аттай біржарым жыл бойы съезд үшін үздіксіз, ашынған күрес жүргізді, женевалық Советке қарсы күрес жүргізді, ол Совет не комитеттердің қарарларын жасырды, не ең дөрекі жаман сөздерді тіркеп қарарларды кері қайтарып жіберіп отырды («мүттәйімдер, оңбаған комедия, ойдан қыйыстырылған документтер» — деген сөздер Мартовтың хатында бар, Орловскийдің «Партияға қарсы Совет» деген кітапшасын қараңыз). Жасырын жіктелу қайраткерлерінің мінез-хұлықтарына қарсы жүргізілген осы азапты күрестің әрбір ірі қадамы кәзір әдебиеттегі документ жүзінде расталды. 1904 жылғы октябрьдің өзінде-ақ, яғни *бұдан* жарты жыл *бұрын*, мәселен, Орловскийдің «Партияға қарсы Совет» деген кітапшасында Советтің съезд шақыру жөніндегі устав бойынша белгіленген өз міндетінен себепсіз бастартқандығы дәлелденді. Осыдан кейін Россиядағы толып жатқан партия комитеттері бірінен соң бірі Советке және барлық орталық мекемелерге *формальды сенбестік* білдірді. Бірақ Совет *бұған* ешқандай көңіл аудармады, ұятсыздықпен партияны қорлады. Совет азшылықтың қолшоқпары болды. Қәзір Совет 1905 жылғы 7 апрельдегі қаулыда өзін тура *таласушы жақтардың бірі* деп санайды, бірақ сонымен қатар ол партиядан алған мандатын партияға қайырып беруден бастартып, *жалпыпартиялық* мекеменің атағын, праволары мен өкілдіктерін ұялмай пайдаланып отыр! Мұның өзі сенімді мейлінше сорақы түрде *бұзушылық* болды.

Ақырында, Россиядағы партия комитеттері Советтің съезден жалтарғанын көріп, үш конференцияда өздері сайлаған «Бюро» арқылы *съезді өздері шақырған кезде, тіпті азшылық жағына шыққан* Орталық Комитет те өз катесін түзеуге асықты. Көпшілік комитеттеріне тілектес еместігі былай тұрсын; тіпті оларға қарсы күрескен *орыс Орталық Комитеті*, дегенмен *орыс істерін көріп*,

Россияда көпшіліктің шынымен басым екендігін біліп, съезді шақыру жөнінде Көпшілік Комитеттері Бюросының әділдігін мойындауға тиіс болды, *Советке қарсы шығуға тиіс болды*. 1905 жылғы 12 мартта бүкіл партияға жазған үндеуінде орыс Орталық Комитеті *Советке тура қарсы шығады*, мұны біз баспасөзде бұрын да көрсеттік және барлық орыс қызметкерлері мұны декларациядан біледі; Орталық Комитет осы декларацияның 5-пунктінде: «Советтің съезге қарсы 8 марттағы («Искра» № 89) қарары съезді ұйымдастыру жөніндегі жұмысты тоқтату үшін негіз болып табылмайды» деп жарыялады.

Біздің Совет мүлде ауызға алмай отырған осы жарнаманың мәнісі не? Оның мәнісі — орыс Орталық Комитеті орыс істерінің жайын біле отырып және, тегінде, шетелдік Советтің пікірлерін тексере келіп, *бұл пікірлерді теріс деп табады* деген сөз, съезді шақыруға қарсы айтылған сылтауларды кыйсынсыз деп табады деген сөз, іспен танысуға мүмкіншілігі болған орыс комитеттері басым көпшілігінің съезді талап ету фактысы *дәлелденген* факт деп табады деген сөз.

Орталық Комитеттің 5-пункттегі мәлімдемесі туралы біздің Советтің тіс жармай отырған себебі осы! Неге десеңіз бұл мәлімдеме бүкіл партия алдында Совет пікірлерін теріс деп тіке мойындаумен барабар, партияның қоғамдық пікірін Совет бұрмалап отыр деп мойындаумен барабар!

Сондықтан Советтің таласушы жақтардың кеңесін немесе келісімін ұсынып, партияны тағыда адастыруға әрекеттеніп отырғаны кұр әурешілік. *Россияда мұндай келісім кәзірдің өзінде жасалды*. Меньшевиктердің орыс орталық орны Орталық Комитет болды — мұны Орталық Комитеттің июль декларациясын меньшевиктік ұйымдардың қабылдағаны туралы хабарлағанда «Искраның» өзі тура айтқан болатын. Көпшіліктің орыс орталық орны Көпшілік Комитеттері Бюросы болды. Таласушы екі жақтың *орыс орталық орындары жалпы съезд жайында кәзірдің өзінде келісім жасады*. Бұдан Россияда партиялық пен партия бірлігін шет елдегі меньшевиктерден гөрі біраз жоғары бағалайтын меньшевиктер бар екендігі көрінеді. Бұдан өздерінің орталық орны, Орталық Комитет арқылы орыс меньшевиктерінің өздері шетелдік Советті әшкерелеп, одан іргесін аулақ салып отырғандығы көрі-

неді. Бұдан таласушы екі жақтың орыс орталық орындары келісімге келгеннен кейін шетелдік Советпен, яғни Женевада отырған джентльмендермен ешқандай келісім туралы әңгіме болуға тиіс емес екендігі көрінеді.

Сондықтан біздің Совет өзін Орталық Комитеттің болашақ уақытта кұлататыны туралы босқа әңгіме етіп отыр. Мұның өзі болашақтағы іс емес, өткендегі іс. Орталық Комитеттің 1905 жылғы 12 мартта партияға жазған үндеуінің бесінші пункті өз оқығандарының мағнасын түсіне білетіндердің бәріне бұл кұлатудың әлдеқашан болғандығын көрсетеді. Екі жақтың біріккен орталық орындары арқылы Россия шет елді кұлатты. Кәзір Партия Советі партияның өкілі емес, дәл женевалықтар тобының өкілі болып табылады.

Партия істерінің осы суреттемесінің каншалық дұрыс екендігі төмендегіден ерекше айқын көрінеді. Совет 1905 жылғы 7 апрельдегі өз қаулысын бірауыздан қабылданды дегенді айтады. Партия мүшелері, мұны оқып, *Орталық Комитеттің Советтегі екі мүшесі де* қаулыға қатысқан екен деп, әрине, ойлауға тиіс. Ал Советтің оқушыларда туғызуға тырысып отырған бұл жорамалы мейлінше күмәнді нәрсе болып қалады.

Дәлел келтірейік. Біз «Впередтің» 13-номерінде бұрын көрсеткенбіз, Көпшілік Комитеттері Бюросы мен Орталық Комитет арасындағы шартты жарыялауға бізге әлі право берілген жоқ. Бірақ сонымен қатар бізге: партия Советі партияның III съезін шақыруға қарсы бағытталған қаулы қабылдаған жағдайда бұл шарттың ең болмағанда бір пунктін жарыялауға болады делінген-ді.

Кәзір осындай жағдай туып отыр.

Сондықтан кәзір біз жарыяланбаған шарттың бірінші пунктін жарыялаймыз:

«Көпшілік Комитеттері Бюросы мен Орталық Комитеттің 1905 жылы 12 мартта қол қойған шарты:

Бірінші пункт: Орталық Комитет пен Көпшілік Комитеттері Бюросы өкілдерінен құрылған Ұйымдастыру Комитеті съезді шақыру жөнінде Советтің қандай қарар қабылдағанына қарамастан партияның III съезін дереу ұйымдастырады».

Айқын шығар?

Орталық Комитет Советтің болашақ қарарларына өзінің бағынбайтындығын ерекше ескертті, Совет жазата-

йым адал іс етіп қала ма деген оймен мұны уақытша жарыяламаған еді. Мұның мәнісі — орыс меньшевиктері Советтің жазатайым болса да адал ниетті іс көрсетуі мүмкін деп сеніп келген еді деген сөз.

Өздерінің орыс орталық орны арқылы орыс меньшевиктері енді қатты түңіліп отыр.

Советтің пайдасын түгелдей көздейтін Орталық Комитеттің өзі шет елдегі өз серігін әбден әшкерелеуге тиіс болғандығы, демек, кәзір толық дәлелденіп отыр.

Қәзір біз оқушыларға тек қана кішкентай қортынды сұрау бермекшіміз: осыдан кейін Советтің Женевада отырған мүшелері туралы, Советтің 1905 жылғы 7 апрельдегі қаулысы Женевада бірауыздан қабылданды деп баспасөз бетінде және жұрт алдында мәлімдеген мүшелері туралы не ойлауға болады?

*„Вперед“ № 15,
20 (7) апрель, 1905 ж.*

*„Вперед“ газетінің тексті
бойынша басылып отыр*

РСДЖП СОВЕТІНІҢ ПРЕДСЕДАТЕЛІ ПЛЕХАНОВ ЖОЛДАСҚА АШЫҚ ХАТ⁸³

Құрметті жолдас!

Орталық Комитет 4 (17) апрельде өзінің Советтегі өкілдері етіп Иогансен⁸⁴ мен Валерьян⁸⁵ жолдастарды тағайындағанын мәлімдеп, Советтің мәжілісін партия уставында белгіленген құрамы бойынша мүмкіндігінше ең жақын уақыттың ішінде шақыруды Советтен өтінген болатын.

Бұл өтінішке жауап ала алмай, біз сол өтінішті Сізге қайталап айтуға ұйғарған едік, сөйтіп 22 (9) апрельде жауап алдық, онда Сіз: «партия уставын бұзушылар ретінде және Совет қызметтерінің узурпаторлары ретінде әрекет етуді» қойғандарыңша Совет мәжілісін шақырудан бастартамыз депсіз.

Советтің ресми мәжілісін шақырудан бастартудан туған жағдай біздің Партия Советіне бірқатар мәлімдемелер жасауымызды мүмкін етпей отыр, ал осы мәлімдемелерді жасамай отыра беру ендігі жерде, біздің пікірімізше, мүмкін емес, сондықтан біз Советтің таяудағы мәжілісінде жасауға тиісті болған басты мәлімдемелерімізді бүкіл партия алдында Сізге хат арқылы баяндауға мәжбүр болып отырмыз.

1) Орталық Комитет Партия Советіне мынаны мәлімдейді: 4 (17) апрельге дейін партияның мынадай толық праволы ұйымдары — комитеттері партияның III съезін шақыруды жақтады: Петербург, Москва, Солтүстік одақ, Нижегород, Тверь, Тула, Рига, Сибирь одағы, Воронеж, Саратов, Одесса, Кавказ одағы (8 дауыс), Николаев, Орал, Орел-Брянск, Курск, Смоленск, Полесье, Солтүстік-Батыс, Харьков, Самар комитеттері, небәрі 21 ұйым,

бәрін қосып алғанда бұлар 48 дауысқа праволы. Орталық Комитет те съезді шақыруды жақтап съезге өзінің делегатын және Партия Советіндегі өз өкілдерін жіберуге ұйғарды.

Астрахань, Қазан, Кубань, Дон комитеттерінен Горнозавод одағынан, Екатеринослав, Қырым одағынан, Лигадан, Орталық Орган редакциясынан және Советтің шет елдегі 3 мүшесінен не қарарлар алынбады, не съезд шақыруды тілемейміз деген қарарлар алынды.

Ақырында Киев комитеті, 25 мартта съезге қарсы қарар алса да, соның артынша съезге делегат сайлап, оны шет елге жіберген.

Сонымен, бүкіл партия атынан съезде болатын 75 дауыстан* 52 дауыс (Киев комитетін есептемегенде) партияның III съезін шақыруды жақтап отыр.

Осындай жағдайларда Орталық Комитет партия советіндегі өз өкілдері арқылы мынадай талап қоюды қажет деп есептейді: бәрін қосып алғанда съезде болатын дауыстардың жартысына праволы партия ұйымдары талап еткенде, съезд шақыру жөнінде партия уставының 2-параграфында көрсетілген формалды міндеттемені Совет дереу орындауға тиіс деп есептейді.

Орталық Комитеттегі мәліметтерге қарағанда, кәзір уставта белгіленген мөлшерден анағұрлым көп дауыс (75-тен 52) съезді жақтап отыр, сондықтан Совет партия уставында көрсетілмеген, ешқандай алғышарттар немесе талаптар ұсынбастан, съездің шақырылатынын дереу, сөзсіз жарыялауға тиіс.

2) Орталық Комитет мынаған кәміл сенеді: партия мен бүкіл Россия кәзір бастан кешіріп отырған кезеңде партия съезін шақыру сыяқты өте-мөте маңызды мәселе, тіпті Партия Советі барлық мүшелері шын тілеген күнде де, тек қана кілең формалдық жолмен шешілуі мүмкін емес. Біздің партия уставы бұл үшін онша тыңғылықты жасалып жетпеген және, мәселен, съезді жақтап берілген дауыстар заңды мөлшерге жеткенде, партия Советі съезді қай мерзімнің ішінде шақыруға *міндетті* деген сұраққа онда ешқандай жауап айтылмаған. Партияның орталық мекемелері осы мәселе мен басқа да мәсе-

* Толық праволы ұйымдардың «Искраның» 89-номерінде жарыяланған тізімін қараңыз.

лелер жөнінде уставтың *түсінігін* қолдана отырып, I-пункттен көрініп отырғанындай, съезді кәзірдің өзінде жақтап партияның формалды түрде білдірілген еркіне қарай іс істеп қана қоймай, сонымен қатар партиядағы болсын, сондай-ақ жалпы Россиядағы болсын факт жүзіндегі жағдаймен де санасуға тиісті болып отыр.

Орталық Комитет Партия Советіне мынаны білдіруді өз борышым деп есептейді: Россияда партия дағдарысының асқынып кеткені соншалық, есебі бүкіл партия жұмысы тоқтап қалып отыр. Комитеттердегі жағдай әбден шатасып кетті. Жергілікті орындардағы фракциялар арасында мейлінше шиеленіскен алауыздықтар туғызбайтын бірде-бір тактикалық немесе ұйымдық мәселе жоқ деуге болады, оның бержағында бұл алауыздықтар көбінесе мәселенің мазмұнына қарай емес, таласушылардың партияның әртүрлі жіктеріне жататындығынан туып отыр. Партия қызметкерлері көпшілігінің алдында Партия Советінің де, Орталық Органның да, Орталық Комитеттің де қажетті беделі жоқ, барлық жерлерде бірінің жұмысына бірі кедергі жасайтын және пролетариат алдында партияның беделін түсіретін қос ұйымдар құрылып отыр. Көбінше әдеби жұмыспен айналысатын жолдастар тіпті партияның едәуір бөлегі сенбестік білдіріп отырған жағдайда да тоқтаусыз жүре алады, сондықтан бұлар жалпыпартиялық істің кәзіргі жайы мүшкіл, төзімсіз екенін практикалық орталықтың қызметкерлері білгендей айқын білмеуі мүмкін, өйткені мұндай қызметкерлер өз қызметінде Россияда күн санап, барған сайын зор қыйыншылықтарға кездесіп отыр. Кәзіргі кезеңде біздің партия өміріндегі ішкі қайшылықтардың дамуы бізге партияның II съезі берген уставтың тар шеңберінен, бәрімізге көптен белгілі болған кемелсіз шеңберінен асып кетіп отыр. Сондықтан жаңа формалар қажет немесе тым болмағанда ескі формаларды өзгерту қажет, ал мұны социал-демократиялық партияның бірден-бір заң шығарушысы — партия съезі ғана істей алады, өйткені *жалпыға міндетті* ережелер шығару соның, тек соның ғана міндеті, одан басқа ешқандай конференция, ешқандай жеке келісім мұндай ережелерді жасап бере алмайды. Съезд арқылы партия дағдарысын тез жайғастырудың маңыздылығын ұғынып россиялық комитеттердің көпшілігі съезді тез жүзеге асыру жөнінде делегаттар сайлап

жіберуге дейінгі барлық шараларды кәзірдің өзінде қолданып отыр; оның бержағында съезді бұрыннан жақтаған көпшілік комитеттері ғана емес, сонымен қатар азшылық комитеттерінің топтар мен перифериялардың көпшілігі де осылай істеп отыр. Партия съезді жақтап, оны әзірлеу ісіне зор қаржы, күш жұмсады. Кәзір, съезд шақырудың міндетті екендігі күмәнсіз болып отырғанда съезд жарыялауды кейінге қалдыруға партия орталық мекемелерінің ешқандай формалдық правосы жоқ, сондықтан олар осы жұмсалған күштердің партия үшін босқа кетпеуі үшін өз тарапынан барлық шараларды қолдануға моральдық жағынан міндетті. Кәзір Россияға өте керек болып отырған аса белсенді ондаған делегат жолдастардың шет елде белгісіз уақытқа кідіріп қалуы, ол тұрсын, Орталық Органдағы жолдастардың партия уставының рухы үшін, партия бірлігін сақтаудың жоғарғы мүддесі үшін уставтың әріптерінен бастартқысы келмегендігінен ғана болмай қалған съезден олардың Россияға қайтуы партия күштерін орынсыз ысырап еткендік және партия тұрмысы алдарына қойған міндеттерді партия басшыларының орындауға қаблетсіздігі болып табылар еді. Формалар жойылып отырғанда, өсіп, дамып келе жатқан партияға бұл формалар тар болып отырғанда, заң әріптері қасиетті деп жүз рет қайталап айтумен ғана кұтылуға болады деп ойлау лайықсыз. Дағдарыстан кұтқаратын жол бұл емес, одан кұтқаратын бірден-бір жол — тек партия съезін шақыру бола алады.

3) Партия уставының 6-параграфы бойынша, Орталық Комитеттің жалпыпартиялық маңызы бар барлық жұмыстарды ұйымдастырып, басқаруына ерік берілген, сондықтан ол, өзінің бұлжымас және шек қоюға жатпайтын правосы ретінде, партия съездерін ұйымдастыру жөнінде әзірлік шараларын қолдану және бүкіл практикалық жұмысты орындау правосын батыл қорғайды. Партияның басқа мекемелері тарапынан бұл жұмысқа қол сұғу әрекетінің қандайын болса да, партияның бірден-бір практикалық орталық орны болған Орталық Комитет партия уставын бұзу деп есептейді және оны өз правосына қол сұққандық деп, қабылдамайды. Ал партия съездерін шақыру жөнінде уставтың 2-параграфы бойынша Партия Советіне берілетін праволарға келсек, онда Орталық Комитет бұларды Советтің съезд шақырылады деп жарыя-

лауы мағнасында және Орталық Комитеттің факт жүзінде жүргізген жұмысын бақылауы мағнасында түсінеді.

Жоғарыда баяндалған жағдайға сәйкес, Орталық Комитет партияның III съезін шақыру жөнінде Көпшілік Комитеттері Бюросымен жасаған өз келісінде Партия Советі съезді алдын ала формалды түрде жарыяламай-ақ съезді шақыру ниеті айтылғандықтан ғана (шарттың 1-параграфын қараңыз) бұл келісім партия уставына қайшы келеді деп мойындайды.

4) Орталық Комитетті есептемегенде, партияның толық праволы 18 ұйымының III съезді шақыруды жақтаған қарары туралы мәліметтер алып, Орталық Комитет 12 мартта мұны Советке хабарлау жөнінде қаулы шығарып, Советке мынадай мәлімдеме жіберді: «Орталық Комитет Партия Советіне мынаны білдіреді: кәзіргі уақытта (12 мартта) партияның толық праволы 18 комитеті (Орталық Комитетті есептемегенде), яғни партия уставы арқылы өздерінің III съезге қатысуы қамтамасыз етілген шешуші дауыстардың жартысынан артығы партияның III съезін шақыруды жақтады. Ең жақын арада тағыда бірнеше комитеттерден осындай қарарлар келуі керек. Мұндай жағдайларда Орталық Комитет съезді дереу шақыру қажет деп есептейді, сондықтан тиісті қаулылар қабылдап, съезді шақыру туралы жарыялауды Партия Советінен өтініп сұрайды. Бұл мәселе жөнінде Орталық Комитеттегі документтердің бәрі жақын арада Партия Советіне жіберіледі». Мұнымен бірге Орталық Комитет тіпті 10 мартта-ақ өз агенті Вадим жолдасқа⁸⁶ істің жайын партия Советіне мәлімдеу мақсатымен дереу шет елге жөнелуге ұсыныс еткен болатын, ал Вадим жолдас Советтің мәжілістеріне қатысуға Орталық Комитеттен уәкілдік алған еді. Сәтсіз жағдайларға кезігіп, Вадим жолдас шекараға жетпей-ақ қамауға алыныпты. Бұл арада келтірілген документті, — съезді шақыруды дереу жарыялауға Советті міндеттейтін қарарлардың бар екенін Орталық Комитет атап көрсеткен документті алсақ, Орталық Комитет мүшелері Иогансен мен Валерьян жолдастардың 4(17) апрельде Дейч жолдастан алған жеке мәліметтеріне қарағанда бұл документ мүлде қолға тимеген. Кейіннен Дейч жолдас бұл ақпарын түзетіп, документ Локарнода алынғанын, бірақ Совет мәжілісі болып өткеннен кейін, 7 апрельде алынғанын айтты. Ор-

талық Комитеттің өкілдерін — біздерді Совет мәжілісіне қатыстырмау Орталық Комитеттің бұл мәлімдемесінің Совет мүшелеріне неге бұлай кешігіп тапсырылғандығын біздің анықтауымызға мүмкіндік бермей отыр. Алайда, тіпті мәлімдеме Советтің 3 мүшесінің Локарнодағы мәжілісінен кейін алынған күнде де, съезді шақыру үшін қажетті мәліметтер бар екенін көрсететін документтің маңыздылығынан Орталық Органдағы жолдастар және Советтің 5-нші мүшесі дереу жыйналып, партия уставы белгілеген қарарды қабылдауға тиіс еді немесе, тым болмағанда, Орталық Комитеттің шекараға жетпей ұсталып қалған өкілінің келмегендігінен 7 апрельдегі қаулыны жарыялауды тоқтата тұру керек еді.

5) Орталық Комитет Партия Советінің 1905 жылғы февральдан бері алған қаулыларының заңдылығына таласады, өйткені январьдың аяғында Б. мен Вторев жолдастар⁸⁷ шет елден кеткеннен кейін Орталық Комитет партия Советінде өкілдік етуге ешкімге өкілдік берген жоқ. Орталық Комитет пен Советтің шетелдік мүшелері арасындағы осы дау-жанжалдан көп бұрын, атап айтқанда 1904 жылғы 14 февральда, Орталық Комитеттің жалпы жыйылысы қаулы қабылдады, ол қаулы Орталық Комитеттің Советтегі өкілдігі туралы уставтың 4-параграфын мына мағнада түсіндіреді: Орталық Комитеттің Советке енетін мүшелері өкілдікті бүкіл коллегиядан алады, тіпті Орталық Комитеттің түрлі себептермен шет елде жүрген мүшелері де, егер Орталық Комитеттің жалпы жыйналысының бекіткен қарары болмаса, Совет мәжілістеріне қатысуға праволы емес.

Орталық Комитеттің осы түсіндіру қаулысы Орталық Комитеттің шет елге өкілдер жіберуі үшін негіз болды, сондықтан 1904 жылғы февральдан бастап Орталық Комитет өкілдерінің бәрі де Орталық Комитеттің жалпы жыйылысы оларды алдын ала бекіткеннен кейін ғана партия Советінде сөз сөйлейтін болды. Глебов жолдас пен Ленин, Глебов жолдас шетелге өзінің екінші рет барған кезінде, Россияға өзінің қайтуына дейін Советте Орталық Комитеттің өкілі болған Б. жолдас, белгілі бір мәселелер жөнінде Орталық Орган редакциясымен келіссөз жүргізу және Совет мәжілістеріне қатысу право-сымен январьда шет елге барған Вторев жолдас, осылардың бәрі өз өкілдіктерін Орталық Комитеттің белгі-

лібір мүшесінен немесе партия Советіндегі өкілдік жағынан өзінің алдында болған адамнан алған жоқ, Орталық Комитеттің жалпы жыйылысынан алды. Жоғарыда айтылған қаулыны Орталық Комитеттің 1904 жылғы 14 мартта қабылдауына және кейінгі бүкіл практикасында ол қаулыны бұлжытпай қолдануына итермелеген себептер мынандай: Орталық Комитеттің Советтегі өкілдігін осылай ұйымдастыру Орталық Комитетпен жеткілікті тығыз байланысы жоқ және партия тұрмысының барлық мәселелері жөнінде оның саясатының егжей-тегжейімен таныс емес жолдастарға Партия Советінде Орталық Комитет атынан сөз сөйлетпедің бірден-бір амалы болып табылды. Біз бұдан да басынқырап айтамыз: Советтің 2 мүшесін Орталық Комитеттің *тек жалпы жыйылысы арқылы* ғана тағайындау Россияда жұмыс істеуші орталық орынның партия Советіне ықпал етуін, ықпал еткенде Орталық Органнан белгіленген жолдастардың, Советте тек сан жағынан ғана емес, кейбіреулерінің россиялық социал-демократия былай тұрсын, тіпті халықаралық социал-демократияның алдыңғы сапында ұзақ жылдар даңқты күрес жүргізуі арқасында алған беделі бойынша да басым жолдастардың ықпалына аз да болса жақындайтын ықпал етуін камтамасыз ететін бірден-бір құрал болды. Орталық Комитет бұл жолдастарды, — Совет мүшелерін әрқашанда тиісінше қадірлейді, алайда, егер Партия Советінің құрамын аз уақытқа болса да өзгертуге жол берсе, соның нәтижесінде, бар істі сіңірген еңбегі көп, құрметті адамдар болғанмен, бірақ Россияда жүргізіліп жатқан тікелей практикалық жұмыстың басында болуын жағдайы көтермейтін жолдастардан құралған коллегия ғана шешетін болса, онда Орталық Комитет бүкіл партия алдында өз борышын бұзған болар еді. Советтің мәжілісін шақыру жөніндегі біздің өтінішіміз қабылданбады, сондықтан Орталық Комитеттің шетелдік «техникалық комиссиядағы» уақытша өкілі етіп Второв жолдас тағайындаған Дейч жолдастың Орталық Комитет атынан Партия Советінде сөз сөйлеуді қалайша мүмкін деп тапқанына біз көзімізді жеткізе алмадық, ал Орталық Комитеттің Россиядағы жұмысына тегінде оның ешқашанда ешқандай қатысы болған емес. Орталық Комитет Дейч жолдастың бұл сөзін іске аспайды деп жарыялайды, өйткені мұны Орталық Коми-

тет алдын ала бекіткен жоқ, ал егер Второв жолдас (ол кезде Орталық Комитеттің тек агенті ғана болатын) немесе тіпті Орталық Комитет мүшелерінің әйтеуір бірі партия Советінде Орталық Комитеттің өкілі болуын Дейч жолдастан сұрады деп ойлағанның өзінде, Дейч жолдастың позициясының заңсыздығы мұнымен де жойылмайды, өйткені көрсетіліп отырған өкілдікті Орталық Комитеттің жалпы жыйылысы ғана беруі мүмкін, ал Дейч жолдастың Советте өкілдік етуі жөнінде бұлай істелген жоқ. Жоғарыда айтылғандарға сәйкес, Орталық Комитет партия Советінің барлық қаулыларын, Б. жолдас пен Второв шет елден кеткен соң қабылданған, Орталық Комитеттің ешбір қатысуынсыз болған қаулыларын дұрыс емес деп есептейді, сондықтан Орталық Комитеттің заңды өкілдерін шақырып, жаңа мәжілісте барлық мәселелерді қайта қарауды талап етеді.

6) Орталық Комитет Партия Советінің орталық орындардың қайсы біріне билік айтуға және олардың Советтің барлық қаулыларына сөзсіз бағынуын талап етуге правосы жоқ деп біледі. Устав бойынша Советтің міндеті Орталық Комитет пен Орталық Орган редакциясының қызметін үйлестіріп, біріктіріп отыру, ал орталық орындардың бірі Советпен жанжалдасатын болса, онда жанжалды, сірә, партияның төтенше шақырылатын съезі ғана шешуі керек. Орталық орындардың бірімен Партия Советінің арасында алауыздықтар болса, Партия Советінің даусы шешуші дауыс бола алмайды, себебі бұл жағдайда Совет әрі төреші, әрі дауласушы жақ болар еді. Ал оның бержағында Орталық Комитеттің өкілдерін қатыстырып Партия Советінің мәжілісін шақырудан бастарту арқылы Советтің үш мүшесі (Орталық Органның мүшелері) Орталық Комитетті факт жүзінде кіналап қана қойған жоқ, сонымен қатар оны, уставты бұзбайынша бұлжымайтын правосынан, Партия Советіне өз өкілдерін жіберу правосынан айырып, кәзірдің өзінде жаза-лап отыр.

Советтің 3 мүшесінің (Орталық Орган мүшелерінің) қаулыларына қалай болғанда да Орталық Комитетті бағындыру үшін басқа да шаралар қолданылып отыр. Сонымен, Орталық Комитеттің жәй істері мен ақшалы істерінің бәрін, оларды басқару үшін тағайындалған Орталық Комитеттің мүшесі Валерьян жолдасқа тапсы-

ру жөнінде Орталық Комитеттің шет елдегі өз агенті Дейч жолдасқа жасаған заңды талабына Дейч жолдас Орталық Комитеттің Советпен жанжалын сылтауратып, бастартып жауап берді.

Сөйтіп Орталық Комитет Көпшілік Комитеттері Бюросымен жасаған өз келісімінің 1-параграфында тіпті Совет бастартқан күнде де съезді шақыруға дайын екендігін білдіруі арқылы уставқа қайшы келген болса, ал Советтің үш мүшесі Орталық Комитеттің Советке қатысу правосын, Орталық Комитеттің шет елдегі жәй және ақшалы істері жөнінде бұйрық беру, бақылау правосын жойып, өз тарапынан уставты екі рет бұзды (партия уставының 2 және 6-параграфтарын бұзу).

Партия уставы бойынша шешуге болмайтын, жоғарыда баяндалған жанжалды — Орталық Комитет пен Партия Советі (Орталық Органнан екі мүше және Советтің 5-нші мүшесі) арасындағы жанжалды партия алдында анықтап, Орталық Комитет, Советті шақырудан партия Советі председателі бас тартқандықтан, Совет председателі Плеханов жолдастың уставты қатты бұзатын өзінің осы ісімен партия Советінің жұмыс істеу мүмкіншілігін жоятындығын, сөйтіп осы арқылы партия Советін факт жүзінде өз бетінше жоятындығын мәлімдейді.

Партия Советіне Орталық Комитеттің сөзсіз бағынуы керек, бұл өте қажетті шарт, мұнсыз Советтің шақырылуы мүмкін емес деп Сіз, жолдас, талап етіп отырсыз, ал бағыну дегеніңіз факт жүзінде съезді белгісіз уақытқа қалдыру, партияның айқын көрсетілген еркін бұзу болып шығады.

Партияға өзінің шын ниеттес болуын Советтің шет елдегі үш мүшесіне шын ниеттес болудан жоғары санап, Орталық Комитет бұл жанжалдың бәрін партияның өз төрелігіне береді.

23 (10) апрель, 1905 ж.

РСДЖП Орталық Комитеті

ІІІ СЪЕЗД ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ

Жалпы съезді шақыру үшін Орталық Комитеттің Көпшілік Комитеттері Бюросына қосылуына «Искра» бәлағат сөзбен, долданумен, жеке кісілер жөнінде жаңа күдіктер білдірумен, азшылық топтарының күші туралы ертегілер айтумен, т. т. жауап қайырды (№ 94). Лиганың атақты съезіне лайықты осы қылықтардың бәріне де біз, әлбетте, жауап қайырмаймыз. Асылын айтқанда, тек екі пунктті ғана атап көрсетуге болады. Егер съезд болатын болса, дейді «Искра», тек *өзгешеленген ағымдардың конференциясы* ретінде ғана болады. Басқа сөздермен айтқанда: жаңа искрашылдар өздерін партиядан өзгешеленгендер деп біледі, жікті іс жүзінде болған нәрсе деп біледі. Осыны ашық мойындауды біз жеркөнішті жасырын жіктен артық санаған болар едік. Тек бұл қалайша, мырзалар: сіздер өздеріңізді партияның екінші бір бөлігінен бөлініп шыққан бір бөлігі деп білесіздер, сөйте тұрып, бүкіл партияның дәреже-атақтарын өздеріңізге теліп отырсыздар («Орталық Орган», «Совет»)? Бұл адалдық па?

Екінші. «Искра», өзінің дағдысы бойынша, орталықтардың партия алдында есеп беруі туралы әңгіме болғанда, партияны жікке бөлінген деп біледі, ал орталықтардың партияға өктемдік етуі туралы әңгіме болғанда, партияны біртұтас деп біледі. Қазірде де осылай болып отыр. Бір жағынан, «өзгешеленген ағымдар». Екінші жағынан, «съезді тек Совет қана шақыра алады». Өте жақсы, мырзалар! Онда сіздің «Совет» неге үндемейді? Орталық Комитеттің 1905 жылғы 4 марттағы мәлімдемесіне ол неге үн қатпады? «Искраның» 94-номерінде Совет

туралы бір ауыз да сөз айтылмаған себебі не? Партия мүшелері: айтыңызшы осы, солардың Советі дүниеде бар ма? оның өзі бас қосып, қарар қабылдауға жарай ма? — деп сұрауға праволы емес пе?

1905 ж. апрельде жазылған

Бірінші рет 1931 ж. Лениннің
XVI жыйнағында басылған

Қолжазба бойынша
басылып отыр

БІРІНШІ МАЙ ҮНДЕУХАТЫНЫҢ ЖОСПАРЫ

1. Сөз «көктемi» және iс сұрқыялығы.
2. Булыгиннің алдауы.
3. Соғыс және үкімет системасының күйреуі.
4. Күйзеліс, аштық, оба...
5. Санкт-Петербург, Рига, Варшава etc.* 9 январь.
6. Баку және еврейлерге қарсы қатерлі қозғалыс.
7. 9 январьдағы және одан кейінгі революциялық стачка мен революциялық қозғалыс. Революция!
8. Шаруалар қозғалысы. Оны басу және оның мақсаттары.
9. Құрылтай жыйналысы және революциялық уақытша үкімет.
10. Республика мен барлық демократиялық бостандықтар жолындағы күрес.
11. Республика жолындағы және социализм жолындағы пролетарлық күрес.
12. Революцияшыл орыс пролетариаты бүкіл дүниежүзілік революцияшыл пролетариатты бастап отыр.

Жалпы 1 май.

Қандай халге жеткізді? 1 — 4.

Революциялық қозғалыс. 5 және 7.

Үкіметтің қуғындауы. 6.

Шаруалар қозғалысы. 8.

Қарулы көтеріліс.

Күрес мақсаттары. 9 — 11.

* — et cetera — тағысын тағылар. *Ред.*

-
-
- О. Жалпы бірінші май.
А. Революцияның басталуы 1 — 6.
Б. Жұмысшылардың және шаруалардың күресі 7 — 8.
В. Күрес мақсаттары 9 — 11.
Г. Орыс революциясының бүкіл дүниежүзілік-тарихи маңызы 12.
-
-

1905 ж. 12(25) апрельге дейін жазылған

*Бірінші рет 1931 ж. Лениннің
XVI жыйнағында басылған*

*Қолжазба бойынша
басылып отыр*

РОССИЯЛЫҚ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯСЫ

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдері

БІРІНШІ МАЙ⁸⁹

Жұмысшы жолдастар! Бүкіл дүние жүзі жұмысшыларының ұлы мерекелі күні жақындап келеді. Бірінші майда жұмысшылар өздерінің сәуле мен білімге талпынған талабын мейрамдайды, езушілік атаулыға қарсы, зорлық атаулыға қарсы, қанаушылық атаулыға қарсы, қоғамды социалистік жолмен көркейту үшін өздерінің туысқандық бір одақ болып біріккенін мейрамдайды. Еңбек ететіндердің бәрі, өз еңбегі арқылы байлар мен маңғаздарды тамақтандыратындардың бәрі, жартымсыз ақы үшін әл жетпес ауыр жұмыспен өмірін өткізетіндердің бәрі, ешқашанда өз еңбегінің жемісін татпайтындардың бәрі, біздің цивилизацияның сән-салтанаты арасында жүк малынша күнелтетіндердің бәрі, осылардың бәрі жұмысшылардың азаттығы мен бахыты жолында күресу үшін қол созып отыр. Ұлттары әртүрлі немесе діндері әртүрлі жұмысшылардың арасындағы өштік жойылсын! Мұндай өштік пролетариаттың қараңғылығы мен бытыраңқылығы арқасында өмір сүріп отырған тонаушылар мен озбырларға ғана тиімді. Еврей мен христиан, армян мен татар, поляк пен орыс, финлянд пен швед, латыш пен неміс — осылардың бәрі де, бәрі де социализмнің бір ортақ туының астында бірлесіп жүріп келеді. Барлық жұмысшылар — бауырластар, сондықтан бұлардың берік одағы бүкіл еңбекші, езілген адамзаттың игілігі мен бахытының бірден-бір кепілдігі болып табылады. Бірінші майда барлық елдердің жұмысшыларының осы одағы, халықаралық социал-демократия, өз күштерін сынап, бостандық, теңдік, туысқандық жолында жаңадан, қажымай-талмай күрес жүргізу үшін топтасады.

Жолдастар! Біз кәзір Россияда ұлы оқыйғалардың қарсаңында тұрмыз. Біз самодержавиелік патша үкіметіне қарсы жанталасқан ақтық ұрысқа кірістік, біз бұл ұрысты жеңіп шыққанға дейін жүргізуге тиіспіз. Жауыздар мен озбырлардың осы үкіметі, сатылған патшалық ордашылар мен капитал күйыршықтарының үкіметі бүкіл орыс халқын қандай бахытсыздыққа ұшыратқанын қараңыздаршы! Патша үкіметі орыс халқын Жапонияға қарсы есалаңдық соғысқа айдап салды. Қыйыр Шығыста халықтың жүз мыңдаған жас қыршындары мерт болып, қаза тапты. Осы соғыстың салдарынан туып отырған барлық қасіреттерді айтып жеткізу үшін сөз табылмайды. Ал осы соғыс не үшін жүргізіліп отыр? Біздің тонаушы патша үкіметі Қытайдан тартып алған Манчжурия үшін жүргізіліп отыр! Өзгенің жеріне бола орыстың қаны төгіліп, еліміз күйзеліп отыр. Жұмысшы мен шаруаның тұрмысы барған сайын ауырлауда, капиталистер мен чиновниктер оларды барған сайын қатты қылғындыра түсіп отыр, — ал патша үкіметі халықты өзгенің жерін тонауға жұмсап отыр. Дарынсыз патшалық генералдар сатылған чиновниктермен бірге орыс флотын құртты, халықтың жүздеген, мыңдаған миллион дәулетін төгіп-шашты, тұтас армиялардан айрылды, — ал соғыс әлі де жүргізіліп отыр және жаңа құрбандықтардың шалынуына ұшыратып отыр. Халық күйзеліске ұшырап, өнеркәсіп пен сауда тоқтап қалып отыр, аштық пен оба төніп келеді, ал самодержавиелік патша үкіметі дүлей соқырлықтың әсерімен ескі жолмен жүріп отыр; оның өзі Россияны құртудан тайынар емес, тек ат төбеліндей жауыздар мен озбырларды аман сақтап қалса болғаны, оның өзі, Жапонияға қарсы соғыстың үстіне, екінші соғысты — бүкіл орыс халқына қарсы соғысты бастап отыр.

Уйқыдан, жасқаншақтық пен еріксіздіктен кәзіргідей сергіп оянушылықты Россия бұрын-соңды бастан кешіріп көрген емес. Қоғамның барлық таптары, жұмысшылар мен шаруалардан бастап помещиктер мен капиталистерге дейін, қыймылға кірісті, тұс-тұстан, Петербург пен Кавказдан, Польша мен Сибирьден ызалы дауыстар есітіле бастап отыр. Барлық жерде де халық соғыстың

токтатылуын талап етеді, халық ерікті халық басқармасын құруды талап етеді, халықтық үкіметті тағайындау үшін, халықты патша самодержавиесі итермелеп отырған тұңғыықтан құтқару үшін, құрылтай жыйналысына түгелінен барлық азаматтардан сайланған депутаттарды шақыруды талап етеді. Халықтың осы талаптарын білдіру үшін Петербургтің екі жүз мың адамға жуық жұмысшылары 9 январьдағы жексембиде священник Георгий Гапонмен бірге патшаға қарай беталды. Патша жұмысшыларды дұшпаны ретінде қарсы алды, патша Петербург көшелерінде мыңдаған қарусыз жұмысшыларды атып тастады. Қазір бүкіл Россияда күрес қызып отыр, жұмысшылар, бостандық пен жақсы тұрмысты талап етіп, ереуіл жасауда, Рига мен Польшада, Еділ мен Оңтүстікте қан төгілуде, барлық жерде де шаруалар бас көтеруде. Бостандық жолындағы күрес бүкілхалықтық күрес болып отыр.

Патша үкіметі жындалып отыр. Оның өзі соғысты соза беру үшін ақша қарыз алуды көздейді, бірақ қарыз беретіндер енді оған сенбей отыр. Оның өзі халық өкілдерін шақыруға уәде беріп отыр, бірақ іс жүзінде бәрі де бұрынғыша қалып отыр, бұрынғыша қуғындау жүріп жатыр, чиновниктердің жүгенсіздігі бұрынғыша өріс алып отыр, халықтың еркін жыйындары жоқ, халықтың еркін газеттері жоқ, түрмелердің есігі ашылмай отыр, ал бұл түрмелерде жұмысшының мүддесі үшін күресушілер сарғайып жатыр. Патша өкіметі бір халықты екінші бір халыққа өшіктіруге тырысады, оның өзі Бакуде, армяндарды татарларға айдап салып, қырғын ұйымдастырды, оның өзі қазір еврейлерге қарсы жаңа қырғын ұйымдастырғалы отыр, қараңғы халықты оларға өшіктіріп отыр.

Жұмысшы жолдастар! Біз орыс халқын бұлайша қорлауға ендігі жерде жол бермейміз. Біз бостандықты қорғаймыз, біз халықтың ызасын нағыз дұшпанымыздан басқа жаққа аударғысы келетіндердің бәріне тойтарыс береміз. Біз патша үкіметін құлатып, бүкіл халыққа бостандық әперу үшін қолға қару алып көтеріліс жасаймыз. Жұмысшылар мен шаруалар, қару алындар! Жасырын жыйындар жасандар, жасак құрастырындар, қолға түсерлік қаруды сайландар, Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясымен кеңесу үшін өкіл

адамдарынды жіберіндер! Быйылғы бірінші май біз үшін халық көтерілісінің мейрамы болсын, — кәне, осыған әзірленіндер, озбырға қарсы үзілді-кесілді шабуыл жасау дабылын күтіңдер. Патша үкіметі жойылсын! Біз оны құлатамыз және халықтық құрылтай жыйналысын шақыратын революциялық уақытша үкімет тағайындаймыз. Халық депутаттары жалпыға бірдей, төте, тең және жасырын дауыс беру жолымен сайланатын болсын. Бостандық жолында күресушілердің бәрі де түрмелерден шықсын, айдаудан қайтсын. Халық жыйындары ашық жасалсын және халықтық газеттер қарғыс атқан чиновниктердің бақылауынсыз басылатын болсын. Бүкіл халық қарулансын, әрбір жұмысшыға қару берілсін, сөйтіп халықтың тағдырын ат төбеліндей тонаушылар емес, халықтың өзі шешетін болсын. Крепостниктік помещиктік өкіметті құлату үшін, халықты чиновниктердің қорлауынан құтқару үшін, шаруалардың тартып алынған жерлерін олардың өздеріне қайтару үшін село-селода еркін шаруа комитеттері жыйналсын.

Социал-демократтар мынаны көздейді, олар қолға қару алып мыналар үшін: толық бостандық үшін, демократиялық республика үшін, 8 сағаттық жұмыс күні үшін, шаруа комитеттері үшін күресуге шақырады. Жұмысшы жолдастар, ұлы ұрысқа әзірленіндер, 1-майда фабрикалар мен заводтарды тоқтатындар, немесе социал-демократиялық жұмысшы партиясы комитеттерінің кеңесі бойынша қолға қару алындар. Көтеріліс сағаты әлі соққан жоқ, бірақ оның соғар кезі енді алыс емес. Бүкіл дүние жүзінің жұмысшылары бостандық ісіне сансыз құрбандықтар шалған ержүрек орыс пролетариатына елеңдеп көз тігіп отыр. Петербург жұмысшылары 9 январьдың даңқты күні: бостандық не өлім! — деп ұран көтерді. Бүкіл Россияның жұмысшылары, біз осы жауынгерлік ұлы ұранды қайталаймыз, біз ешқандай құрбандықтардан тайынбаймыз, біз көтеріліс арқылы бостандыққа, бостандық арқылы социализмге қарай қадам басамыз!

1-нші май жасасын, халықаралық революцияшыя социал-демократия жасасын!

Жұмысшы, шаруа халқының бостандығы жасасын, демократиялық республика жасасын, патша самодержавиесі жойылсын!

1905 ж. *Көпшілік Комитеттерінің Бюросы
„Вперед“ редакциясы*

1905 ж. 12(25) апрельге дейін
жазылған

1905 ж. жеке үндеухат
болып басылған

Үндеухаттың тексті
бойынша басылды отыр

КОНСТИТУЦИЈАЛЫҚ БАЗАР

Петербургтің ақ сүйек топтарының жүйелі пікірінше, Булыгин кәзір уақытты ұтумен шұғылданып жүр. Ол патша уәде еткен реформаларды, мүмкін кадерінше, кешеуілдетіп, бұл реформаларды самодержавиелік патша мен самодержавиелік чиновниктердің өкіметін ешбір кемітпейтін, түкке тұрғысыз нәрсе етіп шығаруға тырысып отыр. Ол конституцияның орнына, біздің бұрын бір рет «Впередте» көрсеткеніміздей*, ешқандай праволары жоқ кеңесші палата құрмақ. Кәзір бізде осы айтқанымызды дәлелдейтін ыспаттама бар, — атап айтқанда немістің «Vossische Zeitung»** атты либералдық газетінде жарыяланған булыгиндік жобаның тексті бар. Осы газеттің мәліметтеріне карағанда, жобаның авторлары Булыгин, Ермолов, Щербатов, Мещерский, граф Шереметев және князь Урусов деседі. Жобаның мазмұны мынадай.

Барлық заң жобаларын талқылау үшін (одан артық емес!) және бұларды белгілеу үшін екі мекеме құрылады: 1) Мемлекеттік кеңес және 2) Мемлекеттік жыйналыс. Мемлекеттік кеңестің әрбір мүшесі және Жыйналыстың кемінде 20 мүшесі заң жобаларын енгізуге праволы. Заң жобалары Жыйналыста талқыланып, қабылданады да, онан соң Кеңеске барып түседі, ақырында патшаның бекітуіне беріледі. Бұл жобалардың қай формада заң болуға тиіс екенін патша шешеді, немесе бұларды мүлде қабылдамай тастайды.

Сөйтіп Булыгиндік «конституция», кілең кеңесші па-

* Осы томның 279-бетін қараңыз. *Ред.*

** — «Фосс Газеті». *Ред.*

латаларды: жоғарғы палата мен төменгі палатаны енгізгенде, самодержавиені ешбір тежемейді! Жоғарғы палата немесе Мемлекеттік кеңес сайланулы 60 мүшеден құралады, бұларды 60 губернияның (поляк губерниялары да осының ішінде) дворяндық жыйналыстары сайлайды, онан соң Мемлекеттік кеңеске чиновниктер мен офицерлерден патшаның өзі тағайындайтын мүшелер кіреді. Мүшелердің жалпы саны 120-дан аспайды. Сайланған мүшелердің өкілдік мерзімі — үш жыл. Кеңестің өз ұйғаруы бойынша, Кеңестің мәжілістері жарыя өткізіледі немесе жұртшылық үшін жабық болады.

Төменгі палата немесе Мемлекеттік жыйналыс тек қана сайланулы мүшелерден құралады (Министрлер мен жоғарғы басқарушылар екі палатаның да мәжілістеріне қатысып отыруға праволы), атап айтқанда: 34 земстволық губернияның әрқайсысынан 10 адамнан сайланады (небәрі 340); земстволық мекемелері бар, бірақ дворяндық мекемелері жоқ 3 губерниядан 8 адамнан (небәрі 24); 9 солтүстік-батыс губерниядан 8 адамнан (72); поляктың 10 губерниясынан 5 адамнан (50); үш остзейлік губерниядан 5 адамнан (15); Сибирьден 30; Кавказдан 30; Орта Азия мен Закаспи облысынан 15; Финляндиядан 32; үлкен қалалардан 20 (Санкт-Петербург — 6, Москва — 5, Варшава — 3, Одесса — 2, Лодзь, Киев, Рига және Харьков — бір-бірден); православиелік дін иелерінен 10; католиктерден, лютерандардан, армяндардан, мухаметшілдерден және еврейлерден бір-бірден. Демек, небәрі 643 мүше. Бұл жыйналыс атқару комитетін — оның председателін, екі вице-председателін және 15 мүшесін сайлайды. Өкілдік мерзімі үш жыл. Атқару комитеті — түпкілікті мекеме; Жыйналыс жылына тек екі рет мәжіліс жасайды, февраль — мартта және октябрь — ноябрьде. Жыйналыстың ұйғаруы бойынша мәжілістер жарыя өткізіледі немесе жабық болады. Жыйналыс мүшелерінің өкілдігі мерзімі ішінде олардың жеке басына тиюге болмайды. Жасы 25-тен кем емес, орысша сөйлей, жаза білетін, Россиялық азаматтар ғана сайлана алады. Олар жылына 3 000 сомнан жалақы алып отырады.

Сайлау былайша ұйымдастырылады. 34 земстволық губернияда дворяндар жыйналысы 2 мүшеден сайлайды, губерниялық земство жыйналысы 3 мүшеден сайлайды,

калалардан дербес сайлаушылар арқылы бір мүше сайланады, шаруалардан дербес сайлаушылар арқылы үш мүше, купецтерден де сайлаушылар арқылы бір мүше сайланады. Земстволық емес губерниялардан да депутаттар нақ осындай негізде сайланады, — біз осы сорақы кеңсешілдік-полицейлік мекемелердің бәрін атап жатпаймыз. Төте жолмен болмайтын сайлаудың қалай ұйымдастырылғалы отырғанын көрсету үшін земстволық губернияларда шаруа депутаттарын сайлау тәртібін ғана келтірейік.

Әрбір болыс 3 сайлаушыдан сайлайды. Олар уездік қалаға жыйналады да, *дворяндар басшысының председателдігімен* (!) екінші дәрежелі үш сайлаушы сайлайды. Бұл сайлаушылар губерниялық қалада дворяндардың губерниялық басшысының председателдігімен жыйналады да, кілең шаруалардан үш шаруа депутатын сайлайды. Сөйтіп сайлау үш сатылы болады!

Булыгин мырзаның жұмысы жаман емес. Ол патшадан жалақыны текке алып отырған жоқ. Оқушының өзі ақ көріп отыр, оның конституциясы халық өкілдігін бастан-аяқ қорлағандық болып табылады. Біз жоғарыда айттық, самодержавиелік өкіметке ешбір шек қойылмайды. Екі палатаның да тек қана кеңесшілік сыйпаты бар, ал бәрін бүтіндей, толық шешіп отыратын патшаның өзі. Мұның мәнісі — алдап шақырып алып, түк бермеу деген сөз. «Өкілдіктің» сыйпаты, біріншіден, дербес *дворяндық, помещиктік* сыйпат. Жоғары палатаға сайлау жөніндегі дауыстардың жартысы, ал төменгі палатада жартысына жуығы дворяндардікі (земстволық губернияларда губерниялардан сайланған 10 адамнан 2 адам тікелей дворяндардан сайланған, 3 адам шындығында нақ сол дворяндық земство жыйналыстарынан сайланған). Шаруалар сайлаудан мүлде сорақы түрде шеттетілген. Үш сатылы сайлауда Жыйналысқа жіберілер алдында қара халық әбден мұқыят екшеліп тасталады.

Екіншіден, *жұмысшылардың мүлде ескерілмеуі* өте мөте көзге түседі. Осы қой мүсінді парламенттің бүкіл өкілдігі сословиелік негізде құрылған. Жұмысшылардың «сословиесі» жоқ, оның болуы мүмкін емес те. Қалалық және купецтер сайлауы сайлаушылардың түрлі топтары арқылы кілең өнеркәсіп және сауда буржуазиясын іріктеп алады, оның бержағында айта қаларлық бір ғажап

нәрсе, осы буржуазия тіпті дворяндармен салыстырғанда шетке қатты ығыстырылып отыр. Патшаның қызметкерлері, сірә, помещиктік либерализмнен онша қорықпайтын болса керек: олардың байқампаздығы соншалық, осы үстірт либерализмнің аржағынан «жабайы помещиктің» барып тұрған кертартпашыл әлеуметтік сырын көре біледі.

Жұмысшылар мен шаруалардың булыгіндік конституциямен жете танысуы өте пайдалы. Таптардан жоғары делініп жүрген патша өкіметінің шын ниеттері мен таптық негізін бұдан айқын көрсетуге бола қоймас. Жасырын дауыс беру жолымен жалпыға бірдей, төте және тең сайлау правосы туралы нақтылы сабақ болатын бұдан артық материал табыла қоймас.

Орыстың саяси партиялары туралы соңғы хабарларды осы помещиктік-чиновниктік шолақ «конституциямен» салыстырудың өзі де қызғылықты. Бір ағылшын тілшісі (сірә, оның өзі «жоғары қауымда» жүретін болса керек, сондықтан да жұмысшылар сыяқты кара халықты байкамайды) әсіре партияларды, террористер мен реакционерлерді былай қойғанда, үш партия бар деп есептейді: 1) консервативтік немесе панславистік партия («славяншылдық» система: өкімет күші патшада болсын, ой-пікір күші, яғни тек кеңесші дауыспен ғана пайдаланатын өкілдер жыйналысы қоластылық адамдарда болсын дейді); 2) либералдық немесе «оппортунистік» партия (көсемі Шипов, программасы, барлық оппортунистердікі сыяқты, «екі орындықтың арасында») және 3) радикалдық немесе (кәдімгі «немесе»!) конституцияшыл партия, бұған земствошылардың, профессорлардың «және студенттердің» (?) көпшілігі кіреді. Программасы — жалпыға бірдей сайлау правосы және сайлауда дауысты жасырын беру.

Консерваторлар кәзір Петербургте жыйналып жатқан сыяқты, либералдар майдың бас кезінде Москвада жыйналмақ, радикалдар нақ сол мезгілде Петербургте бас қоспақ. Үкімет орындары дауысты жасырын беру жолымен жүзеге асырылатын жалпыға бірдей сайлау правосын «республиканы жарыялаумен» бірдей деп қарайды деседі. «Радикалдар» барлық партиялардың ішіндегі ең саны көп партия.

Булыгин жобасы, тәрізі, консервативтік партияның жо-

басы болса керек. Освобожденишілдер жобасы «радикалдык немесе конституцияшыл» (ал іс жүзінде радикалдык емес және нашар конституцияшыл) партияның жобасына өте ұқсас. Ақырында, «либералдык», шиповтык, партия, сірә, Булыгиннің ұсынғанынан гөрі көбірек, ал конституцияшылдардың талап етіп отырғанынан гөрі азырақ тілейді.

Базар қызу жүріп жатыр. Мықтап саудаласуда. Қоғамның игі жақсылары асыра нарық сұрауда, орда маңындағы тіс қаккан мырзалар да асыра сұрауда. Істің сыңайына карағанда, екі жағы да нарықты кемітпек, онан соң... *жұмысшылар мен шаруалар іске араласпай тұрғанда*, кол алыспақ.

Үкімет шебер айла жүргізіп отыр: оның өзі консерваторларды либералдармен қорқытады, либералдарды «радикалдык» освобожденишілдермен қорқытады, освобожденишілдерді республикамен үрейлендіреді. Таптық мүдделердің және буржуазияның жұмысшыларды қанауы жөніндегі басты мүдденің тілімен айтқанда бұл айланың мәнісі мынау болып шығады: келіндер, помещиктер мен купец мырзалар, саудаға келісейік, өкіметті ынтымақпен, татулықпен бөлісейік, әйтпесе кеш қаламыз, әйтпесе нағыз халықтық көтеріліс басталады, әйтпесе бүкіл пролетариат, барлық шаруалар бас көтереді, ал бұларды шолақ конституциялармен, жанама сайлаумен және басқа чиновниктік қоқыспен қоректендіре алмайсын деседі.

Саналы пролетариат ешқандай жалған үміттерге берілмеуге тиіс. Россияның бүкіл крепостниктік-самодержавиелік кұрылыстан шын азат болуының кепілдігі — шаруалар қолдайтын пролетариаттың өзінде ғана, олардың қарулы көтерілісінде ғана, олардың «өлім не бостандық» деген ұран көтеріп жанталасқан күрес жүргізуінде ғана болып отыр.

*«Вперед» № 16,
30 (17) апрель, 1905 ж.
Кол қойған: К—в*

*«Вперед» газетінің тексті
бойынша басылып отыр*

ПАРТИЯ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ЕКІ АПТАЛЫҚ ЕСЕПТЕРІ ТУРАЛЫ

Барлық партия ұйымдарының, әсіресе барлық жұмысшы партия ұйымдарының екі апталық есебі партияның құрамы мен ұйымдық ынтымағын нығайту үшін, өте мөте партия өкілдігін (съездерде) ұйымдасқан жұмысшылардың санына қарай дербес қайта құру үшін орасаң маңызды нәрсе болар еді.

Бұл есептерді, үзінділер түрінде, партияның Орталық Органында басып, партияның нағыз, боямасыз өмірі туралы аса бағалы материал беріп отыруға болар еді.

Үйірмелердегі, топтардағы, т. т. мүшелердің санын да басып отыруға болады, бұлай еткенде, айталық, әрбір топты немесе әрбір ұйымды бір әріппен немесе екі әріппен белгілеп көрсетуге болады. Біздің партия ұйымдарының құрамы туралы мұндай есептер жақсы тексеру материалы болар еді. (Мұндай есептер көп орын алады деп қарсы пікір айту қыйсынсыз. Мүшелердің санын көрсететін екі әріп пен екі цифрды алып есептесек — мәселен: аб 13, вг 41, дж 17, т. с. — газет бағанасының бір жолына осындай *он бір* мәлімет сыяды.)

Съездің III съезд бен IV съездің арасындағы уақыты (1 жыл) екіге бөлгені жөн болар еді. Бірінші жартының ішінде *әрбір* партия ұйымы, партиямыздың ең төменгі жұмысшы ұясына дейін, қалыптасып болып, орталықпен дұрыс қатнастарды сөзсіз *жөнге салуы* керек, екі апталық есепті *жөнге салуы* керек. Жөнге салуы керек деймін, өйткені адресін алып, жазу жеткіліксіз, адрестерді тексеру керек, есептердің жетуін қамтамасыз ету керек, т. т., т. с. Жаңа дағдыны, жаңа есепті (екі апталық есепті) осылайша әбден мұқият жөнге салу

үшін 4 — 5 ай мерзімді* жеткілікті деп батыл есептеуге болады. Күмән жоқ, қалаған күнде мұны үш есе тез істеуге болады.


Онан соң, жылдың екінші жартысында партия ұйымдарының екі апталық есебіне енді, былайша айтқанда, конституциялық маңыз беруге болады, яғни партияның IV съездегі өкілдігін қайта құру ісін осы есептерге тікелей байланысты етіп қоюға болады. Мәселен, III съезд 1905 жылғы апрельде былай деп қаулы алады дейік: партияның IV съездегі өкілдігін қайта құрған кезде, 1905 жылғы 1 сентябрьден бастап орталыққа екі апталық дұрыс есеп тапсырып отырған партия ұйымдары ғана есепке алынуға праволы деп саналады. Кемінде үш ай бойында тапсырылған осы есептер (минимум 6 есеп) бойынша ғана, IV съезде партияның съездердегі өкілдері әрбір жерде социал-демократиялық одақтарға ұйымдасқан жұмысшылардың санына қарай пропорциялы түрде белгіленеді. Сондықтан мүшелер саны әрбір есепте сөзсіз көрсетілуі керек.

1905 ж. апрельдің аяғында жазылған

*Бірінші рет 1926 ж.
Лениннің V жыйнағында басылған*

*Қолжазба бойынша
басылмап отыр*

* Осы мерзімнің ішінде әрбір ұйым орталыққа өз шифрын (өкі немесе үш әріп = ұйымның аты) мәлімдеп, Орталық Органда тым болмаса бір есеп бастыруға тиіс, сөйтіп осы ұйымның барлық мүшелері өз ұйымының орталықпен байланысты екенін кәміл білуі керек.



РСДЖП ІІІ СЪЕЗІ⁸⁹**12(25) АПРЕЛЬ—27 АПРЕЛЬ (10 МАЙ), 1905 ЖЫЛ**

Мундағы сөздер, баяндамалар, қарарлар және қарарлардың жобалары бірінші рет 1905 жылы мына кітапта басылған: „РСДЖП-ның кезекті үшінші съезі. Протоколдарының толық тексті“. Орталық Комитет баспасы, Женева

„РСДЖП-ның кезекті үшінші съезі, деген 1905 жылы басылған кітаптың тексті бойынша және қолжазба бойынша басылып отыр

MEMORANDUM

TO THE DIRECTOR, BUREAU OF REVENUE

FROM THE ASSISTANT ATTORNEY GENERAL

DATE

SUBJECT

RE

FOR

BY

DATE

BY

DATE

BY

DATE

BY

DATE

BY

DATE

BY

DATE

BY

DATE

BY

DATE

BY

DATE

BY

DATE

BY

DATE

BY

DATE

Россійская Соц. Дем. Рабочая Партія
 ПРОЛЕТАРІИ ВСѢХЪ СТРАНЪ, СОЕДИНЯЙТЕСЬ!

ТРЕТІЙ ОЧЕРЕДНОЙ СЪѢЗДЪ

Росс. Соц.-Дем. Рабочей Партіи.

ПОЛНЫЙ ТЕКСТЪ ПРОТОКОЛОВЪ.


Издание Центрального Комитета.

ЖЕНЕВА

Типографія Партіи. 6, Quai du Cheval Blanc, 6.
 1905.

„РСДЖП-ның кезекті үшінші съезі. Протоколлардың
 толық тексті“ деген кітаптың мұқабасы. Орталық Комитет баспасы,
 Женева, 1905 ж.

Кішірейтілген




THE HISTORY OF THE

ROYAL NAVY

FROM THE EARLIEST PERIODS

TO THE PRESENT

BY



LONDON: PRINTED BY RICHARD CLAY AND COMPANY, LTD., BUNGAY, SUFFOLK.

I

СЪЕЗДИҢ ЗАҢДЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ
13(26) АПРЕЛЬ

Мен съездің шақырылуы заңды ма деген пікірге жауап бергім келеді. Орталық Комитет съезді заңсыз деп санауда болды. Орталық Комитеттің өзі Партия Советіне жіберген өзінің хатын «өкінерлік нәрсе» деп атады. Бірақ Орталық Комитет өкінерліктей не бар еді? Съезд әбден заңды. Рас, уставтың *әрпін* қуалағанда оны заңсыз деп санауға болады; бірақ біз уставты бұлай түсінесек, келемеж боларлық формалшылдыққа ұшыраған болар едік. Ал уставтың мағнасы жағынан алғанда съезд әбден заңды. Партия Советі үшін партия жаралған емес, партия үшін Партия Советі жаралған. Ұйымдастыру Комитетінің шатағы жөнінде, II съездің өзінде-ақ: төменгі коллегияға бағыну тәртібі жоғарғы коллегияға бағыну тәртібіне жол береді делінген болатын, мұны Плеханов жолдастың өзі де айтқан болатын. Орталық Комитет былай деді: егер Партия Советі партияға, яғни съезге, бағынатын болса, біз де Партия Советіне бағынуға әзірміз, деді. Бұл әбден заңды талап. Солай бола тұрса да оның бұл талабына Партия Советі бағына алмаймыз деп жауап берді. Бірақ жұрт: Орталық Комитет Партия Советінің арғы ниетінің түзіктігіне күдіктеніп, оған сенімсіздік білдірді, деседі. Ал конституциялық елдердің бәрінде де азаматтар белгілібір қызмет адамдарына немесе белгілібір мекемелерге сенімсіздік білдіруге праволы ғой. Олардың бұл праволарын ешкім ала алмайды. Ақырында, Орталық Комитеттің ісі заңсыз-ақ болсын, сонда мұның өзі партия Советінің де заңсыздық істеуіне право бере ме? Толық праволы дауыстың тең жартысы талап еткен болса, Партия Советі съезд шақырады дейтін устав

пунктінің орындалуына кепілдік беретін не? Герман социал-демократиялық партиясының уставында бір пункт бар, бұл пункт бойынша, Vorstand* съезд шақырудан бас тарта қалса, бақылау комиссиясына съезд шақыруға рұқсат беріледі. Бізде мұндай параграф жоқ, сондықтан съезд шақыру міндеті бүтіндей партияның өзіне жүктеледі. Партия Советі дегеніміз — партия комитеттерінің сенген өкілі болып табылады; егер уставты тұтасынан алсақ, уставтың рухы жағынан да, тіпті әрпі жағынан мұның осылай екені айқын нәрсе. Комитеттердің сенген өкілі өзіне сенушілердің тілегін орындаудан бас тартып отыр. Егер сенген өкіл партияның тілегін орындамайды екен, онда бұл тілекті партияның өзі орындаудан басқа жол қалмайды. Сондықтан партиямыздың комитеттерінің съезд шақыруға праволы болғаны былай тұрсын, сонымен қатар съезді өздері шақыруға міндетті де болды. Сондықтан мен съезд әбден заңды шақырылды деп нығыта айтамын. Партия Советі мен комитеттердің арасындағы бұл таласқа төрелік беретін кім? Төрелік беретіндер — баяғы сол комитеттер, партияның өзі. Партияның тілегі әлдеқашан-ақ белгілі болған. Шет елдердегі орталықтардың жұмысты созғылап, түрлі кедергілер жасауы бұл тілекті өзгерте алмады. Съезді комитеттердің өздері шақыруға міндетті болды, сондықтан съезд заңды шақырылды.

Тигров жолдасқа жауап берейін. Тигров жолдас: партия Советін сотқа салу керек емес дейді. Уйымдастыру Комитеті өзінің баяндамасында партия Советін сотқа салып отыр. Меніңше, Тигров жолдастың сырттан соттауға болмайды деген сөзі хате. Саясатта әрдайым сырттан соттауға тура келіп отырады. Біз өзіміздің публицистикамызда, жыйылыстарымызда, барлық жерде де эсерлерді, бундистерді, т. б. ылғый сотқа салып отырмаймыз ба. Сырттан сотқа салмайынша не істеуге болады? Партия Советінің съезге келгісі келмейді, олай бола берсе тіпті ешкімді де ешуақытта сотқа салуға болмайды ғой. Егер сотты адам сотқа келуден кашатын болса, онда тіпті ресми соттардың өздері де сырттан соттай береді.

2

КАЗАН ЖӘНЕ КУБАНЬ КОМИТЕТТЕРІНІҢ ТОЛЫҚ
ПРАВОЛЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ 14 (27) АПРЕЛЬ

Мандат комиссиясының қортындысынан біздің партиямызда барлығы 75 шешуші дауыс бар екені көрінеді, олай болса біздің съезіміз тап осы құрамында заңды деп танылуға тиіс екені күмәнсіз. Қазіргі уақытта біздің съезімізге күдіктене қараушылық бар, осыны еске алғанда, съезге керек заңды көпшілікті арттырмақ болып, комитеттерді барынша көбірек бекіте беруге тырысқан мандат комиссиясының «либералдығын» мақтарлық іс деп білу керек. Осы жағынан қарағанда мен мұндай «либерализмге» тіпті тілектестік білдіруге де әзірмін, бірақ екінші жағынан, байқау керек және барлығына бірде әділ болу керек, міне осындай ой туғандықтан, Қазан және Кубань комитеттерін мандат комиссиясының бекітуіне қарсы болмасқа менің лажым жоқ. «Искра» өзінің 89-номерінде бұларды толық праволы комитеттерді тізіміне кіргізіп жарыялады, бірақ олар Партия Советінің протоколдарындағы толық праволы ұйымдардың тізімінде жоқ. Партия Советінің мәжілісінде Мартов жолдас 1904 жылдың 1 сентябріне дейін болған толық праволы комитеттердің тізімін келтірген болатын.

(Партия Советінің протоколдарына үзінді оқылады):

«Мартов өзінің ұсынған қарарын оқыды: егер съездегі дауыстардың тең жарымын алатын партия ұйымдары қосылып съезді шақырылуын талап етсе, Партия Советі, уставтың 2-параграфы бойынша съезді шақыруға міндетті. Уставтың 3-параграфында 1-ескерту бойынша съезге өкілдік алуға тек мынадай ұйымдар ғана: партия уставы қабылданған мезгілден бастап осы жөнінен бекітілген ұйымдар ғана праволы.

Ал ІІ съезде өкілдері болмаған ұйымдардың бекітілген мерз

оларды Орталық Комитеттің бекіткен кезінен есептеледі, бекітілгенде съезден ең кемінде 1 жыл бұрын бекітілуі керек. I) Партия Советі қаулы етеді: съездің шақырылуын қуаттаған ұйымдардың санын шығарған уақытта ұйымның берген дауысы есепке алынатын болуы үшін де ұйымның бекітілген кезінен бастап дәл осындай мерзім өткен болсын. II съезде өкілдері болған және сол съезд сайлаған ұйымдар толық праволы ұйымдар болып саналады. II) Осы себепті, 1904 жылғы сентябрьге дейін, съезд шақыру мәселесін шешуге праволы болып саналатындар тек мыналар ғана: 1) Орталық Комитет, 2) Орталық Орган, 3) Шетелдік лига, 4—20) Петербург, Москва, Харьков, Киев, Одесса, Николаев, Дон, Екатеринослав, Саратов, Уфа (кәзір Орал), Солтүстік, Тула, Тверь, Нижегород, Баку, Батум, Тифлис (Кавказ одағының бекітілген кезінен бастап бір жыл мерзім өткенге дейін) комитеттері, 21—23) Горнозаводский (Донец), Сибирь және Қырым одақтары.

Осы ұйымдар толық праволы болған күнде олардың съездегі ие болатын дауыстарының саны 46 болады. Бұларға Партия Совет мүшелерінің 5 дауысын қосқанда, съезде болатын дауыстардың жалпы саны 51 дауыс болады, ал олай болса, съезд шақыру үшін 26 дауыс керек, яғни осында аталынып өткендердің ішінен толық праволы 13 ұйымның дауысы керек. Орталық Комитет съезден соң пайда болған жаңа комитеттерді өзінің қай уақытта бекіткендігін Партия Советіне көрсетіп беретін болсын».

Қарардың бірінші бөлегі бірауыздан қабылданды.

Сонан кейін Глебов жолдас нақ сол мәжілісте сөйлеген өзінің сөзінде жаңадан құрылған комитеттердің тізімін келтірді.

Глебов жолдастың сөйлеген сөзі мынау (Партия Советінің протоколдарынан):

«Мен Мартов жолдастың айтқанына қосыламын, сондықтан тек жаңадан құрылған комитеттерді ғана көрсетіп өтемін: Смоленск және Астрахань комитеттері — 1903 жылы сентябрьде бекітілген; Воронеж комитеті (Курск Кассасы) — 1904 жылы январьда бекітілген; Рига комитеті — январьда бекітілген; Полесье комитеті — апрельде бекітілген; Солтүстік-Батыс комитеті — апрельде бекітілген; Курск комитеті — январьда бекітілген; Орел-Брянск комитеті — 1903 жылы сентябрьде бекітілген; Самара комитеті — 1903 жылы сентябрьде бекітілген; Орал (Уфа) комитеті — апрельде бекітілген».

Бұл фактылар Орловский жолдастың «Совет партияға қарсы» деген кітапшасында жарыяланды, ал сонан бері Партия Советі бұл фактыларды теріске шығарған еместі, талас болып отырған комитеттердің бекітілген уақытын жарыяламады, ал мұның өзі, сірә, олардың бекітілгендігіне, сірә, дәлел жоқтығын көрсететін болу керек. Мартов жолдас Партия Советінің нақ сол мәжілісінде сөйлеген сөздерінің бірінде: менің ойымша, август айында тағы бір 2 комитет, атап айтқанда Кременчуг

және Полтава комитеттері, бекітілуге тиіс дегенді айтты, бірақ әлгі Қазан және Кубань комитеттері туралы тағы да түк айтпады.

Онан соң июль декларациясынан кейін Глебов жолдас маған Орталық Комитет мәжілістерінің толық протоколдарын жіберді, бұл протоколдардан Қазан комитетінің де, Кубань комитетінің де бекітілген көрінбейді, ал Орталық Комитеттің мүшесі Летнев жолдастың⁹⁰ айтуынша, онан кейін де бұл комитеттердің бекітілуі туралы Орталық Комитеттің мәжілістерінде сөз болмапты; рас, Орталық Комитеттің мүшесі Зимин жолдас⁹¹ Қазан және Кубань комитеттерінің бекітілгені жайында есімде бір нәрсе бар сыяқты деген болады, бірақ ашып ешнәрсе айта алмайды.

Комитеттердің жылдан артық жұмыс істеп келе жатқаны факты жүзінде анықталды деген дәлел бойынша оларды толық праволы деп тану керек дейтін комиссияның қарары дұрыс емес, сондықтан мен бұл комитеттердің правосы жоқ деп санауды ұсынамын.

3

РСДЖП-НЫҢ ҚАРУЛЫ КӨТЕРІЛІСКЕ КӨЗҚАРАСЫ ТУРАЛЫ
ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ

Мыналарды ескере келіп:

1) пролетариат, тіпті өзінің жағдайы жөнінен-ақ анағұрлым озат және дәйекті революцияшыл тап болғандықтан Россиядағы жалпыдемократиялық революциялық қозғалыста көсемнің, басшының ролін атқаруға міндетті екенін;

2) революция кезінде тек осындай роль атқарғанда ғана, дүниеге келгелі тұрған буржуазиялық-демократиялық Россияның дәулетті таптарына қарсы социализм жолында бұдан былай да күрес жүргізе беру үшін пролетариаттың анағұрлым қолайлы позицияға ие болатынын;

3) социал-демократия туының астында пролетариат өз алдына дербес саяси күш болып ұйымдастып алғанда ғана және стачкалар мен демонстрацияларға әбден тыңғылықты ауызбірлік құрып шыққанда ғана пролетариаттың әлгі рольді орындай алатынын ескере — отырып, —

РСДЖП III съезі қаулы етеді: жаппай саяси стачкалар мен қарулы көтеріліс әдістерін қолданып, самодержавиеге қарсы тікелей күрес жүргізу үшін пролетариат күштерін ұйымдастыру міндеті және бұл мақсат үшін хабардар ететін, басшылық ететін аппарат құру ісі партияның кәзіргі революциялық кезеңдегі басты міндеттерінің бірі болып табылады, сондықтан съезд Орталық Комитетке, сол сыяқты жергілікті комитеттер мен одақтарға жаппай саяси стачкалар әзірлеу ісін қолға алуды тапсырады, сонымен қатар қару-жарак тауып, оны бөліп отыру үшін, қарулы көтеріліс жоспарын жасап шығару үшін және осы көтеріліске тікелей басшылық ету

үшін ерекше топтар ұйымдастыру ісін қолға алуды да тапсырады. Бұл міндеттің орындалуы пролетариаттың таптық сана-сезімін ояту жөніндегі жалпы жұмысқа ешбір нұқсан келтірмейтіні, келтірмеуге де тиіс екені былай тұрсын, қайта, сол жұмыстың терең жүргізілуіне, табысты болуына себепкер болады, себепкер болуға да тиіс.

1905 жылы 14 (27) апрельде жазылған

4

ҚАРУЛЫ КӨТЕРІЛІС ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ.

Практиктердің тәжірибесі мен жұмысшы бұқарасының көңіл-ниетіне сүйеніп, съезд мынаны анықтап отыр: көтеріліс әзірлеу дегеніміз тек қару әзірлеу, топтар ұйымдастыру, тағы сол сыяқты ғана істер екен деп түсінуге болмайды, сонымен қатар ара-тұра қару алып бой көрсету шарасын іс жүзінде байқап қарау жолымен, мысалы, белгілібір ашық халық жыйылыстары бола қалған реттерде қаруланған отрядтардың полиция мен әскерге шабуыл жасап бой көрсетуі жолымен яки қаруланған отрядтардың түрмелерге, үкімет мекемелеріне, т. с. шабуыл жасауы жолымен тәжірибе жыйнауды да көтеріліс әзірлеу деп түсіну керек. Съезд, осындай бой көрсетулердің шегін және бой көрсетуге дем беретін қолайлы себептердің шегін белгілеуді бүтіндей партияның жергілікті орталықтары мен Орталық Комитетіне тапсыра отырып, бұл жөнінде жолдастардың әдіскерлігіне, олардың жеке, ұсақ-түйек террорлық актыларға бола күшті орынсыз рәсуе қылып жіберуге бармайтындығына әбден сене отырып, жоғарыда айтылған тәжірибе нұсқаларын еске алу керек екеніне барлық партия ұйымдарының назарын аударады.

1905 жылғы апрельдің аяғында жазылған

*Бірінші рет 1931 жылы Лениннің XVI
жыйнағында басылған*

*Қолжазба бойынша
басылып отыр*

5

ҚАРУЛЫ КӨТЕРІЛІС ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ
СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ 15 (28) АПРЕЛЬ

Осында принцип жағынан мәселе әбден айқын деген сөздер айтылды. Алайда, социал-демократиялық әдебиетте болған кейбір мәлімдемелер («Искраның» 62-номерін және Рабочийдің кітапшасына жазған Аксельрод жолдастың алғысөзін қараңыз) мәселенің оншалықты айқын емес екенін көрсетеді. «Искра» мен Аксельрод заговоршылдық туралы сөз қозғады, көтеріліс туралы ойға тым артық беріліп кету қаупі барлығын айтты. Бірақ нақ ондай ойға берілушілік өте шамалы болып шықты... Аксельрод жолдас Рабочийдің кітапшасына жазған алғысөзінде былай дейді: әңгіме «халықтың тағыланған бұқарасының» көтерілісі туралы ғана болуы мүмкін, дейді. Алайда, әңгіме «халықтың тағыланған бұқарасының» көтерілісі туралы емес, ұйымдасып күрес жүргізу қолынан келетін, сана-сезімі мол бұқараның көтерілісі туралы болып отырғанын тұрмыс көрсетті. Көтерілістің маңызын және оның сөзсіз болатындығын біздің жете бағаламағанымызды бүкіл соңғы жылдың тарихы көрсетті. Істің практикалық жағына көңіл аударылуы керек. Бұл арада практика қызметшілері мен жұмысшылардың — Петербург, Рига, Кавказ жұмысшыларының — тәжірибелері өте бағалы. Сондықтан мен жолдастардың өз тәжірибелерін ортаға салуларын қостар едім, — мұның өзі біздің жарыссөздерімізге схоластикалық емес, практикалық сыйпат береді. Пролетариаттың көңіл шабыты қандай екен, жұмысшылар өздерінде күресерлік және күреске басшылық етерлік қабілет барлығын сезе ме екен, соны анықтау керек. Күні бүгінге дейін қорытылмай келген коллективтік тәжірибені жыйнақтап қорыту керек.

6

ҚАРУЛЫ КӨТЕРІЛІС ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ
СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ 16 (29) АПРЕЛЬ

Айтыс сөзде мәселе практика жолына қойылып отыр — бұқараның көңіл шабыты туралы қойылып отыр. Лесков жолдас⁹² бұқараның бет ыңғайы ала-құла деп дұрыс айтады. Бірақ көтерілісті қалай көретінімізге қарамас-тан, біз көтерілістің сөзсіз болатындығымен санасуымыз керек деп Жарков жолдас та дұрыс айтады. Енді ұсынылып отырған қарарлардың арасында принциптік айырма бар ма деген сұрау туып отыр. Мен айырма бар деп ешбір білмеймін. Мен өзім нағыз келісімге келмейтін адам саналып жүрсем де, бұл екі қарарды келісімге келтіріп, үйлестіріп көрейін, оларды келісімге келтіруді қолға алайын. Мен Воинов жолдастың қарарына түзету енгізуге ешбір қарсы емеспін. Толықтыру жөнінде де мен принциптік талас болады деп білмеймін. Неғұрлым жігерлік қатнарудан әлі гегемония туа қоймайды. Мәнінше Михайлов жолдас оңдырақ айтқан, — ол гегемонияны баса көрсеткен және оның үстіне нақтылы формада көрсеткен. Ағылшын пролетариаты социалистік революцияны жүзеге асыруға тиіс, — бұл күмәнсіз; бірақ оның социалистік жолмен ұйымдаспауы себепті және буржуазияның оны аздыруы себепті, кәзіргі шақта оның социалистік революция жасарлық қабілеті жоқ екені де күмәнсіз. Воинов жолдастың пікірі де сол; нағыз жігерлі түрде қатнаскандық, күмән жоқ, нағыз шешуші түрде қатнаскандық болып табылады. Революцияның нәтижесін пролетариат шешер ме, жоқ па, — оны кесіп айтуға болмайды. Көсемнің ролі туралы да осыны айту керек. Воинов жолдастың қарарының сөзі сақтықпен келтірілген. Социал-демократия көтерілісті ұйымдас-

гыра алады, тіпті оны шеше де алады, бірақ басшылық роль оның қолында бола ма, жоқ па, оны ілгеріден кесіп айтуға болмайды, — бұл пролетариаттың күшіне, ұйымшылдығына байланысты. Усақ буржуазия жақсырақ ұйымдасып кетуі мүмкін, оның дипломаттары да күштірек, жақсырақ әзірленген болып шығуы мүмкін. Воинов жолдастың сөзі сағырақ — ол айтады: «сенің орындап шығуың мүмкін» дейді; Михайлов жолдас айтады: «сен орындап шығасың» дейді. Мүмкін революцияның үзілді-кесілді нәтижесін шешетін пролетариат болар, бірақ оны біржолата кесіп айтуға болмайды. Михайлов пен Сосновский жолдастар өздерінің Воинов жолдасқа жапсырған қателерін ақыры келіп өздері істеп отыр: «Жауға бара жатып мақтанба». Воиновтың айтып отырғаны: «камтамасыз ету үшін қажет» деген сөз, ал олардың айтып отырғаны: «қажет және жеткілікті» деген сөз. Ерекше ұрыс топтарын құру мәселесі туралы айтарым: мен оларды қажет деп санаймын. Ерекше топтар құрудан қорқатын ешбір жөніміз жоқ.

7

ҚАРУЛЫ КӨТЕРІЛІС ТУРАЛЫ ҚАРАР⁹³

1) Пролетариат өзінің жағдайы жағынан ең озат және бірден-бір дәйекті-революцияшыл тап, солай болғандықтан да ол Россиядағы жалпыдемократиялық революциялық қозғалыста басшылық роль атқаруға тиіс екенін;

2) бұл қозғалыс кәзірдің өзінде-ақ қарулы көтерілістің қажеттігіне бастап әкелгенін;

3) бұл көтеріліске пролетариаттың барынша жігермен сөзсіз, қатысатынын, оның бұған қатысуы Россияда революция тағдырын шешетіндігін;

4) тек идея жағынан ғана емес, сонымен қатар практика жүзінде де пролетариаттың күресіне басшылық етіп отыратын социал-демократиялық жұмысшы партиясының туы астында бірыңғай, дербес күш болып бірігіп алғанда ғана пролетариаттың бұл революцияда басшылық ролін атқара алатынын;

5) тек осындай рольді атқарғанда ғана, пролетариатқа социализм үшін буржуазиялық-демократиялық Россияның дәулетті таптарына қарсы күрес жүргізуге өте мөте қолайлы жағдай қамтамсыз етілетінін;

осыларды еске ала отырып, —

РСДЖП III съезі былай деп табады: қарулы көтеріліс жолымен пролетариатты самодержавиеге қарсы тікелей күреске ұйымдастыру міндеті — партияның кәзіргі революциялық кезеңдегі ең басты және кейінге қаратуға болмайтын міндеттерінің бірі болып табылады.

Сондықтан съезд барлық партия ұйымдарына мыналарды тапсырады:

а) алдағы тұрған қарулы көтерілістің тек саяси мәнісін

ғана емес, сонымен бірге практикалық-ұйымдастыру жағын да пролетариатқа насихат және үгіт жолымен анықтап беру,

б) сол насихат пен үгіт кезінде жаппай саяси стачкалардың ролін анықтап беру; бұл стачкалар көтерілістің бас кезінде және нақ жүріп жатқан кезінде аса мәнді болып шығуы мүмкін.

в) пролетариатты қаруландыруға, сондай-ақ қарулы көтеріліс жоспарын, оған тікелей басшылық ету жоспарын әзірлеуге барынша жігерлі шаралар қолдану, бұл үшін, қажетіне қарай, партия қызметшілерінен ерекше топтар құру.

1905 жылы 16 (29) апрельде
жазылған

Қолжазба бойынша
басылып отыр

8

ҮКІМЕТТИҢ ТӨҢКЕРІС ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ТАКТИКАСЫНА
КӨЗҚАРАС ЖӨНІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ 18 АПРЕЛЬ (1 МАЙ)

Біз қыйындау жағдайға түсіп қалып отырмыз. Бізде үш қарар және үш түзету бар. Қарарлар өсуде, ұлғаюда, ал бұл процесс мүлде ретке салынбаған. Тақырып баяндамашының ойлағанынан гөрі көлемдірек болып шығып отыр. Қарарды комиссияға кері қайтаруға тура келеді, Сергеев жолдас⁹⁴ бұл ұсынысты мысқылдап отырған сыяқты, бірақ оған қарауға болмайды. Ашықтанашық бой көрсету мәселесін шешендердің бәрі де жаппап өтті. Баяндама тақырыбына лайық, бірақ оны толықтыру керек. Қоғамдарға қатысу жөнінде екі пікір таласты. Съезд қоғамдарға қатысу туралы үзілді-кесілді нұсқау бере алмайды. Үгіт жүргізу үшін барлық құралдарды қолдану керек. Шидловскийдің комиссиясынан алған тәжірибемізге қарап, ада-жұда теріс қарау керек деп қорытынды шығаруға болмайды. Қарар түк тәжаңалық енгізбейді, деседі. Жаксы сөзді айт, және бір қайталап айт. Зимин жолдастың пікірі тұрпайылау. Земстволық жыйналысқа қатысу керек пе деген сұраққа кесіп жауап беруге болмайды. Мұның бәрі де саяси конъюнктураға, сайлау системаларына және басқа да нақты жағдайларға байланысты, ал бұларды күнілгері есептеп болмайды. Земство жыйылысы — құр алдау, деседі. Бұл рас, бірақ кейде алдаудың бетін ашу үшін сайлауға қатысу керек болады. Жалпы нұсқаудан басқа ешнәрсе беруге болмайды. Тағыда айтамын, меніңше, барлық қарарларды комиссияға қайыру керек, алдымен оның құрамын кеңейту керек.

9

ҮКІМЕТТІҢ ТӨҢКЕРІС ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ЖӘНЕ ТӨҢКЕРІС
КЕЗІНДЕГІ САЯСАТЫНА КӨЗҚАРАС ЖӨНІНДЕГІ МӘСЕЛ
ТУРАЛЫ ҚАРАРҒА ҚОСЫМША

Шмидтің⁹⁵ қарарына мынадай өзгерістер енгізілсе, Александров жолдас⁹⁶ қанағаттанбас па екен деймін (нобайы):

1) «қаулы етеді» (съезд) дегеннің орнына: съезд социал-демократияның ІІ съезд белгілеп берген бұрынғы тактикасын кәзіргі кезге лайық дәлме-дәл түсіндіре отырып, *қайыра ыспаттайды десек* (яки осы мағнада бір сөз айтсақ)

2) қарарға, нобайы, дәл мына мазмұнда тағы бір пункт қоссақ:

Кәзіргі уақытта жалпы демократияға, әсіресе жұмысшы табына, іргесі шайқалған самодержавиенің шындап болсын, алдап болсын беріп отырған кеңшіліктеріне келетін болсақ бұл ретте социал-демократиялық жұмысшы партиясы *оларды пайдалануға* тиісті, мұндағы мақсат, бір жағынан, күресті күшейте түсу үшін экономикалық жағдайдың әрбір оңалысын, бостандықтың әрбір кеңеюін халыққа *баянды етіп беру*; ал, екінші жағынан, үкіметтің реакциялық мақсаттарын пролетариат алдында үздіксіз әшкерелеп отыру, өйткені үкімет жұмысшы табын тоздырып, аздырып жіберуге тырысады, революциялық кезеңде жұмысшы табының зәру мүдделерінен оның бөтін аударуға тырысады.

1905 жылы апрельдің аяғында жазылған

Бірінші рет 1931 жылы Лениннің XVI
жыйнағында басылған

Қолжазба бойынша
басылып отыр

10

РСДЖП-НЫҢ АШЫҚ ТҮРДЕ САЯСИ БОЙ КӨРСЕТУІ
ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕГІ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ

1) Россиядағы революциялық қозғалыс кәзірдің өзінде-ақ самодержавиелік үкіметтің біраз іргесін шайқалтып, берекетін қашырып отыр, самодержавиелік үкімет өзіне дұшпан таптардың саяси бой көрсетулеріне бірқыдыру елеулі мөлшерде ерік беруге мәжбүр болып отырған сыяқтанады;

2) бұл сыяқты саяси бой көрсету еркіншілігін бәрінен де көбірек және ылғый дерлік буржуазиялық таптар пайдаланып отыр, олар сонымен барып жұмысшы табынан өздерінің қашанғы экономикалық және саяси басымдығын тағы күшейте түсіп отыр, сөйтіп пролетариатты буржуазиялық демократияның жәй ғана шылауына айналдыру қаупін арттыра түсіп отыр;

3) жұмысшы бұқараларының ішінде өз алдына дербес ашық түрде саяси майданға шығу талабы да барған сайын етек алып дамып отыр (көзге түсіп, сыртқа теуіп отыр), тіпті социал-демократияның ешбір қатысы болмаса да (тіпті маңызы шамалы реттерден болса да) осылай болып отыр;

осыларды еске ала отырып, —

РСДЖП III съезі мыналардың қажеттігіне барлық партия ұйымдарының назарын аударады:

а) қоғам мен халықтың баспасөз жүзіндегі, одақтардағы, жыйылыстардағы ашықтан-ашық саяси бой көрсетулерінің барлығын және барлық түрлерін пайдалану қажет, пайдаланғанда, жалпыдемократиялық талаптарға пролетариаттың дербес таптық талаптарын қарама-қарсы қою үшін, оның сана-сезімін күшейту үшін, осындай бой

көрсетулердің барысында-ақ оны дербес социалистік күш етіп ұйымдастыру үшін пайдалану кажет; —

б) жұмысшы қоғамдарын, одақтарын және ұйымдарын жасау үшін жарыя және жартылай жарыя жолдардың бәрін пайдалану керек, соның өзінде мұндай одақтарға социал-демократияның ықпалы басым болуын камтамасыз етуге (кандай да бір жолмен) тырысу керек, бұл одақтарды Россияның келешектегі ашық социал-демократиялық жұмысшы партиясының тірек пункттеріне айналдыруға тырысу керек;

в) мынаны орындауға шаралар қолданылуы керек: біздің партия ұйымдарымыз, өздерінің астыртын аппаратын сақтап, дамыта отырып, мүмкін болған реттердің бәрінде де, социал-демократияның ашық жұмыс жүргізуіне көшудің қолайлы формаларын әзірлеуге дереу кірісетін болсын, бұл ретте үкіметтің қарулы күштерімен қақтығысудан да тайынбауы керек.

1905 жылы 19 апрельде (2 майда) жазылған
Бірінші рет 1926 жылы Лениннің
V жыйнағында басылған

Қолжазба бойынша
баслып отыр

II

СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯНЫҢ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ УАҚЫТША
ҮКІМЕТКЕ ҚАТЫСУЫ ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ

1) Пролетариаттың буржуазияға қарсы шынымен жаппай, еркін және ашық күрес жүргізуі үшін мүмкін болғанынша неғұрлым кең саяси бостандық керек, олай болса, республикалық құрылыстың мүмкін болғанынша толығырақ жүзеге асырылуы керек;

2) халық ішіндегі әртүрлі буржуазиялық және ұсақ-буржуазиялық жіктердің, шаруалардың, тағы басқалардың кәзіргі уақытта революциялық-демократиялық ұрандар көтеріп жүрген өкілдері барған сайын көбейіп келеді; бұл ұрандар табиғи және лажсыз түрде халық бұқараларының негізгі қажеттерінен туып отырады, самодержавие тұсында бұл қажеттердің өтелуі мүмкін емес, бірақ Россияның бүкіл қоғамдық-экономикалық тіршілігінің объективтік дамуы талап етіп отырғандықтан бұлардың өтелуі сөзсіз қажет;

3) халықаралық революцияшыл социал-демократия революцияшыл буржуазияның барлық реакцияшыл таптар мен мекемелерге қарсы күресіне пролетариаттың бар жігерімен көмек беруін әрдайым да қажет деп танып келді, бірақ бұл ретте пролетариат партиясының толық дербес болуы және өзінің уақытша одақтастарына қатаң — сын көзімен карауы шарт;

4) самодержавиелік үкіметті революциялық уақытша үкіметпен ауыстырмайынша Россияда самодержавиелік үкіметті құлату мүмкін іс емес; тек осы сыяқты ауыстыру ғана Россияда жаңа саяси құрылыс орнатылған кезде бүкіл халықтың шынымен еркін және дұрыс тілек білдіруін қамтамасыз ете алады, біздің саяси және экономикалық өзгерістер енгізу жөніндегі ең жуық, тура

алдымызда тұрған программамыздың орындалуын қамтамасыз ете алады;

5) самодержавиелік үкіметті Россияның барлық революциялық-демократиялық таптары мен тап элементтеріне арқа сүйейтін революциялық уақытша үкіметпен ауыстырмайынша, республикаға ие болу мүмкін емес, онсыз пролетариаттың артта қалған, мешеу жіктерін, әсіресе шаруаларды революция жағына тарту мүмкін емес, самодержавиелік-крепостниктік құрылысқа мүдделері сәзсіз қарсы келетін және, көбінесе тек саяси жағдайдың мыйкұла етіп жіберетін қыстамшылығы салдарынан ғана, самодержавиені қолдап жүрген яки онымен күресуден шеткері жүрген жіктерді революция жағына тарту мүмкін емес;

6) өзінің алғашқы даму дәрежесінде ғана болғанымен, Россияда ұйымдасып алған социал-демократиялық жұмысшы партиясы бар тұрғанда, бұл партияның, әсіресе саяси босандық болған кезде, революциялық уақытша үкіметтегі өз делегаттарының инет-кұлқын бақылап, бағыттап отыра алатын партия бар тұрғанда, бұл делегаттардың дұрыс таптық жолдан тайып кету қаупі әл берместік нәрсе емес;

осыларды еске ала отырып, —

РСДЖП ІІІ съезі, революцияшыл буржуазиялық демократиямен тізе қосып, барлық контрреволюциялық әрекеттерге қарсы аяусыз күрес жүргізу мақсатында және пролетариаттың дербес таптық мүдделерін қорғау мақсатында партия өкілдерінің революциялық уақытша үкіметке қатысуын мүмкін деп біледі, ал мұндай қатысудың шарты сол — партия өз өкілдеріне қатаң бақылау орнатуы керек және толық социалистік төңкеріске ұмтылатын, бұл жөнде буржуазиялық-демократиялық партиялар мен топтардың барлығына да қас-дұшпан болып табылатын социал-демократиялық жұмысшы партиясының тәуелсіздігі үздіксіз қорғалып отырылуы керек.

1905 жылы апрельдің аяғында жазылған

Бірінші рет 1926 жылы Лениннің
V жыйнағында басылған

Қолжазба бойынша
басылма отыр

12

СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯНЫҢ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ УАҚЫТША
ҮКІМЕТКЕ ҚАТЫСУЫ ТУРАЛЫ ҚАРАРҒА ҚОСЫМША

Революциялық уақытша үкіметке қатысудың пайдасына тағы бір дәлел

— революциялық уақытша үкіметке қатысудан сөзсіз бастарту керек деп кәзірдің өзінде партиямыздың оң қанатының беріп отырған ақылы революцияшыл пролетариаттың қарулы көтеріліс әзірлеу, оны ұйымдастыру және оны жүргізу жөніндегі ісін батылсыздықтан, жартыкештіктен және бытыраңқылықтан құтқармайтыны дажсыз; —

1905 жылы апрельдің аяғында жазылған

*Бірінші рет 1931 жылы Лениннің
XVI жыйнағында басылған*

*Қолжазба бойынша
басылып отыр*

13

СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯНЫҢ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ УАҚЫТША
ҮКІМЕТКЕ ҚАТЫСУЫ ТУРАЛЫ ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМА
18 АПРЕЛЬ (1 МАЙ)

Менің міндетім — социал-демократияның революциялық уақытша үкіметке қатысуы туралы мәселенің қалай қойылып отырғанын баяндап өту. Тосыннан қарағанда мұндай мәселенің тууының өзі де ерсі сыяқты көрінеді. Бұған қарап, социал-демократияның ісі оңғарылған екен де, сонымен оның революциялық уақытша үкіметке қатысуы ықтималы өте зор екен деп ойлап қалуға болады. Бірақ шындығында олай емес. Бұл мәселені жуық маңда практика жүзінде жүзеге асыру жөнінен талқыға салу доксихоттық болар еді. Алайда бұл мәселені бізге зорлап тағып отырған істің практикалық жағдайы емес, онан да гөрі әдебиет жүзіндегі айтыс болып отыр. Әрдайым есте болуы керек, бұл мәселені тұңғыш рет 9 январьдан бұрын-ақ Мартынов көтерген-ді. «Екі диктатура» деген кітапшасында (10—11-беттер) ол міне былай деп жазған:

«Бір минут көз алдыңызға елестетіп қараңыз, оқушы, Лениннің утопиясы жарыққа шыққан болсын. Көз алдыңызға елестетіп қараңыз, мүшелерінің құрамы тек профессионал революционерлер ғана қатысатын болып шағындалған партияға «бүкілхалықтық қарулы көтерілісті әзірлеуге, тағайындауға және өткізуге» жөні келе қалған болсын. Сонда бүкіл халық тілегі революция болысымен-ақ іле-шала дәл сол партияны уақытша үкімет етіп тағайындайтыны анық емес пе? Революцияның ең таяу арадағы тағдірін шешуді басқа ешбір партияға емес, дәл сол партияға халықтың тапсыратыны анық емес пе? Бұл партия, халықтың бұрынғы өзіне көрсеткен сенімін алдағысы келмегендіктен, өкіметті өз қолына алуға, сөйтіп қашан өзі революцияның үстемшілігін революциялық шаралар арқылы баянды еткенше оны ұстап тұруға мәжбүр болатыны, міндетті болатыны анық емес пе?»

Мәселенің бұлайша қойылуы өрескел-ақ, алайда фак-

ты жүзінде мәселе осылай қойылып отыр: егер біз көтерілісті өте жақсы әзірлеп, жүргізіп жіберсек, онда біз қыйын жағдайға ұшырар едік деп біледі Мартынов. Егер біз өзіміздің таласымызды бір шетел адамына сынатқан болсақ, онда ол мәселенің бұлайша қойылуына ешбір сенбеген болар еді және бізді түсінбеген болар еді. Тек Россиялық социал-демократия көзқарастарының тарихын білгенде ғана, «Рабочее Делоның» «хвостистік» көзқарастарының сыйпатын білгенде ғана, біздің таласымызды түсінуге болады. Бұл мәселе кешеуілді күтпейтін теория мәселесі болып алды, мұның анығына жету қажет. Бұл мәселе өзіміздің мақсаттарымыздың айкындығын шешетін мәселе. Менің жолдастардан өте-мөте өтінетінім: орыс практиктерінің алдына біздің жарыссөздерімізді баяндаған кезде, Мартыновтың мәселені тап осылай қоюын баса көрсету керек.

«Искраның» 96-номерінде Плехановтың мақаласы басылды. Біз Плехановты оның оппортунистерге көрсеткен барлық «зәбірлері» үшін және осы зәбірлеуден оның көптеген адамдардан құрмет боларлықтай дұшпандық көргені үшін өте бағалап келдік, бағалаймыз да. Бірақ Мартыновты жақтағаны үшін біз оны бағалай алмаймыз. Бұл жерде біздің көріп отырғанымыз бұрынғы Плеханов емес. Ол мақаласын «Өкіметті басып алу мәселесі жөнінде» деп атайды. Мұның өзі мәселенің өрісін қолдан тарылтады. Біз ешқашанда бұлайша мәселе қойған емеспіз. Плеханов былай деп шығарып алып жүр: «Вперед» Маркс пен Энгельсті «филистерліктің виртуоздары» деп атады дейді. Бірақ істің шыны олай емес, мұнда шамалы ғана алжастыру бар. Маркстің бұл мәселедегі жалпы концепциясын дұрыс концепция деп «Вперед» ерекше атап көрсетті. Филистерлік туралы сөздер Мартыновқа яки Л. Мартовқа бағытталғанды. Біз Плехановпен бірге істесіп жүргендердің барлығын да жоғары бағалауға әзір-ақ болайық, бірақ Мартынов онымен Маркс бола алмайды ғой. Плеханов мартыновшылдықты текке бүркеп отыр.

Мартынов: егер біз көтеріліске бел байлап кіріссек, онда біз зор қауіпке ұшыраймыз, пролетариат бізге өкіметті алғызбай қоймайды, дейді. Бұл байымдауда өзінше бір ерекше логика бар, бірақ логика болғанда, шегіншектік логика бар. Самодержавиеге қарсы күресте же-

ніп шығу қаупі бар деп осылай ерекше көрсету жөнінде «Вперед» Мартынов пен Л. Мартовқа былай деп сұрақ қояды: әңгіме не туралы болып отыр — социалистік диктатура туралы ма әлде демократиялық диктатура туралы ма? Толық үстемдік жүргізуге әлі пісіп жетілмеген таптың атынан өкіметті қолға алған көсемнің халі қауіпті болатыны жайындағы Энгельстің атакты сөздерін келтіретіндер бар. «Впередте» біз мынаны түсіндіргенбіз: Энгельстің айтып отырғаны — принциптер мен шындықтың, сөз бен фактылардың үйлеспеушілігін көсем *post factum** білген болса, сонда оның халінің қауіпті болатындығы. Мұндай үйлеспеушілік физикалық кыйрау емес, саяси күйреу мағнасындағы апатқа жеткізеді**. Сіз төңкерісті социалистік төңкеріс деп ыспаттайтын боласыз (Энгельстің айтайын дегені), ал шындығында ол тек демократиялық қана төңкеріс болып шығады. Егер біз кәзір-ақ толық үстемдік қамтамасыз ете аламыз деп Россия пролетариатына осы бастан уәде берген болсақ, онда біз эсерлердің жасап жүрген қатесіне ұшыраған болар едік. Революция «буржуазиялық емес, демократиялық» болады деген эсерлердің нақ осы қатесін біздер, социал-демократтар, әрдайым күлкі қылатынбыз. Біз әрдайым: революция буржуазияны әлсіретпейді, қайта күшейте түседі, алайда пролетариаттың социализм жолында ойдағыдай күресуіне қажетті жағдайлар береді, дейтінбіз.

Ал әңгіме демократиялық төңкеріс жайында болып отыр екен, онда біз екі күш бар екенін көреміз: самодержавие және революциялық халық, яғни негізгі күресуші күш есебіндегі пролетариат және шаруалар мен өртүрлі ұсақ буржуазиялық элементтер. Пролетариаттың мүдделері шаруалар мен ұсақ буржуазияның мүдделерімен бір жерден шықпайды. Революцияшыл халықтың ішінде мұндай таптық айырылысу лажсыз болатынын социал-демократия әрдайым атап көрсетіп келді. Қызу күрес үстінде күрес объекті қолдан қолға көше беруі мүмкін. Революцияшыл халық — халық самодержавиесіне жетуге ұмтылады, ал барлық реакцияшыл элементтер патша самодержавиесін жақтайды. Сондықтан ойдағы-

* — оқыйға болып өткеннен соң, кейіннен барып. *Ред.*

** — Осы томның 286—287-беттерін қараңыз. *Ред.*

дай төңкеріс болса, ол пролетариат пен шаруалардың демократиялық диктатурасы болмай кала алмайды, бұлардың мүдделері патша самодержавиесіне қарсы бір жерден шығады. «Бөлек жүріп, бірлесіп соққы беру керек» деген ұранға «Искра» да, «Вперед» те тоқтады, бірақ, «Вперед» бұған қосымша енгізеді: егер бірлесіп соққы беру керек болса онда бірлесіп жаныштау да керек, жаудың жоғалтқанын қайтарып алуға тырысқан әрекетін бірлесіп тойтару керек дейді. Самодержавие құлатылғаннан кейін күрес тоқтамайды, қайта күшейе түседі. Реакцияшыл күштер нақ сол кезде ғана шындап күрес жүргізуге ұйымдасады. Егер біз көтеріліс ұранын қолданады екенбіз, онда біз көтеріліс жеңіп кетуі мүмкін деп социал-демократияны қорқытпасқа тиіспіз. Халық самодержавиесін орнатқаннан кейін, біз оны қорғауға тиіспіз; — ал революциялық-демократиялық диктатура дегеніміз дәл осының өзі болып табылады. Ол диктатурадан қорқуға ешбір негіз жоқ. Республика орнату — пролетариат үшін асқан зор табыс, бірақта социал-демократ республиканы буржуазиялық революционер сыяқты «абсолюттік мұрат» деп білмейді, тек социализм жолында кең құлаш сермеген күрес жүргізуге керекті бостандықтың кепілі деп біледі. Парвус — бостандық алу ісі ешбір елде де мұншалық зор құрбандыққа түскен емес дейді. Мұнысы рас. Орыс оқығаларын сырттан зер салып бақылап отырған европалық буржуазиялық баспасөз де осыны қостап отыр. Самодержавиенің ең жеңіл-желпі деген реформалардың өзіне де қарсылығы адам айтқысыз күшті, ал қыймыл неғұрлым күшті болса, қарсылықта соғұрлым күшті болады. Самодержавиенің толық күйреуіне ықтимал зор екені де осыдан. Бүкіл революциялық демократиялық диктатура туралы мәселе тек самодержавиені толық құлатқан күнде ғана мағналы мәселе болып шығады. Мүмкін, бізде 1848—1850 жылдардың оқығалары қайталанар, яғни самодержавие құлатылмас, тек тежелінердағы, конституциялық монархияға айналар. Онда ешқандай демократиялық диктатура туралы сөз болуы мүмкін емес. Бірақ егер самодержавиелік үкімет шынымен құлатылса, онда оның орнына басқа үкімет қойылуға тиіс. Ал бұл басқа үкімет дегеніміз тек революциялық уақытша үкімет қана бола алады. Ол үкімет тек революцияшыл халыққа ғана, яғни

пролетариат пен шаруаларға ғана, сүйене алады. Ол үкіметтің тек диктатура ғана болуы мүмкін, яғни «тәртіп» ұйымы емес, соғыс ұйымы ғана болуы мүмкін. Кімде-кім камалға ат қойып шабуыл жасайтын болса, ол әлгі камалды алғаннан кейін де соғыса беруден бастарта алмайды. Екінің бірі: не камалды алып, оны қолдан шығармай ұстап тұруымыз керек, не шабуылға баруды қойып, камалдың маңынан тек бір шамалы ғана орын алып отырғымыз келеді деп мәлімдеуіміз керек.

Плехановқа келейін. Ол мейлінше бір теріс тәсіл қолданып отыр. Ол ұсақ-түйек іліп-шалуға салынып, бірақ алмастыру жағын қолданып, аса маңызды принциптік мәселелерден бұлтарып кетіп отыр. (Барсов жолдас: «Солай!» деп дауыстайды.) «Вперед»: жалпы алғанда Маркстің схемасы (самодержавиенің әуелі буржуазиялық монархияға, ал онан соң ұсақбуржуазиялық демократиялық республикаға ауысу схемасы) дұрыс дейді, бірақ біз өзіміз жететін шегімізді күн бұрын осы схема бойынша тұжырып қоятын болсақ, онда біз филистер болып шығамыз. Сонымен келіп Плехановтың Марксті қорғауы «Verlorene Liebesmühe» (рәсуә болған махаббат күші) болып шығып отыр. Мартыновты жақтағанда Плеханов Коммунистер Одағы⁹⁷ Орталық Комитетінің Одақ мүшелеріне арнаған «Үндеуіне»⁹⁸ сүйенеді. Плеханов бұл «Үндеуді» тағыда дұрыс баяндамай отыр. Бұл «Үндеу» пролетариаттың 1848 жылы Берлинде жеңімпаз көтеріліс жасағандығына карамастан, халықтың толық жеңіске жете алмай қалған кезінде жазылғанын ол тасада қалдырып отыр. Самодержавиенің орнына ол кезде буржуазиялық-конституциялық монархия орнаған еді, ал олай болса, бүкіл революцияшыл халыққа сүйенетін уақытша үкімет туралы сөз болатын да жөні жоқ еді. «Үндеудің» бар мәнісі мынадай: халық көтерілісі сәтсіздікке ұшырағаннан кейін, Маркс жұмысшы табына ұйымдасу керек, әзірлену керек деп кеңес береді. Бұл кеңестер Россияның көтеріліс басталмай тұрғандағы жағдайын анықтауға жарайтын болғаны ма? Бұл кеңестер пролетариаттың жеңімпаз көтерілісін ұйғаратын біздің таласымызды ашып бере алатын болғаны ма? «Үндеу» былай басталады: «...Екі-бірдей революциялық жылдың, 1848 — 1849 революциялық екі жылдың екеуінде де Коммунистер Одағы өзін өзі екісынды көрсетті: біріншіден, оның

мүшелері барлық жерлерде де қозғалысқа жігерлі түрде қатнасты... сонан соң, оның қозғалыс жөніндегі көзқарастары» (басқасын былай қойғанда, «Коммунистік Манифесте» баяндалған көзқарастары) «бірден-бір дұрыс көзқарас болып шықты»... «Тап сол кездің өзінде Одақтың бұрынғы берік ұйымы едәуір әлсіреген еді. Революциялық қозғалысқа тікелей қатысқан мүшелердің көпшілігі енді астыртын қоғамдардың заманы өтті, сондықтан ашық бой көрсетудің бір өзі де жетіп жатыр деген ойда болды. Жеке үйірмелер мен қауымдар Орталық Комитетпен (Орталық Басқармамен — Zentralbehörde) қатнасын босаңсыта бастап, бірте-бірте оны мүлде тоқтатты. Сонымен, демократиялық партия, ұсақ буржуазияның партиясы, Германияда барған сайын үдеп ұйымдаса берген болса, жұмысшы партиясы өзінің бірден-бір берік тірегінен айрылып қалды, ұйымдасқан түрінде ол ең көп болғанда кей жерлерде ғана, жергілікті мақсат үшін сақталып қалды, ал осының себебінен жалпы қозғалыста (in der allgemeinen Bewegung) толығымен ұсақ-буржуазиялық демократтардың билеуіне және басқаруына түсіп қалды» („Ansprache“*, 75-бет).

Сөйтіп, 1850 жылы Маркс мына жағдайды: сол әзірде өтіп кеткен 1848 жылғы революция уақытында ұсақбуржуазиялық демократия ұйымшылдығын арттырып шыққанын, ал жұмысшы партиясы ұйымшылдығын жоғалтып шыққанын анықтайды. Әлбетте, жұмысшы партиясының тағыда буржуазия соңында қалып қоймауына Маркс өзінің бар назарын аударады. «...Қазіргі уақытта, жаңадан революция болайын деп тұрған кезде, жұмысшы партиясы тағы да 1848 жылғы сыяқты буржуазияның қанауына түспейін десе, буржуазияның соңына еріп сүйретілмейін десе, оның бар қадарынша ұйымшылдықпен, бар қадарынша бірауыздылықпен және бар қадарынша дербестікпен майданға шығуы аса қажет» („Ansprache“, 76-бет).

Буржуазиялық демократияның нақ осы зор ұйымшылдығы себепті де, тап сол сәтте жаңадан төңкеріс бола қалса, оның сөзсіз басымдылық алып кететініне Маркс күмән келтірмейді. «Революцияның әрі қарай дамуында ұсақбуржуазиялық демократияның Германияда біраз

* — «Үндеу». Ред.

уақытқа дейін (für einen Augenblick) басым ықпалға ие болатындығына ешбір күмән келтірмесе де болады („*Ansprache*“, 78-бет). Осының барлығын еске алғанда біз: *p* пролетариаттың революциялық уақытша үкіметке қатысуы жайында „*Ansprache*“ де Маркстің неліктен бір ауыз сөз айтпайтынын түсінеміз. Сондықтан Маркс «пролетариаттың саяси өкілдері ұсақ буржуазия өкілдерімен қосылып алып жаңа қоғам құрылысын жасап шығару жолында еңбек етеді деп тіпті ойлап та көрген емес» деген Плехановтың пікірі («Искра» № 96) мүлде дұрыс емес. Бұл дұрыс емес. Маркс революциялық уақытша үкіметке қатысу туралы мәселе *көтермейді*, ал Плеханов келіп *Маркс бұл мәселені кері мағнада шешеді* деп көрсетеді. Маркс былай дейді: біздер, социал-демократтар ылғый артта болдық, біздің ұйымдасуымыз нашар болды, егер жаңадан болатын төңкерістің соңынан ұсақ буржуазия өкімет басына келе қалатындай болса, біз соған сай болып дербес ұйымдасып алуымыз керек, дейді. Маркстің бұл алғышарттарынан Мартынов мынадай қортынды жасайды: кәзірде ұсақбуржуазиялық демократиядан гөрі жақсы ұйымдасқан және сөзсіз дербес партия болып табылатын біздер, социал-демократтар, көтеріліс нәтижелі бола қалған күнде, өзіміздің революциялық уақытша үкіметке қатысуымызға *тура келетіндігінен* қорқуға тиіспіз, дейді. Я! Плеханов жолдас, марксизм бір басқа да, мартыновизм бір басқа. Россияның 1905 жылғы халі мен Германияның 1850 жылғы халінің бар айырмашылығын айқынырақ етіп көрсету үшін, «Үндеудің» тағыда кейбір қызықты жерлеріне тоқталып көрейік. Пролетариаттың демократиялық диктатурасы туралы Маркс ешбір сөз қылмаған еді, өйткені ол ұсақбуржуазиялық төңкерістен кейін іле-шала пролетариаттың қолма-қол социалистік диктатурасы болатынына сенді. Мәселен, аграрлық мәселе жөнінде ол былай дейді: демократия ұсақбуржуазиялық шаруалар табын құрып алуды көздейді, ал жұмысшылар село пролетариатының мүдделері үшін және өз басының мүдделері үшін бұл жоспарға қарсы тұруға тиіс. Олар конфискацияланған феодалдық жер меншігінің мемлекет меншігі болып қалуын, сөйтіп оның жұмысшы колонияларына айналдырылуын талап етуге тиіс, сол колонияларда ассоциацияланған село пролетариаты ірі мәдениетті ауыл шаруашылығының барлық құралдары-

мен пайдалануға тиіс, дейді. Әлбетте, бұл сыяқты жоспарлар болып отырғанда Маркстің демократиялық диктатура туралы сөз қылатын реті болмады. Ол мұны ұйымдасып алған пролетариаттың өкілі ретінде, революция қарсаңында жазған жоқ, ұйымдасып келе жатқан жұмысшылардың өкілі ретінде, революциядан кейін жазды. Бірінші міндет ретінде Маркс мынаны атап көрсетеді: «төңкерістен кейін Орталық Комитет дереу Германияға барып, партия съезін шақыруға тиіс, сөйтіп съезге жұмысшы клубтарын орталықтандыру жөнінде шара қолдануды ұсынуға тиіс». Сонымен, біздің қанымызға тарап, сүйегімізге сіңіп алған дербес жұмысшы партиясының идеясы ол кезде жаңалық болған еді. Мынаны естен шығармау керек: 1848 жылы, Маркс еркін және аса революцияшыл газетті («Neue Rheinische Zeitung»⁹⁹) редакциялап тұрған кезде, ол сүйенген ешқандай жұмысшы ұйымы болмады. Оның газетін радикал буржуалар қолдады, ал июнь күндерінен кейін Маркс сол газеттің бетінде Париж буржуазиясын қатты түйреген кезде, әлгі радикал буржуалар бұл газетті ойрандауға аз ақ қалған еді. Сондықтан да бұл «Үндеуде» жұмысшылардың дербес ұйымы туралы соншалық көп айтылып отыр. Онда ресми жаңа үкіметпен қатарма-қатар, әрі жұмысшы клубтары мен жұмысшы комитеттері түріндегі, әрі қауым советтері мен коммуналдық басқармалар түріндегі революциялық жұмысшы үкіметтерін құру жайында сөз болып отыр. Онда жұмысшылардың қарулануы керек екені жайында және дербес жұмысшы гвардиясын құруы керек екені жайында сөз болып отыр. Программаның 2-пункті ретінде мынадай шара көрсетіледі: бұларға буржуазия кандидаттарымен қатар, жұмысшы кандидаттары ұсынылуға тиіс, мүмкін қадарынша Одақ мүшелерінен ұсынылуға тиіс, делінеді. Маркстің өз кандидаттарымызды ұсынуымыз керек дегенді дәлелдеуге тиіс болғаны бұл Одақтың қаншалық әлсіз болғанын көрсетеді. Осының барлығынан мынадай қортынды шығады: Маркс революциялық уақытша үкіметке қатысу мәселесін еске алған емес, шешкен де емес, өйткені ол кезде бұл мәселенің ешқандай практикалық маңызы болған емес-ті, сондықтан бар көңіл дербес жұмысшы партиясының ұйымдастырылуына аударылған еді.

Онан соң Плеханов «Искрада» былай дейді: «Вперед»

дұрысында ешбір ыспаттама келтірмейді де, тек өзіне ұнаған бірнеше сөздерді қайталаумен тынады, «Вперед» Марксті сынамақшы екен дегенді айтады. Бірақ олай болып шығар ма екен? Қайта бұл жерде біз «Впередтің» Россиядағы демократиялық төңкеріс жолындағы күреске қатысып отырған нақтылы қоғам күштерін есепке алып, мәселені нақты негізге қойып отырғанын көрмейміз бе. Ал Плехановты алсақ, ол нақты орыс жағдайлары туралы бір де сөз айтпайды. Оның бар мақтағаны орынсыз келтірілген бір-екі цитатадан аспайды. Бұл өрескел-ақ, бірақ солай екені рас. Орыс ахуалының Батыс Европаныкінен айырмашылығы соншалық, бұл тіпті Парвустың бізде революциялық демократия бар ма деп сұрақ коюына себеп болды. «Вперед» Марксті «сынамақшы» деген сөзін дәлелдей алмаған соң, Плеханов Мах пен Авенариусты кұлағынан сүйреп алып келіп отыр. Бұлар сыяқты маған зәредей де сүйкімі жоқ жазушылардың әлеуметтік революция мәселесіне қандай қатнасы бар екенін мен тіпті түсіне алмаймын. Олар тәжірибені даралық және әлеуметтік жолмен ұймдастыру жайында яки осы тәрізді бір нәрсе жайында жазды, бірақ, расында, демократиялық диктатура жайында ойға да берілген емес. Ендеше Плехановқа Парвустың Мах пен Авенариус жағына шығып кеткені де мәлім болмағаны ма? (Күлкi.) Яки, мүмкін, Плехановтың халі сондай мүшкіл болар да, сондықтан ол бас-көзіне қарамай, Мах пен Авенариустен өзіне ешбір ыңғайы жоқ нысана жасап алып жүрген болар. Онан әрі Плеханов былай дейді: Маркс пен Энгельс әлеуметтік революцияның жуықтығына тез-ақ сенуден қалды. Коммунистер Одағы тозғындап кетті. Эмигранттық ұрыс-керістер басталды, оның себебін түсіндіргенде, Маркс пен Энгельс революционерлер болды да, бірақ революция болмады, деп түсіндірді дейді. Плеханов «Искрада» былай деп жазады: «Пролетариаттың саяси міндеттерін белгілегенде олар» (әлеуметтік революцияның жуықтығына сенуден қалған Маркс пен Энгельс) «демократиялық кұрылыс бірсыпыра ұзақ дәуір бойына үстем болып қала береді деген ұйғарындының өзіне сүйеніп-ақ белгілеген болар еді. Бірақ нақ соның үшін де олар социалистердің ұсакбуржуазиялық үкіметке қатысуын онан әрі сөккен болар еді» («Искра» № 96). Неге сөккен болар еді? Оған жауап бермейді. Плеханов

тағыда демократиялық диктатураны социалистік диктатурамен шатастырады, яғни Мартыновтың жасаған қатесіне ұрынады, бұл қатеден «Вперед» талай рет бар жігерімен сақтандырған еді. Пролетариат пен шаруалардың демократиялық диктатурасы болмайынша, Россияда республика болуы мүмкін емес. Бұл ыспаттаманы «Вперед» нақты шын ахуалды талдау негізінде қорытып шығарды. Амал не, Маркс бұл ахуалды білмеді және ол туралы жазбады. Міне сондықтан да, тек Маркстен келтірген цитаталарға ғана сүйеніп, бұл ахуалдың анализін ыспаттауға да, бекерге шығаруға да болмайды. Ал нақты жағдайлар туралы Плеханов бір ауыз сөз айтпайды.

Энгельстен келтірілген екінші цитатасы мұнан да қыйсынсызырақ. Біріншіден, Плехановтың жәй бір көлденең хатты дәлел қылуы, оның қай жерде, қашан жарыяланғанын көрсетпеуі, өте таңырқарлық іс¹⁰⁰. Біз Энгельстің хаттарын жарыялағанға өте разы болар едік, бірақ солардың толық текстін де көрсек екен дейміз. Алайда, Энгельстің хатының шын мағнасының байымына жету үшін біздің кейбір мәліметтеріміз бар.

Ал екіншіден, тоқсаныншы жылдарда Италияда болған ахуалдың орыс ахуалына мүлде ұқсас емес екенін біз анық білеміз. Ол екі ортада Италия қырық жылдан артығырақ уақыт бостандықпен пайдаланды. Буржуазиялық революция болмайынша, Россияда жұмысшы табы ондай бостандық туралы арман ете де алмайды. Демек, Италияда жұмысшы табы социалистік төңкеріс жасау үшін көптен-ақ өзінің дербес ұйымын өркендете алатын болды. Турати — Италияның Мильераны. Сондықтан Туратидің тап сол кезде-ақ мильераншыл идеяларды жар етіп шыққандығы өте ықтыымал нәрсе. Мұндай жорамалдың әбден дәлелді болатын бір жері сол — Плехановтың өзінің айтуынша, Энгельстің Туратиге буржуазиялық-демократиялық төңкеріс пен социалистік төңкерістің айырмасын түсіндіруіне тура келген. Демек, Энгельс қорыққанда дәл мына жағдайдан: Турати өзі қатысып отырған төңкерістің әлеуметтік мәнісін түсінбейтін көсемнің жалған күйіне кез болып қала ма деп қорыққан еді. Олай болса, Плехановтың демократиялық төңкеріс пен социалистік төңкерісті шатастырып отырғанын бізге тағыда бір рет қайтарып айтуға тура келеді.

Бірақ, мүмкін, Маркс пен Энгельстен нақты орыс ахуа-

лы жайындағы мәселеге емес, пролетариаттың революциялық күресінің жалпы принциптері жайындағы мәселеге жауап табуға болар? Неғылғанмен де «Искра» бір осындай жалпы мәселені әкеп қойды да.

93-номерінде «Искра» былай деп жазады: «Пролетариаттың буржуазиялық-демократиялық мемлекетке оппозициялы партия болып ұйымдасуы үшін ең жақсы жол — өкімет басында тұрған демократияға пролетариаттың зіл көрсетуі арқылы буржуазиялық революцияның төменнен даму жолы». «Искра» былай дейді: ««Вперед» пролетариаттың революцияға зіл көрсетуі (?) тек төменнен ғана емес, тек көшеден ғана емес, сонымен қатар жоғарыдан да, уақытша үкіметтің орда-сарайынан да болғанын тілейді», дейді. Бұл дұрыс тұжырым; «Впередтің» шынымен тілейтіні де осы. Бұл жерде біздің алдымызда шынымен де жалпы принциптік мәселе тұр: революциялық қыймылдың төменнен болғаны жол ма әлде сонымен қабат жоғарыдан да болғаны жол ма деген мәселе тұр. Бұл жалпы мәселеге Маркс пен Энгельстен жауап табуға болады.

Менің айтып отырғаным Энгельстің «Бакуистердің әрекеті»¹⁰¹ деген қызықты мақаласы (1873 ж.). Энгельс 1873 жылғы испан революциясын қысқаша суреттейді, ол кезде бұл елде интрансиженттер, яғни әсіре республикашылдар, көтерілісі етек алып кеткен болатын. Ол кезде жұмысшы табының дереу азаттық алуы туралы ешбір сөз болуы мүмкін емес екенін Энгельс атап айтады. Ондағы міндет мынау еді: әлеуметтік революцияны әзірлейтін алғашқы сатыларды пролетариаттың өтуін тездету керек еді, бұл революцияның жолында тұрған бөгеттерді жою керек еді. Испан жұмысшы табы революцияға белсене қатысқанда ғана бұл мүмкіншілікті пайдалана алатын еді. Оның революцияға бұлай қатысуына ол кезде бакуистердің ықпалы кедергі болды, өңгесін былай қойғанда, олардың жаппай стачка жайындағы Энгельс дәл тауып сынап отырған идеясы кедергі болды. Энгельс, сол ретінде, 30 мың фабрика жұмысшы бар Alcoy* қаласында болған оқығаларды суреттеп жазады. Онда барлық жағдайды пролетариат билеп алды. Сонда ол не істеді деңіз? Бакуизмнің принцип-

* — Алькой. Ред.

теріне қарамастан пролетариаттың революциялық уақытша үкіметке қатысуына тура келген. «Бакунистер, — дейді Энгельс, — ұзақ жылдар бойы жоғарыдан төмен қарай жүргізілетін революциялық қыймылдың қандай болса да зыянды болады деп уағыздап келді; істің бәрі де төменнен жоғары қарай ұйымдастырылуы және жүргізілуі керек деп уағыздап келді», — дейді.

Сонымен, «жоғарыдан және төменнен» деген жайында «Искраның» көтерген жалпы мәселесіне Энгельстің берген жауабы міне осындай. *«Искраның» принципі: «тек төменнен ғана, ешуақытта да жоғарыдан емес» деген принципі — анархистік принцип.* Испан революциясының оқыйғаларынан қортынды жасай келіп, Энгельс былай дейді: «Бакунистер өздерінің принциптеріне қарсы іс істеуге тиіс болды, революциялық үкімет құрушылық — жұмысшы табын тағыда бір алдағандық, оған тағыда бір опасыздық жасағандық болып табылады» (енді Плеханов та бізді осылай деп сендірмекші болады) «деген принципіне қарсы іс істеуге тиіс болды». «Осы принциптеріне қарсы келетініне қарамастан, бакунистер жеке қалалардың үкіметтік комитеттерінде мәжіліс құруға тиіс болды, оның бержағында буржуазиядан тізе көрген және саяси каналған әлсіз азшылық есебінде мәжіліс құруға тиіс болды» дейді. *Сонымен Энгельске бұл арада ұнамай отырғаны — бакунистердің сонда барып мәжілісте отырғандығы емес, тек азшылықта болғаны ғана.* Қітапшасын аяқтай келіп, Энгельс былай дейді: бакунистердің мысалы «бізге революцияны қандай жолмен істеуге болмайтынын көрсетеді».

Егер Мартов өзінің революциялық жұмысын тек қана төменнен қыймыл жасаумен тұжыратын болса, ол бакунистердің қатесін қайталаған болар еді.

Алайда, «Искра» «Впередпен» принциптік пікір алалығын шығарып ала тұрып, енді келіп біздің тұрғымызға өзі ауытқып отыр. Мәселен, Мартынов: пролетариат халықпен тізе қоса отырып, революцияны ақырына дейін жеткізуге буржуазияны еріксіз көндіруге тиіс, дейді. Ал мұнымыз басқа ешнәрсе емес, «халықтың», яғни пролетариат пен шаруалардың, революциялық диктатурасы дегеніміздің нақ өзі болып табылады. Буржуазия революцияны ақырына дейін жеткізуді әсте тілемейді. Ал халық өз тұрмысының әлеуметтік жағдайлары себебінен

оны тілеуге тиіс. Революциялық диктатура халықтың көзін ашып, оны саяси тіршілікке қатыстырады.

95-номерінде «Искра» былай деп жазады:

«Бірақ, социализмді жүзеге асыру үшін ұлттық жағдайлар әлі пісіп жетілмей тұрған кезде, біздің еркімізге қарамастан, революцияның ішкі диалектикасы ақыры келіп бізді өкімет басына алып баратын болса, біз онда кейін шегіне қоймас едік. Біз онда революцияның ұлттық тар шеңберлерін бұзып, бұдан жүз жыл бұрын Францияның Шығысты революция жолына бастағаны сыяқты, Батысты революция жолына бастау мақсатын алға қойған болар едік».

Сөйтіп, егер біздің басымызға жеңіп шығатындай бақытсыздық орнай қалса, біз онда нақ «Вперед» айтқанындай істеуге тиіс болар едік деп «Искраның» өзі-ақ мойындап отыр. Демек, «Искра» практикалық мәселеде «Впередтің» ізімен жүріп, өзінің ұстап отырған позициясын әлсіретеді. Менің жалғыз-ақ түсінбейтін жерім, Мартов пен Мартыновты, өздерінің еркінен тысқары, қалайша өкімет басына сүйреп алып баруға болады? Мұның өзі енді тіптен мағнасыз нәрсе ғой.

«Искра» Францияны мысалға келтіреді. Бірақ бұл айтып отырғаны якобиншіл Франция. Революция кезінде якобиншілдікті айтып қорқытушылық асқан жексұрындық болады. Мен жоғарыда айтып та өттім, демократиялық диктатура дегеніміз «тәртіп» ұйымы емес, соғыс ұйымы. Егер біз тіпті Петербургті иеленіп алып, Николайды гильотиналаған болсақ та, алдымызда бірнеше Вандея¹⁰² тұрған болар еді. Ал Маркс мұны жақсы білді, сондықтан ол 1848 жылы «Жаңа Рейн Газетінде» якобиншілдерді еске салып қойды. Маркс былай деген: «1793 жылдың терроры — бөтен ешнәрсе емес, тек плебейлік жолмен абсолютизмнің және контрреволюцияның жұмысын бітіру ғана болды»¹⁰³. Біз де «плебейлік» жолмен орыс самодержавиесінің жұмысын бітіруді артық көріп, «Искраға» жирондистік әдістерді бердік. Орыс революциясының алдында ешуақытта болып көрмеген қолайлы ахуал бар (самодержавиенің халық тілегіне қарсы соғысы, азиялық консерватизмі, т. т.). Ал бұл ахуал көтерілістің ойдағыдай болып аяқталуына үміттенуге мүмкіндік береді. Пролетариаттың революциялық көңіл-ниеті күн санап емес, сағат санап өсуде. Ал мұндай кезде мартиновшылдық тек ақымақтық қана емес, тіпті қылмыс та болып табылады, өйткені ол пролетариаттың

революциялық күш-қайратының құлаш сермеуіне кесел келтіреді, оның революцияшыл жігерін қайтарады. (Лядов: «Әбден дұрыс!»). Мұның өзі — бәз-баяғы екінші бір жағдайда, демократиялық диктатура туралы емес, социалистік диктатура туралы мәселе жөнінде, неміс партиясында Бернштейннің істеген қатесі.

Революциялық уақытша үкіметтің бұл атышулы «орда-сарайларының» іс жүзінде қандай екенін сіздерге нақты түрде ұғындыру үшін тағыда бір нұсқалық шығарманы көрсетейін. Энгельстің «Die Reichsverfassungskampagne»* деген бір мақаласында өзінің осы «орда-сарайлар» маңында революцияға қалай қатысқанын суреттегені бар¹⁰⁴. Ол, мәселен, Германияның ең индустриялы орталықтарының бірі — Рейн Пруссиясында болған көтерілісті суреттейді. Ол былай дейді: мұнда демократиялық партияның жеңіп шығуына өте қолайлы мүмкіндігі болды. Мұндағы міндет мынау болды: барлық басы бос күшті Рейннің оңжақ жағасына аударып, көтерілісті неғұрлым кең майданға жайып жіберу керек болды, сөйтіп бұл жерде ландвер (жасак) арқылы революциялық армияның ұйтықысын жасауға тырысып көру керек болды, дейді. Энгельс өзінің жоспарын жүзеге асыру үшін мүмкін болған шараны істемек болып, Эльберфельдке барған кезінде нақ осындай ұсыныс жасаған да болатын. Сондықтан Энгельс ұсақбуржуазиялық басшыларға тиіседі, тиіскенде, олардың көтерілісті ұйымдастыра білмегені үшін, ақша қамдап алмағаны үшін, мәселен, баррикадаларда күрескен жұмысшылардың қажетіне ақша қамдамағаны, т. т. үшін тиіседі. Жігерлірек қыймылдау керек еді, дейді Энгельс. Бұл жөніндегі бірінші кадам — Эльберфельдтегі азаматтық армияның қаруын алып, оның қару-жарақтарын жұмысшыларға үлестіріп беру болуға тиіс еді, сонан кейін осылайша қаруланып алған жұмысшылардың мұқтажына еріксіз салық өндіріп алу болуға тиіс еді. Бірақ бұл ұсыныс жалғыз ғана, тек қана менен шыққан ұсыныс еді дейді Энгельс. Ардақты Қоғам Қауіпсіздігі Комитетінің бұл сыяқты «террорлық шараларға» зәредей де беттемеді.

Сонымен, біздің Марксіміз бен Энгельсіміз (яғни Мар-

* — «Империялық конституция жолындағы науқан». *Ред.*

тынов пен Мартов) (д у к ү л к і) якобиншілдік дегенді айтып қорқытып отырса, Энгельс революцияшыл ұсақ буржуазияны «якобиншілдік» қыймыл әдісіне оскырына қарағандығы үшін жазғыруда болды. Соғысуға жыйналып тұрып, сол соғыс кезінде мемлекеттік казнадан, мемлекеттік өкіметтен ат-тонын ала қашушылық — мұның аты ешбір жөн-жосықсыз сөз сапырғандық екенін Энгельс түсінген-ді. Ал көтеріліс жалпы халықтық бола калса, оған ақшаны қайдан ала қоймақсындар, жаңа искрашыл мырзалар? Мемлекеттік кассада алмайсындар ғой ақыры? Бұл буржуазиялық болады ғой! Бұл якобиншілдік болады ғой!

Баденде болған көтеріліс жөнінде Энгельс былай деп жазады: «Көтерілісшілер үкіметінің қолында табысқа жету үшін барлық мүмкіншілігі болды: әзір тұрған армиясының толы арсеналдары, мемлекеттік мол казасы, бірауызды халқы болды». Мұндай жағдайда не істеу керек болғанын іс өткен соң жұрттың бәрі де, кім де болса түсінді. Ұлттық жыйналысты қорғау үшін әскер ұйымдастыру керек еді, австриялықтар мен пруссиялықтарды кейін тойтарып тастау керек еді, көтерілісті көрші мемлекеттерге жаю керек еді, сөйтіп «немістің ұлттық жыйналысы дейтін дәурені өткен жыйналысын көтерілген халық пен көтерілген армияның террористік ықпалына түсіру керек еді; онан әрі көтеріліс күштерін ұйымдастыру керек еді, оның қолына мол ақша сомаларын беріп қою керек еді, барлық феодалдық міндеттемелерді дереу жою арқылы екінші халықты көтеріліске қызықтыру керек еді. Жәнеде көтеріліске қызу сыйпат беру үшін осының бәрін дереу жүргізу керек еді. Қауіпсіздік Комитетін тағайындағаннан әрі бір жеті өткеннен соң-ақ уақыт кеш болып қалды».

Біз, Россияда көтеріліс болған мезгілде революцияшыл социал-демократтар, Энгельстің өнегесі бойынша, революция солдаттығына жазылып дәл осындай «якобиншіл» кеңестер құрып береді деп сенеміз. Ал енді біздің «Искрамыз», революциялық уақытша үкімет туралы және құрылтай жыйналысын революциялық жолмен қору туралы мәселені кейінге шегеріп, сайлау бюллетендерінің конверттері қандай түсте болуы туралы жазуды артық көреді. Біздің «Искрамыз» ешбір уақытта да «жоғарыдан» қыймыл жасамақшы емес.

Қарлсруэден Энгельс Пфальцке жөнелді. Уақытша үкіметтің ішінде оның досы (бір кезде Энгельсті тұтқыннан шығарып алған) д'Эстер отырды. «Біздің партиямызға жат қозғалысқа ресми түрде қатысу туралы сөз болуы да мүмкін емес еді, — дейді Энгельс. — Мен қозғалыстан орын алғанда, тек «Жаңа Рейн Газетінің» қызметшілеріне ғана лайық орын, солдат орнын, алуға тиіс болдым». Біз Коммунистер Одағының тозғындап кеткені туралы, бұл жағдай Энгельсті жұмысшы ұйымдарымен ешбір байланыс жасатқызбай қойғанын біз жоғарыда айттық та. Осының өзі біздің келтірген цитамыздың мәнісін түсінікті етеді: «Маған азаматтық және әскери қызметтен кәп орын ұсынылды, — деп жазады Энгельс, — пролетарлық қозғалыс тұсында болса, бұл орындарға отырудан мен бір минут те тартына қоймас едім. Мынадай жағдайларда мен олардың бәрін де қабыл алмадым».

Көріп отырсыздар, Энгельс жоғарыдан қыймыл жасаудан қорыққан жоқ, пролетариаттың асқан ұйымшылдығы мен күшінен, бұл күштің пролетариатты уақытша үкіметке қатысуға жеткізетінінен қорыққан жоқ. Энгельс қайта, жұмысшылардың толық ұйымдаспағаны себепті, қозғалыстың жеткілікті дәрежеде табысты болып шықпағанына, жеткілікті дәрежеде пролетарлық болып шықпағанына, назаланды. Тіпті осы жағдайлардың өзінде де Энгельс қызмет қабылдады: ол армияда Виллихтің адъютанты болып қызмет істеді, ол әбзел-жабдыктарды жеткізіп тұруды мойнына алды, адам айтқысыз қыйыншылықтар көріп оқ дәрі, қорғасын, патрондар, т. т. тасып беріп тұрды. «Менің сол уақыттағы мақсатым республика жолында өлу еді» деп жазады Энгельс.

Ал, жолдастар, осы Энгельстің сөзінен көрініп отырған уақытша үкіметтің бейнесі жұмысшыларды бізден үркітпек болып жаңа «Искраның» айтып жүрген «ордасарайларына» ұқсай ма, жоқ па, осыған өздерің төрелік беріндер. (Қол шапалақтау.) (Шешен өзінің қарарының жобасын оқып, оны түсіндіреді.)

РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ УАҚЫТША ҮКІМЕТ ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ
ЖОБАСЫ

1) Россия пролетариатының жуық мүдделері болсын, сол сыяқты социализмнің түп мақсаттары жолындағы пролетариат күресінің мүдделері болсын неғұрлым толық саяси бостандығының болуын талап етеді, ал, олай болғансоң, самодержавиелік билеу формасын демократиялық республикамен ауыстыруды талап етеді;

2) халықтың қарулы көтерілісі толық жеңісті болып шықса, яғни самодержавие құлатылса, ол көтеріліс қажетті түрде революциялық уақытша үкімет құрылуын туғызады, тек осындай үкіметтің бір өзінің ғана толық үгіт бостандығын қамтамасыз ету қолынан келеді және жалпыға бірдей, төте, тең сайлау правосы негізінде дауысты жасырын беру жолымен сайланған, шынымен халық тілегін білдіретін құрылтай жыйналысын шақыру қолынан келеді;

3) бұл демократиялық революция Россияда буржуазияның үстемдігін әлсіретпейді, қайта, күшейте түседі, буржуазия белгілібір кезі келгенде, ешбір нәрсеге қарамастан, Россия пролетариатының революция дәуірінде күреспен тапқан табыстарының неғұрлым көбірегін тартып алуға сөзсіз тырысып бағады, — осыларды еске ала келіп,

РСДЖП ІІІ съезі қаулы етеді:

а) революциялық уақытша үкіметтің қажет екені туралы жұмысшы табының ішінде сенім тарату керек және біздің программамыздың ең жуық арадағы саяси талаптары мен экономикалық талаптарының барлығын толығымен дереу жүзеге асырудың шарттарын жұмысшы жыйылыстарында талқыға салу керек;

б) халық көтерілісі жеңісті болып, самодержавие толығымен құлатылған ретте, контрреволюциялық әрекеттердің барлығымен де аяусыз күресу мақсаты үшін және жұмысшы табының дербес мүдделерін қорғау мақсаты үшін біздің партиямыздың өкілдерінің революциялық уақытша үкіметке қатысуына болады;

в) бұған қатысудың қажетті шарттары мыналар: партияның өз өкілдеріне қатаң бақылау жүргізіп отыруы керек және толық социалистік төңкеріске ұмтылатын, ал солай болғандықтан буржуазиялық партиялардың барлығына да бітіспестей қас болатын социал-демократияның тәуелсіздігі үнемі қорғалынып отыруы керек;

г) социал-демократияның революциялық уақытша үкіметке қатысуы мүмкін бе, жоқ па, оған қарамастан, революцияның жеңістерін қору, баянды ету және ұлғайта беру мақсатында, уақытша қаруланған және социал-демократия бастаған пролетариат тарапынан уақытша үкіметке үнемі зіл көрсетілуінің қажеттігі жайындағы идеяны пролетариаттың ең қалың топтарының ішінде насихаттай беру керек.

*1905 жылғы 18 апрельден
(1 майдан) бұрын жазылған*

15

РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ УАҚЫТША ҮКІМЕТ ТУРАЛЫ ҚАРАРҒА
ТҮЗЕТУ ЕНГІЗУ ЖӨНІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ
19 АПРЕЛЬ (2 МАЙ)

Бүтіндей жалпы алғанда мен Зимин жолдастың пікірін қостаймын. Әрине, әдебиетші болғандықтан, мен мәселенің әдебиет ретінен қалай қойылатынына көңіл аудардым. Күрес мақсатының маңыздылығын Зимин жолдас өте дұрыс көрсеткен, соның үшін мен оған бүтіндей қосыламын. Күресте мақсат етіп көздеген жерінді барып алуға тырыспайынша, күрес жүргізуге болмайды...

Зимин жолдастың 2) пунктқа — «жүзеге асырылуы, т. т. ... уақытша үкімет, осындай үкіметтің тек бір өзі ғана», т. т. дейтін пунктке енгізген түзетуі әбден орынды, соның үшін мен оны сөз айтпастан қабылдаймын. — 3-ші пунктке деген түзету де тап осындай — бұл арада мынаны айтудың өте орны бар: кәзіргідей қоғамдық-экономикалық жағдайлар тұсында буржуазия қажетті түрде күшейе түседі, деу керек. — Ұсыныс жағының а) пунктіндегі «пролетариат талап етеді» деген сөз менің тұжырымдауымнан гөрі тәуірірек, өйткені салмақтың дені пролетариатқа аударылған. Б) пунктінде күштердің арасалмағына тәуелді деп әбден орынды айтылған. Тап осылай тұжырымдағанда, менің ойымша, Андреев жолдастың¹⁰⁵ түзетуі қажет болмай қалады. Айтқандай-ақ, мен орыс жолдастардың пікірін білейін деп едім: «ен жуық арадағы талаптар» деген сөз түсінікті болар ма екен, әйтпесе тырнақша ішінде «минимум-программасы» деп көрсеткен жөн болмас па екен. В) пунктінде мен «болып табылады» деген сөзді қолданғанмын, ал Зимин жолдаста «қойылады» делінген, — анығында, бұл жеріне стил жағынан түзету енгізу керек болар. Менің байқауымша, партия бақылауы туралы айтылған жерде «со-

циал-демократияның тәуелсіздігін қору» деген менің бұрынғы тұжырымдауым, Зимин жолдастың ұсынған «сақтау» деген сөзінен гөрі тәуірірек сыяқты. Біздің міндетіміз социал-демократияның тәуелсіздігін тек «сақтау» ғана емес, сонымен қатар оны үнемі «қорғап отыру» да керек. Сосновский жолдастың осы пункт жөніндегі түзетуі тұжырымды тек нашарлатып жібереді, оны онан бетер бұлдыр етеді. Андреев жолдастың түзетулері менің қарарым мен Зимин жолдастың қарарының пункттеріне бөлініп-бөлініп кіріп отыр. Реті келгенде айта кетелік, Андреев жолдастың ұсынуынша, «уақытша үкімет» деген сөзді тұжырымға көпше түрінде енгізу орынды бола қоярма екен. Әрине, бізде уақытша үкіметтер көп болуы мүмкін, бірақ оны атап айтудың қажеті жоқ, өйткені біз бұлайша бөлшектей беруге әсте тырыспаймыз. Біз қашанда болса бірыңғай россиялық уақытша үкімет болуын қостаймыз және «бірыңғай орталық, орталық болғанда, орыс орталығын» құруға тырысамыз. (Күлкі.)

16

ШАРУАЛАР ҚОЗҒАЛЫСЫН ҚОЛДАУ ЖӨНІНДЕГІ ҚАРАР
ТУРАЛЫ ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМА 19 АПРЕЛЬ (2 МАЙ)

Съездің жұмыстарын тездету өте қажет екенін көрсетіп 17 жолдас мәлімдеме жасаған себепті, мен мүмкіндігінше қысқаша сөйлеуге тырысамын. Дұрысын айтқанда, қаралып отырған бұл мәселеде принцип жөнінен талас туғызатын пункттер жоқ; ондай пункттер тіпті «принциптік» таластар көп болған партия дағдарысы кезінде де ұсынылған емес.

Оның үстіне, қарардың жобасы «Вперед» газетіне едәуір көп уақыт бұрынырақ басылып шықты, сондықтан мен бұл қарарды жәй қорғаудан әрі бармаймын.

Шаруалар қозғалысын қолдау мәселесі дұрысында екіге бөлінеді: 1) теориялық негіздер және 2) партияның практикалық тәжірибесі. Соңғы мәселеге екінші баяндамашы Барсов жолдас¹⁰⁶ жауап береді, ол шаруалардың ең озат қозғалысымен — Гуриядағы қозғалыспен — өте жақсы таныс. Ал мәселенің теориялық негіздеріне келетін болсақ, онда енді істің өзі осы шаруалар қозғалысына бейімдеп социал-демократия жасап шығарған ұрандарды қайта көтеруге тіреліп отыр. Бұл қозғалыс біздің көз алдымызда кеңейіп, өсіп келеді. Үкімет тағыда баяғысындай шаруаларды оларға жалған кеңшіліктер уәде етіп, алдап кету жолына түсіп отыр. Бұл сыяқты аздыру саясатына партиямыздың ұрандарын қарсы, қоюымыз керек.

Бұл ұрандар, менің ойымша, мына қарардың жобасында тұжырымдалған:

«Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясы, саналы пролетариаттың партиясы болғандықтан барлық еңбекшілерді қанаушылық атаулыдан толық құт-

каруға тырысады және кәзіргі қоғамдық және саяси күрылысқа қарсы революциялық қозғалыстың кандайын болса да қорғайды. Сондықтан РСДЖП кәзіргі кездегі шаруа қозғалысын да мейлінше жігерлі түрде қолдайды, шаруалардың жағдайын жақсарту алатын барлық революциялық шараларды қорғайды, сондықтан бұл мақсат үшін помещиктік жерді экспроприациялаудан тайынбайды. Бұл арада РСДЖП, пролетариаттың таптық партиясы болғандықтан, селолық пролетариаттың дербес таптық ұйымдасуына үздіксіз тырысып отырады, оның мүдделері мен шаруа буржуазиясының мүдделері жаулықпен карама-қарсы екенін оған түсіндіріп отыру міндетін, селолық пролетариат пен қалалық пролетариаттың бүкіл буржуазиялық қоғамға қарсы бірлескен күресі ғана социалистік революцияға жеткізе алатынын, деревня кедейлерін жоқшылықтан, қанаушылықтан социалистік революцияның ғана шын күтқара алатынын оған түсіндіріп отыру міндетін бірде-бір минут ұмытпайды.

Шаруалар арасындағы үгіттің практикалық ұраны ретінде, бұл қозғалысқа көбірек саналылық енгізудің құралы ретінде, РСДЖП барлық демократиялық өзгерістер мен ол өзгерістердің жеке түрде жүзеге асуын барлық жағынан бірдей қолдау үшін революциялық шаруа комитеттерін дереу құруды ұсынады. Мұндай комитеттерде де РСДЖП бір жағынан, бүкіл шаруалардың революциялық-демократиялық көтерілістерінің бәрін қолдап отыру мақсатын көздеп, екінші жағынан, селолық пролетариаттың шаруа буржуазиясына қарсы күресінде көдейтін шын мүдделерін қорғау мақсатын көздеп, селолық пролетарлардың дербес ұйымдасуына тырысатын болады» («Вперед» № 11*).

Съезд жұмыстарын әзірлеу үшін, съезд әлі басталмай тұрған кезде, съезд делегаттарының аграрлық мәселе жөнінде құрған комиссиясында бұл жоба талқыланды да. Зор пікір алалығына карамастан, бірсыпыра басты-басты пікір реңктері белгілі болып қалды, енді мен соларға тоқталып өтемін. Қарардың жобасы бойынша аграрлық мәселе жөніндегі мүмкін болатын және қажетті болатын революциялық шаралардың сыйпаты «шаруалардың хал-жайын жақсартуға» тіреліп отыр. Демек, мұн-

* Осы томның 240-бетін қараңыз. *Ред.*

дай шаралар осы заманғы қоғамдық-экономикалық құрылыстың түп негіздерін өзгертуге ешбір жеткізе алмайды деген барлық социал-демократтардың пікірін бұл қарар осының өзімен айқын білдіріп отыр. Социалист-революционерлерден біздің айырмашылығымыз осы. Шаруалардың революциялық қозғалысы олардың хал-жәйін едәуір жақсартуы мүмкін, бірақ капитализмді басқа өндіріс әдісімен алмастыра алмайды.

Қарар помещиктердің жерлерін экспроприациялаудан да тартынбайтын шаралар туралы айтады. Бұлайша тұжырымдау біздің аграрлық программамызды өзгертіп жібереді, деседі. Бұл пікірді мен қате деп есептеймін. Әрине, редакциясын жақсартуға болады: экспроприациядан тартынбайтын біздің партиямыз емес, шаруалар; ал біздің партиямыз шаруаларды қолдайды, — қолдағанда олар мұндай шаралардан тартынбайтын болғанда да қолдайды. Экспроприация дегеннің орнына мағнасы тарырақ ұғымды — «конфискация» дегенді — қолдану керек, өйткені біз төлеп алу дегеннің қандайына болса да бүтіндей қарсымыз. Жерді конфискациялау шараларынан біз ешқашанда тартынбаймыз. Ал егер біз осы сыяқты жеке түзетулерді былай қойсақ, біздің қарарымызда аграрлық программаны өзгерту жоқ екенін көреміз. Социал-демократияның барлық жазушыларының әрдайым айтып жүрген пікірлері мынадай мағнада: кесінділер жайындағы пункт шаруа қозғалысына ешбір шек қоймайды, — оны ешбір тұжырмайды және тежемейді деген мағнада болып келді. Социал-демократиялық партия шаруаларды аграрлық өзгеріс жөніндегі революциялық шаралардан, тіпті «қаралай бөліс»¹⁰⁷ жүргізуге дейінгі шаралардан ешуақытта тоқтатпайды деп Плеханов та, мен де баспасөз бетінде айтумен келдік. Сонымен, біз аграрлық программамызды өзгертіп отырған жоқпыз. Біз енді, қандай да болса түсінбеушіліктің, қандай да болса бұрамағна берушіліктің мүмкіндігін жою үшін, шаруаларды ақырына дейін қолдайтындығымыз туралы практикалық мәселе жөнінде үзілді-кесілді пікірімізді айтып шығуға тиістіміз. Қазір шаруа қозғалысы бүгінгі күннің кезегінде тұр, сондықтан пролетариат партиясы бұл қозғалысты өзінің мейлінше қолдайтынын және оның өрісін тіпті де тарылтпайтынын ресми түрде мәлімдеуге тиіс.

Онан кейін қарарда село пролетариатының мүдделерін

бөлек көрсету керек екені және оның өзіне ерекше ұйымы болуы керек екені айтылады. Социал-демократтардың жыйылысында бұл сыяқты даусыз акыйқатты қорғап жатудың қажеті жоқ. Аграрлық комиссияда село жұмысшылары мен шаруалардың әсіресе егін орағы, пішен шабу, т. т. кезіндегі, стачкаларын қостау керек екендігін қосуды тілек қылған сөздер айтылды. Әлбетте, принцип жөнінен бұған қарсы ешнәрсе айтуға болмайды. Мұндай нұсқаудың ең жуырдағы келешек үшін қаншалық маңызы болуы мүмкін екенін практиктер айтсын.

Онан соң, қарар революциялық шаруа комитеттерін құру туралы айтады.

«Впередтің» 15-номерінде революциялық шаруа комитеттерін тезінен дереу құру талабы үгіттің орталық мәселесі болуға тиіс деген пікір толығырақ дамытылған*. «Тұрмысты жақсарту» туралы кәзір тіпті реакционерлер де айтып жүр, бірақ олар тек әйтеуір аты жақсарту дегеннің чиновниктік, төрешілдік жолын ғана жақтайды, ал социал-демократия, әрине, революциялық жолды жақтауға тиіс. Басты міндет — шаруа қозғалысына саяси саналылық енгізу. Шаруалар өздеріне не керек екенін бұлдыр ғана сезеді, бірақ олар өздерінің тілектері мен талаптарын жалпы саяси құрылысқа байланыстыра алмайды. Сондықтан оларды саяси бұзықтар оп-онай алдай алады, алдағанда, мәселені саяси өзгерістерден экономикалық «жақсартуларға» аударумен алдайды, ал бұл экономикалық «жақсартуларды» шынына келгенде саяси өзгеріссіз жүзеге асыруға болмайды. Сондықтан революциялық шаруа комитеттері деген ұран — бірден-бір дұрыс ұран. Осы комитеттер жүзеге асыратын революциялық право боямайынша шаруалар ендігі жерде қолы жететін табыстарын ешуақытта да сақтап қала алмайды. Бұл арада да біз аграрлық программаны өзгертіп отыр деп бізге қарсы сөйлеушілер бар, өйткені аграрлық программа *революциялық шаруа комитеттері туралы сөз* қылмайды, олардың демократиялық өзгерістер жөніндегі міндеттері туралы сөз қылмайды деушілер бар. Бұл қарсылық негізсіз қарсылық. Біз программамызды өзгертіп отырған жоқпыз, біз оны кәзіргі нақты жағдайға сәйкес қолданып отырмыз. Ал енді, кәзіргі жағдайларда

* Осы томның 332—333-беттерін қараңыз. *Ред.*

шаруа комитеттерінің тек қана революцияшыл болып шығатынына күмән жоқ екен, онда біз осы жағдайды көрсете келіп, программаны революциялық мезгілге қолданып отырмыз, бірақ оны өзгертіп отырғанымыз жоқ. Мәселен, біз ұлттардың өз билігі өзінде болуын мойындаймыз, біздің программамыз осылай дейді: егер нақты жағдайлар бізді белгілі бір ұлттың өз билігі өзіне берілуін, оның толық тәуелсіз болуын жақтап шығуға мәжбүр етсе, — мұның өзі программаны өзгерткендік болып табылмайды, оны қолданғандық болып табылады. Шаруа комитеттері — икемді мекеме, ол кәзіргі жағдайлар тұсында да және, айтайық, революциялық уақытша үкімет тұсында да, яғни сол комитеттердің өздері осы үкіметтің органдары болып алатын кезде де, іске жарай береді. Бұл комитеттер революцияшыл болмай, реакцияшыл болып шығуы мүмкін, деседі. Бірақ біздер, социал-демократтар, шаруаның екіжақты тегін, пролетариатқа қарсы шаруалардың реакцияшыл қозғалысы болуы мүмкін екенін ешқашанда ұмытқан емеспіз. Мәселе кәзір онда емес, мәселе мынада: жер жөнінде болатын өзгерістерді бекіту үшін құрылғалы тұрған шаруа комитеттері кәзіргі уақытта тек революцияшыл ғана бола алады. Кәзіргі уақытта шаруалар қозғалысы, сөз жоқ, революцияшыл болып табылады. Шаруалар жерді басып алғаннан кейін тыпа-тыныш отырады да қалады, деседі. Бұл мүмкін. Бірақ шаруалар жерді басып алып отырған кезде самодержавиелік үкімет те тыпа-тыныш отырып қала алмайды, істің бар мәні де осында. Бұл басып алуды тек революциялық үкімет ғана яки революциялық шаруа комитеттері ғана бекіте алады.

Ақырында, қарардың қортынды бөлімі социал-демократияның шаруа комитеттері жөніндегі позициясын, атап айтқанда село пролетариатымен бірге аяқ басудың және оны бөлек, өз алдына дербес ұйымдастырудың қажеттігін, тағы бір рет белгілеп отыр. Деревняның өзінде де тек пролетариат қана ақырына дейін революцияшыл тап бола алады.

17

ШАРУАЛАР ҚОЗҒАЛЫСЫН ҚОЛДАУ ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ
ЖОБАСЫ

1) Кәзірде өршіп етек алып келе жатқан шаруалар қозғалысы, стихиялық және саяси санасыз қозғалыс болғанымен, онысына қарамай-ақ сөзсіз осы күнгі құрылысқа қарсы және *артық дәрежелі таптарға қарсы* бағыттталып отыр;

2) осы күнгі қоғамдық және саяси құрылысқа қарсы бағытталған революциялық қозғалыстың қандайын болса да қостау социал-демократияның міндетіне кіреді;

3) осы айтылғандарға сүйеніп, социал-демократтар шаруа қозғалысының революциялық-демократиялық қасиеттерін (өзгешеліктерін) айырып алып, оларды дамытып, ақырына дейін жеткізуді көздеуге тиіс;

4) социал-демократия, пролетариат партиясы болғандықтан, танбастан барлық реттерде де және барлық жағдайларда да село пролетариатын дербес ұйымдастыруды көздеуге тиіс және оның мүдделері шаруа буржуазиясының мүдделеріне бітіспестей қарама-қарсы екенін оған түсіндіріп отыруды көздеуге тиіс;

осыларды еске ала келіп, —

РСДЖП-ның партиялық ІІІ съезі барлық партия ұйымдарына мыналарды тапсырады:

а) осы күнгі шаруалар қозғалысын бар жігерімен қостауды, помещиктердің жерлерін конфискациялауына дейін баратын оның революциялық әрекеттеріне тіпті *ешбір көлденең тұрмауды* РСДЖП-ның өзіне міндет етіп қойып отырғаны пролетариаттың ең қалың топтарының ішінде насихатталынатын болсын;

б) барлық революциялық-демократиялық өзгерістерді шаруалардың мүдделеріне лайық жүргізу және шаруа-

ларды полициялық-чиновниктік, помещиктік езгіден кұт-
қару мақсатын көздеп, шаруалар ішінде үгіт жүргізудің
практикалық ұраны ретінде және шаруалар қозғалысы-
на неғұрлым көбірек саналылық енгізудің әдісі ретінде,
дереу революцияшыл шаруа комитеттерін ұйымдастыру
жоспары алға қойылсын;

в) самодержавиенің берекетін қашырып, оған жасал-
ған революциялық қысымды қолдау мақсатында, шаруа-
лардың әскери міндетті орындаудан бастартуына, алым-
салықтарды төлеуден бүтіндей бастартуына және өкімет-
ке мойынсұнбауына кеңес берілсін;

г) шаруа комитеттерінде село пролетариатының дербес
ұйымдасуы көзделетін болсын және жұмысшы табының
бірыңғай социал-демократиялық партиясы ішінде сол
село пролетариатының қала пролетариатымен неғұрлым
тығыз жақындасуы көзделетін болсын.

1905 жылы 20 апрельде
3 майда) жазылған

ЖҰМЫСШЫЛАР МЕН ИНТЕЛЛИГЕНТТЕРДІҢ
СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ УЙЫМДАРДАҒЫ АРАСАЛМАҒЫ
ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ
20 АПРЕЛЬ (3 МАЙ)

Мен мәселені ұлғайту орынды емес деген жолдастармен келісе алмаймын. Ұлғайту әбден орынды. — Осында жұрт: социал-демократиялық идеяларды ұстаушылар көбінесе интеллигенттер болды дегенді айтты. Бұл дұрыс емес. Экономизм дәуірінде революциялық идеяларды ұстаушылар интеллигенттер емес, жұмысшылар болды. Мұны Аксельрод жолдастың жазған алғысөзімен басылып шыққан кітапшаның авторы «Рабочий» да ыспаттайды.

Осы арада Сергеев жолдас сайлаулы негіз хабардарлықты арттырмайды деді. Бұл дұрыс емес. Егер сайлаулы негіз *шынымен* колданылса, ол, сөз жоқ, хабардарлықты арттырған болар еді. — Онан соң, жікке бөлінуге бас болғандар көбінесе интеллигенттер болғаны айтылды. Мұны айтудың маңызы өте зор, бірақ оның бір өзі мәселені шешпейді. Мен комитеттерге жұмысшылар неғұрлым көбірек кіргізілсін деп өзімнің басылып шыққан шығармаларымда көптен бері-ақ кеңес берумен келемін*. II съезден бері өткен дәуірдің бір белгісі — осы міндеттің жеткілікті дәрежеде орындалмауы болды, — мен практиктермен өткізген әңгімемнен осындай әсер алып шықтым. Егер Саратовта комитетке I ғана жұмысшы енгізілген болса, онда мұның өзі жұмысшылардың ішінен жарамды адамдарды таңдап ала білмегендік болғаны. Дау жоқ, мұның бұлай болуы партия ішіндегі жікке бөлінушіліктен де болды: комитеттерді құра беруге бола

* Қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 6-том, қазақша 211-беті.
Ред.

жүргізілген күрес практикалық жұмысқа зыян келтірді. Сондықтан да біз бар әлімізше съезд шақырылуын тездетуге тырыстық.

Болашақ орталықтың міндеті комитеттеріміздің бірталайын қайта құру болып табылады. Комитетшілдердің енжарлығын жеңу керек. (Қол шапалақтау, ысқыру.)

Есітіп тұрмын, Сергеев жолдас менің сөзіме ысқырып жатыр, ал комитетші еместер қол соғып жатыр. Меніңше, бұл істі кеңірек алып қарау керек. Комитеттерге жұмысшыларды енгізу дегеніміз тек педагогикалық қана міндет емес, сонымен бірге саяси да міндет. Жұмысшыларда таптық инстинкт бар, соның үшін, шамалы ғана саяси тәжірибесі бар жұмысшылар өте тез-ақ ұстамды социал-демократ болып алады. Мен біздің комитеттеріміздің құрамында әрбір 2 интеллигентке 8 жұмысшы болғанына өте тілектес болар едім. Егер комитеттерге мүмкін болғанынша жұмысшылар енгізілсін деп әдебиет жүзінде айтылған кеңес жеткіліксіз болып шыққан болса, онда мұндай кеңестің съезд атынан берілгені жөн болар еді. Егер сіздердің қолыңызда съездің айқын және кесіп айтылған нұсқауы тұрса, онда сіздердің демагогиямен күресуге тыңғылықты әдістеріңіз болады: съездің айқын тілегі міне осы.

19

ЖҰМЫСШЫЛАР МЕН ИНТЕЛЛИГЕНТТЕРДІҢ
СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҰЙЫМДАРДАҒЫ АРАСАЛМАҒЫ
ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ

1) Партияға мүше жұмысшылар мен интеллигенттер арасында араздық, сенбестік туғызбақ болып, партиямыздың оң қанатының экономизм кезінен бері қарай істеп келе жатқан әрекеттері, біздің партия ұйымдарымызды нағыз интеллигенттік ұйымдар деп көрсетпекші болған әрекеттері, социал-демократияның жаулары шебер пайдаланып жүрген әрекеттер, — жұмысшы табының талапкерлігін партия тәртібімен кұрсап қоймақшы деп социал-демократия ұйымдарына айып такпақ болған әрекеттері, — сайлаулы негіз ұранын сән ету, сән еткенде, көбінесе оны жүзеге асыруға ешбір айтарлықтай кадам жасамайынша сән ету әрекеттері — күні бүгінге дейін үнемі қалмай келеді;

2) саяси еркіндік жағдайларында болуы мүмкін және қажет болып табылатын сайлаулы негіздің *толық* үстемдік алуын самодержавие тұсында жүзеге асыруға болмайды, — бірақ сөйтседе, социал-демократияның осы бір оң қанатының партияға тигізген кесірінен болып отырған партия ұйымдарының формалық бернесіздігі мен іс жүзіндегі тәртібінің бұзылуы бөгет болмаған күнде, самодержавие тұсында да сайлау тәртібін кәзіргісінен гөрі едәуір кеңірек көлемде қолдануға болар еді, —

осыларды еске ала келіп,

РСДЖП ІІІ съезі, таяуда болатын съездердің қарсаңында партия тұрмысында мүмкін болған шамада сайлаулы негізді шындап жүргізу үшін бірқатар ұйымдастыру реформалары арқылы жағдайлар әзірлеуді өзінің міндеті деп санап, социал-демократиялық жұмысшы партиясын саналы жақтаушылардың мына төмендегі мінде-

тін тағыда бір рет естеріне салады: жұмысшы табы бұкарасымен партияның байланысын барынша нығайта беретін болсын, сөйтіп, пролетарлар мен жартылай пролетарлардың неғұрлым қалың топтарын толық социал-демократиялық саналылық дәрежесіне дейін көтеретін болсын, олардың революциялық социал-демократиялық талапкерлігін өрістете беретін болсын, жұмысшы бұкарасының ішінен, жергілікті орталықтар мен жалпы партиялық орталыққа мүше болып, қозғалысқа және партия ұйымдарына басшылық ете алатын жұмысшылардың неғұрлым көбірек шығуына қам істейтін болсын, — біздің партиямызға кіретін жұмысшы ұйымдарын неғұрлым көбірек ұйымдастыратын болсын, — партияға кіргісі келмейтін яки кіруге мүмкіншілігі жоқ жұмысшы ұйымдарының, ең болмаған да, партияға жанасуын көздейтін болсын.

*1905 жылы 22 апрельде
(5 майда) жазылған*

20

ЖҰМЫСШЫЛАР МЕН ИНТЕЛЛИГЕНТТЕРДІҢ
СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ УИЫМДАРДАҒЫ АРАСАЛМАҒЫ
ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫ ТАЛҚЫЛАУДА ЖАСАЛҒАН ЕСКЕРТУ
22 АПРЕЛЬ (5 МАЙ)

Комитеттің мүшелігіне жарайтын жұмысшылар табылмайды деген сөзге мен төзіп отыра алмадым. Мәселе созылып барады; тегінде партияның ішінде бір дерт болу керек. Жұмысшыларды комитеттерге кіргізу керек. Мен ғажаппын: съезде бар болғаны үш әдебиетші бар, қалғандары — комитетшілер, сөйте тұрса да, әдебиетшілер жұмысшылардың кіргізілуін жақтайды, ал комитетшілер, неге екені белгісіз, өршелене береді.

Голубин¹⁰⁸ мен Михайлов жолдастардың мәлімдемелері аса бағалы мәлімдеме.

ЖҰМЫСШЫЛАР МЕН ИНТЕЛЛИГЕНТТЕРДІҢ
СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ УЙЫМДАРДАҒЫ АРАСАЛМАҒЫ
ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫ ТАЛҚЫЛАУ ТӘРТІБІ ЖӨНІНДЕ
СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ 22 АПРЕЛЬ (5 МАЙ)¹⁰⁹

Мен бұл жөнінде Сергеев жолдасқа қосылмаймын: съездердің тап осындай қарарлары болған да емес. Бұл жерде әдебиетшілердің тілектерінің бір өзі ғана әлі жеткіліксіз болады. Оның үстіне, қарарлар алынбай қалдырылған жоқ, тек күн тәртібінің екінші пунктіне көшірілді. Жұмысшыларға, Орталық Комитетпен келісіп барып, комитеттерді орындарынан түсіруге право берілген дегенді айтады жұрт. Бұл жеткіліксіз: демагогия керек емес, директива керек. Сергеев жолдас «Впередтің» «бұлбұлды ертегімен жемдемейді» деген сөздерін келтіріп, «Впередтің» пікірін теріс түсіндіреді. Устав параграфының қысқа айтылғандығының нақ өзі белгілібір директива беретін қарар қабылдауға мәжбүр етеді. Андреев жолдастың ұсынысына қарсымын. Демагогияны шығарған «экономистер» де емес, «меньшевиктер» де емес деу дұрыс болмайды. Қайта, нақ солардың өздері нағыз демагогтер болатын. Қарардың өзі де демагогиядан сақтандыру болып табылады. Сондықтан қарардың сақталуын қолдаймын.

22

ПАРТИЯ УСТАВЫН ТАЛҚЫЛАҒАН КЕЗДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ
21 АПРЕЛЬ (4 МАЙ)

Айтпай болмайды, өзінің бірыңғай орталық идеясын жақтағандағы Иванов жолдастың дәлелдері маған тым қыйсынсыз сыяқты көрінеді. (Иванов жолдастың дәлелдерін оқыды):

«4 және 5-ші параграфтар туралы. Совет сыяқты теңгертікші бар екі орталық системасын өмірдің өзі-ақ іске жаратпай қалдырып отыр. Алауыздықты, ырың-жырың егесті, орда маңындағы аңдысып-арбасуын өршіту үшін ол системаның қолайлы негіз болатыны партия дағдарысының тарихынан-ақ көрініп отыр. Ол система Россияны шет елге бағындырғандық болып табылады: сәтсіздікке ұшырай берудің салдарынан Орталық Комитеттің құрамы тұрақты емес, Орталық Органның редакциясы тұрақты, Совет болса шет елде тұрады. Бір орталық жөнінде айтылып жүрген және Россияның іс жүзінде шет елмен қатнасы жоқтығынан туып отырған маңызды-маңызды қарсы пікірлердің бәрі де, бір жағынан, тек екі орталықтың арасында жікке бөлінушілік болуы мүмкін және ықтимал деген ойды растайды, екінші жағынан, егер съезд Орталық Комитеттің орыс жеріндегі мүшелері мен шет елдегі мүшелерінің басын қосып октын-октын кеңес өткізіп отыруды міндетті ететін болса, едәуір дәрежеде керексіз болып шығады».

Алайда, мұндағы айтылып отырған мүләйім қасиеттер шет елдегі Орталық Органға да, сол сыяқты «нағыз орыстық» Орталық Комитетке де бірдей тән болып шығып отыр. Иванов жолдастың бүкіл сөз топшылауынан мен: *post hoc, ergo propter hoc* * дейтін логикадан шығатын қатені көріп отырмын. Үш орталық біздің ісімізді — ғапу етіңіздер — ыландаған екен, — онда бізде бір-ақ орталық бола қойсын. Мен бұл жерде «*propter*» көріп отырғаным жоқ! Бізге жабысқан кеселдердің себебі ме-

* — осыдан кейін дегеніміз — осының себебінен дегек сөз. *Ред.*

ханизмнен емес, дара кісілерден болып келді: оның мәнісі сол, кейбір адамдар уставтың формалдық мағнасын бетіне ұстап, съездің еркін орындаудан бойын аулаққа салумен болды. «Нағыз орыстық» деген Орталық Комитет өзінің «диалектикалық» карама-қарсы түріне ауысып кеткен жоқ па? Иванов жолдас былай деп байымдайды: шет елдегілер өздерін нашар ұстады, — оларды «қамау жағдайына» қою керек, оларды «мықтап қолға» алу керек дейді. Жұртқа мәлім, мен өзім қашан да болса «қамау жағдайында» қоюды да, «мықтап қолға» алуды да жақтап келдім, сондықтан мұндай шараларға қарсы болмаймын да, бірақ тап осындай шараны Орталық Комитеттің өзіне де қолдану лайық емес пе? Оның үстіне, Орталық Орган тұрақты бола алады, ал Орталық Комитет тұрақты бола алмайды деп кім таласады? Мейлі жұрт не десе олай десін, бұл факт ғой. Алайда іс жүзінде мен ешбір таласқа бармай-ақ қояйын: бұрын бізде Совет болып еді, енді кеңес (Орталық Комитеттің шетелдік бөлегі мен орыстық бөлегінің кеңесі) болды. Небәрі үш-ақ әріп артық. Біздің арбамыз ылғый оң жаққа, Орталық Орган жағына қарай, ауумен болды, — Иванов жолдас келешекке деп арбаның оң жағына салам тией түседі, бірақ менің ойымша, сол жағына да, Орталық Комитет жағына да, салам тией түсу керек еді. Мен комитеттерді таратып жіберу керек деген Михайлов жолдастың ұсынысына қосылар едім, бірақ, нансаңыз, мен периферия дегенінің не екенін білмеймін. «Мәжілісшендер мен мөр сақтаушыларды» аластау-ақ керек, ал бірақ периферия деген ұғымды қалайша дәл анықтауға болады? «Периферия дауыстарының $\frac{2}{3}$!» дейді — бірақ оның дәл есебін кім жүргізе алады? Оның үстіне, мен уставты көптеген параграфтармен толтыра беруден съезді сақтандыруға тиіспін. Жаксы-жаксы параграфтарды жазу оңай, бірақ практика жүзінде олар көбінесе артық болып шығады. Уставты ізгі тілектердің жыйнағына айналдырып жібермеу керек...

23

ПАРТИЯ УСТАВЫНЫҢ 9-ПАРАГРАФЫНЫҢ РЕДАКЦИЯСЫ
ТУРАЛЫ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ
21 АПРЕЛЬ (4 МАЙ)

Мен комитеттерді таратып жіберу жағында едім, бірақ Партия Советте, біздің фракциялық жанжалымыз кызған кезде, мен оған қарсы болдым, оның себебі бұл правоны қолдана коюдың өзі бірсыпыра лайықсыздау болатын болды. Егер бұл параграф интеллигенциядан құралған комитеттерге қатер туғызатын болса, мен оны әбден қолдаймын. Интеллигенцияны әрдайым да мықтап қолға алу керек. Интеллигенция қашан да болса түрлі ырыңжырың егестерге бас болады, сондықтан мен «периферия» деген сөздің орнына «ұйымдасқан жұмысшылар» деген сөздерді кіргізуді ұсынамын (өзінің түзетуін жазба түрде енгізді): «9 §. Егер партия ұйымдарына кіретін жергілікті жұмысшылардың $\frac{2}{3}$ бөлегі жергілікті комитетті таратып жіберуді қостаса онда Орталық Комитет оны таратып жіберуге тиісті».

Кіші-гірім интеллигенттік периферияға сенуге болмайды, ал жүз-жүздеген ұйымдасқан жұмысшыларға сенуге болады және сену керек те. Мен бұл параграфты есеп беру мәселесімен тығыз байланыстырғым келеді. Бұл жағына келгенде бізге Бундтан үлгі алу керек, ол ұйымдасқан жұмысшылардың цифрын әрдайым бұлжытпай біліп отырады. Сонымен, егер біздің Орталық Комитет белгілі бір ұйымда қанша ұйымдасқан жұмысшы бар екенін әрдайым біліп отыратын болса, онда Орталық Комитет олардың пікірімен санасып отыруға тиіс және ұйымдасқан жұмысшылардың талап етуі бойынша жергілікті комитетті таратып жіберуге міндетті.

24

**СОЦИАЛИСТ-РЕВОЛЮЦИОНЕРЛЕРМЕН КЕЛІСІМ ЖАСАУ
ЖӨНІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ
23 АПРЕЛЬ (6 МАЙ)**

Мен социалист-революционерлермен келісу жөнінде бір сәті түспей қалған әрекет туралы съезге баян етуге тиіспін. Шет елге Гапон жолдас келген еді. Ол социалист-революционерлермен көрісті, сонан соң «Искрамен» сөйлесті, ал онан кейін менімен кездесті. Ол маған: социал-демократияның көзқарасын ұстаймын, бірақ кейбір себептермен бұл жайында мен ашық мәлімдеуді мүмкін көрмеймін, деді. Мен оған: дипломатия деген өте жақсы нәрсе, бірақ жақсы болатын жері — революционерлер арасында емес, дедім. Арамызда болған әңгімені мен айтып жатпаймын — оның мазмұны «Впередте» жазылған*. Ол маған революцияға сөзсіз берілген, іс бастағыш, есті адам сыяқты көрінді, бірақ, амал не, дүние тану жөнінде революцияшыл ұстамды көзқарасы жоқ адам сыяқты көрінді.

Біраз уақыттан кейін мен Гапон жолдастан социалистік ұйымдардың конференциясына шақырған хат алдым, бұл конференция, Гапонның ойынша, олардың жұмысын өзара үйлестіру мақсатын көздейтін көрінеді. Сол хат бойынша Гапон жолдастың конференциясына шақырылған 18 ұйымның тізімі мынау:

- 1) Социалист-революционерлер партиясы.
- 2) РСДЖП. «Вперед».
- 3) РСДЖП. «Искра».
- 4) Поляк социалистік партиясы.
- 5) Польша мен Литва социал-демократиясы.
- 6) ППС. «Пролетариат».
- 7) Латыш СДЖП.
- 8) Бунд.
- 9) Армян социал-демократиялық жұмысшы ұйымы.
- 10) Армян революцияшыл федерациясы (Дрошак).

* Осы томның 160—163-беттерін қараңыз. *Ред.*

11) Белорус социалистік громадасы. 12) Латыш социал-демократиялық одағы. 13) Финляндияның белсенді қарсылық көрсету партиясы. 14) Финляндияның жұмысшы партиясы. 15) Грузин социалист-федералист-революционерлер партиясы. 16) Украинаның революцияшыл партиясы. 17) Литва социал-демократиялық партиясы. 18) Украина социалистік партиясы.

Мен Гапон жолдасқа да және бір көрнекті социалист-революционерлерге де конференция құрамының дүдәмалдығы істі қыйынға шаптырып жіберуі мүмкін екенін айттым. Конференцияда социалист-революционерлердің өте зор басымдық алатын түрі болды. Конференцияның шақырылуы да ұзаққа созылып кетті. Гапон жолдастың маған көрсеткен документтеріне қарағанда, «Искра» өзінің берген жауабында ұйымдасқан партиялармен төте келісім жасауды артық көретінін айтыпты. Мұнысы «еп-теп қана» «Впередті» қағытқансығаны, оныңша «Вперед» бейнебір тәртіп бұзушы көрінеді, т. т. Ақырына келгенде «Искра» конференцияға бармай қалды. Біз, «Вперед» редакциясының өкілдері болып, және Көпшілік Комитеттері Бюросының өкілдері болып, конференцияға бардық. Онда барған соң біз конференцияның социалист-революционерлердікі екенін көрдік. Жұмысшы партиялары не мүлде шақырылмаған болып шықты, не олардың шақырылғандығы жайында ешбір мәлімет болмай шықты. Мәселен, Финляндияның белсенді қарсылық көрсету партиясының өкілдігі осындай болды, ал Финляндияның жұмысшы партиясының өкілдігі болмады.

Біздің неге бұлай болды? — деген сұрауымызға олардың берген жауаптары мынадай болды: Финляндияның жұмысшы партиясына шақыруды белсенді қарсылық көрсету партиясы арқылы жіберіп едік, өйткені, осыны айтқан социалист-революционердің сөзіне қарағанда, олар бұл хабарды қалай төте жеткізудің жолын біле алмаған сыяқты. Ал оның бержағында, Финляндияның жұмысшы партиясымен қатнасқанда, Швед СДЖП-ның көсемі Брантинг арқылы қатнасуға да болатыны, шетелдегі жұмыстың аз да болса жайын білетін адамның қай-қайсысына болса да мәлім. Конференцияда ППС-тің өкілдері болды, ал Польша мен Литва социал-демократиясының өкілі болмады. Олар шақырылды ма, жоқ па — ол туралы тіпті мәлімет алып та болмады. Тағы

сол социалист-революционердің бізге айтуынша, Литва социал-демократиясынан, Украинаның революцияшыл партиясынан жауап қайтпапты.

Ең бастан-ақ ұлт мәселесі көтерілді. ППС бірнеше құрылтай жыйналысы туралы мәселе көтерді. Ал осының өзі: ендігәрі конференцияға қатысудан я мүлде бастарту керек, я конференцияны бір ұлтқа қараған жұмысшы партияларының өкілдерінен шақыру керек, не болмаса конференцияға халқы орыс емес аудандардағы жергілікті партия комитеттерінің өкілдерін шақыру керек деуіме себеп болып отыр. Бірақ мен бұдан принциптік алауыздықтар болу себебінен конференциялар шақыруға әсте болмайды деген қортынды әсте шығарып отырғаным жоқ. Тек таза ғана іске байланысты мәселелер қойылуы керек.

Біз шет елде тұрып конференциялардың құрамын, т. т. бақылап отыра алмаймыз. Мұнда орыс жеріндегі орталықтың өкілдігі болуы керек және жергілікті комитеттердің өкілдері міндетті түрде қатысатын болуы керек. Біздің кетіп қалуымызға себеп болған мәселе — латыш мәселесі болды. Конференциядан кетерде біз мынадай мәлімдеме беріп кеттік:

«Россияның басынан өткізіп отырған маңызды тарихи кезеңі самодержавиелік режимге анағұрлым ойдағыдай шабуыл жасау үшін елімізде қыймыл жасаушы социал-демократиялық және революциялық-демократиялық партиялар мен ұйымдардың алдына практикалық келісім жасау міндетін қояды.

Сондықтан, бұл мақсат үшін шақырылып отырған конференцияға айырықша зор мән бере отырып, біз, әлбетте, оның құрамы жөніндегі мәселеге барынша қатты қарауға тиіспіз.

Амал не, Гапон жолдастың шақырған конференциясында оның жұмысының жемісті болуының бұл сыяқты қажетті шарты жеткілікті түрде орындалмаған, ал соның үшін біз конференцияның ең алғашқы ресімделе бастаған кезінде-ақ бұл мәжілістің шын нәтижелі болуын қамтамасыз етерліктей шаралар қолдануға мәжбүр болдық.

Конференцияның нағыз іске қатысты болмағы, мәселен, ең алдымен, конференцияға қатнасуға Россияда шын реалдық күш болып табылатын ұйымдар ғана рұқсат алуын талап еткен еді.

Бірақ солай бола тұрса да кейбір ұйымдардың реалдылығы жөнінен конференцияның құрамы өте қанағаттанғысыз болып шықты. Бұл конференцияға тіпті жалғандығына ешбір күмән жоқ ұйым да өкілдік алған болып шықты. Біздің айтып отырғанымыз Латыш социал-демократиялық одағы.

Латыш СДЖП-ның өкілі бұл Одаққа отвод берілуін талап етті, талап еткенде, ультиматум түрінде талап етті.

Сонан кейін, төрт социал-демократиялық ұйым өкілдерінің «Одақ» делегаттарымен бас қосқан ерекше мәжілісінде бұл «Одақтың» бүтіндей жалған ұйым екенінің анықталуы бізді де — конференцияда болған былайғы социал-демократиялық ұйымдар мен партияларды — осы ультиматумдық талапты қостауға мәжбүр етті.

Бірақ дәл сол жерде, ә дегеннен-ақ, біз барлық революциялық-демократиялық партиялардың қатты тойтарысына ұшырадық; олар біздің ультиматумдық талабымызды орындаудан бастартуымен бір жалған топты белгілі-белгілі бірнеше социал-демократиялық ұйымдардан артық санады.

Ақырында, бірқатар басқа да социал-демократиялық ұйымдардың конференцияда болмауы конференцияның практикалық маңызын онан әрі төмендетті, біздің мүмкін қадері анықтауымызша, бұл ұйымдардың қатысуы тиісті шаралар арқылы қамтамасыз етілмейті.

Осылардың барлығының себебінен біз конференцияны тастап кетуге мәжбүр болсақ та, сонымен қатар бір талаптың ойлаған жерден шықпай қалғаны оны ең жуық арада қайтадан қолға алуға жалықпай талпына беруден тоқтатпас деп сенеміз, сондықтан сол ең жуықта болатын, Россияда шынымен істейтін жалған емес ұйымдардан құралатын, конференция барлық революциялық партиялардың алдында тұрған практикалық келісім жасау міндетін орындап шығады деп сенеміз.

Латыш СДЖП-сы үшін — Ф. Розин.

Россия СДЖП-сы «Вперед» үшін — Н. Ленин.

Бундтың Орталық Комитеті үшін — И. Гельфин.

Армян СДЖ ұйымы үшін — Лерр».

1^{1/2} — 2 апта өткеннен кейін Гапон жолдас маған мынадай мәлімдеме тапсырды:

«Қымбатты жолдас! Өзіңізге мәлім конференциядан шыққан екі декларацияны сізге жіберіп, осыларды РСДЖП-ның алдағы III съезіне хабарлауыңызды өтінемін. Өз пікірімді алатын болсам мынаны ескертіп айтып қоюды борышым деп санаймын: мен өзім бұл декларацияларды қабылдағанда социалистік программа мен федералистік принцип мәселелеріне біраз ескертулер жасап барып қабылдаймын.

Георгий Гапон».

Осы мәлімдемемен бірге қызықты екі документ тапсырылды, бұлардың өте көзге түсерлік жерлері мынау:

«Бір мемлекет іргесінде қалатын ұлттар арасындағы қатнастарда федерация жолын қолдану...

Кісі еңбегін қанау жолымен өңделіп жүрген жерлердің бәрін де социализациялау, яғни еңбекші егінші халықтың қоғамдық меңгеруі мен пайдалануына көшіру, мұның өзінде бұл шараны жүргізудің нақты түрін, кезек ретін және мөлшерін белгілеу ісі жеке ұлттар партияларының қарауында қалады да, сол ұлттардың өз еліндегі жергілікті жағдайларға лайық болады; қоғамдық, муниципалдық және қауымдық шаруашылықты дамыту...

...Нан — аштарға!

Жер және оның игілігі — барлық еңбекшілерге!

...Польша мен Финляндияны қоспағанда, Россия империясының барлық жерлерінің өкілдерінен құрылтай жыйналысы шақырылсын!

...Россияның федерация жолымен байланысқан автономиялық бөлегі есебіндегі Кавказ үшін құрылтай жыйналысын шақыру»...

Осы келтірілген цитаталардан көрініп тұр, конференцияның нәтижесі біздің конференцияны тастап кеткендегі қауіптенген ойымызды толығымен растап шықты. Бұл арада біздің көріп отырғанымыз — пролетарлық емес ұлтшыл партияларға істеген неше алуан жеңілдіктері қосылған социалист-революционерлер программасының бір парасы. Конференцияда қойылған мәселелерді пролетарлық ұлт партияларынсыз шешуге қатнасу ерсі болды. Мәселен, конференция Польша үшін ерекше құрылтай жыйналысын шақыру талабын қойды. Біз оны жақтай да алмаймыз, оған қарсы да шыға алмаймыз. Біздің программамыз ұлттардың өз билігі өзінде болу принципін мойындайды. Бірақ бұл мәселені Польша мен Литваның социал-демократиясынсыз шешу жол емес. Конференция құрылтай жыйналысын бөліске салды, — бөліске салғанда да, жұмысшы партияларының қатысуынсыз бөліске салды! Біз мұндай мәселелердің іс жүзінде пролетар партияларының сыртынан шешілуіне жол бере алмаймыз. — Алайда, сонымен қатар принцип жөніндегі алауыздықтар, қанша айтқанмен де, практикалық конференциялардың мүмкіндігін жоймайды деп білемін, бірақ, 1-ден, — бұлар Россияда болуы керек, 2-ден, күштердің реалдылығын тексергеннен кейін болуы керек және, 3-ден, ұлт мәселелері жеке бөлініп алынуы керек, яки, ең болмаған күнде, конференцияға ұлттық социал-демократиялық және социал-демократиялық емес партиялары бар аудандардың жергілікті комитеттерінің өкілдері шақырылуы керек.

Социалист-революционерлермен практикалық келісім жасау туралы ұсынылып отырған қарарға көшемін (Воинов жолдастың редакциясымен жазылған жобаны оқыды):

«РСДЖП-ның социалист-революционерлер партиясы жөнінде ұстайтын, ІІ съездің қарарында белгіленген қатнасын қайыра ыспаттай келіп және:

1) самодержавиемен күресу мақсатында социал-демократтардың социалист-революционерлер ұйымымен уақытша жауынгерлік келісімдер жасасуы кәзіргі кезде дұрысында керек нәрсе екенін;

2) мұндай келісімдер ешуақытта да социал-демократиялық жұмысшы партиясының толық дербестігіне тежеу болмауға тиіс екенін және оның пролетарлық тактикасы мен оның принциптерінің бүтіндігі мен тазалығын бұзбасқа тиіс екенін, еске ала келіп, —

РСДЖП-ның III съезі Орталық Комитет пен жергілікті комитеттерге, қажет болған ретте, социалист-революционерлер ұйымдарымен уақытша жауынгерлік келісімдер жасасуды тапсырады, мұның өзінде жергілікті келісімдер тек Орталық Комитеттің тікелей бақылауымен ғана жасалына алады».

Мен бұл жобаға қосыламын. Тек айтарым, аздап аяқ жағын жұмсартыңқырауға болмас па екен, мәселен, «Орталық Комитеттің тікелей бақылауымен» деудің орнына «Орталық Комитеттің бақылауымен» деп қана қойса кайтер еді.

25

ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТИҢ ІСТЕГЕН ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ
БАЯНДАМА БОЙЫНША СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ
25 АПРЕЛЬ (8 МАЙ)

Шындығында, Орталық Комитеттің істеген жұмысы туралы баяндама Орталық Комитеттің жүргізген саясатынан гөрі, көбіне техниканы жанады. Мен 1900 жылдан бері партияның орталық аппаратының жұмысына көз тігумен келемін және бұл жөнінде зор ілгері басқандық бар екенін атап көрсетуге тиіспін. Бәлки бұл бізді қанағаттандырмайтын шығар, бірақ толық қанағаттанарлық жағдай пролетариат диктатурасы тұсында ғана келіп жетеді ғой, тіпті оның өзі де екі талай! Естеріңізде болсын, «кооптация» әлі де зыян тигізумен келеді! Орталық Комитеттің өз саясаты туралы айтып отырғаны өте аз, неге десеңіз бұл туралы ол мақтанарлық ешнәрсе тауып айта алмай отыр. Оның басты қатесі — оның съезд шақыруға қарсы күрескені болды. Съезд осыдан бір жыл бұрын шақырылған болса, ол кәзіргі уақыттағысына қарағанда, неғұрлым ымырашылырақ болып шығар еді. Мен өзім таратып жіберу жағындамын, бірақ бұған бір ретте ғана — бұл іс съездің болуын жақтап үгіт жүргізу үшін істеліп отырған ретте ғана, қарсымын, бірақ бұған менің тоқталып жатқым келмейді: 99 күнәсізден гөрі, тәубеге келген бір күнәкәрдің қуанышы артық. Енді менің өзіме қойылған кінәларға келетін болсақ, онда менің айтарым мынау ғана, партиясыз әдебиетші ешнәрсе бітіре алмайды.

СЪЕЗД ПРОТОКОЛДАРЫН БАСЫП ШЫҒАРУ ТУРАЛЫ ҚАРАР¹¹⁰

Съезд Орталық Комитетке III съезд туралы қысқаша хабар, сонымен қоса программаның, уставтың және қарарлардың толық текстін басып шығару ісін дереу қолға алуды тапсырады.

Съезд Орталық Комитетке барлық шараларды қолданып осы хабардың жарыялануын тездетуді тапсырады.

Съезд протоколдарын басып шығару жөніндегі комиссияға съезд мыналарды тапсырады: 1) құпиялық мақсатында не нәрсенің ешбір жарыялануға жатпайтыны біржолата белгіленсін, 2) III съезд протоколдарының жарыяланбаған жағымен партия мүшелерін қандай жолмен таныстыру керек екені және таныстырудың шегі қандай болуы керек екені белгіленсін, 3) басылып шығатын материалдарға қажетті қысқартулар жасалсын, жасалғанда, тек мәжіліс тәртібі туралы болған жарыссөздер жөнінде ғана яки қарарларға енгізуге ұсынылып, алынбай қалған ұсақ түзетулер жөнінде ғана жасалсын.

*1905 жылы 25 апрельде
(8 майда) жазылған*

27

КАВКАЗДАҒЫ ОҚЫЙҒАЛАР ЖӨННІНДЕГІ
ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ¹¹¹

1) Кавказдың әлеуметтік-саяси тіршілігінің айрықша жағдайлары онда біздің партиямыздың өте-мөте жауынгер ұйымдарының құрылуына қолайлы жағдай туғызды;

2) Кавказ халқы көпшілігінің революциялық ынтасы, қалаларда болсын, деревняларда болсын, самодержавиеге қарсы бүкіл халық көтерілісін жасауға дейін барып отыр;

3) самодержавиелік үкімет кәзірдің өзінде Гурияға әскер мен артиллерия жіберіп жатыр, көтерілістің барлық маңызды-маңызды деген ошақтарын барынша аяусыз талқандауға әзірленіп жатыр;

4) Кавказдағы халық көтерілісін самодержавиенің жеңіп кетуі, ондағы халықтың өзге нәсілді болуынан біраз оңайға соғатын жеңіп кетуі, бүкіл Россиядағы көтерілістің табысқа жетуіне аса зыянды зардабын тигізеді; осыларды еске ала келіп, —

Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясының ІІІ съезі Россияның саналы пролетариаты атынан Кавказдың ержүрек пролетариаты мен шаруаларына жалынды сәлемін жолдайды және партияның Орталық Комитеті мен жергілікті комитеттеріне кітапшалар, митингілер, жұмысшы жыйылыстары, үйірмелік әңгімелер, т. т. арқылы Кавказдағы істің жайы туралы неғұрлым мол мағлұмат таратуға, сондай-ақ Кавказға деркезінде қарулы күшпен көмектесуге барынша жігерлі шаралар қолдануды тапсырады.

САЯСИ СОФИЗМДЕР

Орыс революциясының басталғаны жаңа ғана, бірақ сонысына қарамастан, ол кәзір-ақ буржуазияның саяси революцияларының кәдуелгі белгілерін әбден айқын білдіріп отыр. Қара бұқара күресуде, жоғарғы топтар онымен пайдалануда. Революциялық күрестің адам айтқысыз ауыртпалығының барлығы түгелімен тап ретіндегі пролетариаттың мойнына және буржуазиялық интеллигент жастардан шыққан жеке адамдардың мойнына түсті және түсіп отыр. Шінара кәзірдің өзінде-ақ жеңіп алынып отырған бостандықтардың барлығы (дәлірек айтқанда: бостандықтың жартымсыз жұқаналары) онның тоғызындай мөлшерінде қоғамның жоғарғы топтарына, еңбек етпейтін таптарға, тиіп отыр. Заңға қарамастан кәзір Россияда сөз, жыйылыс, баспасөз бостандығы, осыдан 10 жыл бұрынғысынан, бір жыл бұрынғысынан, анағұрлым артық өріс алып отыр, бірақ бұл жағдайды онша-мұнша кең мөлшерде тек буржуазиялық газеттер ғана, «либералдық» жыйылыстар ғана пайдаланып отыр. Жұмысшылар көбінше бұрын өздеріне таныс болмаған, мүлде қол жетпес деп саналып келген салаға қарай өзіне жол салып, бой берместен бостандыққа ұмтылуда, ал пролетарлық элементтің бұлайша кеулеп кіруі біздің пікірімізді бекерге шығармайды, қайта, ыспаттайды. Саяси күреске қатысудағы белсенділік күрестің жемістерін иемденіп алудағы белсенділікке кері құрылымдас болып отыр. Әрбір таптың қоғамдық-экономикалық құрылыстағы жағдайы қаншалық тиімді болса, жарыя қозғалыспен құпия қозғалыстың (яғни заң жол беретін қозғалыспен заңға сыймайтын қозғалыстың) арасалмағы да сон-

шалық «тиімді» болады. Либералдық буржуазияның қозғалысы, әсіресе 9 январьдан кейін, заң *көтеретін* формаларда өте кең өрістеп кетті, ал оның қасында либералдардың құпия қозғалысы адам айтқысыз тездікпен көрер көзге мардымсыз болып барады. Жұмысшы табының қозғалысы, өзінің нағыз маңызды кезендерінің бірінде әсіре-«занды» формаға енуіне *қарамастан* (Петербург жұмысшы халқының патшаға петиция беруі), өте заңсыз болып шықты, өте қатты, әскери жаза тартуға тиісті болып шықты. Жұмысшы табының қозғалысы бұрынғысынан көш артық ұлғайып алды, бірақ жарыя және құпия элементтердің арасалмағы алдыңғының пайдасына өзгерген жоқ деуге болады.

Бұл айырмашылық неден? Атап айтқанда мынадан: Россияның бүкіл қоғамдық-экономикалық құрылысының неғұрлым аз еңбек ететіндерге әлде қайда көп жеміс беретіндігінен. Капитализм тұсында бұдан басқаша бола алмайды. Мұның өзі — капиталдың заңы, капитал жалғыз экономикалық тіршілікті ғана емес, сонымен бірге саяси тіршілікті де өзіне бағындырып алады. Қара бұқараның қозғалысы революциялық күшті қозғайды; ол халықтың сондай қалың бұқарасын күреске көтереді, бұл бұқараның, біріншіден, шіруі жеткен бүкіл құрылысты шындап қыйратуға шамасы келеді, екіншіден, оның жағдайында өзін бұл құрылысқа байланыстыра қоятындай ешбір ерекшеліктері жоқ, сондықтан ол бұл құрылысты ешбір іркілместен құлатады. Ол ол ма, ол бұқара өзінің мақсаттарын әбден сезіп жетпей тұрып-ақ, сол құрылысты қалайда қыйратып тастауға қабілетті және бейім, өйткені бұл халық бұқарасының халі тым лажсыз хал, өйткені өмір бойына көретін езгі оны революциялық жолға итермелейді, ал оның өзінің бұғауынан басқа жоғалтатын дәнеңесі жоқ. Бұл халықтық күш, пролетариат, шіріген құрылыстың иелеріне соншалық бір қаһарлі күш болып көрінеді, себебі пролетариаттың жағдайының өзінде барлық қанаушыларға қатерлі бір нәрсе бар. Осы себепті, пролетариаттың тіпті болмашы қозғалысының өзі-ақ, ол басында қаншалық шамалы болғанымен де, қандай ұсақ-түйек себептен басталғанымен де, ешбір жазбастан өзінің тікелей көздеген мақсатынан асып кетуге бой ұрады, *бүкіл* ескі құрылыспен бітіспейтін, қыйратушы күшке айналуға бой ұрады.

Пролетариат табының капитализм түйсындағы жағдайынан туатын негізгі өзгешеліктерінің себебінен, пролетариат қозғалысы *барлық мақсат* үшін, түрлі қара түнек сұмдық, қанау, құлдық атаулының бәрін толық жеңу үшін жүргізілетін аяусыз күреске айналуға аумастан бет ала береді. Бұған қарсы, тағыда сол себептерден (яғни буржуазия жағдайларының негізгі өзгешеліктерінің себебінен), либералдық буржуазияның қозғалысы күресті қойып мәмлеге келуге, радикализмді қойып, оппортунизмге айналуға, толық жеңіске қол созған «әдепсіз», батыл, табанды талапты былай қойып, бәріннен де гөрі ықтықымал, мүмкіндігі молырақ таяу тұрған табыстарға шүкірғып, соларды есепке алуға бет ала береді. Кімде-кім шындап күресетін болса, ол, әлбетте, *барлық мақсат* үшін күреседі; кімде-кім күрестен гөрі мәмлеге келуді артық көретін болса, ол, әлбетте, ең онды болып шыққан күнде өзі қанағат тұтуға бейім болып отырған «қыйқым-сыйқымдарды» күнілгері көрсетумен болады (ал онды болып шықпаған күнде ол тіпті күрестің болмауына да көне салады, яғни ескі дүниенің қожаларымен ұзақ уақытқа табыса салады).

Міне, соның үшін де, революцияшыл пролетариаттың партиясы болып табылатын социал-демократияның өз *программасына* сонша қамқорлық етуі, өзінің түпкі мақсатын — еңбекшілерді толық азат ету мақсатын — сонша ұқыптап көп уақыт бұрын белгілеп қоюы, осы түпкі мақсатты тарылтып-қынау ниеттерінің қандайына болса да сонша тарыла қарауы әбден табиғи нәрсе; социал-демократияның соншалық догматиктік тақықтықпен, доктринерлік қайсарлықпен ұсақ, ең жуық экономикалық және саяси мақсаттарды түпкі мақсаттан бөле қарайтындығы да тап осы себептерден. Кімде-кім *барлық мақсат* үшін, толық жеңіс үшін, күресетін болса, оған, — мұндай ұсақ табыстар қолға байлау болып жүрмесигеді, жолдан тайдырып жүрмесигеді, әзірінше анағұрлым аулақ жатқан, бірақ барлық ұсақ табыстардың кұр әурешілік болып шықпауы үшін соншалық қажеті болатын нәрсені ұмыттырып жібермесигеді деп — сақтанбасқа болмайды. Бұған керісінше, буржуазия партиясына, — мейлі ол нағыз бостандық сүйгіш-ақ, нағыз халық сүйгіш-ақ бола қойсын, — программалар жайында мұндай қамқорлық ету дегенің, бірте-бірте болатын аздаған жақсартуларға

өнебойы сын көзімен қарап отыру дегенің түсініксіз, жат нәрсе.

Бізді мұндай ойға қалдырып отырған нәрсе — осы жуырда «Россия империясының негізгі мемлекеттік заңы» деген тақырыппен «Освобождение» редакциясы басып шығарған «Орыс конституциясының жобасы» болды. Россияда әлдеқашаннан-ақ жұртқа мәлім болған бұл жоба кәзірде ескертулер, түсініктер жазылып, «бірден-бір толық, тұжырымды және авторлардың өздері қарап шыққан баспа» ретінде шығарылып отыр. Баксақ, бұл «Азаттық Одағының» өзінікі болмай шықты, оны сол Одаққа қарайтын жеке бір топ қана жасап шығарған көрінеді. Сонымен, біз бұл арада айқын, кесіп айтатын, ашық программадан қорыққандық, либерализмге тән қорыққандық, бар екенін тағыда көріп отырмыз. Россияда, социал-демократияға қарағанда, либералдық партияның қолында өлшеусіз көп ақша қаржылары, әдебиетшілер күші бар, жарыя түрде жүріп-тұру бостандығы да өлшеусіз көп-ақ, — ал сөйткенімен де программа айқындығы жөнінде оның социал-демократиядан кейін қалып отырғандығы көзге түсе кетеді. Либералдар программа дегендерді тура бойына жуытқысы келмейді, олар өздерінің органында бір біріне қайшы келетін кейбір мәлімдемелерді (мәселен, жалпыға бірдей сайлау правосы туралы мәселе жөнінде) жарыялауды немесе бөгде топтар жасап шығарған, бүкіл партияны (яки бүкіл «Азаттық Одағын») ешнәрсе жөнінен біртұтас етіп байланыстыра алмайтын «жобаларды» жарыялауды артық көреді. Әрине, мұның кездейсоқ нәрсе болуы мүмкін емес; мұның өзі — осы күнгі қоғамдағы тап ретіндегі буржуазияның, — тап болғанда, самодержавие мен пролетариат арасында қыспақта тұрған таптың, ұсақ-түйек мүдде айырмашылықтарынан фракция-фракцияға жіктеліп отырған таптың, әлеуметтік жағдайының лажсыз нәтижесі болып табылады. Бұл жағдайдан келіп саяси софизмдердің туатыны әбден табиғи нәрсе.

Енді біз осындай софизмдердің біреуіне оқушыларымыздың назарын бұрмақшымыз. Освобождениелік конституция жобасының негізгі сыйпаттары белгілі: монархия бола береді, — республика туралы мәселе, керек десе, талқыға да түспейді (шамасы, буржуазияның «шындыққа бейім саясатшылары» бұл мәселені маңызды деп

санамайтын болар!), *екі палаталы* парламент системасы құрылады, оның төменгі палатасы жалпыға бірдей, *төте*, тең сайлау жолымен дауысты жасырын беру арқылы сайланады, ал жоғарғы палатасына *екі сатылы* сайлау бойынша сайланады. Жоғарғы палата өкілдерін земство жыйылыстары мен қалалық думалар сайлайды. Бұл жобаның егжей-тегжейіне тоқтап жатуды біз артық деп білеміз. Оның өте-мөте қызықты жері — оның жалпы жоспары мен «принцип жағынан» қалайша жақталатындығы.

Біздің ашық көңілді мүсіркегіш либералдарымыз мемлекет билігін үш күштің арасына — монарх, жоғарғы палата (Земстволық палата), төменгі палата (Халық өкілдерінің палатасы), арасына: самодержавиелік бюрократия, буржуазия, «халық» (яғни пролетариат, шаруалар және жалпы ұсақ буржуазия) арасына, — мүмкін қадары теп-тең және «әділ» етіп бөліп бермекші. Либералшыл публицистердің терең арман ететіні — осы түрліше күштердің арасындағы және сол күштердің түрліше комбинацияларының арасындағы күрестің орнына олардың «әділет жолымен»... қағаз жүзінде... бірыңғай бірігіп кетуін жүзеге асыру! өйткені бірте-бірте, аумасыз-төкпесіз дамудың қамын ойлау керек, консерватизм тұрғысынан жалпыға бірдей сайлау правосын ақтап алу керек (осы қаралып отырған жобаға Струве мырзаның жазған алғысөзі); монархия мен жоғарғы палата түрінде билеуші таптардың мүдделерін шындық жүзінде қамтамасыз етудің (яғни реалды консерватизм) тыянағын жасау керек; өздерінше бір айла сыяқты көретін, ал шынына келгенде, барып тұрған аңқаулық болып табылатын бүкіл осы құрылысты әсем сөзді софизмдермен жасандыру керек. Орыс пролетариатына көп-көп уақытқа дейін либералдық софизмдермен санаса тұруға тура келеді. Бұлармен жете таныса бастайтын мезгіл енді жетті!

Екі палаталы системаны қорғауға кіріскенде, либералдар соған қарсы айтылады-ау деген жорамал пікірлерді талдаудан бастайды. Бір айырықша жері, бұл айтқан пікірлерінің бәрі де түгелінен біздің жабыя баспасөзіміз өрістете насихаттап жүрген кәдуелгі либералдық-халықшылдық идеялардың шумағынан алынып жүр. Мәселен, орыс қоғамының «аса демократиялық сыйпаты» бар, Россияда саяси еңбектерімен, байлығымен, т. б. күшей-

ген жоғарғы тапқа тең келетін ешнәрсе жоқ, өйткені біздегі дворяндар «саяси атак кұмарлықтан» аулақ тұратын қызмет адамдарының сословиесі болды, онысының үстіне оның материалдық маңызы да «мұқалған» еді деседі. Социал-демократтың тұрғысынан қарағанда, ішінде бірауыз ақыйқаты жоқ бұл сыяқты халықшылдық сылдыр сөздерді кұлаққа ілудің өзі де ерсі. Россиядағы дворяндардың саяси артықшылығы жұрттың барлығына мәлім; олардың күшінің қандай екені консервативтік және баяу яки шиповшыл партияның сыңайынан-ақ бірден белгілі; оның материалдық маңызын «мұқалтып отырған» буржуазия ғана, ал сол буржуазиямен дворяндардың өзі бірігіп, қосылып жатыр; оның бержағында сол мұқалғандықтың өзі дворяндардың қолына он-он миллиондаған еңбекшілерді тонауға мүмкіндік беретін орасан зор қаржы-құралдардың жыйналуына ешбір бөгет болмайды. Саналы жұмысшылар бұл жөнінде өздеріне ешбір алданыш жасамауы керек: орыс дворяндарының бишаралығы жайындағы халықшылдықтың сылдыр сөздердің либералдарға керек болып отырғаны — тек келешекте дворяндарға берілетін конституциялық артықшылықтардың зәрін байқатпау үшін ғана. Бұл сыяқты либералдық логиканың болуын психологиялық лажсыз нәрсе: дворяндарға берілетін артықшылықтарды демократиядан болар-болмас кана ауғандық деп көрсету үшін біздің дворяндарымызды бишара етіп көрсету керек болып отыр.

Сол сыяқты буржуазияның кәзіргідей төс пен балғаның арасына түсіп отырған жағдайында идеалистік сылдыр сөздердің бола беруі де психологиялық лажсыз нәрсе, бұл сылдыр сөздерді кәзір жалпы алғанда біздегі либерализм және әсіресе оның сүйген философтары соншалық дәм-татусыз қолданып жүр. «Орыстың азаттық қозғалысы үшін, — дегенді оқыймыз біз түсінік хаттан, — демократия деген нәрсе — тек факты ғана емес, сонымен қатар моральдік-саяси ереже болып табылады. Ол әрбір қоғамдық форма үшін тарихи дәлелден гөрі адамгершілік дәлелін жоғары санайды». Мұның өзі — біздің либералдардың демократияға опасыздық жасаудағы әдістерін «ақтау» үшін қолданып жүрген көпірме, түк мазмұны жоқ жел сөздерінің айта қалғандай үлгісі! Олар былай деп қынжылады: «орыстың либералдық партиясы

бюрократтық самодержавиенің орнына буржуазиялық-дворяндық самодержавие орнатпақшы екен деп бұл партияға тым ұшқары элементтер өкілдерінің тарапынан *өте жаман кінәлар* (?) қойылып жүр» деп қынжылады, — ал сөйте тұрып біздің либералдарымыз өздерінің жобаларындағы бірден-бір нағыз демократиялық мекеме болып табылатын Халық өкілдерінің палатасын монархиямен де, жоғарғы, земство палатасымен де өкімет билігін бөлісуге мәжбүр етеді!

Ал олардың жоғарғы палатаны жақтағандағы «адамгершілікке жататын» және «моральдық-саяси» дәлелдері мынау. Біріншіден, «екі палаталы система, Европаның Грециядан, Сербиядан, Болгариядан және Люксембургтен былайғы жерлерінің бәрінде бар» дейді... Демек, егер бірқатар жерлерді қосуға болмайтын болса, оның барлық жерлерде бірдей бола бермегені емес пе? Ал онан кейін мына сыяқты дәлел де дәлел болып па: Европада антидемократиялық мекемелер өте көп екен, сондықтан... сондықтан оларды біздің «аса демократияшыл либерализміміздің» ауыстырып ала қоюы керек екен? Екінші дәлелі: «заң шығару билігін бір-ақ органның қолына беріп қою өте қауіпті», кателерді, «тым асығыс алынған» қарарларды түзетіп отыру үшін тағыда бір орган құру керек... «Россия Европадан гөрі батылырақ болып шығуға тиіспе?» дейді. Сөйтіп, орыс либерализмі, пролетариаттан қорқып, өзінің барлық прогресшілдігін *біле тұра* жоғалтып болған европалық либерализмінен батылдығын оздырғысы келмейді! Бәрекелді, «азаттық» қозғалысының басшысы екендеріңе болайын! Россия бостандық жолында әлі де болса пәлендей елеулі қадам жасап көрген жоқ, ал ол екі арада либералдар ол екі арада «асығыс» болып жүрмесін деп қалтырап та жүр. Ендеше, мырзалар, тап осы дәлелдерге иек артып, жалпыға бірдей сайлау правосынан бастартып шығуға да болмас па екен?

Үшінші дәлелі: «Россияда әрбір саяси тәртіпке қорқыныш болатын басты қауіптердің бірі — якобиншіл орталықтану режиміне айналып кетушілік» дейді. Япырмай, бұл неткен пәле десейші! Сірә, халықтың төменгі топтарының демократизміне қарсы социал-демократия оппортунистерінің, жаңа искрашылдардың, қолданып жүрген қаруын оппортунис-либералдар да пайдалана қоюдан

тым аулақ көрінбейді. Аксельрод, Мартынов және солардың серіктері шығарып алып жүрген «якобиндік» сынсыз құбыжық освободителилерге де пайдалы қызмет етіп отыр. Бірақ, тоқтай тұрындар, мырзалар, егер сіздер шынымен-ақ централизмнің ұшқарылығынан қорыққан болсаңыздар (ал дәйекті демократизмнің «ұшқарылығынан» қорықпаған болсаңыздар), онда жергілікті, земстволық және қалалық мекемелер жөнінде жалпыға бірдей сайлау правосын қолдануды тежеудің не қажеті бар еді?? Ал сіздер оны тежеп отырсыздар ғой. Сіздер жобаңыздың 68-ші статьясында мынадай қаулы қыласыздар: «халық өкілдері Палатасының сайлауына қатысуға правосы бар әрбір адам, егер ол бір жылдан аспайтын, белгілі мерзім ішінде мақ, сол уезде яки қалада орын теуіп тұрақ тапқан болса, жергілікті сайлауларға да тап солай қатысуға правосы», дейсіздер. Ал шындығында бұл статья ценз енгізіп отыр ғой, ол сайлау правосын іс жүзінде жалпыға бірдей етпей отыр ғой, өйткені дәл жұмысшылардың, батрактардың, күндікшілердің баянды тұрақ таппай, көбінесе қаладан қалаға, уезден уезге көше беруіне тура келетіні әркімге түсінікті. Капитал жұмысшылар бұқарасын елдің бір шетінен екінші шетіне аударып отырады, оларды тұрағынан айырады, ал соның үшін жұмысшы табы өзінің саяси правосының бірсыпырасынан айрылуға тиіс болады!

Осы сыяқты жалпыға бірдей сайлау правосын тежеудің өзі нақ сол жоғарғы, земстволық палатаны сайлайтын земстволық және қалалық мекемелерге қолданылмақшы. Якобиншіл централизмнің ұшқарылықтарына қарсы күресу үшін қажет дегендегі олардың демократизмнен таюшылығы екі түрлі: біріншіден, жалпыға бірдей сайлау правосын тұрақ цензімен тежеу; екіншіден, екі сатылы сайлау енгізіп, төте сайлау правосы принципінен бастарту! Ал енді якобинизм құбыжығының тек тұрақты оппортунистердің пайдасына ғана жарайтындығы осыдан да айқын емес пе?

Я. Струве мырзаның социал-демократиялық жироидистерге — жаңа искрашыларға — принциптік тілектестік білдіргені де тегін емес, оның Мартыновты, «якобинизмге» қарсы шыққан атакты күрескерді, көтере мақтауы да тегін емес. Якобинизмнің социал-демократиядан

шыққан дұшпандары түп-тура ғана либералдық буржуаның жолын күреп берді және күреп беріп жүр.

Земстволық мекемелер сайлайтын жоғарғы палатаның нақ өзі «децентрализация негізінің» бейнесі бола алады, «Россияның түрліше аймақтарының саналуан сыйпаты бар екендігін» бейнелей алады деп жүрген освобождениешілдердің сөзі — шектен асқан шатығандық. Децентрализация сайлаудың жалпыға бірдейлігін тежеумен орнына келмейді; саналуандылық төте сайлау принципін тежеумен орнына келмейді. Освобождениешілдер күңгірттендіргісі келетін істің мәні мұнда емес. Істің мәні мынада: олардың системасы бойынша, жоғарғы палата лажсыз түрде *денінше* және көбінше дворяндар мен буржуазияның органы болып алады, өйткені тұрақ цензі мен екі сатылы сайлау системасының бәрінен көбірек шет қақпайлап ығыстыратыны пролетариаттың нақ өзі. Істің бұл мәні саяси мәселелермен аз да болса таныстығы бар әрбір адамға айқын екендігі сонша — тіпті бұған қарсы талас болмай қалмайтынын жобаның авторларының өздері де күнілгері сезіп отыр.

Түсінік хаттан мынаны оқыймыз: «Бірақ, сайлау қалай ұйымдастырылғанмен де, жергілікті тұрмыста *ірі-ірі жер иелері мен кәсіп иелері табының* басым маңыз алуы ықтыымал деушілер болар. Біздің ойымызша» (неткен аса демократияшыл ой десеңізші!), «бұл арада да «буржуазиялық элементтерден» тым орынсыз қорыққандық бар. Жер иеленуші тап пен өнеркәсіпші таптың өз мүдделерін жақтауы үшін жеткілікті (!) мүмкіндік алуында әділетсіз ешнәрсе жоқ (!!), (буржуазиялық элементке жалпыға бірдей сайлау правосы жеткілікті емес!), өйткені мұнымен қатар халықтың басқа топтарының өкілдік алуына да мол мүмкіншілік туып отыр ғой. Тек артықшылық жағдайлар ғана адамгершілік жөнінен жолсыз, саясат жөнінен қауіпті нәрсе»...

Бұл «либералшыл» адамгершілікті жұмысшылар тек жақсылап есте сақтасын. Бұл адамгершілік демократизмді мақтан етуге, «артықшылықтарды» мінеуге, ал тұрақ цензін, екі сатылы сайлауды, монархияны *ақтап сөйлеуге* мүмкіндік береді... Монархия, шамасы, «артықшылық емес» болса керек, яки ол — адамгершілік жөнінен жолды, саясат жағынан қауіпсіз артықшылық болса керек!

Қоғам ішінен шыққан, «Азаттық» қозғалысына бас боп жүрген біздің басшылардың іс бастауы тамаша-ақ! Тіпті өздерінің тым батыл кеткен, өздерінің бүкіл партиясын байланыстырарлық ешбір дәнекер болып табылмайтын жобаларының өзінде де олар күнілгері реакцияны ақтайтын дәлел шығарып алып отыр, артықшылық дегенің артықшылық емес деп софисшілеп дәлел келтіріп, буржуазияның артықшылықтарын жақтап отыр. Керек десе өздерінің материалдық пайдасын көздеуден анағұрлым аулақ деген, тікелей саяси мақсаттардан анағұрлым аулақ деген әдеби істерінде де олар енді демократизм ұғымын бұзып жүр, анағұрлым дәйекті деген буржуазиялық демократтарға — ұлы француз революциясы заманындағы якобиншілдерге — жала жауып жүр. Ал мұнан әрі не болмақшы? Егер нағыз идеалист либералдар кәзірдің өзінде-ақ сатқындықты теория жүзінде әзірлеудің соңында жүрген болса, онда либералдық буржуазияның партия алдында жауапты, іске шұғыл саясатшылары қандай әнге баспақшы? Егер освобождениешілдіктің әсіре сол қанатының ең барып тұрған батыл тілектері екі палаталы парламенті бар монархиядан әрі аспайтын болса; егер либерализм идеологтерінің бар аузын аша сұрағаны осы ғана болса, онда либерализмнің пысықшалары сауданы немен бітірерін кім білсін?

Буржуазияның тіптен алдыңғы қатарлы элементтерінің шын таптық табиғатымен танысу үшін, либерализмнің саяси софизмдері революцияшыл пролетариатқа шамалы ғана, бірақ бағалы материал береді.

„Вперед“ № 18,
18 (5) май, 1905 жс.

„Вперед“ газетінің тексті
бойынша басылып отыр

РОССИЯЛЫҚ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯСЫНЫҢ ІІІ СЪЕЗІ ТУРАЛЫ ХАБАР

Жұмысшы жолдастар! Жакын арада РСДЖП-ның ІІІ съезі болып өтті, бұл съезд біздің социал-демократиялық жұмысшы қозғалысымыздың тарихында бір жаңа дәуір ашуға тиіс. Россия ұлы тарихи кезенді басынан кешіріп отыр. Революция лап беріп, барған сайын өршіп етек алуда, жаңа-жаңа жерлерді, халықтың жаңа-жаңа топтарын қамтуда. Пролетариат революцияның жауынгер күштеріне бас болып отыр. Ол бостандық ісі үшін кәзірдің өзінде бәрінен де артық құрбандық жасады, ал енді патша самодержавиесіне қарсы үзілді-кесілді ұрысқа әзірленіп жатыр. Бостандық еңбекшілерді қайыршылықтан, езуден және қанаудан құтқарып жібермейтінін пролетариаттың саналы өкілдері жақсы біледі. Бүгінгі күні бостандық ісін жақтап отырған буржуазия революция өткеннің екінші күні-ақ жұмысшылардың тартыспен жеткен табыстарының неғұрлым көбірегін қайтып алуға әрекет етпек, пролетариаттың социалистік талаптарына бітіспес дұшпан болып шықпақ. Бірақ біз еркін, бірігіп алған, нығайып алған буржуазиядан қорқып-үрікпейміз. Бостандық біздің социализм үшін кең құлаш сермеп, ашық, жаппай күрес жүргізуімізге мүмкіндік беретінін біз жақсы білеміз. Экономикалық даму бет қайтпастай күшпен — бұл даму неғұрлым еркінірек барған сайын, соғұрлым тезірек қарқынмен — капитал өкіметінің негізін қопара беретінін, социализм жеңісін әзірлей беретінін біз жақсы білеміз.

Жұмысшы жолдастар! Осы ұлы мақсатқа жету үшін, біз барлық саналы пролетарларды Россиялық социал-демократиялық бірыңғай жұмысшы партиясына топтас-

тыруымыз керек. Біздің партиямыз көптен-ақ, 1895 және 1896 жылдарғы кең өріс алған жұмысшы қозғалысынан кейін іле-шала, құрала бастады. 1898 жылы бірінші съезд болды, ол съезд Россияның социал-демократиялық жұмысшы партиясын құрып, оның міндеттерін белгіледі. 1903 жылы екінші съезд болып өтті, бұл съезд партияға программа жасап берді, тактика жайында бірқатар қарар шығарды, біртұтас партия ұйымын құруға тұңғыш рет талап жасады. Рас, бұл соңғы міндетті партия бірден орындай алмады. Екінші съездің азшылық болған жағы съездің көпшілігіне бағынғысы келмей, жікке бөлінуді бастады, бұл жік социал-демократиялық жұмысшы қозғалысына мықты залал тигізді. Бұл жіктің алғашқы қадамы екінші съездің қаулыларын орындаудан безу, съездің құрған орталық мекемелерінің басшылығына мойын сұнып, жұмыс істеуден бастарту болды; ал оның ақырғы қадамы — ІІІ съезге қатысудан бастарту болып шықты. ІІІ съезді Россияда жұмыс істейтін комитеттердің көпшілігі сайлаған Бюро мен партияның Орталық Қомитеті шақырды. Съезге барлық комитеттер, бөлініп шыққан топтар мен комитеттерге наразы болып жүрген перифериялар шақырылды, сонымен бұлардың аса көпшілігі, оның ішінде азшылыққа қараған комитеттер мен ұйымдардың бәрі дерлік, өздерінің делегаттарын сайлап, оларды шетелге съезге жіберді. Сонымен, жалпыпартиялық съезд шақыру үшін, біздің полицейлік жағдайымызда істеуге мүмкін болған істің бәрі орындалып болып еді, бірақ тек бұрынғы Партия Советінің шет елдегі үш мүшесінің бастартуы ғана бүкіл партия азшылығының съезге бойкот жасауына мұрындық болды. Съездің төменде келтірілген қарарынан¹¹² көрерсіздер: партияны жікке бөлгендері үшін бар жауаптылықты ІІІ съезд осы үш мүшеге жүктейді. Бірақ сөйте тұрса да, азшылықтың келмей қалғанына қарамастан, ІІІ съезд азшылықтың көпшілікпен бірге, бір партия ішінде, жұмыс істейтін болуы үшін барлық шараларды қолданды. ІІІ съезд партиямыздың ішінде белгі беріп отырған ескірген, істен қалған экономизм көзқарастарына қарай ауушылықты дұрыс емес деп тапты, ал сонымен қатар съезд әрбір азшылықтың праволарына кепіл болатын дәл және анық, партия уставы бойынша баянды етілген, ережелер жасап шығарды. Енді азшы-

лықтың өз пікірлерін қорғауына, идеялық күрес жүргізуіне ешбір даусыз, партия уставы бойынша қамтамасыз етілген правосы бар, — тек қана таластар мен алауыздықтар ұйым тәртібін бұзушылыққа бастамайтын болуы керек, оң жұмысқа шырмау-тоқтау болмауы керек, күшгерімізді бытыратпайтын болуы керек, самодержавиеге, капиталистерге қарсы жұмыла күресуімізге бөгет жасамайтын болуы керек. Енді устав бойынша партияның әрбір толық праволы ұйымына партия әдебиетін басып шығару правосы берілді. Енді толық праволы комитеттердің бесеуі, яғни партияның барлық толық праволы комитеттерінің алтыдан бірі, талап етіп отырған соң, партияның Орталық Комитетіне партия әдебиетінің қандайын болса да тасымалдап отыру міндеті жүктелді. Комитеттердің автономиясы дәлірек белгіленді, комитеттердің құрамындағы адамдарға ешкім тимейді деп жарияланды, яғни Орталық Комитетке, комитеттің рыйзалығын алмайынша, жергілікті комитеттердің мүшелерін шығарып тастау және оларға жаңадан мүшелер енгізу правосы берілмейтін болды. Бұған жатпайтын бір ғана рет бар — ол, ұйымдасқан жұмысшылардың $\frac{2}{3}$ бөлегі комитеттің орнынан алынуын талап еткен кезде ғана болады: бұлай болған ретте, III съезд қабылдаған устав бойынша, егер Орталық Комитеттің $\frac{2}{3}$ жұмысшылардың қарарын қостайтын болса, комитетті орнынан түсіру Орталық Комитет үшін міндетті болады. Әрбір жергілікті комитетке перифериялық ұйымдарды партия ұйымдары атағында бекіту правосы берілді. Периферияларға комитеттердің мүшелігіне кандидаттар ұсыну правосы берілді. Партияның ара шегі партия көпшілігінің тілегі бойынша, дәлірек болып белгіленді. Екі яки үш орталық орнына бір орталық құрылды. Партияның шетелдегі бөлегінен гөрі Россияда істеп жүрген жолдастардың мейлінше басымдық алуы қамтамасыз етілді. Қысқасын айтқанда, көпшілік жағы көптік жасап қыянат етті, күшке салып басып-жанышты, партияның орталық мекемелері тежеусіз өктемдік жасады, т. б., т. с. деген қыңқыл сөздер болуына ешбір жол қалдырмау үшін, үшінші съезд бар шараның бәрін істеді. Барлық социал демократтардың бірігіп жұмыс істеуі үшін, бір партияның, партия болғанда, құлашын әбден кең жайған, өмірге бейім, әбден бекініп алған және күші мол партияның,

қатарына іркілмей кіре беруі үшін, сөйтіп бұрынғы үйір-мешілдіктің дәстүрлеріне өріс бермеуі үшін, бұрынғы егестер мен ұсақ-түйек жанжалдардың ізін жоюы үшін толық мүмкіндік жасалды. Социал-демократияның партияшылдықты шынымен қадір тұтатын қызметшілерінің бәрі де енді III съездің шақыруына еретін болсын, бұл съездің қаулылары партия бірлігін қайта орнату үшін, ұйым тәртібін бұзудың қандайын болса да жою үшін, пролетариат қатарын берік топтандыру үшін істелетін істің басы болсын. Бірлігі күшті, ынтымақты жұмыстың маңызын жұрттың бәрінен де артығырақ бағалай білетін, алауыздылықтың, бұлталақтаудың, өзара жанжалдың не бар зардабы бәрінен де көбірек жанына батқан нақ саналы жұмысшылар бар жігерлерін салып, партияның, мейлі төменгі ұйымдардағы болсын, мейлі жоғарғы ұйымдардағы болсын, барлық мүшелерінің партия тәртібіне тегісінен және сөз айтпай мойын сұнуын талап ететін болады, бұған сеніміміз кәміл!

III съезд, өзінің ұйымдық мәселелер мен тактика мәселелері жөніндегі қарарларының бәрінде де екінші съездің жұмыстарымен сабақтастық байланыс болуын сақтауға ұмтылып, партияның ашық күреске әзірлік жүргізуі жайындағы, партияның қарулы көтеріліске іс жүзінде бар жігерімен қатысуының және оған басшылық етуінің қажеттігі жайындағы, ақырында, партияның революциялық уақытша үкіметке көзқарасы жайындағы қарарларда кәзіргі кезеңнің жаңа міндеттерін ескеруге тырысты. Съезд үкіметтің әрбір қобалжуын, заң жүзінде яки іс жүзінде біздің жұмысымызға берілетін еркіндіктің әрбір өрістеуін пролетариаттың таптық ұйымын бекіндіру үшін, оның ашық күреске шығуын әзірлеу үшін пайдалану керек екеніне барлық партия мүшелерінің назарын аударды. Ал енді социал-демократиялық жұмысшы партиясының осы айтылған жалпы және негізгі міндеттерінен басқа, үстіміздегі революциялық кезең партиямызға бостандық жолындағы озат күрескер ролін, самодержавиеге қарсы қарулы күрестің авангарды болу ролін артып отыр. Халықтың бостандыққа қарай ұмтылуына патша өкіметінің қарсыласуы неғұрлым қатая түскен сайын, революциялық тегеурін күші де соғұрлым жойқын өсе түседі, жұмысшы табы бастаған демократияның толық жеңіп шығу ықтималы да соғұрлым арта түседі.

Жеңісті революцияны іс жүзіне шығару, оның жемістерін қорғап алу пролетариаттың мойнына орасан зор міндеттер артады, Бірақ пролетариат ұлы міндеттерден қорқып-үрікпейді. Ол жеңсең пәлеге ұшырайсыз деп бал ашып жүрген адамдардың бәрін де жирене маңайынан аулақ қуады. Россия пролетариаты өзінің борышын ақырына дейін жеткізе орындап шыға алады. Ол халықтық қарулы көтеріліске бас бола алады. Ол, егер мойнына сондай міндет түсе қалса, революциялық уақытша үкіметке қатысу сыяқты қыйын міндеттен қорқып-үрікпейді. Ол контрреволюциялық әрекеттердің бәріне де тойтарыс бере алады, бостандықтың барлық дұшпандарын да аяусыз жаныштай алады, демократиялық республиканы жан салып қорғап ала алады, біздің бүкіл минимум программамызды революциялық жолмен жүзеге асырып шыға алады. Россия пролетарлары істің мұндай нәтижеге соғуынан қорықпауы керек, қайта, бар ынта-сымен соны тілеуі керек. Алдағы тұрған демократиялық революцияда жеңіп шығып, біз соның өзімен өзіміздің социалистік мақсатымызға қарай алып қадам ілгері басамыз, біз бүкіл Европаның мойнынан реакцияшыл-соғысшыл державаның ауыр бұғауын түсіреміз, сөйтіп, буржуазиялық реакциядан әбден зарыққан, ал кәзір Россиядағы революцияның табыстарын көріп рухтана бастаған өзіміздің бауырларымыздың — бүкіл дүние жүзінің саналы жұмысшыларының социализмге қарай тезірек, іркілмей, батылырақ аяқ басуына көмек береміз. Ал Европаның социалистік пролетариатының көмегімен біз демократиялық республиканы қорғап қалумен ғана қоймай, оның үстіне қарыштаған адыммен социализмге қарай бара береміз.

Жұмысшы жолдастар, бостандық жолындағы ұйымдасқан, ынтымақты, табанды күреске қарай алға ұмтылындар!

Революция жасасын!

Халықаралық революциялық социал-демократия жасасын!

РСДЖП Орталық Комитеті

СЪЕЗДІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ТУРАЛЫ¹¹³

Орталық Комитет съездің басталған кезінде қабылданған бұл қарарға, кейіннен түскен мәліметтер негізінде, мынадай қосымша жасауды қажет деп біледі. Біздің партиямыздағы толық праволы дауыстардың жалпы санын съезд тұжырымдап 71 деп белгіледі, яғни 31 толық праволы ұйымда 62 дауыс және партияның орталық мекемелерінде 9 дауыс бар деп белгіледі. Кременчуг, Қазан және Кубань Комитеттерін съезд толық праволы деп танымады. Съезде шешуші дауыспен қатысқан делегаттар мына комитеттерден келді: Петербург, Москва, Тверь (съездің соңына таман), Рига, Солтүстік, Тула, Нижний Новгород, Орал, Самара, Саратов, Кавказ одағы (8 дауыс, яғни төрт комитетке барабар), Воронеж, Николаев, Одесса, Полесье, Солтүстік-Батыс, Курск және Орел-Брянск комитеттерінен келді. Барлығы 42 дауысы бар 21 ұйым, онан соң небары 4 дауысы бар Орталық Комитет делегаттары мен Орталық Комитеттің Партия Советіндегі өкілдері. Жыйнағы 71 дің ішінен 46 дауыс. Кеңесші дауыспен қатысқандар: Архангельск комитетінің, Орал одағының (съездің соңына таман келген екінші делегат), Қазан комитетінің, Одесса комитетінің делегаттары; Екатеринослав, Харьков, Минск топтарының, «Вперед» редакциясының және Шетелдік ұйым комитетінің делегаттары. Кременчуг комитетінің делегаты съезд жұмысына қатысуға тілек білдірген еді, бірақ кешігіп келе алмай қалды. Онан соң, съезд мәжілістері үстінде съезд делегаттарының қолына бір документ тиді, ол документтен Ұйымдастыру Комитетінің жалпыпартиялық съезд шақыруға жұмсаған күшінің арқасында шетелге

мына ұйымдардан өкілдер келгені айқын болды: Орталық Комитеттің Петербургтегі тобынан, Орталық Комитеттің Одессадағы тобынан, Николаев комитетінен, Харьков комитетінен, Киев комитетінен, Екатеринослав комитетінен, Кубань комитетінен, Дон комитетінен, Донец одағынан, Сибирь одағынан, Москва комитетінің төменгі орындарынан, Сормовоның төменгі орнынан, Смоленск комитетінен, Қырым одағынан және Украина социал-демократиялық одағынан. Бұл айтып отырған документіміз — «ұйымдастыру комитетінің шақыруымен съезге жыйналған жолдастарға» арналған хат, осы айтылып өткен барлық ұйымдардың өкілдері қол қойған хат. Бұдан көретініміз, Ұйымдастыру Комитеті жалпыпартиялық съездің шақырылуын сөздің толық мағнасында шынымен қамтамасыз ете алған болып шықты.

Съезд барлығы 26 мәжіліс өткізді. Күн тәртібінде мынадай тактика мәселелері болды: 1) Қарулы көтеріліс. 2) Үкіметтің төңкеріс қарсаңындағы және нағыз төңкеріс кезіндегі саясатына көзқарас туралы. 3) Шаруалар қозғалысына көзқарас. Онан соң ұйымдастыру мәселелері болды. 4) Партия ұйымдарындағы жұмысшылар мен интеллигенттердің арасалмағы. 5) Партия уставы. Онан кейін, басқа партиялар мен ұйымдарға көзқарас жөніндегі мәселелер, атап айтқанда: 6) — РСДЖП-ның бөлініп шыққан жағына көзқарас. — 7) ұлттық социал-демократиялық партияларға көзқарас. — 8) «социалист-революционерлерге» көзқарас. — 9) — либералдарға көзқарас. — Онан кейін 10) Насихат пен үгіт жұмысын жақсарту. 11) Орталық Комитеттің есебі. 12) Жергілікті комитеттерден келген делегаттардың есептері. 13) Сайлау. 14) Съездің протоколдары мен қарарларын жарыялау және қызмет адамдарының қызметке кірісу тәртібі.

Съездің протоколдарын бастырып шығару ісі съезд сайлаған ерекше комиссияға тапсырылды, ол комиссия кәзір енді өзінің жұмысына да кірісті.

РСДЖП Орталық Комитеті

ҮШІНШІ СЪЕЗД¹¹⁴

РСДЖП ішінде съезд үшін жүргізілген ұзақ, табан тірескен күрес ақырында аяқталды. Үшінші съезд болып өтті. Оның барлық жұмыстарын бағалау тек съезд протоколдары жарыққа шыққаннан кейін ғана мүмкін болады. Қазіргі уақытта біз тек жарыяланған «Хабарға»* және съезге қатысушылардың алған әсерлеріне сәйкес ІІІ съездің қарарларында белгіленген партия дамуының басты кезендерін көрсетіп өтпекшіміз.

ІІІ съездің қарсаңында Россиядағы саналы пролетариат партиясының алдында тұрған басты үш мәселе бар еді. Біріншіден, партия дағдарысы туралы мәселе. Екіншіден, жалпы партия ұйымының формасы туралы анағұрлым маңызды мәселе. Үшіншіден, — үстіміздегі революциялық кезеңдегі біздің тактикамыз туралы басты мәселе. Азырақ елеулісінен көбірек елеулісіне көше отырып, осы үш мәселенің шешілуін қарап көрейік.

Партия дағдарысы съездің шақырылу фактысының бір езімен-ақ өзінен өзі шешілді. Жұртқа мәлім, дағдарыстың негізі ІІ съезд азшылығының съездің көпшілігіне бағынуға қарысып көнбегендігі болды. Бұл дағдарыстың жан қыйналарлық дағдарыс болып, көпке созылған себебі — ІІІ съезді шақыру ісі кешеуілдеп келді, партия факт жүзінде жікке бөлінді, екіжүзділікпен сыртқы, бояма бірлікті сақтаған сыяқты көрінгенімен, астыртын, құпия жік болып келді, ал көпшілік осы мүшкіл халден тіке тез құтылу жолын бар күшін салып іздестірді. Съезд осындай жол тауып берді, көпшіліктің қарарларын мой-

* Осы томның 452—458-беттерін қараңыз. *Ред.*

ындау туралы, яғни партия бірлігін факт жүзінде қалпына келтіру немесе оны формальды жағынан толық бұзу туралы азшылықтың алдына мәселені тікесінен қойды. Азшылық, жікті артық санап, бұл мәселені екінші мағнада шешті. Партияның толық праволы ұйымдары көпшілігінің күмәнсіз білдірілген тілегіне қарамастан Советтің съезге қатысудан бастартуы, бүкіл азшылықтың съезге келуден бастартуы, «Хабарда» айтылғандай, жікке қарай жасалған ақырғы адым болды. Біз бұл арада съездің формальды заңдылығына тоқталып жатпаймыз, мұның өзі «Хабарда» әбден дәлелденген. Совет шақырмаған, яғни партия уставы бойынша шақырылмаған съезд заңсыз деген дәлелді партиядағы жанжалдың бүкіл тарихынан кейін тіпті есепке алудың өзі де қыйын. Тегінде әрбір партия ұйымының негізін ұғынған адам үшін айқын нәрсе — төменгі коллегия жөніндегі тәртіп жоғары коллегия жөніндегі тәртіпке байланысты; Совет жөніндегі тәртіп Советтің соның өзін өкіл етушілерге, яғни комитеттер мен олардың жыйынтығына, партия съезіне, бағынуына байланысты. Қімде-кім осы ақыйқатқа қосылмайтын болса, ондай адам өкіл етілгендер өкіл етушілер алдында жауапты емес және оларға есеп бермейді, қайта мұның керісінше болады деген сорақы қортындыға сөзсіз келуге тиісті. Бірақ, қайыра айтамыз, бұл мәселеге ұзақ тоқталып жатудың қажеті жоқ, оның себебі — істің жайын түсінгісі келмейтіндердің оны түсінбейтіндігінен ғана емес, оның тағыда бір себебі — жік туған кезден бері жікке бөлінгендер арасындағы формалдылық туралы талас өте-мөте кұрғақ, мақсатсыз схоластикаға айнала бастап отыр.

Азшылық кәзір партиядан бөлініп шықты, бұл — даусыз факт. Оның бір бөлегі, мүмкін, жөнсіз қысым, т. с. туралы түрлі ертегілердің қыйсынсыз екенін, жаңа уставта жалпы азшылықтың праволарына толық кепілдік беріліп отырғанын, жіктің зыяндылығын съездің қарарларынан, көбінесе съездің протоколдарынан көріп білер, — сөйтіп партияға енер. Екінші бөлегі, бәлкім, біраз уақыт партия съезін танымай қарысып бағар. Азшылықтың бұл бөлегі жөнінде біз оның өзі өзгеше тактикасы мен өзгеше уставы бар тұтас ұйым болып ішкі жағынан неғұрлым тез ұйымдассын деп тілек білдіріп қана қоямыз. Бұл неғұрлым тез болса, барша жұрт және әр-

бір адам, партия қызметкерлерінің қалың бұқарасы жікке бөлінудің себептерін соғұрлым оңай түсініп, оны дұрыс бағалайды, жер-жердегі жұмыстың қажеттеріне қарай, партия мен бөлініп шыққан ұйым арасындағы практикалық келісімдер соғұрлым жүзеге асқыш келеді, ақырында, келешекте партия бірлігінің сөзсіз қалпына келуіне соғұрлым тез жол ашылады.

Енді екінші мәселеге, партияның жалпы ұйымдық нормаларына көшейік. III съезд партияның бүкіл уставын қайта қарай келіп, бұл нормаларды әбден елеулі түрде қайта белгіледі. Осы қайта қарауда басты үш пункт әңгіме болды: а) уставтың 1-параграфын өзгерту; б) Орталық Комитеттің праволарын және комитеттердің автономиясын дәл белгілеп, бұл автономияны кеңейту; в) бір-ыңғай орталық орын құру. Уставтың 1-параграфы туралы атышулы мәселені алатын болсақ, партия әдебиеті оны кәзірдің өзінде жеткілікті анықтады. Мартовтың тұрлаусыз тұжырымын принцип жүзінде қорғаудың теріс екендігі әбден дәлелденді. Каутскийдің осы тұжырымды принциптік пікірлер арқылы емес, орыстың астыртын жұмыс шарттарына қолайлылығы жағынан алып қорғамақ болған әрекеті іске аспады, асуы да мүмкін емес еді. Кімде-кім Россияда жұмыс істеген болса, онда адам қолайлылық пікірінің болмайтындығын жақсы біледі. Енді уставтың жаңа 1-параграфын жүзеге асыру жөніндегі партияның коллективтік жұмысының алғашқы тәжірибесін күту керек болады. Біз баса көрсетеміз, оны жүзеге асыру жөнінде әлі де жұмыс істеу керек, көп жұмыс істеу керек. «Партия ұйымдарының бірінің бақылауымен» өзінді өзін партия мүшесі деп есептеу үшін, — бұл үшін ешқандай жұмыс керек емес, өйткені бұл формула — бос сөз және әрқашанда, екінші съезден үшінші съезге дейін, бос сөз болып келді. Шағындары мен конспирацияларынан бастап неғұрлым көбірек көлемділері мен неғұрлым азырақ конспирациялыларына дейін әртектес партия ұйымдарының санын молайту үшін қажырлы, ұзақ, шебер ұйымдастыру жұмысы керек, ал бұл жұмыс кәзір біздің Орталық Комитетке, көбінесе біздің жергілікті комитеттерге жүктеліп отыр. Дәл комитеттердің ұйымдардың ең көбіне партия ұйымдары деген атақ берулеріне тура келеді, бұл істе керексіз қағазбастылықтан, ілікшілдіктен аулақ болуға тура келеді, біздің пар-

тияға енетін әралуан жұмысшы ұйымдарын мүмкінінше көбірек құру қажет деген идеяны жұмысшылар арасында әрдайым, тоқтаусыз насихаттап отыруға тура келеді. Бұл арада осы қызғылықты мәселеге енді біз тоқталып жатпаймыз. Тек айта кететініміз — революция заманы социал-демократияны барлық, әралуан демократиялық партиялардан қатал айыруды өте қажет етіп отыр. Ал партия ұйымдарының санын молайту жөнінде және олардың өзара байланысын нығайту жөнінде үздіксіз жұмыс жүргізілмейінше бұлайша айыру мүмкін емес. Айтпақшы, съезде белгіленген екі апталық есептер байланысты осылай нығайту ісіне сеп болуға тиіс. Бұл есептердің қағаз жүзінде қалмауын, практиктер бұл жөнінде қағазбастылық пен кеңсешілдіктің машақаттары көп деп түсінбеуін, олар өздерін алдымен кішігірім нәрсеге үйретуін, тым болмаса әрбір, тіпті ең ұсақ, орталықтан ең қашық партия ұйымы мүшелерінің санын жәй ғана хабарлап отыруды үйренуін тілейміз. «Істің басталуы ғана қыйын», дейді мақал, істей келе, ұдайы ұйымдық қатнастар жасап дағдыланудың орасан зор маңызы бар екені көрінеді.

Бір орталық туралы мәселеге біз ұзақ тоқталып жатпаймыз. «Қос орталықты» II съезд қандай көпшілік дауыспен қабылдаған болса, оны III съезд сондай орасан көпшілік дауыспен қабылдамай тастады. Партияның тарихын байыптап қадағалаған әрбір адам мұның себептерін оңай түсінеді. Съездер жаңалықты жасағаннан гөрі кәзірдің өзінде шыққан нәтижелерді баянды етеді. II съезд кезінде тұрақтылықтың тірегі «Искра» редакциясы болып есептелді, — оған артық мән берілді. Партияның сондағы даму дәрежесінде россиялық жолдастардың шетелдік жолдастардан басым болуы әлі де проблемалы нәрсе болып көрінді. Екінші съезден кейін нақ шетелдік редакция тұрлаусыз болып шықты, — ал партия өсіп жетілді, күмәнсіз, едәуір өсті, дәл Россияда өсті. Партия Орталық Комитетінің Орталық Органның редакциясын тағайындауына мұндай жағдайларда партия қызметкерлері көпшілігінің тарапынан тілектестік білдірілмей қалған жоқ.

Ақырында, Орталық Комитет пен жергілікті комитеттердің правоарын неғұрлым дәл шектеу, идеялық күрес пен ірткішілдік қыйқылжынды бөлектеу әрекеттері II съезден кейінгі оқыйғалардың бүкіл беталысынан сөз-

сіз туған нәрсе еді. Бұл арада біздің көріп отырғанымыз «партиялық тәжірибенің» дәйектілікпен, үнемі «жыйналуы» болды. Плеханов пен Лениннің наразы редакторларға 1903 ж. 6 октябрьде жазған хаты* — ашыну мен алауыздық элементтерін шектеу талабы болды. Орталық Комитеттің 1903 жылғы 25 ноябрьдегі ультиматумы — бұл да әдеби топтың қалыпты ұсынысы түріндегі талабы. Орталық Комитет өкілдерінің 1904 ж. январьдың аяғында Советте жасаған мәлімдемесі** — бүкіл партияны күрестің идеялық формаларын бойкоттан ажыратуға шақырған әрекеті, т. с. болды. Лениннің 1904 ж. 26 майда Орталық Комитеттің орыс мүшелеріне жазған хаты*** — азшылықтың праволарына формальды түрде кепілдік беру қажеттігін мойындау болды. «22-нің декларациясы» деген белгілі декларация (1904 ж. күзі) — бұл да неғұрлым айқын, нақтылы, тұжырымды түрдегі мойындау. III съездің де осы жолмен жүргендігі әбден түсінікті, бұл съезд «қысылшаң жағдайдың мұнарын біржолата ыдыратты, формалды қарарлармен ыдыратты». Бұл формальды қарарлардың мәнісі дәл қандай екенін, яғни партия уставындағы өзгеріс қандай екенін біз бұл арада қайыра айтып жатпаймыз, өйткені бұл жағдай устав пен «Хабардан» көрінеді. Тек екі нәрсені ғана айтып өтпекшіміз. Біріншіден, әдебиет шығару праволарына кепілдік беру ісі және комитеттерді «таратылудан» қауіпсіз ету ісі бөлініп шыққан ұлттық социал-демократия ұйымдарының партияға қайтуын оңайлатады, бұған сенуге болады. Екіншіден, комитеттердің құрамындағы адамдарға ешкім тимейтін болсын деп белгілеудің өзі осындай тимеушілікті қыянатпен пайдалану мүмкіндігін, яғни мүлде жарамсыз комитеттің «ауыстырылғысыз» болуының қолайлы еместігін алдын-ала байқауға мәжбүр етті. Сөйтіп партияның жаңа уставында 9-параграф пайда болды, ал мұның өзі партия ұйымдарына кіретін жергілікті жұмысшылардың $\frac{2}{3}$ бөлегі талап еткенде комитетті тарату шарттарын белгілейді. Бұл ереженің кан-

* Қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 7-том, қазақша 368-беті. *Ред.*

** Қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 7-том, қазақша 145—146-беттері. *Ред.*

*** Қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 7-том, қазақша 444 — 448-беттері. *Ред.*

шалық практикалы болғанын шешу үшін тәжірибенің нәтижелерін күтейік.

Ақырында, съезд жұмыстарының соңғы, ең маңызды мәселесіне, партия тактикасын белгілеу мәселесіне көшкенде, біз бұл арада жеке қарарларды атап жатудың және олардың мазмұнын толық талдап жатудың жөні жоқ деп ескертуге тиіспіз. Бәлкім, біз мұны ең басты қарарларға арналған айрықша мақалаларда істерміз. Ал бұл арада съезд талдап тексеруге тиіс болған жалпы саяси жағдайды суреттеп өту қажет. Басталған орыс революциясының барысы мен нәтижесі екі түрлі болуы ықтимал. Бәлкім, патша үкіметі өзі түскен қыспақтан, болмашы кеңшіліктер арқылы, әлде-нендей «шиповтық» конституция арқылы әлі де сытылып шығар. Мұндай нәтиже екіталай нәрсе, бірақ егер самодержавиенің халықаралық жағдайы, мәселен, шамалы сәтті бітім жасалған күнде, жақсаратын болса, егер бостандық ісіне буржуазияның өкімші дәулеттілермен келісіп жасаған қастандығы тез іске асатын болса, егер сөзсіз туатын революциялық дүмпу немесе дүмпулер халықтың жеңілуімен тынатын болса, — онда осындай нәтиже тап болады. Онда біздер, социал-демократтар, жәнеде бүкіл саналы пролетариат тап ретіндегі буржуазияның жалған конституциялы асқынған үстемдігінің, жұмысшылардың саяси ынта-жігерін барынша басып-жаныштаудың, жаңа жағдайларда экономикалық прогрестің шабан жүруінің ұзаққа созылатын көңілсіз күндеріне кез боламыз. Революцияның ақыры қалай болған күнде де біз, әлбетте, жасымаймыз, біз жағдайлардың әрбір өзгерісін жұмысшы партиясының дербес ұйымын ұлғайтып, нығайту үшін, пролетариатты жаңа күреске баулып саяси жағынан тәрбиелеу үшін пайдаланамыз. РСДЖП-ның ашық бой көрсетуі туралы қарарда съезд тегінде осы міндетті де еске алды.

Революцияның басқаша нәтижемен тынуы, атап айтқанда «жұмысшы табы бастаған демократияның толық жеңіп шығуы», «Хабарда» айтылып отырған жеңуі*, мүмкін де, әбден ықтимал да нәрсе. Осы нәтижеге жету үшін, бірінші нәтижені туғызатын жағдайларды жою үшін біздің қолдан келген шараның бәрін істейтіндігіміз

* Осы томның 457-бетін қараңыз. *Ред.*

туралы айтып жатудың қажеті де жоқ. Объективтік тарихи жағдайлар да орыс революциясы үшін қолайлы болып отыр. Мағнасыз, маскара соғыс патша үкіметінің мойнына ілінген қылтұзакты қусыра түсіп, соғыскұмарларды революциялық жолмен жою үшін, тұрақты армиялардың орнына халықтың қарулануын кеңінен насихаттау үшін, халық бұқарасының тілектестігімен бұл шараны тез жүзеге асыру үшін өзгеше қолайлы жағдай туғызады. Самодержавиенің ұзақ уақыт, емін-еркін үстемдік етуі халықтың бойына тарих жүзінде, бәлкім, болып көрмеген мол революциялық жігер бітірді: орасан жұмысшы қозғалысымен қатар шаруа көтерілісі өрістеп, өсіп келеді, көбінше еркін мамандық өкілдері түріндегі ұсақ буржуазия біріге бастап отыр. Тарихтың талқысы самодержавиені былайша жазалады: тіпті оған достық көзбен қарайтын клерикализм сыяқты қоғамдық күштер шінара соның өзіне қарсы ұйымдасуға тиісті болып отыр, полицейлік бюрократизмнің шеңберін қыйратып немесе алшақтатып отыр. Дін иелері арасындағы наразылық, оның тіршіліктің жаңа формаларына талпынуы, клерикалдардың бөлініп шығуы, христиан социалистер мен христиан демократтардың пайда болуы, «бөгде діндегілердің», сектанттардың ашынуы, т. т.: осының бәрі, шіркеуді мемлекеттен толық бөліп шығару жолында үгіт жүргізу үшін аса қолайлы жағдай туғызып, революцияға өте-мөте көп қызмет атқарады. Революцияның ерікті және еріксіз, саналы және санасыз одақтастары күн санап емес, сағат санап өсіп, көбеюде. Халықтың самодержавиені жеңу мүмкіндігі күшейіп келеді.

Пролетариат ерлікпен барынша қатты күш салғанда ғана бұл жеңіс мүмкін болады. Бұл жеңіс социал-демократияның алдына зор талаптар қойып отыр; демократиялық төңкерістер заманында тарих жұмысшы партиясының алдына мұндай талаптарды ешжерде бірде-бір рет қойып көрген емес. Біздің алдымызда баяу әзірлік жұмысының шыйыр жолы тұрған жоқ, біздің алдымызға көтерілісті ұйымдастыру, пролетариаттың революциялық күштерін топтау, мұны бүкіл революцияшыл халықтың күштерімен біріктіру, қарулы күшпен шабуыл жасау, революциялық уақытша үкімет құру жөнінде орасан зор, ұлы міндеттер қойылып отыр. Қазір барша жұрттың хабарлануы үшін жарыяланған қарарларда III съезд осы

жаңа міндеттерді есепке алуға және саналы пролетарлардың ұйымдарына мүмкін болған директиваларды беруге тырысты.

Россия барлық прогресшіл халық күштерінің самодержавиеге қарсы жүргізген ғасырлық күресінің шешілер кезіне таянып келеді. Бұл күреске пролетариаттың мейлінше жігерлі түрде қатысатындығына және дәл соның күреске қатысуы Россиядағы революцияның тағдырын шешетіндігіне кәзір ешкім де күмәнданбайды. Кәзір біздер, социал-демократтар, ең революцияшыл таптың лайықты өкілдері және лайықты басшылары болуға тиіспіз, оның ең еркін бостандыққа жетуіне көмектесуге тиіспіз, — мұның өзі социализмге қарай жеңіспен қадам басудың кепілі болады.

*„Пролетарий“ № 1,
27 (14) май, 1905 ж.*

*„Пролетарий“ газетінің тексті
бойынша басылып отыр*

ЖЕҢІМПАЗ РЕВОЛЮЦИЯ

Осы кезде бұл сөздер құлаққа да көп тиеді, жазу жүзінде көзге де көп ілігеді. Шынында бұл сөздерде не мағна бар? «Революция» деген ұғымды кұдайдай көріп, оған табына берудің керегі жоқ (бұл буржуазияшыл революционерлердің ғана істейтін ісі, олар кәзір соны істеп те жүр). Жалған үміт жасап, өзіңе қолдан миф туғызуға болмайды — мұның өзі тарихты материалистік жолмен ұғынушылыққа, таптық көзқарасқа сөзсіз жат нәрсе.

Бірақ солай бола тұрса да, біздің көз алдымызда екі күштің күресі болып жатқаны, күрес болғанда өмірге емес, өлімге бел байлаған күресі болып жатқаны күмәнсіз, — бұл дұрысында да екі күштің күресі, өйткені күрестің объектісі патшаның самодержавиесі, *respectively** халықтың самодержавиесі, болып шығып отыр. Бұл екі күш — революция мен контрреволюция.

Олай болса, біздің алдымызда тұрған міндет: (1) осы әдеуметтік күштердің таптық мазмұнының қандай екені жөнінде; (2) олардың күресінің кәзіргі, тап осы кездегі нақтылы, экономикалық мазмұнының қандай екені жөнінде өзімізге дәл есеп беріп алу болады.

Бұл сұрақтарға берілетін қысқаша жауап (жауап болғанда түбінде мейлінше толық дамытылуға тиіс жауап) мынадай:

революциялық күштер = пролетариат пен * шаруалар (шаруалар — *революцияшыл* ұсақ буржуазияның басты өкілі; интеллигенцияның *революциялық* маңызының жартымсыздығы).

* — немесе, екінші жағынан. *Ред.*

Жеңімпаз революция = пролетариат пен шаруалардың демократиялық диктатурасы.

Төңкерістің мазмұны = демократиялық саяси құрылыс орнату, құрлыс болғанда, өзінің экономикалық маңызы жағынан, (1) капитализм дамуына еркіндік беруге; (2) крепостниктің қалдықтарын құртуға; (3) халық бұқараларының, әсіресе оның төменгі топтарының, тұрмыс дәрежесі мен мәдениет дәрежесін жоғарылатуға сайма-сай келетін құрылыс орнату. [Америка және Россия, пауперизм және капитализм.]

Mythenbildung* — буржуазиялық демократияның тарихи позициясынан лажсыз туатын нәтиже. [Адвокаттардың қарарларын¹¹⁵ алып қарау керек.] Барлық «социалистер»...

Umwälzung** Umsturz***... кімде бар? интеллигенцияда бар ма?? адвокаттарда бар ма?—Ni!****. Тек пролетарлар мен шаруаларда ғана бар. Бұлардың қолы жеткен табыстарын баянды ететін не?? Тек республика, демократиялық диктатура.

1905 жылы май—июнь айында жазылған

Бірінші рет 1926 жылы Лениннің V жыйнағында басылған

Қолжазба бойынша
басылып отыр

* — Миф турғызушылық. *Ред.*

** — Төңкеріс, революция. *Ред.*

*** — құлату. *Ред.*

САЯСАТТЫ ПЕДАГОГИКАМЕН ШАТАСТЫРУ ТУРАЛЫ

Жұмысшылардың капиталистермен немесе үкіметпен болған кейбір айқастарында олардың ұшыраған әрбір жеңілісінің әсерінен пессимизмге салынып жүрген және, бұқараға біздің ықпалымыз жеткіліксіз дегенді дәлелге алып, жұмысшы қозғалысының ең жоғарғы, ұлы мақсаттары туралы айтылатын әңгімелердің бәрін елемей, бойына жуытпай жүрген социал-демократтар бізде аз емес. Мұндай адамдар: бұл біздің қолымыздан қайдан келе қойсын! Біз мұны атқара алатын ба едік! дейді. Өзіміз керек десе, бұқараның бет-ыңғайын жөнімен біле алмай отырғанда, бұқарамен қоян-қолтық ұстасып кете алмай отырғанда, жұмысшылар бұқарасын іске аттандыра алмай отырғанда, революция авангарды болып табылатын социал-демократияның ролі туралы әңгіме етпей қойса да болады! Социал-демократтардың осы жылғы 1-ші майдағы сәтсіздікке ұшырауы мұндай сарынды едәуір күшейте түсті. Меньшевиктер яки жаңа искрашылдар, әлбетте, бұл сарынды жалма-жан іле көтерді, сөйтіп біреуді мұқатпақ болған тәрізденіп, революциялық уақытша үкімет жайындағы, революциялық-демократиялық диктатура, т. с. жайындағы пікірлер мен сөздерге жауап берген тәрізденіп, ерекше ұран ретінде тағыда бір рет: бұқараға бет бұру керек! деген ұранды көтермек болды.

Мойындамасқа шара жоқ, бұл пессимизмнің және тым ұшқалақ жаңаискралық публицистердің онан шығарып жүрген қортындыларының бір өте қауіпті жері бар, мұның өзі социал-демократтық қозғалысқа үлкен зыян келтіруі мүмкін. Дау жоқ, әрбір шыйрақ, өмірге бейім пар-

тияға өзара сын сөзсіз қажет. Мен-менсіген оптимизмнен жаман ешнәрсе жоқ. Өзіміздің бұқараға жүргізетін ықпалымызды, өзіміздің шынайы марксистік насихатымыз бен үгітімізді, жұмысшы табының экономикалық күресіне біртабан жақындауымызды, т. т. үнемі, сөзсіз тереңдетіп және ұлғайтып, ұлғайтып және тереңдетіп отыруымыз керек екенін ескерткеннен артық заңды ешнәрсе жоқ. Бірақ мұндай ескертулердің, мейлі қандай жағдайда, қандай ахуалда болсын, әрдайым, үнемі заңды бола беретіні себепті де, олар ерекше бір ұрандарға айналып кетпеуі керек, социал-демократияның ішінен оларға негіздеп жаңа бір ерекше бағыт туғызу әрекетіне де олар дәлел бола алмайды. Бұл арада бір шек бар, ол шекті өттің-ақ болғаны, осы ешкім таласпайтын ескертулеріңіз қозғалыстың міндеті мен өрісін тарылтушылыққа айналады, доктринерлікке беріліп, кәзіргі кезеңнің алдыңғы дәрежелі зәру саяси міндеттерін ұмытушылыққа айналады.

Жұмысты және бұқараға жүргізетін ықпалды әрқашан да тереңдете беру, ұлғайта беру керек. Мұнсыз социал-демократ — социал-демократ болып табылмайды. Бұл жұмысты ұдайы, үзбестен жүргізіп отырмаса, бірде-бір ұйым, бірде-бір топ, бірде-бір үйірме социал-демократиялық ұйым деп санала алмайды. Біздің өз алдына бөлек пролетариат партиясы болып үзілді-кесілді бөлініп шығуымыздың бар мәнісі де көбінесе мынадан: осы марксистік жұмысты әрдайым, тынбастан жүргізе беруіміз керек болды, жүргізгенде мүмкін болғанынша бүкіл жұмысшы табын саналы социал-демократтық дәрежеге көтеруіміз керек болды, ешқандай, тіптен ешқандай саяси дауылдың — онан асса саяси декорация өзгерістерінің — бұл зәру жұмыстан бетімізді аударып әкетуіне жол бермеуіміз керек болды. Мұндай жұмыс болмаса, саяси іс сөзсіз азып, ойыншыққа айналып кетер еді, өйткені бұл жұмыс белгілібір таптың бұқарасын қай кезде және қандай дәрежеде көтермелейтін болса, оны ертіп әкететін болса, болып жатқан оқыйғаларға оны белсене және суырыла қатысуға қозғайтын болса, тек сол кезде ғана, сондай дәрежеде ғана оның пролетариат үшін елеулі маңызы болады. Біз жоғарыда айттық, бұл жұмыс әрқашан да керек жұмыс: әрбір жеңілістен кейін ол жұмысты еске салып қоюға болады және еске салып қою керек

те, оның қажеттігін баса айтып көрсету керек, өйткені бұл жұмыстың нашарлығы *әрдайым* пролетариаттың жеңіліс тапқан себептерінің бірі болып отырады. Әрбір жеңістен кейін де бұл жұмысты *әрдайым* еске салып қою керек, оның маңызын баса айтып көрсету керек, өйткені олай етпеген күнде жеңісіміз шын жеңіс болмай, көз алдау болып көрінеді, оның жемісіне қол жететін болмайды, түпкі мақсатымыз жолындағы біздің бүкіл ұлы күресіміздің тұрғысынан қарағанда оның шын маңызы түкке татымайтын болады, айта берсең тіпті теріс нәтиже беруі де мүмкін (егер онша-мұнша жеңіс біздің қырағылығымызды кетіретін болса, тұрлаусыз одақтастарға сенбеушілігімізді бәсеңдетіп жіберетін болса, жауға бұдан былай да, бұрынғыдан бетер қысым жасай түсуіміздің кезеңін өткізіп алуымызға жол ашатын болса, міне дәл сондай реттерде теріс нәтиже беруі мүмкін).

Осы сыяқты бұқараға жүргізетін ықпалды тереңдету және ұлғайту жөніндегі жұмыстың қашан да болсын, әрбір жеңістен кейін болсын, әрбір жеңілістен кейін болсын, саяси тоқырау заманында болсын, нағыз қаулап тұрған революция кезінде болсын, қажеттігі бірдей болғандығынан да, міне сондықтан да, оның керек екенін ескерткеннен әлдеқандай бір ерекше ұран шығара қоюға болмайды, демагогияға түсіп кетпейін десең және алдыңғы қатарлы, бірден-бір нағыз революцияшыл таптың міндеттерінің маңызын түсірмейін десең оған сүйеніп ерекше бір бағыт жасауға болмайды. Социал-демократиялық партияның саяси ісінде қай уақытта болсын белгілі-бір дәрежеде педагогика элементі бар және болады да: барлық адамзатты неқыйлы езу атаулының бәрінен де азат ету жолындағы күрескерлер роліне бүкіл жалдамалы жұмысшы табын әзірлеп тәрбиелеу керек, бұл таптың жаңа-жаңа топтарын үнемі үйрете беру керек, бұл таптың нағыз шикі жатқан, мешеу қалған, біздің ғылымымыздан да, өмір ғылымынан да аз әсер көрген өкілдеріне жанаса білу керек, сөйтіп олармен тілдесе білу керек, оларға жақындаса білу керек, оларды социал-демократтық сананың дәрежесіне жеткере ұстамдылықпен, шыдамдылықпен көтеру керек, көтергенде, біздің ғылымымызды құрғақ догмаға айналдырып жібермеу керек, оны кітаптан үйретіп қана қоймай, сонымен қатар пролетариаттың осы айтылған нағыз шикі жатқан, нағыз ме-

шеу қалған топтарының тұрмыс жүзіндегі күнделікті күрестеріне қатысу арқылы да үйрету керек. Тағыда айтамыз, бұл күнделікті істе белгілібір педагогика элементі бар. Бұл істі ұмытқан социал-демократ — социал-демократ болудан да қалар еді. Бұл дұрыс. Бірақ осы күні бізде жұрттың көбінесе ұмытып кете беретін бір нәрсесі мынау: саясат міндеттерді педагогикаға теңгере бастаған социал-демократ — екінші бір себептен болғанымен де — социал-демократ болудан қалған болар еді. Кім де кім бұл «педагогикадан» ерекше бір ұран шығаруды, оны «саясатқа» қарсы қояды, бұл қарсы қоюшылыққа сүйеніп ерекше бір бағыт туғызуды, сол ұранға бола социал-демократия «саясатшыларының» үстінен бұқараға шағынуды ойласа, ол адам салған жерден-ақ, сөзсіз демагогияға батқан болар еді.

Әрбір салыстырудың жетіспейтін жері бар, бұл көптен белгілі. Салыстырудың қай-қайсысы болса да салыстырылып отырған заттардың яки ұғымдардың тек бір жағын ғана не қайсы бір жақтарын ғана ұқсастырып алады да басқа жақтарын уақытша, шартты түрде, дерексіздікке айналдырады. Осы жалпы жұртқа мәлім, бірақ көбіне ұмытылып кете беретін, ақыйқатты оқушының есіне салып қояйық та, социал-демократиялық партияны бір үлкен мектеппен, мектеп болғанда, әрі төменгі, әрі орта, әрі жоғары мектеппен, салыстырайық. Мұндай үлкен мектеп ешуақытта да, қандай жағдайда болса да әліпбе оқыту, бастауыш білім үйрету және өз бетімен ойлаудың бастапқы жолын үйрету жұмысын ұмыта алмайды. Ал егер кімде-кім әліпбені дәлел етіп, жоғары білім мәселелерінен сырт орай беруді ойласа, егер кімде-кім осы жоғары білімнің (әліпбені өтіп жүрген адамдардың санына қарағанда көп есе аз адамдардың қолы жететін білімнің) нәтижелерінің баянсыздығын, күмәнділігін, «өрісі тарлығын» бастауыш мектептің мейлінше терең, өрісі кең және келелі нәтижелеріне қарсы қоятын болса, ол адам керемет шорқақтығын көрсеткен болар еді. Ондай адам тіпті үлкен мектептің бар мәнісін барынша бұрмалауға көмектескен болар еді, неге десеңіз жоғары білім мәселелерін елемеушілік тек шарлатандардың, демагогтердің, реакционерлердің кұр әліпбені ғана өткен адамдарды алжастыруына жеңілдік келтірген болар еді. Немесе тағыда, партияны армиямен салыстырып қарайық. Бейбітші-

лік кезінде болсын, соғыс кезінде болсын рекруттарды үйрету ісін, атыс ғылымын, бұқара ішіне соғыс жұмысының әліпбесін өрістете және тереңдете тарату ісін ешбір ұмытуға болмайды. Ал егер маневрлердің не шын ұрыстардың басшылары...*

1905 жылы июньде жазылған

*Бірінші рет 1926 жылы Лениннің
Ү жыйнағында басылған*

*Қолжазба бойынша
басылып отыр*

* Қолжазба осы арада үзіледі. *Ред.*

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СОЦИАЛИСТІК БЮРОҒА ХАТ

Женева, 2 июнь, 1905 ж.

Халықаралық социалистік бюроға.

Қымбатты жолдастар! Бұдан бірнеше апта бұрын РСДЖП-ның 3-ші съезі болды. Тез арада съездің қарарлары француз және неміс тілдеріне аударылып, арнаулы кітапша¹¹⁶ болып басылып шығып, Бюроға жеткізіліп беріледі. Съездің қарары бойынша «Искра» газеті партияның Орталық Органы болудан қалды. Мұнан былай Женевада апта сайын шығып тұратын «Пролетарий» газеті¹¹⁷ Орталық Орган болмақшы.

Орталық Комитет, жаңа устав бойынша, партиямыздың бірден-бір орталық мекемесі болғандықтан, Халықаралық бюроға партияның өкілін тағайындайды. Біз Сіздің ендігі жерде Орталық Комитет өкілі Ульянов жолдаспен қатнас жасап тұруыңызды өтінеміз: 3, rue de la Colline, Genève.

Туысқандық сәлемімізді қабыл етіңіздер, қымбатты жолдастар.

РСДЖП Орталық Комитеті үшін
Н. Ленин (В. Ульянов)

1905 ж. бөлек листок болып
гектографта басылған

Гектографта басылған листоктің
тексті бойынша басылып отыр

КЕРТАРТПА БУРЖУАЗИЯНЫҢ БЕРЕТІН КЕҢЕСТЕРІ

Бұдан бірнеше апта бұрын Москвада земствошылардың екінші съезі болды. Бұл съезд жайында орыс газеттеріне бір ауыз да сөз жаздырмай қойды. Ағылшын газеттері съезде болған және оның қарарларын ғана емес, сонымен қатар әралуан бағыттағы өкілдердің айтқан сөздерінің де мазмұндарын телеграф арқылы жеткізіп тұрған адамдардың сөзіне сүйеніп, съездің бірсыпыра егжей-тегжейін хабарлап отыр. Земствоның 132 өкілі шығарған қарарларының мәні баяғы бір Струве мырза жарыялаған және біз «Впередтің» 18-номерінде талдап қараған («Саяси софизмдер»)* конституция программасын қабылдауға соғады. Бұл программа монархияны сақтай отырып, қос палаталы халық өкілдігі системасы болсын деп ұйғарады. Жоғарғы палата — земстволар мен думалардың делегаттарынан, төменгі палата — жалпыға бірдей, тең, төте сайлау арқылы дауысты жасырын беру жолымен құрылмақ. Съезд жайында үн шығармауға мәжбүр болған біздің жарыя газеттеріміз бұл программа жайындағы толық хабарларды енді баса бастады, міне сондықтан бұл программаны талдап қараудың енді ерекше зор маңызы бар.

Ал земство съезінің өзіне келетін болсақ, сірә, біздің бұған тағыда талай рет қайтып оралуымызға тура келетін болар. Әзірінше, ағылшын газеттеріне ғана сүйеніп, бұл съезде болған бір ерекше қызықты оқыйғаны — «либералдық» яки оппортунистік партияның немесе шиповшыл партия мен «радикалдық» партияның арасындағы

* Осы томның 442—451-беттерін қараңыз. *Ред.*

алауыздықты яки жікке бөлінушілікті хабарлай тұрамыз. Бұлардың арасындағы алауыздық жалпыға бірдей сайлау правосынан туды, жалпыға бірдей сайлау правосын бастапқы айтылған партия қаламайды. Жексембі күні 7 майда (24 апрельде) съезд мүшелерінен 52 адамның Шипов жағында екені және, жалпыға бірдей сайлау правосын таныған күнде, бұлардың съезден кететіні айқындалды. Дүйсембі күні бұлардың ішінен жыйырма адамға жуығы съездің көпшілігіне қосылып, жалпыға бірдей сайлау правосына дауыс берді. Сонан кейін жалпыға бірдей сайлау правосы негізінде құрылтай жыйналысы шақырылсын деген қарар бір ауыздан қабылданды, соның өзінде едәуір көпшілік тарапы, осының үстіне, сайлау правосының төте болуын және думалар мен земстволардан (құрылтай жыйналысында) өкілдер болмауын жақтап сөйледі. Сонымен, шиповшылар земствошылдар съезінде *әзірінше* жеңіліп қалды. Съездің көпшілігінің келген қортындысы — екі палатаның біреуіне төте емес және тең емес сайлау жүргізу арқылы зарарсыз етілген жалпыға бірдей, төте, тең және жасырын сайлау правосын бергенде ғана, монархияны сақтап қалуға және революцияның бетін аулақ қылуға болады деген қортынды болды.

Бұл съезге және бұл қарарға ағылшынның консерватор буржуазиясының берген бағасы өте сабақ боларлық нәрсе. «Таймс» былай деп жазады: «Орыс халқының қалың бұқарасының ішінде бұл съезді қостаушылары қаншалық екенін сенімді жерлерден шыққан мәліметтерден қашан біліп алғанымызша, бұл тамаша съездің саяси маңызына баға беру біздерге, шетелдіктерге, ешбір мүмкін емес. Бұл съезд нағыз конституциялық өзгеріс еңгізудің бастамасы болып шығуы мүмкін; ол революцияға апаратын жолдың бірінші сатысы болып шығуы мүмкін; ол жәй ғана фейерверк болуы да мүмкін, сол себепті де бюрократия оның өзіне ешбір зыян келтірмей жанып кететінін біліп, сабырлылық көрсетіп отырған болуы да мүмкін».

Тамаша дұрыс сыйпаттама! Шынында да, бұл съезд сыяқты оқыйға орыс революциясының мұнан былайғы аяқ алысы қандай болуын шеше қоюдан әлі де алыс жатыр. «Халықтың қалың бұқарасының қостауы» әлі де шешілмеген мәселе болып отыр, бұл шешілмеген мә-

селе дегеніміз халықтың қостауының нақ өзі жөнінде емес (халықтың қостауында сөз жоқ), сол қостаудың күші жөнінде айтылып отыр. Егер үкімет көтерілісті жеңіп кетсе, онда либералдық съезд әшейін ғана фейерверктің дәл өзі болады да қояды. Сондықтан Европаның баяу либералдары, әлбетте, тең ортадан жазбауға: революцияның бетін аулақ ететін тежемді конституцияны қабылдауға кеңес береді. Бірақ үкіметтің сасқалақтауы оларды қауіптендіріп және наразы етіп отыр. Съездің қарарларын жарыялауға тыйым салынуы «Таймсқа» таңырқарлық іс көрініп отыр, өйткені өзді-өзінің уездеріне тарап жүріп кеткен делегаттардың қолында өздерінің қарарларын бүкіл орыс қоғамына жаю үшін барлық құралдары бар. «Үкімет съезге мүлде тыйым салып қойған болса, съезге жыйналған земствошылдарды тұтқыңға алған болса, сөйтіп олардың съезін бір алдауыш реформа жүргізуге сылтау ретінде пайдаланған болса, онда үкіметтің бұл сыяқты шараларының бәрі түсінікті болар еді. Ал енді земствошылдардың жыйналуына және тарап қайтып кетуіне лүксат беріп алып тұрып, соңынан олардың қарарларын жасырып қоюға тырысу — бұл тек қана ақымақтық болып шығады».

Патша үкіметінің ақымақтығы оның сасқандығын және әлсіздігін көрсетеді (себебі революциялық кезеңдегі сасқандық әлсіздіктің дәл айнымастай белгісі болып табылады), оның осы ақымақтығы, европалық капиталға («Таймс» — Ситидің органы, жер жүзіндегі ең бай қаланың мына деген финанс шонжарларының органы) үлкен уайым туғызып отыр. Үкіметтің осы сасқалақтауы нағыз, жеңімпаз, жолындағының бәрін жайпап өтетін революцияның ықтыымал екендігін күшейте түседі, бұл революция европалық буржуазияның зәресін ұшырып отыр. Европа буржуазиясы декбірі кетіп сасқандығы үшін самодержавиені, талаптарының «тежеусіз» болғандығы үшін либералдарды сөгіп, әурелеуде! «Бас аяғы бес күннің ішінде, — деп кейін бұлан-талан болады «Таймс», — пікірін өзгерте салып, тым ұшқары қарарлар (жалпыға бірдей сайлау правосын) қабылдады, қабылдағанда да, Европаның ең тәжрибелі деген заң шығарушы жыйылыстарының бүтіндей бір сессия бойына пікір қорытуға батылы бара қоймайтын мәселе жөнінде қабылдады», дейді. Европа капиталы орыс капиталына

өзінен өнеге алуға кеңес береді. Бұл кеңестің кұлаққа ілінуіне біздің күмәніміз жоқ — бірақ самодержавиеге тежеу салынғаннан кейін болмаса, онан бергі жерде іліне қояр ма екен. Қезінде Европа буржуазиясының абсолютизмге қарсы шығуы, орыс буржуазиясының қарсы шығуынан гөрі анағұрлым «баяу емесірек» болды, анағұрлым революцияшылырақ болды. Орыс самодержавие-сінің «қарыспалығы» мен орыс либерализмінің баяу емес-тігі, «Таймстың» мәселе қойысындағыдай, олардың тәжірибесіздігінен болып отырған жоқ, олардың тілегінен тыс жағдайлардан, халықаралық жағдайдың себебінен, сыртқы саясаттың себебінен болып отыр, онан да гөрі самодержавиені қыспаққа алып отырған және оның саясында Батыс Европада бұрын-сонды болып көрмеген қайшылықтар мен шатақтарды үйіп-төгіп отырған орыс тарихынан калып келе жатқан мұраның себебінен болып отыр. Орыстың патша өкіметінің өткен замандағы атышулы беріктігі мен күші оған жасалып отырған революциялық қысымның күштілігіне де сөзсіз себеп болып отыр. Мұның өзі барлық бірте-біртешілдерге, оппортунистерге өте ұнамайды, мұның өзі тіпті тартыншақтаушылар лагерінен шыққан көптеген социал-демократтардың да үрейін алады, бірақ қалай да — бұл факт.


«Таймс» Шиповтың жеңіліс тапқанына көз жасын төгеді. Күні кеше ноябрьде ғана ол реформа партиясының жұрт таныған басшысы еді! ал енді... «революция дегенің тіпті өзінің бел балаларын да қалай сонша тез жалмап отыр». Ой, бишара Шипов-ай! Әрі жеңіліс тапты, әрі революцияның пәлекеті деген атақ алды — жазмыштың қыянатын қарашы! Земствошылдардың съезінде Шиповты кұлатып кеткен «радикалдарға» «Таймс» мүлде ызалы отыр. «Таймс» зәре-кұты қалмай, ойбай салады: «Бұлар — деп зәресі кетіп ойбай салады «Таймс» — француз Конвентінің теориялық принциптерін ұстайды. Барлық азаматтардың теңдейлігі мен тең праволылығы, халықтың суверендігі, т. т. жайындағы доктрина «оқыйғалардың көрсетуіне қарағанда, Жан-жак Руссоның адамзатқа өсиет етіп кеткен қырсықты софистикасының барлық ойдан шығарып алып жүргендерінің ішіндегі, сірә ең зыяндыларының бірі болып шықты». «Мұның өзі якобинизмнің басты ірге тасы, түпкі тамыры, мұның бо-

луының бір өзі-ақ әділетті және дауа болатын реформаның жетістікке жетуі үшін зор қауіпті нәрсе» — дейді.

«Якобинизмді» бұл сыяқты кұбыжық етіп қолдануға кұштарлығы жөнінде либерализм оппортунистері мен социал-демократия оппортунистері бір бірімен балдай тәтті болып жараса кетеді. Демократиялық революция заманында якобинизмді айтып қорқыту тек оңбайтын реакционерлердің немесе оңбайтын филистерлердің ғана істейтін ісі.

*„Пролетарий“ № 2,
3 июнь (21 май), 1905 ж.*

*„Пролетарий“ газетінің
тексті бойынша басылып отыр*



РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ УАҚЫТША ҮКІМЕТ ТУРАЛЫ

1905 ж. 3 және 9 июньде
(21 және 27 майда)
„Пролетарий“ газетінің 2
және 3-номерлерінде басылған

„Пролетарий“ газетінің тексти
бойынша басылып отыр

PLANTING AND CULTIVATION
OF THE COTTON

БІРІНШІ МАҚАЛА
ПЛЕХАНОВТЫҢ ТАРИХИ АНЫҚТАМАСЫ

Партияның үшінші съезі революциялық уақытша үкімет туралы мәселе бойынша қарар қабылдады. Бұл қарар дәл біздің «Вперед» газетінде ұстаған позициямызды ыспаттайды. Енді біз өзіміздің позициямызға қарсы айтылған пікірлердің бәрінде толық талдап, тексеріп өтуге, сөйтіп съезд қарарының шын принциптік мәні мен практикалық маңызын барлық жағынан түсіндіруге кіріспекпіз. Алдымен Плехановтың бұл мәселені бұлжымас принциптік негізге қоймақ болған әрекетін алайық. Плеханов өз мақаласына «Өкіметті басып алу мәселесі жөнінде» деп ат қойған. Ол «пролетариаттың саяси өкіметті басып алуына жөн сілтеп отырған (шамасы «Вперед» болса керек) тактиканы» сынайды. Шынына келгенде, «Впередпен» таныс адамның қай-қайсысы болсын жақсы біледі, «Вперед» ешуақытта да *өкіметті басып алу* мәселесін көтерген емес және ешқандай «басып алу тактикасына» жөн сілтеген емес. Плеханов шынымен талқыланған мәселенің орнына басқа бір өз ойынан шығарған мәселені әкеп тыға қоймақшы; мұның анығына жету үшін тек таластың барысын еске түсірсек болғаны.

Бұл мәселені өзінің белгілі «Екі диктатурасында» туңғыш рет Мартынов көтерген болатын. Ол мынадай дегенді айтты: егер біздің партия көтеріліске басшы ретінде қатысатын болса, онда, іс нәтижелі бола қалған күнде, оның революциялық уақытша үкіметке қатысуы қажетті болып шығады, ал мұндай қатысушылық принцип жағынан жолсыз нәрсе және ол түпке жететін, абырой кетіретін нәтижеден басқа ешнәрсеге жеткізе алмайды деді. «Искра» осы позицияны жақтады. «Вперед» бұған

қарсы пікір келтірді: қайта, мұндай нәтиже ең қалаулы нәтиже, социал-демократияның революциялық уақытша үкіметке қатысуы, пролетариат пен шаруалардың демократиялық диктатурасына барабар болатындықтан, әбден лайықты нәрсе, ал мұндай диктатура болмайынша республиканы сақтап қалу мүмкін емес, деді. Сонымен, таласушы екі жақ *Мартыновтың қойған сұрағына* берген жауаптарында екі ұйғарындыны қабылдап алса да, ол ұйғарындылардан қортынды шығаруға келгенде бір-біріне қосылмады: екі жақтың екеуі де 1) көтеріліске пролетариат партиясының басшы ретінде қатысуы, 2) көтерілістің жеңуі және самодержавиенің бүтіндей құлатылуы қажет деп білді; бірақ олар осы ұйғарындылардан шығатын тактикалық қортындыларды бағалауға келгенде бір-біріне қосылмады. Ал мұның «өкіметті басып алуға (??) жөн сілтеп (!!) отырған тактикаға» ұқсастығы бар ма? «Искра» мен «Вперед» талқылаған, Мартынов көтерген мәселеден Плехановтың тайып кеткісі келіп отырғаны айқын емес пе? Егер көтеріліс революциялық уақытша үкіметке қатысуды қажет ететіндей болса, сол көтерілістің жеңіспен іске асырылуы қатерлі, қауіпті нәрсе бола қоя ма, — міне біздің таласымыз осы жайында болды. Плеханов тактиканы өкіметті басып алуға қарай *бағыттаудың* қажеті бар ма деген мәселе жөнінде таласуға ниет білдіреді. Біз Плехановтың бұл ниеті (тек Мартыновтың қойған мәселесін бүркеу жағынан ғана түсінілетін ниеті) әшейін ғана бос ниет болып қалады-ау деп қорқамыз, өйткені бұл тақырыпта ешкім таласқан жоқ, таласпайды да.

Плехановтың бүкіл дәлелдемесінде бұл сыяқты кірме мәселенің қандай мәні бар екені «филистерліктің виртуоздары» жөніндегі оқыйғадан өте-мөте айқын көрінеді. «Впередтің» қолданған бұл сөзі Плехановқа тыныштық бермейді. Плеханов бұған жеті рет қайтып оралады, сөйте келіп: «Вперед» Маркс пен Энгельсті осы сыяқты тым ұнамсыз сөзбен атауға дейін барды, «Вперед» Марксты «сынауға» кірісті деген сыяқты сөздерді үйіп-төгіп, қанарлы, ызғарлы пішінде өз оқушыларын сендірмек болады. Біз әбден жақсы түсінеміз: егер, «Вперед» Плеханов таңып отырған сорақылыққа аз да болса ұқсастау бірдеңе айтқан болса, онда Мартыновты ақтап алып, «Впередті» «қыйратуды» көздеп жүрген Плехановқа бұл

өте ұнар еді. Бірақ сөздің шыны, «Вперед» ондай ешнәрсе айтқан емес, әрбір зерделі оқушы қызғылықты принциптік мәселені мүлде түкке тұрмайтын, ұсақ ілікшілдікке салып шатастырып жіберіп отырған Плехановтың сырын оп-оңай әшкерелей алады.

Ілікшілдікке жауап беріп жату қаншалық көңілсіз іс болғанымен, осы атышулы «филистерліктің виртуоздары» жөніндегі оқыйғаның мәнісі дұрысында не екенін толық түсіндіруге тура келеді. «Впередтің» байымдауы былай болды. Біз бәріміз де республика орнату жайында әңгіме етіп жүрміз. Республиканы іс жүзінде орнатып алу үшін біз, — яғни революцияшыл халық, пролетариат және шаруалар — самодержавиені «бірігіп соғуымыз» керек. Бірақ бұл әлі жеткіліксіз. Тіпті самодержавиені «бірігіп кұртудың», яғни самодержавиелік үкіметті мүлде кұлатудың өзі де жеткіліксіз. Оның үстіне кұлатылған самодержавиені қайта орнату жөнінде кейіннен сөзсіз жасалатын жанталасқан әрекеттерді де «бірігіп тойтару» керек. Бұл «бірігіп тойтару» дегеніміз революция заманына қолданғанда — басқа ешнәрсе де емес, тек пролетариат пен шаруалардың революциялық демократиялық диктатурасы болып табылады, пролетариаттың революциялық үкіметке қатысуы болып табылады. Сондықтан жұмышы табын осы диктатураның болу мүмкіндігімен қорқытушы адамдар, яғни жаңа «Искрадағы» Мартынов, Л. Мартов сыяқты адамдар, республика үшін күресу және революцияны әбден жеріне жеткеру жөніндегі өздерінің ұстаған ұранына қайшы келеді. Тегінде, бұлар бостандық жолындағы өз күресін тежегісі, қысқартқысы келетін адамдарша, — атап айтқанда болашақ табыстардың тіпті азғана бөлшегін, республиканың орнына әлде-қандай бір шолақ конституцияны өздеріне күнілгері лайықтап қойғысы келетін адамдарша пікір айтады. Мұндай адамдар, деді «Вперед», филистерлікке салынып ХІХ (және ХХ) ғасырдағы революцияның басты үш күші жайындағы және оның негізгі үш сатысы жайындағы белгілі марксистік қағыйданы қорлайды. Бұл қағиданың мәнісі мынау: революцияның бірінші сатысы абсолютизмді тежеу деген сөз, бұл буржуазияның тілегін срындайды; екінші сатысы — республика орнату, бұл «халықтың», яғни шаруалар мен жалпы ұсақ буржуазияның тілегін орындайды; үшінші сатысы — социалистік

төңкеріс, тек бір осы ғана пролетариаттың тілегін орындай алады. «Жалпы, тұтас алғанда осы көрініс дұрыс», деп жазды «Вперед». Біздің алдымызда шынында да осы айтылған түрліше үш сатыға өрлеу жұмысы тұр, бұл сатылардың түрліше болуы бұл өрлеуде бізге ең тәуір дегенде қандай таптардың еруіне байланысты. Ал егер біз осы үш саты жайындағы әбден дұрыс марксистік схеманы түсінгенде *әрбір өрлеуге дейін* өзімізге күн ілгері бір азғана мөлшерді, мәселен, бір сатыдан аспайтын мөлшерді, өлшеп алу керек десек, егер біз осы схема бойынша, *әрбір өрлеуге дейін, «революция заманындағы өзіміздің ісіміздің жоспарын жасайтын»* болсақ, онда біз филистерліктің виртуоздары болып шығамыз.

«Впередтің» 14-номерінде айтылған пікір міне осындай болатын*. Міне тап осы жерде келіп Плеханов соңғы асты сызылған сөздерге жармаса бастады. Ол масаттанған түрмен былай деп соғады: сөйтіп «Вперед» Маркске филистер деген атақ тақты, өйткені осы схема бойынша нағыз революция заманында өзінің іс жоспарын жасаушы дәл Маркстің өзі болатын, — дейді.

Мұның дәлелі қайсы? Дәлелі мынау: 1850 жылы, Германияның революцияшыл халқы, 1848—1849 жылдардағы күресте, самодержавиені біржолата құрта алмай, жеңіліс тапқан кезде, либералдық буржуазия шолақ конституцияны алып болып, реакция жағына шығып алған кезде, — қысқасы, германның демократиялық-революциялық қозғалысы, тек бір ғана бірінші басқышқа көтеріліп, жоғарырақ көтерілуге шамасы жетпей, тоқтаған кезде, — сонда... сол кезде Маркстің айтқаны бар, ендігі болатын революциялық өрлеу екінші сатыға көтерілу болады дегені бар.

Оқушы, сіз күлімсіреп отырсыз ба? Шынында да Плехановтың силлогизмі сәл ғана... қалай жұқалап айтсақ екен?.. «диалектикалық» болып шығып отыр. Нақты демократиялық революцияның белгілі бір нақты кезеңінде Маркс сондағы болған бірінші сатыға өрлеуден кейін енді екінші сатыға өрлеу болады деген-ді, — ендеше *сол себептен* ғана Марксті «сынаушылар» бірінші сатыға көтерілгенге дейін екі сатыға (әсіресе көтеріліс жақсы

* Осы томның 308-бетін қараңыз. *Ред.*

ұйымдастырылып, өткізілген ретте) бірден секіру қаупі бар деп бізді шошытпақ болатын адамдарды филистерлер деп атай алады.

Рас, рас, Марксті «сынау» деген жақсы нәрсе емес... және Маркстің пікірін ретсіз бетке ұстауда тіпті жақсы нәрсе емес. Мартынов Маркстің пікірін теріс түсіндірді. Плеханов Мартыновты ретсіз қорғады.

Ендігі жерде бірер ілікшіл оқушы біздің сөзімізге жармаса кетіп: бұлар қоғамдық күштердің арасалмағына қарамастан, аралық сатыдан калайда аттап өтуге «бағытталған тактиканы» уағыздайды екен деп қортынды шығарып жүрмесін. Жоқ, біз ешбір ондай тактиканы уағыздамаймыз. Біз тек республика туралы, революцияны жеріне жеткеру туралы сөз қыла жүріп, сонымен қатар демократиялық диктатураға қатысу мүмкіндігін өзіне де, өзгеге де кұбыжық етіп көрсететін адамдардың пролетариатқа ықпал жүргізуіне қарсы күресеміз. Біз «Впередтің» 14-номерінде-ақ былай дегенбіз: кәзіргі революциялық өрлеуден кейін, әрине, реакция болмай қалмайды, бірақ біз кәзір неғұрлым көбірек табысқа жетсек, болуы мүмкін (және калаулы) демократиялық диктатура заманында контрреволюцияның күштерін неғұрлым рахымсыз жаныштап, кұрта берсек, соғұрлым ол реакция біздің бостандығымызды кемірек тартып алады. «Впередтің» сол 14-номерінде тағыда былай дегенбіз: бұл диктатура жайындағы мәселенің өзі мынадай реттерде ғана — демократиялық революция орта жолда тұрып қалмай, абсолютизмді толық кұлатуға дейін, республика орнатуға дейін барады, деп ұйғарғанда ғана — маңызды мәселе болып шығады.

Енді «филистерліктің виртуоздары» жөніндегі оқыйғаны қоя тұрып, Плеханов цитата келтіріп отырған атакты «Үндеудің» (Коммунистер Одағы Орталық Қомитетінің Одақ мүшелеріне 1850 жылғы мартта жолдаған «Үндеуінің») мазмұнына келейік. Бұл тамаша қызғылықты және өнеге беретін «Үндеуде» (мұны түгелінен орыс тіліне аударса дұрыс болар еді) Маркс 1850 жылы Германияда болған нақты саяси жағдайды тексеріп қарайды, жанадан саяси дүмпудің болуы ықтыымал екенін көрсетеді, революция бола қалған ретте, өкіметтің республиканы, ұсақ буржуазияшыл демократиялық партияға сөзсіз көшетінін ыспаттайды және пролетариаттың тактика-

сын талдайды. Революцияға дейінгі, нақ революция кезіндегі және ұсақ буржуазиялық демократия жеңгеннен кейінгі тактиканы ерекше тексеріп қарай келіп, Маркс «жұмысшы партиясының дербес құпия және әшкере ұйымын» құру қажет деп талап етеді, «оның ролін ресми буржуазиялық демократияның шылауына айналдырып, төмендетіп жіберуге» қарсы бар күшімен күреседі, жұмысшыларды қаруландырудың, дербес пролетариат гвардиясын құрудың, сатқын ұсақ буржуазиялық демократияны пролетарлардың қатаң бақылап отыруының т. т. маңызын баса көрсетеді.

Жұмысшы партиясының революциялық уақытша үкіметке қатысуы жайында болсын, не пролетариат пен шаруалардың революциялық демократиялық диктатурасы жайында болсын бүкіл «Үндеуде» бір ауызда сөз айтылмайды. Осыдан келіп Плеханов мынадай қортынды шығарады: «революцияшыл пролетариаттың саяси өкілдері ұсақ буржуазияның өкілдерімен қосылып жаңа қоғамдық құрылысты құру жолында енбек етеді дегенді шамасы Маркс ойламаған да сыяқты», дейді. Бұл қортындының логикасы тым ақсаулы. Маркс жұмысшы партиясының революциялық уақытша үкіметке қатысуы жайында мәселе *көтермейді*, ал Плеханов бұл мәселені Маркс жалпы, принцип жүзінде сөзсіз кері мәнісінде шешкен деп қортынды жасайды. Маркс тек нақты жағдай туралы ғана сөйлейді, ал Плеханов, мәселені тіпті нақты түрінде қарамай, жалпы қортынды жасап отыр. Ал дұрысында, «Үндеудің» Плеханов қалдырып кеткен кейбір жерлеріне көз салса болғаны, Плехановтың қортындыларының мүлде теріс екендігі көзге түсе кетеді.

«Үндеу» революция заманының екі жылының, 1848 және 1849 жылдардың, тәжірибесі негізінде жазылған. Бұл тәжірибенің нәтижелерін Маркс былай деп тұжырымдайды: «Тап сол кездің өзінде (яғни дәл 1848 — 1849 жылдары) Коммунистер Одағының бұрынғы берік ұйымы едәуір әлсіреген еді. Революциялық қозғалысқа тікелей қатыса келген мүшелердің көпшілігі енді құпия қоғамдардың уақыты өтті, сондықтан әшкере істің бір өзі-ақ жетіп жатыр деп ойлады. Жеке үйірмелер мен ұйымдар (Gemeinden) Орталық Комитетпен өздерінің қатнастарын босаңсыта барып, бірте-бірте мүлде тоқтатып қойды. Сонымен, демократиялық партия, ұсақ буржуа-

зияның партиясы, Германияда барған сайын ұйымдаса түсіп отырғанда, жұмысшы партиясы өзінің бірден-бір берік тыянағын жоғалтып алды, ұйымдасқан түрінде ол ең мықтағанда, кей жерлерде ғана жергілікті мақсат үшін сақталып қалды, ал осының себебінен, жалпы алғанда, толығымен ұсақ буржуазиялық демократтардың билеп, басқаруына кіріптар болды*. Ал «Үндеудің» келесі бетінде Маркс былай дейді: «Қазіргі уақытта, жаңадан революция болғалы тұрған кезде, ... жұмысшы партиясы, егер 1848 жылғыдай тағыда буржуазияның қанауына ұшырап, оның жетегінде жүремін демесе, неғұрлым ұйымшылдықпен, неғұрлым бір ауыздылықпен, және неғұрлым дербес майданға шығуы керек».

Осы тужырымды пікірлердің мәнісіне жақсылап ой жүгіртіп қараңдаршы! Ашық революцияның 2 жылы өткеннен кейін, Берлинде халық көтерілісі жеңіп шыққаннан кейін, революциялық парламент шақырылғаннан кейін, елдің бір жағы ашық көтеріліске кіріп, өкімет билігі революциялық үкіметтің қолына уақытша көшкеннен кейін, — Маркс революцияшыл халықтың жеңілгенін және, партияның ұйымшылдығы жағынан, ұсақ буржуазиялық демократияның ұтқанын, жұмысшы партиясының ұтылғанын ыспаттайды. Осының өзі жұмысшы партиясының үкіметке қатысуы туралы мәселе қойып жатуды керек етпейтін саяси жағдайдың болатынын айдан анық көрсетпей ме? Революция заманының, Маркстың тоғыз ай бойы жұмысшы партиясының нағыз революциялық газетін ашық шығарып тұрған заманының 2 жылы өткеннен кейін, бұл партияның мейлінше кері кеткенін, жалпы ағымда аз да болса айқын көзге түсетін пролетариат ықпалының мүлде жоқ екенін (Стефан Борнның¹¹⁸ жұмысшылар бауырмалдығы тым шамалы ұйым), пролетариаттың буржуазия үстемдігіне ғана емес, сонымен қатар оның басқаруына да толық кіріптар болғанын ыспаттауға тура келіп отыр! Анығында, экономикалық қатнастар тіпті жетілмеген еді, ірі өнеркәсіп жоққа

* Ansprache der Zentralbehörde an den Bund, von März 1850. К. Маркс: „Enthüllungen über den Kommunistenprocess zu Köln“. 1885, Anhang IX S. 75 (Орталық Комитеттің Одаққа үндеуі, 1850 жылғы март, К. Маркс: «Кельндегі коммунистер процесі туралы әшкере болған сырлар», 1885, IX қосымша, 75-б. *Ред.*) цитаталардағы курсивтің бәрі біздікі.

таяу еді, ауызға аларлықтай шамада ешбір дербес жұмысшы қозғалысы болмады, ұсақ буржуазия емін-еркін үстемдік құрып тұрды. Әлбетте, мұндай жағдайларда нақты хал-жайды тексеруші жазушының жұмысшы партиясының уақытша үкіметке қатысу мүмкіндігі туралы ой қозғауына да болмайтын еді. Әлбетте, осы күнде бізге соншалық ұғымды көрінетін ақыйқаттарды Маркс өзінің «Үндеуінде» Коммунистер Одағының мүшелеріне әбден ежіктеп (сөзімді ғафу етіңіз) түсіндіруге тиіс болды. Маркс сайлау кездерінде жұмысшылардың буржуазиялық демократиядан бөлек ерекше кандидаттар ұсынуының қажеттігін дәлелдеп көрсетуге тиіс болды. Жұмысшылардың бөлектенуі демократиялық партияны «қак жарады» мына жағдай (естеріңізде болсын! қак жарғанда тек күні кеше тұтас тұрған және идея жағынан кәзірдің өзінде де тұтас тұрған затты ғана қак жарады деуге сыяды ғой!) деген демократиялық кұрғақ сөзді Маркс бекерге шығаруға тиіс болды. Маркс Коммунистер Одағының мүшелерін осындай кұрғақ сөздерге елігуден сақтандыруға тиіс болды. Маркс Одақтың Орталық Комитетінің атынан жұмысшы клубтарын орталықтандыру үшін мүмкіндік болысымен-ақ жұмысшы партиясының съезін шақыруға уәде беруге тиіс болды, — 1848—1849 революциялық жылдардың ішінде жұмысшы партиясының ерекше съезін шақыруды ойлауға лайықты жағдай болған емес еді!

Мұнан шығатын қортынды ап-анық: Маркс атакты «Үндеуінде» пролетариаттың революциялық уақытша үкіметке қатысуы принцип жүзінде лайық па, жоқ па деген мәселені мүлде қозғамайды да. Маркс тек қана 1850 жылы Германияда болған нақты жағдайды тексереді. Мұның өзінде Маркс Коммунистер Одағының революциялық үкіметке қатысуы жайында бір ауыз да сөз айтпайды, оның себебі — ол кездегі жағдайларда демократиялық диктатура мақсатын көздеп, жұмысшы партиясының атынан мұндай іске қатысу туралы ой туу да мүмкін емес еді.

Маркстің пікірі мынадай: біз 1850 жылдағы неміс социал-демократтары, ұйымдасып жетіспегенбіз, біз революцияның әуелгі дәуірінде жеңіліс таптық, біз бүтіндей буржуазияның жетегіне түсіп қалдық; біз енді дербес, қалайда, сөзсіз, қайткен күнде де дербес ұйымдасуға

тиіспіз, — әйтпесе өзінің ұйымдасуын күшейтіп алған, күші басым ұсақ буржуазия партиясының келешектегі жеңісі кезінде біз тағыда артта қаламыз.

Ал Мартыновтың пікірі мынадай болды: біз 1905 жылдағы орыс социал-демократтары, дербес партия болып ұйымдасып отырмыз, енді патша өкіметінің камалын бұзу үшін бірінші шабуылға аттанбақпыз, аттанғанда ұсақ буржуазиялық халықты бастап аттанбақпыз. Ал егер біз шабуылымызды өте жақсы ұйымдастырып шықсақ және, алла сақтай көрсін, бұл шабуылда жеңіп шықсақ, онда, шамасы, бізге революциялық уақытша үкіметке яки мүлде демократиялық диктатураға қатысуға тура келіп қалатын болар. Ал бұған қатысу негізінде дұрыс емес.

Сөйтіп Плеханов Мартыновты Маркске сүйеніп қорғауға болады деп шынымен-ақ жұртты сендірмекші ме? Сірә, Плеханов «Искраның» оқушыларын балаға санайтын болар. Бұған біздің айтарымыз мынау ғана: марксизм бір басқа да, мартыновизм бір басқа.

«Үндеу» туралы әңгімені бітіру үшін Плехановтың тағыда мына бір теріс пікірін түсіндіру керек. 1850 жылғы мартта, «Үндеу» жазылып жатқан кезде, Маркс капитализм қаусап тұр деп сенген еді, сондықтан оған социалистік революция «тым жақын» көрінген еді деп Плеханов дұрыс айтады. Маркс өзінің қатесін өте тез түзетті: 1850 жылы 15 сентябрьде-ақ ол Шаппермен айрылысып кетті (Шаппер мен Виллих екеуі Одақтың ішінде азшылық болып қалып, одан шығып кетті), сол Шаппердің буржуазиялық-демократиялық революционаризмге яки утопизмге салынып кеткені соншалық: «біз дереу өкіметті қолға алуымыз керек, әйтпесе жатып ұйықтай берсек те болады» дегенге дейін барды. Маркс Шапперге былай деп қарсы шықты: революцияның қозғаушы шындықтағы жағдайлар емес, тек өзімнің ғана еркім деуге болмайды. Пролетариатқа бәлкім тағыда 15, 20, 50 жылдай азамат соғыстары мен халықаралық ұрысқағыстарды басынан өткізуге тура келер, бұл оған «тек осы жағдайларды өзгерту үшін ғана емес, сонымен қабат пролетарлардың өздерін өзгерту үшін де, сөйтіп өздерін саяси үстемдік жүргізуге қабілеттендіру үшін де

кажет»¹¹⁹ болар дегенді айтты. Плеханов Маркстің көз-қарастарының осылайша өзгергенін қысқаша айта келіп, өз ойын былайша қорытады:

«Пролетариаттың саяси міндеттерін белгілегенде олар» (Маркс пен Энгельс сол «өзгерістен» кейін) «демократиялық құрылыс едәуір ұзақ дәуір бойы үстем болып қала береді деген ұйғарындының өзінен-ақ белгілеген болар еді. Бірақ дәл сондықтан да олар социалистердің ұсақ буржуазиялық үкіметке қатысуын бұрынғыдан бетер қатты сөккен болар еді» («Искра» № 96).

Плехановтың бұл қортындысы тіпті дұрыс емес. Онысы дұрысында бәз-баяғы социалистік диктатура мен демократиялық диктатураны шатастыру болып шығады, бұл үшін біз Л. Мартов пен Мартыновты талай рет кінәлағанбыз. 1850 жылы Маркс пен Энгельс демократиялық диктатура мен социалистік диктатураны айырған жоқ, яки шынын айтқанда біріншісін мүлде ауызға алған жоқ, себебі оларға капитализм әбден қаусап калған болып, социализм таяу тұрған болып көрінді. Сондықтан олар ол кезде минимум программаны максимум программадан да айырмады. Егер мұны айыру қажет болса (біздер, марксистер, бәрімізде кәзір осыны түсінбегені себепті «социалист-революционерлердің» буржуазиялық-демократиялық революционаризммен арпалыса отырып, осылай істеп те жүрміз ғой), онда социалистік диктатура мен демократиялық диктатура туралы мәселені де *ерекше* талдап қарау керек. Плеханов бұлай етпестен, дәйексіздік істеп отыр. Қай-қайдағы жалтарма сөздерді тауып алып, «социалистердің ұсақбуржуазиялық үкіметке қатысуы» жайында тек жалпылама сөз қылып, ол дұрысында демократиялық диктатура туралы ашық, айқын және дәл қойылған мәселенің орнына социалистік диктатура туралы мәселені әкеп тықпалап отыр. Ол («Впередтің» сөзімен айтқанда*) социалистік төңкеріс қарсаңы кезіндегі Мильеранның Галлифеге қосылып министрлікке қатысқанын Варленнің республиканы қорғаған және қорғап алып қалған ұсақбуржуазиялық демократтарға қосылып революциялық үкіметке қатысуымен шатастырып отыр.

1850 жылы Маркс пен Энгельс социализмге таяу тұрмыз деп есептеді, сондықтан демократиялық табыстар-

* Осы томның 290—291-беттерін қараңыз. *Ред.*

ды жете бағаламады, бұл демократиялық табыстар ұсақ-буржуазиялық-демократиялық партияның күмәнсіз жеңуі себепті оларға әбден баянды нәрсе болып көрінді¹²⁰. Мұнан енді 25 жыл өткен соң, 1875 жылы, Маркс Германияның құрылысы демократиялық құрылыс емес екенін — «парламенттік формалармен жамап-жасқай салған абсолютизм»¹²¹ екенін айтты. Ал енді мұнан 35 жыл өткен соң, 1885 жылы, Энгельс Европаның келешекте болатын аударыс-төңкерісінде Германияда өкімет ұсақбуржуазиялық демократияға көшетінін болжап айтты¹²². Мұнан келіп Плехановтың дәлелдемек болған пікіріне дәл карама-карсы қортынды шығады: егер Маркс пен Энгельс демократиялық құрылыстың бірқос ұзақ үстемдік етуінің лажсыз екенін түсінген болса, онда олар, республиканы баянды ету, абсолютизмнің барлық іздерін толық құрту және социализм жолындағы күреске майданды әбден тазартып алу мақсатында, пролетариат пен шаруалардың демократиялық диктатурасына *онан сайын зор* маңыз берген болар еді. Олар демократиялық төңкеріс қарсаңында революциялық-демократиялық диктатураның *мүмкіндігін* құбыжық етіп көрсетіп, пролетариатты *үркітуге* жүрген құйыршықшылдарын *онан сайын* сөккен болар еді.

«Үндеуге» теріс мағна беру жөніндегі өз позициясының нашарлығын Плехановтың өзі де байқайды. Ол сондықтан: анықтамада мәселені біржолата тыңғылықты шешуге талаптанып отырған жоқпын деп ептеп қана ескерту жасайды, — бірақ сөйтсе де бұл іске түк қатысы жоқ анықтамадан басқа ешбір дәлел келтірмей-ақ, керек десе «Впередтің» нақты мәселе қойысын талдап қарауға мойын бұрмай-ақ, тұжырымдылығы жағынан «әбден тыңғылықты» қортындыға келеді. Плеханов «Впередке» Марксті «сынау» ниетін де, Мах пен Авенариустың көзқарасын да таңбақшы болады. Оның бұл айбаты біздің тек күлкімізді келтіреді: егер Плеханов «Впередтің» шын пікірлерінен өзіне нысана таба алмай, «Вперед» газетіне де, қаралып отырған мәселеге де мүлде жат сюжеттерден нысана ойлап табуға тиіс болған болса, онда Плехановтың позициясы нашар болуға тиіс. Ақырында, Плеханов тағыда бір дәлелге сүйенеді, бұл дәлел оған «мызғымас» дәлел болып көрінеді. Шынына

келгенде, бұл дәлелді (1894 жылы Энгельстің Туратиге жазған хаты) келтіргені тіпті нашар-ақ.

Осы хатты Плехановтың баяндауына қарағанда (бір өкінішті жері, Плеханов хатты толық келтірмеген және оның басылған болса, қайда басылғанын көрсетпеген), Энгельс *Туратиге социалистік революция мен ұсақбуржуазиялық революцияның арасындағы айырманы дәлелдеп көрсетуге тиіс болған*. Осының өзінде бәрі айтылып отыр ғой, Плеханов жолдас. Турати — итальян Мильераны, бернштейншіл, оған Джиолити өз министрлігінен портфель ұсынған болатын. Турати, сірә, таптық мазмұны жағынан тіпті әртүрлі екі төңкерісті *шатастырған* болуы керек. Турати пролетариат үстемдігінің мүдделерін жүзеге асырамын деп әуліккен-ді, сонда Энгельс оған мынаны түсіндірген болатын: 1894 жылғы Италияның осы жағдайында (яғни Италия «бірінші сатыға» көтерілгеннен *кейін* пролетариаттың ашық, кең және дербес ұйымдасуына мүмкіндік берген саяси бостандыққа қол жеткеннен кейін бірнеше ондаған жылдар өткен соң!) ол, Турати, жеңіп шыққан ұсақбуржуазиялық партияның министрлігінде іс жүзінде *жат таптың*, ұсақ буржуазияның мүдделерін қорғап, іске асыратын болады деген. Демек, біз бұл арада мильеранизмнің бір түрін көріп отырмыз; мильеранизмді демократиялық диктатурамен шатастырушылыққа «Вперед» түп-тура қарсы шықты, ал «Впередтің» дәлелдеріне Плеханов керек десе маңайлап та барған жоқ. Біз бұл арада әсірепартиялардың көсемдерін Энгельс әлдеқашан сақтандырған сыйпаты өзгеше алдауыш жағдайды көріп отырмыз; ал мұндай кезде бұл көсемдер төңкерістің шын сыйпатын түсінбестен, «бөтен» таптың мүдделерін байқаусыз жүзеге асырады. Плеханов жолдас, бүкіл қасиетті заттың ақы үшін айтыңызшы: Мартынов көтерген және «Вперед» талдап қараған мәселеге осының қандай да бір қатысы бар ма? Бірінші басқышқа көтеріліп алған адамдардың екінші және үшінші басқыштарды шатастырып алу қаупі болса, ол қауіп бірінші басқышқа көтерілгелі тұрғанымызда, екі басқышқа бірден шығып кету мүмкіндігі бар деп, бізді қорқытуға дәлел болып табылар ма??

Жоқ, Плехановтың «кішкене тарихи анықтамасы» тіпті ешнәрсені де дәлелдемейді. Оның: «ұсақ буржуазияның өкілдерімен бірге революциялық үкіметке қатысу-

шылық пролетариатқа опасыздық еткендік болып шығады» деген принциптік қортындысы 1850 жылы Германияда, 1894 жылы Италияда болған жағдайларды дәлелге келтіргенмен ешбір расталмайды, өйткені бұл жағдайлар 1905 жылғы январь мен майда Россияда болған жағдайлардан бүтіндей өзгеше. Бұл дәлелдер демократиялық диктатура мен революциялық уақытша үкімет мәселесі жөнінде түк бермейді. Ал егер Плеханов өзінің қортындысын *осы* мәселеге қолданбақшы болса, егер ол республика үшін күрескен кезде, демократиялық төңкеріс кезінде пролетариаттың революциялық үкіметке қатысуының *қандайын да болса принцип жүзінде жолсыз* деп есептейтін болса, онда біз бұл анархизмнің «принципі» екенін, мұны Энгельстің тұпа-тура сөккенін дәлелдеуді мойынымызға аламыз. Бұл дәлелді біз келесі мақалада келтіреміз.

ЕКІНШІ МАҚАЛА

ТЕҚ ТӨМЕННЕН БЕ, ӘЛДЕ ТӨМЕННЕН ДЕ ЖОҒАРЫДАН ДА БІРДЕЙ МЕ?

Алдыңғы мақалада, Плехановтың тарихи анықтамасын талдап карап, біз, Маркстің сөздеріне сүйеніп Плехановтың шығарған жалпы және принциптік қортындылары орынсыз екенін, Маркстің бұл сөздері бүтіндей және айрықша 1850 жылы Германияда болған нақты жағдайға ғана қатысты екенін көрсеттік. Ол кезде Маркс Коммунистер Одағының революциялық уақытша үкіметке қатысуы туралы неліктен мәселе көтермегені және көтерө де алмағаны осы нақты жағдайдан әбден түсінікті болып отыр. Енді біз мұндай қатысудың орынды я орынсыз екендігі жайындағы жалпы және принциптік мәселені талдап карауға көшеміз.

Ең алдымен талас мәселені дәл анықтап қою керек. Бір жақсы жері, бұл жөнінде біз өз оппоненттеріміздің келтірген тұжырымдарының бірін пайдалана аламыз, сөйтіп таластың мәні жөнінде туған керісті тыя аламыз. «Искранын» 93-номерінде былай делінген: «Бұлайша ұйымдасудың (пролетариаттың буржуазиялық-демократиялық мемлекетке оппозицияшыл партия болып ұйымдасуының) ең жақсы жолы — буржуазиялық революцияның *төменнен* (курсив «Искранікі») даму жолы, өкі-

мет басындағы демократияға пролетариаттың ықпал жасауымен даму жолы». Енді онан әрегірек «Искра» «Впередті» былайша сөз қылады: «Оның көздеп отырғаны — пролетариат революцияға тек «төменнен» ғана емес, тек көшеден ғана емес, сонымен қатар жоғарыдан да, уақытша үкіметтің орда-сарайларынан ықпал жасауға екен дейді».

Сонымен, мәселе айқын қойылып отыр. «Искра» төменнен ықпал жасалуын тілейді, «Вперед» «тек төменнен ғана емес, жоғарыдан да ықпал жасалуын» тілейді. Төменнен жасалатын ықпал — революциялық үкіметке азаматтардың жасайтын ықпалы. Жоғарыдан жасалатын ықпал — революциялық үкіметтің азаматтарға жасайтын ықпалы. Біреулер өз ісін төменнен ықпал көрсетумен *тежейді*. Екінші біреулер мұндай тежеуге рыйза емес, сондықтан төменнен жасалатын ықпалды жоғарыдан жасалатын ықпалмен *толықтыруды* талап етеді. Олай болса, таластың түбі дұрысында біз өзіміз тақырыпшада қойған мәселеге: тек төменнен бе, әлде төменнен де, жоғарыдан да бірдей ме? — деген сұрауға тіреліп отыр. Демократиялық революция заманында пролетариаттың жоғарыдан, «уақытша үкіметтің орда-сарайларынан» ықпал жасауы принцип жағынан лайықты емес, дейді біреулер. Демократиялық революция заманында пролетариаттың жоғарыдан ықпал жасаудан, революциялық уақытша үкіметке қатысудан біржолата бастартуы принцип жағынан лайықты емес, — дейді екінші біреулер. Сонымен, әңгіме белгілі бір жағдайда, күштердің арасалмағы пәлендей болып тұрған кезде жоғарыдан ықпал жасау мүмкін бе, мұның өзі жүзеге асырылатын нәрсеме деген мәселе жайында болып отырған жоқ. Жоқ, біз кәзір тіпті ешқандай нақтылы жағдайды тексеріп отырған жоқпыз, сондықтан, бір талас мәселенің орнына екіншісін әкеп тықпалау әрекеті әлденеше рет істелгені себепті, оқушылардың осыны ескеріп қоятын өте қатты өтініміз. Біздің алдымызда тұрған мәселе — демократиялық революция заманында төменнен ықпал жасаудан жоғарыдан ықпал жасауға көшу *лайықты ма* деген жалпы принциптік мәселе.

Бұл мәселені анықтау үшін алдымен ғылыми социализмнің негізін салушылардың тактикалық көзқарастарының тарихына көз жіберейік. Бұл тарихта нақ жоға-

рыдан ықпал жасаудың орындылығы туралы жалпы мәселе жайында талас болған жоқ па екен? Мұндай талас болған. Бұған себеп болған нәрсе — 1873 жылдың жазындағы испан көтерілісі. Энгельс «Бакунистердің әрекеті» деген мақалада бұл көтерілістен социалистік пролетариаттың алуға тиіс сабақтарын бағалады, бұл мақала 1873 жылы неміс социал-демократтарының «Volksstaat»¹²³ деген газетінде басылды және 1894 жылы «Internationales aus dem Volksstaat»* деген кітапшада қайта басылды. Енді Энгельстің қандай жалпы қортындылар жасағанын көрейік¹²⁴.

1873 жылы 9 февральда испан королі Амадео өзінің тағынан түсті — бұл «ереуіл жасаған бірінші король», деп мыскылдайды Энгельс. 12 февраль күні республика жарыяланды. Сонан кейін бас аймақтарында карлшылардың көтерілісі бүрк ете түсті. 10 апрельде Құрылтай жыйналысына мүшелер сайланды, Құрылтай 8 июнь күні құрама республика жарыялады. 11 июньде Пи-и-Маргальдің жаңа министрлігі құрылды. Мұның өзінде әсіреспубликашылдар, «интрансиженттер» (ымыраға көнбейтіндер) деп аталатындар конституция дайындайтын комиссияға кірмей қалды. Ал 3 июльде, осы жаңа конституция жарыяланған кезде, интрансиженттер көтеріліс шығарды. 5 июльден 11 июльге дейін Севилья, Гранада, Алькой, Валенсия провинцияларында және басқа бірқатар провинцияларда олар жеңді. Түсіп қалған Пи-и-Маргальдің орнына келген Салмеронның үкіметі көтерілген аймақтарға қарсы әскери күш жіберді. Біраз тіресіп қарсылық көрсеткеннен кейін көтеріліс басылды: 1873 жылғы 26 июльде Кадикс алынды, 1874 жылғы 11 январьда Картахена алынды. Энгельстің істің жайын баяндаудан бұрын беріп отырған қысқаша хронологиялық мәліметтері осындай.

Оқыйғаның сабақтарын бағалай келіп, Энгельс ең алдымен Испанияда республика үшін жүргізілген күрес әсте социалистік төңкеріс жолындағы күрес болған жоқ және болуы да мүмкін емес еді деп баса айтады. Ол былай дейді: «Испания — өнеркәсіп жағынан тым мешеу ел, сондықтан онда жұмысшы табының *дереу* толық азат болуын сөз қылудың да орны жоқ. Мұндай күнге жетуден

* — «Халықаралық тақырыпта «Халық мемлекетінен»». Ред.

бұрын, Испания әлі де дамудың әр түрлі алғы сатыларынан сөзсіз өтіп, жолда тұрған сан бөгеттерді жоюға тиіс. Осы алғы сатыларды неғұрлым қысқа мерзім ішінде өту, осы бөгеттерді тез жою, — республиканың беретін мүмкіндіктері міне осылар еді. Бірақ бұл мүмкіндіктерді тек испан жұмысшы табының қызу *саяси* ықпал жасауы арқылы ғана пайдалануға болатын еді. Жұмысшылар бұқарасы мұны сезді де; ол жер-жердің бәрінде де оқыйғаларға қатысуға бой ұрды, сөйтіп ендігі жерде бұрынғыдай дәулетті таптардың әрекет-қыймылына, қулық-сұмдығына еркін өріс бермей кезеңі келіп тұрған ретті өзінің қыймыл жасауы үшін пайдалануды көздеді».

Сонымен, әңгіме Республика үшін күресу туралы болды, социалистік революция туралы емес, демократиялық революция туралы болды. Жұмысшылардың оқыйғаларға араласуы жайындағы мәселе ол кезде екі түрлі қойылды: бір жағынан, бакунистер (яки «аллиансистер», — марксистік «интернационалмен» күресуге арналған «аллианстың» негізін салушылар) саяси істі, сайлауға қатысуды, т. т. теріске шығаруда болды. Екінші жағынан, олар жұмысшы табын дереу толық азат ету мақсатын көздемейтін революцияға қатысуға қарсы болды, революциялық үкіметке қандай түрде болса да қатысуға қарсы болды. Міне істің дәл осы соңғы жағы біздің талас мәселеміз жөнінен ерекше көңілімізді аударатын нәрсе. Өңгесін қойғанда, істің дәл осы жағы келіп екі тактикалық ұранның *принциптік* айырмашылығын тұжырымдауға себепші болды.

«Бакунистер, — дейді Энгельс, — жоғарыдан төмен қарай жүргізілген революциялық қыймылдың қандайы болса да зыянды, жұмыстың бәрі де төменнен жоғары қарай ұйымдастырылып, жүргізілуі керек деп көп жылдар бойы уағаздап келді».

Сонымен, «тек төменнен ғана» деген принцип *анархистік* принцип болып табылады.

Энгельс нақ бұл принциптің демократиялық революция заманында барып тұрған ерсі принцип болып шығатынын көрсетеді. Бұл принциптен өзінен өзі және сөзсіз туатын бір практикалық қортынды бар, ол — революциялық үкіметті құру жұмысшы табына опасыздық ету болып табылады деген қортынды. Бакунистер шынымен-ақ осындай қортынды істеді, олар «революциялық үкімет

құру деген нәрсе жұмысшы табын тағыда бір алдау, жұмысшы табына тағыда бір опасыздық ету болып табылады» дегенді осы айтқандай принцип етіп жарыялады.

Оқушының өзі де байқауға тиіс, біздің көріп отырғанымыз, жаңа «Искраның» да айтуға ауызы барған баяғы сол екі «принцип», атап айтқанда: 1) «төменнен де, жоғарыдан да» дейтін тактикаға карама-карсы келетін, тек төменнен болатын революциялық қыймыл ғана орынды дейтін принцип; 2) революциялық үкіметке қатысу жұмысшы табына опасыздық еткендік болып табылады дейтін принцип. Жаңаискрашылдардың бұл екі принципі де — анархистік принциптер. Испанияда республика үшін болған күрестің іс жүзіндегі аяқ алысы дәлме-дәл осы екі принциптің де барынш ерсі, барынша реакциялық принцип екенін көрсетті.

Энгельс мұны испан революциясының жеке-жеке эпизодтарын мысалға алып көрсетеді. Міне, мәселен, Алькой қаласында революция бұрқ ете түседі. Бұл өзі 30 мың халқы бар, біршама берегіректе пайда болған, фабрикалы қала. Жеңгенде, революцияны ұйымдастыру идеясынан принцип жүзінде ат-тонын ала қашып жүрген бакунистердің басшылық етуіне карамастан, жұмысшылардың көтерілісі жеңіп шығады. Бакунистер іс өткен соң барып, біз «жағдайды емін-еркін билеп алдық» деп мақтана бастады. Ал сонда бұл «билеушілер» өздерінің осы «жағдайларынан» не шығарды деп сұрайды Энгельс. Біріншіден, олар Алькойда «әл-ауқат комитетін» құрды, яғни революциялық үкімет құрды. Оның бержағында, нақ осы алиансистер (бакунистер) 1872 жылы 15 сентябрьде, яғни революциядан бас-аяғы он ай бұрын өз конгресінде былай деп қаулы алған болатын: «қандай да бір саяси өкіметтің, уақытша яки революциялық өкімет деп аталатын өкіметтің ұйымдастырылуы тек тағыда бір алдау болып табылар еді де, пролетариат үшін осы күнгі үкіметтердің бәрі қандай қатерлі болса, тап сондай қатерлі болып шығар еді». Осы анархистік жел сөздерді теріске шығарудың орнына, Энгельс: қарарды жақтаушылардың дәл өздеріне Алькойдағы «осы уақытша және революциялық үкіметке қатысуға» тура келді деп мыскылдаумен ғана тынады. Энгельс бұл мырзалардың қылықтарынан қатты жиреніп, бұлар өкімет басына келіп алғаннан

кейін «мейлінше дәрменсіз, сасқалақ, жігерсіз» екенін көрсетті деп мінейді. Социал-демократия жирондистерінің әдетінше біреуді «якобиншіл» деп айыптаушылыққа да Энгельс тап осындай жеркенішпен жауап берген болар еді. Ол былай дейді: бірсыпыра басқа қалаларда, мәселен, Сан-Люкар-де-Баррамеда да (Кадикс маңындағы 26 мың халқы бар портты қала) «аллиансистер де, өздерінің анархистік принциптерін былай тастап, революциялық үкімет құруға тиісті болды». Ол бұларды былайша кінәлайды: «өкіметті аларын алса да, оны қайтерін білмеді» дейді. Жұмысшылардың бакунист көсемдерінің *интрансиженттермен бірге*, яғни республикашылдармен, ұсақ буржуазия өкілдерімен бірге, уақытша үкіметтерге қатысқанын әбден жақсы біле тұрып, Энгельс бакунистердің үкіметке кіргенін мінемейді (ал жана «Искраның» «принциптері» бойынша бұл мінелуге тиіс еді), қайта *ұйымдасудың жеткіліксіздігін, қатысу жігерінің кемдігін*, олардың буржуазиялық республикашыл мырзалардың жетегіне еріп кеткенін мінейді. Революция заманында «техникалық» және әскери басшылықтың маңызын кемітіп жүрген адамдарды Энгельс өлтіре сықақтаған болар еді, бұлай болатыны, өзгесін қойғанда мынадай-ақ көрінеді: Энгельс жұмысшылардың бакунист көсемдерін бұлар революциялық үкіметке кіріп алғаннан кейін, «саяси және *әскери* басшылықты» буржуазиялық республикашыл мырзаларға беріп қойды, ал өздері жұмысшыларды көпірмелі сөздермен және «әлеуметтік» реформалардың қағаз бетіндегі жоспарларымен қоректендіріп отырды деп кінәлайды.

Социал-демократияның нағыз якобиншіл болғандықтан, Энгельс жоғарыдан қыймыл жасаудың маңызын жақсы бағалап қана қойған жоқ, республикашыл буржуазиямен бірге революциялық үкіметке қатысудың орынды екенін айтып қана қойған жоқ, сонымен қатар ол мұндай қатысуды да және революциялық өкіметтің соғыс инициативасының жігерлі болуын да *талап етті*. Мұның өзінде Энгельс *соғыс жөнінен практикалық-басшылық* кеңестер бере отыруды өзімнің борышым деп санады.

Ол былай дейді: «Көтеріліс мағнасыз басталғанымен *де, оған еш болмаса зәредей мағналы бағыт беріліп*

отырған болса*, тіпті тым болмағанда испанның әскери бүліктерінің үлгісімен ұйымдастырылған болса, оның табысты болуы әбден мүмкін еді. Мұндай бүліктер кезінде бір қаланың гарнизоны көтеріліп, көршілес қалаға бет алады, оның күнілгері насихатталып қойған гарнизонын соңына ертіп алады, сонымен, көтерілісшілер тасқын судай көбейе-көбейе келіп, астанаға аттанады, сөйтіп қашан оңы келген бір ұрыс не болмаса оларға қарсы жіберілген әскерлердің осылар жағына шығып кетуі жеңіске жеткізгенше, осылай кете береді. Бұл әдіс осы ретте қолдануға ерекше қолайлы әдіс еді. Инсургенттер жер-жердің бәрінде де көптен-ақ еріктілер батальондарына ұйымдасып қойған еді; рас, бұларда тәртіп нашар болды, бірақ қайткенмен де бұл тәртіп бұрынғы, көбінесе таратылып жіберілген испан армиясының қалдықтарындағыдан гөрі төмен емес еді. Үкіметтің бірден-бір сенімді деген әскері жандармдар болды, бірақ олар бүкіл ел ішінде бытырап жатқан еді. Бұл арадағы міндет, ең алдымен, — осы жандармдардың бір жерге топталуына пұрсат бермеуде болды, ал бұлай етудің өзі тек тоқтаусыз шабуыл жасауға кіріскенде ғана және ашық майданға шығып батыл ұрысқа кіргенде ғана мүмкін еді. Мұндай қыймыл жасаудың пәлендей үлкен қаупі жоқ еді, өйткені үкімет бұл еріктілерге қарсы, тап солардың өздеріндей ғана, тәртібі нашар әскерлер шығара алатын еді. Ал жеңіп шыққысы келгендерге, осыдан өзге жеңу жолы болған жоқ».

Революциялық дүмпу заманындағы көтерілістің және тікелей күрестің міндеттері алға қойылған кезде, ғылыми социализмнің негізін салушы міне осындай пікір айтқан болатын! Көтеріліс шығарған ұсақ буржуазиялық республикашылдар болғанына қарамастан; социалистік төңкеріс жайында болсын, қажетті саяси бостандық жайында болсын пролетариат үшін мәселе көтерілмегеніне қарамастан, — осыған қарамастан, Энгельс республика үшін жүргізілген күреске жұмысшылардың аса

* Wäre er nur mit einigem Verstand geleitet worden. Байғұс Энгельс! Әттең, жаңа «Искрамен» ол таныс емес қой! Онда көтеріліс жүргізу (geleitet werden) жайындағы «якобиншілдік» идеялық қатерлі, зиянды, утопиялық, буржуазиялық, техника жөнінде сыңаржақ және заговорлық тайыз идея екенін білген болар еді!

белсенділікпен қатысуын орасан жоғары бағалады, Энгельс басталып отырған күресте пролетариат көсемдерінің барлық істерін жеңіс қажеттігіне бағындыруларын талап етті; Энгельс бұл ретте өзі де, пролетариат көсемдерінің бірі болғандықтан, соғыс ұйымының мүлде егжей-тегжейлеріне дейін қарастырып отырды; жеңіс мақсаты үшін керек болған күнде, Энгельс бұрынғы әскери бүліктердің ескі күрес әдістерін де елеусіз қалдырмады; Энгельс істің тетігі — революция күштерінің тоқтаусыз шабуылға көшіп, бір орталыққа бағындырылуында деп білді. Ол бакунистер «неміс шаруаларының соғысы заманында және 1849 жылы Германияда май айында болған көтерілістер кезінде лажсыз пәле болған нәрсені, атап айтқанда *революциялық күштердің бытыраңқылығы мен оқшаулығын*, белгілібір үкімет әскерлерінің жеке көтерілістерді бірінен соң бірін басуына мүмкіндік берген нәрселерді» принципке айналдырып жіберді деп оларды қатты кінәлады. Энгельстің көтерілісті жүргізу, революцияны ұйымдастыру, революциялық өкіметті пайдалану жөніндегі көзқарастары жаңа «Искраның» күйыршықтық көзқарастарынан жер мен көктей алыс жатыр.

Испан революциясының сабақтарын қорыта келіп, Энгельс ең алдымен былай дейді: «бакунистер, айтарлықтай революциялық жағдайға бетпе-бет кез болған жерде-ақ, өздерінің бұрынғы программасын солайымен лақтырып тастауға мәжбүр болды». Атап айтқанда, біріншіден, саяси істен, сайлаудан бастарту принципін, «мемлекеттік кұрту» принципін лақтырып тастауға тура келді. Екіншіден, «олар пролетариатты тезінен толық азат ету мақсатын көздемейтін революцияның кандайына болса да жұмысшылар қатыспауы керек деген принциптерін лақтырып тастады; олар өздері көрінеу кілең буржуазиялық қозғалысқа қатысты». Үшіншіден, — бұл қортынды дәл біздің талас мәселемізге жауап береді, — «олар соның алдында ғана өздері жарыялаған принципті: революциялық үкімет кұру дегеніміз тек жұмысшы табын тағыда алдағандық болады, оған тағыда опасыздық істегендік болады деген принципті аяққа басты, олар мұны аяққа басқанда, жеке калалардағы үкімет комитеттерінде жайбарақат мәжіліс кұрып отырып, онда да барлық жерде дерлік әлсіз азшылық бола отырып, буржуа мырзалардың көпшілігінен тізе көре отырып, олар-

дың саяси қанауына түсе отырып аяққа басты». Көтерілісті бастай білмей, революциялық күштерді бір орталыққа бағындыру орнына бытыратып жіберіп, революцияны жүргізуді буржуа мырзаларға тапсырып, Интернационалдың берік және мықты ұйымын таратып жіберіп, «Испанияда бакунистер бізге революцияны қалай етіп істеуге *болмайтындығының* адам таппастай үлгісін көрсетіп берді».

* * *

Жоғарыда айтылғанды жыйнақтағанда мынадай қортындылар табамыз:

1) Принцип жүзінде революциялық қыймылды төменнен ғана ықпал жасаумен тежеп, жоғарыдан да ықпал жасаудан бастарту *анархизм* болады.

2) Кімде-кім революция заманындағы жана міндеттерді, жоғарыдан қыймыл жасау міндеттерін түсінбесе, кімде-кім мұндай қыймылдың шарттары мен программасын анықтап айыра білмесе, ондай адам демократиялық революция атаулының кезіндегі пролетариат міндеттерін түк те түсінбеген болып шығады.

3) Социал-демократияның буржуазиямен бірге революциялық уақытша үкіметке катысуы орынды емес, мұндай катысудың қандайы болса да жұмысшы табына опасыздық еткендік болады дейтін принцип *анархизм* принципі болып табылады.

4) Әрбір «елеулі революциялық жағдай» пролетариат партиясының алдына көтерілісті саналы түрде жүргізу, революцияны ұйымдастыру, барлық революциялық күштерді бір орталыққа бағындыру, батыл соғыс шабуылын жүргізу, революциялық өкіметті аса зор жігермен пайдалану міндеттерін қояды.

5) Қазіргі революциялық кезеңде жана «Искраның» тактикасын Маркс пен Энгельс мақұлдаған емес және ешқашанда мақұлдамас та еді, өйткені бұл тактиканың мәнісі шындығында жоғарыда айтылып өткен барлық кателерді қайталату болып табылады. Маркс пен Энгельс жана «Искраның» принциптік позициясын пролетариаттың «сырт жағын» бағу, анархистердің теріс пікірлерін қайталау деп атаған болар еді.

Келесі мақаламызда біз революциялық уақытша үкіметтің міндеттерін талдауға көшеміз¹²⁵.

ТАСТАЛҚАН

Корей бұғазында болған теңіз ұрысы бүкіл дүние жүзі саяси баспасөзінің бар назарын аударды. Әуелі патша үкіметі осы жанға батарлық шындықты өзінің адал бұқараларынан жасырмақшы болды, бірақ бұл әрекеттен түк шықпайтынына тез-ақ көзі жетті. Бүкіл орыс флотының толық талқандалғанын жасыру бәрібір мүмкін болмас еді.

Соңғы теңіз ұрысының саяси маңызын бағалағанда, «Впередтің» 2-номерінде* Порт-Артурдың кұлауы жөніндегі айтқанымызды қайталап айтуға тура келеді. Патшалық Россияның соғыста толығымен күйреп қалғандығы сол кездің өзінде-ақ анық еді, бірақ балтық эскадрасы орыс патриоттарына әлі де үміт сағымын елестетуде болды. Соғыстың ақтық нәтижесі екі жақтың бірінің теңіз бетінде жеңетініне байланысты екенін жұрттың бәрі түсінді. Соғыстың жаман болып аяқталуы «ішкі жаудың», яғни революцияның жеңуімен барабар екенін самодержавие біліп отырды. Сондықтан ол қолында барының бәрін бәске тікті. Балтық эскадрасын жедел жөнелтуге жүз-жүз миллиондаған сом ақша жұмсалды. Ойдан-қырдан экипаж жыйналды, соғыс кемелерінің жолға шығуына ақырғы әзірлік жұмыстары абыл-құбыл аяқталды, әрі жаңа, әрі күшті бронды кемелерге «көне сандықтар» қосылып, бұл кемелердің саны көбейтілді. Осы ұлы армада — бүкіл Россия империясының нақ өзінен айнымаған, қарасы өте зор, ебедейсіз үлкен, өрескел, әлсіз, жұртты үркітетін армада — жолға шықты,

* Осы томның 34—43-беттерін қараңыз. *Ред.*

сөйтіп көмірге болсын, түрлі жабдыкка болсын, есепсіз ақша жұмсап, бүкіл Европаның мазағына ұшырап, әсіресе битараптықтың барлық ереже-талаптарын өрескіл аяққа басып балықшылардың қайықтарын тасталқан етіп жеңгеннен кейін, жалпы жұртқа күлкі болып жүре берді. Мейлінше кеміте есептегеннің өзінде бұл армада 300 миллион сомға түсті, ал онан тыс осы армаданың жөнелтілуіне 100 миллион жұмсалды, — жыйнағы патша самодержавиесінің осы соғысқа тіккен соңғы бәсіне 400 миллион сом шығын болды.

Енді осы соңғы тіккен бәстен де ұтылды. Мұның осылай болуын жұрттың бәрі де күткен еді, бірақ орыс флотының жеңілісі тап осындай сұрапыл қыйрау болып шығады деп ешкім де ойлаған емес. Орыс кемелерінің армасы, бейне тағылардың тобырындай үймелеп, тамаша қаруланған және қорғаныстың ең жаңа құралдарының бәрімен жарактанып алған жапон флотына түп-тура барып тап болды. Екі күн ұрыс болды, — соның нәтижесінде Россияның 12—15 мың адам экипажы бар жыйырма соғыс кемесінің он үші суға батырылды, жойылды, төртеуі тұтқынға түсті, тек біреуі ғана құтылып шығып, Владивостокке келді («Алмаз»). Экипаждың жартысынан көбі қырылды, Рождественскийдің «өзі» және оның ең жақын жәрдемшісі Небогатов тұтқынға алынды, ал бүкіл жапон флоты бар болғаны үш миноносынан ғана айырылып, ұрыстан аман шықты.

Орыстың соғыс флоты мүлде жойылды. Соғыс біржолата сәтсіздікке айналды. Орыс әскерлерінің Маньчжуриядан толық қуылуы, жапондардың Сахалин мен Владивостокты тартып алуы — енді тек таяудағы іс. Біздің көріп отырғанымыз тек соғыста жеңілу ғана емес, самодержавиенің соғыста бүтіндей күйреуі болып табылады.

Бұл күйреу патша өкіметінің бүкіл саяси системасының күйреуі деген сөз, жапондар жаңадан соққы берген сайын бұл күйреудің мәні Европаға да, бүкіл орыс халқына да айқындала түсіп отыр. Қазір бәрі де самодержавиеге қарсы түйлігіп отыр, — ірі буржуазия мен ұсақ буржуазияның ұлттық намысына тиген соққының ыза-сы да бар, армияның абыройына түскен дақтың ашуы да бар, мағнасыз соғыс авантюрасында қаза тапқан он мыңдаған, жүз мыңдаған жас өмірлердің күйініші де бар, миллиондаған халық қаржысын талан-таражға сал-

ғандарға өшігуде бар, осындай ұрыстың салдарынан болатын лажсыз финанстық күйреудің және ұзақ экономикалық дағдарыстың қаупі де бар, айбынды халық революциясының ызғарынан пайда болған қорқыныш та бар, бұл революцияны (буржуазияның ойынша) патшаның деркезінде «ақылға сыйымды» кеңшіліктер беру арқылы болдырмауы мүмкін де, керек те еді деседі. Бітімді талап ету қыймылы ұлғайып етек алуда, либералдық баспасөз кейіп бұрқануда, тіпті «шиповтык» бағыттағы жер иеленушілер сыяқты аса баяу элементтердің өздері де доқ көрсете бастап отыр, тіпті құлдық ұрып жүрген «Новое Времянің» өзі де дереу халық өкілдері шақырылсын деп талап етуде.

Патша өкіметінің аса сенімді сүйеніші болып табылатын Европа буржуазиясы да өзінің тағатын жоғалта бастады. Ол халықаралық қарым-қатнастарда лажсыз болатын қайта жіктелуден қорқады, жас, әрі тың Жапонияның өсіп бара жатқан күш-қуатынан қорқады, Европадағы соғыстық одақтасынан айырылып қалудан қорқады. Ол самодержавиеге кең-пейілділікпен қарызға берген миллиардтарын уайымдап мазасызданады. Ол Россиядағы революциядан да қатты қауіптенеді, өйткені бұл революция Европа пролетариатына күшті қозғау салып, бүкіл дүние жүзінде революция өртін тұтандырғалы отыр. Патша өкіметімен өзінің «достығын» кепілге салып, ол оны ақылмен іс істеуге шақырып отыр, бітім жасау қажеттігін — жапондармен және орыстың либералдық буржуазиясымен бітім жасау қажеттігін — айтып отыр. Жапониямен бітім жасаудың бағасы енді өте қымбатқа түсетініне Европа тіпті де көз жұмып отырған жоқ, қайта ол сырттағы соғыстың, іштегі революцияның әрбір жаңа айы озған сайын бұл бітімнің бағасы сөзсіз көтеріле беретінін және бүкіл «кеңшіліктер» саясатын тозандай ұшырып жіберетін революцияның бұрық ету қаупін арттыра беретінін әбден аңғарып есепке алып отыр. Самодержавиенің енді бетінен қайтуы аса қыйын екенін, мүлде мүмкін емес дерлік екенін, — өйткені оның істі тым асқындырып алғанын Европа түсініп отыр, міне сондықтан да ол, осы буржуазиялық Европа, өзін де, өзінің одақтасын да бұлдыр қыялмен жұбатуға тырысып отыр.

Мәселен, француздың патриот буржуазиясының газеті

«Le Siècle»* Корнелидің «Бір эпопеяның ақыры» деген мақаласымағында былай деп жазады: «Кәзір, орыстар алдымен кұрғақта бірқатар жеңіліске ұшырағаннан кейін, енді теңіз бетінде кыйратылып отырған кезде, олардың үкіметіне бітім жасасу және өзінің соғыс күштерін қайта кұру міндеті жүктеледі. Авантюрашыл үкіметтер өздерінің талап кұмарлығы салдарынан немесе өз қауіпсіздігін көздегендіктен кей кездерде қоластындағы халықтарын соғысқа тартуға мәжбүр болады. Мұндай үкіметтер күресте жеңіп шығу үшін өз өмірін қатерге тігетіні себепті, олар өз халықтарынан жаңадан жаңа кұрбандықтар талап етумен болады, сөйтіп оларды кұрып бітуге бастайды. Біздің Францияның екі империясының тарихы осындай болған. Егер өзімізде үшінші империя жасап ала алған болсақ, оның да тарихы осындай болған болар еді.

Ал орыс үкіметінің жағдайы мұндай емес, дәл керісінше; ол орыс халқының нағыз қалың бұқарасына табан тіреп отыр, сондықтан жалпысының басына бірдей келген бақытсыздық үкімет пен халықтың арасын айырып отырған жоқ, қайта тек оларды бір-бірімен бұрынғыдан да біріктіре түсіп отыр. Жеңілген Цезарь енді Цезарь емес. Бақытсыздыққа ұшыраған патша қасиетті, қадірлі патша болып қала беруі мүмкін».

Сабазың, сабазың! Француздың шовинист бақалшысының мақтаншақтығы «айдан анық екені» - соншалық, оның соғыс орыс үкіметі мен халқының арасын айырған жоқ деген сөзі жалпы жұртқа мәлім фактыларға мүлде қайшы келетіндігі соншалық, бұл мүлде кісі күлерлік нәрсе және орашолақ, аңқау адамның қулығы сыяктанып көрінеді. Нағыз «Цезарь» сыяқты сөзсіз күйреуге қарай көз жұмып, қасарысып кетіп бара жатқан өзінің досы мен одақтасын, орыс самодержецін осы күйреуден сақтандыру үшін француз буржуасы бұл Цезарьға басқа цезарьларға ұқсамағайсың, саған мұнан басқа, анағұрлым оңдырақ жол табылады деп жылы шыраймен ақыл айтып отыр! «Көңіл бұрса, көкірек сенеді» деген! Француз буржуазиясына күш қуаты мол, патша сыяқты одақтастың өте керек болып отырғаны соншалық, ол басқа түскен бақытсыздық орыс халқын патшамен бірік-

* — «Ғасыр». Ред.

тіреді деген романтикалық ертегімен өзін өзі жұбатып отыр. Әлбетте, бұл ертегіге Корнелидің өзі де онша сенбейді, — ал біз мұны тіпті де есепке алмауымыз керек.

Тек цезарьлардың үкіметтері ғана емес, сонымен қатар ескі династиялардан шыққан әбден заңды деген монархтардың үкіметтері де авантюрашыл болады. Тарихтан бақандай жүз жыл кейін қалған орыс самодержавиесінің авантюрашылдығы француз империаларының қай-қайсысынікінен болса да басымырақ. Нақ авантюристігі себепті Самодержавие осы мағнасыз, абыройсыз соғысқа халықты айдап салды. Енді сөйтіп өзінің түбіне өзі жеткелі отыр. Соғыс оның барлық күлменін ашты, оның әбден шіруі жетіп тозғандығын ашып берді, оның халықтан әбден қол үзгенін көрсетті, цезарьлық үстемдіктің бірден-бір сүйенішін қыйратты. Соғыс айбынды сот болып шығып отыр. Қаракшылардың бұл үкіметіне халық өзінің үкімін шығарып та қойды. Революция бұл үкімді орындайды.

*„Пролетарий“ № 3,
9 июнь (27 май) 1905 ж.*

*„Пролетарий“ газетінің тексті
бойынша басылып отыр*

РЕВОЛЮЦИЈАЛЫҚ КҮРЕС ЖӘНЕ ЛИБЕРАЛДАРДЫҢ ДЕЛДАЛДЫҒЫ

Саяси партиялардың дүниеге келуі біздің қызғылықты заманымыздың аса қызғылықты, ерекше өзгешеліктерінің бірі болып табылады. Ескі тәртіп, самодержавие, кыйрай бастаулы. Дәл қандай жаңа тәртіп құру керек және оны қалай құру керек екені жайында тек «қоғам» дегеннің, яғни буржуазияның топтары ғана емес, сонымен қатар «халықтың», яғни жұмысшы табы мен шаруалардың қалың топтары да барған сайын көбірек ойлауда. Сана-сезімі мол пролетариат үшін, әртүрлі таптардың программа белгілеу, саяси күрес ұйымдастыру жұмысын жолға қою жөніндегі талаптарының өте зор маңызы бар. Бұл талаптардың бір жағында қосыла жүрген кездейсоқтық, өз жөнімен лаққандық, кейде босқа сапырушылық көп болады, бұл талаптар көбінесе ешкімге жауап беруге міндетті емес және сондарына ерген түк қарасы жоқ жеке «қайраткерлерден» шығады, бірақ жалпы, тұтас алғанда ірі-ірі қоғамдық таптардың негізгі мүдделері мен беталыстары тоқтаусыз біліне береді. Әдепкі де шым-шытырық болып көрінетін мәлімдемелерден, талаптардан, программалардан біздің буржуазияның саяси бейнесі мен оның шын (тек бояма ғана емес) саяси программасы анық көрініп отырады. Қазір саяси қыймыл туралы сөз көтеріп жүрген орыс буржуазиясының түбінде қыймылы қандай боларын, Россия өте шапшаң жуықтап келе жатқан үзілді-кесілді революциялық күресте оның қандай позиция да болатынын байымдауға керекті материалдар пролетариаттың қолына барған сайын көптеп түсе бастап отыр.

Шет ел цензураның ешбір кедергісіне ұшырамай-ақ

шығып тұратын «Освобождение» орыс либералдарының толып жатқан сөздерін қорыта отырып, кейде буржуазияның саясатын зерттеу үшін аса бағалы материалдар да беріп қояды. Сол басып шығарған (немесе 5 апрельдегі «Новостиден» алынып басылған) «Освобождение одағының» программасы, П. С. мырзаның есте қаларлық ескертулерімен қоса, земство съездерінің қарарлары мен освобождениелік конституция жобасына айта қалғандай толықтыру болып табылады, бұл жоба туралы біз «Впередтің» 18-номерінде сөз қозғағанбыз*. «Осы программаның жасалып, дауысқа салынуы арқылы орыстың конституциялық-демократиялық партиясын құруға қарай мықты қадам басылды», — деп П. С. мырза дұрыс айтады.

Күмән жоқ, мұның өзі орыс либералдары үшін ұзақ уақыт дәуірлеп келген либералдық сөздердің ішінен ала-бөтен көзге түсетін мықты қадам екені рас. Алайда нағыз партия жасау үшін қажет болатын іске қарағанда, тіпті осы мақсатпен социал-демократияның істеп қойған ісіне қарағанда, либералдардың бұл мықты «қадамы» неткен ұсақ десеңізші! Пролетариатқа қарағанда, буржуазияның жарыя сөз сөйлеуіне еркіншілігі өлшеусіз мол, интеллигенттік күштері мен ақша қаражаттары да өлшеусіз көп, партия ұйымына керекті қолайлы жағдайлары да анағұрлым артық, — ал сөйте тұрса да осы біз көріп отырған «партияның» әлі күнге дейін ресми аты жоқ, жалпы, айқын және дәл программасы жоқ, тактикасы жоқ, партиялық ұйымы жоқ; бұл жөнінде хабары мол П. С. мырзаның айтуына қарағанда, осы «партия» «земство фракциясы» мен «Освобождение одағынан» яғни ұйымдаспаған қырықұру адамдардан және оларға қоса салған ұйымнан құралған. Мүмкін, затында, земство фракциясының мүшелері «партия мүшелері» болар, онда да олар программаны мойындап, «партия ұйымдарының бірінің бақылауымен», «Освобождение одағына» қарасты топтардың бірінің бақылауымен, жұмыс істейтін болар? Партия мүшелігін бұлайша түсінушілік социал-демократияның бүкіл рухына қаншалық жат болса, ол либералдарға соншалық лайықты, соншалық қолайлы нәрсе, олардың бүкіл саяси бет-әлпетіне соншалық ұй-

* Осы томның 445-бетін қараңыз. *Ред.*

лесімді. Партияны осылайша түсінуден (осы «партияның» жазулы уставынан емес, нақтылы құрылысынан байқалатын түсініктен) туатын нәрсе, бір есептен, мынау: партияның ұйымдасқан мүшелерінің, яғни «Освобождение одағы» мүшелерінің көпшілігі *бір палаталы системаны* жақтайды, бірақ сөйте тұрса да партияның ұйымдаспаған мүшелерінің ыңғайына бағып, екі палаталық системаны жақтайтын «земство фракциясының» ыңғайына бағып, өздерінің программасында бір палаталық системадан танып шығып отыр, үндемеске салып мәселені мүлде жауып қойып отыр. «Күштердің» арасалмағы саяси белсенді буржуазияға ғайыптың бұйырып қойғанындай болып отыр деуге болады: ұйымдасқан интеллигенттер ойлап-болжап жүр, ұйымдаспаған пайдакүнемдер, шонжарлар, капиталистер билеп-төстеп жүр.

П. С. мырза «Освобождение одағының» программасын бар ықласымен құттықтай отырып, *принципті түрде* программаның көмескі, олқы, шала болуын да, ұйымның тұрлаусыздығын да тактикалы үнсіздікті де жақтайды, жақтағанда «нақтылы саясат» көздеп жақтайды! Біз бұл сыяқты аса ғажап ұғымға, буржуазиялық либерализмнің бар сыйпатына өте-мөте лайық келетін ұғымға әлі қайтып ораламыз; ал енді либералдық программаның негіздерін талдауға көшейік.

Біз жоғарыда айттық, партияның ресми аты жоқ дедік. П. С. мырзаның оған беріп отырған аты да, байқауымызша, біздегі либералдық бағыт ұстаған жарыя газеттердің бетінде жүрген «конституциялық-демократиялық партия» деген ат. Атау туралы мәселенің маңызы әдепкіде каншама шамалы болып көрінгенімен де, расында осының өзінен де бізге бірден материал табыла кетіп отыр, буржуазияның пролетариаттан өзгеше болып, саяси тұрлаусыздыққа салынуға, тіпті оны «принципті түрде» қорғауға да *тиіс* болатыны неден екенін түсіндіретін материал табылып отыр, — осы айтқандай-ақ «*тиіс*» болатыны да рас, оның себебі, өзінің көсемдерінің субъективтік бет-ыңғайларынан яки қасиеттерінен ғана емес, тұтас бүкіл буржуазия табының өміріндегі субъективтік жағдайлардан болып отыр. «Конституциялық-демократиялық партия» деген ат салғаннан-ақ: тіл адамға ойын жасыру үшін берілген дейтін белгілі накылды еске түсіреді. «К-д. п.» деген ат партияның *монархистік*

сыйпатын жасыру үшін ойлап табылған. Расында, бүкіл осы партияның, оған бас болып жүрген билеп-төстеуші бөлегі — земство фракциясының да, «Освобождение одағының» да монархияны жақтайтынын кім білмейді? Анасы да, мынасы да республиканы тіпті әңгіме етпейді, мұндай әңгімені «маңызсыз» әңгіме деп есептейді, ал енді монархия олардың конституция жобасында түп-тура, апанық ел билеу формасы деп танылады. Демек, біздің бұл айтып отырғанмыз конституциялы монархияны жақтаушылардың партиясы, конституцияшыл монархистердің партиясы. Бұл факт, бұған ешбір күдіктенуге болмайды және «принципті түрде» республиканы мойындау жайындағы сөздердің (бірақ әзірінше біз «конституцияшыл демократтардан» мұндай сөздерді естігеніміз жоқ!) еш біреуі де бұл фактыны бекерге шығара алмайды, өйткені анығында мәселе тек «принципті түрде» мойындау жайында ғана емес, практикалық-саяси мойындау жайында, жеңіске жету ниеті мен күресу қажеттігін мойындау жайында болып отыр.

Бірақ істің бар мәнісі мынада: буржуа мырзалардың әлден-ақ өздерінің шын аттарын айтуына *болмайды*. Жалаңаш адамның көшеге шығуы қаншалық мүмкін емес болса, бұл да соншалық мүмкін емес нәрсе. Шындықты ашық айтуға болмайды, жұртқа есіттіріп aussprechen was ist (бар нәрсені айтуға) болмайды, неге десеңіз бұл нағыз сорақы және зыянды саяси артықшылықтардың бірін мойындаумен бірдей болып шығады, өзінің *анти-демократизмін* мойындаумен бірдей болып шығады. Саяси бостандық үшін күресіп жүрген буржуазия мұны мойындай алмайды, мойындамайтын себебі мұның тым масқара, ұят, сөкет нәрсе болғандығынан ғана емес. Жоқ, буржуазиялық саясаттың адамдары, өздерінің мүдделеріне сәйкес келетін болса, ешқандай сөкеттікпен санаспайды. Ал кәзір олардың *мүдделері* үшін бостандық қажет болып отыр, ал бостандыққа *халықтан тыс* жетуге болмайды, және де өздерін «демократ» деп (= халық самодержавиесінің жақтаушысы деп) атамайынша *өздерінің монархизмін жасырмайынша*, халықтың қолғабысын алуына болмайды.

Сонымен, буржуазияның таптық жағдайы оның негізгі саяси міндеттерін алға қоюының өзінде оны ішкі тұрлаусыздыққа, жалғандыққа сөзсіз ұшыратады: бостандық

үшін, самодержавиенің ғасырлар бойы келе жатқан артықшылықтарын күрту үшін жүргізілетін күрес жеке меншіктің артықшылықтарын жақтаушылықпен сыйыса алмайды, өйткені бұл артықшылықтар монархияны «мәпелеп ұстауға» мәжбүр етеді. Сондықтан да монархиялық конституцияның нақтылы программасы демократиялық конституцияның жарқыраған әсем пердесін жамылып шығады. Ал енді программаның нақтылы мазмұнын көрінеу жалған сырмен осылай бояушылықты «нақтылы саясат» деп атап жүр... Сондықтан либералдық буржуазияның идеологі адам айтқысыз такаппарлықпен, көңлі көншіген кісімсіп, «әсірепартиялардың өкілдері» «теория ләззатына» беріліп жүр дегенді айтады («Освобождение» № 69—70, 308-бет). Буржуазияның қытымыр саясатшылары республика туралы сөз сөйлеп те, тіпті керек десе қыял ойлап та ләззат алғысы келмейді, өйткені олар республика үшін күрескісі келмейді. Бірақ дәл сондықтан да олар халықты «демократизм» елесімен *ләззаттандыруға* күштарланады. Олар монархиядан бастартуға өздерінің қабілетсіз екені жөнінде өздерін өздері алдағысы келмейді, міне дәл сондықтан да олар өздерінің монархизмін жасырып халықты алдауға тиісті.

Көріп отырсыздар, партияның аты, кісіге ә дегенде байқалатыны сыяқты, әсте кездейсоқ нәрсе емес, әсте маңызы кем нәрсе емес. Кейде партияның атының тым шақырайып, әсем көрінуінің өзі-ақ партияның бүкіл программасы мен бүкіл тактикасының ішкі мазмұны мейлінше сұмпайы екенін білдіріп тұрады. Ірі буржуазияның идеологі өзінің монархияға берілгендігін неғұрлым іштей мықты сезетін болса, оның барша жұртты демократпын деп сендірмекші болып ант-су ішіп қарғануы да соғұрлым күшті болады. Усақ буржуазияның идеологі сол буржуазияның турақсыздығын, оның демократиялық революция мен социализм жолында табаны таймай, беті қайтпай күресуге қабілетсіздігін неғұрлым көбірек білдіретін болса, оның «социалист-революционерлер» партиясы туралы екпіндеп сөз сөйлеуі де соғұрлым күшті болады, ал шынында бұл партияның социализмі әсте революциялық социализм емес, оның революцияшылдығы әсте социализммен байланысты емес деп айтылған пікір дұрыс болатын. Енді тек самодержавиені жақтаушылардың өздеріне «халық партиясы» деп ат қоюы ғана қа-

лып отыр (олар талай рет осылай етпекші болған да), сонда біз саяси жарнамаларда таптық мүдделердің өңі қалай өзгеріп шығатындығын толық көретін боламыз.

Либералдық буржуазияның жарнамасы (немесе «Освобождение одағының» программасы), кәдімгідей жарнама болған соң, мынадай ұтымды сөздерден басталады: ««Освобождение одағы» былай деп біледі: Россия бастан кешіріп отырған ауыр дағдарыс — сыртқы дағдарыста, ішкі дағдарыста кәзіргі уақытта тіпті аскынып кетіп отыр, сондықтан халық осы күнгі тәртіпке қарсы шыққан басқа да қоғам топтарымен бірге, осы дағдарысты шешу ісін өз қолына алуға тиісті».

Сонымен, өкімет халықтың қолына көшсін, патша самодержавиесінің орнына халық самодержавиесі жасасын деу қой. Осылай емес пе, мырзалар? Демократизмнің талап етіп отырғаны осы емес пе?

Жоқ, бұлай болғанда теория ләззәтіне берілгендік болады, нақтылы саясатты түсінбегендік болады. Кәзір бүкіл өкімет билігі самодержавиелік монархияның қолында. Оған қарсы шыққан халық бар, яғни пролетариат пен шаруалар бар, олар кәзірде күрес бастады, бұл күресті жанаямай жүргізіп те жатыр, олар тегінде... тегінде жауын толық құлатқанға дейін осы күрестің соңына түсуін қоймайтын сыяқты. Бірақ «халықпен» қатар «басқа да қоғамдық топтар» бар, яғни «қоғам» бар, яғни буржуазия, жер иелері, капиталистер, профессионал интеллигенция бар. Әне соның үшін өкіметті үшке тең бөлу керек деседі. Мұның үштен бірін монархияда қалдырып, екінші үлесін буржуазияға беру керек (төте емес және, мүмкін болғанынша, іс жүзінде тең емес, жалпыға бірдей емес сайлау правосына негізделген жоғарғы палата), қалған үлесі халыққа берілмек (жалпыға бірдей т. с. сайлау правосына негізделген төменгі палата). Бөлістің «әділі» осы болмақшы, мұндай бөліс жеке меншікті мықтап қорғау ісін қамтамасыз етеді және, егер халық «әсіресе партиялар өкілдерінің тек теория ләззәтіне берілгендіктен ғана» ұсынып жүрген «ақылға сыйымсыз» талаптарының біріне «еріп кете қоятын» заман болса, сол халыққа қарсы монархияның ұйымдасқан күшін (әскерін, бюрократиясын, полициясын) жұмсауға мүмкіндік береді. Революцияшыл халықты түк залалсыз азшылыққа айналдырып, үштен бір үлеске телміртіп қоятын бұл әділ

бөлістің өзі монархизм негізінде емес, буржуазиялық артықшылықтар негізінде де емес, «демократизм негізінде күрделі өзгеріс жасау» болады-мыс.

Бұл бөлісті қалайша жүзеге асыру керек? Әділ делдалдық жолымен жүзеге асырмақ. Мұны П. Струве мырза Виттенің хатына арнаған алғысөзінде әлдеқашан сәуегейлікпен болжап көрсеткен болатын, ол әсірепартиялардың арасындағы күрес ұласа берсе, қашан да баяу партиялар ұтады деген-ді. Самодержавие мен революцияшыл халық арасындағы күрес ұласа түсуде. Бұл екеуінің арасында бұлталаққа салу керек, самодержавиеге қарсы шығарда революцияшыл халыққа сүйену керек (оны «демократизм» арқылы алдап түсіру керек), революцияшыл халықтың «ұшқарлығына» қарсы шығарда монархияға сүйену керек. Шебер бұлталақтаған күнде сөзсіз жоғарыда айтылған бөліс сыяқты бір нәрсе шығады, сонда буржуазияға ең кемінде «үштен бірі» кайтсе де, сөзсіз тиеді, ал халық пен самодержавие арасында үлестің қалай бөлінетіні олардың арасындағы табан тірескен күрестің нәтижесіне байланысты. Кімге көбірек сүйену керек екені әр кезеңдегі жағдайға байланысты — жалдаптық саясаттың, яки «нақтылы» саясаттың мәніміне осындай.

Кәзіргі кезеңде бүкіл өкімет әлі самодержавиенің қолында. Сондықтан да өкіметті халық өз қолына алуға тиіс деп сөйлеу керек. Сондықтан да демократпыз деп аталу керек. Сондықтан да «орыс конституциясын жасап шығару үшін жалпыға бірдей т. с. сайлау правосы негізінде дереу құрылтай жыйналысы шақырылсын» деп талап ету керек. Кәзір халық қарусыз, бытыраңқы, самодержавиелік монархияға қарсы ұйымдаспаған, күшсіз. Бүкілхалықтық құрылтай жыйналысы оның басын қосады, сонда ол патшаның күшіне қарсы тұратын мықты күш болып шығады. Әне нақ сонда, патшаның күші мен революцияшыл халықтың топтасқан күші бір-біріне қарама-қарсы келген кезде, дәл сол кезде буржуазияның нағыз күні туады, тек сол кезде ғана нәтиже өнуіне әбден сене тұрып, бұл екі күшті «үйлестіруге» болады және дәулетті таптарға аса тиімді нәтиже шығарып беруге болады.

Либерализмнің қытымыр саясатшыларының есебіміне осындай. Ақылсыз есеп емес. Монархияның сақталып

калуы және бүкілхалықтық құрылтай жыйналысының монархиямен тек қана қоса-қабат болуы бұл есепке әбден көре-біле кіргізіліп отыр. Буржуазия осы күнгі өкіметті құлатуды, монархияның орнына республика орнатуды қаламайды. Сондықтан россиялық буржуазия (1848 жылғы герман буржуазиясының үлгісі бойынша) халық пен патшаның «келісімге келуін» жақтайды. Осы келісу саясатының табысты болуы үшін күресуші екі жақтың бірде-бірі, халық та, патша да, толық жеңіп шыға алмауы керек, сөйтіп олар бір-бірімен тепе-тең келіп тұруы керек. Сонда, тек сонда ғана буржуазия монархиямен қосыла алады, халықты бағынуға бұйыра алады, халықты өкіметтің «үштен бір» үлесіне... немесе мүмкін жүзден бір үлесіне де қанағаттануға мәжбүр ете алады. Бүкілхалықтың құрылтай жыйналысының патшаны конституция беруге мәжбүр ету үшін жеткілікті күші болады, бірақ одан асарлық күші болмайды және болуға да *тиіс емес* (буржуазияның мүдделері тұрғысынан қарағанда осылай). Бұл жыйналыс тек монархиямен тең түсіп тұруға тиіс, бірақ оны құлатуға тиіс емес, өкіметтің материалдық құралдарын (әскерді т. б.) монархияның қолында қалдыруға тиіс.

Освобождениешілдер патшаға өкімет күшін, ал халыққа ой-пікір күшін беріп қойғысы келетін шиповшылдарды мазақтайды. Ал дұрысына келгенде освобождениешілдердің өздері де сол шиповшылдардың позициясында тұрған жоқ па? Өйткені олардың өздері де халыққа *бүкіл* өкіметті бермекші емес қой, олардың өздері де патша өкіметінің халық пікірімен *келісуін* жақтайды ғой!

Сонымен, біз мынаны көріп отырмыз: буржуазияның гаптық мүдделері кәзіргі революциялық кезеңде мүлде табиғи түрде және лажсыз бүкілқалықтық құрылтай жыйналысы ұранын көтеруге, *ал революциялық уақытша үкімет ұранын тіпті де көтермеуге* дем беріп отыр. Бірінші ұран — келісімпаздық, жалдаптық, делдалдық саясаттың ұраны болып табылады немесе сондай ұран болып отыр. Екінші ұран — революциялық күрес ұраны. Бірінші ұран — монархияшыл буржуазияның ұраны, екінші ұран — революцияшыл халықтың ұраны. Бірінші ұран, халықтың революциялық тегеурініне қарамастан, бәрінен де гөрі монархияны сақтап қалу мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Екінші ұран — республикаға тура жол

ашады. Бірінші ұран өкіметті патшаның қолында қалдырады да, мұны тек халықтың пікірімен ғана тежемек болады. Екінші ұран шын мәнісінде халық самодержавиесіне бұлжымай, тура бастайтын бірден-бір ұран.

Саяси міндеттерді белгілеудегі либералдық буржуазия мен революцияшыл пролетариат арасындағы тек осы негізгі айырманың өзінен ғана біз «освобождениешілдердің» программасының, жоғарыда айтылғандардан да басқа, бірқатар ұсақ сыйпаттарын түсінеміз. Тек осы тұрғыдан қарағанда ғана освобождениешілдердің былай деп ескертуі, мәселен, Одақтың қарарлары «тек саяси жағдайлар өзгертусіз қалған күнде ғана *міндетті* болып саналады», программада «уақытша және шартты элементке» рұхсат етіледі деп ескерту жасауы неліктен қажет болғанын түсінуге болады. Бұл ескерту (П. С. мырзаның түсініктерінде толық өте «дәмді» сөзбен өрістетілген ескерту) халықты патша үкіметімен «жарастыруды» көздейтін партияға сөзсіз қажет. Бұл ескерту жалдаптық («нақтылы») саясатқа бола «Освобождение одағының» мүшелері өздерінің демократиялық талаптарының талай-талайынан-ақ танып шығатынын айдан анық аңғартады. Олардың программасы өздерінің бұлжымас пікірлерін білдірмейді (мұндай нәрселер буржуазияға тән емес), неге бола күресу міндет екенін көрсетпейді. Жоқ, олардың программасы — жәй *асыра сұрау ғана*, бұл тек шайқасушы тараптардың әрқайсысының «табандылығына» қарай, сұралып қойған «бағаны кемітуге» лажсыз тура келетінін күн ілгері ескеріп қойғандық. *Конституцияшыл-«демократияшыл»* (дұрысы: *конституцияшыл-монархияшыл*) буржуазия патша өкіметімен өзінің *кәзіргі программасынан гөрі арзанырақ бағаға келіседі*, — бұған ешбір күмән жоқ, ал саналы пролетариат бұл жөнінде ешқандай жалған үмітке беріліп кетпеуге тиіс. П. С. мырзаның минимум программа мен максимум программаны айырып көрсетуге «жалпы қатаң программалық қарарларға» қас болатын себебі осыдан. П. С. мырзаның «Освобождение одағының» программасы (белгілі талаптарды дәл тұжырымдамай, оларды қасақана тек әдеби түрде, шамамен ғана, *баяндау* жолымен жазылған программасы) «нақтылы саясат мақсаттарын көздейтін партия үшін *әбден жеткілікті*» деп сендірмек болып отырған себебі осыдан. «Демократ»-монархистердің про-

граммасында халықты қаруландыру туралы айтылмай кетуі, шіркеуді мемлекеттен бөлектеу талабын үзілді-кесілді тұжырымдаудан бастарту, жанама салықтарды жою мүмкін емес деп өжеттену, езілген ұлттардың саяси билігін өздеріне берудің орнына олардың мәдениет биліктерін өздеріне беру дегенді сылтаурату себебі осыдан. Демократизм мен капитал мүдделері байланысты деп аңғырт-ашық мойындаудың себебі, «жеке кәсіпорындар мен кәсіп иелеріне қамқорлық етудің» орнына «халықтың өндіргіш күштерінің дамуына баса қамқорлық ету», «өнеркәсіптің гүлденуіне» көмектесу т. т. сондайлар қажет деп мойындаудың себебі осыдан. Аграрлық реформаны барып тұрған бюрократтық жолмен шаруаларға жер «бөліп беру» ісіне айналдырушылық, сонымен бірге помещиктердің шаруаларға кететін жерлері үшін «ақы төлеуге» міндетті кепілдік берушілік, — яғни, басқаша айтқанда, кіріптарлық және крепостниктік «меншікке» қол сұғылмауын жанталаса қорғаушылық осыдан. Қайыра айтайық, мұның бәрі буржуазияның, тап ретіндегі, осы заманғы қоғамдағы жағдайының табиғи және лажсыз нәтижесі болып табылады. Мұның бәрі пролетариаттың революциялық күрес жүргізу саясатының либерал делдалдығы жөніндегі буржуазия саясатынан мүлде өзгеше екенін ыспаттайды.

*„Пролетарий“ № 3,
9 июнь (27 май) 1905 ж.*

*„Пролетарий“ газетінің
қолжазбамен салыстырылған
тексті бойынша басылып отыр*

ЕВРЕЙ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНА¹²⁸

Партия Орталық Органының редакциясы РСДЖП III съезі туралы есепті еврей тілінде басып шығара отырып, есептің осы басылуы жөнінде бірнеше сөз айтуды қажет деп табады.

Бүкіл дүние жүзіндегі саналы пролетариаттың өмір жағдайының алған бағыты түрлі ұлтқа жататын жұмысшылардың жоспарлы социал-демократиялық күресінде неғұрлым көбірек байланыс, неғұрлым күштірек бірлестік болуын көздейді. «Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!» деген ұлы ұран, тұңғыш рет осыдан жарты ғасырдан да бұрынырақ жарыя болған ұран, кәзір тек түрлі елдердің социал-демократиялық партияларының ғана ұраны болып отырған жоқ. Бұл ұран халықаралық социал-демократияның тактикасын бірлестіру ісінде болсын, сол сыяқты белгілібір деспоттық мемлекеттің езгісінде бостандық үшін, социализм үшін күресіп жатқан түрлі ұлттардың пролетарларын ұйымдастыру жөнінен бірлікке келтіру ісінде болсын барған сайын үдемелеу орын алуда.

Россияда барлық ұлттардың жұмысшылары, әсіресе орыс ұлтына жатпайтын жұмысшылар, басқа ешбір мемлекетте болмаған экономикалық және саяси езушілікке түсіп отыр. Еврей жұмысшылары тек өздерін правосыз ұлт ретінде қысымға алып отырған жалпы экономикалық және саяси езуден ғана азап көріп отырған жоқ, сонымен қатар оларды ең зәру азаматтық праволарынан айырып отырған езуден де азап көріп отыр. Бұл езу неғұрлым ауыр болған сайын, түрлі ұлттардың пролетарларының өзара мүмкін қадерінше тығызырақ бірігуі со-

ғұрлым қатты қажет болып отыр, өйткені мұндай бірлік болмаса, осы езгіге қарсы жеңісті түрде күресу мүмкін емес. Қарақшы патша самодержавиесі өзі езіп-жаныштап отырған ұлттардың арасында алауыздық, сенбестік, өшпенділік отын жағуға неғұрлым көбірек тырысса, оның қараңғы бұқараны айуандық қырғынға айдап салатын саясаты неғұрлым жексұрын болса, — түрлі ұлттардың барлық бытыраңқы социал-демократиялық партияларын біртұтас россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясына біріктіру жолында жұмыс істеу міндеті біздерге, социал-демократтарға соғұрлым көбірек жүктеледі.

Партиямыздың 1898 жылы көктемде болып өткен I съезі нақ осындай бірлікті жүзеге асыру міндетін көздеді. Партия өзінің ұлттық сыйпаты туралы ешбір ойтуғызбау үшін өзіне орыс партиясы деп ат қоймай, россиялық партия деп ат қойды. Еврей жұмысшыларының ұйымы — Бунд партияның автономиялы бір бөлегі болып кірді. Бірақ амал не, сол кезден бастап бір партиядағы еврей социал-демократтары мен еврей емес социал-демократтардың бірлігі жойылды. Бунд қайраткерлерінің ішінде ұлтшылдық идеялар етек ала бастады, бұл идеялар социал-демократияның бүкіл дүниеге көзқарасына мүлде қайшы келді. Еврей жұмысшылары мен еврей емес жұмысшыларды жақындастыруға тырысудың орнына, Бунд әуелгілерді соңғылардан айырып алу жолына түсе бастады, өзінің съездерінде еврейлердің ұлт есебінде оқшауланып шығуын мадақтай бастады. Бундты партиямен бұрынғыдан да күштірек бірлестіру бағытындағы Россиялық социал-демократия партиясының I съезінің бастаған жұмысын жүргізе беру орнына Бунд партиядан бөлініп шығу жағына қадам басты: Бунд ең әуелі РСДЖП-ның шет елдегі біртұтас ұйымынан шықты да, шет елде дербес ұйым құрды, ал кейінірек, 1903 жылы, біздің партиямыздың II съезі едәуір көпшілік дауыспен Бундты еврей пролетариатының бірден-бір өкілі деп танудан бастартқан кезде, Бунд РСДЖП-дан да шығып кетті. Бунд еврей пролетариатының бірден-бір өкілімін дегенімен ғана қоймай, оның үстіне, өзінің ісінде ешбір аудан шегіне карамайтындығын жақтап тұрып алды. РСДЖП-ның II съезі, әлбетте, мұндай шарттарды қабылдай алмады, себебі бірсыпыра облыстарда, мә-

селен, оңтүстік Россияда ұйымдасқан еврей пролетариаты жалпы партиялық ұйымға кіріп отыр. Осымен санаспастан, Бунд партиядан шығып кетті, сөйтіп, II съезде бас қосып істеген жұмысқа қарамай-ақ, партияның программасы мен ұйымдастыру уставына қарамай-ақ, социал-демократиялық пролетариаттың бірлігін бұзды.

Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясы өзінің II және III съездерінде Бундтың партиядан бұлшығуы оның аса зор және өкінішті қателігі деп өзінің берік сенімін білдірді. Бундтың істеген қатесі — оның принцип жағынан түкке тұрмайтын ұлтшылдық көзқарастарының нәтижесі: еврей пролетариатының бірден-бір өкілдігіне емін-еркін ие болуды көздейтін кыйсынсыз талабының, федералистік ұйым принципін лажсыз туғызатын талабының нәтижесі: өзін өзі партиядан қашықтап, оқшауландыру жөнінде, көп жылдар бойы жүргізген саясатының нәтижесі. Қозғалыстың келешекте өсуімен бұл қате түзетілуге тиіс және сөзсіз түзетіледі де, — бұған біз кәміл сенеміз. Біз өзімізді — идея жағынан еврейдің социал-демократиялық пролетариатымен бір деп есептейміз. II съеден соң біздің Орталық Комитет ұлтшылдық саясат жүргізген жоқ, қайта, еврей жұмысшыларын болсын, еврей емес жұмысшыларды болсын жергілікті жұмысшылардың бәрін біртұтас етіп бірлестіретін комитеттер (Полесье, Солтүстік-Батыс) ұйымдастыруды көздеді. РСДЖП-ның III съезінде жаргон тілде әдебиет шығару туралы қарар алынды. Осы қарарды орындауды қолға алып, біз енді РСДЖП-ның III съезі туралы орыс тілінде басылып шыққан есептің толық аудармасын жаргон тілде бастырып отырмыз. Бұл есептен еврей жұмысшылары, — кәзір партиямызда тұрғандары да, сондай-ақ уақытша онан тыс қалып отырғандары да, — партиямыздың қалай дамып отырғанын көреді. Еврей жұмысшылары бұл есептен партиямыздың II съеден бері зардап шеккен ішкі дағдарыстан енді құтыла бастағанын көреді. Олар біздің партиямыздың шын көздегені не екенін және басқа ұлттық социал-демократиялық партиялар мен ұйымдарға қалай қарайтынын көреді, сол сыяқты бүкіл партияның және оның орталығының өз құрамына кіретін жеке-жеке бөлімдеріне қалай қарайтынын да көреді. Ақырында, олар, — бұл ең бастысы, — РСДЖП-ның III съезі бүкіл саналы пролетариаттың кә-

зіргі революциялық кезеңдегі саясаты жөнінде қандай тактикалық директивалар жасап шығарғанын көреді.

Жолдастар! Патша самодержавиесіне қарсы саяси күрестің, — Россиядағы барлық таптар мен халықтардың бостандығы жолындағы пролетариат күресінің, социализмге талпынған пролетарлық талаптың бостандығы жолындағы күрестің мезгілі жақындап келеді. Біз алда сұрапыл сынақтардан өтпекпіз. Россиядағы революцияның немен аяқталатыны біздің саналылығымыз бен әзірлігімізге, біздің бірлігіміз бен батылдығымызға байланысты. Жұмысқа неғұрлым батыл, неғұрлым ынтымақты түрде кірісейік, түрлі ұлттардың пролетарлары бостандықты нағыз біртұтас Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясының басшылығымен қарсы алуы үшін қолымыздан келетін шараның бәрін істейік!

Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясы Орталық Органының редакциясы.

*1905 ж. майдмң аяғында
(июньнің басында) жазылған*

*Бірінші рет 1905 жылы
„Россиялық социал-демократиялық
жұмысшы партиясының III съезі
туралы хабар“ деген атпен еврей
тілінде шыққан кітапшаның алғы-
сөзі ретінде басылған*

*Кітапшаның тексті бойынша
басылып отыр. Еврей
тілінен аударылған*

ЖАҢА РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫСШЫ ОДАҒЫ

Біз Россия азаттық одағы (РАО) Орталық Комитетінің Россияда басылып таратылған үндеулерін алдық: 1) РАО-ның мақсаты мен сыйпатын баяндайтын, бірақ ешкімге жолданбаған үндеу; 2) РАО Жұмысшы одағының құрылуы жайында жұмысшыларға жолданған үндеу және 3) осы Жұмысшы одағының уставы. Бұл документтерге қарағанда, «РАО — өзіне ғана тән белгілі программасы бар әлденендей бір партия емес, — мұның өзі қарулы көтеріліс арқылы», жалпыға бірдей, т. с. сайлау правосы негізінде «құрылтай жыйналысын шақыру жолымен өкіметті самодержавиенің қолынан алып халыққа беруді тілейтіндердің бәрінің одағы болып табылады». Бірінші үндеуде былай делінген: «Жалпыға бірдей жуық мақсатқа, құрылтай жыйналысына жетудің зәру қажеттілігі РАО-ның ұйымдасуына себеп болды, ал мұның көздеп отырған мақсаты — Россияның саяси бостандық алуын және революция ісін алға бастыруды көздейтіндердің бәрін топтастыру. Ал осы мақсат орындалған кезде РАО өзінің жұмысын тоқтатады да, халық өкілдері мен қоғам қауіпсіздігін қорғау ісін ұйымдасқан азаматтық милицияға жүктейді».

Жұмысшы одағының уставы 43 параграфтан құралған. Жұмысшы одағының мақсаты былайша белгіленген: «1) қарулы көтеріліс жасау үшін жасақтар ұйымдастыру; 2) қару-жаракқа және нағыз пролетарлық сыйпаттағы әдебиетке қажетті ақша қаражатын жыйнау». Жұмысшы одағының ұйымы төрт сатылы коллегиялардан құралады: 1) жұмысшылар топтары (көбінесе бір мастерскойдың ішіндегі жұмысшылар); 2) завод кеңестері;

3) аудандық жыйналыстар; 4) Жұмысшы одағының комитеттері. Жоғарғы коллегиялардың бәрі де төменгі коллегиялардың сайланып қойылған өкілдерінен құралады, мұнан тысқары екі нәрсе бар: біріншіден, Жұмысшы одағының комитеттеріне Россия азаттық одағы Орталық Комитетінің бір-бір мүшесі кіреді; екіншіден, Орталық Комитеттің сайлануы туралы, оны қай ретпен бақылау керек екені туралы бір ауыз да сөз айтылмаған. Жұмысшы одағының РАО-ға қатнасы қандай болатыны туралы тек былай делінген: «Біз арқылы (РАО Орталық Комитеті арқылы) Жұмысшы Одағы барлық басқа жұмысшы одақтарымен және жұмысшы еместердің одақтарымен байланыс жасайды». РАО-ның өзінің ұйымдасуы туралы, оның Орталық Комитетінің бүкіл РАО-ға қатнасы қандай екені туралы ешнәрсе айтылмайды. Жұмысшыларға арналған үндеуінде РАО Орталық Комитеті өзінің тікелей міндетін былайша баяндайды: «Біз көтерілістің егжей-текжейлі жоспарын жасап шығарамыз, сендерге жасактарды қалай құру керек екенін көрсетеміз, қалайша қарулану керек екенін үйретеміз, атыс құралдарын жыйнастырамыз. Ақырында, біз Россияны самодержавие езгісінен азат етуді тілейтіндердің, қала-қалаларда, жер-жерлерде бытырап жүргендердің бәрінің қыймылын біріктіреміз, сөйтіп жаппай көтеріліс жасауға белгі береміз». Ақырында, тағыда бір көрсететініміз, РО уставында (§ 4) былай делінген: «Жұмысшы одағын құруға шақырған үндеу С.-Петербургтегі және оның төңірегіндегі барлық заводтарға таратылады».

Жоғарыда айтылғандардан белгілі болған жағдай, бұл арада біз жалпы алғанда қарулы халық көтерілісін, жеке алғанда Петербург жұмысшыларының көтерілісін партиядан тыс, «дербес» ұйымдастыру әрекетін көріп отырмыз. Бұл әрекеттің қаншалық парқы бар екенін біз бұл арада айтып жатпаймыз — бұл жайында тек оның нәтижелері бойынша ғана түпкілікті пікір айтуға болады, ал алдын-ала тек РАО жайындағы көлденең хабарлар мен құпия мәліметтер бойынша ғана пікір айтуға болады; бірақ ол туралы бізде *ешқандай* мәліметтер жоқ. Біз енді бұл әрекеттің принциптік маңызын бағалауға және оның социал-демократияның алдына қойып отырған тактикалық және ұйымдастыру міндеттеріне тоқтап өтпекпіз.

Күмән жоқ, біз бұдан халықтың қарулы көтерілісі ту-

ралы мәселенің қаншалық мезгілі жеткен мәселе екенін ыспаттайтын мықты дәлелдердің бірін көріп отырмыз. Енді бұл мәселені теоретиктер емес, практиктер көтеріп отыр. Бұл мәселе белгілі программадан туған қортынды ретінде қойылып отырған жоқ (мәселен, 1902 жылы бұл мәселе шет елдегі социал-демократиялық әдебиетте осылайша қойылған болатын)*, практикалық қозғалыстың зәру қажетті мәселесі ретінде қойылып отыр. Бұл арада мәселені талқылау туралы, тіпті жалпы көтерілісті әзірлеу туралы да сөз болып отырған жоқ, көтерілісті тікелей жүргізу туралы сөз болып отыр. Анығында, өмірдің бүкіл ағымы көтеріліске келіп *тіреліп отыр*, бостандық жолындағы бүкіл күрес дәл осындай үзілді-кесілді нәтижеге жету қажеттігін туғызып отыр. Өзгесінен бұрын мұнан көріп отырған бір жағдай — осындай міндетті күн тәртібіне тікелей қоядан партияны кері сүйреуге әрекеттенетін социал-демократтар қатты қателеседі.

Сонан соң, бұл біз тексеріп отырған әрекет Россиядағы *революцияшыл демократияның* ілгері қарай зор қадам басқанын көрсетеді. Біз самодержавиеге қас күштердің, партиялардың және ұйымдардың ішінде осы жаңа топтың пайда болғанын әлде қашан «Впередтің» 7-номерінде-ақ көрсеткенбіз**. Біз былай дегенбіз: Россияда болып жатқан революцияның, атап айтқанда: буржуазиялық-демократиялық революцияның бүкіл сыйпаты неше алуан жауынгер элементтердің өсіп, көбеюіне сөзсіз жағдай туғызады және осылай ете бермек те, бұл элементтер халықтың неше алуан топтарының мүдделерін білдіреді, бұлар үзілді-кесілді күреске әзір, бостандық ісіне жан-тәнімен берілген, бұл іске несін болса да құрбан етуге әзір, бірақ бұлар болып жатқан революцияның тарихи маңызын, оның таптық мазмұнын айыра білмейді және айыруға қабілетсіз. Қазіргі заманда бүкіл халықты самодержавие езіп отырған кезде және ашық саяси күрес таптардың арасын біржолата жіктеп, айқын, тіпті қалың бұқараларға да түсінікті партия жасап бола қоймаған кезде мұндай қоғамдық элементтердің тез өсуі өте табиғи нәрсе. Ал нақ осындай жіктеліп жетпеген, өз

* Қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 5-том, қазақша 559-бет. Ред.

** Осы томның 162—163-беттерін қараңыз. Ред.

орнын тауып үлгірмеген элементтер революцияшыл демократияның айтулы кадрлары болып табылады. Демократиялық революция үшін бұлардың жауынгерлік маңызы өте зор: бұлардың партиядан тысқары болуы, әрі-сәрі күйде болуы, бір жағынан, халықтың аралық топтарының, капиталистік қоғамдағы кастасқан екі таптың біріне онша қосыла қоймаған топтардың, шаруалар, ұсақ буржуазия, т. с. топтарының жанталасқан күреске, қөтеріліске шыға бастағанын көрсететін белгі. Екінші жағынан, партиядан жоқ осы революционерлердің революциялық жолға түсуі мынаған кепіл болады: таптық шеңберден мейлінше алыс жатқан, барлық жағынан кейін қалған халық топтары енді оңайырақ, молырақ, тезірек бой жазып, күреске қатысады. Бұрынғы замандарда Россияда тек интеллигенция ғана революцияшыл болатын еді. Жаңа заманда қала пролетариаты революцияшыл болып шықты. Қазір самодержавиеге қарсы «халықтың қалың ортасынан» шыққан, бұқарамен тығыз байланысқан бірқатар басқа да әлеуметтік элементтер революцияшылдан бастады. Бұл элементтердің майданға шығуы халық көтерілісі үшін қажетті нәрсе. Тағы да айталық, бұлардың жауынгерлік маңызы өте зор. Бірақ кейде пролетарлық қозғалыс үшін бұлардың саяси маңызы аз болуы да мүмкін, тіпті ол тұрмақ кері нәтиже беруі де мүмкін. Бұл элементтер — жалаң революционерлер, жалаң демократтар, олай болатын себебі — олар белгілібір ғана таппен, үстемдік етуші буржуазиядан ада-жұда жігін айырған таппен, яғни пролетариатпен байланыс жасауды жат көреді. Бұл элементтер бостандық жолындағы күрестерін пролетариаттың социализм жолындағы күресімен тығыз байланыстырмай жүргізеді, олардың мұндай ретте атқаратын рольдерінің объективтік маңызы буржуазияның мүдделерін іске асыру болып шығады. Кімдекім жалпылама бостандық ісіне қызмет ете жүріп, бұл бостандықты пролетаршылап пайдалану ісіне, бұл бостандықты пролетариаттың социализм жолындағы күресінің пайдасына айналдыру ісіне арнап қызмет етпесе, ол сонысының өзімен, сайып келгенде, буржуазия мүддесіне қызмет ететін күрескер болып шығады, онан басқа түгі де жоқ. Біз мұндай адамдардың ерлігін кемітпейміз. Біз бұлардың бостандық алу ісіндегі зор ролін де әсте кемітпейміз. Бірақ біздің айтқанымыз және әлі де барынша

кесіп айтатынымыз — бұлардың істері жеңіс жемістерін, бостандық жемістерін пролетариат үшін, социализм үшін пайдалануға зәредей де кепілдік бере қоймайды. Кімде-кім партиялардан тысқары тұрса, ол осы арқылы, тіпті өз еркінен тыс, тіпті өз сана-сезімінен тыс, үстем партияның мүдделеріне қызмет етеді. Кімде-кім партиялардан тысқары тұрып бостандық жолында күрессе, ол осы арқылы бостандық кезінде сөзсіз үстемдік құратын күштің мүдделеріне, яғни буржуазияның мүдделеріне қызмет етеді. Міне сондықтан да біз жоғарыда партиядан тысқары тұрған көтеріліс ұйымын атағанда тырнақшаға алып «дербес» ұйым деп атадық. Іс жүзінде партиядан тысқары тұрудың өзі, дербестікті камтамасыз ететін сыяқты көрінгенімен, барып тұрған дербессіздік, үстем партияға барынша тәуелділік болып табылады. Іс жүзінде, жалаң революционерлер мен жалаң демократтар ең мықтағанда буржуазиялық демократияның алдыңғы отряды болады, ал кейде оның әшейін ғана қызметші күші, тіпті оған зеңбірек жемі болады.

Енді осы жалпы қағыйдалардан кейін әлгі документтерімізбен толығырақ танысуға көшейік. Өзінің бірінші үндеуінде РАО Орталық Комитеті былай деп жар салады: «әзірше партиялық таластар мен принциптік келіспеушілікті былай қояйық, біртұтас жойқын күш болып, Россия азаттық одағына топтасайық, сөйтіп халықтың жалпы дұшпанға қарсы, самодержавиеге қарсы ұлы күресіне күшімізді, қаржымызды, білімімізді қосайық, Құрылтай жыйналысына дейін бәріміз бірге болуға тиіспіз: саяси бостандықты тек сол ғана береді, саяси бостандық болмаса, дұрыс партиялық күрес жүргізу мүлде мүмкін емес». Самодержавиемен күресуші халықтың ішінде буржуазия мен пролетариат бар екенін азды-көпті саналы жұмысшы жақсы біледі. Буржуазия бостандықты өте тілейді, буржуазия кәзір елден ерекше шулап жүр, баспасөз жүзінде болсын, жыйылыстарда болсын самодержавиеге қарсы сөз сөйлеп жүр, бірақ буржуазияның жер мен капиталды жеке иеленуден бастартпайтыны былай тұрсын, қайта бұл меншіктерін жұмысшылардың қол сұғуынан жанталасып қорғайтынын түсінбейтін аңқау адам табыла қояр ма екен? Жұмысшының самодержавиеге қарсы күресінде тізе қосып отырған буржуазиямен арасындағы принциптік таласын былай қояы — *социа-*

лизмді былай қойғандығы, социализм туралы ойлауды былай қойғандығы, социализмге әзірлік жүргізу жұмысын былай қойғандығы болып шығады. Бір сөзбен айтқанда, бұл жұмысшының өзінің экономикалық азаттығын ойлауды қойғандығы, еңбекшілерді қайыршылық пен езгіден азат ету ісін ойлауды қойғандығы болып шығады. Себебі дүние жүзінің бәрінде де буржуазия бостандық үшін күресіп, сол бостандыққа көбінесе жұмысшылардың білек күшімен жетіп жүрді, ал онан кейін социализмге қарсы жанталасып күресіп отырды. Демек, алауыздықты қою керек деген үндеу — буржуазиялық үндеу болып табылады. РАО Орталық Комитеті бипартиялықты бетке ұстап, жұмысшыларға буржуазиялық желсөздерді таратып отыр, олардың мыйына буржуазиялық идеяларды құйып отыр, олардың социалистік санасын буржуазиялық бұлдыр сөздермен аздырғалы отыр. Жұмысшылар мен буржуалар арасындағы алауыздықты қоя тұру керек деген пікірге біле тұра іш тартатындар — тек социализмнің дұшпандары, либералдық буржуалар, освобождениешілдер ғана болуы мүмкін, ал білместіктен іш тартатындар — тек социализмге немғұрайды қарайтын социалист-революционерлер тәрізді революцияшыл демократтар ғана болуы мүмкін. Жұмысшылар бостандық үшін күрескенде, социализм туралы ойларын, оны жүзеге асыру жөніндегі жұмыстарын, социализмге жету үшін керекті күштер мен ұйымды әзірлеу жұмысын *бір минут тө* естен шығармау керек.

РАО Орталық Комитеті былай дейді: «Осы күнгі партиялар мен ұйымдарға көзқарасымыз жайындағы мәселеге келетін болсақ, біз, РАО Орталық Комитеті мынаны айтамыз: біз социал-демократиялық партиялармен арамызда принциптік келіспеушіліктер туып қалуы мүмкін деп шамаламаймыз, өйткені Одақтың идеясы олардың программаларына қайшы келмейді...». Бұл сөздерден РАО Орталық Комитетінің социализмді түк түсінбейтіндігі көрінеді. Орталық Комитет тіпті социал-демократиямен келіспеушілік туып қалуы мүмкін екен деп те шамаламайды, ал оның бержағында біз арамызда аса терең принциптік келіспеушіліктер бар екенін көрсетіп те қойдық! Орталық Комитет Одақтың идеясы мен социал-демократия программасының арасында қайшылық барын көрмейді, ал оның бержағында біз, пролетариат пен бур-

жуазия арасындағы қайшылық қандай болса, бұл қайшылық та нақ сондай терең қайшылық екенін көрсетіп те қойды. Біздің РАО-мен арамыздағы негізгі келіспеушілік — РАО социализмді тіпті аузына да алмай отыр. Социализм туралы үндемеске баратын саяси бағыттың қандайы болса да социал-демократияның программасына бүтіндей қайшы келеді.

Біздің келтірген сөздерімізден РАО-ның социал-демократияға тілектес екені көрінеді. Шығарған листогінен басқа, РАО жайында біз ешнәрсе білмейміз, сондықтан әзірінше оның бұл тілектестігі қаншалық шын екенінө баға бере алмаймыз. Қалай болған күнде де біз бір ғана платондық тілектестікке қанағат ете алмаймыз, бізге бір ғана платондық махаббат жеткіліксіз. Біз жұрттың тек тілектестік білдіруін ғана тілемейміз, жұрт бізді түсінсе екен, өз идеяларының біздің программаға қайшы келуін көздемейтін адамдар сол программаға қосылса екен деп тілейміз. Россия азаттық одағы «жұмысшылар арасында нағыз пролетарлық (курсив біздікі) көзқарас ұстаған әдебиетті мол тарату» жөніндегі өз міндеттерін айтады. Бұл сөздер өте жақсы сөздер, бірақ бұған кұр сөздің бір өзі әлі аздық қылады. Ал егер осы сыяқты жақсы сөздер іске қайшы келетін болса, онда шыншылдықтың қандайы болса да осы сөздің авторларының іс жүзінде жұмысшы табының ішіне буржуазиялық идеяларды таратушы болып шығуына тоқтау бола алмайды. Шынында да, ойлап қараңыздаршы, осы «нағыз пролетарлық көзқарас» дегеннің мәнісі не? Осы көзқарастың нағыз пролетарлық көзқарас болар-болмасын кім айта алады? «Әзірше партиялық таластар мен принциптік келіспеушіліктерді қоя тұрып» осы мәселені шешуге бола ма? Бұл үшін жұмысшылар арасына әдебиет тарату ісін «әзірше қоя тұруға» тура келмес пе екен?

РАО Орталық Комитеті жұмысшы «талапкерлігі» деген ұранды тағыда жұмсай бастады. Осы атышулы ұранның туын көтеріп социал-демократия ішінде ерекше бір бағыт туғызуды көздеген әрекеттерді біздің партия талай рет кездестірген болатын: өткен кезде «экономистер» жөнінде осындай болған, кәзіргі кезде меньшевиктер немесе жаңаискрашылдар жөнінде осындай болып отыр. Қай ретте болса да және қашан болса да бұл ұран (оны жұмсаушы адамдардың өздері сезіп отыр ма, жоқ па,

оған карамастан) — қозғалыстың принципке берік болуын, идеялы болуын өте төмен бағалайтын элементтерге ғана қызмет етуге жарамды ұран болып келді. Ескі ұранның осылай жаңаша қолданылуына қараңыздар: «нағыз пролетарлық көзқарастың» не екенін бағалауда «талапкерлікке» шақырушылық біздің көз алдымызда антипролетарлық, буржуазиялық сылдыр сөздерді «талапкерлікке» салып қайталауға, партиядан тысқары болу жайындағы буржуазиялық идеяны уағыздауға барып қосылып жатқан жоқ па? Ал біз өзіміз РАО Орталық Комитетіне былай деп жауап береміз: нағыз пролетарлық көзқарас біреу ғана, ол *марксизм*. Нағыз пролетарлық программа мен тактика дегеніміз халықаралық революцияшыл социал-демократияның программасы мен тактикасы болып табылады. Мұны бізге, өңгесін қойғанда, пролетарлық тәжірибенің тура өзі-ақ дәлелдейді, Германиядан бастап Америкаға дейін, Англиядан бастап Италияға дейін бүкіл дүние жүзінде болып жатқан пролетарлық қозғалыстың тәжірибесі-ақ дәлелдейді. Бұл қозғалыстың алғаш рет 1848 жылы кең саяси майданға шығып алғанынан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтті; пролетариат партиялары қалыптасып құрылып, миллиондаған армияға айналып өтті; олар бірқатар революцияларды бастан кешірді, неше-неше алуан сынақтардан өтті, оңға да, солға да толқушылықты бастан кешірді, оппортунизммен де, анархизммен де күрес жүргізді. Міне осы орасан зор тәжірибе дүниеге марксистік көзқарастың және социал-демократиялық программаның ыспаттамасы болып табылады. Қазір РАО-ның соңына еріп жүрген жұмысшылардың өздері де бүкіл тобымен сөзсіз, ешбір аумастан социал-демократияға келіп қосылатынына бүкіл осы тәжірибе *кепіл болады!*

Үндеуден әлі де цитата келтіре түсейік: ...«Көбінесе практикалық ұйым болғандықтан, РАО өзінің ісінде социалист-революционерлер партиясынан да шеттеп кетпеді, өйткені, неге десеңіз бізді онымен біріктіретін ортақ құрал — самодержавиеге қарсы қарулы күрес бар және мақсат бірлігі — демократиялық негізде құрылтай жыйналысын шақыру ісі бар»... Жоғарыда айтылған жағдайлардан кейін, революцияшыл демократияның социалист-революционерлермен осылай жақындасуы біз үшін, әрине, таң қаларлық нәрсе емес. Үндеудің дәл осы же-

рінде өз ұйымының практикалық сыйпатын баса көрсетіп отырған себебі, өздерінің социалист-революционерлермен арасындағы ынтымағын («өйткені, неге десеніз») колданатын құралдың, жуық мақсаттың бірлігінен әрі асырмай отырған себебі — сірә, РАО социалист-революционерлердің «принциптерінің» «нағыз пролетарлық көзқарас» принциптеріне қатнасы қандай екенін анықтаудан әзірінше тартынатын болар. Мұндай тартынушылық социал-демократ үшін өте келісімсіз болған болар еді, бірақ мұның өзі революцияшыл демократ үшін өте келісімді нәрсе. Алайда, бір өкінішті жері, үндеудің мына бір сөзі «бипартиялық» позицияның түбі неге соғатынын көрсетіп отыр... РАО Орталық Комитеті былай дейді: «Егер, әрине, құрылтай жыйналысын шақыру үшін қарулы көтерілістің сөзсіз қажет екенін «Освобождение одағы» ұғынатын болса, онда біз, саяси пікірлеріміздің бүтіндей басқалығына қарамастан, тіпті «Освобождение одағына» да қарсы болмаймыз».

Бұл жөнінде айтарымыз, біріншіден, мынау: егер РАО «Освобождение одағының» тек саяси көзқарасынан ғана бүтіндей аулақ болса, онда ол «Освобождение одағының» экономикалық программасынан аулақ болмайтын тәрізді — олай болғанда, ол социализмнен түп-тура бастартқан болатын, бүтіндей революцияшыл *буржуазиялық* демократияның негізіне көшкен болады! Мұндай қортындыға, әрине, РАО-ның «нағыз пролетарлық көзқарасқа» тілектестігі қайшы келеді, бірақ «бипартиялық» позицияның дәл мәнісі мынада: мұның өзі ұшы-қыйыры жоқ, шешілмес қайшылықтарды туғыза береді.

Екіншіден, РАО мен «Освобождение одағының» саяси пікірлерінің бүтіндей басқалығы дұрысында неде? РАО нақ осы арада өзін өзі соғып отыр ғой: оның «құрылтай жыйналысына дейін бірге болуға» және «партиялық таластар мен принциптік келіспеушіліктерді» «әзірше қоя тұруға» (сірә, құрылтай жыйналысы шақырылғанға дейін болар) шақырғаны жаңа ғана еді, енді келіп сол РАО-ның дәл өзі демократиялық негізде бүкіл халықтық құрылтай жыйналысын шақыруды өзінің программасына кіргізіп қойған «Освобождение одағымен» құрылтай жыйналысы болмай тұрып-ақ талас көтеріп, келіспеушілік білдіріп отыр!! «Өзінің саяси пікірлерін насихаттауға» тілек білдіре тұрып, РАО-ның өзі сол пікірлерінің не

екенін айтпай, қалайша бүгіп калып отыр? Монархияшыл «Освобождение одағынан» РАО-ның өзгешелігі оның өзі республикашыл ма? Мәселен, РАО-ның саяси көзқарасына тұрақты армияны жою және оның есесіне халықты қаруландыру талабы кіре ме екен? Шіркеуді мемлекеттен толық бөлектеу талабы ше? Жанама салықтарды толық жою талабы ше? т. т. Партиялық таластар мен принциптік келіспеушіліктерді кейін калдыру арқылы істі оңайлатпак, жеңілдетпек болып, РАО шындығында өзінің позициясын бүтіндей көмескілеп, істі шатастырып, қыйындатып жіберді.

Үшіншіден, РАО-ның қойып отырған шарттарын «Освобождение одағының» орындағанын-орындамағанын біз қалай білеміз, яғни «Освобождение одағы» шынында да «қарулы көтерілістің сөзсіз қажет екенін ұғынғандығын» біз қалай білеміз? Бұл туралы «Освобождение одағының» ресми мәлімдемесін күтпекшіміз бе? Бірақ «Освобождение одағы» өзінің программасын жүзеге асырудың құралдары туралы ешнәрсе айтқысы келмейді. «Освобождение одағы» өзінің мүшелеріне осындай құралдарды сайлап алуда ғана емес, сонымен қатар тіпті өзінің программасына өзгеріс енгізуде де еркіндік береді. «Освобождение одағы» өзін «конституциялық-демократиялық» (дұрысы: конституциялық-монархиялық) партияның бөлегі деп есептейді, бұл партияның екінші бөлегі земство фракциясы болып табылады, бұл фракция ешбір программамен де, ешбір тактикамен де өзіне қолбайлау жасағысы келмейді. Осыдан кейін «Освобождение одағына» РАО-ның қойып отырған шартының қанша маңызы болмақ? Сонан соң, освобождениешілдердің ешбір әбден айқын программамен де, ешбір тактикамен де қолдарын байламайтынын, сөйтіп жеке реттерде террорды да, көтерілісті де жақтап шығуға (әсіресе ресми емес жолмен жақтауға) толық еркін болуды көздейтінін кім білмейді? Ендеше біз мынадай күмәнсіз қортындыға келеміз: «Освобождение одағының» беделді мүшелерінің де, тіпті беделді топтарының да, өздері қаласа, РАО-ға кіріп алып, онда басшылық орынға ие болуы әсте қыйын емес. РАО-ға бипартиялық позицияда тұрған күнде, оның еркінен тысқары тұрған бірсыпыра жағдайлар (ірі-ірі ақша қаржылары шығатын көздер, қоғамдық байланыс-қатнастар т. т.) тап осындай

нәтижеге бастайды. Ал мұндай нәтиженің өзі халықтың қаруланған жасактарын либералдық буржуазияның қолшоқпарына айналдыру болып шығар еді, жұмысшы көтерілісін оның мүдделеріне бағындырғандық болып шығар еді. Мұндай нәтиженің өзі орыстың демократиялық революциясында буржуазияның пролетариатты саяси қанауға салғаны болып табылар еді. Мұндай нәтиже болғанда істің түрі мынаған айналар еді: буржуазия пролетариаттың қарулануына ақша берер еді, жалпы партияшылдықты уағыздау арқылы социализмнен оның бетін аударуға, социал-демократиямен оның байланысын нашарлатуға қам істер еді, сөйтіп тұрып жұмысшыларды өзінің қолшоқпар етуге, олардың революциядағы өздеріне тән, ерекше, «партиялық», пролетарлық мүдделерін қорғауына жол бермеуге зор мүмкіншілік тапқан болар еді.

* * *

Осы айтылғандардың бәрінен келіп тактикалық міндеттер туады, социал-демократия алдына бұл міндеттердің қойылуы жаңа одақтың жарыққа шығуынан болып отыр. Дәл осы одаққа, РАО-ға, әсіресе оның бақыланбайтын және ешнәрсеге жауап бермейтін Орталық Комитетіне сенім көрсетуге бола ма, жоқ па, онысын біз білмейміз. Біз РАО Орталық Комитеті туралы әңгіме етпекші емеспіз, РАО жұмысшы одағы туралы әңгіме етпекпіз, тіпті нақ осы жұмысшы одағы туралы да емес, жалпы осы сыяқты жұмысшы одақтары туралы әңгіме етпекпіз. Қазір Россияның әр жерінде мұндай «одақтар», ұйымдар, топтар, үйірмелер белгілібір формада, белгілібір атпен, белгілібір көлемде құрылып жатыр. Халықты қару алып, көтеріліске әзірленуге мәжбүр етіп отырған самодержавиенің бүкіл саясаты осындай топтардың құрылуына сөзсіз себепкер болады. Бұл топтардың құрамы таптық жағынан ала-құла, тұрлаусыз болуы, көбінше кездейсоқ болуы, сонымен қатар өзінің көлемінің кеңдігі мен социал-демократия жұмысының тереңдігі тым жетімсіз болуы бұл топтарға сөзсіз жалпыпартиялық революциялық-демократиялық топтардың сыйпатын береді. Социал-демократияның бұларға практикалық көзқарасы жайындағы

мәселе — партиямыздың ең күрделі мәселелерінің бірі болып табылады.

Біз жалпы осындай топтардың мүшелеріне, әсіресе жұмысшыларға социал-демократиялық көзқарасты түсіндіру үшін, бәрінен бұрын, қалайда барлық құралдарды пайдалануға тиіспіз, бұл жөнінде ешбір көмескілікке, ешбір бүкпелікке жол бермеуіміз керек, пролетариатқа нағыз партиялық, сөзсіз партиялық социал-демократия ұйымы қажет екенін, айтпеген күнде ол буржуазияның саяси қанауына түсетінін ыспаттап көрсетуіміз керек. Ал егер біз мұндай топтарға мойын бұрмастан жүре беруді ойлаған болсақ, немесе олардың құрылғанын және бостандық жолындағы күресте олардың орасан зор маңызы болатынын «байқамай» қалған болсақ, бұл асқан зор педантизм болып шығар еді. Егер социал-демократтар мұндай топтарға кіретін «жалпыпартиялық» жұмысшыларға көкірегін көтеріп, оскырынып кемсітіп қарай бастаса, бұл кешірілместей доктринерлік болар еді. Мұндай қателерден, әсіресе социал-демократия қатарында аңызы жамаң экономизмнің және міндеттерімізді тым тайыз, құйыршықтық мағнада түсінудің жаңдана бастауы арқасында мүмкін болатын қателерден, — тап осындай қателерден біз партияның барлық мүшелерін өте мөте сақтандырғымыз келеді. Жұмысшылардың неғұрлым көбірегін қаруландыру мақсатында партиямыздың осы сыяқты топтары мен ұйымдарының арасында өзара қызмет көрсетісу ісін жүзеге асыру үшін барлық күшті жұмсау керек. Бостандық үшін өлуге бел байлаған, күресу үшін ұйым құрып, қаруланып жатқан, пролетариаттың күресіне аржак-бержағымен бірдей іштартатын жұмысшыларға аса абайлап қана, әдеппен ғана және жолдастық жолмен ғана қарау керек, өйткені олардың бізден бөлектігі тек дүниеге социал-демократиялық көзқарастарының кемдігінде, марксизмге қарсы алжас пікірлерде болуында, әртүрлі ескірген революцияшылдық көзқарастардан арылмай келе жатқандарында. Осындай пікірі бөлек жұмысшылармен дереу айырылып кету не болмаса олардан тек қана аулақ кете қою әдісінен оңай ешнәрсе жоқ, бірақ мұндай әдістен әрі асатын ақымақтық та болмайды. Біз мынаны есте сақтауымыз керек: социал-демократия тек пролетариаттың қалың бұқарала-

рының бірлігімен ғана күшті бола алады, ал бұл бірлік, капитализмнің бытырата беретін, бөлшектеп-бөлгіштей беретін, аздыра беретін жағдайлары себепті, бірден жасала қоймайды, тек қажырлы еңбектің, орасан шыдамдылықтың күшімен ғана жасалады. Біз өзіміздің еуропалық жолдастарымыздың тәжірибесін естен шығармауға тиіспіз, олар ең арғысы католиктік одақтарға мүше болған жұмысшылардың өзіне де өте абайлап қана, жолдастық жолмен қарауды өздерінің борышы деп біледі, олардың діни және саяси алжас пікірлеріне оскырына қарап, оларды шеттетпейді, қайта олардың көзін ашу үшін және бірлесіп күресу негізінде оларды саналы пролетариатпен жақындастыру үшін әрбір саяси және экономикалық күрес актысын табандылықпен, әдеппен, тағаттылықпен пайдаланады. Ал енді бостандық үшін күресуге белдерін байлап отырған, бірақ өздері әлі де социал-демократияны жат көретін, жұмысшы-революционерлерге қамқорлық көзімен қараушылық бізге әлде неше есе көбірек міндет емес пе! Тағыда қайырып айтайық: социал-демократиялық көзқарастарды бүгіп айтпай қалушылық және бұл көзқарастарға қосылмайтын революцияшыл топтарға менсінбей қараушылық зәредей де болмауы керек. Қашан мұндай топтар қандай да бір социал-демократиялық емес партияға жанасып кеткенше, тап сол кезге дейін біз бұларды *РСДЖП-ға жанас* топтар деп есептеуге праволы екеніміз былай тұрсын, тіпті міндеттіміз де. Міне, мәселен, Россия азаттық одағының жұмысшы Одағын да біз дәл осындай деп қарауға тиіспіз. Біз бұл одақтың мүшелерін социалистік әдебиетпен таныстыру үшін, бұл одақтың барлық тарауларының барлық жыйналыстарында өзіміздің көзқарастарымызды ауызша насихаттау үшін барлық күшімізді жұмсауға тиіспіз. Тіпті ерікті Европа елдерінің өзінде де капитализм тұсында пролетарлардың барлығын да саналы социал-демократ етіп шығаруға болады деген пікір — утопиялық пікір болып танылады. Алайда Россияда болсын, Европада болсын, бүкіл пролетариат бұқарасына социал-демократияның басшылық ықпалы болуы жайындағы ой — утопиялық ой емес. Тек осы ықпалды жүзеге асырып үйрену керек, біздің дұшпандарымыз, үкімет пен буржуазия, қараңғы жұмысшылардың көзін ашуымызда біздің ең жақ-

сы одақтасымыз болатынын есте тұтуымыз керек, — ал сонда біз жеме-жемге келгенде социал-демократияның шақыруына бүкіл жұмысшы бұқарасы үн қосатын етеміз.

*„Пролетарий“ № 4,
17 (4) июнь, 1905 ж.*

*„Пролетарий“ газетінің тексті
бойынша басылп отыр*

РЕВОЛЮЦИЯШЫЛ ПРОЛЕТАРИАТТЫҢ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕРІ¹²⁷

Жұмысшы қозғалысының сана-сезімі мол бастаушысы болып табылатын социал-демократия барлық еңбекшілерді езу мен канау атаулының бәрінен де толық құтқару мақсатын көздейді. Бұл мақсатқа жетісу ісі, өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншікті жою ісі, сөйтіп социалистік қоғам құру ісі капитализмнің өндіргіш күштерінің өте күшті дамуын және жұмысшы табының аса мықты ұйымдасуын талап етеді. Саяси бостандық болмайынша осы күнгі буржуазиялық қоғамда өндіргіш күштердің толық дамуы да, кең етек алған, ашық, еркін тап күресі де, пролетариат бұқараларының саясат жөнінен көзін ашу, тәрбиесін күшейту, ұйымын нығайту ісі де мүмкін емес. Міне сондықтан да саналы пролетариат толық саяси бостандық үшін, демократиялық революция үшін белсене күресуді әрдайым өзінің алдына міндет етіп қояды.

Өзінің алдына осындай міндет қоюшы жалғыз пролетариат қана емес. Саяси бостандық буржуазияға да керек. Дәулетті таптардың оқымысты өкілдері көптен-ақ бостандық туын көтерді; көпшілігі осы таптардан шыққан революцияшыл интеллигенция бостандық жолында ерлікпен күресті. Бірақ бүкіл буржуазия тұтасымен белсене шығып, самодержавиеге қарсы күресуге қабілетті емес: ол бұл күресте өзінің меншігінен айырылып қаламын деп қорқады, бұл меншік оны кәзіргі өмір сүріп тұрған қоғамға мықтап табыстырады; ол жұмысшылардың революциялық қыймылының тым артып кеткенінен қорқады, өйткені жұмысшылар ешқашанда бір ғана демок-

ратиялық революциямен тынбайды, социалистік төңкеріске бой ұра береді; ол чиновниктерден, бюрократиядан, толық айырылып кетуден қорқады, өйткені мұның мүддесі де дәулетті таптардың мүдделеріне мың сан жолдармен байланысып жатады. Сондықтан буржуазияның бостандық жолындағы күресі тым жалтақ, тұрлаусыз, жартыкеш күрес болып шыға береді. Пролетариат міндеттерінің бірі — буржуазияны ілгері итермелеу, бүкіл халықтың алдына толық демократиялық төңкеріс ұрандарын қою, осы ұрандарды жүзеге асыру ісін дербес және батыл түрде қолға алу, қысқасы, бүкіл халықтың азаттығы жолындағы күрестің авангарды, алдыңғы қатардағы отряды болу.

Осы міндетті орындап шығу жолында орыс социал-демократтарына буржуазиялық либерализмнің тұрлаусыздығына қарсы бұрын да талай рет ұрыс жүргізуге тура келгенді. Мәселен, Струве мырзаның Россияны «азат етуді» көздейтін саяси күрескер ретінде цензурадан басы ашық ісін қалай бастағанын еске салайық. Ол бұл ісін Виттенің «Жазу-хатына» алғысөз жазудан бастады, мұнысында ол «право мен билік иесі земство» деген нағыз «шиповшыл» (осы күнгі саяси жіктеулердің тілімен айтқанда) ұран көтерген болатын. Социал-демократия бұл ұранның бүтіндей кейін қалғандығын, бүтіндей ерсілігін, бүтіндей реакцияшылдығын көрсетумен болды, айқын және үзілді-кесілді демократиялық программа болуың талап етуде болды, мұндай программаны өзінің партиялық программасының айырғысыз бір бөлегі есебінде өзі де ұсына жүрді. Атышулы экономистер қолдарынан келгенінше демократиялық міндеттердің маңызын түсірмек болған кездерде, «өндіріс қожаларымен және үкіметпен экономикалық күрес жүргізуді» уағыздаған кездерде, алдымен праволарды алып болып, онан әрі саяси үгіт жүргізіп, тек сонан кейін ғана бірте-бірте (сатылық теориясы) саяси күреске көшудің қажеттігін қолдаған кездерде, социал-демократия өз қатарындағылардың демократиялық міндеттерді тым қысқа түсінушіліктеріне қарсы күрес жүргізуге тиіс болды.

Қазір саяси күрес орасан өршіп кетті, революция бүкіл елді қамтып алды, барып тұрған баяу либералдардың өзі «ұшқарыланып» алды, сонымен, жаңада өткен уақыттан осы біз келтіріп отырған тарихи анықтамалар

орынсыз болып көрінуі мүмкін, көз алдымыздағы, қаулап тұрған кәзіргі өмірге түк қатнасы жоқ сыяқты көрінуі мүмкін. Бірақ мұның өзі алғашқы карағанда ғана осылай көрінеді. Әрине, құрылтай жыйналысы, дауысты жасырын беру жолымен жүргізілетін жалпыға бірдей, төте және тең сайлау правосы (өздерінің партиялық программасында социал-демократтар әлде қашан және жұрттың бәрінен бұрын көтерген право) сыяқты ұрандар жалпы жұрттық ұрандар болып алды, бұларды астыртын «Освобождение» де қабылдады, бұлар «Азаттық одағының» программасына кірді, земствошылардың ұраны болып алды, жарыя баспасөз жүзінде де неше түрленіп айтылумен жүр. Орыстың буржуазиялық демократизмінің соңғы жылдарда, соңғы айларда ілгері басқандығы күмәнсіз. Буржуазиялық демократия оқыйғалардан сабак алып, үйренуде, жабайы ұрандарды (шиповшылдарының право мен билік иесі земство деген ұрандары тәрізділерді) былай тастауда, революцияның соңынан салпақтауда. Ол шынында да революция соңынан салпақтауда: оның сөзі мен ісінің арасындағы, принцип жүзіндегі демократизмі мен «шындыққа бейім саясатындағы» демократизмінің арасындағы ескі қайшылықтарының орнына жаңа қайшылықтары туып отыр, өйткені революцияның өсе түсуі демократияның қоятын талаптарын үсті-үстіне ұлғайта түсуде. Ал буржуазиялық демократия өзінің ұрандарын арттырғанда әрдайым оқыйғалардан кейін қалып отырады, әрдайым сүйретіліп артта жүреді, бұл ұрандарды әрдайым нағыз бостандық жолындағы нағыз революцияшыл күрестің талаптарынан бірнеше градус төмен тұжырымдайды.

Шынында да жалпыға бірдей, т. с. сайлау правосы негізінде құрылтай жыйналысын шақыру деген бір әбден құлаққа сіңіп болған, жалпы жұрт мойындап болған ұранды алып көріңіздер. Дәйекті демократизмнің тұрғысынан карағанда осы жеткілікті ме? Үстіміздегі уақыттың революциялық зәру міндеттерінің тұрғысынан карағанда ол жеткілікті ме? Осы екі сұрақтың екеуіне де жеткіліксіз дегеннен басқа жауап беруге болмайды. Мұны ұғу үшін тек біздің партиялық программамызды зер салып қараса-ақ болғаны, амал не, біздің ұйымдарымыздың осы программаны еске түсіруі, іс жүзіне асыруы және таратуы жетерліктей жиі болып тұрмайды. (Бір айы-

рықша, жалпыға үлгі боларлық қуанышты іс ретінде көрсете кетелік: жуықта ғана біздің партиямыздың программасы Рига, Воронеж, Москва комитеттерінің листоктарында қайыра басылып шықты.) Біздің программамыз да бүкілхалықтық («бүкілхалықтық» деген сөзді біз қысқалық үшін жалпыға бірдей, т. с. сайлау правосы деген сөздердің орнына қолданатынымызды келісіп қояйық) құрылтай жыйналысы ұранын ең алға қояды. Бірақ біздің программамызда бұл ұран оқшау тұрған жоқ, басқа мәселелермен бірге, қосылған толықтауларымен, анықтауларымен бірге тұр, бұлар бостандық жолында таймай күресуге табаны тұрмайтын не тіпті бостандыққа қарсы күресетін адамдардың ол ұранға бұрмалап мағна беруіне мүмкіндік бермейді. Бұл ұран біздің программамызда мынау ұрандарға байланысып тұр: 1) патша самодержавиесін құлату; 2) оның орнына демократиялық республика орнату; 3) демократиялық конституция арқылы қамтамасыз етілетін халық самодержавиесін орнату, яғни бүкіл жоғарғы мемлекеттік өкіметті халық өкілдерінен құралған, бір палатадан тұратын заң шығару жыйналысының қолына қарату.

Осы ұрандардың бәрін де мойындау әрбір дәйекті демократ үшін міндетті екеніне күман бар ма? Өйткені «демократ» деген сөздің өзі, грамматикалық мағнасы жағынан да, бүкіл Европа тарихынан алған саяси мәнісі жағынан да, халық самодержавиесін жақтаушы деген сөз болып шығады. Ендеше, демократизм туралы сөз көтеріп тұрып, сонымен қабат осы ұрандардың ең болмаса біреуін бекерге шығарушылық кісі күлетін іс болады. Бірақ буржуазияның қайткен күнде де жеке меншікті сақтап қалуға тырысуы мен бостандық алу тілегінің арасындағы негізгі қайшылығы өте терең, сондықтан либералдық буржуазияның өкілдері, жақтаушылары осындай күлдіргі халге лажсыз түсіп қала береді. Жұрттың бәріне мәлім, Россияда аса жедел қарқынмен өте көлемі кең либералдық партия құрылып келеді, бұған «Азаттық одағы» да, земствошылар көпшілігі де, «Наша жизнь», «Наши дни», «Сын отечества», «Русские Ведомости» сыяқтанған газеттер де т. т. т. с. қарайды. Бұл либералдық-буржуазиялық партия өзін «конституциялық-демократиялық» партия деп атағанды сүйеді. Шынына келгенде, астыртын «Освобождениенің» мәлімдемелері

мен программаларынан мұның *монархиялық* партия екені көрінеді. Ол республиканы мүлде керек қылмайды. Ол бір палата болуын мақұлдамайды, ал жоғарғы палата үшін тең емес және іс жүзінде жалпыға бірдей емес сайлау правосын (отырықшылық цензы) енгізеді. Ол *бүкіл* жоғарғы мемлекеттік өкіметтің халық қолына көшүін тіпті керек қылмайды (бірақ сонысына карамастан, ол тек көз үшін ғана өкіметтің халық қолына көшүін әңгіме қылып қоюды өте жаратады!). Ол самодержавиені *құлатпақ* емес, тек өкіметті мыналарға бөліп бермекші: 1) монархияға, 2) жоғарғы палатаға (мұнда жер иеленушілер мен капиталистер басым болмақ), 3) төменгі палатаға, тек *бір осы ғана* демократиялық негізде құрылмақ.

Сонымен, біздің алдымызда мынадай күмәнсіз факт түр: біздің «демократияшыл» буржуазия, тіпті оның ең озық деген, оқымысты деген, тікелей капиталға бағынышы кемде-кем деген өкілдерін алғанда, революцияның соңынан салпақтаумен келеді. Бұл «демократиялық» партия халық самодержавиесінен *қорқады*. Бүкіл халықтық құрылтай жыйналысы деген біздің ұранымызды айта жүрсе де, ол шынына келгенде бұл ұранның мағнасы мен мәнісін мүлде теріс бұрып әкетіп жүр, ол осы ұранды қолдану арқылы, туралап айтқанда, осы ұранды арам ниетпен пайдалану арқылы халықты алдап жүр.

«Бүкілхалықтық құрылтай» жыйналысы деген не? Бұл, біріншіден, шынымен халық тілегін білдіретін жыйналыс; — мұның үшін жалпыға бірдей, т. с. сайлау правосы болуы керек және сайлау алдында үгіт жүргізуге еркіндік болатынына толық кепілдік керек. Бұл, екіншіден, халық самодержавиесін қамтамасыз етерліктей мемлекет тәртібін «құруға» *шынымен күші де, билігі де жететін* жыйналыс. Сөз жоқ, осы екі шарт орындалмаса, жыйналыстың нағыз халықтық, нағыз құрылтайлық жыйналыс болып шықпайтыны құдайдың күніндей анық. Ал оның бер жағында біздің либералдық буржуаларымыз, конституцияшыл-монархистеріміз (халықты ахымақ ету үшін өздерін демократ деп атап жүргендер) осы шарттардың *біреуін де* шындап қамтамасыз етпек емес! Олар сайлау алдында үгіт жүргізуге толық еркіндік болуын да, күш пен өкімет шынымен құрылтай жыйналысының қолына көшүін де ешнәрсемен қамтамасыз етпей-

ді, — олар, қайта, мұның екеуінің де *болмауын қамтамасыз етеді*, өйткені олар монархияны қамтамасыз етеді. Шын өкімет пен күш Қандыбалак Николайдың қолында қала бермекші: мұның мәнісі халықтың қас дұшпаны жыйналыс шақырып, сайлаудың бүкілхалықтық және еркін болуын «қамтамасыз» етпекші деген сөз. Айтыңыздаршы, осынысы демократияшылдық-ақ емес пе? Бұл, демек, бүкіл күш, бүкіл өкімет құрылтай жыйналысының қолына ешқашан да көшпейді және көшуге де тиіс емес (либералдық буржуалардың ойынша) деген сөз; оның қолында ешбір күш, ешбір өкімет мүлде болмауға тиіс деген сөз; ол жыйналыс, патша өкіметінің емен-жарқы бір ұшығын өзіне қалап алу жайында II Николаймен тек *мәмілеге келуге, келісім жасауға, шартқа отыруға, сауда құруға* ғана тиіс! Сонда жалпыға бірдей дауыс беру жолымен сайланған құрылтай жыйналысының төменгі палатадан айныған еш жері болмайды. Демек, халық тілегін білдіру үшін және соны жүзеге асыру үшін шақырылатын құрылтай жыйналысын либералдық буржуазия *халық тілегінің үстінен* жоғарғы палатаның тілегін, оған қоса монархия тілегін, Николайдың тілегін «орнатуға» пайдаланады деген сөз.

Либералдық буржуа мырзалардың, освобождениешілдердің, бүкілхалықтық құрылтай жыйналысы туралы сөйлегендері, шешенсігендері, даурыққандары іс жүзіне келгенде *халыққа қарсы кеңесші* жыйналыс әзірлеу екені бадырайып-ақ көрініп тұрған жоқ па? Халықты азат етудің орнына олар халықты конституциялық жолмен, біріншіден, патша өкіметіне (монархиялық принцип), екіншіден, ұйымдасқан ірі буржуазияның өкіметіне (жоғарғы палата) бағындырмақшы.

Осы тоқтамды бекер деп таласқысы келетін кісі болса, ол мынаны сыйпаттай қойсын: 1) үгіт жүргізуге толық еркіндік болмайынша, патша үкіметінің қолында болуы мүмкін түрлі артықшылықтардың бәрін шынымен жоймайынша, сайлау кезінде шынымен халық тілегін жарыққа шығаруға болады деп айта қойсын; 2) күш те, өкімет те патша қолында тұрған кезде, қолында шын күшімен өкімет билігі жоқ өкілдер жыйналысы іс жүзінде тек қана кеңесші жыйналыс болып шықпайды деп айта қойсын. Мұның екеуін де тек суайт шарлатандар мен саңылауы жоқ ақымақтар ғана дұрыстауы мүмкін. Та-

рих ешбір талассыз мынаны сыйпаттаумен келеді: монархия өкіметімен тұстас болған өкілдік жыйналыс, ол өкімет монархия қолында тұрған шақта, іс жүзінде кеңесші жыйналыс болып шығады, ол жыйналыс монархтың еркін халық еркіне бағындырмайды, тек халықтың еркін монархтың еркімен *жарастырып* қана отырады, яғни халық пен монарх екеуіне өкіметті бөліп береді, жаңа тәртіп енгізуді сұранып алады, бірақ ол тәртіпті орнатпайды. Тарих ешбір талассыз мынаны сыйпаттаумен келеді: революцияға қарсы күресуші үкіметтің орнына революциялық уақытша өкімет орнатпайынша, шынымен еркін сайлау туралы, ол сайлаудың мәнісімен және сыйпатымен *бүкіл* халықты бір қос толық таныстыру туралы сөз болуы да мүмкін емес. Біз тіпті ақылға сыймайтын, мүмкін емес бір жораны жасап көрейік, атап айтқанда, патша өкіметі «кұрылтай» жыйналысын (дұрысы: кеңесші жыйналыс) шақыруға мойындап, *ресми түрде* үгіт жүргізуге еркіндік қамтамасыз етті дейік, бірақ соның өзінде де үгіт жөнінен асқан зор тиімділік пен артықшылықтың бәрі оның қолында қалады, бұларды оған ұйымдасқан мемлекеттік өкімет қамтамасыз етіп береді: тұңғыш халық жыйналысының сайлауындағы үгітте осы тиімділік пен артықшылықтарды халықты бар құралдарымен басып-жаншып келгендер, енді халықтың өзі күшпен бостандықты тартып алатын адамдар пайдаланады.

Сөздің қысқасы, біз бұл арада баяғы бір өткен жолы («Пролетарий» № 3)*, бұл мәселені екінші жағынан қараған кезіміздегі, келген қортындымызға тағы келіп отырмыз. Бүкілхалықтық құрылтай жыйналысын шақыру ұраны өзінше, жеке алғанда, кәзіргі кезде монархияшыл буржуазияның ұраны, буржуазия мен патша үкіметінің мәміле түзу ұраны болып табылады. Ал революциялық күрес ұраны — тек қана патша үкіметін құлату ұраны, оның орнына революциялық уақытша үкімет орнату ұраны, бұл үкіметтің бүкілхалықтық құрылтай жыйналысын шақыру ұраны болуға тиіс. Россия пролетариаты бұл жөнінде өзіне алданыш жасамауы керек: біреулер жаппай әуеленген жұрттың шаң-шұңын пайдаланып, пролетариаттың өз ұрандарын қолданып, оның өзін алдап жүр. Егер үкіметтің қарулы күшіне қаруланған ха-

* Осы томның 518—519-беттерін қараңыз. *Ред.*

лық күшін қарсы қоюға біздің шамамыз келмей қалса, егер патша үкіметі түгелдей қыйратылмаса, оның орнына революциялық уақытша үкімет орнамаса, — онда өкілдік жыйналыстың қандайы болса да, оған бүкілхалықтық, құрылтайлық деген атақтардың қандайы берілсе де, іс жүзінде өкіметті өзара бөлісу жөнінде патшамен келісу үшін шақырылған ірі буржуазия өкілдерінің жыйналысы болып шығады.

Халықтың патшаға қарсы күресі неғұрлым үзілді-кесілді түрде шешілуге жуықтаған сайын, халық өкілдерін шақыру талабының тез жүзеге асу ықтыымалы неғұрлым күшейген сайын, революцияшыл пролетариат «демократиялық» буржуазияны соғұрлым қатаңырақ қадағалап отыруға тиіс. Біз бостандықты неғұрлым тезірек алсақ, пролетариаттың бұл одақтасы да оған соғұрлым тезірек жау бола түседі. Ал бұл өзгерісті бүркеуге мыналар жәрдемші болады: 1-шіден, буржуазияның демократияшыл деп аталып жүрген ұрандарының айқын еместігі, толық еместігі, анық еместігі, 2-шіден, пролетариаттың ұрандарын сылдыр сөзге айналдыруға, бостандық пен революцияның *реалды* кепілдерін кұрғақ уәделерге айналдыруға тырысушылық. Қазір жұмысшылардың «демократтарға» сактығы және оларды көз жазбай қадағалауы он есе артық болуы керек. Егер сайлаудың және сайлаудағы үгіттің реалды жағдайлары себепті бұл жыйналыс халық тілегін білдіре алмайтын болса, егер оның өз бетімен жаңа тәртіп орнатуға күші жетпейтін болса, онда «бүкілхалықтық құрылтай жыйналысы» деген сөздер бос сөз болып шығады. Қазір істің ден салмағы бүкілхалықтық құрылтай жыйналысын шақыру мәселесінен сол шақырудың *тәсілдері* туралы мәселеге ауып отыр. Біз үзілді-кесілді шешілетін оқыйғалардың қарсаңында тұрмыз. Пролетариат жалпы демократиялық ұрандарға сеніп қалмай, өзінің нағыз пролетарлық-демократиялық ұрандарын барынша толық түрде оған қарсы қоюы керек. Тек осы ұрандар бастаған күш қана революцияның іс жүзінде толық жеңіп шығуын қамтамасыз етеді.

БУРЖУАЗИЯЛЫҚ САТҚЫНДЫҚТЫҢ АЛҒАШҚЫ АДЫМДАРЫ

Женева, сәрсембі, 21 (8) июнь.

Телеграфтан кеше мынадай хабар келді: дүйсембі күні ІІ Николай земство делегациясын қабылдапты, сонда князь Сергей Трубецкой мен Федоров мырзаның сөзіне берген жауабында халық өкілдерін шақыру жөнінде өзінің бұрын берген уәдесін үзілді-кесілді түрде қолдапты.

Бұл «оқыйғаның» мәнісін дұрыс бағалау үшін, ең алдымен, шетел баспасөзінде жарыя болған кейбір фактыларды еске түсіру керек.

Майдың ескіше 24 және 25 күні Москвада земстволар мен қалалар өкілдерінің үш жыйылысы болған, онда 300ге тарта адам болған. Біздің қолымызда бұлардың патшаға арнап қабылдаған петициясы мен қарарының литографияға басылған, бізге Россиядан келіп түскен тексті бар, мұнда қатысқан делегаттардың саны көрсетілмейді, тек Кеңесте земство гласныйларынан және қала гласныйларынан басқа, дуанбасылар мен дворян басшылары болғаны айтылады. Помещиктік жер иеленушілер мен қала капиталының өкілдері Россияның саяси тақдырларын сөз қылған. Шет елдердің тілшілері онда жарыс сөздер өте қызу болды деседі. Өте-мөте Шипов партиясының ықпалы басым болған, — мұның өзі патшаның орда-сарайымен байланысы мол баяу партия. Провинциялықтар бәрінен де гөрі радикалшылырақ, петербургтықтар бәрінен де гөрі баяуырақ болып шыққан; москвалықтар «орта» орын алған. Петицияның әрбір сөзі талқыға түскен, ақырында, Питер де сол петицияға өз дауысын берген. Петиция әрі патриоттық, әрі сенім білдіруші рухта жазылған. «Отанға деген бір ғана жалынды махаббаттың әсерімен», құрметті буржуалар «өздері-

нің арасын ашып жүрген алауыздық пен айырмашылық атаулының бәрін де» былай калдырып, патшаға жүгінеді. Олар «Россияға және патша тағының өзіне де зор қауіп туып отырғанын» айтады, бұл қауіп оншалық сырттан емес, бәрінен де гөрі «ішкі шатақтан» туып отырғанын айтады. (Россия, рас, «тақтың» алдында тұр, біздің патриоттарымыз алдымен таққа жүгініп отыр, ал тек — көлденең жолмен, бұкпантайлап қана — болмаса халыққа жүгінеміз деп корқытып қояды.) Жайы белгілі, петицияның өзі тұрған бойымен құлия жалған болып шықты, ол кінәны патшаның кеңесшілеріне, патшаның берген жобалары мен ұлық нұсқауларын бұрмалаушыларға аударады, соның нәтижесінде полицейлік өкіметтің күшейіп кеткенін, «акыйқат дауысының» өрлеп келе жатқан патша тағына жетуіне бөгет болғанын, т. с. айтады. Сондағы келген тоқтамы: «уақытты өткізіп алмай ғана», «тең негізде, патша қоластындағылардың бәрі сайлаған халық өкілдерін ешбір кідірусіз шақыру» жөнінде өтініш салу. Халық өкілдері патшаның «келісуімен» соғыс немесе бітім мәселесін шешуге тиіс және «жаңартылған мемлекеттік құрылыс орнатуға» тиіс (тағы да патшаның *келісуімен*). Сонымен, петицияда «конституциялық-демократиялық» партия қабылдапты деп жүрген дауысты жасырын беру жолымен жүргізілетін жалпыға бірдей төте және тең сайлау правосы (төте және жасырын дауыс беру тіпті айтылмаған да; әрине, бұл да кездейсоқ емес) жайында да айқын талап қойылмаған, — сайлаудың еркін болатындығына да ешқандай кепілдік болу талабы қойылмаған. Петицияның авторлары былай деп зарланады: «Адамның қарабасы мен қоғамға қыстамшылық көрсетілуі, сөзге қыстамшылық көрсетілуі және неше түрлі шексіз өктемдік өсіп, көбеюде» дейді, бірақ оған қарсы ешбір шара ұсынбайды. Патшаның «келісуімен» шексіз өктемдік өсуде, — ендеше патшаның «келісуімен» мемлекет құрылысы да «жаңара» береді де... Буржуазия өкілдері халықпен «келісу» емес, әрине, буржуазияның халық қанаушыларымен «келісу» теориясын мықтап ұстап алған.

Кеңес патшаға петицияны тапсыру үшін делегация сайлады, онда Гейден, Головин, Петрункевич, Г және Н. Львовтар, Петр және Павел Долгоруки, Ковалевский, Новосильцев, Родичев, Шаховский және Серг. Тру-

бецкой мырзалар бар. Соңынан II. Николай қабылдаған кезде бұған Петербургтан Корф, Никитин және Федоров мырзалар қосылды.

Ал сонан кейін ол кеңес төмендегідей *қарар* қабылдады, бұл қарарды шетел газеттері хабарламай отыр, бірақ ол орыс листогында басылып шықты:

«Земство және кала кайраткерлерінің бірлескен топтарының кеңесі, жеке саяси мәселелер жөніндегі пікір алалығына карамастан, мыналар жөнінде бір пікірге келіп отыр: Россияның кәзіргі ішкі және сыртқы жағдайының ауыр халге түсуіне себеп болып отырған нәрсе — адамның қарабасының бостандығы мен қоғам бостандығын танымайтын, халықтың сана-сезімі мен талапкерлігіне өріс бермей басып отыратын, халықты мемлекет тұрмысына қатыстырмайтын, жауапкершілігі жоқ әкімшілік орындарының қайырусыз, үдей беретін өктемдігін туғызатын күні бүгінге дейін жойылмай келе жатқан әміршіл мемлекет құрылысы; бұл құрылыс көп жылдардан бері біздің ішкі тұрмысымызға зорлық істеп келді, алдау-арбау қолданды, іріткі салды, кәзір пәлеге бастап, сұрапыл сыртқы қауіпке әкеп киліктірді, мемлекеттің түбіне жететін соғысқа іліктірді, соғыс болып жатқанда ішімізден өзара кастастық туғызып, оған әдейі дем беріп отыр, елімізді бір қатар жеңілістерге ұшыратты, ақырында, бұл жеңілістер біздің теңіз күштеріміздің орыс тарихында болып көрмеген қыйратылысымен аяқталып отыр; осы пікірге сүйеніп және бұл құрылыстың бұдан әрі өмір сүре беруі ішкі бейбітшілігімізге, тәртібімізге және халықтың мал-дәулетіне қатер келтіретінін, сонымен қатар патша тағының беріктігіне, Россияның бүтіндігіне, сыртқы қауіпсіздігіне қатер келтіретінін ойлап, — еліміздің амандығы үшін төмендегілердің істелуін сөзсіз қажет деп біледі:

1. — Монархпен бірлесе отырып, соғыс пен бітім мәселесін шешу үшін және мемлекеттік праволық-тәртіп орнату үшін тезінен еркін сайланған бүкілхалықтық өкілдер жыйналысы шақырылсын;

2. — Адам басының бостандығы жолына қарсы келетін заңдар, мекемелер, қаулы-қарарлар мен бұйрық-жарлықтар дереу жойылатын болсын және саяси кешірім жарыялансын;

3. — Әкімшілік орындарының қызметшілері дереу жаналанатын болсын, бұл үшін орталық басқарма мемлекет тәртібін жаңғырту ісіне шын берілген және қоғамға инабаты бар адамдарды басшылыққа шақыруы керек».

Бұл қарардың петицияға және делегацияның мойнына жүктелген міндеттеріне қатнасы қандай екені белгісіз, яғни бұл делегация қарардың мазмұнын айтып шығуды міндетіне алды ма әлде оны петициямен бірге тапсыруды міндетіне алды ма — бұл белгісіз. Мүмкін, петиция — тек «тақ» басына арналған ресми документ шығар да, ал қарар — «халыққа» арналған ресми емес документ шығар?

Кенесте болған жарыс сөздердің сыйпаты жайында француздың «Le Matin»¹²⁸ деген газетінің тілшісі Гастон Ліеру мырза мынадай хабар береді: делегаттардың өте мөте «озаттары», провинциялық земствошылар, төте сайлауда «қалалар» басып кетеді деп қорқып (олар, сірә, төте сайлауда помещиктердің шаруалардан артықшылығы толық қамтамасыз етілмей калады деп қорққан болса керек), екі сатылы сайлауды жақтады дейді. «Франкфурт Газетінің» тілшісі былай деп жазды:

«Саяси партия ретінде орыс земствосы үш фракцияға бөлінеді: көпшілік жағы болып табылатын *либералдық* земствошылар (көсемі — граф Гейден), азшылық жағы болып табылатын Шипов бастаған *баяу-либералдық* ұлтшыл-славянофилшыл земствошылар және радикалшыл земствошы-конституцияшылдар тобы. Бір айырықша жері, делегаттар сайлағанда нағыз «феодалдық» өкілдер өтіп кеткен. Баяу земствошылар патшаның алдына баратын қалаулы өкілдерінің кадірлі ескі фамилиялардан шыққан адамдар болуын тіледі. Ал радикалдар, петицияның нәтижесі қандай болатыны туралы өздеріне ешбір алданыш жасамай ғана, үкіметтің өз *ықтыярымен* түк бермейтінін ескі фамилиялар өкілдерінің өз көздерімен көріп қайтқанын тәуір көрді».

Струве мырза дәріптеп жүрген «конституциялық-демократиялық» (дұрысы: монархиялық) партияның бейнесіз ұйымының ондылығы іс жүзінде өте тез біліне бастады. Мәміле және жалдаптық жүргізу үшін, ұйытқымаға салып, түрлі саққа жүгірту үшін партияның берік және нық болып кұрылуы қолайсыз болады. «Партияға» «Азаттық одағы» да (кім біледі, «Франкфурт Газетінің» тілшісі жазып жүрген «радикалдар тобы» дегеніміз осының өзі болып жүрер) — «земство фракциясы» да (яғни Гейден жағындағылар да, Шипов жағындағылар да, — бірақ Струве мырза ресми түрде мұнан іргесін аулақ салғысы келіп жүр?) кіре берсе де бола береді. Ал земство фракциясына Гейденнің жақтастары да, шиповшылдар да, «радикалдар» да кіреді. Әулие екенсің, түсіне қой енді! Осылардың бәрінің, отанға және буржуазияның артықшылықтарына айырықша махаббаттары түскендіктен, *келісу теориясына* ымыралары біріге калыпты, бұл теорияны біз «Пролетарийдің» өзінде-ақ талай рет

түсіндірген болатынбыз және «петициядан» да, «қарардан» да бұл теорияның салқыны ап-айқын сезіліп тұр.

Сірә, бұл қарар радикалдардың «идеялық» мүдделерін қанағаттандыруға тиіс болса керек. Ал петиция дегеніміз — «баяу» делегаттардың мағна беруі бойынша — патшамен материалдық мәміле жасау ісіне қызмет ету деген сөз. Кеңестің фракция-фракцияға қалай бөлінгені де, делегациялардың өкілдіктері де, мәміленің шарттары да, земствошылардың ендігі жердегі көздеген ойлары да ешнәрседен хабары жоқ қара-бұқарадан барынша мұқиятты түрде жасырулы болды. Буржуа мырзалар халық атынан патшамен саудаласып жатқанда, ол «халыққа» «конституциялық-демократиялық партияның» ен жоғары саясатын білудің не қажеті бар, тәйрі! Буржуа мырзалар сөзге қыстамшылық көрсетілуі жайында, ақыйқаттың үні шығарылмауы жайында, халық өкілдері жайында, Россия жайында, оның «бірыңғай халық туы астына топтасқандығы» жайында және т. с. жайында патшамен әңгіме құрады, — ал либералдық және «освобождениешіл» жалдаптардың саясаты жайындағы барлық ақыйқатты халықтың білуі мүлде қажет емес сыяқты... Рас, рас, «ұшқары партиялардың» (яғни әсіресе социал-демократтардың) танабы тар, заговоршыл, якобиншіл «конспирацияға» шамадан тыс әуестігін Струве мырзаның жақын арада «Освобождениенің» бетінде айыптағаны тегін нәрсе емес. Біз, социал-демократтар, ісімізді патшадан және оның тіміскіген тыңшыларынан астыртын істейміз, ал сонымен қатар партиямыздың барлық жайын, оның ішіндегі түрліше пікір алалықтарын, оның программасы мен тактикасының дамуын, тіпті айта берсең партия съезіндегі әрбір делегаттың сол съезде не айтқанын да халыққа білдіру үшін қам істей отырамыз. Оқымысты буржуа, освобождениешіл мырзалар істерін атышулы «конституциялық-демократиялық» партияның не екенін тағайын білмейтін халықтан астыртын жүргізеді, бірақ оның есесіне патшамен және оның тыңшыларымен барлық сырын ақтарып сөйлеседі. Осыдан кейін, қалайша демократ болмасы бар?

Земствошылардың делегаттары өздерін патшаға жібергісі келмеген патша нөкеріндегі шайкамен не деп сыр ашысты екен, онысын біз білмейміз. Бірақ бұл арада сыр айтушылары, шүйіркелесулері әйтеуір ұзақ болды.

Шетел газеттері делегат мырзалардың «мәртебелі саясатының» әрбір қадамы жайындағы хабарды жерге түсірмей қақшып алып отырды. Петербург, 9 июнь (27 май). Земствошылардың делегациясы ең әуелі ішкі істер министрі Булыгин мырзаға көрініп, Треповтың үстінен арыз етеді — 10 июнь (28 май). Булыгин делегацияға патшаның қабылдамайтындығын жарыялап, оларға Петербургтан кетуге кеңес береді. — 12 июнь (30 май). Патшаның делегацияны қабылдауы ықтыымал деседі. — 15 (2) июнь. Гастон Лөрү мырза «Le Matin» газетіне арнаулы телеграмма береді: *«Земствошылардың делегаттары патшаның алдына бару жөнінде өздеріне орда-сарай министрінің қойған шарттарын қабылдады. Осыдан кейін барон Фредерикс патшаның депутацияны қабылдайтын-қабылдамайтынын білу үшін бүгін кештетіп, Царское Селоға жүріп кетті».*

Орыстың жұмысшылары мен шаруалары, естідіндер ме мұны? «Демократ» «освобождениешілдердің», заговоршылдыққа дұшпан адамдардың, конспирацияға қас адамдардың істеп жүргені міне осындай! Олар полициялық алдиярдың орда-сарай министрлігімен бірігіп заговор кұруда, олар шпиондарға қосылып, халыққа қарсы конспирация жасауда. Олар «халыққа» өкіл болғысы келіп, «халық» мұқтаждары туралы патшамен қалай сөйлеу керек екені жөнінде шпиондардың қойған шарттарын қабылдауда!

«Отанға деген жалынды махаббатпен әсерленген», бай, тәуелсіз, зыялы, либерал адамдардың істеп жүрген істері міне осындай. Олар дөрекі, надан, көрінген приказчикке күні түсіп отырған, жұмысшы қаратабандар сыяқты емес, өйткені бұлар патша алдына барудың шарттары туралы ешбір беделді шпионмен күн бұрын сөйлесіп алмай-ақ, бір содыр попқа қосылып алып, патшаға тұптура, ашықтан-ашық ентелеп жетіп барады. Халық бұқарасының саясат жөнінен осынша қараңғы кезінде республика кұрудың немесе болмаған күнде төте сайлау жүргізудің және бір палаталық система енгізудің жөні бар ма? Саяси оқымысты адамдар түрлі жолды біледі және таса жолмен жағалап барып қана ең алдымен шпиондарға жолығуды, жазаласа тіпті патшаға арнайтын жолдау хаттың мазмұны мен тілі туралы олармен

кеңесіп алуды да біледі, — әне сонда ғана «акыйқаттың үні» шынымен-ақ «патшаның тағына барып жетеді».

Осы «халық өкілдері» болмысының патша шпиондарымен саудасы немен біткенін біз білмейміз. Телеграммалардан біздің білетініміз мынау: делегацияны қабылдаған жерде князь С. Трубецкой «ұзақ сөз» сөйлепті, жарты сағат бойы ол Россияның ауыр халге түсіп отырғанын және земствошылардың патшаға тура (шпиондар арқылы емес пе?) жүгінуіне себеп болған жағдайларды баяндапты. Сөз патшаға аса зор әсер етіпті. Федоров мырза Петербург өкілдерінің атынан сөйлепті. Патша ұзақ сөз сөйлеп, жауап қайтарыпты. Ол соғыстың келтірген зор шығындары жөнінде аяныш білдіріпті, ол теңіз бетінде болған соңғы жеңіліске көзінің жасын төгіпті. Сөйтіп, ол сөзінің соңын былай қайырыпты: «Сендердің осындай *ыхылас білдіргендеріңе*, мырзалар, алғыс айтамын» (сірә «демократ» — Трубецкойдың шпиондармен кеңесіп алып білдірген ыхыласы сондай-ақ ұнамды болса керек!). «Сендердің жана негізде жаңа мемлекеттік құрылыс орнату жолында менімен бірігіп іс істеуге бар екендеріне сенемін» (патша либералдық буржуазияға сенеді; либералдық буржуазия патшаға сенеді; қол қолды жуады). «Халық жыйналысын шақыру» (кашан шақырмақ? өкілдер сайланып бола ма? оларды кім және қалай сайлайды — онысы белгісіз. Трубецкой мырза өзінің бас ұрып жүрген монархынан кеңестің «қарарын» көрер көзге жасырып қалды. Шамасы, шпиондар оған патшаның алдында бұл туралы сөз көтермеске кеңес берген болар!), «ниетінен мен қайтпаймын. Менің күн сайын ойлайтыным осы. Менің ойым орындалады. Сендер мұны бүгіннен-ақ қалалар мен деревнялардың халқына жариялай берсеңдер де болады. Бұл сыяқты жаңа істе сендер маған көмек берерсіңдер. Халық жыйналысы Россия мен оның императорының арасын» (Трубецкой мен Федоровтың — және императордың арасын?) «қайтадан біріктіреді. Бұл жыйналыс орыстың халықтық жол-жобаларына сүйенетін құрылыстың негізі болмақ». Делегаттар бұл қабылдаудан өте мықты әсер алды — дейді ресми телеграмма. — Патша да рыйза болған сыяқты көрінді...

Ал мұның өзі шындыққа ұқсайды! Патша да рыйза, либералшыл буржуалар да рыйза. Бұлар бір-бірімен берік бітім жасауға әзір. Самодержавие рыйза, полиция

да рыйза (нағыз орыстың халықтық жол-жобалары). Ақшаны қаршыға та рыйза (ендігі жерде бұл онымен ұдайы, жазбастан кеңесіп отырады).

Бірақ мүдделерін буржуазиялық сатқындар саудаға салып жүрген жұмысшылар мен шаруалар бұл рыйза болар ма?

*„Пролетарий“ № 5,
23 (13) июнь, 1905 ж.*

*„Пролетарий“ газетінің тексті
бойынша басылып отыр*

ҚОЛДАРЫНА КІРШІК ЖУҚТЫРҒЫСЫ КЕЛМЕЙТІН «РЕВОЛЮЦИОНЕРЛЕР»

Жұма, 23 (10) июнь.

Шетелдік газеттер патшаның земство делегаттарын кабылдағанына аздап баға бере де бастады. Буржуазиялық баспасөз, кәдімгідей, патшаның мәмілешілдігіне, земствошылардың ақылға тоқтағыштығына көңілі толып, құлдық ұруда, бірақ онысына карамастан мұндай шикілеу, бұлдыр-салдыр уәделердің каншалық маңызы бар екеніне аздап күдік кіргені де байқалады. Социалистік газеттер бұл кабылдаудың комедия екенін турадан-тура ашып айтып отыр.

Самодержавиеге кәзір уақыт ұтудың, соның үшін либералдық буржуазияны алдастырып, жетегіне ертіп алудың өте пайдасы бар. Бір жағынан, Треповқа диктаторлық өкілдік беріп қою. Екінші жағынан, либералдарға ешбір мағнасы жоқ, түкке тұрмайтын уәделер беріп қою, сөйтіп олардың онсыз да қобалжып тұрған қатарында онан сайын қобалжу туғыза беру. Самодержавиелік үкіметтің тактикасы онша дөрекі емес. Либералдар ақ ниеттілік, баяулық, кішіпейілділік көрсеткенсіп жүр. Шынында да, үкіметке олардың ахымақтығы мен олардың қорқақтығын неге олжаланбасқа? «Ұрсады екенсің, ұрыстағыша ұрыс». Айла қолданбайтын соғыс болмайды. Сондықтан, егер алдындағы «дұшпанның» (либералдық буржуазия) дұшпан екені әлде аңқаулау дос екені белгісіз болса, — онда оның басы-көзін байлап, қанжығаға іліп кетпейтін несі бар?

Біз бас мақаламызда-ақ айтқан Гастон Леру мырза депутацияны кабылдауда болған істің төмендегідей жай-жапсарын хабарлайды, мұның өзі онша инабат етерлік болмағанымен, қалайда бір айрықша мәні бар және бір

нәрсенің салқынын сездіреді. «Орда-сарай министрі Барон Фредерикс депутаттарға айтыпты: канша тырыссам да, менің императорға Петрункевич мырзаны қабылдауым қыйын-ақ, өйткені бұл мырзаның революциямен байланысы бар деседі депті. Сонда министрге былай жауап беріпті: Австрия императорының министрлерінің ішінде Андраши болған жоқпеді, ол бір кезде сотталған да еді ғой депті. Осы дәлелден кейін ақырғы бөгет жойылып, депутаттардың бәрі де қабылданыпты».

Дәлелі дәлел-ақ. Батыс Европаның буржуазиясы қалайда ең әуелі шындап ұрысқан еді, кей кездерде тіпті республикашыл да болған еді, оның көсемдері «сотталған» да еді — тіпті мемлекетке қарсы қылмыстары үшін сотталған еді, яғни революциямен байланыс жасағаны үшін ғана емес, тіпті нағыз революциялық қыймылдары үшін сотталған еді. Осыдан кейін көптеген жылдар, тіпті ондаған жылдар өткен соң, бұл буржуалар барып тұрған сорақы, шұнтыйған шолақ конституцияға мыңқ етпестен көніп қалды, тіпті республикасы жоқ, ең аяғы жалпыға бірдей сайлау правосы жоқ, нағыз саяси бостандығы жоқ конституцияға көніп қалды. Либералдық буржуалар «такпен» де, полициямен де әбден табысып алды, өздері өкімет басына отырып алып, жұмысшылардың бостандыққа, әлеуметтік реформаларға қарай бой ұрған әрбір талабын ұдайы айуанша мейірімсіз басумен келді, басып та отыр.

Орыстың либералдық буржуазиясы жағымды нәрсені пайдалы нәрсеге қосуға ұмтылады: «революцияға байланысты» адам саналу жағымды нәрсе, Қандыбалақ Николай императордың қасынан министрдің орнын алуға жарап кету пайдалы нәрсе. Орыстың либералдық буржуалары мемлекетке қарсы қылмыстар үшін «сотталып жатуға» тіпті де бастарын байлағысы келмейді. Олар Андраши сыяқтанған бұрынғы революционердің тәртіп партиясы атынан министр болған замандарына бірден қарғып өтуді артық көреді! Граф Андраши 1848 жылы революциялық қозғалысқа өте қызу қатнасты, революция жеңілгеннен кейін ол өлім жазасына кесіліп, сырттан (in effigie) дарға асылған. Сонан кейін ол эмигрант болып Францияда, Англияда тұрды, тек 1857 жылғы амнистиядан кейін ғана Венгрияға қайтты. Сонда оның «министрлік» карьерасы басталды. Ал орыс либе-

ралдары революция болғанын тәуір көрмейді, олар онан коркады, олар алдымен революционер болып алмай-ақ салған жерден *бұрынғы революционер* болып шыға қоймақшы! Олар 1847 жылдан 1857 жылға бірден қарғып түспекші! Олар патшамен саудаласып, 1848 жылғы революцияның *жеңіліс тапқанынан* кейін реакция кұтырып тұрған кезде Европада шыққан конституциялар сыяқты бір конституцияға бірден келісе қоймақшы.

Рас, рас, Андрашидың мысалы тамаша табылған. Өз заманында революцияшыл және республикашыл болған Европаның буржуазиялық демократиясы мен Россияның монархияшыл конституцияшыл (тіпті 1905 жылғы 9 январьдан кейін де) буржуазияшыл «демократиясының» арасы осы Андраши мен Петрункевичті теңестіруден айнаға түскендей айқын көрінеді. Европа буржуалары алдымен республика үшін баррикадаға шығып ұрысты, оның артынан айдауда жүрді, ақыры келіп, бостандықты сатты, революцияға опасыздық етті, сөйтіп конституциялық монархтарға қызметке кірді. Орыс буржуалары «тарихтан үйренбекші», «даму сатыларын қысқартпақшы»: олар революцияға салған жерден-ақ опасыздық етпекші, бостандықты салған жерден-ақ сатып кетпекші. Өзара сырласқан әңгімелерінде олар бір біріне Христостың Иудаға айтқан сөздерін айта береді: істейтінінді тезірек істе!

«Орда-сарайдың патша келетін бөлмесіне депутаттарды кіргізген уақытта, — дейді Гастон Леру мырза онан әрі, — революционер Петрункевичтің ақ биялайы жоқ екені көріне қалды. Лейб-гвардия полковнигі Путятин дереу өзінің биялайын шешіп алып, жалмажан революционер Петрункевичке бере қойды».

Сөйтіп қабылдау басталды. Князь Трубецкой өзінің сөзін айтты. Гастон Леру мырзаның айтуынша, ол ең әуелі патшаның «бұларды қабылдауға рақымы түскеніне, сөйтіп бұларға өзінің сенім көрсеткеніне» алғыс айтты. Князь Трубецкой былай деп сендіріпті (кім біледі, бүкіл «конституциялық-демократиялық» немесе «освобождениелік» партияның атынан сендірген болма-сын?): «біз тәртіп және бітімшілік жағындағы адамдармыз», өзінің кеңесшілерінің тіліне «патша алданып жүр» депті. Оның сөзінде ең «батыл» айтылғаны мынау болыпты: халық өкілдерін Булыгиннің жобасынша, сосло-

виеге бөліп шақыру «*дұрыс емес*» депті... сондағы көрсеткен себебі не десеңізші?.. себебі — «сіз, алдияр, дворяндардың, купецтердің, шаруалардың патшасы емессіз, бүкіл Россияның патшасысыз». «Өкілдікке ешкімді алаламастан бүкіл халық қосылуға тиіс». Ал земство кеңесінің біздің бас мақаламызда басылған* қарары туралы *тіс жарған ешкім жоқ*, оның солай болары белгілі де.

Федоров мырза өзінің сөзінде... «қолға кіршік жұқтырмай істелетін революцияның»... *финанс жағын* қозғапты. Мемлекеттің бюджеті соғыстан кейін 300 — 400 миллион артып кетеді, бұған «прогресс пен цивилизацияның өте зор күші жұмсалуы» керек, — ал оның үшін «қоғамның тәуелсіз болуы» керек және «халықтан шығатын барлық талант несі адамдарды» (Треповтың бақылауымен сайланған адамдарды?) «тіршілік жүзіне шығару керек» депті.

Патша жауабы белгілі. «Патша сөзін аяқтаған соң, — дейді Гастон Леру мырза телеграммасында, — депутаттың әрқайсысымен зор ықылас көрсетіп сөйлесті. Тіпті ол мынадай сөзге дейін барды: атақты революционерден (Петрункевичтен) сен дворян басшысы емессің бе деп сұрады. Ол жоқ деп жауап берді. Сонда патша тұрып, дворян басшысы болатын күнінде болар деп оған үміт білдірді, онан соң екінші бір депутатпен сөйлесіп кетті. Патша үйден шығып кеткен соң, депутаттар орда-сарайдың бір түкпір бөлмесіне шақырылды, онда барып ертеңгі асқа отырды, өздерінің шамалауынша, астың бағасы 75 тыйындық дейді. Қалай дегенмен де, депутаттар мұндағы көргендеріне рыйза болды». (Егер бірден министр ете қоймағанымен, дворян бастығы етіп тағайындауға уәде берген ғой! Дәуде болса, Андрашидің өзі де дәл осындай дворян бастығы сыяқтанған бірдемеден бастаған шығар!) «Бұлар жан-жақтың бәріне үсті-үстіне телеграмма бере бастаған да еді» (енді патша мен «халықтың» арасында қайтадан сенім орнағаны жайында болса керек?). «Өйткенше болмай бұларға патша жауабының ресми тексті де әкеліп берілді. Оны алып қараған кезде, бұлардың таң-тамаша қалғаны қандай болды десеңізші, өйткені бұл текстің ішінде уәде сыяқ-

* Осы томның 549-бетін қараңыз. *Ред.*

ты бірдеменің басын көрсететін бар маңызды деген жалғыз ауыз сөзі жоқ боп шықты. Ол сөзі: «Менің халық өкілдерін шақыру жөніндегі патшалық ойым бұлжымас ой» деген сөз. Осы сөздің орнына: «менің патшалық ойым бұлжымайды» деген ғана сөз беріліпті. Депутаттар бұл ресми текстті қабылдай алмайтын болғандықтан ізінше қайтарып жіберді. Бүгін олар бәрінің де өз құлағынан естіген сөздері жазылған тексттің жіберілуін күтіп недәуір тықыршуда болды. Бүгінгі кеште (Г. Леру мырзаның телеграммасына 20 (7) июнь күні қойылған) депутаттардың біреуі осындай сөзді аумастырудың жұмбағы жөнінде мынаны айтты: мұның өзі тіпті самодержавие емес, бейнебір сыйқыршы ғой деді».

Егер Леру мырза осының бәрін өзі ойлап шығарған болса да, жаман айтылмаған немесе жаман шықпаған. Мұнда сыйқырлық бар екенінде дау жоқ, тіпті сөздің ресми текстіне халық өкілдерін шақырамын деген уәдені кіргізіп қойғанның өзінде де сыйқырлық бар. Ақ биялай, нағыз малайлықтың ақ биялайы — Петрункевичтер мен Родичевтер сыяқты мырзалардың саяси амалдарының бұлжымастай таңбасы болып табылады. Олар өздері де істі сыйқырлықтан бастады, патшаға барудың шарттары туралы ымыраласқандығы ғана емес, оның үстіне өздерінің қарары мен шын тілектерін бүгіп қалды, патша алданып жүр деп, т. т. т. с. айтып жарамсыз нәрселерді сөйледі. Енді келіп өздерінің сыйқырлығына қарсы біреу сыйқырлық істеді деп олардың шағым ете қоятын жөні жоқ-ақ. Өйткені халық өкілдерін шақыру жөніндегі уәде түкке де сеп болмайтын, түк те бермейтін нәрсе, ол тек Булыгин «конституциясына», Трепов «конституциясына» және неше түрлі ұзын-сонарға салып кетушілікке кең жол ашады. Ақыры бәрі де ескіше қалып отыр — тек балаша алданған, дворян бастығының атағын беремін дегенге еріп, маскара болған либералдар ғана «инабатсенім» жайында жан-жаққа телеграмма жіберіп, мәселен, Никитин мырза сыяқты Петербург думасында патшаның қабылдауы туралы баяндамалар істеп самодержавиеге қызмет етті.

Біз Кассандраның¹²⁹ ролін мойнымызға ала қойғалы отырғанымыз жоқ. Орыс революциясы күлкі болып, маскара болып аяқталады деп бал ашқымыз келмейді. Бірақ біз істің аяқ алысы осындай нәтижеге қарай бет

алып бара жатқанын жұмысшыларға, бүкіл халыққа турадан-тура, ашықтан-ашық айтып беруге міндеттіміз. Конституциялық бояма демократиялық партия мен осы жүрген освобождениешіл мырзалардың бәрі де істің баскаша емес, дәл осындай болып бітісіне бастап жүр. Радикалдык-освобождениелік сөздер мен земстволық қарарлардың сылдыраған үніне, жылтыраған өңіне алданып қалып жүрмеңдер. Бұл — «халықтың» көзін алу үшін сырлап қойылған сахнаның бер жағы, ал сахнаның аржағында қызу сауда жүріп жатыр. Либералдық буржуазия роль бөлісуді ешкімнен сұрамайды: радикалшыл мылжыңды банкеттер мен жыйналыстарға шығарып қояды, алаяқ қуды — орда-сарайдағы шайканың ішінде «құлақ бұрау» жұмысын жүргізуге шығарып қояды. Ал енді бүкіл өкімет бұрынғы қалыбынша, ешбір жері кеміместен самодержавие қолында қала беретін болса, онда *мұндай* істің барысынан шығатын лажсыз нәтиже — «конституция» болады, освобождениелік конституциядан гөрі булыгиндік конституцияға жүз есе ұқсасырақ конституция болады.

Енді орыс революциясының тақдыры пролетариатқа байланысты. Бұл саудаға тоқтау салу тек соның ғана қолынан келеді. Жаңадан ерлік қайрат шығарып бұқараны көтеру, қобалжып тұрған армияны бөліп әкету, шаруаларды өз жағына аударып алу, сонан барып қарулы күшпен бүкіл халыққа бостандық алып беру, сөйтіп бостандық дұшпандарын аяусыз жаныштап табанға салу, босқа шулап жүрген өзімшіл, тұрлаусыз буржуазиялық бостандық азаншыларын былай сыпырып тастау тек пролетариаттың ғана қолынан келеді.

«Пролетарий» № 5,
26 (13) июнь, 1905 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті
бойынша басылып отыр

«LEIPZIGER VOLKSZEITUNG»-ТЫҢ РЕДАКЦИЯСЫНА АШЫҚ ХАТ¹³⁰

Қадырлы жолдастар!

«Leipsziger Volkzeitung» тiң* 135-номерiнде К. Каутский жолдас орыс социал-демократиясының жiкке бөлiнуi туралы жазады. Бiз Каутскийдiң бiзге келiп байлануына берген жауабымызды басып шығаруыңызды, сонымен қатар сол мақаладағы нақты дұрыс емес жерлерiн ашып беруiмiзге рұхсат етуiңiздi сұрауға мәжбүр болдық. Бiз мүмкiнiнше сөзiмiздi қысқа жазамыз.

Каутский айтады: «Жаңа ғана болып өткен орыс съезi қарарларының немиcше басылуы аса бiр қолайсыз мезгiлде жарыққа шығып отыр», бұл қарарлар «орыс социал-демократиясындағы жағдайлар туралы оқушылардың көпшiлiгiне мүлде терiс түсiнiс бередi». Каутский тiптi қатты кетедi, немиc жолдастарға бұл қарарларды таратпау керек деп ұсынады.

Бiз бұған қарсы пiкiрiмiздi айтпақбыз: РСДЖПның III съезiнiң нағыз қарарларынан басқа, сондай-ақ жаңа искрашылдардың шақырған «конференциясының» қарарларынан басқа ешнәрсе де немиc жолдастарға орыс социал-демократиясындағы жағдайлардың дұрыс суретiн бере алмайды.

Бiздiң айтатынымыз: бұл арада Каутский зор қате жасап отыр, себебi ол ең озғанда тек хабардан ғана бiлген нәрселерiн жазып отыр және орыс социал-демократиясындағы жағдайлардың суретiн өте бұрмалап көрсетiп отыр. Мәселен, Каутский мынадай жорымалға келедi: «бұл қарарлар (РСДЖП-ның III съезiнiң қарарлары),

* «Лейпцигтегi Халық Газетi». Ред.

бәлки, кәзіргі кезде тіпті осыны жасаған* адамдардың өздері үшін де маңызын жойған болар», мұнысы таза кісі күлерлік нәрсе болып шығады. Қәзіргі уақытта жаңа искрашылдар мен біздің арамызда бірігу жайындағы келіссөздер едәуір көп-ақ жүргізіліп жүр, соңғы 2—3 ай бойы да жүргізілумен болды, бірақ нақ осы күнге дейін бұл келіссөздерден шыққан нәтиже нольге есеп.

Германия СДЖП-ның Мюнхендегі баспасы (Г. Бирк және оның серіктері) шығарып отырған, тек РСДЖП ІІІ съезінің қарарларының аудармасы ғана басылған кітапшаны бойкоттау сыяқты дөрекі, үстірт, елде жоқ әдістерді қолданып, немістің социал-демократиялық баспасөзінде біздің үнімізді өшірмек болған әрекеттерге қарсы біз қатты наразылық білдіреміз. Каутскийдің еш жаққа да ішбұрмаймын деп айтуына ешбір правосы жоқ. Россия социал-демократиясының кәзіргі ішкі күресінде ол қашанда бір жаққа ішбұрумен келді. Бұлай етуге, әрине, оның толық правосы болды. Бірақ кімде-кім ішбұрады екен, оның мен ішбұрмаймын деп көп айта бермегені дұрыс, әйтпеген күнде екіжүзді деген айыпты арқалап қалуы мүмкін.

Каутский РСДЖП-ның ІІІ съезінің барлық қарарларын «Лениннің және оның достарының Плехановқа және оның достарына қарсы істеп жүрген шабуылы» деген мағнада түсіндіреді. Мұнысына қарсы айтатын үш ауыз сөзіміз бар. Біріншіден, РСДЖП ішіндегі біздің қарсыларымызды 17 қарардың тек төртеуі ғана төтелей немесе жанамалап қағытып өтеді. Екіншіден, Плеханов кәзірде «Искраның» редакциясынан шығып кетті («Искраның» 101-номерін қараңыз). Ал осының өзі біздің жағдайларымызды Каутскийдің қаншалық аз білетінін көрсетеді. Үшіншіден, біз неміс жолдастардың мынадай нәрсені ескеруін өтінеміз: Каутский сыяқты беделі бар адам «Лениннің және оның достарының жасап жүрген шабуылы» деген сыяқты «суреттеуімен» бүкіл партиялық съездің жұмысын қаралауға тырысса, мұның өзі орыс социал-демократтарына қандай әсер беруге тиісті? Егер біреулер, айталық, Дрезденде болған партиялық съездің жұмысын (протоколдарын оқып көрмей тұрып) Каут-

* «Leipziger Volkszeitung» -ге «көре алмайтын» деп қате басылған.

скийдің және оның достарының жасап жүрген шабуылы... деп суреттеуге кіріссе, Германия мұндай адамдарды не дер еді?

Барлық неміс социал-демократтарына ескертіп айтып қоятын бір сөзіміз бар: Жолдастар! Егер сендер шынымен РСДЖП-ны туысқан партия деп есептейтін болсаңдар, біздің жігіміз жайында ішбұрмайтын әділ төреміз деп жүрген немістердің айтқан сөздерінің біріне де иланушы болмандар. Мұндайда тек документ қана, нағыз сара документ қана, сұрандар. Бет ауып кеткендік білместіктен гөрі ақыйқаттан бір табан шетірек екенін де ұмытпандар.

Социал-демократиялық сәлеммен.

Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясының Орталық органының («Пролетарий») редакциясы

Р. С.* Немістерге қарағанда, француз социалистері ішбұрмаушылықты бірсыпыра басқарак түсінеді. Олардың орталық органы «Le Socialiste»** жақында ғана РСДЖП ІІІ съезі қарарларының аудармасын ерекше қосымша түрінде басып шығарып отыр.

*1905 жылғы 12 (25) шюньнен
кейін жазылған*

*Туңғыш рет 1931 жылы Лениннің XVI
жыйнағында басылған*

*Қолжазба бойынша басылып
отыр. Немішшеден аударма*

* — Postscriptum — соңына қосып жазу. *Ред.*

** — «Социалист». *Ред.*

РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ УАҚЫТША ҮКІМЕТТІҢ СЫЙПАТЫ

Кезең. Санкт-Петербургта патша өкіметі қыйратылған. Самодержавиелік үкімет орнынан түсірілген — қыйратылған, бірақ жете жанышталмаған, өлтірілмеген, жойылмаған, түп тамырымен қырқылмаған.

Революциялық уақытша үкімет — халыққа жүгінеді. Жұмысшылар мен шаруалардың *бастамашылдығы*. Толық бостандық. Халық өз тұрмысын өзі кұрады. *Үкіметтің программасы* = толық республикалық бостандықтар, аграрлық қатнастарды *толығымен* өзгертуге арналған шаруа комитеттері. Социал-демократиялық партияның программасы *өз алдына*. Уақытша үкіметке кірген социал-демократтар — социал-демократиялық *партияның* делегаттары, *приказчиктері*.

Онан әрі, — кұрылтай жыйналысы. *Егер* халық көтеріле қалса, ол...* (бірден болмаса да) көпшілік болып шығуы мүмкін (жұмысшылар мен шаруалар). Ergo**, пролетариат пен шаруалардың революциялық *диктатурасы*.

Қара күштер жанталасып қарсыласады. Азамат соғысы *барынша қызарды* — патша өкіметі *жойылады*.

Пролетариат ұйымы өсе беруде, социал-демократияның насихаты мен үгіті ондаған мың еселеп ұлғаюда: барлық үкімет баспахналары etc*** etc. «Mit der Gründ-

* Сөз түсініксіз. *Ред.*

** — Олай болса. *Ред.*

*** — *ei cetera* — тағысын тағылар. *Ред.*

lichkeit der geschichtlichen Aktion wird auch der Umfang der Masse zunehmen. deren Aktion sie ist»*.

Шаруалар барлық аграрлық катнастарды, бүкіл жерді өз қолына алады. Сонда национализация жүреді.

Өндіргіш күштердің өсуі орасан зор — барлық деревнядағы интеллигенция, барлық техникалық білім ауылшаруашылық өндірісін көтеруге, шырмаудан (мәдениетшілдер, халықшылдар etc. etc.), кұтылуға жұмсалады... Капиталистік прогресс жойқын дамайды...

Соғыс: қорған қолдан қолға көшуде. Не пролетариат пен шаруалардың революциялық диктатурасын буржуазия кұлатады, не бұл диктатура Еуропаға өрт жаяды, сонда...?

Егер революциялық диктатура жайындағы мәселені марксистік жолмен талқыласақ, онда бұл мәселені *таптардың күресін* талдау ісіне айналдыру керек.

Ergo, басты-басты қоғамдық күштердің қандайлары есепке кіреді. Order de bataille**?

(α) самодержавие жағында бюрократтық-әскери-орда-сарайлық элементтер *оған қоса* халық қараңғылығынан туған элементтер (жылдам ыдырауға бет алған жыйынды-кұрандылар, бұлар күні кеше ешкімді бет қаратпастай мықты болған, ертең әлсіз). (Бұлардың өз ішінде династиялық etc. қыйқылжындары лажсыз болып тұрады).

ұйымдары өте жоғары maximum

(β) біркөс ірі, баяу-либералдық буржуазия.

(Мен бұған либералшыл помещиктерді, ірі-ірі финанс шонжарларын, купецтерді, фабриканттарды etc. etc. қосамын. Бұлар = Σ буржуазиялық елдің билеп төстеуші қожаларының. «Олардың ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс».)

* — «Олай болғанда, тарихи қыймыл тыңғылықты болған сайын жұртшылықтың көлемі де өсе түседі, тарихи қыймыл соның ісі болып табылады»¹³¹. *Ред.*

** — Ұрыс диспозициясы, ұрысқа әзірленген күштердің тұрысы. *Ред.*

Ұйымдары тым
жеңіл

Фракцияларының арасында ұрыс-қағыстары лажсыз, — дегенмен бәрі бірдей тіпті кәзірдің өзінде де конституцияны жақтайды, ал ертең онан да бетер жақтайды.

Идеялық көсемдері — чиновниктерден, помещиктерден, журналистерден өте көп.

(γ) ұсақ буржуазия және шаруалар тобы. Ондаған миллион. «Халық»
par excellence*.

Ұйымы minimum

Қараңғылық
ұйымсыздық өте басым.

Шарасыздығы өте мол, революциядан *тікелей* табатын пайдасы өте мол. Табансыздығы бәріненде мол (бүгін революция жағында, ертең аздаған жақсартулардан кейін тәртіп жағында болады).

Демократия.

Идеялық көсемдері — өте көп демократиялық интеллигенция. Социалист-революционер «типі».

(δ) пролетариат.

Ұйымшылдығы өте зор, тәртібі күшті

Революцияшыл. Ұсақ буржуазияға сын көзімен қарайды. Идеялық көсемдері, былайғылардың бәрінен де гөрі, *азырақ, тек* социал-демократиялық интеллигенция мен социал-демократиялық оқымысты жұмысшылар ғана. Ілгерімен салыстырғанда саны анағұрлым азырақ, бірақ *Kampffähigkeit*** анағұрлым күштірек.

Күрестің объекті = *республика* (бұған демократиялық бостандықтардың *бәрі, minimum программа* және маңызды социалдық реформалар да кіреді).

* — көбінесе. *Ред.*

** — күрескерлік қабілеті, ұрысшылдық қабілеті. *Ред.*

α — бүтіндей қарсы.

β — конституция жағында, республикаға қарсы ($1/2$ — $1/2$). ((Жалдаптық элементі.))

γ — революциялық кезеңде (табансыздау түрде) республика жағында ((күрестегі тұрақсыздық элементтері)).

δ — толығымен және бүтіндей республика жағында.

1905 жылғы июньде — июльде жазылған

*Туңғыш рет 1926 жылы
Лениннің V жыйнағында басылған*

*Қолжазба бойынша
басылып отыр*

ПРОЛЕТАРИАТ КҮРЕСІ ЖӘНЕ БУРЖУАЗИЯНЫҢ МАЛАЙЛЫҒЫ

Лодзьдегі көтеріліс пен баррикадалардағы қарулы ұрыс, — Иваново-Вознесенкідегі қырғын, — Варшава мен Одессадағы жаппай стачкалар және жұмысшыларға қарсы оқ атылуы, — Земство делегациясы жөніндегі комедияның маскара болып аяқталуы, — өткен аптадағы басты саяси оқыйғалар міне осындай. Егер бұған бүгін (28—15 июньде) Женева газеттерінде Харьков губерниясының Лебеда уезіндегі шаруалардың толқуы туралы, бес имениенің қыйратылғаны және ол жаққа әскер жіберілгені туралы жарыяланған хабарларды қоссақ, онда барлық негізгі қоғамдық күштердің кәзір революция кезінде ашық, айқын көрініп отырған сыйпаты осы бір аптадағы оқыйғалардан біздің көз алдымызда анық көрінеді.

Пролетариат үздіксіз толқуда, әсіресе 9 январьдан кейін толқуда, сөйтіп ол дұшпанға бір минут те тыным бермей отыр, патша өкіметінің қарулы күшімен тіке шайқасуға бармай, өз күштерін ұлы, шешуші ұрысқа әзірлеп, кәзір көбінше стачкалар түрінде шабуыл жасап отыр. Өнеркәсіп жағынан өте-мөте өркендеген жерлерде, жұмысшылар саяси жағынан өте-мөте әзірленген жерлерде, экономикалық және жалпысаяси езушілікке ұлттық езушілік қосылып отырған жерлерде, — патша өкіметінің полициясы мен әскерлері өте дөрекі қыймыл көрсетіп, жұмысшыларды тіке арандатып жүр. Ал жұмысшылар, тіпті күреске әзір еместері де, тіпті бастапқы кезде жалаң қорғанумен болғандары да, Лодзь пролетариаты түрінде бізге тек революциялық жігер мен ерліктің жаңа үлгісін көрсетіп қана отырған жоқ, сонымен

қатар күрестің жоғары формаларын да көрсетіп отыр. Олардың қарулануы әлі нашар, тіпті нашар, олардың көтерілісі әлі де бұрынғыша жеке-дара, жалпы қозғалыспен байланысты емес, бірақ сонда да олар ілгері қадам басып отыр, олар қаланың көшелерін ондаған баррикадалармен өте шапшаң толтырып отыр, олар патша өкіметінің әскерлерін елеулі шығынға ұшыратып отыр, олар жеке үйлерде жанаямай қорғанып отыр. Қарулы көтеріліс ұлғайып та, тереңдеп те өсуде. Патша жеңдеттерінің қолынан қаза тапқан жаңа құрбандықтар — Лодзьде өлгендер мен жараланғандар 2000-дай адам — тағыда он мыңдаған, жүз мыңдаған азаматтардың қарғыс атқан самодержавиеге қатты өшпенділігіне қоздырып отыр. Қарулы жаңа ұрыстар самодержавиедің қарулы күштеріне қарсы халықтың үзілді-кесілді қарулы күресті сөзсіз болатындығын барған сайын айқын көрсетіп отыр. Жеке-жеке от-жалыннан лаулаған жалпыроссиялық өрттің жалыны барған сайын айқын көрінуде. Пролетарлық күрес өте-мөте артта қалған жаңа аудандарды қамтып бастаулы, ал патшаның опричниктері, экономикалық қалпыңғыстарды саяси қалпыңғыстарға айналдыра отырып, самодержавиеді құлату сөзсіз қажет екенін жұмысшыларға барлық жерде де олардың өз тағдірі арқылы түсіндіре отырып, оларды халық көтерілісінің болашақ батырлары және күрескерлері етіп тәрбиелей отырып, революцияның пайдасына әрекет істеуде.

Халық қарулы көтерілісі, — Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясының III съезі арқылы пролетариат партиясы сондай батыл ұсынған осы ұранға оқыйғалардың өздері, ұлғайып өсе түскен революциялық қозғалыстың стихиялық процесінің өзі барған сайын жақындатып отыр. Қобалжу, күдік дегеннің қандайы болса да тезірек жойылатын болсын, кәзіргі уақытта осы шұғыл міндеттен — қарулы көтеріліске мейлінше жігерлі әзірлену міндетінен, — жалтарып кетушілік сорақы, лайықсыз қылық екенін, кешеуілдеу қауіпті екенін, барлық жерде туып жатқан жеке-дара көтерілістерді ұштасып, бірігуі өте қажет екенін барша жұрт және әрбір адам ұғынатын болсын. Бұл от-жалындар жеке-дара күйінде әлсіз нәрселер. Егер қозғалыс та қаладан қалаға, ауданнан ауданға стихиялы-баяу қарқынмен жайылатын болса, патша үкіметінің ұйымдасқан күші көтерілісшілерді

біріндеп жаныштай алады. Ал ұштасып біріккен бұл от-жалындар шарпуылы күшті зор революциялық жалынға айнала алады, мұндай жалынға дүниедегі ешқандай күш төтеп бере алмайды. Сөйтіп осы біріккен күш ілгерілеп келеді, біз білмейтін, біз сезбейтін мыңдаған жолдармен ілгерілеп келеді. Осы жеке от-жалындар мен шайқастарда халық революцияға үйренуде, — біздің жұмыс тек кезектегі міндеттерден калып қоймау, өткен кез бен кәзіргінің тәжірибесі мен сабақтарын пайдалана отырып, жұмысшылар мен шаруаларды халықтың толық жеңуіне қарай, кәзір өлім жазасына кесілген жазалыдай жанталасып күресіп жатқан самодержавие шайқасын толық жоюға қарай алға баса беруге неғұрлым батыл, неғұрлым кең шақыра отырып, әрдайым күрестің келесі, жоғары сатысын көрсете білу болады.

Қозғалыстың міндеттерін кеміткен, жұмысшы табының революциялық жігеріне саруайымшылдықпен сенімін жоғалтқан адамдар социал-демократияның қатарынан, әсіресе оның интеллигенттік қанатының ішінен жиі кездесіп отырды. Кейбіреулер кәзірде де былай ойлайды: демократиялық төңкеріс өзінің қоғамдық-экономикалық сыйпаты жағынан буржуазиялық төңкеріс болып табылады, сондықтан пролетариат бұл қозғалыста жетекшілік роль атқаруға, оған мейлінше белсене қатысуға, патша өкіметін құлатып, революциялық уақытша үкімет құру жөнінде үздік ұрандар ұсынуға ұмтылуы керек емес дейді. Оқыйғалар осы артта қалған адамдарды да үйретіп отыр. Оқыйғалар марксизмнің революциялық теориясынан жасалған нақтылы қортындыларды растап отыр. Демократиялық революцияның буржуазиялық сыйпатта болуы оның өзі тек буржуазияға ғана тиімді деген сөз емес. Қайта, бұл революция көбінесе пролетариат пен шаруаларға тиімді, көбінесе соларға керек. Буржуазияның үмітсіздігі мен тұрлаусыздығына қарамастан, тек пролетариат қана толық бостандық жолында, республика жолында үзілді-кесілді күрес жүргізуге қабілетті екенін оқыйғалар барған сайын айқын көрсетіп отыр. Пролетариат, шаруаларды өз жағына тарта отырып, бүкіл халықты бастай алады; ал шаруалардың самодержавиеден езгі мен зорлықтан басқа, халықтың буржуазиялық достарынан опасыздық пен сатқындықтан басқа түк күтері жоқ. Пролетариат тап ретіндегі өзінің жағдайына

сәйкес, кәзіргі қоғамда, ұлы тарихи мәселелер сайып келгенде тек қана күшпен шешілетінін, зор құрбандықтар шалмайынша бостандық келмейтінін, патша өкіметінің қарулы қарсылығы қарулы қолмен күйретіліп жанышталуға тиіс екенін барлық басқа таптардан бұрын түсінуге қабілетті. Бұлай етпейінше біз бостандықты көре алмаймыз, бұлай етпейінше Россия Түркияның аяғын кұшады, ұзақ уақыт, хасіретті жолмен кері кетіп, азып-тозады, бұл жол әсіресе барлық еңбекшілер үшін және қаналушы халық бұқарасы үшін хасіретті жол болады. Буржуазия жексұрын келемеж бостандыққа жету жолында арын сатып, малайлық істей берсін, саудақүнемдік жасап, қайыр-садақа тілей берсін. Ал пролетариат ұрысқа шығады, ең жексұрын, адам төзгісіз крепостниктік құрылыс езіп-жанышқан, зәбір-жапа шеккен шарварды соңына ертіп, толық бостандыққа ұмтылады, бұл бостандықты тек революциялық өкіметке сүйенетін қарулы халық қана қорғап қала алады.

Социал-демократия көтеріліс ұранын ат-үсті ұсына салған жоқ. Оның өзі революциялық желсөзге қарсы әрқашанда күресіп келді және күресе береді, күштерді дұрыс есепке алып, кәзіргі кезенді дұрыс талдауды талап етіп отырады. Социал-демократия көтерілісті әзірлеу туралы 1902 жылдың өзінде-ақ айтқан болатын, бірақ бұл әзірлікті мағнасыз бүліктер жасаумен ешқашанда шатастырған емес, ал қолдан жасалған мұндай бүліктер біздің күшімізді тек нәтижесіз ысрап еткен болар еді. Жұмысшы партиясы көтеріліс ұранын тек енді ғана, 9 январьдан кейін ғана, күн тәртібіне қойып отыр, көтерілістің қажет екенін және оған әзірлену міндетінің зәрулігін мойындап отыр. Самодержавиенің өзі осы ұранды жұмысшы қозғалысының практикалық ұраны етіп отыр. Самодержавие азамат соғысының келелі, бұқаралық тұңғыш сабақтарын беріп отыр. Бұл соғыс басталды және барған сайын ұлғайып келеді, барған сайын өткір формада жүргізіліп келеді. Біз оның сабақтарын топшылауға тиіспіз, «азамат соғысы» деген сөздердің ұлы мағнасын жұртқа түсіндіруге тиіспіз, осы соғыстағы жеке ұрыстардың практикалық тәжірибелерін пайдалануға тиіспіз, күштерді ұйымдастырып, кәзіргі соғыс үшін қажетті нәрсенің бәрін тікелей, дереу әзірлеуге тиіспіз.

Социал-демократия шындыққа тура қараудан қорық-

пайды. Ол буржуазияның сатқыншылық бейнесін біледі. Бостандық жұмысшыға жан тыныштық, бейбітшілік әпермейтінін, бостандық социализм жолында жаңа, бұрынғыдан да ұлы күрес туғызатынын, бостандықтың кәзіргі буржуазиялық достарына қарсы күрес туғызатынын социал-демократия біледі. Бірақ солай бола тұрса да — және дәл сондықтан да — бостандық жұмысшыларға сөзсіз керек, бостандық басқалардың бәрінен де оларға көбірек керек. Толық бостандық жолында, демократиялық республика жолында тек жұмысшылар ғана халықты бастап күресе алады, олар бостандық үшін жанаямай күреседі де.

Сөз жоқ, халық арасында қараңғылық пен самарқалық әлі толып жатыр, шаруалар туралы айтпағанның өзінде жұмысшылардың сана-сезімін арттыру жөнінде әлі де көп еңбек жұмсау керек болады. Бірақ қараңыздаршы, кешегі құл еңсесін тез көтере бастаған жоқ па, тіпті жанары жартылай сөнген көздердің өзінде бостандық оты жайнап тұрған жоқ па. Шаруалар қозғалысына қараңыздар. Бұл бытыраңқы, санасыз қозғалыс, біз мұның көлемі мен сыйпаты туралы шындықтың ұшығын ғана білеміз. Бірақ біздің анық білетініміз — саналы жұмысшы мен күреске беттеп келе жатқан шаруа ә дегенде-ақ бір-біріне түсіне қояды, жарық дүниенің әрбір сәулесі оларды бостандық жолында күресу үшін нық біріктіреді, сонда олар өзінің революциясын, жер мен ерік беретін, социализм жолында келешекте де күресу үшін еңбекшілердің тұрмысын жеңілдетерлік, барлық мүмкіндіктерді, буржуазиялық қоғамда мүмкін болатын мүмкіндіктерді, беретін демократиялық революцияны жексұрын-сужүрек, құлқын құмар буржуазия мен помещиктердің қолына ұстатпайды. Орталық өнеркәсіпті ауданға қараңыздаршы. Оның бізге қалың ұйқыда жатқандай болып көрінгеніне көп бола қойды ма, онда тек жеке-дара, бытыраңқы, ұсақ, кәсіптік қозғалыс қана болуы мүмкін деп есептегенімізге көп болды ма? Ал онда кәзірдің өзінде жаппай стачка қаулап кетіп отыр. Он мыңдаған, жүз мыңдаған адамдар бас көтерді және бас көтеруде. Саяси үгіт ерекше өсіп келеді. Әрине, ондағы жұмысшылардың ержүрек Польшадағы ержүрек пролетариатқа жетуіне әлі де көп бар, бірақ патша үкіметі олардың сауатын тез

ашып отыр, тез «Польшаны қуып жетуге» мәжбүр етіп отыр.

Жоқ, бүкілхалықтық қарулы көтеріліс қыял емес. Пролетариат пен шаруалардың кәзіргі демократиялық революцияда толық жеңетіні туралы пікір қыйсынсыз пікір емес. Ал мұндай жеңіс Европа пролетариаты үшін, бірталай жылдан бері әскери және помещиктік реакция, бахытқа талпынған бойында, әдейі тежеп отырған пролетариат үшін қандай ұлы перспективалар ашады десеңізші! Россияда демократиялық революцияның жеңуі социалистік революцияның басталуына, біздің бауырларымыздың, барлық елдердегі саналы пролетарлардың жаңа жеңіске жетуіне дабыл болады.

Пролетариаттың қуатты, ерлік күресімен салыстырғанда земствошылдар мен «освобождениешілердің» Николай II-нің атакты қабылдау мәжілісінде кұзырлық етіп сөз сөйлеуі қандай жеркөністі мардымсыз нәрсе десеңізші. Комедианттар лайықты жазасын тартты. Патшаның марқабатты сөздері туралы олардың есіре лепіріп есеп жазған сыясы кеуіп болмай-ақ, осы сөздердің шын мәнісі барша жұрттың көз алдында жаңа істерден көрінді. Цензура кұтырынуда. «Русь»¹³² газеті болмашы-болмашы ғана адресті бір рет басқаны үшін тоқтатылып тасталды. Трепов бастаған полиция диктатурасы бәрін істеп үлгіруде. Патшаның сөздері ресми түрде былайша түсіндіріліп жүр: ол ежелгі және «өзгеше жаралған» самодержавниеге қол сұғылмайтын болса, халық өкілдерінің кеңесші жыйналысын шақыртуға уәде еткен деседі!

Қнязь Мещерскийдің «Гражданинде» делегацияны қабылдау мәжілісіне берген бағасы дұрыс болып шықты. Николай земствошылдар мен либералдарды *donner le change* ете білді,— деп жазды ол. Николай оларды алдап отырғызып кете білді.

Ардақты ақыйкат! Земствошылдар мен освобождениешілердің көсемдерін алдап отырғызып кетті. Оларға сол керек. Малайлық кейіпте сөйлегені үшін, конституция туралы өздерінің шын қарарлары мен ойларын жасырғаны үшін, патшаның жәдігөйлік сөзіне пасықтықпен үч қатпай қалғаны үшін олар лайықты жазасын алды. Олар буржуазия үшін «қауіпсіз» келемеж бостандықты алуға тырысып, ылғый саудаласып келді және әлі де саудала-

сып жүр. Шипов Булыгинмен саудаласуда, Трубецкой Шиповпен саудаласуда, Петрункевич пен Родичев Трубецкоймен саудаласуда, Струве Петрункевичпен және Родичевпен саудаласуда. Олар «уақытша» земство делегациясының нағыз шиповтық программасына келісіп, саудаласып жүр. Бұл саудакүнемдерге жақсы жауап берілді... солдат етігімен тебілді.

Орыстың буржуазиялық «освобождениешілері» көсемдерінің осылай масқара болуы да шынымен-ақ олардың түбіне жетпей қалар ма екен? Шыншыл және адал демократ болуға қабілеттілер тіпті ендігі жерде де осы атышулы «конституцияшыл-демократиялық партиядан» шынымен-ақ безбес пе екен? «Земстволық фракциясы» самодержавиенің алдында басұрып кұлдық еткен, ал «Освобождение одағы» земстволық фракция алдында басұрып кұлдық еткен «партияны» қолдай отырып олар өздерін біржолата масқара ететінін және революцияның мүддесін сатып кететінін шынымен-ақ түсінбей жүр ме екен?

Земство делегациясының алған жүлдесін құттықтаймыз! Бетперде сыпырылды. Помещик мырзалар мен буржуа мырзалар, бірін тандаңыздар. Оқымысты мырзалар және қайдағыбір «одақтардың» мүшелері, бірін тандаңыздар. Революцияны жақтайсыздар ма әлде контрреволюцияны жақтайсыздар ма? Бостандықты жақтайсыздар ма әлде бостандыққа қарсысыздар ма? Кімде-кім іс жүзінде демократ болам десе, ондай адам күресуге тиісті, ондай адам жорғалаушылар мен сатқыншылардан қол үзуге тиіс, ондай адам өзін және өзінің сенімдерін қадірлейтін адал партияны құруға тиіс, ондай адам біржолата, үзілді-кесілді қарулы көтерілістің жағына шығуға тиіс. Ал кімде-кім дипломатияны бетке ұстап, екіұшты сөзбен жалтарып, саудаласып, малайлық ете берем десе, ешкім сенбесе де, сөз жүзінде доқ көрсетем десе, сөйте отырып сүйікті монархтың топ басылық орын берем деген уәдесін масаттанып қабыл алса, — ондай адамға жұрт алдында барша бостандық жағындағылардың қарғыс таңбасы басылуға тиіс.

Бостандықты сатушы буржуазиялық сатқындар жойылсын!

Революцияшыл пролетариат жасасын! Тұлық бостандық жолындағы, республика жолындағы, пролетариат пен шаруалардың ең ардақты, көкей-тесті мүдделері жолындағы қарулы көтеріліс жасасын!

*„Пролетарий“ № 6,
3 июль (20 июнь), 1905 ж.*

*„Пролетарий“ газетінің тексті
бойынша басылып отыр*

ҮШІНШІ АДЫМ КЕЙІН

Азшылық немесе жаңа искрашыл дейтіндерге принцип және ұйымдасу жағынан қандай қатнас болу керек екені барлық жолдастарға РСДЖП-ның III съезінің қарарларынан белгілі. «Экономизмнің» қалдықтарына қарсы идеялық күрестің қажеттігін біле отырып, III съезд азшылық жағындағылардың партия ұйымдарына кіруін мүмкін деп тапты, бірақ мұның үшін партия съездерін тану және партия тәртібіне бағыну шарт. Ал мұндай шарт іс жүзінде жоқ екен, онда «азшылықтың» барлық топтарында партиядан тысқары түр деп білу керек, бірақ сонда да, Бундпен, т. т. жасалған келісім сыяқты негіздерде, Орталық Комитеттің және жергілікті комитеттердің ұйғаруы бойынша, олармен практикалық *келісім жасауға*, әлбетте, болады.

Кәзіргі кезде біз жолдастарға партиядан бөлініп шыққан азшылықтың шетелдегі бөлегі туралы тек біраз ғана мәлімет айта аламыз. ОҚ съезден кейін іле-шала-ақ Лигаға да, партияның техникасын, кассасын меңгерушілерге де хат жіберді, бұл хатында партияның III съезіне өзінің көзқарасы қандай екенін айтуды сұрады, екіншіден — ОҚ-ге партия мүлкін табыс етуді сұрады. Бұл екі хаттың біріне де жауап болмады. Жаңаискрашылдар бүкіл партия атынан партия баспаханасын, складын пайдалана қою ойында болды, неміс социал-демократиясынан, жалпы алғанда шетелден, ақша ала қою ойында болды, бірақ партия мүлкін тұтынғаны жөнінде, партия қаржыларын жұмсағаны жөнінде партияға есеп беруді қаламады. Мұндай қылықтарды талдап жатуды біз артық деп білеміз.

III съезд туралы мақаламызда («Пролетарий» № 1*) біз мынадай тілек білдірдік: партияның бөлініп шыққан жағы ең болмағанда тезірек және мүмкінінше өз ішінен тұтасырақ болып ұйымдасып алса екен дедік: сонда жеке келісімдер жасалуы оңайырақ болады және алдағы күнде бірлікке келуге жолымыз айқынырақ болады. Амал не, біздің бұл тілегіміз де орындалмады деуге таяу болып отыр. Азшылық «конференциясының» қарарлары кәзір жарыяланып отыр («Партия қызметкерлерінің жалпы орыстық бірінші конференциясы» деген өте қызықты кітапшаны қараңыз, «Искраның» 100-номеріне қосылған Бөлек Қосымша, сондай-ақ «Искраның» 100-номері). Біз барлық партия ұйымдарына осы кітапшамен танысуды ұсынамыз, өйткені партияның жарылып шыққан бөлегімен идеялық күрес жүргізуге бұдан артық материал болады деп біз ешбір ойлай алмаймыз. Бұл қарарлардан азшылықтың керек десе өз жақтастарын ұйымдастыруға да бүтіндей қабілетсіз екені көрініп тұр. Олар тіпті өздерінің конференцияларын да шақыра алмады: олардың конференциясын біз, көпшілік Комитеттерінің Бюросы мен ОК, III съезді шақыру арқылы шақырып бердік. Меншевиктік ұйымдардың делегаттары өздерінің ұйымдарының тапсыруы бойынша съезге деп аттанды да, бірақ конференцияға барып шықты! Конференция III съездің қарарлары қабылданбасын, II съезде қабылданған партия уставы мүлде іске асырылмасын деп қаулы шығарды! Конференция съезд түріне кіріп, бейнелене алмады — оның қарарлары тек *кеңесші* жыйылыстың қарарлары болып есептеледі, сондықтан олар әрбір жеке ұйымның бекітуіне жатады. Конференцияға қатнасқан адамдардың толық тізімі жоқ, протоколдары да жоқ. Демек, азшылық жағының ұйымдары өздерінің қай қарарды қабылдайтын-қабылдамайтыны жайындағы сұрауға мақұлдап немесе мақұлдамай ғана жауап бере алады. Сонымен, шешуші дауыстардың берілуі қарарлардың текстін өзгертуге болмайтын жағдайда өткелі отыр және қарарлар жайында болған жарыс сөздердің бүкіл барысының дауыс берушілерден жасырылып қалған жағдайында өткелі отыр. Бұл шешуші дауыстар, қарардың бір жағын бекітіп, екінші жағын қабылдамай қал-

* Осы томның 463-бетін қараңыз. *Ред.*

дыратын күнде бөлініп кетуі ықтимал дауыстар, түбінде қалай жыйнақталып шығарылатынын бір ғана кұдай біледі. Біздің бұл көріп отырғанымыз — бонапартистік плебисциттердің принципі, мұның өзі халықаралық социал-демократияда жалпы қолданылып жүрген демократиялық өкілдік принципіне қарама-қарсы принцип. Бізде — толық праволы ұйымдардың демократиялық жолмен сайланған, есеп беруші өкілдері кеңеседі де қарар шығарады. Оларда — өкілдер, бұған қоса қонақтар кеңеседі де ұсыныс береді, ал толық праволы ұйымдар кейін ғана мақұл немесе мақұл емес дейді. Социал-демократтардың ұйымын бұзуға келгенде мұнан өтетін системаны ойлап табу қыйын-ақ. Іс жүзінде плебисциттің мұндай системасы қашан да болсын комедияға айналып кетеді.

Конференция қабылдаған, 13 параграфтан құралған «ұйымдастыру уставы» айрықша бір ойыншық нәрсе. Мынадай ретпен төменнен жоғарыға қарай алты қабат болып партия іргесі қаланбақшы: 1) жетекші коллектив, 2) комитет, 3) облыстық съезд, 4) облыстық комитет, 5) конференция, 6) атқарушы комиссия. Жалпы айтқанда, төменгі коллегия жоғарғыны сайлайды. Ал жетекші коллектив пен комитеттің арақатнасы, жаңаискрашылдардың ойынша, сайлау жолымен емес, «келісу» жолымен шешіледі, ал біздің ойымызша «шатасу» жолымен шешілетінге ұқсайды. Бір жағынан, комитет түгелімен жетекші коллективтің құрамына кіреді, сонымен бірге тек аудандық комитеттердің ғана емес, тіпті «халықтың ерекше жіктерінің арасында жұмыс істеп жүрген топтардың» да барлық мүшелері кіреді. Екінші жағынан, «аудандық комитетке комитеттен де өкіл кіреді»!! Бір жағынан, маңызды қарарлардың барлығы да жетекші коллективтен шығуы керек, екінші жағынан, қысылшаң реттерде «аудандық комитеттердің пікірін сұрап алғанға дейін (!)» комитет өз бетімен істей береді. Үшінші жағынан, «комитет оқтын-оқтын аудандық комитеттерге өз ісінен есеп беріп отыруға міндетті». Аудандық комитеттер мүшелерінің көпшілігі комитетке сенбестік білдірсе, ол «облыстық комитет пен аудандық комитеттердің өзара келісулері бойынша» қайта құрылады. Былайғы партия ұйымдарының (соның ішінде аудандық комитеттердің де) правосы да, құрамы да тіпті белгіленбеген. Партияға мүшелік ұғымы, II съезде меньшевиктердің прин-

ципті түрде ұрыс ашуына себеп болған ұғым, мүлде шығарылып тасталған. Осы күнге дейін программа мен тактиканың барлық маңызды мәселелері жөнінде өзді-өзі бір пікірге келіп алған белгілібір ұйым немесе партия мүшелерінің өзара «келісім жасауы» анархизм принципі деп есептеліп келді. Бүкіл жер жүзінің социал-демократтары мұндай реттерде азшылықтың көпшілікке бағыну принципін ылғый қолданумен келді және қолданып отыр. Жаңаискрашылдар бүкіл жер жүзіне осы екі принциптің нағыз «ойранботқа» болып батысуының айнымастай үлгісін көрсетпекші. Жақын арада біздің көзімізге әлде қалай бір неміс пазеті түсе қалды, оның ұраны: «Weder Autorität noch Majorität» — «бедел де болмасын, көпшілік те болмасын». Бұл принцип жаңаискрашылдардың ұйым-процесс дегеніне тектес. Бұл газет — неміс анархистерінің органы «Der Anarchist»*.

Орталық («бүкіл партиялық жұмысты біріктіретін орган») сайлаған кезде жаңаискрашылдар төте сайлау орнына төте емес, сайланып алынған сайлаушылар арқылы сайлау жүргізуді мақұл көреді. Атқарушы комиссия жетекші коллективтердің өкілдері арқылы төте сайланбайды, *төрт сатылы* сайлау арқылы сайланады. Енді нағып бұл төте сайлау қалай ұнамай қалғанын бір ғана кұдай біледі. Кейбіреулер былай ойлайды: жаңаискрашылдарға Струве мырзаның өнегесі әсер етпедіме екен, өйткені ол да жоғарғы палата үшін жалпыға бірдей, бірақ төте емес сайлау қолданбақшы болып еді. Ал бұл төрт сатылы сайлаудың дәл қалай жүргізілетінін де бір кұдай біледі, өйткені «уставта» бұл туралы бір ауыз сөз жоқ.

Өзінен өзі түсінікті, бұл ұставты, барлық тамашасын біз әлі де айтып бітірмеген уставты, шынымен есепке алу ерсі болар еді. Ол өмірде де қолданылмайды. Егер отыншының алты қабат арбасын шынымен-ақ жасауға болатын болса, ол орнынан да жылжый алмайтын болады. Бұл уставтың маңызы практикалық емес, принциптік. Бұл — айта беретін «ұйым-процестің» тамаша, таптырмастай бейнесі. Ендігі жерде ұйым-процестің ұйым бұзу екенін тіпті соқыр адам да көруге тиіс. Осы күнге дейін меньшевиктер өздерінің оппоненттеріне, II съезге, оның

* — «Анархист». Ред.

құрған органдарына ұйым бұзушы болып келді. Енді меньшевиктер өздерінің пікірлестеріне де ұйым бұзушы болып шығып отыр. Ал енді мұның өзі — ұйым бұзушылықты тіпті принципке айналдырғандық.

Меньшевиктер істің басынан-ақ өздерінің уставтарын бұза бастады, бұл бізге ғажап нәрсе болып көрінбейді. Олар тіпті Россияны облыс-облысқа бөлуді де белгілемеді. Олар ең аяғы комитеттер мен ұйымдар бекітілгенше алдын ала ешқандай атқару комиссиясын да сайламады. Конференция уставта қаралмаған ұйымдастыру комиссиясын сайлады да, оған ерекше тапсырма берді! Енді меньшевиктермен уақытша, жеке келісімдер жасаудың өзі де мүлде қыйындап кетті, өйткені бұл ұйымдастыру комиссиясы ешбір ресімді орын алып отырған жоқ, сондықтан оның бастаған ісінің ешбір шешуші маңызы да бола алмайды. Кімде-кім меньшевиктермен істес болуды ойласа, ол солардың әрбір жеке ұйымымен, жазаласа әрбір жеке «шонжарымен» қабарласып алуға дайын болуы керек, ол шонжар «болмайды» деп жауап беруі де мүмкін.

Ақырында, азшылықтың «уставында» партия органдарын, жалпы партиялық әдебиетті мүлде ауызға алмай кетушілік ерекше таңырқарлық нәрсе. Органдар («Искра», «Социал-Демократ»¹³³) бар және болады да, бірақ конференция қабылдаған «устав» бұл органдар мен партия арасында ешқандай байланыс болуын көрсетіп отырған жоқ. Бұл сұмдық-ақ, бірақ солай болып отыр. Әдебиетшілер партиядан тыс, партиядан жоғары тұрмақ. Ешбір бақылау, ешқандай есеп беру, ешқандай материалдық тәуелділік жоқ. Мұның өзі француз социалистерінің барынша оппортунизмі үдеп тұрған заманындағысына ұқсаған бір нәрсе: партия өз бетімен, әдебиетшілер өз бетімен жүрмек. Осы тұрғыдан қарағанда конференцияның мынадай бір қаулы алғаны, мүмкін, кездейсоқ нәрсе емес. *Партиялық* (?) әдебиет туралы қарарда: «Конференция мынаны қажет деп біледі: 1) Ұйымдастыру комиссиясы жарыя баспасөз жүзінде партияның теориялық принциптерін жақтап күрес жүргізуге партия әдебиетшілерінің мүмкіншілігін күшейтетін шаралар қолдансын». Қәдімгі меньшевиктік ұйымның кейбір бейнесі көрініп-ақ тұр: жауапты емес партиялық әдебиетшілер мен «тәуелсіз», «теңі табылмайтын», «орнынан ауыспай-

тын», «партиялық әдебиетшілердің» тобы. Ал бұлардың жанында жарыя баспаның қамын жеп шыжық болып жүрген комиссияны көресің!

Бұл сыяқты ұйым типі жайында шындап сөз көтеру де қыйын. Революция неғұрлым жуықтаған сайын, жарыя баспасөз бетіне социал-демократтардың әшкере шығу мүмкіндігі неғұрлым таянған сайын, «партия әдебиетшілерінің» партия алдында сөзсіз жауапты болуы жөніндегі және олардың партияға тәуелді болуы жөніндегі принципті пролетариат партиясы соғұрлым қатаңырақ сақтауға тиіс.

Конференцияның тактика жайындағы қарарларына келетін болсақ, олар с.-д. ішіндегі «экономизмге тектес» сарын жайында және «партия жұмысының көлемін тарылтушылық» жайында III съездің мәлімдемесінде айтылған сөздерді тамаша сыйпаттайды. Қарарлардың өте салақ редакцияланғанын сөз қылмай-ақ қояйық, бұлар көбінесе долбарлап жазыла салған пікірге, афоризмдерге, байымдау сөздерге және алғашқы жазудан ала салған үзінділерге ұқсайды. Бұл жөнінен конференцияның қарарларымен тек ««Азаттық одағының» программасы» ғана таласа алады. Біздің бұл көріп отырғанымыз партияның жоғары органы беріп отыратын сара, айқын нұсқаулар емес, тек... кейбір партия әдебиетшілерінің қалам сынап карағаны.

Олардың мазмұндарын алып көріндер. Олар көтеріліс туралы пісуі жеткен қызу мәселені «қажеттілікке» айналып отыр екен деп, оның саяси маңызын ғана емес, «практикалық-ұйымдастыру жағын» да түсіндіру керек екен деп, осы мақсатта «пролетариатты ұйымдастыру» керек екен деп, «қажеттігіне қарай ерекше топтар құру» керек екен деп (III съездің қарарлары) сіздерге ешнәрсе айтпайды. Жоқ. Олар сіздерге шудегеннен былай дейді: көтерілісті белгіленген мерзімге дөп келтіру және оны астыртын ұйымдастыру әдістерімен әзірлеуге «болмайды» дейді, — ал бұдан әрі қарасаңыз — үгіт пен ұйым ұлғайған кезде стихиялық қозғалыстардың «басқарулы көтеріліске» айналып кетуі мүмкін дегенді оқысыз. Енді осы сыяқты шатасудан пролетариат партиясы идеялық басшылық алмақшы! РСДЖП-ның үшінші съезі насихат, үгіт, жалпы демократиялық қозғалыс, т. т. жайындағы барлық бұрыннан келе жатқан ақыйқаттарды

қайыра айтады және сыйпаттайды, бірақ сонымен бірге бұған жаңа бір міндет қосады: пролетариатты көтеріліске ұйымдастыру керек, күрестің, бостандық жолындағы үзілді-кесілді күрестің, жаңа тәсілдерінің «практикалық-ұйымдастыру жағын» анықтап алу керек дейді. Конференция «көтеріліс әзірлеу» туралы тек жалпы түрде ғана сөз етеді, үгіт туралы, ұйымдастыру туралы тек жалпы түрде ғана әлдеқашан-ақ айтылып қойған сөздерді қайталайды, сөйтіп өз бетімен ешбір жаңа міндет көрсетуге батпайды, 1902 жылдан бері қарай біз айтумен келе жатқан жалпы түрде әзірлік жасаудан асып, істі практикалық-ұйымдастыру жолына көшіруге қарай ұмтылып қадам басу керектігі жайында ешбір жетекші ұран бермейді. Бұрынғы экономистерден айныған бір жері жоқ. Олар саяси күрестің жаңа міндеттері туған кезде, бұл міндеттерді ұсақтай бастаған, сатылыққа ауыстыра бастаған, экономикалық күрес міндеттеріне бағындырған болатын.

Тек экономикалық қана күрес емес, сонымен қоса нағыз кең етек алған және батыл түріндегі саяси да күрес керек деді революцияшыл социал-демократтар. Саяси үгіттің ең жақсы құралы — экономикалық күрес деп жауап берді бұған экономистер. Ендігі жерде революцияшыл социал-демократтардың айтатыны: тек жалпы насихат пен үгіт қана емес, тек көтерілістің саяси мәнін анықтау ғана емес, сонымен қоса ерекше топтар да құру, ешбір тоқтаусыз практикалық-ұйымдастыру жұмысына кірісу, «пролетариатты қаруландыру жөнінде нағыз қызу шаралар қолдану» керек дейді. Бұған жаңа искрашылдардың беретін жауабы: басқарулы көтеріліс болмайды, үгітті ұлғайту керек, ұйымды нығайту керек, стихиялықтың басқарулы іске айналуын әзірлеу керек; тек осы негізде ғана «көтерілістің мезгілі жуықтайтын болады», «техникалық-жауынгерлік әзірліктер азды-көпті елеулі маңыз алатын болады»... дейді.

Олар үшін революцияның мезгілі әлі «жуықтаған» жоқ. Олар үшін іс жүзіндегі әзірлік істері ғана әлі де «азды-көпті елеулі маңыз» «алуы мүмкін»! Енді осылары нағыз барып тұрған шегіншектік емес пе? Енді осылары «жедел» (III съездің пікірінше) міндеттерді, орындауға өзіміз әлі де өте аз еңбек сіңірген міндеттерді, тым ұсақтап жіберу емес пе? Енді осы адамдар, саяси кү-

рестен бой тартып, хожаларға, үкіметке қарсы жүргізілетін экономикалық күреске ауып шегіншектеп кеткен экономистер сыяқты, көтерілістен үгітке ауып шегіншектеп жүрген жоқ па? «Освобождениенің» 71-номерінде Струве мырзаның қарулы көтеріліс ұранынан қалай шегіншектеп отырғанын, либералдық буржуазияның бұл көсемінің көтеріліс лажсыз болады дегенге қалай таласып отырғанын (340-бет), «техникалық мағнадағы революцияның» маңызын төмендетуге оның қалай тырысатынын, «әлеуметтік-психикалық жағдайларды» айту арқылы көтеріліс ұранын қалай «тереңдетіп» отырғанын, бұл ұранды «бұқаралардың мыйына демократиялық өзгеріс идеяларын сіңіру ұранымен ауыстырып алғанын оқып көріңіздерші, сонда сіздер жаңаискрашылдардың шегіншектігі пролетариатқа қандай терең — аздыратын әсер беруге тиіс екенін, онан кімнің пайдасы шығатынын түсінесіздір.

Екінші зәру саяси мәселе: революциялық уақытша үкімет туралы. III съездің қарары бұл мәселені айқын және тура қойып отыр. Дәлелі — республика үшін күресу; тек көтеріліс толық жеңгенде ғана оған жетісуге болатындығы; бостандықты және сайлаудың дұрыс өтуін шынымен қамтамасыз ету үшін революциялық уақытша үкіметтің құрылтай жыйылысын шақыруы қажет екендігі; революцияның табыстарын қору жолында буржуазиямен күреске әзірленудің қажеттігі. Съездің қортындылары және оның нұсқаулары: революциялық уақытша үкіметтің қажеттілігін пролетариатқа ұғындыру керек. Бұл үкіметтен пролетариат тағайын белгілі нәрселерді талап етуге тиіс, атап айтқанда: бүкіл минимум программаның орындалуы. Социал-демократтардың үкіметке кіруіне («жоғарыдан» зіл көрсету) жол беріледі; бұл кірудің мақсаты дәл көрсетіледі (контрреволюцияға қарсы аяусыз күрес жүргізу және жұмысшы табының дербес мүдделерін қорғау). Кірудің шарттары да нақ сондай айқын көрсетіледі; формалды шарт — партияның қатан бақылау жасауы; материалдық шарт, яғни кірудің тиімді болу шарты — социал-демократияның дербестігін тынбастан қору, социалистік төңкеріс жағдайларын әзірлеу. Үкіметке кірудің бұл шарттары, яғни жоғарыдан зіл көрсету шарттары жаңа, тек революциялық заманға ғана тән іс формасы болып табылады; енді осы біз санап өт-

кен шарттарға қосымша ретінде ұдайы және қайткенде де міндетті түрде төменнен зіл көрсетудің, — яғни революциялық уақытша үкіметке қаруланған, социал-демократия бастаған пролетариат тарапынан зіл көрсетудің, — формасы мен мақсаты көрсетіледі. Барлығын сайып келгенде, біз бұл арада — жаңа саяси мәселеге толық жауап беріліп отырғанын, күрестің жаңа түрлерінің маңызы, олардың мақсаттары, сол күрестің программасы, оларға жол беру шарттары дәл көрсетіліп отырғанын көреміз.

Ал конференцияның қарарынан не көреміз? Бұл қарарымына сықылды шектен асқан қате сыйпаттамадан басталады: «патша өкіметін революцияның айта қалғандай жеңуі» не уақытша үкіметтің құрылуына барып соғуы мүмкін, «не белгілібір өкілдігі бар мекеменің революциялық инициатива көрсетуіне барып соғуы мүмкін, ал ол мекеме халықтың тікелей революциялық қысым көрсетуі нәтижесінде бүкіл халықтық құрылтай жыйналысын ұйымдастыру қарарына келуі мүмкін» дегенді айтады.

Көтерілістің жеңіп шыға қалуын да, жеңіліс таба қалуын да, революциялық жолмен шын құрылтай жыйналысы шақырыла қалуын да, қала берді патшаның қандай да бір халық өкілдігісімақ бірдемені шақыра қалуын да күн ілгері ескеріп, партияға тактикалық нұсқау беріп қоюға болады да, беріп қою тиіс те. Бірақ жеңіп шығуға нағыз шешуші шарты жетіспей тұрған нәрсені шешуші жеңіс деп атаушылық — революциялық санаға басшылық еткендік болмайды, оны шатастырғандық болады. Өкілдігі бар мекеменің қандай да құрылтай жыйналысын ұйымдастыру жөнінде қандай «қарар» шығарса да, ол үзілді-кесілді жеңістен әлі аулақ жатқан нәрсе, сөз істен қанша аулақ болса, бұл да сонша аулақ жатқан нәрсе, өйткені патша өкіметінің қолында сөздің іс болып шығуына кедергі жасарлықтай күш бар. Жаңа-искрашылдардың қарары дәл бұрынғы экономистердің айтқаны сыяқты: жұмысшылардың айта қалғандай жеңісі деген нәрсе не олардың 8 сағаттық жұмыс күнін өздеріне қаратып алуы, не үкіметтің 10 сағаттық жұмыс күнін рұхсат етуі, сонан барып жұмысшылардың 9 сағаттық жұмыс күніне көшуі болып шығуы мүмкін дейтіндері сыяқты.

Конференцияның қарары демократиялық революцияның буржуазиялық сыйпаты жайындағы марксизмнің

даусыз қағыйдасын қайталайды, бірақ оларға қысқа негеріс мағна береді. Республиканы талап ететін жауынгерлік ұранның орнына бізге «монархия құрылысын жою» процесін суреттеп береді. «Жоғарыдан» жүргізілетін күрестің жаңа тәсілінің шарттары мен міндеттерін көрсетудің орнына, революция заманындағы пролетариат көтерілісінің табысқа жеткен жағдайында қолданылуы мүмкін және міндетті түрде болатын нәрселерді көрсетудің орнына, бізге «шектен асқан революциялық оппозиция болып қалудың» ережесін ұсынады. Бұл ереже парламенттік күрес жүргізу үшін өте жақсы, төменнен қыймыл жасау үшін өте жақсы, бірақ нақ көтеріліс кезінде мүлдем жеткіліксіз болады. Мұндай кезде «оппозицияның» міндеті үкіметті күшпен құлату болып табылады, ал конференция бұл мәселе жөнінде жетекші ұран бере алмады.

Конференцияның қарары жеке қалалар мен аудандарда там-тұмдап, тиіп-қашып, «өкіметті басып алуға» жол бере отырып, жаңа «Искраның» «принциптерінен» бастартады, буржуазиямен бірге революциялық уақытша үкіметке қатысушылық — пролетариатқа опасыздық істегендік болып шығады, милъеранизм, т. с. болып шығады дейді. Там-тұмдаған, тиіп-қашып істелген опасыздық опасыздық болмайды емес. Алайда, міндетті жеке қалалардың немесе аудандардың шегіне қарай пішіп, шағындағанмен ол міндет шешіле қоймайды, тек назарды бөлшектеп жібереді, мәселені ұсақтап, шатастырып жібереді. Ақырында, конференцияның қарарындағы «революциялық коммунарлар» деген ұран өзінің анық еместігі себепті жәй ғана құрғақ сөзге жақын, пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасы жайындағы ұраннан мүлде басқаша.

Жаңаискрашылдардың революциялық уақытша үкімет туралы қарары да түгелдей өздерінің көтеріліс туралы қарарында болған кемшіліктерге толы: кәзіргі кезеңнің жаңа тактикалық міндеттерін анықтай білмеушілік, ілгері басуға шақырудың орнына кейінге қайтауылдай берушілік, демократиялық революциядағы алдыңғы қатарлы тапқа арналған жетекші ұранның болмаушылығы, сол таптың міндетін, жұмысының өрісін, оның революциялық жігері мен революциялық қайрат-күшін тым бә-

сеңсітіп жіберушілік. Бұл сыяқты қате тактикалық бағыттың саяси беталысы — жаңаискрашылдықтың освобождениешілдікке жуықтауы болып шығады, демократиялық төңкерісте басшылық ролін либералдық буржуазияға беріп жіберушілік, пролетариатты оның жәй ғана шылауына айналдырып жіберушілік болып шығады.

Конференцияның былайғы қалған, маңызы шамалырақ қарарларында да осы айтылған негізгі кемшіліктің әсері байқалады. Мәселен, революциялық жолмен 8 сағаттық жұмыс күнін жүзеге асыру ұранының (III съездің қарары) орнына бар болғаны заң жолымен 8 сағаттық жұмыс күнін енгізу үшін үгіт жүргізу жайындағы ескі, кәзіргі кезге жеткіліксіз ұран көтеріледі. Тезінен революциялық шаруа комитеттерін ұйымдастырудың орнына, бар болғаны осыларды кұру туралы кұрылтай жыйналысына талап қоюды ұсынады. Буржуазияның азаттық қозғалысының табансыздығына, өрісі тарлығына, жетімсіздігіне қарсы күресу, мұның өзі қай жерде көзге түссе, сол жерлердің бәрінде күресу (III съездің қарары) ұранының орнына — конференцияның қарары Старовердің қатесін қайталатып, паңқорлық мақсаттың соңына түседі: «лакмус қағаз» табудың соңына түседі, буржуазиялық демократты халықтың екіжүзді емес досы деп санау үшін орындалуға тиіс «пункттерді» санап шығудың соңына түседі. Жаңаискралық қарардың «пункттері», әрине, салғаннан-ақ толық болмай шықты. Республика ұраны жоқ боп шықты. Сірә, «Россиялық азат ету одағы» («Пролетарий» № 4*) тәрізденген демократиялық топ осы «пункттерге» тура келетін түрі бар, бірақ іс жүзінде бұл топтың ішінде освобождениешілдердің басым болмасына ешқандай кепілдік жоқ.

Өзінен өзі түсінікті, газет мақаласында біз жаңаискрашылдар конференциясының қарарларынан көрініп отырған бүкіл тактикалық жолының негізгі қатесін өте жалпы және қысқа түрде ғана көрсете алдық. Олардың ұйым-процестері қаншалық маңызсыз нәрсе болса, тактикаларының қате беталыстары партия үшін **соншалық**

* Осы томның 525—538-беттерін қараңыз. *Ред.*

сақ боларлық маңызды нәрсе. Сондықтан біз бұл беталыстарды ерекше кітапшада жете талдаймыз, ал кітапша кәзір басылып жатыр, жуық уақыттың ішінде жарыққа шығады¹³⁴.

*„Пролетарий“ № 6,
3 шюль (20 шюнь), 1905 ж.*

*„Пролетарий“ газетінің тексті
бойынша басылып отыр*

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СОЦИАЛИСТІК БЮРОҒА

Қымбатты азаматтар!

«Пролетарийдің» редакциясы бүгін Берлиннен телеграмма алды. Бір жолдас Халықаралық бюроға біздің мынаны хабарлауымызды өтінеді: «Berliner Tageblatt-ың»* көлденең телеграммасына карағанда, орыс үкіметі державалардың Константинопольдегі полицей кемелерін тәртіп орнатуға көмектесу үшін Одессаға жіберулерін сұрапты.

Мынадай нәрсенің болуы өте ықтыымал: орыс үкіметі ендігі жерде өзінің теңіз күштеріне сенуден қалған болар, сондықтан ол Одессада *тұратын* шетелдіктерді қорғау сылтауымен Европа мемлекеттерінің соғыс кемелерін орыс революциясына қарсы ұрыстырмаққа әрекет жасап көрмек шығар.

Сонымен, Европа халықтарына орыс революциясының жеңдеті ролін атқартып жүрмесін деген хаупіміз өте зор. Сондықтан, қымбатты азаматтар, біз Сіздерден осы мәселені талқылауды және жаңағы айтылған болуы мүмкін нәрсені болдырмайтын құрал қарастыруды өтінеміз. Бәлкі халықаралық социалистік бюроның атынан барлық елдердің жұмысшыларына үндеу жарыяланса да қолайлы болар ма еді. Россияда қара халықтың бүлігі емес, революция болып жатқанын, бостандық үшін күрес болып жатқанын, бұл күрестің мақсаты құрылтай жыйналысын шақыру екенін, мұны прогресшіл партиялардың бәрі де, әсіресе РСДЖП, талап етіп отырғанын осы үндеуде баса көрсеткен жөн болар еді. Бәлкі осындай үндеу болса, барлық тілдерге аударылса, бүкіл жер жү-

* — «Күнделікті Берлин Газеті». Ред.

зінің социалистік газеттеріне басылса, сөйтіп қолымыздағы барлық құралдармен таратылса, жұртшылық пікіріне әсер етер еді де, бостандықтың түбіне жетуді көздеген орыс үкіметінің жоспарын іске асырмай тастар еді.

Сіздер бұл туралы өз пікірлеріңізді бізге хабарларсыздар деп сенеміз.

Туыскандық сәлемімізді қабыл етіңіздер, қымбатты азаматтар.

Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясының Орталық Комитетінің атынан

Н. Ленин (Вл. Ульянов).

*1905 жылғы 21 июньде
(4 июльде) жазылған*

*Туңғыш рет 1924 жылы 2 февральда
„Le Peuple“ („Халық“) газетінің
33-номерінде басылған*

*Қолжазба бойынша басылып отыр
Французшадан аударма*

РОССИЯЛЫҚ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯСЫ

*Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдері*ҮШ ТҮРЛІ КОНСТИТУЦИЯ НЕМЕСЕ МЕМЛЕКЕТ
ҚҰРУДЫҢ ҮШ ТҮРЛІ ТӘРТІБІ

Полиция мен чиновниктер нені көздейді?	Нағыз либералдық буржуалар (освобождениешілдер — немесе конституциялық демократиялық партия) нені көздейді?	Сана-сезімді жұмысшылар (социал-демократтар) нені көздейді?
— Самодержавиелік монархия.	— Конституциялық монархия.	— Демократиялық республика.

МЕМЛЕКЕТ ҚҰРУДЫҢ БҰЛ ТӘРТІПТЕРІНІҢ
МӘНІ НЕДЕ?

САМОДЕРЖАВИЕЛІК МОНАРХИЯ	КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ МОНАРХИЯ	ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ РЕСПУБЛИКА
1. Патша — самодержавиелік монарх.	1. Патша — конституциялық монарх.	1. Ешқандай патша болмайды.
2. Мемлекет кеңесі (патша тағайындап қоятын чиновниктер).	2. Халық өкілдерінің жоғарғы палатасы (төте емес, онша тең емес, онша жалпыға бірдей емес сайлау).	2. Ешқандай жоғарғы палата болмайды.

3. Мемлекеттік дума немесе халық өкілдерінің кеңесші палатасы (төте емес, тең емес, жалпыға бірдей емес сайлау).	3. Төменгі палата (дауысты жасырын беру жолымен өтетін жалпыға бірдей, төте, тең сайлау).	3. Бір ғана республикалық палата (дауысты жасырын беру жолымен өтетін жалпыға бірдей, төте, тең сайлау).
--	---	--

**МЕМЛЕКЕТ ҚҰРУДЫҢ БҰЛ ТӘРТІПТЕРІНІҢ ҚАНДАЙ
МАҢЫЗЫ БАР?**

САМОДЕРЖАВИЕЛІК МОНАРХИЯ	КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ МОНАРХИЯ	ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ РЕСПУБЛИКА
1 және 2. Полиция мен чиновниктердің халық үстінен түгелдей үстемдік етуі.	1. Өкіметтің үш үлесінің бірі полицияға, чиновниктерге және оларды бастаушы патшаға беріледі.	1. Полицияға да, чиновниктерге де ешқандай дербес өкімет берілмейді; олар бүтіндей халыққа бағынады.
3. Ірі буржуазия мен бай помещиктерге кеңесші дауыс беріледі.	2. Өкіметтің үш үлесінің бірі ірі буржуазия мен помещиктерге беріледі.	2. Капиталистерге де, помещиктерге де ешқандай артықшылық берілмейді.
— Халыққа ешқандай өкімет берілмейді.	3. Үкіметтің үш үлесінің бірі бүкіл халыққа беріледі.	3. Барлық өкімет, тұтасымен, толығымен бөліп-жармастан, бүкіл халыққа беріледі.

**МЕМЛЕКЕТ ҚҰРУДЫҢ БҰЛ ТӘРТІПТЕРІ ҚАНДАЙ МАҚСАТҚА
ҚЫЗМЕТ ЕТУГЕ ТИІС?**

САМОДЕРЖАВИЕЛІК МОНАРХИЯ	КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ МОНАРХИЯ	ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ РЕСПУБЛИКА
Орда-сарай төңірегіндегілердің,	Полиция мен чиновниктердің	Бостандық алған, оқып көзі

<p>полицияның, чиновниктердің жұрттың бәрінен де жақсы тұруына қызмет етеді;</p>	<p>капиталистер мен помещиктерге тәуелді болуына қызмет етеді;</p>	<p>ашылған халықтың барлық өз ісін өзі жүргізетін болып үйренуіне қызмет етеді,</p>
<p>— байлардың жұмысшылар мен шаруаларды қалауынша тонауына қызмет етеді;</p>	<p>— капиталистердің, помещиктердің, бай шаруалардың қала мен деревнядағы жұмысшыларды өз ойына келгенінше емес, емін-еркін, жайымен, право жолымен тонайтын болуына қызмет етеді.</p>	<p>— ең қымбат жері — жұмысшы табының социализм үшін емін-еркін күресетін болуына, бай да, кедей де болмайтын, барлық жер, барлық фабрикалар мен заводтар барлық еңбекшілердікі болатын тәртіп үшін күресетін болуына қызмет етеді.</p>

*Бөлек листок болып 1905 жылғы
июнь — июльде басылған*

*Листоктың тексті бойынша
басылып отыр*

РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ АРМИЯ МЕН РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ҮКІМЕТ

Одессадағы көтеріліс және броненос «Потемкиннің» революция жағына өтуі самодержавиеге қарсы революциялық қозғалыстың дамуындағы жаңа, ірі белес болды. Көтеріліске шақырған және революциялық уақытша үкіметті құруға шақырған үндеулердің, — Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясының III съезі арқылы пролетариаттың саналы өкілдері халыққа арнап шығарған үндеулердің уақтылы екенін оқыйғалар тамаша шапшаң растады. Революциялық жалынның жаңа жарқылы осы үндеулердің практикалық маңызын айқын көрсетіп беріп, Россия бастан кешіріп отырған кезеңде біздің революцияшыл күрескерлердің міндеттерін дәлірек анықтауымызды керек етіп отыр.

Оқыйғалардың стихиялы желісінің ықпалымен бүкіл-халықтық қарулы көтеріліс біздің көз алдымызда жетіліп, ұйымдасып келеді. Бір кездері самодержавиеге қарсы халық күресінің бірден-бір көрінісі *бүліктер* болды, яғни санасыз, ұйымдаспаған, стихиялы, кейде тағы-дүлей наразылықтар болды, ол заман онша алыс кеткен жоқ. Бірақ жұмысшы қозғалысы, ең алдыңғы қатарлы тап — пролетариаттың қозғалысы ретінде, осы бастапқы калыптан тез өсіп шықты. Социал-демократияның саналы насихаты мен үгіті ойдағыдай нәтиже берді. Бүліктердің орнына ұйымдасқан стачкалық күрес және самодержавиеге қарсы *саяси демонстрациялар* жүргізілетін болды. Сорақы әскери жазалау шаралары бірнеше жыл бойында пролетариат пен қаланың қарапайым халқын «тәрбиеледі», оларды революциялық күрестің жоғары формаларына әзірледі. Самодержавие халықты душар еткен

кылмысты, маскара соғыс халықтың шыдамын тауысты. Патшаның әскерлеріне тобырдың қарулы тойтарыс беру әрекеттері басталды. Халықтың әскерлерге қарсы нағыз көшедегі ұрыстары басталды, баррикадаларда шайқастар басталды. Кавказ, Лодзь, Одесса, Либава бізге ең соңғы уақыттың ішінде пролетарлық ерлік пен халықтық жігердің өнегелерін көрсетті. Күрес көтеріліске ұласып кетіп отырды. Бостандық жендеттерінің маскара ролі, полиция қолшоқпарларының ролі бірте-бірте тіпті патша армиясының да көзін ашпай қойған жоқ. Армия қобалжый бастады. Ең әуелі жеке бағынбаушылықтар, запастағылардың өрекуі, офицерлердің наразылықтары болды, солдаттар арасында үгіт жүргізілді, жеке роталар немесе полктер өз бауырларына — жұмысшыларға оқ атудан бастартты. Онан кейін — *армияның бір бөлегі көтерілісшілер жағына шықты.*

Одессадағы соңғы оқыйғалардың орасан маңызы сол — патша өкіметінің әскери күшінің бір ірі бөлімі, — тұтас броненос, — ашықтан-ашық революцияның жағына шықты. Бұл оқыйғаны халықтан жасыру үшін, матростардың көтерілісін бастапқы кезінде басу үшін үкімет жанталаса күш жұмсап, әралуан айлалар істеп бақты. Бірақ ешнәрсе сеп болмады. Революциялық броненос «Потемкинге» қарсы жіберілген соғыс кемелері өз жолдастарымен *күресуден бастартты.* «Потемкиннің» берілгені туралы, патшаның революциялық броненосты суға батыру жөніндегі бұйрығы туралы Европаға хабар таратып, самодержавиелік үкімет тек бүкіл дүние жүзі алдында өзін біржолата маскараалады. Эскадра Севастопольге қайтты, үкімет матростарды таратуға, соғыс кемелерін қарусыздандыруға асығып отыр; Қаратеңіз флоты офицерлерінің жаппай отставкаға шығуы туралы лақап тарап жүр; берілген «Георгий Победоносец» броненосында, тағыда наразылықтар басталды. Либава мен Кронштадтағы матростар да көтеріліс жасап отыр; әскермен екі арадағы қақтығыстар жиілеп барады; баррикадаларда (Либавада) матростар мен жұмысшылар солдаттарға қарсы ұрыс жүргізуде. Шетел баспасөзінде басқа да бірсыпыра соғыс кемелерінде («Минин», «Александр Второй», т. т.) туған наразылықтар туралы хабар басылып отыр. Патша үкіметі *флотсыз қалған болып шықты.* Оның әзірге өндірген ең үлкен нәтижесі — флот-

ты революция жағына іркілмей өтуден тоқтатып қалды. Ал броненос «Потемкин» революцияның жеңілмеген территориясы болып қалды, сөйтіп, оның тағдыры қандай болғанымен, біз күмәнсіз және аса елеулі бір фактыны көріп отырмыз: *революциялық армияның ұйтқысын құруға әрекет жасалып отыр.*

Жазалау шараларының қандайы болса да, революцияны шінара жеңудің қандайы болса да бұл оқыйғаның маңызын жоймайды. Бірінші адым жасалды. Рубикон артта қалды. Армияның революция жағына өтуі бүкіл Россияға және бүкіл дүние жүзіне әйгілі болып отыр. Қаратеңіз флотындағы оқыйғалардан кейін революциялық армия құру жөнінде бұрынғыдан да күшті жаңа әрекеттер сөзсіз жасалады. Біздің кәзіргі міндетіміз — осы әрекеттерді барынша қолдау, пролетариат пен шаруалардың қалың бұқарасына бостандық жолындағы күресте революциялық армияның бүкілхалықтық маңызы бар екенін түсіндіру, бұқараны ұйыстыра алатын, патша самодержавиесін жаныштайтын күштерді біріктіре алатын бүкілхалықтық *бостандық туын* көтеруге осы армияның жеке отрядтарына көмектесу.

Бүліктер — демонстрациялар — көшедегі ұрыстар — революциялық армияның отрядтары, — халық көтерілісінің даму кезеңдері осындай. Енді біз ақырында соңғы кезеңге де жетіп отырмыз. Әлбетте, бұған қарап енді бүкіл қозғалыс осы жоғары сатыда тұр екен деуге болмайды. Жоқ, қозғалыстың жетілмеген жерлері әлі де көп, Одессадағы оқыйғаларда ескі бүліктің айқын белгілері әлі де бар. Бірақ мұның мәнісі — стихиялық тасқынның алғашқы толқындары кәзірдің өзінде самодержавие «камалының» нақ босағасына дейін жетті деген сөз. Мұның мәнісі — нағыз халық бұқарасының алдыңғы қатарлы өкілдері күрестің, орыс халқының жауына қарсы ақтық күрестің жаңа жоғарғы міндеттерінің дәрежесіне жетті деген сөз, бірақ жеткенде теориялық ой-пікірдің нәтижесінде емес, өсіп келе жатқан қозғалыстың тегеуірінімен жетті. Самодержавие осы күресті әзірлеу үшін *бәрін* істеді. Оның өзі жылдар бойы халықты әскерге қарсы қарулы көтеріліске итермеледі, ал енді ол не ексе, соны орып отыр. Дәл әскердің өзінен революциялық армияның отрядтары шығып отыр.

Мұндай отрядтардың міндеті — көтерілісті жарыялау,

бұқараға азамат соғысы үшін, сондай-ақ әрбір басқа соғыс үшін қажетті *әскери басшылық* көрсету, бүкілхалықтық ашық күрестің тірек пункттерін құру, көтерілісті жапсарлас жерлерге жаю, ең әуелі мемлекет жерінің кішігірім бөлегінде болса да, толық саяси бостандықты камтамасыз ету, шіріп біткен самодержавиелік құрылысты революциялық жолмен қайта құра бастау, бейбітшілік уақыттарда революциялық творчествоға аз қатысатын, бірақ революция заманында алдыңғы қатарға шығатын халық бұқараларының революциялық творчествосын мейлінше кең өрістету. Тек осы жаңа міндеттерді ұғынғанда ғана, тек бұл міндеттерді кеңінен, батыл алға қойғанда ғана — революциялық армияның отрядтары толық жеңіске жете алады, *революциялық үкіметтің* тірегі бола алады. Ал революциялық үкімет — халық көтерілісінің кәзіргі кезеңінде революциялық армия қандай қажет болса, бұл да нақ сондай сөзсіз қажет нәрсе. Революциялық армия соғыс күресі үшін және самодержавиенің әскери күшінің қалдықтарына қарсы халық бұқарасына әскери басшылық көрсету үшін керек. Революциялық армияның қажет болатын себебі — ұлы тарихи мәселелерді тек *күш* арқылы ғана шешуге болады, ал кәзіргі күресте *ұйымдасқан күш* дегеніміз әскери ұйым болып табылады. Онан соң самодержавиенің әскери күшінің қалдықтарынан басқа көршілес мемлекеттердің әскери күштері бар, ал құлауға айналған орыс үкіметі олардан жалбарынып күш-көмек сұрап отыр, бұл туралы біз төменде айтпақпыз*.

Революциялық үкімет халық бұқарасына саяси басшылық ету үшін қажет, — әуелі революциялық армия патша өкіметінен жаулап алған территорияда, онан соң бүкіл мемлекетте басшылық ету үшін қажет. Революциялық үкімет кәзіргі революцияның мақсаты болып табылатын саяси өзгерістерге дереу кірісу үшін, — халықтың революциялық өзіндік басқармасын орнату үшін, нағыз бүкілхалықтық, нағыз құрылтай жыйналысын шақыру үшін, «бостандықтарды» жүзеге асыру үшін қажет, ал мұндай «бостандықтар» болмайынша халықтың тілегін дұрыс өтеу мүмкін емес. Революциялық үкімет халықтың көтеріліс жасаған бөлегін, іс жүзінде және біржола-

* Осы томның 603—608-беттерін қараңыз. *Ред.*

та самодержавиеден кол үзген бөлегін саяси жолмен біріктіру үшін, оны саяси жолмен ұйымдастыру үшін қажет. Халықтың атынан, сол халық талабын орындау үшін, халықтың жәрдемімен қызмет ету үшін өкіметті өз қолына алатын революциялық үкіметтің тек уақытша үкімет болатыны сыяқты, әрине, бұл ұйым да тек уақытша болмақ. Бірақ бұл ұйым, көтерілістің әрбір ойдағыдай қыймылымен біте қайнасып, *дереу* басталуға тиісті, өйткені саяси бірлестік пен саяси басшылықты бір минутке де кешеуілдетуге болмайды. Патша өкіметін халықтың толық жеңуі үшін көтерілісші халыққа көрсетілетін саяси басшылықты осылайша дереу жүзеге асыру ісінің қажеттігі оның күштеріне әскери басшылық көрсету қажеттігінен кем емес.

Самодержавие жақтастары мен халық бұқарасының арасындағы күрестің ақтық нәтижесі қандай болатыны жөнінде ой жүгірту қабілетін жоғалтпаған адамдардың бірде-бірі күмәндана алмайды. Бірақ біз мықты күрестің жаңа ғана басталып келе жатқанын, біздің алдымызда әлі де ұлы сынақтар тұрғанын көз жұмып көрмей кетуге тиіс емеспіз. Сондықтан революциялық армия мен революциялық үкіметтің жоғары тұрпатты «организм» болып табылатыны соншалық, аса күрделі мекемелер құруды, азаматтардың сана-сезімі жоғары болуын керек ететіні соншалық, бұл міндеттер бірден оп-оңай, жалмажан, дұрыс орындала салады деп күту қателік болар еді. Жоқ, біз мұны күтпейміз, біз социал-демократия әрқашанда жүргізіп келген және әрқашанда жүргізе беретін қажырлы, баяу, көбінше көзге көрінбейтін саяси тәрбие жұмысының маңызын бағалай білеміз. Бірақ біз кәзіргі уақытта өте-мөте қауіпті нәрсеге — халықтың күшіне сенбеушілікке де жол бермеуге тиіспіз, біз құдіретті тарихи оқыйғалар тоғышарларды үнгірлерінен, чердактардан, подвалдардан күшпен суырып алып, *азамат* болуға мәжбүр еткен кезде революцияның ағартқыш, ұйымдастырғыш күші қаншалық зор болатынын ескеруге тиіспіз. Революция айлары кейде азаматтарды саяси тоқыраудың ондаған жылдарынан гөрі тезірек және толығырақ тәрбиелейді. Революцияшыл таптың саналы өкілдерінің міндеті — осындай тәрбие беру ісінде әрқашанда таптың алдында болу, жаңа міндеттердің маңызын түсіндіру және біздің ұлы мақсатымызға қарай

ілгері басуға шақыру болады. Революциялық армияны кұру және революциялық уақытша үкімет белгілеу жөнінде істейтін болашақ әрекеттерімізде бізге сөзсіз кез болатын сәтсіздіктер тек бізге осы міндеттерді *практика жүзінде* орындауды үйретеді, кәзір бүркеулі жатқан, халықтың жаңа, тың күштерін осы міндеттерді орындауға тек жұмылдыра түседі.

Соғыс өнерін алыңыздар. Тарихтан азынаулақ болса да хабары бар социал-демократ осы өнерді жетік білетін ұлы кеменгер Энгельстен тәлім үйренген бірде-бір социал-демократ соғыс білімінің орасан маңызы жөнінде, ұлы тарихи қақтығыстарды шешу үшін халық бұқарасы мен халық таптары пайдаланатын кұрал ретіндегі соғыс техникасы мен әскери ұйымның орасан қажеттілігі жөнінде ешқашан күмән келтірген емес. Социал-демократия ешқашанда әскери заговорлармен айналысып өз басын қорлаған емес, басталған азамат соғысының нақтылы жағдайлары туғанша, ол ешқашанда соғыс мәселелерін алдыңғы қатарға қойған емес*. Ал *енді* барлық социал-демократтар соғыс мәселелерін ең алдыңғы орынға демесек те, алдыңғы орындардың біріне қойып отыр, оларды зерттеу ісін және халық бұқарасын олармен таныстыру ісін күн тәртібіне қойып отыр. Революциялық армия орыс халқының келешектегі бүкіл тағдырын шешу үшін, ең бірінші, көкей-кесті мәселені, бостандық туралы мәселені, шешу үшін соғыс білімдері мен соғыс кұралдарын практика жүзінде қолдануға тиіс.

Социал-демократия соғысқа ешқашанда сентименталдық көзбен қараған емес және олай қарамайды да. Адамзаттың таластарын шешудің айуандық әдістері ретіндегі соғысты міней отырып, социал-демократия қоғам таптарға бөлініп отырған кезде, адамды адамның қанауы болып тұрған кезде соғыстар болмай қоймайды деп біледі. Ал осы қанаушылықты жою үшін біз соғыссыз мұратқа жете алмаймыз; бұл соғыстың өзін әрқашанда, барлық жерде қанаушы, үстемдік етуші және езуші таптардың өздері бастайды. Соғыстың да соғысы бар. Шон-

* Салыстыр: Лениннің «Орыс социал-демократтарының міндеттері», 28-бет, патша өкіметіне үзілді-кесілді шабуыл жасау әдістері туралы мәселенің мезгілсіз (1897 ж.) мәселе екені жөнінде (қараңыз: шығармалар, 4-басылуы, 2-том, қазақша 378—379-беттер. *Ред.*)

жарлардың мүдделерін, талаушы шайканың құлқынқұмарлығын, капиталистік пайданың батырларының мақсаттарын орындайтын соғыс — авантюра бар. Халықты езушілер мен құл етушілерге қарсы соғыс бар — ал мұның өзі капиталистік қоғамдағы бірден-бір заңды соғыс. Мұндай соғысты тек утопистер ғана немесе филистерлер ғана принцип жүзінде мінейді. Қазір Россияда бұл соғыстан, халықтың тілегін орындайтын соғыстан тек бостандыққа опасыздық етуші буржуалар ғана шеттеп кетеді. Пролетариат Россияда осы ұлы азаттық соғысын бастады, ол мұны ілгері бастыра біледі, оның өзі революцияшыл армияның отрядтарын құрады, бізге өткен солдаттардың немесе матростардың отрядтарын нығайтады, шаруаларды тартады, Россияның азамат соғысының отында құралып, шынығып жатқан жаңа *азаматтары*н бүкіл адамзаттың бостандығы және бақыты үшін күресушілердің ерлігімен, рухымен жігерлендіреді.

Ал революциялық үкіметті құру міндеті, революцияның әскери күштерін ұйымдастыру міндеті сыяқты, әрі жаңа, әрі қыйын, әрі күрделі міндет. Бірақ халық бұл міндетті де орындай алады және орындауға тиіс те. Бұл істегі әрбір жеке сәтсіздік амал-тәсілдерді кемелдендіруге, қол жеткен нәтижелерді баянды етіп, молайта беруге себепкер болады. Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясының үшінші съезі өз қарарында жаңа міндетті орындаудың жалпы шарттарын белгіледі, — мұны жүзеге асырудың практикалық шарттарын талқылап, әзірлеуге кірісетін уақыт жетті. Біздің партияның минимум программасы бар, жасалатын өзгерістердің, демократиялық (яғни буржуазиялық) төңкерістің шеңберінде дереу толық жүзеге асыруға болатын және пролетариаттың социалистік төңкеріс жолындағы келешектегі күресі үшін қажетті өзгерістердің тұжырымды программасы бар. Бірақ бұл программада негізгі талаптар және негізгілерінен туатын немесе өздігінен ұғынылатын жеке талаптар бар. Революциялық уақытша үкіметті құру жөнінде жасалатын әрбір әрекет тұсында осы үкіметтің мақсаттарын, оның жалпыхалықтық міндеттерін бүкіл халыққа, тіпті бүкіл қараңғы бұқараға қысқаша тұжырымдап, нақтылы айқын бейнелеп көрсету үшін дәл негізгі талаптарды ұсыну өте қажет.

Біздің ойымызша, осындай негізгі *алты* пунктті атап

көрсетуге болады, бұл пункттер әрбір революциялық үкіметтің саяси туы және ең таяуда орындалатын программасы болуға тиіс, бұлар үкіметке халықты тілектес етуге тиіс, сөйтіп халықтың бүкіл революциялық жігері ең келелі жұмыс ретіндегі осы пункттерге жұмсалуға тиіс.

Бұл алты пункт мыналар: 1) бүкілхалықтың құрылтай жыйналысы, 2) халықты қаруландыру, 3) саяси бостандық, 4) езілген және кем праволы халықтарға толық бостандық беру, 5) 8 сағаттық жұмыс күні және 6) шаруалардың революциялық комитеттері. Әлбетте, бұл тек қана үлгілі тізбе, бұл демократиялық республиканы орнату үшін дереу қажетті өзгерістердің *тақырыптары*, белгілері ғана. Біз мұнда толық айтып жеткіздік деп отырған жоқпыз. Біз тек белгілі негізгі міндеттердің маңыздылығы туралы өз пікірімізді жете айқындамақпыз. Революциялық үкіметтің бұқара халыққа, жұмысшылар мен шаруалар бұқарасына сүйенуге тырысуы қажет, — бұлай етпейінше ол орнығып тұра алмайды, халықтың революциялық ынта-жігері болмайынша бұл үкімет құрнұль, нұльден де жаман. Біздің міндет — халықты дақпырты зор, бірақ сорақы уәделерден (айтушылардың өздері де түсінбейтін дереу «социализациялау» деген сыяқты уәделерден) сақтандыру, сонымен бірге кәзіргі кезеңде шын жүзеге асырылатын және революция ісін баянды ету үшін шын қажет өзгерістерді ұсыну. Революциялық үкімет «халықты» көтеріп, оның революциялық белсенділігін *ұйымдастыруға* тиіс. Езілген халықтарға толық бостандық берілуі керек, яғни олардың тек мәдениет жүзінде ғана емес, сонымен қатар саясат жүзінде де өзін өзі билеу правосы танылуы керек, — жұмысшы табын қорғау жөнінде нақтылы шараларды қамтамасыз ету керек (8 сағаттық жұмыс күні — осы шаралардың біріншісі), ақырында, помещиктердің құлқынқұмарлығымен санаспайтын, шаруалар бұқарасының пайдасын көздейтін елеулі шараларды қамтамасыз ету керек, — біздің пікірімізше, әрбір революциялық үкіметтің өте-мөте атап көрсететін басты пункттері міне осылар. Біз алғашқы үш пункт туралы айтып отырғанымыз жоқ, өйткені бұлар өте айқын, түсіндіруді керек етпейді. Біз өзгерістерді тіпті кішігірім территорияда, мысал үшін айталық, патша өкіметінен жаулап алынған территорияда

практика жүзінде іске асыру қажеттігі туралы да айтып отырғанмыз жоқ, практика жүзінде іске асыру қандай манифестерден болса да мың есе маңызды және, әрине, мың есе қыйын да. Біз жұрттың назарын тек мынаған аударамыз: біздің жалпыхалықтық және таяудағы міндеттеріміз туралы кәзірден бастап, дереу дұрыс ұғым тарату керек. Халыққа жүгіне білу керек, — осы сөздің шын мәнісінде жүгіне білу керек, — жүгінгенде күреске шақыратын тек бір ғана жалпы үндеумен емес (жалпы үндеу революциялық үкіметті құрғанға дейінгі дәуірдің өзінде-ақ жеткілікті), ең негізгі демократиялық өзгерістерді дереу жүзеге асыруға шақыратын, оларды тез арада, дербес орындауға шақыратын тікелей үндеумен жүгіну керек.

Революциялық армия мен революциялық үкімет дегеніміз — бір медальдың екі жағы. Бұлар — көтерілістің табысты болуы үшін және оның жемістерін баянды ету үшін бірдей қажетті екі мекеме. Бұлар — бірден-бір дәйекті революциялық ұрандар ретінде сөзсіз ұсынылып, түсіндірілуге тиісті екі ұран. Қәзір бізде өздерін демократ деп атайтын адамдар көп. Бірақ аталушылар көп те, таңдаулылар аз. «Конституцияшыл-демократиялық партияның» сөзуарлары көп те, атышулы «коғамның» арасында, демократияшыл-сымақ земствошылардың арасында *нағыз* демократтар аз, — яғни халықтың толық самодержавиесін шын жақтайтын, халық самодержавиесінің дұшпандарына қарсы, патша самодержавиесінің қозғаушыларына қарсы жанаямай күресуге қабілетті адамдар аз.

Тап ретіндегі буржуазияға тән мұндай жүрексіздік, мұндай екі жүзді тұрлаусыздық жұмысшы табында жоқ. Жұмысшы табы әбден дәйекті демократ бола алады және болуы керек те. Жұмысшы табы Петербургтің, Риганың, Либаваның, Варшаваның, Лодзьдің, Одессаның, Бакудың және басқа толып жатқан қалалардың көшелерінде төгілген өз қаны арқылы демократиялық революцияда авангардтық роль атқаруға өзінің праволы екенін дәлелдеп берді. Ол үстіміздегі шешуші кезеңде де осы ұлы рольге сай болуға тиіс. Пролетариаттың саналы өкілдері, РСДЖП мүшелері, — өзінің социалистік мақсатын, өзінің таптық және партиялық дербестігін бір минут те ұмытпастан, — бүкіл халық алдына үздік демок-

ратиялық ұрандармен шығуға тиіс. Біз үшін, пролетариат үшін, демократиялық төңкеріс еңбекті қанау атаулыдан азат етуге апаратын, ұлы социалистік мақсатқа жеткізетін тек бірінші саты ғана. Сондықтан да біз осы бірінші сатыны неғұрлым тез өтуге тиіспіз, біз халық бостандығының жауларын неғұрлым батыл құртуға тиіспіз, біз дәйекті демократияның: революциялық армия мен революциялық үкімет болсын деген ұрандарын неғұрлым қатты уағыздауға тиіспіз.

*„Пролетарий“, № 7,
10 июль (27 июнь), 1905 ж.*

*„Пролетарий“ газетінің
қолжазбамен салыстырылған
тексті бойынша басылып
отыр*

ОРЫС ПАТШАСЫ ӨЗ ХАЛҚЫНАН ҚОРҒАНУ ҮШІН ТҮРІК СҰЛТАНЫНАН КӨМЕК СҰРАП ОТЫР

Түрлі елдерге, түрлі партияларға караған шетел баспасөзінің беті Каратеңіз флотынан біркатар кемелердің орыс революциясы жағына шығып кеткені жайындағы хабарларға, телеграммаларға, мақалаларға толы. Газеттер самодержавиелік үкіметтің өзін өзі осыншалық масқараға жеткізгеніне таң-тамаша қалып, оған лайығынша күшті баға беру үшін тіпті сөз таппайды.

Патша үкіметінің көтерілген матростарға қарсы полицей көмегін сұрап, Румыния мен Түркияға өтініш салғаны тіпті масқараның шегінен өтіп кетті! Орыс халқына, «сыртқы түріктердің» қандайынан да гөрі, «ішкі түріктер» қорқыныштырақ болып шыққаны нақ осы арада көрініп отыр. Түрік сұлтаны патша самодержавиесін орыс халқынан қорғауға тиіс болмақшы; — патша орыстың соғыс күштеріне сүйене алмайды, сондықтан ол жат державалардан жәрдем тілейді. Патша өкіметінің әбден күйрегендігіне мұнан артық дәлел табу қыйын-ақ. Орыс армиясының солдаттарына өздерінің атқарып жүрген рольдерінің қандай екенін түсіндіруге мұнан артық материал табу да қыйын-ақ.

«Таймс» газеті 4 июльдегі (жаңа стиль бойынша) басмақаласында былай деп жазады; — айта кетейік, бұл газет бүкіл жер жүзіндегі ең бай, бәрінен де гөрі хабары молырақ газеттердің бірі, ағылшынның консерватор буржуазиясының органы; бұл газет тіпті біздің «освобождениешілдеріміздің» өзін де тым аса радикалшыл деп санайды, шиповшылдарға, т. с. іш бұрады. Қысқасы, орыс революциясының күші мен маңызын асыра

бағалап отыр деп бұл газетті айыптай қоятын ешкім болмас-ақ.

«Орыс үкіметінің теңіз жүзіндегі әлсіздігі — дейді «Таймс» — өзінің берген нотасынан тамаша сыйпатталып отыр, хабарларға карағанда, ол бұл нотамен «Портаға: (яғни түрік үкіметіне) және румын үкіметіне жүгінген көрінеді. Бұл нотасында орыс үкіметі осы айтылған мемлекеттерден орыс флотының бас көтерген матростарын кәдімгі бұзақы қылмыстыларға есептеуді өтінеді, айтпеген күнде халықаралық шатақ туып кетуі мүмкін деп сақтандырып қояды. Басқаша айтқанда, патша үкіметі соншалық өзінің басын қорлап, түрік сұлтан мен румын короліне бас ұрып жалбарынып, өз қолынан келмей қалған полициялық қызметін орындап беруді өтінеді. Енді Абдул-Хамид орыс патшасының сұраған көмегін көрсете ме, жоқ па — онысын күту керек. Осы уақытқа дейін, матростар көтерілісінің түрік өкіметтеріне жасаған әсері тұрғысынан карағанда, бұл көтерілістің бірден бір нәтижесі мынау болып отыр: көтеріліс түрік өкіметтеріне жайшылықтағысынан гөрі бакылауды катайта түсуге дем беріп отыр; ал соның өзінде бұл бакылаудың алғашқы тұзағына түсуші сәмбі күні орыстың жағалау қорғанысының кемесі болды, бұл кемемен әбден қараңғы түскен кезде Босфорға орыстың елшісі кірген еді. Түріктер бұл кеме-ні бір рет күр дәрімен оқсыз атты. Бұдан бірер жыл бұрын нақ осындай жолмен бакылау жүргізуге түріктердің батылы бара қоймас еді. Румын үкіметіне келетін болсақ, ол көтеріліс жасаған матростарды бұзақы қылмыстыларға есептеу туралы өтінішті елемей дұрыс істеді. Өз қадырын сақтағысы келген ұлт үкіметінің осындай істерін, әрине, күту де керек еді. Румын үкіметі «Потемкин-ге» ешбір жабдық та, көмір де берілмесін деп бұйрық берді, бірақ сонысымен қатар ол кеме-нің 700 матросына мынаны хабарлады: егер Румыния жағалауына келіп тұссендер, сендер тек шетелдің дизертирлері деп есептелесіндер деді».

Сонымен, румын үкіметі тіпті революция жағында емес, оған ешбір дәлел жоқ! Бірақ сүйтсе де ол бүкіл Россияның жұрттың бәріне арам және жексұрын патшасының полицей қызметін орындап, өзінің басын қорлағысы келмейді. Ол патшаның өтінішіне құлақ салмай отыр.

Оның бұл істеп отырған ісі — «өз қадырын сақтағысы келетін ұлт үкіметінің» істеуге тиіс-ақ ісі.

Европада күні кеше ғана «айбынды, ұлы монархқа» бас ұрып, жарамсактанып жүрген адамдардың енді бүгінгі күні келіп орыстың самодержавиелік үкіметі туралы сөйлеп жүрген сөздері міне осындай!

Енді самодержавиенің осындай маскараға ұшыраған хабары неміс газетінде де шыға бастады. «Франкфурт Газетіне» жаңа стиль бойынша 4 июльде *Константинопольден* мынадай телеграмма берілді: «Орыс елшісі Зинсвьев кеше түрік үкіметіне Петербург кабинетінің нотасын тапсырды, бұл нотада 400 ге жуық орыс матростарының бір крейсерді суға батырып жіберіп, өздері үшінші күні Константинопольге қарай бара жатқан ағылшынның бір сауда кемесіне мініп құтылып кеткені айтылады. Орыс өкілі Түркиядан осы сауда кемесін Босфордан өтерде ешбір бұлтарусыз ұстауды талап етеді, сондай-ақ бас көтерген орыс матростарын тұтқынға алып, ұстап беруді талап етеді. Түрік үкіметі сол кештің өзінде-ақ министрлер советінің жедел мәжлісін шақырып, орыс нотасын талқылады. Түркия орыс елшілігіне берген жауабында оның талабын өзінің орындауы мүмкін емес екенін айтты, өйткені халықаралық право бойынша ағылшын жалауымен жүрген кемелерге Түркияның полицей бақылауын жүргізерлік правосы жоқ, тіпті бұл кемелер түрк гаваньдарында тұрса да правосы жоқ деді. Оның үстіне Россия мен Түркия арасында қылмыстыларды ұстап беру туралы шарт жоқ деді».

Түркия «ерлікпен жауап берді» — дейді бұл жөнінде неміс газеті. Түріктер патшаның полиция қызметшісі болып жүргісі келмейді!

Тағы да мынадай хабар бар: «Стремительный»* миноносеці басқа бірнеше соғыс кемелерімен бірге «Потемкинді» іздеп, Констанцаға (Румынияға) келген кезінде, румын үкіметі орыстың өкімет адамдарына былай депті: румын суларында тәртіпті румын армиясы мен румын полициясы бақылайды, тіпті «Потемкин» румын суларында тұрған болса да солар бақылайды депті.

* «Стремительныйда» матростар жоқ еді деседі. Командасының барлығы дерлік ылғый офицерлерден құралған дейді. Халыққа қарсы ақ сүйектер шығыпты!

Сонымен, бақсақ, шетел кемелеріне тынышсыздық туғызып отырған «Потемкин» болмай шықты (патша самодержавиесі Европаны солай деп қорқытып еді), қайта кәзір оларға орыс флоты маза бермей отыр. Ағылшындар Одессада өздерінің «Granley» деген кемесінің ұсталып, тінтілгеніне ашу шығарып жатыр. Немістер де өздерінің Одессадан Константинопольге бара жатқан «Пера» деген кемесін орыстардың өтініші бойынша түріктер тоқтатып, тінтеді-мыс деген хабарға қатты бұрқануда. Мүмкін, нақ осындай жағдайда Россияның Европада орыс революционерлеріне қарсы көмек ала қоюы да оңай болмас. Мұндай көмек көрсетілуі жайындағы мәселені шетел газеттерінің өте көпшілігі-ақ әңгіме қылып отыр, бірақ олар да көбінесе патшаның «Потемкинге» қарсы күресіне жәрдемдесу Европаның жұмысы емес деген тоқтамға келіп отыр. «Berliner Tageblatt»* дейтін неміс газетінде мынадай хабар басылды: орыс үкіметі державалардан өздерінің Константинопольдегі соғыс кемелерін тәртіп орнатуға жәрдемдесу үшін Одессаға жіберуді өтініпті! Бұл хабардың қаншалықты дұрыс екенін (кейбір газеттер мұны бекерге шығарып отыр) жуықтағы келешек көрсетер. Мұндағы бір күмәнсіз нәрсе: «Потемкиннің» көтеріліс жағына шығып кетуі орыс революциясының халықаралық күшке айналуындағы, оның Европа мемлекеттерімен бетпе-бет қелуіндегі бірінші адымы болды.

Леру мырзаның жаңа стиль бойынша 14/VII күні Парижде шығатын «Le Matin»** газетіне берген хабарын бағалағанда осы жағдайды естен шығармау керек: «Бүкіл осы «Потемкинге» байланысты оқыйғада — деп жазады ол — орыс өкімет орындарының аңғырттығына таң-тамаша қаласың, ал сонымен қатар *революцияны ұйымдастырудағы* кемшіліктерді де айта кетпей болмайды. Революция броненосецті иеленіп алады — мұның өзі тарихта болып көрмеген оқыйға! — бірақ, сөйте тұрып онымен не істерін білмейді».

Сөз жоқ, көп жағынан мұның сөзінің жаны бар. Талас жоқ, революцияның жеткілікті түрде ұйымдаспағанына біз кінәліміз. Біз революцияны ұйымдастыру керек

* — «Күнделікті Берлин Газеті». — *Ред.*

** — «Таң». — *Ред.*

екенін, көтерілісті кезек күтпейтін практикалық міндеттерге есептеу керек екенін, революциялық уақытша үкімет қажеттігін насихаттау керек екенін кейбір социал-демократтардың нашар түсінетініне кінәліміз. Енді келіп, революциялық жұмыстардың нашар қойылғаны жөнінде буржуазиялық жазушылар бізге, революционерлерге, кінә қояды екен, ол біздің сазайымыз.

Бірақ бұл кінәні броненосец «Потемкинге» тағуға бола ма, — олай деуге біздің батылымыз бармайды. Мүмкін, оның командасының нақ көздеген мақсаты да сол — бір европалық державаның гаванінен барып шығу болған шығар? Ал «Потемкин» ешбір тоқтаусыз Румынияға өтіп кеткенше, орыс үкіметі Қара теңіз флотында болған окыйғалардың хабарын жасырумен болған жоқ па? Енді Румынияға келіп алғансоң, революцияшыл броненосец патша флотына өзінің соғыс жарыялағанын айтып, бита-рап елдердің кемелеріне ешқандай қастық іс істемейтінін сыйпаттап, консулдарға үндеухат тапсырды. *Орыс халқының патша өкіметіне қарсы әшкере соғыс ашқанын орыс революциясы Европаға жарыялап отыр.* Дұрысында, орыс революциясының осынысы Россияның жаңа революциялық үкіметінің атынан сөйлеуге талап еткені болып табылады. Ешбір күмән жоқ, мұның өзі әзірінше тек алғашқы, шамалы ғана әрекет болып табылады, — бірақ «іс басталғанша қыйын» деген мақал бар ғой.

Соңғы хабарларға қарағанда, «Потемкин» жабдық-жарақ және көмір алу үшін «Феодосияға» келген. Қала халқы толқуда. Жұмысшылар революцияшыл броненосецтің өтініші орындалуын талап етуде. Дума көмір берілмесін, бірақ азық берілсін деп қаулы шығарыпты. Россияның бүкіл оңтүстігі бұрын болып көрмеген дәрежеде толқуда. Одессада азамат соғысының кұрбандығы 6 000 адам болып саналады. Соғыс сотының 160 көтерілісшіні атып тастағаны туралы, Петербургтен *«аяушылық болмасын!»* деп бұйрық берілгені туралы телеграммалар келіп жатыр. Бірақ әскердің ешнәрсеге шамасы келетін емес, өйткені олардың өзіне сенім жоқ. Одессаның фабрикалы жерлеріндегі толқу басылатын емес. Өткен түні (жаңа стиль бойынша июльдің 4нен 5не қараған түні) 35 адам өлтірілген. Әскерлердің көпшілігі, генерал-губернатордың бұйрығы бойынша, қаладан шығарылып әкетілген, өйткені *әскерлердің ішінде едәуір тәр-*

тіп жетіспейтіндігі анықталған. Николаев пен Севастопольде үкімет арсеналдарында толқу болған. Севастопольде 13 адам өлтірілген. Херсон губерниясының бес уезінде шаруалар көтерілісі болып жатыр. *Соңғы төрт күн ішінде 700дей шаруа өлтірілген.* Жаңа стиль бойынша 5/VII де Одессадан Лондонға берілген телеграмма мынаны айтады: «Сірә, халық пен бюрократия арасында не өлу, не өмір үшін күрес басталған болуы керек».

Рас, бостандық жолындағы нағыз күрес, не өлу, не өмір үшін күрес енді-енді ғана басталып келеді. Революцияшыл броненосец ақырғы сөзін әлі айтқан жоқ. Жасасын революциялық армия! Жасасын революциялық үкімет!

*„Пролетарий“ № 7,
10 июль (27 июнь), 1905 ж.*

*„Пролетарий“ газетінің тексті
бойынша басылып отыр*

БУРЖУАЗИЯ САМОДЕРЖАВИЕМЕН САУДАЛАСУДА, САМОДЕРЖАВИЕ БУРЖУАЗИЯМЕН САУДАЛАСУДА

Мұндай «сауданың» бар екенін сыйпаттайтын хабар күн сайын келіп жатыр деуге болады, бұған біз көптен ақ орыс пролетарларының назарын аударған болатымыз. Леру мырза жаңа стиль бойынша 2 июльде Петербургтен тағыбір мынадай қызық телеграмма берді: 28 және 29 июньде (ескі стиль бойынша 15 және 16 июньде) қалалар мен земстволар өкілдерінің жыйналысы тағы да (жүзінші рет!) конституциялық талаптар жасап шығарып, оны телеграф бойынша министрліктерге жіберді. Мұндағы қойған талаптары әдеттегіден асып түседі; халық өкілдігінің ешбір сөзсіз конституциялық негізде болуы талап етіледі; «булыгиндік» конституция таза түкке аспай қалуы керек; адамның жеке басына қолсұқпаушылық, сөз бостандығы, т. т. дереу жарыялануы талап етіледі. Кеңесте жалпыға бірдей сайлау правосын талап ету бірауыздан қабылданды (*бірақ онысы петицияға кіргізілмей қалған*—саудаласқанда, барлық сырынды аша беруге болмайды ғой!) дейді.

Ал енді буржуазиялық газеттің тілшісі помещик және фабрикант мырзалардың осы сыяқты талаптарының айта қалғандай өскендігіне қандай мағна береді? О, оның мағна беруі өте түсірімді:

«Шамасы, — деп жазады ол, — делегаттар әйтеуір аз нәрсе болса да жасырып қалу үшін, көбірек ауыз ашып сұрайтын сыяқты. Бірақ бір күмәнсіз нәрсе: осы аз нәрсенің өзі, оларға жарамды болып шығу үшін, өздерінің сұрап отырғандары мен бұларға Булыгиннің ұсынып отырғанының орта жерінен табылатын болуы керек».

Нағыз базар, мұнда буржуазия орыс жұмысшылары

мен орыс шаруаларының мүдделері мен праволарын саудаға салып отыр. Сатып алушы — буржуазия, сатушы — патша, бұлар, нақ базардағыша, қол ұрысады, «ең соңғы айтарым» осы деп жүз қайтара айқайласады, бұл сұрағанымнан «өзіме түсуі қымбатырақ» деп жан беріседі, ал болмаса жүре беремін деп қорқытады, — бірақ сонда да өздерінің қат-қабат достық байламын үзіп кетуге тіпті баспайды.

«Земство маслихатының бір көрнекті өкілдерінің бірі» Леру мырзаға айтыпты: «Егер патша біздің талаптарымызды орындамаса», онда біз «халыққа жүгінеміз» депті.

Француз тілшісі өзіне және өзінің оқушыларына былай деп сұрақ қояды: осы айта беретін «халыққа жүгіну» дегенді дұрысында қалай түсіну керек? Оған өзі жауап береді: мұнда «Антоний әулиенің ауызқаласы» (Париждің жұмысшы кварталы. «Впередтің» 2-номеріндегі¹³⁵ фельетонды қараңыз) жоқ. Халық көшеге шығуға басқысы келмейді, тек үйде отырып, алғырт-салғырт төлемдерінен бастартып, толстойшылап қана наразылық білдіргісі келеді!..

Бостандықты сатып жүрген буржуазияшыл мырзалар, халыққа жала жаппандар! Сендер өздеріңнің масқара қорқақтықтарыңды ешқандай жала жабумен жуа алмайсындар. Бүкіл Россияда халықтың қаны судай ағып жатыр. Бізде де бірсыпыра қалаларда, көптеген деревняларда «Антоний әулиенің ауызқалалары» көбейіп келеді. Халық жанаямай күрес жүргізуде. Егер сендердің шынымен, «халыққа жүгінгілерің келген болса (егер бұл жүгінумен тек өздеріңнің одақтастарыңды, патшаны, қорқытуды ғана ойламаған болсаңдар), онда сендер өздеріңнің сандырақтарыңа жүздеген, он мыңдаған сомдарды босқа шығын қылмай, миллиондаған соманы қарулы көтеріліске жұмсаған болар едіңдер. Онда сендер патшаның есігін тоздыру үшін емес, революциялық партиялармен, революцияшыл халықпен қатнас жасау үшін делегация сайлаған болар едіңдер.

Өздеріңнің ақшалы қапшықтарың әлде қайтеді деп қорыққаннан-ақ, халықтан қорыққаннан-ақ сендердің олай істей алмайтыңдарыңды патша мен оның шайкасы жақсы біледі. Сондықтан патша сендерді малай есебінде қорлайды екен; — бәзбаяғы бір құрғақ уәдемен, бәзбаяғы Булыгин конституциясымен есек дәмелі қылып,

қояды екен; — сендердің керек десе Булыгиннің беріп отырған жырымына да шынымен суырылып шығып қарсы дауыс көтеруге бата алмайтындарыңа сенеді екен, оның әбден солай істейтін жөні де бар. Женевада шығатын «Journal de Genève»* дейтін «көрнекті» — либералдық газеттің арнаулы тілшісінің жуықта ғана мынадай хабар бергені жайдан-жай нәрсе емес: «Либералдар Булыгин жобасының жетіспеген жерлеріне (!) көз жұмып отырған жоқ, бірақ олар прогресс мақсаты үшін, тәртіп мақсаты үшін оны қабылдау керек деген ойда... Үкімет жобасын қабылдамай тастау деген нәрсе — халық пен бюрократиялық тәртіптің арасында туып отырған кәзіргі шатақтың бітістікпен шешілуіне ақырғы үмітті көре-біле жойғандық болар еді» — дейді. (Соңғы сөйлемді сызып көрсеткен тілшінің өзі.)

Буржуазия патшамен бітіскісі келеді, өйткені ол халықтың патшаға қарсы тұрысуынан қорқады. Патша буржуазиямен бітіскісі келеді, бірақ сөйтсе де өзінің халыққа қарсы бастап отырған және аяусыз жүргізіп отырған соғысынан қорқа қоймайды. Егер буржуазияның сатқынына қарамастан халық толық жеңіп шықпайтын болса, онда бұл жағдайдан туатын лажсыз нәтиже Булыгин конституциясы болатыны анық-ақ емес пе?

* «Пролетарий» № 7,
10 июль (27 июнь), 1905 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті
бойынша басылып отыр

ЕСКЕРТУЛЕР

- 1 Лениннің «*Самодержавие және пролетариат*» деген еңбегі «Вперед» газетінің бірінші номерінде басмақала болып басылған.

«Вперед» («Алға») — апта сайын шығып тұратын большевиктік құпия газет; 1904 жылғы 22 декабрьден (1905 жылғы 4 январьдан) 1905 жылғы 5 (18) майға дейін Женевада шығып тұрды. 18 номері шықты. Газеттің ұйымдастырушысы, идеялық дем берушісі және басшысы В. И. Ленин болды. Редакцияның құрамында В. В. Воровский, М. С. Ольминский және А. В. Луначарский болды.

Партияның III съезі арнаулы қарарда меньшевизмге қарсы күресте, партиялықты қалпына келтіру жолында, басталған революция алға қойған мәселелерді реттеп, түсіндіруде «Вперед» газетінің көрнекті роль атқарғанын атап көрсетіп, газеттің редакциясына алғыс жарыялады.

«Вперед» газетінде Лениннің 40-тан астам мақалалары мен хабарлары басылды. Газеттің кейбір номерлерін, мәселен 1905 жылғы 9 (22) январьдағы оқылғаларға арналған 4-нші және 5-нші номерлерін түгелінен дерлік Ленин құрастырған.

«Вперед» газеті Россиядағы партия ұйымдарымен үнемі байланысты болды. Газет әсіресе И. В. Сталин мен М. Г. Цхакая басшылық еткен, РСДЖП Кавказ одақтық комитетімен тығыз байланыс жасады; бұл комитет лениндік «Вперед» газетін қолдап отыру үшін арнаулы әдеби топ құрды. Бұл газеттің алғашқы номерлерін алғаннан кейін комитет «Вперед» газетін Кавказ үшін үш тілде қайта бастырып отырудың қажеттігі туралы Лениннің пікірін сұрады, Ленин бұған рыйзалық білдірді. Одақтық комитет газетті қайта бастыру ісін практика жүзінде іске асыра алған жоқ.

Лениннің «Вперед» газетіндегі мақалалары большевиктік баспасөздің жергілікті органдарында көп реттерде қайта басылды, жеке листовкалар немесе кітапшалар түрінде басылды. — 1.

- 1 Патшаның 1904 жылғы 12 (25) декабрьде Сенатқа берген уақыты туралы әңгіме болып отыр. — 6.

- ³ Бұл арада патша үкіметінің 1904 жылы либералдарды біраз алдаркатқаны жөнінде айтылып отыр. Ішкі істер министрі Святополк-Мирский земстволық жыйналыстарды шақыруға рұхсат етті, цензураны болмашы ғана жұмсартты, либералдардың бірнеше қайраткерлерін әкімшілік айдаудан қайтарды, т. с. — 6.
- ⁴ «Освобождениешілдер» — буржуазиялық либералдар; бұлар 1902 — 1905 жылдарда П. Б. Струвенің редакциясымен шет елде шығып тұрған «Освобождение» журналының төнрегіне топтасқан болатын. Освобождениешілдер 1904 жылғы январьда либералды-монархиялық «Освобождение одағына» ұйымдасты. Кейінірек «освобождениешілдер» Россиядағы басты буржуазиялық партияның — кадеттер партиясының ұйтқысы болды. — 8.
- ⁵ В. И. Ленин земство басқармаларының председателдерінің және басқа да земство қайраткерлерінің съезін кекетіп «кұпия» съезд деп атап отыр; бұл съезд патшаның рұхсаты бойынша Петербургте 1904 жылғы 6 ноябрьге белгіленген болатын. Бірақ съезд ашылардан 5 күн бұрын, жан-жақтан делегаттар келө бастаған кезде, патша үкіметі съезді бір жылға кейінге қалдыруға ұсыныс етеді деп жарыяланды. Алайда либералдарды алдарқатып жүрген ішкі істер министрі Святополк-Мирский земствошыларға «жеке патерлерде, дастархан үстінде» әңгімелесуге рұхсат етті. — 10.
- ⁶ Ростовта болған атакты стачка 1902 жылғы 2 (15) ноябрьде басталды. Стачка тез арада саяси демонстрацияларға айналып кетті, бұларға 30 мыңға жуық жұмысшы қатысты. Стачка 20 ноябрьге (8 декабрьге) дейін болды. Стачкаға РСДЖП-ның искралық Дон комитеті басшылық етті (қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 6-том, казакша 286—292-беттер).
«Оңтүстіктегі бірсыпыра бұқаралық демонстрациялар» туралы айтқанда, Ленин 1903 жылы Россияның оңтүстігінде болған, Закавказьені (Баку, Тифлис, Батум) және Украинаның ірі қалаларын (Одесса, Киев, Екатеринослав) камтыған жаппай саяси стачкалар мен демонстрацияларды айтып отыр. — 12.
- ⁷ Жаңа, меньшевиктік «Искра» туралы әңгіме болып отыр. РСДЖП-ның II съезінен кейін меньшевиктер Плехановтың көмегімен «Искраны» өз қолдарына басып алды. 1903 жылғы ноябрьден, 52-номерінен бастап «Искра» меньшевиктік орган болып, 1905 жылғы октябрьге дейін шығып келді. — 15.
- ⁸ Лондонда Вестминистер аббаттығымен қатар ағылшын парламентінің үйі бар. — 17.
- ⁹ «Рабочее Дело» («Жұмысшы Ісі») — «экономистердің» журналы, «Орыс социал-демократтарының шет елдегі одағының» ауық-ауық шығып тұрған органы, Женевада 1899—1902 жылдарда шығып тұрды. «Рабочее делошылардың» көзқарасы Лениннің «Не істеу керек?» деген кітабында сыналған (қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 5-том, казакша 369—574-беттер). — 18.

¹⁰ *Орловский* — большевик В. В. Воровскийдің жасырын аты. — 24.

¹¹ Жергілікті большевиктік комитеттердің конференцияларында большевиктердің ұйымдық орталығы — Көпшілік Комитеттерінің Бюросы (ККБ) сайланды. Большевиктік комитеттердің оңтүстік конференциясы 1904 жылы сентябрьде болып өтті. 1904 жылы ноябрьде Тифлисте Сталин жолдастың бастауы бойынша кавказдық комитеттердің большевиктік конференциясы болды, оған Баку, Батум, Имеретино-Мингрел және Тифлис комитеттерінен өкіл болып келген 15 делегат қатысты. 1904 жылы декабрьде солтүстік конференция шақырылды. — 26.

¹² Солтүстік конференцияның қарарларын В. И. Ленин 1905 жылы «Вперед» газетінің 14 (1) январьдағы 2-номерінде «Партиядан» деген бөлімде жарыялады.

Оңтүстік конференцияның қарарлары бірінші рет 1930 жылы Лениннің XV жыйнағында басылды, 217—219-беттер; нақ сол жыйнақта — 249—253-беттерінде кавказдық конференцияның қарарлары да басылды. — 26.

¹³ *Василий Васильевич* — большевик М. С. Ольминский (Александров). — 29.

¹⁴ *Рахметов* — А. А. Малиновский; көбінесе Богданоз деген фамилиямен аталады; 1903 жылы большевиктерге қосылды. Лондондағы V съезден кейін большевизмнен шеттеп кетті. — 29.

¹⁵ Көпшілік Комитеттерінің Бюросы (ККБ) туралы әңгіме болып отыр. — 32.

¹⁶ *Папаша* — большевик М. М. Литвинов. — 33.

¹⁷ «Порт-Артурдың кұлауы» деген мақалаға арналған әзірлік материалдары: мақала жоспарының бірнеше нұсқалары, шетелдік баспасөзден алынған көптеген көшірмелер, т. б. Лениннің мынадай жыйнақтарында басылған: V, 1929, 57—59-беттер, XVI, 1931, 37—42-беттер және XXVI, 1934, 242—251-беттер. — 34.

¹⁸ *Алексеев, Е. И.* — адмирал, 1903 жылдан бастап патшаның Қызыр Шығыстағы наместнигі болған. — 38.

¹⁹ «The Times» («Заман») — күнделік газет, 1785 жылы Лондонда кұрылған; ағылшын буржуазиясының ірі консерваторлық газеттерінің бірі. — 38.

²⁰ «*Революционная Россия*» — эсерлердің газеті, 1900 жылдың ақырынан бастап 1905 жылға дейін шығып тұрды; 1902 жылғы январьдан бастап — эсерлер партиясының орталық органы. — 40.

²¹ *Панин* (М. С. Макадзюбаның жасырын аты), *Череванин* (Ф. А. Липкиннің жасырын аты) — меньшевиктік әдебиетшілер. — 47.

- ²² *Рядовой* — А. А. Малиновскийдің жасырын аты. — 49.
- ²³ Бұл арада «Вперед» газетінің шығатыны туралы құлақтандыру жайында айтылып отыр; бұл құлақтандыру 1904 жылы декабрьде В. Бонч-Бруевич пен Н. Лениннің социал-демократиялық партия әдебиетінің Женевадағы большевиктік баспасында жеке листок болып басылған. — 52.
- ²⁴ *Абсолют* — большевичка Е. Д. Стасова. — 55.
- ²⁵ В. В. — XIX ғасырдың 80—90-ншы жылдарындағы либералдық халықшылдардың идеологтерінің бірі В. П. Воронцовтың жасырын аты. — 61.
- ²⁶ Лениннің «Халықшылдықтың экономикалық мазмұны және оған Струве мырзаның кітабында берілген сын» деген еңбегін қараңыз (Шығармалар, 4-басылуы, 1-том, қазақша 361—562-беттер). — 62.
- ²⁷ *Бернштейншілдік оппортунизм* — халықаралық социал-демократиядағы марксизмге қас ағым; XIX ғасырдың аяғында Германияда пайда болып, герман социал-демократы Эдуард Бернштейннің атымен аталған. Бернштейн буржуазиялық либерализмнің рухында Маркстің революциялық ғылымын ревизиялады. Бернштейннің Россиядағы жақтастары «жарыя марксистер», «экономистер», бундшылдар, меньшевиктер болды. — 62.
- ²⁸ *Старовер* — меньшевик А. Н. Потресовтың жасырын аты. — 63.
- ²⁹ «Заря» («Тан») — марксистік ғылыми-саяси журнал; «Искра» редакциясы 1901—1902 жылдарда Штутгартта шығарып тұрды. «Заряда» Лениннің мынадай шығармалары басылды: «Кездейсоқ хабарлар», «Земствоны қуушылар мен либерализмнің Аннибалдары», «Аграрлық мәселе және «Маркстің сыншылары»» деген еңбегінің алғашқы төрт тарауы («Аграрлық мәселедегі «сыншы» мырзалар» деген тақырыппен басылды), «Ішкі халдi шолу», «Орыс социал-демократиясының аграрлық программасы». Үш кітабы шықты: № 1, 2 — 3 және 4. — 66.
- ³⁰ *Николай — он* — XIX ғасырдың 80—90-ншы жылдарындағы либералдық халықшылдардың идеологтерінің бірі Н. Ф. Даниельсонның жасырын аты. — 75.
- ³¹ «*Фабрика-завод жұмысшыларының орыс қоғамы*» 1904 жылы Петербургте провокатор поп Гапонның жәрдемімен патша полициясы ұйымдастырған, мұның мақсаты жұмысшыларды самодержавиеге қарсы революциялық күрестен аударып әкету еді (қараңыз: «БК(б)П тарихы. Қысқаша курс», 54—56-беттер). — 81.
- ³² Петербург жұмысшыларының патшаға жазған петициясы жеке үндеухат болып басылып, 1905 жылы 31 (18) январьда «Вперед» газетінің 4-номерінде қайта басылды. — 82.

- ⁸³ В. И. Ленин айтып отырған хаттар — Петербургтен бір большевиктің жолдаған хат-хабарлары, бұлар «Вперед» газетінің 1905 жылғы 31 (18) январьдағы 4-номерінде «Петербург социал-демократтарының хаттары» деген тақырыппен басылған. — 99.
- ⁸⁴ Герман социал-демократиясының орталық органы — «Vorwärts» («Алға») газеті туралы әңгіме болып отыр, бұл газет «Вперед» газетінің 1905 жылғы 31 (18) январьдағы 4-номерінде «Сарай алаңында. Көзімен көргеннің хаты» деген мақалада аталған болатын. — 105.
- ⁸⁵ «*Правительственный Вестник*» («Үкімет Хабаршысы») — газет, үкіметтің ресми органы, — 1869 жылдан 1917 жылға дейін Петербургте шығып тұрды. — 113.
- ⁸⁶ «*Баррикадалардағы ұрыстар*» деген мақала Россияда революцияның басталғанына арналған, «Вперед» газетінің 4-номері үшін жазылған болатын, бірақ басылған жоқ. Бірінші рет 1934 жылы Лениннің XXVI жыйынағында жарыяланды. — 117.
- ⁸⁷ «*Угрюм-Бурчеев*» — М. Е. Салтыков-Щедриннің «Бір қаланың тарихы» деген шығармасында көрсетілген топас және тайыз саяновниктің бейнесі.
Ленин Петербургтің Угрюм-Бурчеевтері деп Николай II патшаның ордасындағы шонжарларды атап отыр. — 120.
- ⁸⁸ «*РСДЖП ішіндегі жікке бөлінудің қысқаша очеркі*» жеке листок болып басылды; мұны бастырған РСДЖП-ның Берндегі (Швейцария) көмекші тобы 1905 жылы 2 (15) февральда мынадай үндеу жазды: «РСДЖП-ның Берндегі көмекші тобы «Вперед», әсіресе Россиядағы жолдастар үшін жік туралы қысқаша очерк алу өте маңызды деп есептеп, осы хатты басып отыр. Шет елдегі жолдастардың хатты Россияға жолдауын сұраймыз». — 121.
- ⁸⁹ *Галерка* — большевик М. С. Ольминскийдің (Александровтың) жасырын аты. — 125.
- ⁹⁰ *Воинов* — большевик А. В. Луначарскийдің жасырын аты. — 125.
- ⁹¹ *Шелгунов, Н. В.* (1824—1891) — демократ жазушы, публицист; «Современник» журналына қатысқан. Оның прогресшілдік қызметі Петербургтің алдыңғы қатарлы жұмысшыларына әбден белгілі еді. 1891 жылы 15 (27) апрельде Шелгуновты жаназалау ісі өкіметке қарсы демонстрацияға айналып кетті. — 135.
- ⁹² 1903 жылы июль айында Киевте болған бұқаралық саяси стачка туралы әңгіме болып отыр. «Искраның» 1903 жылғы 1 сентябрьдегі 47-номерінде бұл стачка жайында «Киевтегі жаппай стачка» деген тақырыппен үлкен хабар басылған болатын. — 136.
- ⁹³ *Кифа Мокиевич* — Н. В. Гогольдің «Өлі жандар» деген шығармасындағы кейіпкерлердің бірі, автор осы кейіпкер арқылы, ше-

тін және мағнасыз мәселелерді шешумен шұғылданып жүрген адамның бейнесін көрсеткен. — 150.

- 44 1902 жылы 5 (18) майда жұмысшы Лекерт Вильно губернаторы фон Вальдың өміріне оқталды. Мартов пен Засулич осы жеке террорлық әрекетті құттықтады.

Плевенің өлтірілуі жөніндегі листок туралы әңгіме еткенде Ленин меньшевиктік «Искра» редакциясының қолы қойылып жазылған «Жұмысшы халыққа» деген № 16 листокті айтып отыр, бұл листокте жеке террор жөніндегі әсерлік тактика ашықтан-ашық қорғалған болатын. — 158.

- 45 *Гора мен Жиронда* — XVIII ғасырдың аяғындағы француздың буржуазиялық революциясы дәуіріндегі буржуазияның екі саяси тобының аты. Гора — якобиншілдер — деп сол замандағы революцияшыл таптың — буржуазияның ең батыл өкілдерін атаған, бұлар абсолютизм мен феодализмді жою кажет деп талап еткен. Жирондистердің якобиншілдерден айырмасы — бұлар революция мен контрреволюцияның арасында бұлталақтап, монархиямен келісім жасау жолына түсіп кетіп отырды.

«Социалистік Жиронда» деп Ленин социал-демократиядағы оппортунистік ағымды атаған; пролетарлық якобиншілдер, «Гора» деп — революцияшыл социал-демократтарды атаған. РСДЖП большевиктер және меньшевиктер болып екіге бөлінгеннен кейінгі жерде Ленин — меньшевиктер жұмысшы қозғалысындағы жирондистік ағым болып табылады деп жиі атап көрсетіп жүрді. — 171.

- 46 Ленин бұл арада «Жергілікті комитеттердің кері кетуі» деген хабарды және социал-демократтардың Минскі мен Одессадағы топтарының қарарларын айтып отыр; бұлар 1905 жылы 21 (8) февральда «Вперед» газетінің 7-номерінде «Партиядан» деген бөлімде басылған. — 173.

- 47 *«Шетелдік бонапартистер»* деп Ленин меньшевиктерді атаған; бұлар партияның еркімен санаспастан партияның Орталық Органы — «Искра» газетін, Орталық Комитетті және Партия Советін басып алған болатын. — 175.

- 48 Старовердің (А. Н. Потресовтың) РСДЖП II съезінде қабылданған, либералдар жөніндегі көзқарас туралы қарары жайында айтылып отыр. III съезде бұл қарар бұзылды. — 186.

- 49 *«Коммуна туралы баяндама жоспары»* Лениннің Париж Коммунасы туралы баяндамасының жоспары болып табылады, ол бұл баяндаманы 1905 жылы 5 (18) мартта Женевада саяси эмигранттардың орыс колониясына арнап оқыған. — 206.

- 50 Ф. Энгельс «Франциядағы азамат соғысы» деген К. Маркстің шығармасына арналған кіріспе сөзінде, 1848 жылғы июнь көтерілісінен кейінгі Францияның жағдайын талдай келіп, былай деп жазды: «Егер пролетариат Францияны *әлі де* басқара

- алмаған болса, ал буржуазия оны *кәзірдің өзінде* басқара алмады» (К. Маркс. «Франциядағы азамат соғысы», 1940, 10-бет). — 206.
- ⁵¹ Бұл арада және төменде Ленин К. Маркстің «Франциядағы азамат соғысы» деген кітапшасының немісше басылуы жөнінде айтып отыр, мұның немісшесі 1891 жылы Берлинде шыққан. — 206.
- ⁵² Ленин бұл арада 1871 жылғы Париж Коммунасының жеңдеттері мен 1905 жылғы бірінші орыс революциясының жеңдеттерін салыстырып отыр.
- Трепов, Д. Ф.* — Петербургтің генерал-губернаторы; бірінші орыс революциясын басу ісіне басшылық етті.
- Васильчиков, С. И.*, князь — патшаның генералы; 1905 жылы 9 (22) январьда Петербургте жұмысшылардың бейбіт демонстрациясына оқ атқан патша әскерлерін басқарды. — 207.
- ⁵³ Бұл арада және төменде Ленин мына кітапты көрсетіп отыр; Weill, G. «Histoire du mouvement social en France 1852—1902», Paris, 1904 (Вейль, Ж. «1852 — 1902 жылдардағы Франциядағы әлеуметтік қозғалыстың тарихы», Париж, 1904). — 207.
- ⁵⁴ Коммуна құрбандықтарының цифрлары 1896 жылы Парижда басылып шыққан «Lissagaray, Histoire de la Commune de 1871» деген кітапта келтірілген (орысша аудармасын қараңыз: Лиссагарэ, «1871 жылғы Коммунаның тарихы». М., Е. Д. Мягковтың «Колокол» атты кітап баспасы, 1905, 522-бет). — 209.
- ⁵⁵ *Социалистерге қарсы ерекше заң* 1878 жылы Германияда енгізілген болатын. Бұл заң бойынша социал-демократиялық партияның барлық ұйымдарына, бұқаралық жұмысшы ұйымдарына, жұмысшы баспасөзіне тыйым салынып, социалистік әдебиет конфискацияланды, социал-демократтарды жер аудару басталды. 1890 жылғы бұқаралық жұмысшы қозғалысының тегеурінімен бұл заң бұзылды. — 215.
- ⁵⁶ *Икс* — меньшевик П. П. Масловтың жасырын аты. — 237.
- ⁵⁷ Бұл хабар Клюзеренің «Вперед» газетінің 1905 жылғы 23 (10) марттағы II-номерінде «Көше күресі туралы. (Коммуна генералының кеңестері)» деген тақырыппен жарыяланған мақаласының аудармасына, арнап Ленин жазған алғысөз болып табылады. Аударманың редакциясын қараған Ленин еді (қараңыз: Лениннің XXVI жыйнағы, 1934, 355—365-беттер). — 241.
- ⁵⁸ *Васильев* — большевик Ф. В. Ленгник. — 244.
- ⁵⁹ *Глебов* — В. А. Носков; РСДЖП-ның II съезінде Орталық Комитеттің құрамына сайланған. 1904 жылғы жазда ол большевиктерге опасыздық жасап, меньшевиктер жөнінде ымырашылдық позицияға көшті. — 246.
- ⁶⁰ Бұл хабар В. В. Воровскийдің 1905 жылғы 23 (10) мартта «Вперед» газетінің II-номерінде басылған «Демагогия жемістері»

- деген мақаласына В. И. Лениннің ескертуі ретінде басылған болатын.
- Партияның марксистік программасының тарихы жөніндегі материалдар В. И. Ленин Шығармаларының төртінші басылуының 6-томында басылды. — 249.
- 41 РСДЖП II съезінде қабылданған партия программасының мынадай қағыйдасы туралы әңгіме болып отыр: «Өзінің таяудағы мақсаттарына жетуді көздеп, РСДЖП Россиядағы кәзіргі қоғамдық және саяси тәртіпке қарсы бағытталған оппозициялық қозғалыс пен революциялық қозғалыстың қандайын болса да қолдайды, сонымен қатар еңбекші таптар жөніндегі полициялық-чиновниктік қамқорлықты белгілі дәрежеде ұлғайтуға немесе нығайтуға сеп болатын реформаторлық жобалардың бәрін де үзілді-кесілді жоққа шығарып отырады» (қараңыз: «БК(б)П — съездердің конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», I бөлім, 1940, 23-бет). — 253.
- 42 «Кригеге қарсы манифесті» К. Маркс Ф. Энгельстің қатысуымен 1846 жылғы майдың басында жазған, ай сайын шығып тұратын «Das Westphälische Dampfboot» («Вестфаль Кемесі») деген журналда басылған (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, V том, 1929, 91—108-беттер). — 256.
- 43 Ф. Энгельс Генри Джордж туралы «Англиядағы жұмысшы табының хал-жағдайы» деген өз кітабының Америкада басылуына арналған алғысөзінде жазды. Кітап Нью-Йоркте 1887 жылы басылып шықты (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, V том, 1929, 91—108-беттер). — 256.
- 44 Никитич — Л. Б. Красин. — 257.
- 45 Сенатор Шидловскийдің комиссиясын патша үкіметі 1905 жылы 29 январьда (11 февральда) «жұмысшылардың наразылық себептерін анықтау үшін» құрылған, ал іс жүзінде жұмысшылар бұқарасын алдау үшін және олардың назарын революциялық күрестен аударып әкету үшін құрылды. «Партиялық «Шидловский комиссиясының» фокустері» туралы әңгіме еткенде В. И. Ленин меньшевиктер басып алған Орталық Комитеттің екіжүзділігі туралы айтып отыр, бұл формалды жағынан III съездің шақырылуын жақтаса да, бірақ іс жүзінде партия съезінің шақырылуына қарсы күресті. — 260.
- 46 «Гражданин» («Азамат») — реакциялық газет, 1872 жылдан 1914 жылға дейін Петербургте шығып тұрды; князь В. П. Мещерский құрған. XIX ғасырдың 80-ші жылдарынан бастап әсіре монархистердің органы болды. Көбінесе патша үкіметінің қаражатына шығып тұрды: — 274.
- 47 Булыгин — патшаның Ішкі істер министрі; Мемлекеттік дума туралы заң жобасының авторы; бұл дума халық өкілдігі жөніндегі келемеж еді (осы томның 367—370-беттерін қараңыз). — 279.

- ⁶⁸ Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. «Коммунистік партияның манифесі», 1939, 37-бет. — 285.
- ⁶⁹ Қараңыз: Ф. Энгельс. «Германиядағы шаруалар соғысы», 1939, 111—112-беттер. — 286.
- ⁷⁰ *Мильеран* — француздың реформист социалисі. 1899 жылы реакциялық буржуазиялық үкіметке енді, онда Париж Коммунасының жеңдеті генерал Галифемен ынтымақтасты.
- Варлен, Луи-Эжен* (1839—1871) — француз жұмысшысы, I Интернационалдың көрнекті қайраткері, ұлт гвардиясы орталық комитетінің мүшесі және 1871 жылғы Париж Коммунасының мүшесі болған. — 289.
- ⁷¹ Меншевиктік «Искраның» 93-номерінде Л. Мартовтың «Күн тәртібінде. Жұмысшы партиясы және «өкіметті басып алу» — біздің таяудағы міндетіміз» деген мақаласы басылды. Бұл мақаланы Ленин «Пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасы» деген еңбегінде және РСДЖП-ның III съезінде «Социал-демократияның революциялық уақытша үкіметке қатысуы туралы» баяндамасында сынайды (осы томның 303 және 408—409-беттерін қараңыз). — 292.
- ⁷² Қараңыз: К. Маркс «Луи Бонапарттың он сегізінші брюмері», 1940, 104-беті. — 294.
- ⁷³ «Сизиф жұмысы» — жан қыйналарлық, ауыр еңбектің, бірақ нәтижесіз еңбектің бейнесі, ерте замандары гректердің патшасы Сизиф туралы қыяли ертегіден туған. Ертегіде айтылуына қарағанда, құдайға кунакер болғаны үшін Сизиф қатты жазаланыпты: ол мәңгі-бақи биік тау басына зор тасты домалатып шығаруға тиісті болыпты, бірақ тас тау басына жетер-жетпесте қайтадан домалап төмен түседі екен. — 296.
- ⁷⁴ «Пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасы» деген мақаланы РСДЖП-ның Кавказдағы одақтық комитеті грузин, орыс және армян тілдерінде жеке кітапша етіпте бастырған. — 301.
- ⁷⁵ Бұл арада «Социалистік тактиканың халықаралық ережелері» туралы қарар жайында айтылып отыр, бұл қарар 1904 жылы августа II Интернационалдың Амстердам конгресінде қабылданған. — 305.
- ⁷⁶ «Парламенттік кретинизм» деп Ленин оппортунистердің ел билеудің парламенттік системасы күдіретті нәрсе, ал парламенттік күрес саяси күрестің бірден-бір формасы және қандай жағдайларда болса да басты формасы болып табылады деген сенімін атады. — 309.
- ⁷⁷ Реакциялық газет «Новое Время» («Жаңа Заман») өзінің саяси дұшпандарын өршелене жамандап отырды, жаланы және айтыстың басқа да сорақы әдістерін кеңінен қолданды.

Ленин төменде «біздің партиялық «Новая Время»» деп меньшевиктік «Искраны» атап отыр, ал меньшевиктерді «нововремяшылдар тектес адамдар» деп атайды. — 318.

- ⁷⁸ Орловскийдің (В. В. Воровскийдің) «Совет партияға қарсы» деген кітапшасы жайында айтылып отыр, бұл кітапша 1904 жылы Женевада басылған. — 320.
- ⁷⁹ *Көтеріліс туралы листок* Көпшілік Комитеттері Бюросының қолы қойылып, «Вперед» газетінің 1905 жылғы 8 марттағы (23 февральдағы) 9-номерінде «Күрделі мәселелер» деген тақырыппен толық басылды. — 323.
- ⁸⁰ «*Московские Ведомости*» — газет, 1756 жылдан бастап шығып тұрды; XIX ғасырдың 60-ншы жылдарынан бастап помещиктер мен дін иелерінің ең реакцияшыл монархияшыл топтарының көзқарастарын білдіріп отырды; 1905 жылдан бастап — кара жүздіктердің басты органдарының бірі. 1917 жылғы Октябрь революциясына дейін шығып келді. — 325.
- ⁸¹ Ленин К. Маркстің «Гегельдің право философиясына берілген сын жөнінде» деген еңбегінен цитата келтіріп отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, I том, 1938, 386-беті.) — 328.
- ⁸² «*Das Westphälische*» («Вестфалия Кемесі») — демократиялық бағыттағы неміс журналы, 1845—1848 жылдары Вестфалияда шығып тұрды. Журналда К. Маркс пен Ф. Энгельстің жеке мақалалары басылып отырды. — 334.
- ⁸³ «*РСДЖП Советінің председатели Плеханов жолдасқа ашық хат*» әуелі жеке үндеухат болып шығып, «Вперед» газетінде қайта басылды. Партия Советіне арналған үндеу Плехановқа 1905 жылы 4 (17) апрельде жіберілді. Келесі күні Ұйымдастыру Комитетінің мәжілісі болды (бұған Көпшілік Комитеттері Бюросының мүшелері және Орталық Комитеттің өкілдері кірді). Ұйымдастыру Комитеті Советтің жауап қайтаруына жеті күндік мерзім берілсін, одан кейін партия съезі ашылсын деп қаулы етті. РСДЖП-ның үшінші съезі дәл 7 күннен кейін — 12 (25) апрельде басталды. — 347.
- ⁸⁴ *Йогансен* — Л. Б. Красин. — 347.
- ⁸⁵ *Валерьян* — А. И. Любимов. — 347
- ⁸⁶ *Вадим* — Д. С. Постоловский. — 351
- ⁸⁷ *Б—а* немесе *Бем*—М. А. Сильвин, Орталық Комитеттің 1905 жылдың бас кезіндегі Партия Советіндегі өкілі; *Второв* — меньшевик В. Н. Крохмаль. — 352.
- ⁸⁸ «*Бірінші май*» деген үндеухатты Ленин Женевада жазған, Көпшілік Комитеттері Бюросы мен «Вперед» газеті редакциясының

колы қойылып, үндеухат болып басылған. Үндеухатты бірқатар жергілікті социал-демократиялық комитеттер қайта бастырды. — 360.

- 90 РСДЖП III съезі 1905 жылы 12—27 апрельде (25 апрельде — 10 майда) Лондонда болды. Съезді Лениннің басшылығымен большевиктер әзірлеп шақырды. Бұл большевиктік бірінші съезд болды.

Ленин белгілеп, съезде қабылданған, РСДЖП III съезінің күн тәртібі мынадай еді: I. *Ұйымдастыру Комитетінің баяндамасы.* II. *Тактикалық мәселелер:* 1) қарулы көтеріліс; үкіметтің төңкеріс қарсаңындағы және төңкеріс кезіндегі саясатына көзқарас (бұл пункт екі мәселеге арналды: а) үкіметтің төңкеріс қарсаңындағы саясатына көзқарас; б) революциялық уақытша үкімет туралы); 3) шаруалар қозғалысына көзқарас. III. *Ұйымдастыру мәселелері:* 4) партия ұйымдарындағы жұмысшылар мен интеллигенттердің арасалмағы; 5) партия Уставы. IV. *Басқа партиялар мен ағымдарға көзқарас:* 6) РСДЖП-ның бөлінгіш қан жағына көзқарас; 7) ұлттық социал-демократиялық ұйымдарға көзқарас; 8) либералдарға көзқарас; 9) социалист-революционерлермен практикалық келісімдер. V. *Партия тұрмысының ішкі мәселелері:* 10) насихат пен үгіт. VI. *Делегаттардың есептері:* 11) Орталық Комитеттің есебі; 12) жергілікті комитеттердің делегаттарының есептері. VII. *Сайлау:* 13) сайлау; 14) съездің қарарлары мен протоколдарын жарыялау және қызмет адамдарының қызметке кірісу тәртібі.

III съездің барлық негізгі мәселелері жөнінде Ленин съезде бұрын-ақ қарарлардың жобаларын жазып, бұларды «Вперед» газетінде басылған мақалаларында дәлелдеген болатын. Ленин съезде қарулы көтеріліс туралы, социал-демократияның революциялық уақытша үкіметке қатысуы туралы, шаруалар қозғалысына көзқарас туралы, партия уставы туралы мәселе жөнінде және бірқатар басқа мәселелер жөнінде сөз сөйледі. Съездің протоколдарында Лениннің 138 рет сөйлеген сөздері мен ұсыныстары жазылған.

Съезд партия уставын өзгертті: а) лениндік тұжырым бойынша уставтың 1-параграфын қабылдады; б) Орталық Комитеттің праволарын және оның жергілікті комитеттермен қатнасын дәл белгіледі; в) партия орталық органдарының ұйымдық құрылысын өзгертті: үш орталық орынның (Орталық Комитет, Орталық Орган және Партия Советі) орнына съезд бірден-бір толық праволы партия орталығын — Орталық Комитетті құрды.

Партияның III съезінің жұмысы мен маңызы туралы қараңыз: Лениннің «Үшінші съезд» деген мақаласы (осы томның 461—468-беттері) және Лениннің «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген кітабы, және де «БК(б)П тарихы. Қысқаша курс», 60—73-беттер. — 373.

90 Летнев — А. И. Любимов. — 381.

91 Зилин — Л. Б. Красин. — 381.

- ⁹² *Лесков* — Н. В. Романов, Солтүстік комитеттің делегаты. Сөз ішінде аты аталғандар: *Жарков* — М. С. Лещинский, Екатеринослав комитетінің делегаты; *Михайлов* — Д. С. Постоловский, Солтүстік-Батыс комитетінің делегаты; *Сосновский* — В. А. Десницкий, Нижегород комитетінің делегаты. — 386.
- ⁹³ Документтің тақырыбы жоқ. Тақырыбын берген Маркс — Энгельс — Ленин Институты. — 388.
- ⁹⁴ *Сергеев* — А. И. Рыков. — 390.
- ⁹⁵ *Шмидт* — П. П. Румянцев, Воронеж комитетінің делегаты. — 391.
- ⁹⁶ *Александров* — Д. С. Постоловский. — 391.
- ⁹⁷ «Коммунистер Одағы» — революцияшыл пролетариаттың бірінші халықаралық ұйымы, 1847 жылдың жазында революцияшыл пролетарлық ұйымдардың делегаттарының конгресінде Лондонда құрылған. «Коммунистер Одағының» ұйымдастырушылары және басшылары К. Маркс пен Ф. Энгельс болды, бұлар осы ұйымның тапсыруы бойынша «Коммунистік партияның манифесін» жазды. «Коммунистер Одағы» 1852 жылға дейін өмір сүрді. «Коммунистер Одағының» көрнекті қайраткерлері кеіні I Интернационалда жетекшілік роль атқарды (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI том, I бөлім, 1937, 208—226-беттер). — 401.
- ⁹⁸ «Коммунистер Одағына Орталық Комитеттің бірінші үндеуі» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, VIII том, 1931, 479—489-беттер). — 401.
- ⁹⁹ «Neue Rheinische Zeitung» («Жаңа Рейн Газеті») 1848 жылғы 1 июньнен 1849 жылғы 19 майға дейін Кельнде шығып турды. Газеттің басшылары К. Маркс пен Ф. Энгельс болды; бас редакторы Маркс еді. 301-номерінен бастап, реакцияның соққысымен, газет өзінің шығуын тоқтатты. «Жаңа Рейн Газеті» туралы қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI том, I бөлім, 1937, 165—173-беттер. — 404.
- ¹⁰⁰ Ф. Энгельстің 1894 жылғы 26 январьдағы хаты жайында айтылып отыр; бұл хат екі аптада бір шығатын «Critica Sociale» («Әлеуметтік Сын») деген итальян журналының 1894 жылғы 1 февральдағы 3-номерінде «Болашақ итальян революциясы және социалистік партия» деген тақырыппен жарыяланды (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI том, II бөлім, 1936, 377—382-беттер). — 406.
- ¹⁰¹ Ф. Энгельстің «Бакунистердің әрекеті. Испаниядағы 1873 жылдың жазындағы көтеріліс туралы хаттар» деген 1873 жылы басылған мақаласы, орыс тіліне В. И. Лениннің редакциясымен аударылған болатын, РСДЖП-ның Орталық Комитеті 1905 жылы Женевада және 1906 жылы Петербургте жеке кітапша етіп

- бастырды (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XV том, 1935, 105—124-беттер). — 407.
- ¹⁰² *Вандея* — француз провинциясы, мұнда XVIII ғасырдың аяғындағы француз буржуазиялық революциясының заманында реакцияшыл шаруалардың революцияшыл Конвентке қарсы контрреволюциялық көтерілісі жасалған болатын. Көтеріліс діншілдік урандармен өтіп, мұны контрреволюцияшыл дін иелері мен помещиктер басқарды. — 409.
- ¹⁰³ Ленин К. Маркстің «Буржуазия мен контрреволюция. (Прус-сак революциясының балансы)» деген мақаласынан цитата келтіріп отыр, бұл мақала 1848 жылы 14 декабрьде жазылған (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, VII том, 1930, 54-бет. — 409.
- ¹⁰⁴ Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, VII том, 1930, 399—489-беттер. — 410.
- ¹⁰⁵ *Андреев* — РСДЖП-ның III съезіне кеңесші дауыспен қатысқан Н. А. Алексеев. — 415.
- ¹⁰⁶ *Барсов* — большевик М. Г. Цхакая. — 417.
- ¹⁰⁷ «*Қаралай бөліс*» — шаруалардың жерді жаппай бөліске салуға талпынғанын көрсететін, патшалық Россияның шаруалары арасындағы кәнігі урандардың бірі. — 419.
- ¹⁰⁸ *Голубин* — РСДЖП III съезінің делегаты большевик П. А. Джапаридзе. — 428.
- ¹⁰⁹ Документтің тақырыбы жоқ. Тақырыбын берген Маркс — Энгельс — Ленин Институты. — 429.
- ¹¹⁰ Документтің тақырыбы жоқ. Тақырыбын берген Маркс — Энгельс — Ленин Институты. — 440.
- ¹¹¹ «*Кавказдағы оқыйғалар жөнінде*» деген қарар бірінші рет «Пролетарий» газетінің 1905 жылғы 27 (14) майдағы 1-номерінде және РСДЖП Кавказ одағының органы, грузиннің большевиктік құпия газеті «Борьба Пролетариатаның» 1905 жылғы 1 (14) июльдегі 1-номерінде жарыяланды. — 441.
- ¹¹² 1905 жылы 27 (14) майдағы «Пролетарий» газетінің 1-номерінде басылған «Съездің құрылысы туралы» қарар жайында айтылып отыр (қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», 1940, I бөлім, 43—44-беттер). — 445.
- ¹¹³ Бұл хабар III съездің «Съездің құрылысы туралы» деген қарарына редакцияның ескертуі ретінде «Пролетарий» газетінің 1905 жылғы 27 (14) майдағы 1-номерінде басылған болатын. — 459.


- 114 «Үшінші съезд» деген мақала 1905 жылғы 1 (14) июльде РСДЖП Кавказ одағының органы, грузиннің большевиктік құпия газеті «Борьба Пролетариатаның» бірінші номерінде қайта басылды. — 461.
- 115 Адвокаттардың бүкілроссиялық съезінің қарарлары жайында айтылып отыр, бұл съезд 1905 жылы 28—30 мартта (10—12 апрельде) Петербургте болып өтті. Бұл қарарлар «Пролетарий» газетінің 1905 жылғы 3 июньдегі (21 майдағы) 2-номеріндегі басмақалада сыналған. — 470.
- 116 Көрсетілген «арнаулы кітапша» 1905 жылы 12 (25) июньде «Le Socialiste» газетіне («Социалист» — Француз социалистік партиясының орталық органы) қосымша ретінде француз тілінде және «Bericht über den III. Parteitag der S.-D.A.-P.R.» деген атпен Мюнхен баспасында неміс тілінде басылып шықты («РСДЖП III съезі туралы хабардың» және съезд қарарларының аудармасы). Бұл кітапшалардың шыққандығы туралы хабар «Пролетарий» газетінің 1905 жылғы 5 сентябрьдегі (23 августтағы) 15-номерінде «Партиядан» деген бөлімде басылды. — 476.
- 117 «Пролетарий» — апта сайын шығып тұратын большевиктік құпия газет, РСДЖП-ның Орталық Органы, партияның III съезінің қаулысы бойынша құрылған. Партия Орталық Комитетінің пленумының 1905 жылғы 27 апрельдегі (10 майдағы) қарары бойынша Орталық Органның жауапты редакторы болып В. И. Ленин тағайындалды.
- «Пролетарий» 1905 жылғы 14 (27) майдан 12 (25) ноябрьге дейін Женевада шығып тұрды. 26 номері шықты. Редакцияның жұмысына В. В. Воровский, А. В. Луначарский және М. С. Ольминский үнемі қатысып отырды. «Пролетарий» бұрынғы, лениндік «Искраның» жолын жүргізіп, большевиктік «Вперед» газетімен толық сабақтас болып қалды.
- Ленин газетке 50-ден астам мақалалар мен хабарлар жазды. Лениннің «Пролетарий» газетіндегі мақалалары большевиктік баспасөздің жергілікті органдарында қайта басылып отырды, жеке үндеу хаттар түрінде басылды.
- Ленин Россияға кеткеннен кейін, 1905 жылы ноябрьде, «Пролетарий» газетінің шығуы көп ұзамай тоқтатылды. «Пролетарий» газетінің екі номері (25-нші және 26-нші номерлері) В. В. Воровский редакциясымен шықты. — 476.
- 118 Стефан Борн (1824—1898) — неміс жұмысшы қозғалысының қайраткері, 1848 жылғы революцияға қатысқан. «Коммунистер Одағының» мүшесі болған (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI том, I бөлім, 1937, 221—222-беттер). — 491.
- 119 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, VIII том, 1931, 506-бет. — 494.

- ¹²⁰ Лениннің айтып отырғаны «Коммунистер Одағына Орталық Комитеттің бірінші үндеуі», мұны К. Маркс пен Ф. Энгельс 1850 жылғы мартта жазған (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, VIII том, 1931, 479—489-беттер). — 495.
- ¹²¹ Қараңыз: К. Маркс. «Гота программасына сын», 1940, 35-бет. — 495.
- ¹²² Лениннің айтып отырғаны Ф. Энгельстің «Коммунистер Одағының тарихы жөнінде» деген еңбегі (қараңыз: К. Маркс пен Энгельс, Шығармалар, XVI том, I бөлім, 1937, 222—223-беттер). — 495.
- ¹²³ «Der Volksstaat» («Халық Мемлекеті») — газет, герман социал-демократиясының орталық органы; 1869—1876 жылдары В. Либкнехттің редакциясымен Лейпцигте шығып тұрды. Газетке К. Маркс пен Ф. Энгельс қатысып отырды. — 499.
- ¹²⁴ Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XV том, 1935, 105—124-беттер. — 499.
- ¹²⁵ Лениннің «Революциялық уақытша үкімет туралы» деген еңбегінің жалғасы ретіндегі үшінші мақала баспасөзде шыққан жоқ. Революциялық уақытша үкіметтің міндеттері туралы мәселені Ленин «Революциялық уақытша үкіметтің сыйпаты» деген документте (осы томның 564—567-беттерін қараңыз), «Революциялық армия мен революциялық үкімет» деген мақалада (осы томның 593—602-беттерін қараңыз) және «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген кітапта көрсеткен. — 505.
- ¹²⁶ Бұл документ 1905 жылы еврей тілінде басылған, «РСДЖП III съезі туралы хабар» деген кітапшаға арналған редакциялық алғысөз болып табылады. — 521.
- ¹²⁷ «Революцияшыл пролетариаттың демократиялық міндеттері» деген мақаланы грузиннің большевиктік құпия газеті, РСДЖП Кавказ одағының органы «Борьба Пролетариата» 1905 жылғы 15 (28) июльдегі 2-номерінде қайта басты. — 539.
- ¹²⁸ «Le Matin» («Таң») — француздың күн сайын шығып тұратын буржуазиялық газеті, 1884 жылы құрылған. — 550.
- ¹²⁹ Кассандра — Ертегі аңыз болып жүрген Троя патшасы Приамның қызы. Ерте замандағы гректердің ертегісіне қарағанда, Кассандра, сәуегейлік қасиеті болғандықтан, ерте замандағы гректердің қаласы Трояның құрылтынын болжап айтыпты. — 559.
- ¹³⁰ Ленин ««Leipziger Volkszeitung» редакциясына ашық хатты» Каутскийдің «Leipziger Volkszeitung» («Лейпциг Халық Газетінде») басылған, «Орыс социал-демократиясының жікке бөлінуі» деген мақаласына жауап ретінде жазған. РСДЖП Орталық Комитетіне 29 июньде (12 июльде) жазған хатында Ленин Каут-

- скийдің мақаласы жөнінде былай деп жазды: ««Хабардың» яғни РСДЖП III съезі туралы хабардың немісше басылуы жөнінде Каутский барып тұрған пасық мақала басыпты», деді. Лениннің «Ашық хаты» газетте басылған жоқ. — 561.
- ¹³¹ Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. «Ардақты семья» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, III том, 1930, 105-бет). — 569.
- ¹³² «Русь» — либералдық-буржуазиялық газет, 1903 жылғы декабрьден 1908 жылғы июньге дейін Петербургте шығып тұрды, бұл аралықта кейде шықпай қалып отырды, «Русь», «Молва», «XX век» деген түрлі атпен шығып тұрды. — 573.
- ¹³³ «Социал-Демократ» — меньшевиктік газет, 1904 жылғы октябрьден 1905 жылғы октябрьге дейін Женевада шығып тұрды. — 580.
- ¹³⁴ Лениннің «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген кітабы туралы әңгіме болып отыр, бұл кітап 1905 жылғы июльдің аяғында шықты. — 587.
- ¹³⁵ А. В. Луначарскийдің «Европа пролетариатының революциялық күресінің тарихы жөніндегі очерктер» деген мақаласы жайында айтылып отыр, бұл мақала «Вперед» газетінің 1905 жылғы 14 (1) январьдағы 2-номерінде басылды. — 610.
-

В. И. ЛЕНИННИН
ӨМІРІ МЕН ІСІНІҢ КЕЗЕНДЕРІ

(1905 жылғы январь — июль)



1904 — 1905

Декабрь, 22
(январь, 4).

Женевада Лениннің редакциясымен «Вперед» газетінің бірінші номері шығалы. Бұл номерде оның мынадай мақалалары жарыяланды: «Самодержавие және пролетариат» (басмақала), «Пролетарлардың жақсы демонстрациялары мен кейбір интеллигенттердің нашар ой-пікірлері туралы», «Кетісетін уақыт жетті», т. б.

Декабрь, 24
(январь, 6).

Ленин «Россиядағы жолдасқа хат» деген шығармасында меньшевиктік «Искра» газетінің буржуазиялық демократия жөніндегі позициясын қатты сынады.

Ленин Женевадағы саяси эмигранттардың орыс колониясында жұмысшы демократиясы мен буржуазиялық демократия туралы мәселе жөнінде реферат оқыйды.

Декабрь, 28
(январь, 10).

Көпшілік Комитеттері Бюросының мүшесі А. А. Богдановка жазған хатында Ленин меньшевиктерден үзілді-кесілді және толық қол үзуді талап етеді.

1905

Январь, 1 (14).

«Вперед» газетінің 2-номерінде Лениннің «Порт-Артурдың құлауы» (басмақала) және «Бұлбұлды ертегімен жемдемейді» деген мақалалары жарыяланды.

Январь, 5 (18).

Ленин большевиктердің Цюрихтегі тобына жазған хатында меньшевиктерден үзілді-кесілді қол үзуге және партияның III съезін дереу шақыруға үндейді.

Январь, 6 (19).

Ленин Е. Д. Стасоваға және Москва түрмесінде жатқан жолдастарға жазған хатында патшаның сотында социал-демократтар өздерін қалай ұстау керек екендігі жөнінде нұсқаулар береді.

- 10 және 17
(23 және 30)
январьдың
арасы.
- Ленин Петербургтегі 9 январь оқыйғалары туралы «Революция күндері» деген бірсыпыра мақалалар жазады.
- Январь, 11 (24).
- «Вперед» газетінің 3-номерінде Лениннің мынадай мақалалары жарыяланды: «Жұмысшы демократиясы мен буржуазиялық демократия» (басмақала), «Халықшылдықтан марксизмге», «Россиядағы революция», «Петербург стачкасы» және «Біздің тартюфтер».
- Январь, 12 (25).
- Ленин «Россияда революцияның басталуы» деген мақала жазып қарулы көтерілісті әзірлеуге шақырады. Мақала «Вперед» газетінің 31 (18) январьдағы 4-номерінде басмақала болып жарыяланды.
- Январь, 13-нен
(26-нан) кейін.
- Ленин Женевадағы большевиктердің жыйналысында 9 январь оқыйғалары туралы баяндама жасайды.
- Январь, 18 (31).
- «Вперед» газетінің 4-номерінде, «Революция күндері» деген тарауда Лениннің мынадай мақалалары жарыяланды: «Россияда не болып жатыр?», «Алғашқы адымдар», «Поп Гапон», «Петербургтегі ұрыстың жоспары», ««Патша ағзам» және баррикадалар».
- Январь, 19
(февраль, 1).
- Ленин «Патша бітімі» деген мақала жазады.
- Январь, 21
(февраль, 3).
- Ленин швейцар социал-демократы Г. Грейлихқа жазған хатында РСДЖП-ның жікке бөліну тарихын қысқаша баяндайды.
- Январь, 25
(февраль, 7).
- Ленин А. Бебельге хат жазады, мұнда оның большевиктер мен меньшевиктер арасында аралық сот құру жөніндегі ұсынысын қабылдамайды.
- «Вперед» газетінің 5-номерінде Лениннің «Петербург 9-нші январьдан кейін», «Трепов билептөстеп отыр» деген және басқа мақалалары жарыяланды.
- Ленин Женевада М. С. Ольминскийдің «Оппортунизмнің бір түрі» деген рефератына қатысады, бұл рефератта меньшевизм сынға алынды.
- Февраль, 1 (14).
- Лениннің «Екі тактика» деген мақаласы «Вперед» газетінің 6-номерінде басмақала болып жарыяланды.
- Февраль, 2 (15).
- Ленин Петербургтегі С. И. Гусевке жазған хатында «Вперед» газеті редакциясының жұмысшы үйірмелермен, әсіресе жастармен байланысын нығайтып, ұлғайта беру жөнінде ұсыныс жасайды.

- Февраль, 8 (21).* «Вперед» газетінің 7-номерінде Лениннің «Көтеріліс үшін жауынгерлік келісім жасау туралы» (басмақала) және «Біз революцияны ұйымдастыруға тиістіміз бе?» деген мақалалары жарыяланды.
- Февраль, 12 (25).* С. И. Гусевке жазған хатында Ленин Көпшілік Комитеттері Бюросының партияның III съезін әзірлеп, шақыру жөніндегі толық дербестігін сақтау керек деп талап етеді.
- Февраль, 15 (28).* Ленин «Россиядағы ұйымдарға хат» жазады, бұл хатта III съезге дереу әзірлену керек деп талап етеді.
- «Вперед» газетінің 8-номерінде Лениннің «III партия съезін шақыру туралы» деген мақаласы (басмақала) жарыяланды.
- Февраль, 20-на (5 мартқа) дейін.* Ленин жергілікті партия ұйымдарының III съезге есептер тапсыруы үшін анкета жасайды.
- Февраль, 20 (март, 5).* Ленин большевиктердің Женевадағы клубында партияның III съезін әзірлеу мәселелері жөнінде сөз сөйлейді.
- Февраль, 23 (март, 8).* «Вперед» газетінің 9-номерінде Лениннің «Жаңа міндеттер және жаңа күштер» (басмақала), «Освобождениешілдер мен жанаискрашылдар, монархистер мен жирондистер» деген мақалалары жарыяланды.
- Февраль, 28 (март, 13).* Ленин РСДЖП-ның Петербург комитетіне ағылшынның «Жұмысшылар өкілдігі комитетінен» 1905 жылғы 9 январьдың құрбандықтарына жардем көрсету үшін ақша алынғандығын хабарлайды.
- Февраль.* Ленин партияның III съезі қаулыларының жалпы жоспарын және қарарлардың жобаларын жазады.
- Март, 2 (15).* «Вперед» газетінің 10-номерінде Лениннің «Пролетариат және буржуазиялық демократия» және «Олардың кімді алдағысы келеді?» деген мақалалары жарыяланды.
- Март, 3 (16).* Ленин Көпшілік Комитеттері Бюросының мүшесі С. И. Гусевке жазған хатында III съезге партияның барлық комитеттерін — большевиктік комиттер мен меньшевиктік комитеттерді түгел шақыру жөнінде ұсыныс етеді.

- Март, 5 (18).* Ленин Женевадағы саяси эмигранттардың орыс колониясынын жыйналысында Париж Коммунасы туралы баяндама жасайды.
- Март, 10-на (23-не) дейін.* Ленин Париж Коммунасының генералы Ключеренің «Көше күресі туралы» деген мемуарларының аудармасын редакциялап, оның қысқаша өмірбаянын жазады.
- Март, 10 (23).* «Вперед» газетінің 11-номерінде Лениннің «Пролетариат пен шаруалар» (басмақала) және «Бірінші адым» деген мақалалары жарыяланды.
- Март, 12 (25).* Ленин Одесса комитетіне партияның III съезіне делегаттар ұсыну жөнінде хат жазады.
- Март, 15 (28).* Ленин «Бонапартистердің әрекеттері» деген мақала жазады. Мақала «Вперед» газетінің 13-номерінен жеке оттиск болып шығады.
- Март, 16 (29).* Лениннің «Біздің аграрлық программа туралы. (III съезге хат)» деген мақаласы «Вперед» газетінің 12-номерінде жарыяланды.
- Март, 20 (апрель, 2).* Ленин Россиялық социалистік ұйымдардың Женевада болған конференциясына қатысады. Конференцияның құрамы оппортунистік екеніне көзі жеткеннен кейін, Ленин одан кетіп қалады.
Ленин РСДЖП III съезіне партияның одессалық ұйымынан делегат болып сайланады.
- Март, 23 (апрель, 5).* «Вперед» газетінің 13-номерінде Лениннің «Европа капиталы мен самодержавие» (басмақала), «Екінші адым» деген мақалалары және «Социал-демократия және революциялық уақытша үкімет» деген мақаланың басы жарыяланды.
- Март, 30 (апрель, 12).* «Вперед» газетінің 14-номерінде Лениннің «Пролетариат пен шаруалардың революциялық демократиялық диктатурасы» деген мақаласы жарыяланды. Мақала Кавказ одақтық комитетінің баспасымен орыс, грузин және армян тілдерінде жеке кітапша болып та шықты.
- Март — апрель.* Ленин «1789 жылғы сыяқты революция ма әлде 1848 жылғы сыяқты революция ма?» деген мақаланың желісін жазады.
- Апрель, 5 (18).* Ленин Женевада партияның III съезін шақыратын Ұйымдастыру Комитетінің мәжілісіне қатысады.
- Апрель, 6 (19).* Ленин «Вперед» газетінің қызметкері Г. Д. Лейтейзенге гедистердің француз социалистік пар-

- тиясының съезінде РСДЖП атынан құттықтап сөз сөйлеуді тапсырады.
- Апрель, 7 (20).* «Вперед» газетінің 15-номерінде Лениннің «Либералдардың аграрлық программасы» (басмақала), ««Маркс америкалық қаралай бөліс» туралы» деген және басқа мақалалары жарыяланды.
- Апрель, 10 (23).* Ленин РСДЖП Орталық Комитетінің атынан «РСДЖП Советінің председателі Плеханов жолдасқа ашық хат жазады». Хат «Вперед» газетінің 16-номерінде жарыяланды.
- Апрель, 11 (24).* Ленин партияның III съезін шақыратын Ұйымдастыру Комитетінің мәжілісіне қатысып, съездің заңдылығы туралы Ұйымдастыру Комитетінің қарарын жасайды.
- Апрель, 12-не (25-не) дейін.* Ленин «Бірінші май» деген үндеу хатты жазады. Үндеу хатты Көпшілік Комитеттері Бюросы мен «Вперед» газетінің редакциясы басып шығарды.
- Ленин партияның Курск және Одесса комитеттерінен РСДЖП III съезіне мандат алады.
- Ленин Женевадан Лондонға партияның III съезіне жүріп кетеді.
- Ленин партия III съезінің күн тәртібін жасайды, Көпшілік Комитеттері Бюросының мүшелерімен және «Вперед» газеті редакциясының мүшелерімен кеңес өткізеді, съездің алдағы жұмысы жайындағы мәселелер жөнінде делегаттармен әңгімелеседі.
- Апрель, 12—27* РСДЖП III съезі.
- (апрель, 25 — май, 10).* Ленин съездің жұмысына басшылық етеді. Съезд председателінің күнделігін жүргізеді.
- Апрель, 12 (25).* Съездің ашылуы. Ленин съездің председателі болып сайланады.
- Апрель, 13 (26).* Ленин съездің заңдылығы туралы мәселе жөнінде сөз сөйлейді; қарарлар жазатын комиссияға сайланады.
- Апрель, 14 (27).* Ленин А. В. Луначарскийдің қарулы көтеріліс туралы баяндамасын редакциялайды.
- Ленин съездің төртінші және бесінші мәжілістерінде мандат комиссиясының баяндамасы бойынша сөз сөйлейді.
- Апрель, 15 (28).* Ленин съездің алтыншы мәжілісінде қарулы көтеріліс туралы мәселе жөнінде сөз сөйлейді.

- Апрель, 16 (29).* Ленин съездің сегізінші мәжілісінде қарулы көтеріліс туралы сөз сөйлеп, бұл мәселе жөніндегі қарарды редакциялайды.
- Апрель, 17 (30).* «Вперед» газетінің 16-номерінде Лениннің «Конституциялық базар» деген мақаласы жарыяланды. Мақала Баку большевиктер комитетінің бастыруымен 15 (28) майда жеке листок болып шықты.
- Апрель, 18 (май, 1).* Ленин съездің оныншы мәжілісінде төңкеріс қарсаңындағы үкімет тактикасына көзқарас туралы мәселе жөнінде сөз сөйлейді.
- Ленин съездің он бірінші мәжілісінде «Революциялық уақытша үкіметке социал-демократияның қатысуы туралы» баяндама жасап, осы мәселе жөнінде қарардың жобасын ұсынады.
- Апрель, 19 (май, 2).* Ленин съездің он екінші мәжілісінде революциялық уақытша үкімет туралы қарарға енгізілген түзетулер жайында сөз сөйлейді.
- Ленин съездің он үшінші мәжілісінде «Шаруалар қозғалысын қолдау жөніндегі қарар туралы» баяндама жасайды.
- Съездің он үшінші мәжілісінде Лениннің «РСДЖП-ның ашық түрде саяси бой көрсетуі туралы» қарары қабылданады.
- Апрель, 20 (май, 3).* Лениннің «Шаруалар қозғалысын қолдау туралы» қарары талқыланып, съездің он төртінші және он бесінші мәжілістерінде қабылданады.
- Ленин съездің он бесінші мәжілісінде социал-демократиялық ұйымдардағы жұмысшылар мен интеллигенттердің қарым-қатнасы туралы сөз сөйлейді.
- Апрель, 21 (май, 4).* Ленин съездің он алтыншы және он жетінші мәжілістерінде партия уставын талқылаған кезде сөз сөйлейді.
- Съездің он алтыншы мәжілісінде Лениннің тұжырымы бойынша уставтың 1-параграфы қабылданады.
- Апрель, 22 (май, 5).* Ленин съездің он тоғызыншы мәжілісінде «Жұмысшылар мен интеллигенттердің социал-демократиялық ұйымдардағы арасалмағы туралы қарардың жобасын» ұсынады және осы мәселе жөнінде екі рет шығып сөйлейді.
- Апрель, 22 және 23 (май, 5 және 6).* Ленин «Партияның бөлініп шыққан жағы туралы» қарарды ұсынып, оны талқылаған кезде съездің он тоғызыншы және жыйырмамыншы мәжілістерінде шығып сөйлейді.

*Апрель, 23
(май, 6)*

Ленин эсерлермен практикалық келісімдер жасау жөнінде съездің жыйырма бірінші мәжілісінде сөз сөйлейді.

*Апрель, 25
(май, 8).*

Ленин насихат пен үгіт мәселесі жөнінде съездің жыйырма екінші мәжілісінде сөз сөйлейді.

Ленин съездің жыйырма үшінші мәжілісінде Орталық Комитеттің жұмысы туралы баяндама бойынша сөз сөйлейді.

Ленин Орталық Комитеттің мүшесі болып сайланады.

Лениннің протоколдарды басып шығару тәртібі туралы қарары съездің жыйырма үшінші мәжілісінде қабылданады.

*Апрель, 26
(май, 9).*

Лениннің Кавказдағы оқыйғалар жөніндегі қарары съездің жыйырма бесінші мәжілісінде қабылданады.

*Апрель, 27
(май, 10).*

Ленин партияның III съезін жабады.

Ленин партияның III съезі сайлаған Орталық Комитеттің бірінші мәжілісінде председателдік етеді.

Ленин шет елде және Россияда жұмыс істеу үшін Орталық Комитет мүшелері арасында міндеттерді бөлу жоспарын белгілейді.

Ленин Орталық Комитет мүшелері арасында қатнас жасау үшін пароль, шифр, жанама аттар белгілейді, партия жұмысын ұйымдастырып, қаржыландыру техникасын белгілейді.

Орталық Комитет Ленинді партияның Орталық Органы «Пролетарий» газетінің жауапты редакторы және Орталық Комитеттің шет елдегі өкілі етіп тағайындайды.

*Апрель, 27-нен
(10 майдан)
кейін.*

Ленин III съездің делегаттарымен бірге Лондонның Хайгейт бейтіндегі К. Маркстің моласының басына барып қайтады.

*27 апрель мен
2 майдың (10
және 15 майдың)
арасы.*

Ленин Лондоннан Женеваға жүріп кетеді. Парижден өтіп бара жатқан бетінде Ленин III съездің бір топ делегаттарымен бірге, Париж коммуналарының атылған жеріне — Пер-Лашез бейтіндегі «Коммунарлар дуалына» барады.

Май, 5 (18).

«Вперед» газетінің 18-номерінде Лениннің «Саяси софизмдер» деген мақаласы жарыяланды.

- Май, 7 (20).* Ленин партияның Орталық Органы «Пролетарий» қызметкерлерінің жыйналысына қатысады, мұнда Орталық Орган редакциясының жұмыс жоспары талқыланады.
- Май, 10-нан (23-нен) кейін.* Ленин РСДЖП Орталық Комитетінің атынан «Революцияшыл орыс социал-демократиясының шетелдік лигасына» хат жазып, партияның III съезінің қарарларына оның қалай қарайтындығын сұрайды.
- Май, 14 (27).* Лениннің редакциялауымен большевиктік «Пролетарий» газетінің бірінші номері шығады. Бұл номерде оның мынадай мақалалары жарыяланды: «Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясының III съезі туралы хабар» (басмақала), «Үшінші съезд» және «Съездің құрылысы туралы қарарға» «Ескерту».
- Май, 20-на (2 июньге) дейін.* Ленин «Революциялық уақытша үкімет туралы» мақала жазады. Мақала «Пролетарий» газетінің 2 және 3-номерлерінде жарыяланды.
- Май, 20 (июнь, 2).* Ленин Халықаралық социалистік бюроға партияның болып өткен III съезі туралы және «Пролетарий» газетін РСДЖП-ның Орталық Органы деп есептелсін деген оның қарары туралы хат жазады.
- Май, 21 (июнь, 3).* «Пролетарий» газетінің 2-номерінде Лениннің «Кертартпа буржуазияның беретін кеңестері» деген мақаласы жарыяланды.
- Май, 27 (июнь, 9).* «Пролетарий» газетінің 3-номерінде Лениннің «Тасталқан» (басмақала), «Революциялық күрес және либералдардың делдалдығы» деген мақалалары жарыяланды.
- Майдың аяғы.* Ленин «Еврей жұмысшыларына» деген мақала жазады. Мақала еврей тілінде шыққан, «РСДЖП III съезі туралы хабар» деген кітапшаның алғысөзі ретінде басылды.
- Ленин Женевада партияның III съезі туралы және меньшевиктік конференция туралы екі рет баяндама жасайды.
- Июнь, 4 (17).* «Пролетарий» газетінің 4-номерінде Лениннің «Революцияшыл пролетариаттың демократиялық міндеттері» (басмақала) және «Жаңа революциялық жұмысшы одағы» деген мақалалары жарыяланды.

- Июнь, 5 (18).* Ленин РСДЖПІ шетелдік ұйымының уставын бекітеді.
- Июнь, 12-нен (25-нен) кейін.* Ленин «Leipziger Volkszeitung» («Лейпциг Халық Газеті») редакциясына ашық хат жазып, Каутскийдің РСДЖП-ның жікке бөлінуін жалған сыйпаттауына қарсы наразылық білдіреді.
- Июнь, 13 (26).* «Пролетарий» газетінің 5-номерінде Лениннің «Буржуазиялық сатқындықтың алғашқы адымдары» және «Қолдарына кіршік жұқтырғысы келмейтін «революционерлер»» деген мақалалары жарыяланды.
- Июнь, 14-не (27-не) дейін.* Ленин «РСДЖП ІІІ съезі туралы хабардың» басылып шығуын және съездің аса маңызды қарарларын неміс, француз тілдерінде бастыруды ұйымдастырады.
- Июнь, 20 (шоль, 3).* «Пролетарий» газетінің 6-номерінде Лениннің «Пролетариат күресі және буржуазияның малайлығы» (басмақала) және «Үшінші адым кейін» деген мақалалары жарыяланды, соңғы мақала меньшевиктердің Женевадағы конференциясы жөнінде жазылған.
- Июнь, 21 (шоль, 4).* Ленин Халықаралық социалистік бюроға жазған хатында барлық елдердің жұмысшыларына үндеу жолдап, оларды «Потемкин» броненосындағы көтерілісті басуға жол бермеуге шақыру жөнінде өтініш етеді.
- Июнь, 27 (шоль, 10).* «Пролетарий» газетінің 7-номерінде Лениннің мынадай мақалалары жарыяланды: «Революциялық армия мен революциялық үкімет» (басмақала), «Орыс патшасы өз халқынан қорғану үшін түрік сұлтанынан көмек сұрап отыр» және «Буржуазия самодержавиемен саудаласуда, самодержавие буржуазиямен саудаласуда».
- Июньнің аяғы.* Ленин Россияға кетіп бара жатқан М. И. Васильев-Южинге Қара теңіз флотындағы және «Потемкин» броненосындағы көтерілісті басқарған социал-демократиялық ұйыммен байланыс жасауды тапсырады.
- Июнь — шоль.* Ленин «Үш түрлі конституция немесе мемлекет құрудың үш түрлі тәртібі» деген үндеухат жазады. Ленин «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген кітапты жазады.

МАЗМУНЫ

	Беті
Алғысөз	IX
САМОДЕРЖАВИЕ ЖӘНЕ ПРОЛЕТАРИАТ	1—13
ПРОЛЕТАРЛАРДЫҢ ЖАҚСЫ ДЕМОНСТРАЦИЯЛАРЫ МЕН КЕЙБІР ИНТЕЛЛИГЕНТТЕРДІҢ НАШАР ОЙ-ПІКІРЛЕРІ ТУРАЛЫ ; . . .	14—20
КЕТІСЕТІН МЕЗГІЛ ЖЕТТІ ; ;	21—25
КОМИТЕТТЕР КОНФЕРЕНЦИЯСЫ	26
ОРЫСТЫҢ ЖАНА ЗАЕМЫ.	27—28
А. А. БОГДАНОВҚА	29—33
ПОРТ-АРТУРДЫҢ ҚҰЛАУЫ	34—43
БУЛЬБҰЛДЫ ЕРТЕГІМЕН ЖЕМДЕМЕЙДІ	44—51
БОЛЬШЕВИКТЕРДІҢ ЦЮРИХ ТОБЫНА ХАТ	52—54
Е. Д. СТАСОВАҒА ЖӘНЕ МОСКВА ТҮРМЕСІНДЕГІ ЖОЛДАСТАР- ҒА ХАТ	55—59
РОССИЯДАҒЫ РЕВОЛЮЦИЯ	60
ЖҰМЫСШЫ ДЕМОКРАТИЯСЫ МЕН БУРЖУАЗИЯЛЫҚ ДЕМОКРА- ТИЯ ; ; ; ;	61—72
ХАЛЫҚШЫЛДЫҚТАН МАРКСИЗМГЕ. <i>Бірінші мақала</i> . . .	73—80
ПЕТЕРБУРГ СТАЧКАСЫ	81—84
БІЗДІҢ ТАРТЮФТЕР	85—87
РОССИЯДА РЕВОЛЮЦИЯНЫҢ БАСТАЛУЫ	88—91
РЕВОЛЮЦИЯ КҮНДЕРІ	93—113
1. Россияда не болып жатыр.	95
2. Поп Гапон	98
3. Петербургтегі ұрыстың жоспары.	101
4. „Петербургтегі ұрыстың жоспары“ деген мақа- лаға қосымша	104

5. „Патша-ағзам“ және баррикадалар	105
6. Алғашқы адымдар	109
7. Қанды жексембінің қарсаңы	113
8. Өлгендер мен жараланғандардың саны	116
9. Баррикадалардағы ұрыстар	117
ПАТША БІТІМІ	119—120
РСДЖП ІШІНДЕГІ ЖІККЕ БӨЛІНУДІҢ ҚЫСКАША ОЧЕРКІ	121—127
Грейликка хат	122
ТРЕПОВ БИЛЕП-ТӨСТЕП ОТЫР	128—131
ПЕТЕРБУРГ 9-НШЫ ЯНВАРЬДАН KEЙІН	132—133
БІРІНШІ САБАҚТАР	134—139
А. А. БОГДАНОВ ПЕН С. И. ГУСЕВКЕ ХАТ	140—144
ЕКІ ТАКТИКА	145—154
КӨТЕРІЛІС ҮШІН ЖАУЫНГЕРЛІК КЕЛІСІМ ЖАСАУ ТУРАЛЫ	155—163
БІЗ РЕВОЛЮЦИЯНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУҒА ТИІСТІМІЗ БЕ?	164—174
ІІІ ПАРТИЯ СЪЕЗІН ШАҚЫРУ ТУРАЛЫ	175—178
ЖАҢА ИСКРАЛЫҚ ЛАГЕРЬДЕН	179—180
РОССИЯДАҒЫ ҰЙЫМДАРҒА ХАТ	181—182
ІІІ СЪЕЗД ҚАРАРЛАРЫНЫҢ ЖАЛПЫ ЖОСПАРЫ	183—188
РСДЖП ІІІ СЪЕЗІ ҚАРАРЛАРЫНЫҢ ЖОБАСЫ	189—195
1. Меньшевиктердің немесе жаңаискрашылдардың бүлдіргіштік қылығы туралы қарар	191
2. Плехановтың партиялық кризистегі қылығы ту- ралы қарар	192
3. Жаңа искрашылдардың принциптік позициясы туралы қарар	193
4. Жұмысшылар мен интеллигенттердің социал-де- мократиялық партиядағы арақатнастары туралы қарар	194
УСТАВТЫҢ ОРТАЛЫҚТАР ТУРАЛЫ ПУНКТИН ӨЗГЕРТУ	196—198
АНКЕТА. <i>Партияның ІІІ съезіне арналған.</i>	199—201
„ПОЛИЦИЯ ДЕПАРТАМЕНТИНІҢ ДИРЕКТОРЫ ЛОПУХИННИҢ БА- ЯНДАУ ХАТЫ“ ДЕГЕН КІТАШПАҒА АЛҒЫСӨЗ	202—205
КОММУНА ТУРАЛЫ БАЯНДАМА ЖОСПАРЫ	206—209
ЖАҢА МІНДЕТТЕР ЖӘНЕ ЖАҢА КҮШТЕР	211—223
ОСВОБОЖДЕНИЕШІЛДЕР МЕН ЖАҢА ИСКРАШЫЛДАР, МОНАР- ХИСТЕР МЕН ЖИРОНДИСТЕР	224—226
ШЕКСІЗ СЫЛТАУЛАР	227—228
ОЛАРДЫҢ КІМДІ АЛДАҒЫСЫ КЕЛЕДІ?	229—231

ПРОЛЕТАРИАТ ЖӘНЕ БУРЖУАЗИЯЛЫҚ ДЕМОКРАТИЯ	232—334
ПРОЛЕТАРИАТ ПЕН ШАРУАЛАР	235—240
КӨШЕ КҮРЕСІ ТУРАЛЫ. <i>(Коммуна генералының ке- ңестері)</i>	241—242
БІРІНШІ АДЫМ.	243—248
ПАРТИЯ ПРОГРАММАСЫНЫҢ ТАРИХЫ ЖӨНІНДЕ	249—250
БІЗДІҢ АГРАРЛЫҚ ПРОГРАММА ТУРАЛЫ. <i>(III съезге хат)</i>	251—256
БОНАПАРТИСТЕРДІҢ ӘРЕКЕТТЕРІ.	257—261
1789 ЖЫЛҒЫ СЫЯҚТЫ РЕВОЛЮЦИЯ МА ӘЛДЕ 1848 ЖЫЛҒЫ СЫ- ЯҚТЫ РЕВОЛЮЦИЯ МА?	262—264
ПАРТИЯҒА	265—266
ЕКІНШІ АДЫМ.	267—271
ЕВРОПА КАПИТАЛЫ МЕН САМОДЕРЖАВИЕ	272—280
СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯ ЖӘНЕ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ УАҚЫТША ҮКІ- МЕТ	281—300
I.	283
II.	287
III.	293
IV.	295
ПРОЛЕТАРИАТ ПЕН ШАРУАЛАРДЫҢ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ДЕМО- КРАТИЯЛЫҚ ДИКТАТУРАСЫ.	301—312
„ЖЕҢ УШЫНАН ЖАЛҒАСУДЫҢ“ ФРАНЦУЗ-ОРЫС ӘДЕТТЕРІ	313—314
АУРУ БАСТЫҢ САҚЫЙНАСЫН САУ БАСКА ТЛУ	315—324
ЛИБЕРАЛДАРДЫҢ АГРАРЛЫҚ ПРОГРАММАСЫ	325—333
МАРКС АМЕРИКАЛЫҚ „ҚАРАЛАЙ БӨЛІС“ ТУРАЛЫ	334—341
ӘШКЕРЕЛЕНГЕН СОВЕТ	342—346
РСДЖП СОВЕТІНІҢ ПРЕДСЕДАТЕЛІ ПЛЕХАНОВ ЖОЛДАСҚА АШЫҚ ХАТ.	347—355
III СЪЕЗД ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ	356—357
БІРІНШІ МАЙ ҮНДЕУХАТЫНЫҢ ЖОСПАРЫ	358—359
БІРІНШІ МАЙ	360—364
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ БАЗАР	365—369
ПАРТИЯ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ЕКІ АПТАЛЫҚ ЕСЕПТЕРІ ТУРАЛЫ	370—371
РСДЖП III СЪЕЗІ 12 (25) апрель — 27 апрель (10 май), 1905 жыл.	373—441

1. СЪЕЗДИҢ ЗАҢДЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ 13 (26) АПРҒЛЬ	377
2. ҚАЗАН ЖӘНЕ КУБАНЬ КОМИТЕТТЕРІНІҢ ТОЛЫҚ ПРАВОЛЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ 14 (27) АПРЕЛЬ	379
3. РСДЖП-НЫҢ ҚАРУЛЫ КӨТЕРІЛІСКЕ КӨЗҚАРАСЫ ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ	382
4. ҚАРУЛЫ КӨТЕРІЛІС ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ	384
5. ҚАРУЛЫ КӨТЕРІЛІС ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ 15 (28) АПРЕЛЬ	385
6. ҚАРУЛЫ КӨТЕРІЛІС ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ 16 (29) АПРЕЛЬ	386
7. ҚАРУЛЫ КӨТЕРІЛІС ТУРАЛЫ ҚАРАР	388
8. ҮКІМЕТТІҢ ТӨҢКЕРІС ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ТАКТИКАСЫНА КӨЗҚАРАС ЖӨНІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ 18 АПРЕЛЬ (1 МАЙ)	390
9. ҮКІМЕТТІҢ ТӨҢКЕРІС ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ЖӘНЕ ТӨҢКЕРІС КЕЗІНДЕГІ САЯСАТЫНА КӨЗҚАРАС ЖӨНІНДЕГІ МӘСЕЛЕ ТУРАЛЫ ҚАРАРҒА ҚОСЫМША	391
10. РСДЖП-НЫҢ АШЫҚ ТҮРДЕ САЯСИ БОЙ КӨРСЕТУІ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕГІ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ	392
11. СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯНЫҢ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ УАҚЫТША ҮКІМЕТКЕ ҚАТЫСУЫ ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ	394
12. СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯНЫҢ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ УАҚЫТША ҮКІМЕТКЕ ҚАТЫСУЫ ТУРАЛЫ ҚАРАРҒА ҚОСЫМША	396
13. СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯНЫҢ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ УАҚЫТША ҮКІМЕТКЕ ҚАТЫСУЫ ТУРАЛЫ ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМА 18 АПРЕЛЬ (1 МАЙ)	397
14. РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ УАҚЫТША ҮКІМЕТ ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ	413
15. РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ УАҚЫТША ҮКІМЕТ ТУРАЛЫ ҚАРАРҒА ТҮЗЕТУ ЕНГІЗУ ЖӨНІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ 19 АПРЕЛЬ (2 МАЙ)	415
16. ШАРУАЛАР ҚОЗҒАЛЫСЫН ҚОЛДАУ ЖӨНІНДЕГІ ҚАРАР ТУРАЛЫ ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМА 19 АПРЕЛЬ (2 МАЙ)	417
17. ШАРУАЛАР ҚОЗҒАЛЫСЫН ҚОЛДАУ ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ	422
18. ЖҰМЫСШЫЛАР МЕН ИНТЕЛЛИГЕНТТЕРДІҢ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҰЙЫМДАРДАҒЫ АРАСАЛМАҒЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ 20 АПРЕЛЬ (3 МАЙ)	424
19. ЖҰМЫСШЫЛАР МЕН ИНТЕЛЛИГЕНТТЕРДІҢ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҰЙЫМДАРДАҒЫ АРАСАЛМАҒЫ ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ	426

20. ЖҰМЫСШЫЛАР МЕН ИНТЕЛЛИГЕНТТЕРДІҢ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ УЙЫМДАРДАҒЫ АРАСАЛМАҒЫ ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫ ТАЛҚЫЛАУДА ЖАСАЛҒАН ЕСКЕРТУ 22 АПРЕЛЬ (5 МАЙ)	428
21. ЖҰМЫСШЫЛАР МЕН ИНТЕЛЛИГЕНТТЕРДІҢ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ УЙЫМДАРДАҒЫ АРАСАЛМАҒЫ ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫ ТАЛҚЫЛАУ ТӘРТІБІ ЖӨНІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ 22 АПРЕЛЬ (5 МАЙ)	429
22. ПАРТИЯ УСТАВЫН ТАЛҚЫЛАҒАН КЕЗДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ 21 АПРЕЛЬ (4 МАЙ)	430
23. ПАРТИЯ УСТАВЫНЫҢ 9-ПАРАГРАФЫНЫҢ РЕДАКЦИЯСЫ ТУРАЛЫ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ 21 АПРЕЛЬ (4 МАЙ)	432
24. СОЦИАЛИСТ-РЕВОЛЮЦИОНЕРЛЕРМЕН КЕЛІСІМ ЖАСАУ ЖӨНІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ 23 АПРЕЛЬ (6 МАЙ)	433
25. ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ ІСТЕГЕН ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА БОЙЫНША СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ 25 АПРЕЛЬ (8 МАЙ)	439
26. СЪЕЗД ПРОТОКОЛДАРЫН БАСЫП ШЫҒАРУ ТУРАЛЫ ҚАРАР	440
27. КАВКАЗДАҒЫ ОКЫЙҒАЛАР ЖӨНІНДЕГІ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ	441
САЯСИ СОФИЗМДЕР	442—451
РОССИЯЛЫҚ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯСЫНЫҢ ІІІ СЪЕЗІ ТУРАЛЫ ХАБАР	452—458
СЪЕЗДІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ТУРАЛЫ	459—460
ҮШІНШІ СЪЕЗД	461—468
ЖЕҢІМПАЗ РЕВОЛЮЦИЯ	469—470
САЯСАТТЫ ПЕДАГОГИКАМЕН ШАТАСТЫРУ ТУРАЛЫ	471—475
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СОЦИАЛИСТІК БЮРОҒА ХАТ	476
КЕРТАРТПА БУРЖУАЗИЯНЫҢ БЕРЕТІН КЕҢЕСТЕРІ	477—481
РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ УАҚЫТША ҮКІМЕТ ТУРАЛЫ	483—505
<i>Бірінші мақала.</i> Плехановтың тарихи анықтамасы	485
<i>Екінші мақала.</i> Тек төменнен бе, әлде төменнен де жоғарыдан да бірдей ме?	497
ТАСТАЛҚАН	506—510
РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ КҮРЕС ЖӘНЕ ЛИБЕРАЛДАРДЫҢ ДЕЛДАЛДЫҒЫ	511—520
ЕВРЕЙ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНА	521—524
ЖАҢА РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫСШЫ ОДАҒЫ	525—538
РЕВОЛЮЦИЯШЫЛ ПРОЛЕТАРИАТТЫҢ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕРІ	539—546

БУРЖУАЗИЯЛЫҚ САТКЫНДЫҚТЫҢ АЛҒАШҚЫ АДЫМДАРЫ . . .	547—554
ҚОЛДАРЫНА КІРШІК ЖҰҚТЫРҒЫСЫ КЕЛМЕЙТІН „РЕВОЛЮЦИОНЕРЛЕР“	555—560
„Leipziger Volkszeitung“ тың редакциясына ашық хат	561—563
РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ УАҚЫТША ҮКІМЕТТІҢ СЫЙПАТЫ	564—567
ПРОЛЕТАРИАТ КҮРЕСІ ЖӘНЕ БУРЖУАЗИЯНЫҢ МАЛАЙЛЫҒЫ	568—575
ҮШІНШІ АДЫМ КЕЙІН	576—587
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СОЦИАЛИСТІК БЮРОҒА	588—589
ҮШ ТҮРЛІ КОНСТИТУЦИЯ НЕМЕСЕ МЕМЛЕКЕТ КҰРУДЫҢ ҮШ ТҮРЛІ ТӘРТІБІ	590—592
РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ АРМИЯ МЕН РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ҮКІМЕТ	593—602
ОРЫС ПАТШАСЫ ӨЗ ХАЛҚЫНАН ҚОРҒАНУ ҮШІН ТҮРІК СҰЛТАНЫНАН КӨМЕК СҰРАП ОТЫР	603—608
БУРЖУАЗИЯ САМОДЕРЖАВИЕМЕН САУДАЛАСУДА, САМОДЕРЖАВИЕ БУРЖУАЗИЯМЕН САУДАЛАСУДА	609—611
<i>Ескертулер</i>	613—630
<i>В. И. Лениннің өмірі мен ісінің кезеңдері</i>	631—641

Ө Р Н Е К С У Р Е Т Т Е Р

В. И. Лениннің „Самодержавие және пролетариат“ деген мақаласы басылған большевиктік „Вперед“ газетінің 1905 жылғы 4 январьда (1904 ж. 22 декабрьде) шыққан 1-номерінің бірінші беті	3
В. И. Лениннің „Жаңа міндеттер және жаңа күштер“ деген қолжазбасының бірінші беті.— 1905 ж.	211
В. И. Лениннің „Пролетариат пен шаруалардың революциялық демократиялық диктатурасы“ деген кітапшасының тысы. РСДЖП Кавказ Одағының Баспасы.— 1905 ж.	303
„РСДЖП-ның кезекті үшінші съезі. Протоколдардың толық тексті“ деген кітаптың тысы. Орталық Комитет баспасы, Женева, 1905 ж.	373
Большевиктік „Пролетарий“ газетінің 1905 жылғы 27 (14) майдағы 1-номерінің бірінші беті, бұл номерде „Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясының III съезі туралы хабар“ деген В. И. Лениннің мақаласы және съездің басты-басты қарарлары басылған	453

Тираж 38 тыс. экз.
Подписано к печати
12/IX 1949 г. — 10/XII 1949 г.
Объем 41,25 п. л. Ф. б. 82×110^{1/2}.
Издательский № 355. Заказ № 1009.
Цена 6 руб. 50 коп.

*

Гостипография № 2
Управления по делам полиграфической
промышленности, издательств и книжной
торговли при Совете Министров
Казахской ССР.

АЛМА-АТА

267-00

1-18



